

Каз  
М37

# МАШҲУР-ЖУСИП



شهر یوسی  
۶



Кау  
М 37

Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі  
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми - практикалық орталығы

# Мәшһүр-Жүсіп

Шығармалары. 4 том

Павлодар 2004

кау  
МЗТ

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том  
Павлодар қ.: "ЭКО" ҒӨФ, 2004 - 535 б.  
ISBN 9965-610-39-5

Кітапта Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының бұрын басылған таңдамалысының бірінші томына (Алматы, Ғылым, 1990 ж.) енген шығармаларын қайта қарап толықтырып, түзетін ұсыну және бұрын жарық көрмеген тың туындыларын қамту жүзеге асқан. Сондай-ақ бұл томға аңыз желісін, фольклор сюжетін негізге алып, Мәшһүр-Жүсіптің өзі жазған дастан, "Гүлшат-Шеризат, еніп отыр.

Кітапта қазақ әдебиетін әлем әдебиеті дамуымен бірлікте дәйектегісі келген мамандарға, қазақ тілін жан-жақты сараптағысы келетін тіл зерттеушілеріне, сонымен бірге тарих, философия, педагогика т.с.с. ғылым саласында ізденушілерге аса қажетті бай материал жинақталған.


Редакция алқасы:

Арын Е.М., Қирабаев С., Құсайынов А.Қ., Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. (жауапты редактор), Қасқабасов С.А., Нұрғалиев Р., Әбусейітова М.Қ., Дәуітов С., Қамзабекұлы Д., Тұрышев А., Жүсіпов Н.Қ., Жүсіпов Е.Қ.

Рецензенттер:

А.С.Еспенбетов – М.Әуезов атындағы Семей университеті профессоры, фил.ғыл. докторы; Д.Ысқақұлы- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті профессоры, фил.ғыл. докторы.

Жинақты араб жазуынан аударып, ғылыми түсінік жазып, әзірлеген Жүсіпова Г.Қ. - фил.ғыл. кандидаты.



## I 1907 жылы жарық көрген кітаптары

### Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз

Қыран құс- көңіл ашар- жүйрік тазы,  
Жігітті мұңайтады маддың азы.  
Әркім-ақ жамандыққа көңіл берді,  
Тыятын болмаған соң мұфти қазы.

Сөзі бар замананың теріс қақпай,  
Жараспас бір-біріне айтқан назы.  
Тұйғынға күшігендер ауыз салып,  
Жем болып-қарға ұзаққа қоңыр қазы.

Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді,  
Білгіштер мұндайлыққа емес разы.  
Көптен-көп іздегені- бүліншілік,  
Қанша айтып таусылмайды еш аразы.

Данышпан, өтпей сөзі, шаһбазлардың,  
Барады босқа кетіп қысы-жазы.  
Ғақылсыз, аңқылдама құлап жарға,  
Көбі- әркімнің аузында, өзінде- азы.  
Әлі жүр біздің қазақ қоршылдықта,  
Қор болып өрге баспай өнерпазы.

Әр істі ойлау керек әуел бастан,  
Не пайда өнері жоқ жігіт, жастан?  
Мәз болма мұнарланып көрінгенге  
Кісі жер жемісі жоқ, тау мен тастан.

Дос қой деп, ішкі сырын түгел айтып,  
Опық жеп жүрген жан көп аңдамастан!  
Бір өрттен қалмайтұғын қалың қаудай,  
Баянсыз, бақ-дәулетке болма мастан!

"Жау қайда- жар астында", - деген сөз бар,  
Аяқты, баспа қадам, байқамастан.  
Көз тігіп қарағанмен, көңіл бермес,  
Не пайда нұр сипатлы, сүмбіл шаштан?!

Біреуге селбесейін деп ойласаң,  
Өзіңді жұтып қояр шайнамастан.  
Сөз жөнін құрбыларға айта қалсаң,  
Күн бұрын, ашуланар, ойнамастан.  
Зиянға біздің қазақ аяқ басар,  
Соқтығып өз пайдасын ойламастан,

## 2

Жігіттер, жақсы қайда үлгі шашқан  
Жүдеген мұңлылардың көңілін ашқан?!  
"Анау озық, мен кейін қаламын", -деп,  
Көз салып, бірін-бірі шамаласқан.

Сүрініп ат аяғы кетер болса,  
Дұшпан түгіл, досың да табаласқан.  
Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр,  
Өтірік, ұрлық, әсек араласқан.

Өңшең сәуірік, текешік, бұқашықтар,  
Бір-бірін соғып, шаншып, жараласқан,  
Жақсыны өзі болған, көре алмаған,  
Өрт қойып жан-жағынан қамаласқан.

Ақылшы шықты бізге үй басынан,  
Өзі боп өз үйінде(ойында) жұрттан асқан.  
Биге-пара, байларға өсім болды,  
Бой тартып, арамдықтан, бар ма қашқан?!

"Сен кімнен қорқасың?!" -деп, жел береді,  
Кісі жоқ, қой дейтұғын, жұртты басқан,  
" Пөленше солай дейді, мен қайтем?!" - деп,

Жылқыша изеп басын, ақылдасқан.  
Біреудің адасуын біреу қоттап (құттап),  
"Пәлі,-деп,-бәрекелді!",- мақұлдасқан.

### 3

Білімге жабысайық көңіл қойып,  
Ерлердің жұмысына жүрмін тойып.  
Болмаса бір Құдайдан медет, қуат,  
Залымдар көзімізді алар ойып.

Сөйлесе, жұрт пайдасын, білген ерлер,  
Хакімдер атып тастар көзін жойып.  
Қалайша Россияның ғаділдігі  
Мүшелер терімізді малша сойып?!

Мархабат, патшамыздан, кеңдік болды-ау,  
Көз жасын нашарлардың тәңірім иіп!  
Еркіндік, кеңшіліктің хабарларын  
Шашпаған начальниктер іші күйіп.

Қолында хүкіметі тұрған күнде  
Жіберсін біздің жаққа не ғып қиып?!  
Білгіштер ұлаттасып [1] арыз (ғарыз) айтып,  
Шығарған манифесті басын жиып.  
Қылғаны хакімдердің бізге зорлық,  
Низамға [2] тура келмес ісі сыйып.

### 4

Ходқа алып тексермейді қазақ сөзін,  
Жіберер келемеждеп оның өзін.  
Сөтке, жұма, ай, жылда- бір жауап жоқ,  
Сүзілтіп жүргенменен екі көзін.

Дәнекер тамағына түспей қалса,  
Әдейі қисайтады құрған тезін.

Екінші хұзырына келсе қайта ,  
Ақырар мойынға сап сары жезін.

Қазаққа әділ хүкім қылған болып,  
Тұл қылып жібереді қатын, қызын.  
Неке, талақ қамшысы қолында боп,  
Жоқ қылды шарифаттың соқпақ ізін.

Алады неке ақысын ауылнайлар,  
Молданың жаудыратып қойып көзін.  
"Шарифат бұлайша емес!"- десе молда,  
Боқтайды стражник түйреп бізін.  
Сөз айтсаң бір-екі ауыз жалдамаға,  
"Атам!"-деп, қорқытады, мылтығы ұзын.

## 5

Біздің жер мархабаттан қашық жатыр,  
Хайласы хакімдердің асып жатыр.  
Халқына мархабатлы сөзін айтып,  
Мейірі (міһірі) патша ағзам тасып жатыр.

Бас- азат, дін мен жерге ерік беріп,  
Манифест әрбір жұртқа шашып жатыр.  
Қия алмай бір өзінен басқаларға,  
Хакімдер залымдық қып басып жатыр.

Шаһбаздар ақ-қараны көріп тұрған,  
Біздерге әбден жаны ашып жатыр.  
Өгіздер тамағынан қаламыз деп,  
Бас тартып бұл жұмыстан қашып жатыр.

"Бар Құдай, іс ақырын оңдай гөр!"- деп,  
Білімді, білімсіз де сасып жатыр.  
Көп арман газеттерде жазылып жүр,  
Жүзінде ақ қағаздың машық жатыр.



Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді,  
 Көңілден кетіруге әрбір кірді.  
 Мың сегіз, кеше, алпыс тоғыздан соң,  
 Халайық, көрмеп пе едің неше түрді?!

Нақақтан құсаменен қан жұтқызып,  
 Тұтқынға салған жоқ па талай ерді?!  
 Қорқытып бұл қазақтан ақша алмаққа,  
 Тексеріп жұмыс қылды көрді-жерді.

Шықпаса көңіліне алған ыңғайынан,  
 Қапасқа салып қояр кемеңгерді.  
 "Штраф, екі айналсаң, басыңа!"- деп,  
 Қолыңа: "повестка"- деп, қағаз берді.

Күзетші үшеу, болысың, артыңда тұр,  
 Аңдыған: құпиялап айтқан сырды.  
 Нақақтан бір-біріне жала жауып,  
 Дауласып, үш сыпырып аққан терді.  
 Жете алмай ақ-қараның анығына,  
 Болыс, би былш еткізіп басар мөрді.

Қызыл гүл жасарсайшы [ көгерсейші ] [3] солып жатқан,  
 Әр нәрсе шағымызда болып жатқан.  
 Жақсылық ойлаңыздар, біздің халық,  
 Тастаңыз жамандықты толып жатқан.

Үлгісі чиновниктер осы болып,  
 Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан.  
 Құрметлі ел билеген әкімдер де  
 Жыландай зәрін төгіп, сорып жатқан.

Бас салып мұңлы-зарлы, кем-кетікті,  
Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан.  
Әркімді арбауына түсірем деп,  
Түлкіше құйрықтарын бұлаңдатқан.

"Жүзіме көрінгендер көз салсын!" -деп,  
Өз бойын тоты құстай сылаңдатқан.  
Жатырмыз бір қараңғы ұзын түнде,  
Көрінбей жарық сәуле, бір таң атқан.

Сырғытып қоныс-жайдан поселкелер,  
Қасынан өткен жанды табандатқан.  
"Бір пәле қорыққандықтан бола ма?!" -деп,  
Арзанға асығумен малын сатқан.

Артық қып таксиядан доход алып,  
Екінші частный (чачнай) сбор мойынға артқан.  
Желкелер стражник бишараны,  
Таба алмай кедей ақша, жапа тартқан.  
Ұлыққа кімнің аузы жете берер,  
Осындай жұмыстар бар жанға батқан.

## 8

Бір мың тоғыз жүз жылдан бес жыл асты,  
Бес түгіл алтыменен жұрт араласты [4].  
Теңдікті бір көре алмай ұлықтардан,  
Халайық, қор болдың ғой аяқ асты.

"Учаске войсковой" - деген шығып,  
Айырылды жерден қазақ ол ағашты.  
Ата менен бабадан қалған жерге,  
Мұжық кеп тіл білмейтін бидай шашты.

Жолаушы- жобаушыны атып тастап,  
Маң[ын]а [5] жан жолатпай, бауыр басты.

Өлген құнсыз, айтқан сөз пұлсыз болып,  
Біле алмай не қыларын қазақ састы.

Жер-судан айырылған соң қаңғып кетіп,  
Үйінде отыра алмай, кедей қашты.  
Тыңдайтын мұның сөзін құлақ қайда,  
Шұлғытып тұрғанменен қанша басты?!

Қазақты үшке бөлсең, біреуі жоқ,  
Жоқ болмай қайтсін, зорлық ходтан асты?!  
Көз жасы жылаулының болып қабыл,  
Көбейді зорлықшылға өшті, қасты.  
Кісіден көретұғын дәнеме жоқ,  
Рәсуә боп өз абиырын өзі ашты.

9

Жазалы қылған жоқ па сөзімізден,  
Табылмай айтуға ауыз өзімізден.  
Көрген соң дінімізді қорлағанын,  
Жас ағып жүре бердік көзімізден.

Шал болдық он бес пенен жиырмада,  
Айырылып ойнап-күлер кезімізден.  
Қор болдық айырылып қап [6] ақ шарифат,  
Қисықты түзететін тезімізден.

Ширекке төрттің бірі болдық ділгір,  
Айырылып бұрынғы аршын кезімізден.  
"Қойнында өлген сарттың наны (не) бар" [7]-деп,  
Қалмады-ау өле-өлгенше ізімізден!

Кірсек те өліп көрге, дәмесі бар,  
Үш қабат, жаға, жеңсіз бөзімізден.  
Жер-суға, мал мен басқа бостандықты,  
Көрместен кетсек, арман, көзімізден!

## Қара өлең

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,  
Айырылмай жақсы менен жаман парқы.  
Баласы дін мұсылман, ояныңдар,  
Көрінер өз пайдасы, жұрттың нарқы!

Әркімнің өз пайдасы- ойлағаны,  
Тереңге түсіп жатыр- бойлағаны.  
"Хұрият" - деген сөзді жоқ қылам!" -деп,  
Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны.

Ойлайды бізді ілем деп бармағына,  
Көрсетіп зорлық күшін жан-жағына.  
Бас қамын, жан пайдасын ойлаңыздар,  
Жақсы емес, түсе берсең қармағына.

Өнерге, ғылым-білім, болсаң жерік,  
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.  
Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә,  
Табылар мұңды-зарлы саған серік.

Айтқаның үйде отырып жел болады,  
Көз жасы көп жылаумен сел болады.  
Көп басын қосуменен жасын төксе,  
Сай-сайдан ағып дария көл болады.

Оңдырмас мынау қойшы бізді бағып,  
Сіңбей тұр ішкен тамақ бойға жағып.  
Тұрғызып омақаны әрбір жерге,  
Жер-суды ап кетті ғой қазық қағып!

Орысты біздің қазақ күндемейді,  
Үстінен басып өтсе, үндемейді.  
Аямас әлі жетсе өмір бойы,  
Жұрт қылып түзулікпен жөндемейді.

Көшпелі мал сықылды жүрген халық,  
Әр шаруа жалқаулықпен болар талық.  
Жел болып жаққан шамға дамыл бермей,  
Болмай тұр қанша айтқанмен бізге жарық.

Әр түрлі бұл қазаққа шықты форым:  
Сатулы жүрген жер мен тұрған орын.  
Бұраса, біз иіліп көне бердік,  
Жұрт едік бейпіл жүрген мұнан бұрын [8].

Шарасыз, амалсыздан жүріп едің,  
Қай түрлі айдауына көніп едің.  
Басқаны мал мен жанның ақша болып,  
Қысымдық талай жөннен[әр түрлі тамашаны] көріп  
едің! [9].

Таусылмай толып жатыр арманымыз,  
Ерікті болмаған соң мал-жанымыз,  
Болмаңыз алты ауызды, [бауырларым] дін-мұсылман[10],  
Бұл тойдан не боламыз қалғанымыз?!

Пайданың ортасында өзі жатар [11],  
Залалға мейлінше арзан бізді сатар.  
Ынтымақ қылыңыздар[, дін-мұсылман] бас қосумен,  
Мейлің қазақ, мейлің бол сарт пен татар [12]!

## Қазақтың қылып жүрген жұмысы

[Екінші рет сөз]

Жүзіне ақ қағаздың тартып қалам,  
Сөйлеген мұң мен зарын бұл күнгі адам.  
Болса да дария-сия, аспан-қағаз,  
Мұң мен зар түгелденіп болмас тамам.

Көшпелі болған жұрттың шаруасы бар,  
Сарт, ноғай жан сақтайды [шаһардың алып сатқан]  
саудасы бар [13].  
Кезқұйрық, жапалақпен жемтіктес боп,  
Сұрайтын бір-бірінен сауғасы бар.

Таң атса, дүние жүзі қыбырлаған,  
Сөзі бар екеу- екеу сыбырлаған.  
Көкпары, бірін-бірі, қылып бұл жұрт,  
Құпиялап бір-бірінен сөз ұрлаған.

Бөлініп жұрт екі жақ партиялап,  
Қалмайды ұрғашыдай [14] сол қиялап.  
Басқа орын босағадан тимейтінді,  
Бас қылып, бас жегізіп тәрбиелеп (тарбиалап).

Көрініс, екі жақтан, топ көбейтіп,  
Дау-жанжал, жанып тұрған шоқ көбейтіп.  
Болмаса малға зиян, еш пайда жоқ,  
Атарға бір мылтық жоқ, оқ көбейтiш [15].  
[Айғырша тыша берген боқ көбейтіп.]

Қазақтың мұнан кетер берекесі,  
Жоқ болып ынтымақты мерекесі.  
Бір шалды тө[r]ге ор[n]атып [16], бас жегізіп,  
Сол болар ақырында келекесі.

Ие боп жамбасқа (жанбасқа) бір отағасы,  
Қасында еркелеткен бар баласы.  
Жілікті "мә!" - деп, соған ұстатады,  
Атаның[әкенің] [17] баласы бар май жағасы.

Көп болып гуідесер байлауы жоқ [18],  
Партия, күнде кеңес, сайлауы жоқ.  
Күн бұрын алас ұрып әуреленер,  
Асулы күнде қазан, қайнауы жоқ.

Титықтап, жұмысы жоқ, шаршауменен,  
Шиқан тіл ме, әуре боп, қамшауменен.  
Өмірін өткізеді жазды-қысты,  
Аузының дәмін алып тамсауменен.

Бай түсер төмен қарай шарасынан,  
Айырылып азды-көпті қарасынан.  
Аңдыған арам көңіл екі досты:  
"Бір бұзық шыға -ма деп — арасынан?".

Арасы ағайынның алыс болды,  
Таласып, дамылы жоқ жарыс болды.  
Жетіліп партиямен дәрежесі,  
Жақсы-жат, жаман адам таныс болды.

Жаз болса, ауыл үй боп, ыңғай қонып:  
"Қызық қой бұ жүрген,- деп,- мұндай болып".  
Өңешін жылтыратып көп кедейлер,  
Айырылып ат-тонынан жұрдай болып.

Біреуді пана қылып, сүйенгенсіп,  
Мәз болып, отырғанға саумал ішіп.  
Мырзасы қасына ерген нашарына  
Шығынды баса салар сырттан пішіп.

Біреудің ерген ақымақ желігіне,  
Жылп етер: "Жараймын,- деп- серігіне!"  
Шақырса бір партия, жаназаға-  
Бармайды туысқанның өлігіне.

Жиылса, сәлемдеспей қырын қарап,  
Ас ішпес сарпалтаңмен атша жарап.  
Ұзақ күн піскен [19] сөз жоқ; керіс, тартыс.  
Кетеді күнде ертеңмен кешке тарап.

Сол түнде азғырушы толып жатыр,  
Шайтан да помогайтшы болып жатыр.  
Құда түсер, бата оқыр сықылданып,  
Он, он бесі бір үйде қонып жатыр.

Ет, сорпа, болса кемдік қымыз, шайдан,  
Иа болмаса, жататын орын жайдан.  
Ертең тұра кетеді бұрқ-сарқ етіп:  
"Саған мен табылам,-деп,-енді қайдан?!"

Қызады базарлары күз болғанша,  
Түзеліп оңала алмас бір былғанса.  
Ағайын кінәласып арбасады,  
Әркімнің талас жері сөз болғанша[20]!

"Ал енді тату бол!" - деп, біреу шығар [21],  
Бұл өзіне пайдалы сөздерді ұғар.  
"Жем қай жақтан түсед!" - деп, бір соны ойлап,  
Сөз аяғы әр түрлі шарға соғар.

Тырс етіп бітіп қалған сөз табылмас,  
Жазғы болған уағда күз табылмас.  
Ақ-қараны айырып тексеретін,  
Бұл жүргеннен құлақ пен көз табылмас.



Мал сойысып, болады татуласқан,  
Ет жеу үшін бас қосып, араласқан.  
Апрель-майда тәп-тәтті тату болса,  
Күмәнын шөп шабарда, август, ашқан.

Бата қылып, айтысып, аруақ, құдай,  
Болады тату-тәтті бұрынғыдай.  
Таласып күзек, құдық, шабындыға,  
Болуы тағы екіұдай тым-ақ оңай.

Таусылмай ала жаздай күнде жиын,  
Жұмыс жоқ еш бітірген жалғыз тиын.  
Сабылтып жалғыз атын, тулақ қылып,  
Кедейге [мінері] мүбәрәк[22] жоқ, болды қиын.

Жыртылды байға ерумен кедей таңы,  
Есінен адастырып [адастырды]байдың шаңы.  
-Күпілдеп [23] [Елді алып,], үйде отырып күжілдейді,  
Жігіттің қоразданған кейбір паңы.

Көз салмас жақсы ниет жобасына[24],  
Зор беріп туысқанның жұдасына [жұбашына].  
Мал алып бесіктегі жас қызына,  
Жалпылдап барысады құдасына.

Көрсетіп азына көп қуат күшін[25],  
Суытып, илікпейді, өңі-түсін.  
Бай, жарлы,төре, қара-тең (тек) талғамас,  
Құдалық, бұл заманда, партия үшін.

Аңқауды алдаймын деп бәрі ептейді,  
Жұмысын құрғақ тілмен реттейді.  
Жағында жапырақ ет жоқ ашаң құдың  
Сиқырына неше түрлі көз жетпейді.

Халық- жұрт өзі құмар қалың дауға,  
Дау болса, екі ит шығар ырылдауға.  
Алды-артын айтқан сөздің білмейтіндер,  
Болмайды ұзақ күнге омырауға.

Мойнына жеңгенінің әбден мініп,  
Семірген шайтанымен көңілі тынып.  
Бозарған сұр жыландай, іші зәрлі,  
Сүзектен тұрған жандай, өңі сынып.

Басына бостандық жоқ, дамыл алмай,  
Сапырылып ертеңді-кеш жүрген талмай.  
Сықылды ұзақ-қарға, шу-шу етіп,  
Аттанар көтеріле бірі қалмай.

Мұратқа бірі жетер тас салғанда,  
Би, болыс, ауылнай боп басқарғанда.  
Шығыны партияның суға аққандай,  
Таласып, саннан кеміп тас қалғанда.

Саны (сәні) жоқ қорқып енді тығылғанның,  
Бәрі де пана іздейді жұлынғанның.  
Мақсаты көңіліндегі болған жағы,  
Үстінен баса берер жығылғанның.

Қайқияр сонда басы болыснайдың,  
Майы үшін, жинап ақша, ет пен тайдың [26].  
[Ақшадан майын сұрап ат пен тайдың]  
Кигіз бен ақшасына дамыл бермес,  
Шаруасын айналдырған бықсық байдың.

Жалаңдап аждаһадай ауылнайлар,  
Беліне ақ кигізден күйек байлар.  
Цифрын бес тиынның бес теңге деп,  
Кедейдің хат білмеген соры қайнар.

Мойнына сары жезден қарғы салып,  
Алдына неше түрлі дау-шар барып.  
Жиылып қарақұстай билер отыр,  
Жемтігін өлексенің қоршап алып.

Осылай арамтамақ жеген бәрі,  
Сақтанбас: "Обал ғой!"-деп, жеткен әлі.  
Жалықпай айта берсем, толып жатыр,  
Бұлайша заманада жұрттың халі.

Қорқатын адам қайда құдайынан,  
Бұзық іс ойлағаны ұдайынан.  
Тартылды биылғы жыл көк рахматы,  
Пенденің[Халықтың] пейілі азған ыңғайынан[27].


Қуаттап алып жүрсе әркім дінін,  
Өткізсе ғаділдікпен ай мен күнін.  
Бұл [28] заман айтушы бар, тыңдаушы жоқ,  
Сөйлеген хат сызғанлар сөздің шынын.

## Үшінші ират (рет) сөз

### 1

Бұл сөзім алты алашқа таныс болсын,  
Азамат ермін десе, намыс болсын!  
Бір Құдай болысқанға дұшпан оңай,  
Көптігі қопадағы қамыс болсын!

Аруақты шақыртатын жерлер келсе,  
Тілектес жүйріктерде шабыс болсын!  
Іздеген табылатын болып тұрса,  
Барып қал, жері қанша алыс болсын!



Түзетер бұ күнгіні тура шықты,  
Бұрынғы қисық пенен шалыс болсын.  
Шын жүйрік қызған сайын көтерілер,  
Таласып әр уалаят жарыс болсын!  
“Үмбеті [29] пайғамбардың” - дейміз соны,  
Кімде-кім дін жолында халыс (қалыс) болсын!

## 2

Ынтымақ, мүшауәрә[30] әрбір жерде,  
Талабы әркімнің-ақ биік өрде.  
Жау ғой деп қараңғыда омақаны,  
Жан сақтап, жалтаңдаймыз қазған көрде.

Өнерің әр тарапқа тегіс болса,  
Барсаң да қай орынға, басың-төрде.  
Болған соң жалқаулықта біздің қазақ,  
Пәст [31] тартқан жұмысы бар төмен жерде.

Хакімде хүкіметші ғаділдік жоқ,  
Параны көп жейтұғын сол өнер де.  
Сабатып ат-айғырды қан сорпа қып,  
Чиновник қырып-жойып жүрген елде.

“Былқылдап майға піскен қой, қозыны  
Сұраусыз, ықтиярсыз соя бер!”-де.  
Тауықтың қоразындай қоқиланып,  
Боқтайды стражник тұрып төрде.

Протокол жасаймын деп тілмаш айтар,  
Отырып пәрмен (парман) [32] етіп о да үстелде.  
Кісімсіп зәреңді алып өңкей малай,  
Әуре қып бұ қазақты көр мен жерде.

## 3

Қылады әркім мазақ ғылым жоқтан,  
Надандар адасуда білім жоқтан.

Шаруаның берекесі кірмейді екен,  
Мекен-жай, қоныс қылар орны жоқтан.

Заң, закон шарифаттан адастырып,  
Би шықты қозы қарын формы жоқтан.  
Кіргізіп дін жолына партиясын.  
Жем болып, ақыл сұрап әр ұлықтан.

Жоғалса болыс сайлау, халық тынышланар,  
Жылқы осал, қыс болғанда, жалы жоқтан.  
Партия турасымен ұрласуда,  
Қылмайды нашарлық пен малы жоқтан.

Баулитын атын беріп байдың өзі,  
Таңдатып ұрыларға қалың топтан.  
Қолтықтап бір іс келсе және сүйеп,  
Ант беріп, ағартады, жаны жоқтан.

#### 4

Жақындық, партия үшін, - құда шықты  
Туысқан бір-бірінен, жұда (жүдә) шықты.  
Бір-бірін сүйеймін деп, араз болып,  
Шыбын жан болысқанға пида [33] шықты.

Бір жерге сход үшін талас болып,  
Сыныққа сылтау болып бұ да шықты.  
Әркімді, әлі жеткен, шайнаймын деп,  
Шабынып көбікті ауыз бура шықты.

Тарылтып аймағыңды крестьян  
Іргеңнен ата қоныс мұра шықты.  
Мизам мен думада жатқан жұмысы жоқ,  
Ұлықтан үкім, зорлық тура шықты.

Әркімнің өз тамағы табылған соң,  
Төре ісі қисық жаққа бұра шықты.

Шын көңілі бірін-бірі жеуде болып,  
Бұл жұртқа [34][Халыққа] осындай бір жора шықты.

5

Жақсыны, өзі болған көре алмаған,  
Біреуді күндемесе жүре алмаған.  
Білгеннің біліміне айып қойып,  
Ол өзі жөн-жобаны біле алмаған.

Жұмысын теріс жаққа айналдырып (айландырып),  
Айтса да: "Оңға бас!" - деп, тіл алмаған.  
Айтуға аузы жетіп тұрған күнде  
Ерлікпен оған қайрат [ғайрат]қыла алмаған.

Кімде-кім,- қорыққанына[35], алдауменен,  
Түлкіше қылып хайла бұлаңдаған.  
Болыснай(волостной) оязбенен жемтіктес боп,  
Ұрыға тыю, тоқтау қыла алмаған.

Ұрыға үш жылқыға бір ат сатып,  
Көбейтіп байлар тобын тыраңдаған.  
Байлардан аты даяр боп тұрған соң,  
Ұрылар ұрлығынан тына алмаған.

Би, болыс, бай мен ұры біріккен соң,  
Кем-кетік, нашарлар күн көре алмаған.  
Қисайып мойын біткен бұзықтыққа,  
Бұл күнде жан қалмады сыналмаған.

6

Ұнайды дін-исламға мүфти-қазы,  
Бұл өзі әуелде бар заман мазы.  
Пайғамбар шариғаты тұрса ортада,  
Тәңірге сонда жетер халықтың разы.

Қол [36] күшпен ел билеген хакімдерге  
Мұңдының өтер емес айтып назы.  
Алаш боп қоссақ басты, қор болмаспыз,  
Біз болып тұрсақ-тағы көптің азы.

Ынтымақ, партиясыз болып жүрсең,  
Басыңа сағымданар күннің жазы.  
Еркіңе желікпеске қоймай тұр ғой,  
Қымызы қара саба, сары қазы.

Күжілдеп, шекең қызып, лағу сөйлеп,  
Байлардың бас қосады көп буазы (муазы)[37].  
Сыбырлап екеу-екеу үй сыртында,  
Айтақтап әркім қосқан бір қу тазы.

Байға дос көп, кедейге бәрі- дұшпан,  
Бар-жоқты теңгеретін жоқ таразы.  
Қажы мен қожа, молда көбейген соң,  
Күшейді өштік-қастық, ел аразы.  
Құдай деп бір жанының қамын ойлап,  
Тұратын жан көрмедім қысы-жазы.

## 7

Түлкінің басыңды тарт, хайласынан,  
Жырақ жүр со[ны]ң ай[т]қан [38]пайдасынан.  
Ақ болсын, Хаққа көңілің, бұл сықылды,  
Шынының жалтыраған айнасынан.

Ынтымақ, алаш болып, қосылмаса,  
Көп сөздің зиян табар хаймасынан.  
Поселке крестьян салып жатыр,  
Үлгілі (Өлкелі) өзен (ұзын) жердің жалмасынан.

Күл төбе, қыраң жерге аударылды,  
Бұрынғы ата-баба қоймасынан.

Алумен артық тәртіп кедейлер жүр,  
Қуанып орын алса бай қасынан.

Бұл қазақ тік (тек) сөйлесе жалдамаға,  
Жеке топ тиіп қалар май басынан.  
Біз- түйе: тартынар деп мұрнын тескен,  
Жетелеп алып кетер бұйдасынан.  
Қазақты, бір начальник, өтсе аралап,  
Шығын деп жияды ақша үй басынан.

## 8

Шарифат, хакім жүрсе, турасы бар,  
Халықтың, иа болмаса, жорасы бар.  
Баласы кейін туған, қайта қонса,  
Атаның, отын қылған, мұрасы бар.

Екі қыс арқасынан бірден қысып,  
Шабынсыз, дөңге салған, қорасы бар.  
Түйеге ноқта қалай бұйрық болды,  
Қазақтың кісі алатын бурасы бар.

Байлайтын, бұрап соққан, шынжыры жоқ,  
Жабағы, қыл-қыбыр мен шудасы бар.  
Мүйізден өгіз, сиыр бой бермейді,  
Сәйгелді, ойнайтұғын, құрдасы бар.

Қазақта отарба мен отқайық жоқ,  
Мінуге үш түліктің пайдасы бар.  
Көшпелі, үй тігетін, болғаннан соң,  
Осындай әр малына хайласы бар.

## 9

Тоспа(түспе) деп, тағы айтады, көптің бойын,  
Бұл жұрттың қойдырам деп айт пен тойын.  
Халқына Россияның- мейрамы бар,  
Біз, айтқан пәрменіне қойдық, мойын.



Сауықтан, қазақ болып,біз тыйылсақ,  
Басқа жұрт қарап тұр ма қылмай ойын?!  
Көкпары- құнан, дөнен; атын шауып,  
Жиылысар қонақ болып, сойып қойын.

Қымызын, басын қосып, ортаға алған,  
Жағалай қонып алып судың бойын.  
Сонымен өз ермегі өзінде боп,  
Салады шаруасына ғақыл-ойын.

Партия, болыстыққа таласқаннан,  
Ас берген, ұмытып тұр, қалың тойын.  
Ұры да (үриде) қуаттанды партияден,  
Көрсетіп әлсіздерге жуан мойын.

## 10

Жазы жоқ, біздің халық, күнсіз болды,  
Басқа жұрт, күні тұрып, түнсіз болды.  
Ие болып көп қойға тоқты қошқар,  
Начальник әр не қылса, мінсіз болды.

Аз айтып, ақша берсе, соған ауып,  
Көп сөзі ақшасыздан, пұлсыз болды.  
Тескенге түйе мұрнын- жиырма бес сом,  
Қалаға бара қалсаң, бұл сөз болды.

Жазықсыз, қалашыны, мұжық атып,  
Өлуі мұсылманның құнсыз болды.  
Патшаға жете алмайды бізден арыз,  
Дыбыс жоқ, қорқуменен, үнсіз болды.

Хұзыры сұлтан шаһым теңгермесе,  
Кінәлы болса да орыс, кірсіз болды.  
Таяққа біздің қазақ көніп тұр ғой,  
Атқаны мылтық алып жөнсіз болды!

Қылмаса бұған қайран депутаттар,  
Айтқаным құр далаға жел сөз болды!

11

Түн болса, рақат кетер жарлы, байдан,  
Арықтап, семіз құр ат, қалың майдан.  
Тамағы хакімдердің тоқ болған[тойғаннан] соң [39],  
Тыйылсын бұ мінезге ұры қайдан?!

Абақтыны көреді өз үйіндей:  
"Орнымыз - ағаш үй,-деп, жақсы жайдан".  
Шақырып құзырына алдырған соң,  
Жұмысы біте қалар тез оңайдан.

Жылт етіп жетіп елге келер қайтып [40]:  
"Бостандық алдым мен,- деп,-оязнайдан".  
Дәуірлеп онан сайын көтерілер,  
Қорқыныш жоқ боп титтей ол Құдайдан.

Жаназа, некеқияр деген жұмыс,  
Артылмас жалаңдаған ауылнайдан.  
Еңбегі қожа, молда жалғыз-ақ сол:  
Қанағат- қанып ішсе, қара шайдан.  
Аяқты қыбырлатса [ бір аттаса][41], тиын сұрап,  
Шығып тұр елге жыбыр осындайдан.

12

Пайда жоқ өтірік пен жалған-дағы [42]  
Жалғанға құлақ құрышы қанған-дағы.  
"Еркіндік бұл халыққа!"- деген публик-  
Айтуға бар, көруге [ойлауы әр адамның]  
арман-дағы[43].

Түбіне сол арманның жетемін деп,  
Пәруана [44] ерлер шамға жанған-дағы.

Ойлай ма: "Дін жолына болыстым!" - деп,  
Бас тартып бұл кеңестен қалған-дағы.

Манифест император берілген соң,  
Қуаттап әркім дiнiн алған-дағы.  
Патшаның қол астында: поляк, еврей,  
Сарт, ноғай, орыс, қазақ, армян-дағы.

Газетпен көңiлiндегi мұңын айтып,  
Жұмысын бұлар ойға салған-дағы.  
Көп дұға шаһымыздың құзырына  
Жан рақат халқына айтқан пәрмен-дағы.

Құлағы бiздеi болған алыс-жұрттың,  
Дәмiне тәуiр сөздің қанған-дағы.  
Бәйгеге әркім баптап ат қосып тұр,  
Арманда: алмаған да, алған-дағы!  
Жұмысы депутаттың- жұрт [ел][45] пайдасы,  
Думаға государин барған-дағы.

### 13

Шын жақсы iшкi өнерiн жасырмаса,  
Халқынан бойын биiк асырмаса.  
Бәрiне мұсылманның бауыр болып,  
Аулаққа бойын тартып қашырмаса.

Бай адам малым көп деп теңгермейдi,  
Нашарлар бiр Құдайға асылмаса.  
Қазақтың берекесi ортасында,  
Өздi-өзi партия боп шашылмаса!

Мезгiлi ашылатын келе жатыр,  
Бақ талай мұнан бұрын ашылмаса.  
Әр қайда жақсыларды [жақсы болса,] [46] тану керек:  
Жылқы мал үйiр болмас қасынбаса.

Бұлақ деп [47] судың көзін ешкім ашпас,  
Екпіндеп өзі тасып, шашылмаса [48].  
Ерлерге жай жатумен қайрат кірмес,  
Ғалідей [49] орда жатып ашынбаса!

14

Бұл заман сауыт қалған, қалам, сия,  
Кеңестің шыңда тұрған, бәрі-қия.  
Қаратар бір аузына тамам көпті,  
Ақылға болған адам ніл-дария.

Сөйлесең, көтереді көңіліңді ашып,  
Жарық қып шам жаққандай раушан зия[50].  
Дін ислам баласына ашып жаны,  
Ұнатқан бостандықты Франция.

Ішінде жанған оттың жатар басың,  
Әр айтқан жарлығына десең зия.  
Жоғалтты әділдік пен туралықты,  
Болған соң жемтіктерестер кампания.

Патшаның қол астында артық-кем жоқ,  
Бәрі бір: еврей, поляк, Россия.  
Милләтке [51] шам жағамын деген ерге,  
Пайғамбар болсын шафиг [52] ахмадия.

Әлиф, ләм, хи мен әлиф, ақыры-нун [53]  
Болуға ләмнің асты керек бір ия.  
Жисаңыз бас-аяғын бұл әріптің,  
Аты бар жұрт аузында шаһбазия.

Би, батыр бұ кәфке [54] ұст иаға сәкін[55],  
Қосылса бұған қанық фамилия.  
Ди-дименен (дей-дейменен) барады ғұмыр өтіп,  
Табылар біреуге айтсаң онан бір ия[56]...

Түзетер шебер жамап қалған сөзін,  
Тегістер кем-кетігін салған көзін.  
Қой жылы, жұма күні Қызылтауда  
Көріппіз туып сонда жалған жүзін.

Жалғанда бір ұшырамай айт пен тойға,  
Құса боп түсіп кеттім ұзын ойға.  
Бес жерде оннан- бірі кем тұрған жас,  
Аман жетсе, аманат осы "қойға".

Бес жаста еді бисмилла бастағаным,  
Ақ қағазды қаралап ластағаным.  
Жасым жетіп он "беске" алқындырды,  
Сонда да өсіп бес жастан аспағаным.

Біреу-ақ кем он "беске" жетті жасым [57],  
Иегімнің астында өш пен қасым.  
Үрейімді ұшырды, зәремді алып,  
Алып айна қарасам, сақал-шашым.

Қоян қуған тазыдай, шалмай жүрген,  
Өмір бойы аң қуып, алмай жүрген.  
Он бестегі жолдастар үйір болған,  
Бұл он "беске" жеткенше, қалмай жүрген.

Жібермей жүр шығуға биік өрге,  
Қорғалатар қайдағы тау мен жерге.  
Ұйтқып соққан борандай ұйлықтырып,  
Күнде-күнде түсіріп қара терге.

Келуі жоқ, ойласам, өткен түнгі,  
Көшуінен көп керуен берді белгі.  
Қалмай жүрген не дейсің сонша менен,  
Ақымақтық та баяғы бала күнгі.

Өз сөзіме түсе алмай өзім оқып,  
Бармағымды тістеумен жедім опық.  
Ләйла жоқ, босқа Мәжнүн көргің келсе,  
Қайда деп іздеңіздер ғыыр мыфтық.

Ұстайтұғын жыным бар соқпа-соқпа,  
Сөйлетеді кіргізіп шаршы топқа.  
Кит пен лағыл таусыла ма,  
Бір тарау сөз жібердім Боштаевқа.

*1906-ыншы жылда сөйлеген сөз еді.*

## Сәлем хат

Физатлұ, уа құрметлі, Арғынғазы,  
Жігіттің үйде жатпас өнерпазы.  
Жолында ғылым, білім өтсін өмір,  
Алданбай бос жұмыспен қысы-жазы.

Жолына кеттің түсіп ғылым-білім:  
"Болад-деп- қандай күйде жұртым-елім?!"  
Дәрмен жоқ күресерге, іш қайнайды,  
Айта алмай переводтап қызыл тілім.

Қарадан хан боп өткен бабаң Боштай,  
Қолына, жұрт билігін, туған ұстай.  
Халқына бақташы боп, болған қорған,  
Шарықтап ағып түскен қыран құстай!

Боштай мен қатар шығып Шоң мен Шорман,  
Сонда бір түзу заман болып тұрған.  
Наурызбай, Кенесары толқынында  
Боштай еді көп жұртқа болған қорған.

Көп жұртты Кенесары жаралаған,  
Жаманды, жақсылардан саралаған.

Боштайға келіп сонда қорғалаған,  
Саудагер кезіп жұртты аралаған.

Жай тауып үйінде жұрт жата алмаған,  
Жақсы бар ма атағы аталмаған?!  
Қанша елді Кенесары шапса-дағы,  
Боштайға өмірінде бата алмаған.

Құрытқан Қуандықтың малын айдап,  
Кене хан Үшкеңгірдің бойын жайлап.  
Жалғыз-ақ Боштайға ерген аман қалған,  
Есіл менен Нұраны бірдей жайлап.

Еламанның баласы Тұрсынбай-ды,  
Арманы жоқ жалғаннан мұңсыз бай-ды!  
Бөзіл-бай, Боштайы-аға сұлтан,  
Бір Алладан басқа[дан] қымсынбайды.

Уақытында болған Боштай мұны кісі,  
Дастан болып әр жұртқа қылған ісі.  
өлі (өлі) аруақ срынын құр тастамас,  
Үміттіміз, болсаң да жасың кіші!

## Хал-ахуал

### 1

Жігіттер, жақсы қайда үлгі шашқан,  
Жүдеген ғаріптардың көңілін ашқан?!  
"Анау озық, мен кейін қаламын!"-деп,  
Көз салып, бірін-бірі шамаласқан.

Сүрініп ат аяғы кетер болса,  
Дұшпан түгіл, досың да табаласқан.  
Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр,  
Өтірік, ұрлық, өсек араласқан.

Өңшең сәуірік, теке мен бұқашықтар,  
Бірін-бірі соғып, жаншып жараласқан.  
Жақсыны өзі болған, көре алмаған,  
Өрт қойып жан-жағынан қамаласқан.

Ақылшы шықты бізге үй басынан,  
Данышпан ойы зерек жұрттан асқан[1].  
Биге-пара, байларға өсім болды,  
Бой тартып, арамдықтан, бар ма қашқан?!

"Сен кімнен қорқасың?!" - деп жел береді,  
Кісі жоқ, қой дейтұғын, елді басқан.  
"Пәленше пәлен дейді, мен қайтем?!" - деп,  
Сол басын изеңдетіп ақылдасқан [2].  
"Мен солай сол жұмысты қылдым", - десе,  
"Пәлі! - деп, - Бәрекелді!", - мақұлдасқан.

## 2

Жүйрік ат, көңіл ашар- қыран, тазы,  
Жігітті жібермейді малдың азы [3].  
Әркім-ақ жамандыққа көңіл берді,  
Тыятын болмаған соң мүфти қазы.

Сөзі бар замананың теріс қақпай,  
Жараса-шы бір-біріне айтқан назы!  
Тұйғынға күшігендер ауыз салып,  
Жем болып қарақұсқа қоңыр қазы [4].

Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді,  
Білгіштер бұл жұмысқа емес разы[5].  
Көптен-көп іздегені- бүліншілік,  
Қанша айтып таусылмайды еш аразы.

Данышпан өтпей сөзі, шаһбаздардың,  
Барады босқа кетіп қысы-жазы.



Әлі жоқ, аңқылдама, түсер жарға,  
Айтпаса, қайдан білсін ел сабазы?!  
Әлі жүр біздің қазақ надандықта,  
Қор болып сол себептен өнерпазы [7].

### 3

Әр істі ойлау керек әуел бастан,  
Не пайда өнері жоқ жігіт, жастан?  
Мәз болма құмарланып көрінгенге  
Жеміс жоқ, миуасы жоқ тау мен тастан [8].

Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып,  
Көп болды-ау опық жеген аңдамастан!  
Өрт қойса, қалың қаудай адамы бар,  
Жігіттер, бақ-дәулетке болма мастан [9].

"Жау қайда- жар астында",- дегендейін,  
Аяқты, қадам салма, байқамастан [10].  
Көз тігіп қарағанмен, көңіл бермес,  
Не пайда нұр сипатлы, сүмбіл шаштан?!

Біреуге кеңесейін деп ойласаң [11],  
Өзіңді жұтып қояр шайнамастан.  
Сөз жөнін құрбыларға айта қалсаң,  
Күн бұрын, ашуланар, ойнамастан.  
Зиянға біздің қазақ аяқ басар,  
Соқтығар өз пайдасын ойламастан [12].

### 4

Білімге жабысайық көңіл қойып,  
Ерлердің жұмысына жүрмін тойып.  
Болмаса сондай ерлер бізге пана [13],  
Залымдар көзімізді алар ойып.

Сөйлесе, жұрт пайдасын, данышпандар,  
Хакімдер атып тастар көзін жойып.

Қалайша Россияның ғаділдігі  
Мүшелер кісімізді малша сойып?! [14]

Мархабат, патшамыздан, кеңдік тиіп,  
Көз жасын нашарлардың тәңірім иіп!  
"Еркіндік, сол кеңшілік" - деген сөзді [15]  
Шашпаған начальниктер іші күйіп.

Қолында хукіметі тұрған күнде  
Жіберсін біздің жаққа не ғып қиып?!  
Білгіштер ұлпаттасып ғарыз айтып, [16]  
Шығарған манифесті басын жиып.  
Қылғаны хакімдердің бізге зорлық,  
Мизамға тура келмес ісі сыйып [17].

## 5

Хотқа алып тыңдамайды қазақ сөзін,  
Жіберер келемеждеп оның өзін.  
Бір жауап бір сөткеде ала алмайды [18],  
Сүзілтіп жүргенменен екі көзін.

Дәнекер тамағына түспей қалса,  
Әдейі қисайтады құрған тезін.  
Екінші хұзырына қайтып келсе [19]  
Ақырар мойынға сап сары жезін.  
Қазаққа әділ хукім қылған болып,  
Тұл қылып жібереді қатын, қызын!

Неке, талақ қаншасы қолында боп,  
Ғалымдар баса алмайды басқан ізін [20].  
Алады неке ақысын ауылнайлар,  
Молданың жаудыратып қояр көзін.

"Шариғат бұл емес!" - деп, қарсы келсе [21],  
Боқтайды стражник түйреп бізін.

Сөз айтсаң , бір-екі ауыз жалдамаға,  
"Атам!"- деп, қорқытады, мылтығы ұзын.

6

Біздің жер мархабаттан қашық жатыр,  
Хайласы хакімдердің асып жатыр.  
Халқына мархабатлы сөзін айтып,  
Мейірі патша ағзам тасып жатыр.

Бас-азат, дін мен жерге ерік беріп,  
Манифест әрбір жұртқа тиішіп жатыр.  
Қия алмай бір өзінен басқаларға,  
Хакімдер залымия басып жатыр [22].

Шаһбаздар ақ-қараны көріп тұрған,  
Біздерге шыбын жаны ашып жатыр [23].  
Өгіздер тамағынан қаламыз деп,  
Бас тартып бұл жұмыстан қашып жатыр.

"Бар құдай, іс ақырын оңдай көр!"-деп,  
Білімді , білімсіз де сасып жатыр.  
Көп арман жазылып тұр газеттерде  
Жүзінде ақ қағаздың машық жатыр.

7

Сөз айтып, тарқатайық ішкі сырды,  
Ашайық осындаймен көңіл кірді.  
Мың сегіз жүз сол алпыс тоғыздан соң,  
Халайық, көріп ең ғой әрбір түрді (торды)?![24].

Еріксіз қолын байлап, басын айдап [25],  
Тұтқынға салған жоқ па талай ерді?!  
Қорқытып бұл қазақтан ақша алмаққа,  
Тексеріп жұмыс қылды көрді-жерді.

Шықпаса көңілдегі ыңғайынан,  
Жатқызар қапасына кемеңгерді [26].  
"Штраф, екі айналсаң, басыңа!" - деп,  
Қолына "повестка" деп, қағаз берді.

Күзетші үшеу болсаң (болысың), артыңда тұр,  
Аңдыған құпиялап айтқан сырды.  
Нақақтан бір-біріне жала жауып,  
Дауласып, үш сыпырып аққан терді.  
Жете алмай ақ-қараның анығына,  
Басады алақандай, билер мөрдi [27].  
[Болыс-би былш еткізіп басар мөрдi].

8

Қызыл гүл, жасарсайшы [көгерсейші] солып жатқан,  
Әр нәрсе шағымызда болып жатқан.  
Жақсылық ойлаңыздар, біздің халық.  
Тастаңыз жамандықты толып жатқан.

Үлгісі чиновниктер осы болып,  
Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан.  
Құрметлі ел билеген әкімдерім [хакімдер де]  
Аждаһа [жылаңдай] зәрін төгіп, сорып жатқан[28].

Бас салып, әлі жетсе, бейшараны [мұңлы-зарлы,  
кем-кетікті]  
Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан.  
Әркімді арбауына түсірем деп,  
Түлкіше сол құйрығын [құйрықтарын]  
бұлаңдатқан[29].

Жүзіме көрінгендер көз салсын деп,  
Бір өзін [өз бойын] тоты құстай қылаңдатқан  
[сылаңдатқан][30].  
Жатырмыз бір қараңғы ұзын түнде,  
Көрінбей жарық сәуле, бір таң атқан.

Сырғытып қоныс-жайдан поселкелер  
Қасынан жүрген [өткен] жанды сабап жатқан  
[табандатқан].  
"Бір пәле- қорыққаннан,- шыға[бола] ма?!"- деп,  
Бағасыз [Арзанға] асығумен малын сатқан [31].  
Артық қып таксиядан доход алып,  
Екінші частный сбор мойынға артқан.

Желкелер стражник бейшараны,  
Таба алмай кедей ақша жапа тартқан.  
Ұлыққа кімнің аузы жете берер,  
Осындай жұмыстар бар [жанға батқан] толып  
жатқан[32].

9

Бір мың тоғыз жүз жылдан бес жыл асты,  
Бес түгіл сол алтыға жақындасты[араласты].  
Теңдікті бір көре алмай {ұлықтардан} қарағаннан[33]  
Халайық, қор болдың гой аяқ асты!

Жазалы қылған жоқ па сөзімізден,  
Еш қайран болмаған соң өзімізден[34].  
Көрген соң дінімізді қорлағанын,  
Жас ағып жүре бердік, көзімізден.

Жатқандай қатты ұйқыда қазақ халқы[35],  
Айырылмай жақсы, жаман,- бізге парқы [36].  
Баласы дін мұсылман, ояныңдар,  
Көрінер өз пайдасы, жұрттың нарқы.

Әркім-ақ өз пайдасы ойлағаны[37],  
Тереңге түсіп жатыр- бойлағаны.  
Хұрият деген сөзді жоқ қылам деп,  
Аш бөрі бізді жеуден тоймағаны.

Ойлайды бізді ілем деп бармағына,  
Көрсетіп зорлық күшін жан-жағына.  
Бас қамын, жан пайдасын ойламастан[38],  
Жақсы емес, түсе берсең қармағына.

Өнерге, ғылым-білім, болсаң жерік,  
Басыңа, мұны тапсаң, болдың берік.  
Бас көтер, дін мұсылман балалары,  
Шын тұр ма кетейін деп бізден ерік?! [39].

Еш тұрмас раділдікпен бізді бағып,  
Бейрия қылған қызмет оған жағып.  
Тұрғызып омақаны әрбір жерге,  
Ап кетер жерімізді қазық қағып [40].

Орысты біздің қазақ күндемейді,  
Үстіне басып өтсе, үндемейді.  
"Аямас әлі жетсе" - дегендейін[41],  
Жұрт қылып түзулікпен жөндемейді.

Көшпелі мал сықылды біздің халық[42],  
Әр шаруа жалқаулықпен болар талық.  
Жел болып жаққан шамға дамыл бермей,  
Болмай тұр қанша айтқанмен бізге жарық!

Әр түрлі бұл қазаққа шықты форым,  
Сатулы жүрген жер мен тұрған орын.  
Бұраса біз иіліп көне бердік,  
Жұрт едік бейпіл жүрген мұнан бұрын[43].

Шарасыз, амалсыздан жүріп едің,  
Еріксіз айдауына көніп едің.  
Басқаны мал мен жанның ақша болып,  
Әр түрлі тамашаны көріп едің [44].

Таусылмай толып жатыр арманымыз,  
Ерікті болмаған соң мал-жанымыз.  
Болмаңыз алты ауызды, жақсыларым,  
Бұл тойдан не боламыз қалғанымыз?!,

Пайданың ортасында өзі жатар,  
Әрқашан залалына бізді сатар.  
Ынтымақ сағадатлу, жақсыларым [45],  
Яки қазақ, яки бол өзбек, татар[.

*1906. 4 август*

## Баяннама

### 1

Бұ сөзім алты алашқа таныс болсын,  
Азамат ермін десе, намыс болсын!  
Құдайым насрiт берсе, дұшпан оңай[46],  
Көптігі тұнадағы (қопадағы) қамыс болсын!

Аруақты шақыртатын жерлер келсе,  
Тiлектес жүйріктерде шабыс болсын!  
Iздеген табылатын болып тұрса,  
Барып қал, жері қанша алыс болсын!

Түзетер бұ күнгіні тура (төре) шықты,  
Бұрынғы қисық пенен шалыс болсын.  
Шын жүйрік қызған сайын көтерілер,  
Таласып әр уалаят жарыс болсын!  
Сол пенде пайғамбардың, рас, үмбеті  
Шын ниет дiн жолында халыс (қалыс) болсын[47].

### 2

Ынтымақ, мүшәуәрә әрбір жерде,  
Талабы әр халықтың биік өрде.

Жау ғой деп қараңғыда омақаны,  
Жан сақтап, жалтаңдаймыз қазған көрде.

Өнерің әр тарапқа тегіс болса,  
Барсаң да қай орынға басың төрде.  
Болған соң жалқаулықта біздің қазақ,  
Пәс тартқан жұмысы бар төмен жерде.

Хакімде хукіметші ғаділдік жоқ,  
Параны көп жейтұғын сол өнер де.  
Сабатып ат-айғырды қан сорпа қып,  
Чиновник қырып-жойып жүрген елде.

“Бағлан, майға піскен: қой, қозыны  
Сұраусыз, ықтиярсыз соя бер!” - де.  
Тауықтың қоразындай қоқиланып,  
Боқтайды стражник тұрып төрде.

Протокол жасаймын деп тілмаш айтар,  
Отырып пәрмен етер бір үстелде.  
Осындай кісімсініп өңкей малай  
Әуре қып бұ қазақты көр мен жерде.

### 3

Қылады әркім мазақ ғылым жоқтан,  
Надандар адасуда білім жоқтан.  
Шаруаның берекеті жұрттан қашты,  
Мекен-жай, қоныс қылар орны жоқтан.

Заң-закон шарифаттан адастырып,  
Би шықты қозы қарын формы жоқтан.  
Кіргізіп дін жолына партиясын  
Жем болып, ақыл сұрап әр ұлықтан.

Жоғалса болыс сайлау, халық тыйыш,  
Жылқы осал, қысқа қарсы жалы жоқтан.



Партия турасымен ұрласады,  
Қылмайды нашарлық пен малы жоқтан .

Баулитын атын беріп байдың өзі,  
Таңдатып ұрыларға қалың топтан.  
Қолтықтап бір іс келсе және сүйеп,  
Ант беріп, ағартады, жаны жоқтан.

4

Жақындық,- партия үшін,- құда шықты  
Туысқан бір-бірінен, жұда шықты.  
Бір-бірін сүйеймін деп, араз болып.  
Шыбын жан болысқанға пида шықты.

Әркімді, әлі жеткен, шайнаймын деп,  
Шабынып аузы көбік бура шықты.  
Тарылтып аймағыңды крестьян  
Іргеңнен ата қоныс мұра шықты.

Мизам мен думада жатқан жұмысы жоқ,  
Ұлықтан өкім, зорлық тура шықты.  
Әркімнің өз тамағы табылған соң,  
Төресі қисық жаққа бұра шықты.  
Көңілі бірін-бірі жеуде болып,  
Халыққа осындай бір жора шықты.

5

Жақсыны өзі болған, көре алмаған,  
Біреуді күндемесе жүре алмаған.  
Білгеннің біліміне айып қойып,  
Ол өзі жақсы жөнді біле алмаған.

Жұмысын теріс жаққа айналдырып,  
Оңына бастап айтса, тіл алмаған.  
Айтуға аузы жетіп тұрған күнде  
Ерлікпен оған қайрат қыла алмаған.

Кімде-кім (кемде-кем) қорыққанын алдауменен  
Түлкіше қылып хайла бұлаңдаған.  
Халықты жексұрын ғып болыснайлар (волостнойлар),  
Оязға жағымсынып бипаңдаған.

Қызылға, даушылардан, билер тойып,  
Қарынын көтере алмай тойпаңдаған.  
Тамағын толтырудың қамын ойлап,  
Ақ-қара анық көзбен, байқалмаған.  
Байлардан, жуан мойын, зорлық тиіп,  
Шыбжыңдап нашар байғұс сипаңдаған.

6

Ұнайды дін- исламға мықты қазы,  
Бұл өзі әуелде бар заман мазы.  
Пайғамбар шарифатпен ғамал жүрсе,  
Төңірге сонда жетер айтқан разы.

Қол күшпен ел билеген хакімдерге  
Мұңдының өтер емес сөйлеп назы.  
Алаш боп басты қоссақ, қор болмаспыз,  
Біз болып тұрсақ-тағы көптің азы!

Ынтымақ, партиясыз, болып жүрсең,  
Басыңа сағымданар күннің жазы.  
Еркіңе желікпеске қоймай тұр ғой,  
Қымызы қара саба, сары қазы.

Күжілдеп, шекең қызып, лағу сөйлеп,  
Байлардың майға піскен көп буазы.  
Сыбырлап екеу-екеу үй сыртында,  
Айтақтап әркім қосқан бір қу тазы.

7

Түлкінің, басыңды тарт, хайласынан,  
Жырақ бол соның айтқан пайдасынан.

Ақ болсын Хаққа көңілің, бұл секілді.  
Шынының жалтыраған айнасынан.

Ынтымақ, алаш болып, қосылмаса,  
Көп сөздің зиян табар шаймасынан.  
Поселке крестьян салып жатыр,  
Өлкеді, өзен, жердің жайлысынан.

Көл-төбе, қыраң жерге ақтарылды,  
Бұрынғы ата-баба қоймасынан.  
Алумен артық тәртіп кедейлер жүр,  
Қуанып орын алса бай қасынан.

Бұл қазақ тік сөйлесе жалдамаға,  
Жеке доп тиіп қалар май бәсынан.  
Біз-түйе: тартынар деп мұрнын тескен,  
Жетелеп алып кетер бұйдасынан.  
Халыққа: "Шығыны!"-деп, ояз шықса,  
Санайды қанша тиын үй басынан?!

## 8

Шариғат, хакім жүрсе, турасы бар,  
Халықтың, я болмаса, жорасы бар.  
Баласы, кейін туған, қайта қонса,  
Атаның, отын қылған, мұрасы бар.

Екі қыс арқасынан бірден қысып,  
Шабынсыз, дөңге салған, қорасы бар.  
Түйеге ноқта қалай бұйрық болса,  
Қазақтың кісі алатын бурасы бар.

Байлайтын, бұрап соққан, шынжыры жоқ,  
Жабағы, қыл-қыбыр мен шудасы бар.  
Мүйізден өгіз, сиыр бой бермейді,  
Сәйгелді, ойнайтұғын, құрдасы бар.

Қазақта отарба мен пароход жоқ,  
Мінуге үш түліктің пайдасы бар.  
Көшпелі, үй тігетін, болғаннан соң,  
Осындай әр малына хайласы бар.

9

Жазы жоқ, біздің халық, күнсіз болды,  
Басқа жұрт, күні тұрып, түнсіз болды.  
Ие боп қалың қойға тоқты қошқар,  
Начальник әр не қылса, мінсіз болды.

Аз айтып, ақша берсе, соған ауып (аулып),  
Көп сөзі ақшасыздың пұлсыз болды.  
Тескенге түйе мұрнын- жиырма бес сом,  
Қалаға бара қалсаң, бұ сөз болды.

Жазықсыз, қалашыны, мұжық атып,  
Өлуі мұсылманның құнсыз болды.  
Патшаға жетер ме еді бізден арыз?!  
Дыбыс жоқ, қорқуменен, үнсіз болды.

Хұзыры сұлтан шахим теңгермей ме  
Кінәлы болса да орыс кірсіз болды.  
Таяққа біздің қазақ көніп тұр ғой,  
Атқаны мылтықпенен жөнсіз болды.  
Қылмаса бұған қайран депутаттар,  
Айтқаным айдалаға жел сөз болды.

10

Қужа (тоспа) деп, тағы айтады, көптің бойын,  
Халықтың қойдырам деп айт пен тойын.  
Халқыңда Россия- мейрамы бар,  
Біз, айтқан пәрменіне, қойдық мойын.

Сауықтан, қазақ болып, біз тыйылсақ,  
Басқа жұрт қарап жүр ме қылмай ойын?

Көкпары- құнан, дөнен; атын шауып,  
Жиылысар қонақ болып, сойып қойын.

Қымызын, басын қосып, ортаға алған,  
Жағалай қонып алып судың бойын.  
Сонымен өз ермегі өзінде боп,  
Салады шаруасына ақыл- ойын.

Партия, болыстыққа таласқаннан,  
Ас берген, ұмытып тұр, қалың тойын.  
Ұры да қуаттанды партиямен,  
Көрсетіп әлсіздерге жуан мойын.

## 11

Түн болса, рақат кетер жарлы, байдан,  
Арықтап, семіз құр ат, қалың майдан.  
Тамағы хакімдердің тойғаннан соң,  
Тыйылсын бұ мінезге ұры қайдан?!

Көреді абақтыны өз үйіндей:  
"Орнымыз ағаш үй,- деп,- жақсы жайдан".  
Шақырып дуанына барса-дағы,  
Жұмысы біте қалар тез оңайдан.

Бес күнде елге қайтып жетіп келер:  
"Бір қағаз мен алдым,- деп,- оязнайдан".  
Дәуірлеп онан сайын көтерілер,  
Екінші-қорқыныш жоқ бір құдайдан.

Жұмысы шарифаттың- некеқияр,  
О-дағы артылмайды ауылнайдан.  
Хақысы қожа, молда со боп қалды,  
Қанағат- қанып ішсе, қара шайдан.  
Аяқты бір аттаса, тиын сұрап,  
Шығып тұр елге жыбыр осындайдан.

Пайда жоқ өтірік пен жалған-дағы,  
Жалғанға құлақ құршы қанған — дағы.  
Еркіндік бұ халыққа деген публик  
Ойлауы әр адамның арман-дағы!

Түбіне сол арманның жетемін деп,  
Пәруана (паруана) ерлер шамға жанған-дағы.  
Ойлай ма: “Дін жолына болыстым?!”—деп,  
Бас тартып бұл ақылдан қалған-дағы.

Манифест император берілген соң,  
Қуаттап әркім дiнiн алған-дағы.  
Патшаның қол астында: поляк, еврей,  
Сарт, ноғай, орыс, қазақ, армян-дағы!

Газетпен көңілдегі мұңын айтып,  
Жұмысын бұлар ойға салған-дағы.  
Көп дұға шаһымыздың құзырына  
Жан рақат халқына айтқан пәрмен-дағы!

Құлағы біздей болған алыс жұрттың,  
Дәміне тәуір сөздің қанған-дағы.  
Бәйгеге әркім баптап ат қосып тұр,  
Құдайдан соны тілеп тұрған-дағы.  
Жұмысы депутаттың- ел пайдасы,  
Думаға государин барғандағы!

Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса,  
Халықтан бойын биік асырмаса.  
Бәріне мұсылманның бауыр болып,  
Аулаққа бойын тартып қашырмаса!

Бай адам малым көп деп теңгермейді,  
Нашарлар құдайына асылмаса.

Қазақтың берекесі ортасында,  
Орысқа партия боп шашылмаса!

Мезгілі ашылатын келе жатыр,  
Бақ, талай мұнан бұрын ашылмаса!  
Әр қайда жақсы болса тану керек:  
Жылқы мал үйір болмас қасынбаса.

Бұлақ деп судың көзін ешкім ашпас,  
Дария боп, өз екпіні, тасынбаса!  
Ерлерге жайша жүріп қайрат кірмес,  
Ғалідей орда жатып ашынбаса!

#### 14

Әскері халық, жұрттың-қалам, сия,  
Кеңестің шыңда тұрған, бәрі- қия.  
Жығады ыңғайына көптің райын  
Ақылға болған адам нiл-дария!

Жүрегін тәңірім қылып рәушән, зия,  
Мархабат ер көңіліне салған ұя!  
Дін ислам қанша болсын баласына,  
Жәрдемі о да тиген Франция!

Ішінде жанған оттың басың жатыр,  
Әр айтқан жарлығына десең: "Иа!"  
Ғаділдік, ақ жөнімен туралықта  
Партия демократ кампания.

Шаһымыз қол астында артық-кем жоқ,  
Бір баға: мұсылман мен Россия.  
Милләтке шам жағамын деген ерге  
Пайғамбар болсын медет ахмедия!

Бағамдап (фаһамлап)байқасаңыз, бір хи бар,  
Әлиф, ләм, аяғы-нон, ортасы- иа (я)!

Сараптан санасаңыз кім болады-  
Осындай бір асыл бар шаһбазия!

Тағы да арғы атасын мен айтайын:  
"Би" мен "дәу", "кәф" пен "иа" (я) фамилия.  
Алаштың көңілдегі мұңын айтып,  
Аяғы бұ сөзімнің- тамамия.

*1906 жыл 5 август*

## Партия хақында

Сөзіне (жүзіне) ақ қағаздың тартып қалам,  
Сөйлеген хихаясын барша ғалам.  
Болса да аспан-қағаз, дария-сия,  
Болмайды сөз аяғы түгел тамам!

Көшпелі болған елдің шаруасы бар,  
Шаһардың алып сатқан саудасы бар.  
Айырып жапалақтан жем түсірсе,  
Сұрайтын бір-бірінен сауғасы бар.

Жиылып жер жүзіне қыбырлаған,  
Құпия жұмысы бар сыбырлаған.  
"Пәленше бір оңаша шық!" - дегені-  
Көрсетіп, оның аты, сөз ұрлаған.

Белектеп қай жұрт болса партиялап,  
Қалмайды ұрғашыда(й) сол қиялап.  
Басқа орын босағадан тимейтінді  
Бас қылып, бас жегізіп тәрбиелеп (тарбиалап).

Көрініс, екі жақтан, топ көбейтіп,  
Дау-жанжал, жанып тұрған шоқ көбейтіп,  
Болмаса малға зиян, еш пайда жоқ,  
Айғыр да тышып жатыр боқ көбейтіп.



Қазақтың мұнан кетер берекесі,  
Жоқ болып ынтымақты мерекесі.  
Дуагөй-жеген басқа, төрде отырған  
Әркімнің ақсақалды бір әкесі.

Ие боп жамбасына отағасы,  
Қасында еркесіген бір баласы.  
Жілікті соған "мә!" - деп ұстатады,  
Әкенің, баласынан, май жағасы.

Көп болып гүлдесе, байлауы жоқ,  
Тәңір ісін сол сағатта ойлауы жоқ.  
Жел, боран: алас ұрып, шаршап бітер,  
Әр істің күні бүгін(бұрын) сайлауы жоқ.

Титықтап, әлі қоймас, шаршағанмен,  
Күні өтіп бірін-бірі арбағанмен.  
Көп бидің жалғыз аты жауыр болар,  
Қол жетпес гауһар бар деп қармағанмен.

Бай түсер төмен қарай шарасынан,  
Айырылып аз-ауқатты қарасынан.  
Аңдыған арам көңіл екі досты:  
"Бір бұзық шыға ма-деп-арасынан?!"

Арасы ағайынның алыс болды,  
Таласып дамылы жоқ жарыс болды.  
Жетіліп партиямен дәрежесі,  
Жақсыға жаман адам таныс болды.

Жаз болса, ауылдасып ыңғай қонып,  
"Қызық қой бұ жүрген,-деп,-мұндай болып!"  
Өңешін жалтыратып көп кедейлер,  
Жүрсе де ат пен тоннан жүрдай болып.

Біреуді панап қылып, сүйенгенсіп,  
Мәз болып, отырғанға саумал ішіп.  
Мырзасы қасына ерткен сол нашарын  
Шығынын соған артар сырттан пішіп.

Біреудің ерген ақымақ желігіне,  
Жылп етер: "Жараймын- деп,- серігіне!"  
Шақырса бір партия жаназаға,  
Бармайды туысқанның өлігіне!

Жиылса, сәлемдеспес қырын қарап,  
Ас ішпес сарпалтаңда атша жарап.  
Ұзақ күн біткен сөз жоқ; керіс, тартыс,  
Кетеді ерте келіп, кешке тарап.

Со(л) күн-түн азғырушы толып жатыр,  
Шайтан да помогайтшы болып жатыр.  
Күнөға бата бер деп ғасы құлға  
Жыл, күні, құдайымның толып жатыр.

Қызады базарлары күз болғанша,  
Қуарып көк жапырақ боз болғанша.  
Ағайын кінәласып арбасады,  
Әркімнің талас жері сөз болғанша.

"Ал енді тату бол!" - деп, біреу шығар,  
Екі жақ болған елдің сөзін ұғар.  
"Жақсы атын екі ортада алам,- деп,-мен!"  
Бір үлкен бұ да әңгіме құлақ тығар.

Шақырысып, мал сойысып, татуласқан,  
Жамырасып бір-біріне араласқан.  
Июньнің аяғында жақындасса,  
Күмәнын шөп шабарда, август(т) ашқан.

Айтысып, бата қылып, аруақ, құдай,  
Болады татулығы бұрынғыдай.  
Таласып шөп уақытында шабындыға,  
Болады тағы қайта ел екіұдай.

Таусылмас соныменен күнде жиын,  
Жұмыс жоқ бітіп тұрған соқыр тиын.  
Мінуге толып жатыр байдың аты,  
Кедейге күнде мінсе, болар қиын.

Кедейдің жыртылмай ма бұған таңы ?!  
Білмейді қалбыр етсе, байдың шаңы.  
Елді алып, үйде отырып күжілдейді,  
Шыртыып, қоразданып жігіт паңы,

Көз салмас жақсы ниет жобасына,  
Зор беріп туысқанның жыдасына.  
Мал алып бесіктегі жас қызына,  
Жа(м)пылдап барысады құдасына.

Көрсетіп азына көп қуат-күшін,  
Суытып, илікпейді, өңі-түсін.  
Бай, жарлы, төре, қара- теңдік емес,  
Құдалық, осы күнде партия үшін.

Аңқауды алдаймын деп бәрі ептейді,  
Жұмысын құрғақ тілмен реттейді.  
Жағында жапырақ ет жоқ ашаң құдың  
Сиқырына неше түрлі көз жетпейді.

Халық -жұрт өзі құмар қалың дауға,  
Дау болса, екі ит шығар ырылдауға.  
Арам ит, осындайда, балпылдама  
Болмайды ұзақ күнге омырауға.

Мойнына жеңгенінің әбден мініп,  
Семірген шайтанымен көңілі тынып.  
Бозарған сұр жыландай, іші-зәрлі,  
Сүзектен тұрған жаңдай, өңі сынып.

Басына бостандық жоқ, дамыл алмай,  
Сапырылып ертеңді-кеш жүрген талмай.  
Тобындай қоңыр қаздың шу-шу етіп,  
Аттанар көтеріле бірі қалмай.

Мұратқа бірі жетер тас салғанда,  
Би, болыс, ауылнай боп басқарғанда.  
Шығыны партияның суға аққандай,  
Таласып, саннан кеміп тас қалғанда.

Саны жоқ қорқып енді тығылғанның,  
Бәрі де пана іздейді жұлынғанның.  
Мақсаты көңілдегі болған жағы  
Үстінен баса берер жығылғанның.

Қайқияр сонда басы болыснайдың,  
Ақшадан майын сұрап, ат пен тайдың.  
Кигіз бен ақшасына дамыл бермес,  
Шаруасын айналдырған көңсік байдың.

Жалаңдап аждаһадай ауылнайлар,  
Беліне бір кигізден күйек байлар.  
Цифрын бес тиынның бес теңге деп,  
Кедейдің хат білмеген сору қайнар.

Мойнына һайбаттанып знак салып,  
Алдына шарылдаған даулар барып.  
Күшіген, қарақұстай билер отыр,  
Жемтігін өлексенің қоршап алып.

Осылай арамтамақ жеген бәрі,  
Сақтанбас, обал ғой деп, жеткен әлі.  
Жалықпай айта берсем толып жатыр,  
Бұлайша заманада жұрттың халі.

Қорқатын адам қайда құдайынан,  
Бұзық іс ойлағаны ұдайынан.  
Тартылды биылғы жыл көк рахматы-  
Халықтың пиғылы жаман ыңғайынан.

Қуаттап алып жүрсе әркім дінін,  
Өткізсе ғаділдікте ай мен күнін.  
Айтқанын жақсылардың кім ұғады?!  
Сөйлеген қаламшылар сөздің шынын.

## Фибратнама

Япырм-ай, кесем бе екен мен тілімді?!  
Үйрендім қайдан өнер, көп білімді?!  
Өткіздім қасірет пенен қапалықта  
Қызықты, ойнап-күлер мезгілімді.

Жатпадым су түбінде садәф болып,  
Күнінде шықпас па едім дүрге толып.  
Байғыздай тас жастанып, тауда жатпай,  
Сықылды болдым қарға, ұшып қонып.

Болдым ғой өнерімді тауысқандай!  
Мерт болдым, айға шауып, арыстандай!  
Сұңқардай биік шыңды мекен қылмай,  
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай.

Сөйлеуден тыйылмаған, қызыл тілім!  
Өттің бе зарланумен, қайран күнім?!  
Түлкінің қызылдығы өзіне сор  
Болғандай болдың(да) маған өнер-білім.

Ішім -от, сыртым-жалын қайнағаным,  
Бұйырған, жұтқан күмән, шайнағаным.  
Жаныма тыныштығы жоқ, өзіме қас:  
Бұлбұлдай, жағып жұртқа сайрағаным !

Сайрауға дәрменім жоқ, тұрмын қажып,  
Ұзын түн ұйқы көрмей, жүдеп, азып.  
Әшһәрәт апат деп айтқан Хәдиш (хадис)  
Мен жүрмін құтыла алмай, тілден жазып.

Айнадым, бұлт болып, биік тауға,  
Ілдім, болып шортан, жібек ауға.  
Тілі жоқ көп мылқаулар тыйыш жатыр ғой,  
Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға.

Ақылды аузын жауып, дәллін ашқан,  
Бұл күнде ғақыл, білім бізден қанқан!  
Ішіне ақымақтықтан сыйғыза алмай,  
Алтынды пұлын білмей, жерге шашқан.

Жатқанмен алтын жерде, кір болмайды,  
Жай тас пен дүрдің құны бір болмайды.  
Жаңбыры абрахмет жауғанменен,  
Садефқа төгілмесе, дүр болмайды.

Жаңбыры абрахмет нұр болады,  
Жауғанмен басқа жайға, қор болады.  
Жыланға- у, араға- бал, тасқа-қына,  
Тамғаны тақыр жерге сор болады.

Тікенге кетсе тамып, гүл болады,  
Көзсізге-көз, тілсізге тіл болады.  
Жауғанмен тауға, тасқа, пайдасы жоқ,  
Сай-сайдан ағып дария сел болады.

Ғаламға абрахмет нұрын шашар,  
Үстім су болады деп надан қашар.  
Бір тамшы сонан маған тама ма деп,  
Дарияда жатып садәф аузын ашар.

Бұлттай жауатұғын менің өзім,  
Көкірегім-қан, жаспенен толған көзім.  
Жаңбырдың абрахмет тамшысындай  
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім.

Бораған қардай болып, бұрқырадым,  
Жалғаннан суып көңілім, тоқырадым.  
Бойыма алтынымды сақтай алмай,  
Болмаған мұныменен еш мұрадым (мұратым).

Бұл күнде алтын азып жез болыпты,  
Дүниеде жақсы, жаман сөз болыпты.  
Гүл іздеп Гүлстанда жүрген бұлбұл  
Бір күні қаршығаға кез болыпты.

Сұрапты қаршығадан сонда бұлбұл:  
-Жалғанда ынтызарым — бір қызыл гүл!  
Қаршыға, сен де құссың, мен де құспын,  
Ақылың сенің менен емес қой мол!

Бектердің оң қолында тұрағыңыз,  
Ерттеулі күнде жүйрік пырағыңыз.  
Кекіліктің миы менен жүрегін желп,  
Табылған әр-бір құстан мұрадыңыз (мұратыңыз).

Татисың қымбат баға қадір пұлға,  
Жүресің патшалар мен шығып жолға.  
Жазым боп жазатайым түссең торға,  
Түсірмей ап кетеді қолдан-қолға.

Өткіздім мен әр түнді сайрауменен  
Басымды тікенекке байлауменен.  
Көрем деп қызыл гүлдің ашылғанын,  
Ұзын түн зығырланам, қайнауменен.

Қызыл гүл мен ұйықтамай ашылмайды,  
Көзімше аузы ашылып, шашылмайды.  
Оянсам, ұйықтап кетіп, ашылады,  
Қасіретім, бір көре алмай, басылмайды!

Зарлаймын ұзын түні көрермін деп,  
Көре алмай ашылғанын қасіретім көп.  
Ғұмырымда бір ашылған уақытын көрмей,  
Барамын бұл жалғаннан мен уайым жеп.

Гүл үшін, тікен болды, жатқан жерім,  
Барады бір ашылмай ішкі кірім.  
Зарығып бұ қападан қанлар жұтып,  
Тарқамай бұ жалғаннан кеткен шерім.

Қаршыға келді сонда жақындасып,  
Бұлбұлмен сөйлескелі жауаптасып:  
-Құссың да сен бір ақымақ, ақылың жоқ,  
Бір гүлге пайдасы жоқ болған ғашық.

Сайрайсың түні бойы ауыз жаппай,  
Қонасың сабырсыздан әрбір шаққа-ай!  
Жетпестен бір мұратқа мың сөйлейсің,  
Сол үшін қалып тұрсың мұрат таппай!

Аузыңды, ақылың болса, жабар едің,  
Үндемей сабыр қылып бағар едің.  
Тілі жоқ мен сықылды мылқау болсаң,  
Бір күнде мың мұратты табар едің.



Боласың сен ақылды менен қайтіп?!  
Зарықтың бір гүл үшін жапа тартып!  
Бір күнде мың мұратым болар хасил,  
Адамға үндемеймін бірін айтып.

-Қаршыға, мұны айтқан сен бір ерсің,  
Тілегін әр пенденің тәңірім берсін [90]!  
Табарым мылқау болып, мұрат болса,  
Болмаған хасил мұрат кете берсін!

Мұрныңды шошайтасың мақтағанға,  
Жүруші ең келемеж боп көп тағанға.  
Қолында көрінгеннің болып тұтқын,  
Мәз болып жүріпсің де сақтағанға.

Жегізбес саған етті қаныменен,  
Бір құстың тояттатпас саныменен.  
Өзіңді ертеден-кеш ашықтырар,  
Алсын деп құс көрінсе жаныменен.

Бір ұрттам қан ішесің, бір құс алсаң,  
Сен-ақымақ, тамақ үшін болған сарсаң.  
Арбакеш сарттарға құл болғанша,  
Онан да жақсы емес пе, өліп қалсаң?!

Жаратқан бір құдайға жетер датым,  
Зарланған ұзын түндер мұнаджатым!  
Бітпесе бір мұратым, кетсін, барсын!  
Фаламға дастан болған, "бұлбұл" атым.

Мұратым бітпесе де, көңіліме тоқ,  
Қарға мен сендей қаңғып, жемеймін боқ.  
"Шіркіннің қаршығадай сайрауын-ай!"-  
Деп айтқан бір қазақты естігем жоқ.

Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол!  
Табылар іздегенге бір қызыл гүл!  
Ет үшін бір-екі елі торға түскен,  
Тіл алсаң, бола көрме қаршыға сол!

## Тамам

### XXX

Біздің сахаралық көшпелі халық әңгімеден құлағы алыс болса да, хат-хабарларды білім[ді] даналар алып оқып, жәтһад-әбин құлақ қойып тыңдаған жанға естіртеді. Ноғай бауырларымыздың ғарайып-ғажайыптан жазған мектептерін оқып тұрамыз. Өзіміздің тілде мұсылман жазуы илан шықса, орысша тіл мен орысша хат илан жазылып шықса, оны да оқитұғын өнерпаздар бар. Бірақ қауым көпке өзінің мұсылманшасы тыйыш, перевод іздемейді. Бірақ переводқа сеніп тұрғанша, біздің қазақ халқы әрбір ғылым болса да, жалқау тартпай, біле беруге лайықлы дүр. Біз-дағы өзіміздің шамамызша, бұ қазақтың шаруа халін басқа халықтарға баян етуге мұнасиб. Бұрыннан белгілі көшпелі халық атанған. Міне, егін жоқ, сауда жоқ, кәсіп жоқ, баққаны мал; төрт түліктен ішіп-жеп, өсіріп, мініп, сатып, бағып-қағып; берекетін құдайдан сұрап, сонымен ауқат кешіреді.

Екінші бір жұмысы бар: партия деген. Ол партия өзі халықтың ынтымағын бұзып, қуатты, күштілер зорлықшыл боп, екі жақ боп таласқанда, бір тарапы болыс болса, ана қалған тарапына жәбір — жапа көрсетіп, елге начальник, чинов[ник], урядниктер шықса, ат сол тарапынан, оның ішінде нашардан мініледі. Яки жалдаған ат болса, әлсіз, қуатсыз кедейлерге шығын ақшасын көбірек салып, би, болыс, ауылнай, елубасы ғайыры зор адамдар шығынды өздеріне аз қалдырады. Сондай жәбір-жапа көрген адам ұлығына арыз қылса, оның сөзі ходқа алынбай, кете барады. Сондайын ат зорығып өлсе, оған кесілген баға да жоқ.

1905-іншісінде июнь, август жұлдыздарында дуан-дуанды басып қазақ халқын аралауға шықты. Екі ат жектіріп, аяң же-

лістен артық қатты жүргізбеді. "Тілсіз хайуанға зорлық қылған жарамайды",- деп. Дуаннан ел ішіне шыққан стражник, тілмаштар ат мінсө, көбі қалада жүрген жаяу кедей, астына ат түссе, қатыны ұл тапқандай қуанып, етек-басы жалпылдап, бұрқыратып шауып ала жөнеледі. Бермесе, басы-көзі демейді, боқтап-боқтап қазақтың бет-аузын даладай қып сабап, онан қалса, алақандай қағазды ала сала протокол сыза бастайды. Жалынып бес-он тиын берсе, қоя қояды. Зады қазақ өзі де ат тауып береді. Бірақ атасының тоны[н]дай-ақ ат- табында еді. Біздің қазақ халқына жоғарыда айтылған ұлығымыз[дың] - бұлардан биік, көп жылы. Жақсыда паңдық жоқ.

Үшінші, бұ партия ұрыны да көбейтті. Ұрылар байлардан кигіз, ақша алып, ат мініп: "Малыңа тимеймін!"-деп, қожа, молда орнына дәрежесі жүреді. Оны тыятұғын, жазаға кіріптар қылатұғын адамдар пайда ісіне тартып, өз тойғанын жақсы көрді. Павлодар уезіне қараған Ақбеттау елінің болысы Хұсайын Боштайұғлы уақытысында есігімізде құлып түгіл, байлау да жоқ еді. Мал далада бағусыз, "қой үстіне торғай жұмыртқалаған" заман еді. Хұсайын Боштайұғлы 1905-іншісінде июль айында опат тапты. 1906 — ыншысында қарсы август, сентябрь айында Ақбеттауға қарлық, арамдық кірді кетті, кірді кетті. Начальниктердің бар тыйғаны- сұрайды: "Ол ұры қағазда бар ма, жоқ па?"- дейді. Жоқ болса, оған билер мойнына жаза кессін! Екінші, көрсетсін, сонан соң оны тексеруге керек деп, сонымен ақырғы жағы аяқсыз болады. Мұнан кейін оны сүйейтін адамдар болады. Ол бір партияда болса, ол партия оған билерге жаза кестірмейді. Яки болмаса ұрыдан бір ат алса, билер оған қору айтпайды. Пысадылық бұ пиғылдан қайдан тыйылсын?!

Төртінші, Павлодар уез[д]інің қоластына 1906- ыншысында Атбасар дуанынан жоғарғы ұлық тарапынан жаңа начальник бұйырып келді. Екінші учаске, Баянаула қаласына қараған халықты аралап, насихат айта дур: "Мен сіздерге әкім болып келдім!- деп.- Сіздер жақсы болыңыздар: ұрыс, жанжал, алас; бұзықтық, пысадылық қылмаңыздар!- деп. Мен өзім Атбасарда тұрғанда, Мейрам Жанайдаровқа қараған елді билеп

тұрдым! -- дейді.- Ол Жанайдаров өзі жақсы кісі, халқы тыйыш, бұзықтығы жоқ, ағайын, ақсақалдары һәм жақсы екен" -- деп.

Ағайын деген Сойдан Мұштақдыр мен Бектұрған ұғлы Жәнібек Икміздің ұғлы Зирорын Мейрам Жанайдаровтың елін бұ халыққа ғибрат қып көрсетті. Халық бұ ғибратты аңғарса, бесінші, екінші учаске Баянауланың мешіті тозып, төрт-бес жыл жабылған еді. Өз тарапына қараған ел 1906-сында басын қосып жиылып: "Мешітке ақша шығар!"- деп, даяр бергенін қолына алып, ақшасы жетпеген адамдарға: "Міне, біз салайық сіз үшін. Сіз бізге жай артынан берерсіз",- деп,- иждаһат қылып, бек зор һәмәт көрсетті. Халық жұрт жетпегені сол кісіден кассада ақша алғандай алып, сала берді. Бұ да бір аһыл, исламға жақсы ғаламат.

Осы мешіт, медіресе илан октябрь айында бітіп намаз оқылса керек. Иншалла, басшының бірі Баян қаласында жаңада истихамит қылған Мұстафа Томашев әулетті дүр, иждаһаты зор бір іс, Садуақас Шорманұғлы дүр.

## Сарыарқаның кімдікі екендігі

### Қазақтың осы күнгі әңгімесі

#### 1

Сөз шықты біздің қазақ баласына,  
Петербург келіңіз деп қаласына.  
Кеңшілік ойлай берсең келе жатыр,  
Сахараның көшіп жүрген даласына.

Жақсылар, өнер болса, енді аянба,  
Қалмаңыз басқа жұрттың табасына.  
Хұзыры патша ағзам рұқсат берді  
Халқының бас қосуға данасына.

Бұрынғы партиялық жұмыс қалсын  
Көңілдің бұл сыймайды аласына.

Ынтымақ, кеңеспенен болған істің  
Кірмесін араздығы арасына.

Қолың бос, ауызың еркін, не қылсаң да,  
Қарайды әркім ойлап шамасына.  
Пейілі патшамыздың кеңіп жатыр  
Алғай-ды бізді құдай панасына.  
Құдайдың бір жарылғар уақыты келді  
Алаштың ұраны үш жүз баласына.

## 2

Айырылып қалып едің су мен жерден,  
Қуат-күш кеткеннен соң әрбір ерден.  
Біреуі айрылғанның - тау мен ағаш  
Мүлкіңнен шығып кеткен бәрі бірден.

Указбен түйе мұрынын теспе деген,  
Белгіні көріп едің әрбір төрден.  
Аяқты бір басқанда, екі есе ақша  
Қапаны тартып ең ғой көр мен жерден.

Есіктен кіре алмайтын қара шекпен  
Орынды қақ жарып кеп алды төрден.  
Тұтқында сорлы қазақ қалмап па едің,  
Қол қойып ақ қағазға басқан мөрден.

## 3

Биылғы үмітті едің өткен күзден,  
“Октябрь он жетінші”, - деген сөзден.  
Жан-жақтан ұшпа бұлт көтерілді  
Қызғанып күннің көзін мұңды бізден.

“Келді, - деп, - басыңа сот!” - қорқытады,  
Іліп ап бес-алты ауыз айтқан сөзден.  
Жылаған алым үшін нашарлар көп,  
Жас ағып, бейшара боп, екі көзден.

Жыл сайын жат бұйрықтар зәрені алып,  
Адасып қалып едік бұрынғы ізден.  
Мақсатқа шын түбінде жеткізуші  
Рақымын аяған жоқ құдай бізден.

Көз жасы жылаулының қабыл болып,  
Мұсылман баласына тиді тізгін.  
Ойға алсаң жақсылықты, кеңеске кір,  
Жүре бер, жақсылықтан күдер үзең.

#### 4

Айырылған біздің қазақ Есілінен,  
Өзінің болған емес кесірінен.  
Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді  
Қойнында құшақтаған жесірінен.

Адасып осы күнде қазақ қалды  
Бұрынғы ата-баба ресімінен.  
Жылқыға керек жерге егін салып,  
Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен.

Жайлауы баратұғын тарылған соң,  
Айырылды мал да, жан да несібінен.  
Мұжықтың кесірінен қыс көбейіп,  
Кеміді төрт түлік мал өсімінен.  
Зынданда не шаһбаздар нақақ жатыр,  
Ұлықтың қылған зорлық кесімінен.

#### 5

Айырылды біздің қазақ Нұрасынан,  
Атаның мекен салған мұрасынан.  
Зақонды жылқышы мен қойшы білді  
Үйреніп мал қамайтын қорасынан[1].

Жұмысы партияның қуаттанды,  
Халық-жұрттың жаман ырым жорасынан.

Ақша үшін ауызы ашылған жүзқараның  
Сөзі жоқ айтар түзу турасынан.

Әртүрлі қысымшылық болып еді,  
Сасқандай жұрт жаңылып тобасынан.  
Халқына мархабатты[2] сөзін естіп,  
Патшаны жұрт тастамас дұғасынан.

Орысқа мынау жерің керек десе,  
Әркім-ақ жылап көшті ұясынан.  
Ұлыққа бізден барып арыз айту  
Шыңның да қиын еді-ау қиясынан.

Ұлықтың құзырына қалам тартқан  
Айта алсаң, болар ердің сиясынан.  
Қазақтан баса көктеп жер алуды  
Әдет қып алып еді крестьян.

## 6

Қор болған біздің қазақ қолы жетпей,  
Баруға басқа ұлыққа құны жетпей.  
Жібермей тұншықтырып басушы бар,  
Жүрген жоқ болмаса ат пен тоны жетпей.

Шарасыз амалсыздан жүрген сорлы  
Көруге жақсы ұлықты көзі жетпей.  
Алды кең мархабатлы ұлықтарға  
Баруға басып қадам ізі жетпей.

"Сары алтын- сабыр түбі" деген сөз бар,  
Тілектің жүрген екен кезі жетпей.  
Көшпес кент, ұшпас тауық болып қазақ  
Самұрыққа, қарлықты ғой, үні жетпей.  
Қор қылып повесткелер, қамап тастап,  
Өлді ғой бір босанар күні жетпей.

Көресің, жақсылықты көрмесең де,  
 Жүресің кел шет десе, жүрмесең де.  
 Әркімге ғылым, білім керек дейді,  
 Білерсің, бұрын байқап білмесең де.

Сүйінші, жүрек жарып, сұрап жатыр,  
 Күлерсің, езу тартып күлмесең де.  
 Бұ жолға қажет үшін беру керек,  
 Пейілің тар, бұрын сараң, бермесең де.

Соңынан жүрген ердің бәрің шұба,  
 Бұрынғы арсыздықпен ермесең де.  
 Құнына түйғын құстың бағаң жетті,  
 Тауық боп, бұндай тары термесең де.

Көруге көзіңе арман мекемеге  
 Кіресің, бұрын барып кірмесең де.  
 Бұрынғы қысымшылық қапасынан  
 Өлуге жақын едің, өлмесең де.  
 Данышпан, ақыл, дана керек дейді,  
 Жиылып бәрің бірдей жүрмесең де.

Айтқан сөз, ақылға сал, жалған болса,  
 Немене естіп құлақ қанған болса.  
 Талабы талапты ердің қайда жатыр,  
 Әр тұстан әркім хабар алған болса ?!

Оянбай әлі күнге қазақ жатыр,  
 Арыз хат басқа жерден барған болса.  
 Айтушы: "Наныңыздар!" — деп айтады,  
 Бұ тілге мұсылмандар нанған болса.



Миллионға табылмайтын ақыл, кеңес  
Пұлында жүз теңгелік арзан болса.  
Қазақтың осы жүрген баласына  
Бітеді, көңіліне алған арман болса.

Болды деп не ғып бұлай ойламаңыз  
Шара не бір құдайдан пәрмен[3] болса.  
Халық-жұртты билеуші патша ағзам  
Халқына мархабат көз салған болса.

## 9

Мақсатқа кім жетеді ойындағы?  
Бұл шаруаң қатыныңдай қойныңдағы.  
Ертіс, Нұра, Есіл мен Еділ, Жайық  
Мұсылман бұл бес өзен бойындағы.

Жерлер де мұнан басқа толып жатыр  
Жатырмын оңайды айтып ойымдағы.  
Білмесең өз пайдаңды, бауырларым,  
Тұра бер тамағыңа тойын-дағы.

Ерінсең Омбы, Семей баруыңа  
Сол бөксең ауыр батпан шойын-дағы.  
Құр қалсаң қарап тұрып мархабаттан  
Азабың арылмайды бойыңдағы.

Базардан маған өрік келеді деп,  
Баладай, алданбаңыз, ойындағы.  
Құдайдың беруі жоқ жай жатқанға  
Болмайды үйде отырып ойыңдағы.

## 10

Бір мың тоғыз жүз жылдан бес жыл асты деген уақытта,  
алтыншы жылдың он бесінші мартта сөйленген сөз. Сөйлеуші-  
Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Семей облысының, Павлодар уездінің,  
Қызыл тау елінің қазағы.

Бір мың тоғыз жүз жылдан асты бесі,  
Бес түгіл көрді алтыны тірі кісі.  
Тиеді құлағыма еміс-еміс  
Октябрь он жетінші манифесі.

Отырмыз, міне, марттың он бесінде,  
Қазақтың дәнеңе жоқ тіпті есінде.  
Мархабат патшамыздан кеңдік бар деп,  
Сөйлеген бір сөз жоқ боп ел ішінде.

Талай ер күйіп жатыр негенменен,  
Дәнеңе жоқ бұған опық жегенменен.  
Манифест бар деп айтқан айтушыны  
Айта алмай ұстайды орыс дегенменен.

Орыстан біздің қазақ қойдай ықты,  
Манифест бар дегенді бүктеп тықты.  
Бар деушіні жазалы қылған жұмыс  
Әшкерә боп ғаламға қайдан шықты?!

Ғаламға патша күндей нұрын шашып,  
Халқына мархабатты мейірі тасып.  
Қазаққа бұл күнгеше есітгірмей,  
Аты бар, өзі жоқ қып қойды басып.

Түңілді естіген жұрт мұнан таза,  
Дәнеңе жоқ білмегенге, білгенге-аза!  
Манифест бар деушілер тұтқын болып,  
Кесілді еш себепсіз оған жаза.

Бар Құдай, бізге жарық таңыңды атыр,  
Болар ек, атса таңың, біз де батыр.  
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер  
Тұтқында, білесіз бе, неден жатыр?!

Мақал бар: "Халық сүйгенді тәңірі сүйді"  
Деп едік: "Бізге де бір дәурен тиді!"  
Патшаның мархабаты жұртына бар,  
Деп айтам деп шаһбаздар нақақ күйді.

Қазағым өнер ... ұрлық-зорлық  
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық?!  
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,  
Басыңа келген жоқ па талай қорлық?!

Жиылыс, дума деген хабар шықты,  
Қайратты ерлер барар оған мықты.  
Бас қамын, жан пайдасын ойлаңыздар,  
Тастасып партия мен араздықты.

Думада анық болды сайлау бары,  
Құны асар артылғанның сонда шары.  
Бәрі де бір ауызды болып жатыр,  
Оянып бізден басқа халықтың бәрі.

Бостандық болмақ болып әр руға,  
Бас қосты бір ауызды боп тұруға.  
Бір қазақтан басқа жұрт ыңғайланды  
Бірігіп өз жынысымен жұрт болуға.

Тауып ал тұман түспей тұстасыңды,  
Жолдас бол сынап алып қостасыңды.  
Баласы дін-мұсылман ұрандасып,  
Қосыл кісі санына, қос басыңды.

Партия болысуды қоймадың ба?!  
Бұл істен көбің басты жоймадың ба?!  
Телміріп өр есікке тентіреуден  
Жалығып, өмір бойы, тоймадың ба?

Ашылмай, басымыздан тұман басты,  
Сол үшін жол таба алмай жұрт адасты.  
Мың сегіз жүз сол алпыс тоғыздан соң  
Қор болып, болмадың ба аяқ асты?!

Даярлап күнде алдыңнан қақпан торын,  
Шыңырау ғып сексен құлаш қазған орын.  
Құранды-қор, молданы бордай қылып,  
Тырысты сөндіруге ислам нұрын.

Арзан боп Құран құны болып тиын,  
Бас қосар ғұламаға болмай жиын.  
Орысша тіл білгенді жұлдыз қылып,  
Жоқ қылды шарифаттың құрмет, сыйын.

Мешітті сылтау қылып жауып тастап,  
Сала алмай қазақ мешіт қайта бастап.  
Кітапты чиновниктер жинап алып,  
Жылаған күндер болды-ау көзді жастап.

Мешітті ас үй қылды, молда сасып,  
Көрген соң чиновникті құты қашып.  
Кітапты тиеп алып шанасына  
Астына сол к...інің алды басып.

Деп айтшы, кәне, өтірік, мұсылмандар,  
Паналар жер таппады-ау қысылғандар.  
Есіл аят, хадисті сөйткен шақта  
Денеде құр шықпаған қалды — ау жандар.

Тұл болды ерік алумен қыз бен қатын,  
Міне алмай өркім баптап бір-бір атын.  
Меншіктеп мекеніңді крестьян,  
Не дейміз, қорлық демей мұның атын?!

Байланып, қорыққандықтан жүрді тілім,  
Қазағым, қайран жұртым, халқым, елім.  
Мұжық кеп қара шекпен, крестьян  
Жеріңді қылмады ма тілім-тілім?!

Көгорай көк шалғыннан еріксіз айдап,  
Құлыныңды қор еттің шаңға байлап.  
Никан жала жабысып, басың кетіп,  
Жылап ең жағаңды ұстап: "Я, құдайлап!"

...Манифест, берді патша, басыңа ерік,  
Барып қал хұзырына тауып серік.  
Түсіңе үш ұйықтасаң, кірмейтұғын  
Сықылды табылатын асың жерік.

Басыңнан әрбір түрлі күндер өтті,  
Құр жылап екі көзге әлің жетті.  
Өзіңді өзіңменен ұстастырып,  
Тоздырып, иттей қор қып, быт-шыт етті.

Халық аң-таң әлі күнге басы қатып,  
Тұрғанын білген жан жоқ таңның атып.  
Көп болды: көз жасына қалған жандар  
Зерлі шекпен, медальға жұртын сатып.

Ингам[4] деп медаль, наград ала берді,  
Өз басы аман, жұртты отқа сала берді.  
Пайдасын үрім-бұтақ ойламады,  
Кебепте (Кибапте) кейінгілер қала берді.

Сөктелген тарыдай боп ақталыңдар,  
Бәйге алсаң бұл жарыстан, мақтаныңдар.  
Қулардан шекпен киіп, наград алған  
Мұсылман, мұнан былай сақтаныңдар.

Ер болсын уағдасын бұзбайтұғын,  
Алданып сый-құрметке қызбайтұғын.  
Пайдасын милләтінің[5] түгел ұстап,  
Жұрт қамын түптеп тартып қозғайтұғын.

Кеңшілік мемлекетке патша берді,  
Қарақшы бас қосуға қылды жерді.  
Тұқым-тұқым пайдасын ойлайтұғын  
Сенімді жіберіңдер бұған ерді.

Қылмаңдар жанжал, талас бұған іреу,  
Түзу ағаш болады үйге тіреу.  
Қазақтан сайланады депутатқа  
Теңдікке алса, екі жүз мыңнан біреу.

Бұл мәжіліс қызыл қия, шың болады.  
Ескі қалып, жап-жаңа тың болады.  
Семипалат, қазағы, облысының  
Алты жүз және сексен мың болады.

• Сайлауға, депутаттар, жиылыңдар,  
Дін, ғылым үшін ынтымақ қылысыңдар.  
Мұсылманнан қосуға санын көп қып,  
Тырымысып, талап қылып, тырысыңдар!

Құдайдың шын нансаңдар бірлігіне,  
Ерлердің күш қосыңдар ерлігіне.  
Сарт демей, ноғай демей, қазақ демей,  
Тілеу қыл дін мұсылман бірлігіне!

Сұраған мұсылман бар бізден бұрын,  
Қазан, Қырым, Орал мен Орынборым.  
Соңынан сол мұсылман сен де шұбал,  
Көбейтін, дін исламның көркейт нұрын.

Әр жұрттар қылған нұсқа баспасына,  
Қылуға ауыз бірлік бас-басына.  
Өзіңменен ыңғайлас жұртпен бірік,  
Пұл берсе, бұрма мойын басқасына.

Арызын былтыр айтқан түгел Қазан,  
Жер мен су, басқа азаттық, мешіт, азан.  
Тілегі, дәлелі мен толып жатыр,  
Қылайын қайсы бірін жарапазан.

Болып тұр мұсылманға Қазан басшы,  
Сен де соған жейтұғын асыңды асшы.  
Дін исламның бір болып ынтымағы  
Патшаның қол астында бір жарасшы.

Болатұғын мезгілің болды тірі,  
Басшың тұр аузы жеткен алдында ірі.  
Сол басшының соңынан ер бірісің (бірің),  
Есепті санды алтаудың болдың бірі.

Шықпасаң, басың қалсын балағанда,  
Жаның қалмас талай ит талағанда.  
Империяға қараған дін мұсылман,  
Алтыдан бір боп шығар санағанда.

Бұл бәйгеде талай ат шабылады,  
Ашылған арт неменен жабылады?  
Сенікіне муафиқ [6] тілегені,  
Айлас, мұңдас сол көптен табылады.

Тексерме, сірә, ешкімнің тек пен затын,  
Оқып көр программа қылған хатын.  
Өзіңменен тілеулес бір боп шықса,  
Таныс бол сол арада сұрап атын.

Бесінші, мың тоғыз жүз, жыл ішінде,  
Жұлдыздың август деген он бесінде.  
Бас қосқан мәкаржеде мұсылмандар  
Айтайын тұрған күнде мен де есімде.

Көп болар айырылатын ақыл-естен,  
Шыққан сөз көпке бірдей отыз тістен.  
Құлақпен естуменен бұлақ болдым,  
Болмаса туғаным жоқ оқып іштен.

Жиылған мәкаржеге мың сан кісі,  
Кем менен көптікке бар кімнің ісі?  
Ынтымақ, ауызбірлік қылу үшін,  
Бас қосқан мұсылманның білімдісі.

Кезгендер үйде отырып дүние жүзін,  
Жан-жаққа салған ашып көңіл көзін.  
Ұнатқан ғылым, білім иелері  
Жасаған программа Қазан сөзін.

Жігіттер, өнер алды- ғылым, білім,  
Деген бас жан бұрмасын ислам дінін.  
Жақсылар басын қосқан кеңес сөзін  
Шеберлеп келтіре алмай жатыр тілім.

Патшаның құзырына тартып қалам,  
Бас қосып өңшең жүйрік, білгіш адам.  
Дін мен жалғыз жер емес сұраулары  
Сұраған хұриятты тегіс тамам.

Һәм жұртта не білімді, бар ғой зерек,  
Зеректің күні туды болар керек.  
Атпақ мұсылманның ынтымағы  
Бір жерден шықса екен деп қылды тілек.



Екінші, ие болсын дін мен жерге,  
Тұрса да қай орында кіммен бірге.  
Құтылып таршылықтан, кеңіп тыныс  
Ісіміз басса екен деп біздің өрге.

Жұрт бағынып патшаға қараса деп,  
Халық ықыласы бек ұнап жараса деп.  
Нөке, талақ, мирастың дау-жанжалы  
Ғұламаның алдынан тараса деп.

Дін көркейіп, көзге бір көрінсе деп,  
Мұнан шалқып басқалар үйренсе деп.  
Шарифаттың тізгіні қолымызда  
Бостандық боп, қағусыз берілсе деп.

Ие болар табыншы бір табынға,  
Баға алмаса қалмай ма сол заманға.  
Имам болар кісіміз ішімізден  
Бармайтұғын болса деп экзаменға.

Дінімізді кемітіп қорламасын,  
Көзімізді бақырайтып ұрламасын.  
Баламызды билетсін өзімізге  
Оқытсын деп орысша зорламасын.

Кедергі талай бел бар жолымызда,  
Жұмыс біздің оң мөн солымызда.  
Мешіт пен медресенің ықтияры,  
Болса екен езіміздің қолымызда.

Салушы болса құлақ сөзімізге,  
Сөйлейтін келдік қой біз кезімізге.  
Бұрынғы ықтиярсыз қолдан кеткен  
Жер мен су қайтса екен деп өзімізге.

Қоялық өкінбей-ақ өткен күнге,  
Надандық, білместік пен көндік кімге.  
Шарифат низаммен қатарласып,  
Бірдей боп келсе екен деп теңбе-теңге.

Қараңыз бұлбұлдардың сайрасына,  
Бұлақтай, тастан аққан, қайнасына.  
Бас та азат, орын да азат, форым да азат,  
Еркімен жүрсе әркім деп пайдасына.

Азаттық, бәріне бар, дінде болса,  
Сөйлеймін мылжыңдамақ менде болса.  
Деуші жан: "Мұның қалай!?" - болмаса екен,  
Жиын-той әңгімеміз күнде болса!

Бас қоссақ екеу-үшеу, деуші еді: "Қой!"  
Қоймасаң деген сөз бар: "Ал, көзін жой!"  
Баста билік жоқтықтан тырп ете алмай,  
Өлгенге ас бере алмадық, туғанға- той.

Бір әріп қылдан тайып айтсаң өзге,  
Набақты (абақты) бұрылады даяр бізге.  
Өзіміз ие болсақ деп тіленген  
Сөйленіп, ауызымыздан, шыққан сөзге.

Публик [7] боп бұл манифест шашылса деп,  
Күн көзі бұлт жоқ боп ашылса деп.  
Кітабы мұсылманның жиған, терген  
Ерікті боп, цензорсыз басылса деп.

Тірілей тықпаса екен бізді көрге,  
Бас азат сұрасаң дәурен жұртпен бірге.  
Өзіміз ие болып отырсақ деп,  
Күнелтіп үй орнымен тұрған жерге.

Келеді жаңа босап кірісіміз,  
Өлдік қой оңға баспай бір ісіміз.  
Ғылым, білім, өнерге кірісуге  
Болса деп көппен бірдей жүрісіміз.

Шариғат ортамызда тұрса екен деп,  
Бір дүкен дін ислам боп құрса екен деп.  
Мешіт пен медресенің тексеруі-  
Құран кітап жөнімен болса екен деп.

Патша ойламас өз халқын оңбасын деп,  
Тынышталып, рақаттанып тұрмасын деп.  
Біздің мектеп, мешітке тілегіміз  
Көруші инспектор болмасын деп.

Ғылым бар дін исламда жете білген,  
Жоқтықтан ерік өзінде қор боп жүрген.  
Тізгіні шариғаттың қолға тисе,  
Тамаша қылар еді-ау бізді көрген.

Шариғат қылса үкім қандай қатты,  
Дер едік жарық сәуле, таң жаңа атты.  
Қолына көптен бері тимеген соң,  
Сағынды дін-мұсылман шариғатты.

Патшаға біз бағынып сұндық мойын,  
Халқына қылса күнде айт пен тойын.  
Әр түрлі өнерпаздар шығарса сөз,  
Ашуға тұнып жатқан халықтың ойын.

Алайық қуанғаннан бастан бөрік,  
Ғылым менен білімге әркім жерік.  
Осындай әркім барын көрсетуге  
Тоқтаусыз бостандық боп берілсе ерік.

Қазағы империяның - асыл затым,  
Өзімді танытады жазған хатым.  
Деушіге: "Мынау сөзің жарамайды!"  
"Қайтейін, барым осы, азаматым!"

Депутат сайланады білімді ерден,  
Талапты шығып жатыр өрбір жерден.  
Ауызға алынған жан көрінбейді,  
Кеңес қып мұндай сөзді біздің өрден.

Ужиршик бір-бір кісі болыс басы,  
Сол кісің болсын асыл жүзік қасы.  
Дін үшін жан кешетін ерлер болсын,  
Қызбайтын көрінсе де жерік асы.

Алдында алтын жатса, алмайтұғын,  
Жан-жағын, қу болмасын, жалмайтұғын.  
Өлген қоян терісін тұлып қылып,  
Тартқан шырға көрінсе бармайтұғын.

Алланың ақ жолымен жүретұғын,  
Ерік Аллада екенін білетұғын.  
Қызыл жел, жемтікшілді жібермеңдер  
Ит сықылды жетекке еретұғын.

Бір ниеттің қамы үшін бастаңыздар,  
Бұрынғы араздықты тастаңыздар.  
Сайлаңдар депутатқа кісі тауып,  
Айдалып, атылудан қашпаңыздар.

Дініңді кім қорласа, сол- өш -қасың,  
Қорлықтан ақпап па еді көзден жасың?!  
Үйде өлген мың шіріктің бірі болмай,  
Жұрт үшін арманың не кетсе басың?

Өз жұртын оңған бар ма жатқа сатқан?!  
Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан.  
Ойлайтын елдің қамын ерді жібер  
Жерінен суырып алып көрде жатқан.

Күдер үз тірімін деп жүрген жаннан  
Бір тілім, құны аса алмай, қара наннан.  
Білімді өліп көрде мың жыл жатса,  
Шықпайды сонда-дағы кісі саннан.

Әр тілді депутатың болсын білген,  
Бас қосқан мәжілістерге бұрын кірген.  
Қазағым, жұрт емессің тіпті бақсыз,  
Қолыңа сондай ерді Құдай берген.

Патшаны көрмесін деп қазақ барып,  
Жүрсін деп қолымызда болып ғаріп.  
Жол тауып бас білетін ерімізді  
Тірілей көмбеді ме көрге салып?!

Көрсетіп сол баяғы зорлық күшін,  
Қорлыққа көніп қазақ қалуы үшін.  
Айласы адастыру бірді-бірді,  
Болмаса іс қылған жоқ тауып ісін.

Ағайын: егіз туған ұрлық, зорлық,  
Зорлығы- ағасында, ініде-ұрлық.  
Бірі қойса, бірі де қояр еді,  
Тауып тұр, қоймағаннан, тегіс қорлық.

Зорлығын қоймай өзі, жаппай мінін,  
Ініге алғыза алмас аға тілін.  
Қасқырдай өз күшігін талаған жан  
Түзетіп тыныш ұстайды қалайша елін?!

Жыртылып, тарта берсе, кетер перде,  
Иманның билігі бар талапты ерде.  
Қорлықпен тірі болып жүргеннен де,  
Жатқандық жақсы емес пе өліп көрде?!

Кеңшілік болды уақыт жазғытұры,  
Қар кетіп, лай, балшық жер болды құры (құр).  
Құтырған ит аспанға қарап үргенменен,  
Кеми ме ай мен күннің онан нұры?!

Болындар көтермеші жарысқанға,  
Дұшпанмен жағаласып алысқанға.  
Бір тиын онан құны кемімейді,  
Салғанмен қанша кісен арыстанға?!

Жолыңнан сыбағалы құр (құры) қалма,  
Жақсыны аты естілген естен салма.  
Халық -жұртының қамы үшін қайрат қылып,  
Айдалып, атылсаң да, арман бар ма?!

Түскен жоқ олжа болып шабындыдан,  
Ұсталды деумен: "Кеңдік табылдыдан".  
Жұрт үшін жорықта өлсе, арманы не?  
Өлмей ме жаман да үйде қағындыдан?!

Алысып өмір бойы жалғанменен,  
Шындыққа бір жете алмай, арманменен,  
Ақырда бір жарыққа айналады,  
Зынданға, қарая ма, салғанменен?!

Бір туар тірі болса күн мен айы,  
Болысар анық аққа бір құдайы.  
Зындан жаман жер емес ақ кісіге  
Жақып ұлы Жүсіптің жатқан жайы[8].

Құл қылып бауырлары сатпады ма?  
Зынданда он екі жыл жатпады ма?  
Мысырға ақырында патша болып,  
Жарқырап таңдай болып атпады ма?

Басы сол: кінәсы жоқ, аққа күйген,  
Көз жасын жылаган соң тәңірім иген.  
Сол Құдай-бәрімізге бірдей Құдай  
Дәурен деп, білсең керек, бізге тиген.

Дүниеқорда құлақ пен көз болмайды,  
Есі бүтін кісіде сөз болмайды.  
Барды, жоқты сөйлейді жынды шатып,  
Түзу ағаш әр қайда тез болмайды.

Ар жағынан келген соң судай ағып,  
Тұра алмайды ақындар ауыз бағып.  
Көрсөқырлар танымай тез екенін:  
"Қисық қой!" - деп, қор қылар отқа жағып.

Бар болсам да дүниеде, болдым жоқтай,  
Сөйлейтұғын сөзімнен тоқтай-тоқтай.  
Өзі қисық болса да, тез ағашы  
Талай қисық ағашты қылады оқтай.

Осы күнде көп болды оқып білген,  
Дүние болып, мақсаты, жиған-терген.  
Қайда тойса қарыны, сонда тоқтап,  
Егіншінің өгізі болып жүрген.

Демейміз біз ондайды тіпті білген,  
Хайуан көп тамақ асырап күнін көрген.  
Ойлаған халықтың қамын білімді сол:  
Қамы үшін ел-жұртының отқа кірген.

Жұртына білгенінен тисе пайда,  
Ойлайтын халық пайдасын әр бір жайда.  
Халық үшін жаннан кешкен шаһбаздарға  
Қылатын жанын құрбан ерлер қайда?!

Жан кешпей көрген бар ма мақсат алып,  
Көбелек түседі отқа тұрған жанып.  
Жаннан жан аяулы емес, ойласайшы,  
Не қылмақ онан аяп алып қалып?!

Ағады күндіз-түні көзден жасым,  
Түйіліп тамағымнан ішкен асым.  
Қажеті аз тіріліктің өз басыма,  
Кісіге керек қылған, міне, басым!

Көре алмай жарық сәуле, таңды көзім,  
Қартайдым қараңғылық тұманда өзім.  
Өткен күн, жасаған жас,- бәрі аман бол!  
Артымда бес-алты ауыз қалсын сөзім!

Асқынды болып жара жауырларым,  
Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым.  
Бірлік қыл, басыңды қос, пайдаңды ойла,  
Қазағым, қайран халқым, бауырларым!

Халық қылып атандырды бізді қазақ,  
Іргелі көп жұрт емес, өзі де аз-ақ.  
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,  
Барасың көрінгенге болып мазақ.

Орынсыз мал шашасың сасқаныңнан,  
Қасқырға қарай үркіп, қашқаныңнан.  
Құдайдың жақсылығын көтере алмай,  
Кез болдың да бір асып, тасқаныңнан.



Береке, кетпес пейіл асында тұр,  
Үлгі алсаң, үйретуші қасында тұр.  
Далаға білмей өзін қаңғырасың,  
Құдайдың жақсылығы басында тұр.

Сенде тұр жылқы мен қой, сиыр, түйе,  
Бұлақтай саулап тұрған сүтті бие.  
Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,  
Басыңа малың менен әркім ие.

Айырылдым дәл он бесте ақыл-естен,  
Жабьсып бір дауасыз ауру төстен.  
Көпеев Мәшһүр-Жүсіп ғайыр мәфиқ  
Жасының үш жылы асты тоғыз "бестен" [9].

## II Өлендері

### Жарты нан

Айтатын құран сөзін молда қайда[1]?  
Дүние үшін ойлағаны амал, хайла.  
Айтайын бұрынғының нақыл сөзін  
Қайырдан аз да болса көрген пайда.

Дүние өтер бәйге атындай желіп шауып,  
Шөп шығар тақыр жерге жаңбыр жауып.  
Бір жаяу[2] жолаушы боп келе жатып,  
Бір сандық жарқыраған алды тауып.

Қуанды алтын ғой деп көрген заман,  
Ұмтылды алайын деп соған таман.  
Жалтырап жатқаннан соң қолына алды:  
"Кез болды жоқ жерден- деп-қайдан маған?!"

Сандықтың, ала сала, ауызын ашты,  
Сап-сары көрді ішінде алтын тасты.  
"Жоқ жерден берді ғой-деп-құдай маған[3]!"  
Шаттанып қуанғаннан[4] судай тасты.

Қуанып ол сандыққа салды қолды,  
Қолына алып еді, жылан болды.  
Бір сәтте өсіп кетті айдаһардай,  
Таппады құтылуға қашар жолды.

Жылан айтты:

-Сен қайдан душарластың?

Жай жатқан сандық едім, ауызымды аштың.  
Тірілттің мені қозғап қолыңа алып,  
Құйрығын жатқан жылан өзің бастың.

Қолыңа алдың ойлап нені?-дейді,  
-Осынша әуре қылып мені!- дейді.  
Ауызға ашылған соң қорек керек,  
Жұтамын енді амалсыз сені,- дейді.

-Мекенім еді менің сандық іші,  
Жоламай кетуші еді милы кісі.  
Тынбайтын қолға алғанның басын жұтпай,  
Құдайдың бұл әзелден жазулы ісі.

Кез қылды сені құдай маңдайыма,  
Бұйрықты болғаннан соң таңдайыма.  
Сен менен құтыламын деп ойласаң,  
Сыйғызып бұрынғыдай сал жайыма.

Бекітіп бұрынғыдай ауызымды жап,  
Боламын өсе берсем мен күһі қап.  
Енді сені жұтудан басқа ісім жоқ,  
Кәнеки, болысатын кісінді тап!

Қайралып шықыр-шықыр азу тісі,  
Қарасы көрінбейді таудан кіші.  
Әлсіреп, сасып адам тұрғанында,  
Көріңді көз ішінде отыз кісі.

Қуанды берді ғой деп құдай жәрдем [жардам],  
Табылды бір отыз жан жоқтан, бардан.  
Жалынды байғұс жаяу алдын тосып:  
-Құтқар,- деп,-мен сорлыны айдаһардан!

Мән-жайын бастан-аяқ көрді байқап,  
Айдаһар жолатпайды бәрін жайқап.  
Бәрі де көп тұра алмай кете барды:  
"Болмас, болмас!"- десті де, басын шайқап.

-Келеді қалай жұтсам, саған шамам,  
Бастырман аяғыңды жалғыз қадам!  
-Деп ақырып айдаһар тұрғанында,  
Кез болды құдай айдап бір бес адам.

Жалынып оларға да жылап бақты,  
Зар тұтып, басындағы мұңын шақты.  
-Бұған бір амал-хайла табыңдар!-деп,  
Қарасып бір-біріне иек қақты.

Бірі айтты:

- Бұл айдаһар, емес кіші,  
Жиылса, бүтін дүние жетпес[5] күші.  
Бесеуміз бұған айла, не табамыз?  
Біз түгіл түк қылмапты отыз кісі.

Келмейді саған лаж [ғылаж] қолымыздан,  
Алмайды, берсек, ат пен тонымыздан!-  
Олар да аяңдасып [6] кете барды:  
-Өзіміз қалмайық,- деп,-жолымыздан!

Айдаһар ақырумен жақын келді,  
Өлерін сорлы жаяу анық білді.  
"Кеттім ғой су түбіне!"- деп тұрғанда,  
Селтеңдеп бір жарты адам шыға келді.

Басына бір қиын іс түскен шағы,  
Тынбайды жалынудан тіл мен жағы.  
"Тал қармар суға кеткен"- дегендейін,  
Жалынды жан хайласы оған-дағы.

Жарты адам ыңғайланып тұра қалған,  
Сөзіне мұның айтқан құлақ салған:  
-Айдаһар, айтқаныңның бәрі өтірік,  
Нанбаймын мен орынсыз сөзге жалған!

Қыспаққа бұл сорлыны алып тұрсың,  
Сен қалайша өтірікке нанып тұрсың?  
"Ішінде көздей сандық жатып ем",- деп,  
Жоқ жерден бір пәлені салып тұрсың!

Ынсапқа қарасайшы есің жиып,  
Өтіріктен ау жасап, бұрыш қиып.  
Көрінген мынау тұрған денеңменен  
Жатасың сен сандыққа қалай сыйып?

Нандырдың талай жанды таңырқатып,  
Өтірігің болды әшкере, таңдай атып.  
Сөзіңді әуел маған рас қылшы,  
Сандықты қылдың мекен, қалай жатып?

Жұлқынды, айдаһарды ашу қысты,  
Жұлындай түтін болып аспанға ұшты.  
Түтіннен ұшқын болып [7] көзге түсіп,  
Сандыққа ұшып келіп қайта түсті.

Ойда жоқ жерден ойлап амал тапты,  
Сандыққа айдаһарды сүйтіп сапты.  
-Бәрекедді, айтқаның рас екен!- деп,  
Сандықтың, тарс еткізіп, аузын жапты.

-Құтылдың халас,- дейді,- мұнан аман,  
Бұл өзі малғұн еді сондай жаман.  
Маңына енді қайтып жолай көрме,  
Қарасын анадайдан көрген заман.

- Жүрегім менің қорқып, дүрсілдейді,  
Сен не еткен тайсалмайтын ерсің?!- дейді.  
-Пері мен періштенің бірісің бе?  
Жөніңді айт, жаным, жарты кісім?!-дейді.

-Ақымақ, ақылың жоқ сенің өзің,  
Осыған жетпей тұр ма әлі көзің?!  
Не дейсің, бұл айдаһар, дәнеме емес,  
Аузыңнан абайсызда шыққан сөзің.

Жамандық алтындай боп түсер көзге,  
Қызықты нәрсе жоқ боп онан өзге.  
Аузыңнан бір жаман сөз шығып кетсе[8],  
Қаларсың әр орында жанжал сөзге.

Жамандық қайдан туар, тілден туар,  
Әркім де ғақыл болса, тілін буар.  
Шығарсаң бір жаман сөз сен аузыңнан,  
Артыңнан айдаһар боп сені қуар.

Оразаң отыз күнгі- отыз кісің,  
Бес кісі- бес намазың, білемісің.  
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,  
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.

Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,  
Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.  
Танып қой, танымасаң, мен боламын,  
Дүниеде қылған қайыр- жарты наның!

Шықпаған, сараңдықтан, бүтін- қолдан,  
Қалмас ең болса бүтін, мұнша жолдан.  
Дүниеде қылған қайыр ықсаныңыз,  
"Тар жер[9], тайғақ кешуде" пана болған.

Бозбала, бір көрерсің өлім бетін,  
Тіл алсаң, өлім бетін көрмей, күтін.  
Өлімнен күні бұрын күтінбесең,  
Бұрқылдап әр тесіктен шығар түтін.

Жиылса бір араға тамам түтін,  
Түтіннің не болатын көрдің бетін.  
Қайыр, ықсан, сауапты,- жарты қылмай,  
Қыла гөр күні бұрын соны бүтін.

Жеміссіз, құр қақайған болма терек,  
Басқаға, бір отыннан, неге керек?  
"Ал хасанат из ныбын алсиат"- деп,  
Мағынасын бұл аяттың білсең керек.

*1880 ж.*

## Аңқау адам туралы

Иесі білер сырын мінген аттың,  
Көз жетпес қулығына адамзаттың.  
Іш пысып еріккенде күлмек үшін,  
Айтайын әңгімесін аңқау сарттың.

Ертемен сарт үйінен шықты дейді,  
Бар екен бір есегі мықты дейді:  
-Өзімнен кетіп дәрмен шаршағанша,  
Есегім, мінбен саған!- депті дейді.

Есегін сарт бейшара жетелепті,  
Арасын тау мен тастың төтелепті.  
Жолменен жалғыз қаңғып келе жатып,  
Қуларға кез болыпты өңшең епті.

Адамда ақыл, айла көп-ті дейді,  
Әр түрлі білер қулар, епті дейді.  
-Аңқиган, ақылы аз, ақымақ сарттың  
Ұрлайық, кел, есегін!-депті дейді.

-Жол үсті, түссек жаман көзге,- дейді,  
-Мал жоқ па алсақ мұнан өзге?- дейді.

Жұп-жуан аяқ-қолы дығырдай сарт  
Есегін ұрлата ма бізге? - дейді.

Бірі айтты:

-Мен ол сартқа барамын,- деп,  
-Есегін барсам, ұрлап аламын!-деп.  
-Еріп жүр меніменен, көр қызықты,  
Ойлама: "Қолға түсіп қаламын!"-деп.

Аяңдап сарт бейшара жолмен жүрді,  
Екі ұры- бұ да жаяу, соңына ерді.  
Бұлармен артындағы жұмысы жоқ,  
Ыңылдап ашула айтып жүре берді.

Ұрының сонда жетіп бірі барды,  
Есектің басындағы ноқтаны алды.  
Киді де, өз басына кете барды.  
Сол жерде есекті алып, бірі қалды.

Ұрының есекті алып бірі қалды,  
Біреуі еріп сартпен кете барды.  
"Есегім жетегімде келеді!"- деп,  
Деп қиял, көрместен, сарт ойына алды.

Бұл ұры есекті алған қалды кетіп,  
Қарасы көрінбейтін жерге жетіп.  
Есек әбден орнықты-ау деген кезде,  
Тартынып тұра қалды кекең етіп.

Дүниеде болсаң жақсы, ат қалады,  
Ұстадан -тат, молдадан хат қалады.  
-Арам өлгір, немеге жүрмейсің?!- деп,  
Ажырайып, артына сарт жалт қарады.

Қараса сарт артына, есегі жоқ,  
Есегін мінбесе де, көңіліне тоқ.



Қолында ноқталаулы бір адам тұр,  
Орнында есегінің есектей боп.

Сонда сарт аң-таң қалды ауызын ашып,  
Болғанға есегі адам жаман сасып:  
-Сен өзің неменесің, жөніңді айтшы,  
Кез болып, маған қайдан болдың несіп?!

-Мен сенің есегіңмін еріп жүрген,  
Екенім менің есек, әркім көрген.  
Біреуден біреу алып саудаласып,  
Өтумен қолдан-қолға саған келген.

Мен өзім дәл өзіңдей адам едім,  
Шешемді көп ренжіткен надан едім.  
Жұмсаса, тілін алмай қарсыластым,  
Дарақы бейпіл ауыз жаман едім.

Бір күні шешемменен қарсыластым,  
Бетне жерден алып, топырақ шаштым.  
Қарғады сонда мені: "Есек бол!"-деп,  
Қарғыстан осындайға душарластым[1].

Есек боп, амал бар ма, жүре бердім,  
Бейнетке неше түрлі көне бердім.  
Тәубе қып, бір Құдайға көп жалынып,  
Көңілді, шешемді ойлап бөле бердім.

Аяды шешем мені ойына алып:  
"Балам,-деп,-азап тартып, жүр ғой налып!"  
"Оңал-деп,-адам болып!"- тілек қылды,  
Мінеки, болдым адам енді оңалып!

Мұны естіп сарт бейшара кетті шошып,  
Адырайып екі көзі, зәресі ұшып.

Есегің қолындағы адам шықса,  
Мал түгіл кетерсің сен жаннан кешіп.

Үйіне сарт сол жерден кетті қайтып,  
Қоржынын ол-пұл нәрсе үстіне артып.  
Сөйледі бастан-аяқ қатынына,  
Әңгіме бастан өткен кебін айтып.

Қатын айтты:

- Ей, байғұс, неткен жансың?!  
Білмеген неге мұны мұсылмансың?!  
Мойныңда қанша сенің ақысы бар,  
Есек деп талай оны қинағансың!

Қой сойып, құрмалдық бер бұған,-дейді,  
-Көп бейнет тарттырғансың оған,- дейді.  
Есектен айырылғаны есінде жоқ,  
Қатын да өз білгенін ездi дейді[2].

Өйтті, бүйтті, әйтеуір есек кетті,  
Қой сойып, құрмалдық деп, әуре етті.  
Есек жоқ ермек қылар сарт байғұсқа,  
Отырумен үйде босқа өмірі өтті.

Бір күні қатыны айтты:

-Базар бар!-деп,  
-Бір тәуір, жөні түзу есек ал!- деп.  
-Сарт болған соң, есексіз жөні келмес,  
Басқаны ол есектен бақпа мал деп.

Тұрды да, сарт басына сәлде салды,  
Тастамай нашагасын[3] қолына алды.  
Үш жерден орамалмен белін байлап,  
Бір есек алайын деп базар барды.

Базарға бұрын сарт барып жүрген,  
Нәрсесін керек-жарақ алып жүрген.

Есегін әнеу күнгі көрді дейді,  
Сатуға жорғалатып салып жүрген.

Есегін көргеннен соң білді танып,  
Қасына жақындапты жуық барып.  
Сыбырлап құлағына айтты дейді:  
-Пәлеге тұтылдың ба тағы қалып?!

Іштің бе үйге барып арақ? -дейді.  
-Болыпсың тағы мұндай харап,- дейді.  
-Алам деп тағы сені әуре болсам,  
Қалармын дат деп бір күн қарап,- дейді.

-Сен, есек, көп жолама маған!-дейді,  
-Ренжіттің неге анаңды, надан?!-дейді.  
-Кетуің адам болып саған оңай,  
Өлсем дә, жоламайын саған!-дейді.

Үйіне, айтып соны, қайтып кетті,  
Аяңдап кеш болғанда зорға жетті.  
Солар да бір қатынға ие болып,  
Әйтеуір бұл жалғаннан өмір өтті.

Ұқпасқа айтқан сөзім кетер ағып,  
Талайды қан қақсатқан тілім шағып.  
Базарға бір ешкіні сарт айдады,  
Мойнына ешкісінің қоңырау тағып.

Және бір есегі бар жетектеген,  
Ежелден сарт қой сорды етектеген.  
Табаны талқыдай боп жалаң аяқ,  
Мініп ап есегіне тепектеген.

Жүрмеді жалғыз ешкі айдауына,  
Сорының енді қара, қайнауына.

Ешкінің мойнында бар ұзын жібі  
Есектің құйрығына байлауына.

Есекке ешкі тіркеп байлап алды,  
Екеуін көп жүретін жолға салды.  
Алдына екеуінің өзі түсіп,  
Аяндап ашула айтып кете барды.

Біреуі-адам,біреуі- малдың қоры,  
Сарт пенен арылған ба есек соры?!  
Жолменен жалғыз қаңғып бара жатса,  
Кез болды жол үстінде бір үш ұры.

Бірі айтты:

- Мен бұл сартқа барам, - дейді.  
-Ешкісін ұрлап мұның алам, - дейді.  
-Бұл сартты аман-есен қоя беріп,  
Не қылып тірі болып қалам?!- дейді.

-Жарайды, сен ешкіні ал, барып, - дейді.  
-Алуың ебін тапсаң, анық, -дейді.  
-Сен ешкісін бойыңа сіңірген соң,  
Қалайын мен есегін алып!-дейді.

Бірі айтты:

- Кетті бұ сөз ұнап, - дейді,  
-Барады сарттың несі қурап?-дейді.  
-Ешкісін есегімен сендер алсаң,  
Алайын мен киімін тонап!-дейді.

Үш ұры осылайша сөз байласты,  
Бір сартты тонап алу болып қасты.  
Білдірмей арт жағынан бұғып барып,  
Біреуі ешкісіне жақындасты.

Ешкінің мойнындағы қоңырауды алды,  
Есектің құйрығына байлай салды.

Қоңырау дауысы естілсе, бәрі түгел,  
Сөйтіп ұры ешкіні алып қалды.

Жоғалып ешкіні алған кетті көзден,  
Құлақтың құрышы қанар мұндай сөзден.  
Алуға енді есекті бірі ойлады:  
"Осы аман кетеді,- деп-не ғып бізден?"

Бұ жолда сарттан бөтен еш кісі жоқ,  
Дауысы бар, қоңырауының, көңіліне тоқ.  
Қараса бір мезгілде сарт артына,  
Есекке тіркеп алған ешкісі жоқ.

-Бұ жануар қайда кетті, қашып?-дейді,  
Иа шөлдеп, на исе қарыны ашып?-дейді.  
-Кешікпей, келсе керек хайуан өзі  
Қоңырауын кеткен екен асып,-дейді.

Ұрының сонда жетіп бірі келді.  
-Ешкі, сен, көрдің бе?-сұрайды енді.  
-Бір ұры алып қашып бара жатыр,  
Ішіне мына бақтың жаңа кірді.

-Жерде ме жететұғын жақын?-дейді,  
-Есекті мен келгенше, баққын!- дейді.  
-Бітта пұл, екі-нім шарик, бірінжі бұғдай[4],  
Беремін, байлап тұрған ақың,- дейді.

"Ұрыны, ешкі алған, келдім көріп",-  
Деген соң сарт асығып кетті жүріп.  
Есекті алып, зып беріп бұл жөнелді,  
Сарт нанды өтірікке, құдай ұрып.

Ешкі мен есек шығып кетті қолдан,  
Ер азығы ақымақ пен бейнетқордан.

"Киімді алам" деуші алдын тосып,  
Салар судың бойынан түсті жолдан.

Сарт байғұс олай шапты, бұлай шапты,  
Алқынып, алғаны сол тырлап қапты.  
Ешкі онда, есек мұнда тып-типыл боп,  
Адаспай өзі келіп жолды тапты.

Ұрғанын құдай әбден білді дейді,  
-Есекке ешкі тіркемен, енді!-дейді.  
Мерзімді су алдынан оқтай ұшырап,  
Салар судың бойына келді дейді.

Таусылмастай сарт соры- мидай татыр,  
Аз болса, оған қосылсын тұзды шақыр.  
Екі көзі суда боп, етпетінен  
Қарсы алдында көлденең біреу жатыр.

Осынша аңқау сарт сорлы қайдан туды?  
-Талай көрген Жакеңмін сендей құды.  
Суға түсіп бірдемең жоғалды ма?  
Көзің тесіп барады аққан суды.

-Айтайын, сен сұрасаң, менің жайым,  
Құл едім қызмет қылып жүрген дайым.  
"Ертеңмен өрте тұрып, бір қап алтын  
Келтір!" - деп жарлық қылған сол қожайын.

Толтыра бір қап алтын салып едім,  
Ұйқыдан өлген сорлы кәріп (ғаріп) едім!  
Келгенде осы арықтың жағасына,  
Кішкене ұйықтап, тыныштық алып едім.

Түбіме жүрген жанмын ұйқым жетіп,  
Көремін байдың бетін енді не етіп?

Біле алмай не қыларым отырғаным,  
Қабымен суға алтыным түсіп кетіп.

Жириенбей кім түседі суға салқын,  
Айтамын саған ғана сөздің салтын.  
Қабымды судан алып берген жанға  
Бір уыс берер едім қызыл алтын.

Сол жерде сарт ойлады әртүрлі ой:  
"Алтынға ешкі түгіл алармын қой!  
Ешкі мен есегімнің төлеуі үшін,  
Құдайдың маған қосқан жылуы ғой!"

Суым ғой күнде өзімнің түсіп жүрген,  
Басы мен аяғынан кешіп жүрген.  
Барсын деп үйге ұялмай абыроймен,  
Құдайдың олжасы ғой маған берген!"

Жұлқынды киімінің бәрін шешіп,  
Уыс алтын алам деп, көңілі өсіп.  
-Қолдай ғөр иа, ер Хобби сұлтаным,-деп,  
Күмп беріп, аққан суға кетті түсіп.

Түбіне сүңгіп судың барды жетіп,  
Алтынды алам ғой деп үміт етіп.  
Бұл суда азаптанып жүрген шақта,  
Киімін жинап алып кетті жытып.

Салбырап[5] бір мезгілде судан шықты,  
Киім мен кісі түгіл шайтан жоқ-ты!  
Ақымаққа адам, сірә, күлер емес,  
Өмірінде қарға жемес мұндай боқты.

Ешкі мен есек бірге мана кетті,  
Қосылып оған киім және кетті.

Біреуді үйтіп, біреуді бүйтіп алдап,  
Құдайым әрбір жанды тентіретті.

Мырзалық жұрттан асқан Ноғайда бар,  
Шошқаның не қабаны тоғайда бар.  
Қайсарлық қайыспайтын әр жайда бар,  
Қас сорлы, іздей қалсаң, со қайда бар?!

*1878-1880 ж.*

## Кедейліктің арқаны

Балалар, жалқау болма, шабан тартып,  
Ілгері ұмтыла бас, күн-күн артып.  
Арқаны кедейліктің- еріншектік,  
Желкеңнен жібермейді мықтап тартып.

Қайрат қыл, жалқаулықтың жібін үзіп,  
Көрген жан түңілмесін күдер үзіп.  
Бойыңа жалқаулықты үйір қылсаң,  
Жүресің көрінгенге көзің сүзіп.

Мал көзде, ертеңді-кеш ұйқыңды бөл,  
Кім жұмсаса ұшып жүр, қайтарма тіл.  
Басы білгіш, елгезекке кедейлік жоқ,  
Кежірлік- кедейліктің ордасы, біл.

Мал көзде: ертеңді-кеш ұйқыңды ашып,  
Ой бөлінсе, кетеді ұйқы қашып.  
Ілгері баспайтынды ертеңді-кеш  
Орнынан тұрғызбайды ұйқы басып.

Кер кеткенге болады кедейлік өш,  
Бір еңсеріп әкетсе, бермейді күш.  
Аяғың мен қолыңды жіпсіз байлап,  
Ұйқы үстіңнен басады ертеңді-кеш.



Пайда болар бір мінез сасық бектік,  
Ар жағында жоқтықтан асыл тектік.  
Қояншықтай бір ауру ұстамалы  
Кернеп кетер өн бойын еріншектік.

Шын жақсының ойында болмас кегі,  
Тіпті ойында болмайды зат пен тегі.  
Ішіп-жейтін асынан құр қалдырар,  
Қырық қаңтару-кедейдің еріншегі.

Жұмсағанда, тіл алып, ұшып жүрсең!  
Аз ішіп, аз ғана жеп, ұйқы бөлсең!  
Көздей тесік болады саған көлдей,  
Сүп-сүйкімді боласың, шықсаң, кірсең.

Боқ ұстасаң, қолыңа жұғып қалмас,  
Сыйлы қылар басыңды іске тармас(тырмыс).  
Жігітлікте іс қылсаң жаннан кешін,  
Төр алдында отырып, жерсің жамбас.

Өш боларсың ұйқымен, болса санаң,  
Кедейлікпен жағалас, келсе шамаң!  
Ұйқы мен жалқаулықты үйден қусаң,  
Ешкімге көз сүзбейді қатын, балаң.

Безерленер кедейлік белдеу ұстап,  
Бас салар еріншекті ұйқы қостап.  
"Құдай салды, мен көндім" - дегеннен соң,  
Сенен қолын үзбейді, жайлап, қыстап.

Күн бұрын бекітіп бақ келер жолын,  
Үйіңнің белдеуінен ажырат қолын.  
Үйіңе кедейлікті бір түнетсең,  
Бермейді ел көшкенде жұрттың соңын.

Қашаған, ұстатпайтын, қылады атын,  
Жек көрінішті қылады жуық, жатын.  
Кедейлік кет десең де, кете қалмас,  
Кез болса, маңдайыңа жаман қатын.

Кедей болар кер кеткен, ұйқысы мол,  
Сайрап келіп тұрады үш қара жол.  
Кедейліктің бір үлкен жерік асы-  
Жаман қатын бар үйден үзбейді қол!

Ергенексіз, жақтаусыз болады есік,  
Ортақ ішер тамағын ит пен күшік.  
Қазанының қақпағы жыртық келіп,  
Құманының (Шайнегінің) қақпағы болар тесік.

Аурудай сыпырылмас үйдің іші,  
Бітпей жатар қысы-жаз пішулі ісі.  
Шашылған боқ есіктен төрге барар,  
Орын таппас отырар келген кісі.

Төсек-орнын жинамас, ұстар шашып,  
Алды-алдына өр нәрсе жатар қашып.  
Есік-төрі үйінің бірдей болып,  
Жалғыз-жарым көрпесі (келер) сасық.

Күнде-күнде айран боп сауылған сүт,  
Бір күнгі ұйытқан айраны болып іркіт.  
Төгіп, шашып, бояйды босағасын (керегесін),  
Отырғандай қысы-жаз асырап бүркіт.

Жалғыз-жарым терісін күйе тесіп,  
"Қайтейін, құдай салды!" - деп, жіп шуда есіп.  
Қысқы қызыл, жазғы ағын тез тауысып,  
Өзінен де иттері артық ішіп.

Жақсы қатын бойынан табылмас мін,  
Түтіндей боп[1] бықсыған өтеді күн.  
Орны-орнымен ұқсатып ұстай алмай,  
Түте-түте әр жерде жатады жүн.

Ас-суын ұстай алмас басын құрап,  
Долданып өз-өзінен, жыламсырап!  
Бар да болса, күні боп жоқтан жаман,  
Көрінгеннен бажылдап жіп, су сұрап.

Жанға ұрттатпай, тауысып үйдегі асын,  
Көп сөйлеумен қатырар байдың басын.  
Кіршіксіз қып ұстайтын қатын қайда,  
Байы түгіл, баласының үсті-басын[2]?!

Қаңғырып әрбір үйде қылар кеңес,  
Таусылмайды ұзақ күн мылжың егес.  
Десе де: "Қайда жүрсің?", үндемейді,  
Байының айтқан сөзі дәнеме емес.

От жақса, бу мен түтін тұмаңдатқан,  
Ас қылса, жалыңдатар, құдай атқан!  
Қи, тезек ыдысымен араласып,  
Домалап от басында құман жатқан.

Орамал кір боп жатар он бес батпан,  
Бырқырап[3] түске дейін ұйықтап жатқан.  
Асының бар дәмдісін өзі ішіп,  
Семіртіп әр мүшесін жуаңдатқан.

Кір болып өне бойы сегіз батпан,  
Ұйқысы хайуанға ұқсап арам қатқан.  
Шуылдап қозы, бұзау қорада тұр,  
Ертеден кешке дейін ұлып жатқан[4].

Кірін жумай қолының, асқа тығып,  
Майлы күйе бетіне таңба жұғып.  
Қоқым, қоқыр, шөп-шар жоқ құр(ы) қалған,  
Жабағыны қарынға май деп тығып.

Сөз айтса, дәл қолсырнай, тақылдайды,  
Өз сөзін, құрғұр, өзі мақұлдайды.  
Кеңеске қалжың, мылжың тым-ақ ұста,  
Суырдың айғырындай шақылдайды.

Жөн сөзді айта білмес, ақылдасып,  
Ыржаң- қылжаң өнері сықақ, машық.  
Сыр-сымбат, өн бойында, өнеге жоқ,  
Әдеп, ар кем, ұятсыз, надан, пасық.

Өкшесі етігінің мыжырайып,  
Сүйреткен шанадай ғып сүйреп басып.  
Дастарқан, ыдыс-аяқ, - күйе-күйе,  
Кір мен шаң, қоқыр, қоқым, - түгел басып.

Ләззат жоқ, бабы да жоқ, дәмі де жоқ,  
Құрысын істегені төгіп, шашып.  
Көңілім тамақ ішіп тоймақ түгіл,  
Сол үйден әрең шықтым қадам басып.

Жырақ жүр мұндайлардан алыс қашып,  
Маңына жақын барма қадам басып[5].  
Иіс, қоңыс, бу, түтін толып үйге  
Отырсаң, шыдай алмай мұрның басып.  
Жаманға жаман лайық бола берер,  
Құдай-ау, ер жігітке қылма несіп!

Деген күнің солқылдақ, көк шыбық жас,  
Жаңғырыға келесің көтеріп бас.  
Қор болмайын жалғанда деп ойласаң,  
Кедейліктен сақтанып күн бұрын қаш.

Не болсаң да, боларың әуел баста,  
Кежірлікті керексіз қылып таста.  
Жауқаулықпен жағалас, шамаң келсе,  
Үйір болмай ұйқы мен ішер асқа.

*1885 жыл.*

## Жаздың сөзі

Сәуірде көтерілер рахмат туы,  
Көрінер көк жүзінде (иүзінде) қаз бен қуы.  
Көктен жаңбыр (иаңбыр), жыралардан (жерлерден)  
сулар ағып,  
Жайылар (иаилар) жер жүзіне қардың суы.

Жұмақтың (ұжмақтың) бір сәулесі жерге түсіп,  
Өсірер (өстірер) жерден шөпті нұрдың буы.  
Жақындар (иақындар) Құдайымның көктен күні,  
Теңелер (тиңайлар) жарлығымен күн мен түні.

Аспаннан рахматымен (ирахматыман) жібергенде,  
Қуанып қыбырлайды еніс-жіні (нисі-жині).  
Ұйқыдан көзін ашқан жас (иас) балаша,  
Жайқалып (иайқалып) шыға келер жердің гүлі.

Шапақтан шынығар күн мұнарланып,  
Жаңбырлы (иаңбырлы) күн түседі тұмаңданып.  
Адамзат нұрдың исін судан жұтар (иұтар),  
Шөл тарқатқан айуанша құмарланып.  
Жетпеген үлкендікке жас балалар,  
Жүгірер үйден-үйге жұмарланып (иұмарланып).

Сәуірдің әрбір күні- дертке дәрмен,  
Құдайым зарман етіп, етер пәрмен..  
Бір малы шаруаның екеу болып,  
Қыстаудан ел көшіп алуан-алуан.

Келісіп, құшақтасып, әзіл етер,  
Қатын-қыз көш жөнелтіп, кейін қалған.

Сәуірде алуан-алуан жауар нөсер,  
Нөсердің қуатымен жер(дің) шөбі өсер.  
Көгорай дүние жүзі шалғын болып,  
Адамзат, жын, хайуан баурын төсер.  
Жұмақтың бір сәулесі жерге түсіп,  
Жұмақтан қош иісті (иіслі) желдер есер.

Жүгірер киік, құлан ор мен (орман) қырға,  
Қуанып ықыласымен келген жылға.  
Алыстан сағымданған мұнарлары,  
Шақырып, тұрар күліп: "Кел-деп-мұнда!"  
Көл бұзылып, қуанып, қойнын ашса,  
Қаңқылдап қуанады қарға, тырна.

Кеш болса, Күн қонады таудан асып,  
Шапақтан қызыл алтын нұрын шашып.  
Аһ ұрып шүкірлікпен(шүкірлікман) құшақтасар,  
Рақатпен кеш уақытта неше ғашық.

Боз үйден дәл таңертең күйеу шығар,  
Артында қалар жары (иары) амандасып.  
Құдайға шүкір қылар жас пен кәрі:  
"Бердің- деп,- жанға рақат, имамласып."

Адамзат, жын-хайуан, құрт-құмырсқа,  
Зарлықпен бір тәңірге айтар зары.  
Қырда- орман, жер жүзінде бәйшешектер,  
Шуылдап, шүкір етер оның (аның) бәрі.

Алланың не бергенін білер бәрі,  
Іздейді шүкірлік қып бар шахзары.  
Мақұлық, тау мен тас, шөп пен ағаш,  
Білгізген баршасына Біреу бары.

*1885-1888 ж.*

## Жігіт назы

Жастықтың заманы өтгі жалдайтұғын,  
Өмірдің уақыты жетті алдайтұғын.  
Көз салып, көңіл қалап (қалып), тауды алып,  
Баяғы күй[ің] бар ма таңдайтұғын?!

Қолға алып, жүрек (иүрек) танып, өрнек салып,  
Бишіктен сегіз өрім талдайтұғын.  
Дәм танып, ғашығың жанып сүйіп,  
Сағызды шелегімен балдайтұғын!

Жоғалып бізден қалып, қайда барып,  
Ұзақ түн әзіл-ойын қанбайтұғын!  
Су шалып, өшіп қалып, бықсып жанып,  
Бір отқа душар болдық жанбайтұғын!

Тұрса-шы буынға (бойға) ырғалып, қолын салып,  
Қандай жан ақыл-естен танбайтұғын?!  
Бұл қалыптан құр қалып, назаланып,  
Күншілдер, жамандар (иамандар) көп шамдайтұғын!

Бойды көріп, көре алмай, шәу-шәу үріп,  
Қаншық иттей түн бойы талмайтұғын!  
Ежелден құны бардай өшіп-өліп,  
Артыңнан сонша несі қалмайтұғын?!

Күн батар кешке таман таудан асып,  
Шапақтан қызыл алтын нұры тасып.  
Ақшамның қараңғылық мезгілінде  
Қосылар екі ғашық асып-сасып.

Күн батар кешке таман мұнарланып,  
Ойнайды екі ғашық құмарланып.  
Ақ үйдің оң жағында жатар ма еді  
Бүркіттей түлкі алған жұмарланып?!

Боз үйден күйеу шығар қадам басып,  
Алдынан қалыңдығы есік ашып:  
"Келгенше енді айналып, кім бар, кім жоқ,  
Қалқатай, тілінді бер, аузыңды ашып!"

## Наурыз тілегі

Біреуім екеу болып, мал қосылды,  
Қорама жүз-жүз лақ, қозы толды.  
Ызғарлы, қыс-зымыстан, суық кетіп,  
Аспаннан күн күлімдеп, шырай[қонды] енді.

Ұзамай қар да кетер, жаз да болар,  
Сай-сала күрілдесіп, суға толар!  
Бөленіп жер жеміске, мың құлпырып,  
Шалғынға көкорайлы ауыл қонар.

Жаз исі бүгін келді, жан жайланды,  
Кешегі көрген бейнет артта қалды.  
Өмірге жаңа жолдар ашатұғын  
Жаңа жыл- бүгінгі күн- жаздың алды.

-Қатын тұр, көжеңді ішіп, асыңды сал!  
Келейін түске шейін мен жайып мал!  
Жаңа жыл- шілде күні- өмір басы,  
Тойынсын бүгінгі күн жас балалар!

Бас қосқан: шаддар, жастар бөлек-бөлек,  
Қамдаған үй қожасы мейрамды елеп.  
Шараны шайқалдырып алып салды  
Шаддардан енді бұған бата керек!

-Ақсақал, "илай-аумин"- батаңды бер,  
Көгерсін көкірегінде ең кіші ел!  
Бір малын келер жылға екеу қылып,  
Кәсіпке жұмылмаған қалмасын ер!



Береке күннен — күнге таса берсін,  
Кедейдің үстемдігі аса берсін!  
Құдайдың не бергені қайырлы боп,  
Ел өрлеп, ілгері аяқ баса берсін!

## Анама хат

Алланың біз сыйындық панасына,  
Баянтау бара қалсаң қаласына.  
Сәлемді жолыққаның көп айтыңыз:  
Мәшһүрдің көріп (ғарыб) болған анасына!

Талпынған дінге Мәшһүр іштен туа[1],  
Сол кеткен атасының жолын қуа.  
Шар кардан[2] ғайып болып жиһан кезген,  
Біз пақыр баласына қылсын дұға!

Дүниеде көп жүргенмен, келмен жүзге,  
Жақсылық берер ме екен құдай бізге!  
Әрқашан дуасынан[3]тастамасын  
Сөзім жоқ айтатұғын онан өзге!

Түзелген дін жолына[4] менің бетім,  
Жүргізген осылайша Құдіретім!  
“Сәлемді қайта-қайта айтты!”- деңіз:  
Балалар- қалған бізден тірі жетім.

Тапсырдым бір Құдайға мен басымды,  
Өткіздім кәріптікпен дер жасымды!  
Қаңғырып жапан түзге шығып кеттім,  
“Бір Алла[5] көрер ме-деп-көз жасымды!”

Ешбір жан бұл сырымды сезбей қалған,  
Балалар кемеліне келмей қалған.  
Арманда балаларға дұға деңіз[6]  
Қызығын атасының көрмей қалған!

Бір сапар талап ойлап шықтым мен жол,  
Жалғанда өліп кетсем, арманым мол!  
Тірі боп, көремін бе, көрмеймін бе,  
Құлболды, қайран жұртым, хош-аман бол!

Мәшһүрдің дүр төгілер таңдайынан,  
Пендені Хақ жарылқар қандайынан?!  
Жар-досқа-есіне алған- бізден сәлем  
Сипасын жетімдердің маңдайынан!

Сөзім жоқ айтатұғын мұнан басқа,  
Келгенде, не бітірдің, мұнша жасқа?!  
Жар-досқа есіне алған дұғай сәлем  
Айтайын қайсы бірін басқа-басқа!

Жазушы осы сөзді- Мәшһүр-Жүсіп,  
Әр түрлі бара жатыр күйге түсіп.  
Айыпқа бұйырмаңыз, оқыған жан,  
Барамын тоқтай алмай, көңіл көшіп!

*1888 ж.*

## Иса Шорманұлы

Аман ба, Сүйіндіктің айналасы?!  
Әр жерде ауыр болды қыс шамасы.  
- Аз ғана қажылардан сөз қозға!-деп,  
Қаржастың ортаға алды кәрі-жасы.

Тыңдарлық болса құлақ, сөз анасы,  
Мәшһүрден тарайтұғын сөз сарасы.  
Шолпаны, ұйтқысы еді Сүйіндіктің  
Шорманның, Иса мырза, бел баласы.

Көп қажы Сүйіндіктен былтыр кеткен,  
Мекке мен Мәдинеге барып жеткен.

Туған жанның бәріне бір өлмек бар,  
Адамның арманы не сол жерде өткен?!

Өзіне түгел болып дүние жалған,  
Жолдасын ақыреттік қасына алған.  
Қызық-құрмет, мал-жанды керек қылмай,  
Дүниені, өлмей тұрып, талақ салған.

Жолдасы Шөкіұлы Сәтбай ер-ді,  
Жарасып тел қозыдай бірге жүрді.  
Он бес пен жиырма беске бермей кетті  
Жетпіс жеті жас пенен сексен бірді.

Малғозы-Алтыбасар және ерген,  
Қостас боп, Қозған-Бұқа бірге жүрген.  
Ер басына бір-бірден күтуші алып,  
Дүниені төгіп-шанып, қызық көрген.

Басшы боп Мұхаммеджан қожа кеткен,  
Тілеуі бір он жолдасы қасына ерткен.  
Кісі екен айырылмайтын шарапатлы  
Топырақ сонан болып, үміт еткен.

Бас болып, қасқа жайсаң елден кетті,  
Құдай мен пайғамбарға түзеп бетті.  
Ақшамен құстай ұшып қалтадағы  
Жайларға көңіліне алған аман жетті.

-Бас қосып тамам қажы жүрдік,-дейді.  
-Көрмеген көп тамаша көрдік,- дейді.  
-Омбыда оразаның айтын оқып,  
"Тәуекел!"-деп, пароходқа міндік!-дейді.

Қазаны откеменің бұрқ-бұрқ қайнап,  
Ту тігіп, неше жерден жалау байлап.

Шыққан соң Стамбулдан сегіз күнде  
Иамбухқа түстік барып "Иа, Құдай!"-лап.

-Бұл дүние бәрімізден өтер!-дейді,  
Өлмей тұрып өкшенді көтер!-дейді.  
-Шаһарын Стамбулдың көрмеген жан:  
"Дүниеге келдім деуі-бекер!"-дейді.

Шыққан жоқ ешбір шығын, есен-аман,  
Бас қосып жүрдік көп боп:жақсы-жаман.  
Сәтекең Исакеңмен бірге жүрген  
Дүние-ай, енді қайда ондай заман?!

Медине күннен түні жарық жанған,  
Тұтылып күннің көзі тозақ шаңнан.  
Ішінде екі патша төресі бар  
Қапила Мақпал-Шәріф келді Шамнан.

Медине толып кетті іші-тысы,  
Он екі ай жаз өмірінде, жоқ-ты қысы.  
Еш титтей арманы жоқ бұл жалғанда  
Өткізіп бәрін бастан, көрген кісі!

Мирасы пайғамбардың Мақпал-Шәріф,  
Бесігін Фатиманың бірге салып.  
Түріктің патшасы-Уәли, Ашшам,  
Екеуін келеді екен бірге салып.

Түйенің бесік артқан формы басқа,  
Жібек пен толған үсті асыл тасқа.  
Шаһарға түйе боздап кіреді екен,  
Көздері мөлт-мөлт толып қанлы жасқа.

Келгенде даруазаға шөге қалып,  
Жас ағып көзден, басын жерге салып.

Еңбектеп тізесімен жер бауырлап,  
Кішілік әдеппенен кірер барып.

Мойнын созып, бөксесін кейін тастап,  
Ұмтылып, босағаға басын жастап.  
Көзінен аққан жасын көрген жанлар  
Ес қалмай жылайды екен, көзін жастап.

Шам жұрты зиаратын тамам етті,  
Тұрды ма, басымыздан, о да кетті?!  
Жиылып тамам қажы ыңғайланды,  
Баруға Байтоллаға түзеп бетті.

Қайтпай жүр бұл жалғаннан біздің тауан,  
Бастас боп: ноғай, қазақ, сарт пен сауан.  
Кісілер тәрбиелі минетұғын  
Ол жақта болады екен тақтырауан.

-Жомарт ердің иманы судай тасқан,  
Намарттың мұндай жерде құты қашқан.  
Түйеге тақтырауан мінеді екен,  
Ол топта иығы басып, бақыты асқан.

Исекем талап қылып мінбек болды,  
Өзгеден артылтуға үшбу жолды.  
Төрт түйе жабдығымен түгел алып,  
Қолма-қол жеті жүз сом берді пұлды.

Жаратқан, ғашық болып, Иесіне,  
Ат, айғыр, арманы жоқ, биесіне.  
Көрді деп мал қызығын- соны айтыңыз,  
Мінген соң тақтырауан түйесіне.

Өзгелерге түйе жоқ, екеу ара,  
Бас-басына түйе жоқ дара-дара.

Бір басына төрт түйе жалдап алып,  
Көп жаннан озып шықты жеке қара.

Төрт жағында төрт жаяу жалаң аяқ,  
Әр жаяудың қолында бір-бір таяқ.  
Бір аспазшы, бір қосшы-күтуші алып,  
Шашып төкті ақшаны аямай-ақ.

Қонған, түскен жерінде даяр шатыр,  
Мұндай бір күн қырық, отыз жылға татыр!  
"Қазақтың ханы екен!"-деп, жұрт айтысып,  
Мединеден Меккеге келе жатыр.

Байлықпен баршасына жетіп күші,  
Он бестегі өңіне келіп түсі.  
Исекем Мақпал Шәріф ол Уахишам,  
Сол топта көзге түскен үш-ақ кісі.

-Шам, Шәріфтің әскері бізбен жүрді,  
Үш патша болып, шаһарға бірге кірді.  
Бәдәуидің керуені ол да келді,  
Даңғыр-дүңгір думан қып жүрген жерді.

Өткіздік талай күнді біздер бастан,  
Есімде жоқ, айтуға, тастамастан.  
Өзімізден айрылған жолдастардан  
Үш-ақ кісі қалыпты он жолдастан.

Жарастықты сәулет пен жүрген жері,  
Болып жүрді сол топта үштің бірі.  
Мұнан артық, бозбала, не табасың,  
Жалғанда жүргенменен жүз жыл тірі?!

Әрқайсысына әр жерде қаза жетіп,  
Өлшеулі, жол үстінде демі бітіп.

Меккеге екі қонақ қалған жерде  
Сәтекең "Забғыл"- деген нәзірілде өтіп.

Іш ауру көп қажыны киіп кетіп,  
Ішкені ащы су боп, ыстық өтіп.  
Бишара Алтыбасар жығылыпты  
Жаннатіл Мұғаллаға келіп жетіп.

-Таусылып жолдасымыз түгел бітіп,  
Қалжырап, өзімізден дәрмен кетіп.  
Ақырып бәдәуиге күж-күж етіп,  
Бишара Қозған-Бұқа келді жетіп.

Сәтекең қаза жетіп жолда қалған,  
Пайғамбар "Үмбетім!"-деп, қолқа салған.  
Көре алмай қалғанына көп өкінді:  
"Не қылып, не етіп!?"-деп, көп қылды арман.

-Той еді күнде жүзін көргенім! — деп,  
-Жарасып тел қозыдай жүргенім!-деп.  
Көре алмай қалғанына кеп өкінді:  
-Құрысын тақтырауан мінгенім!-деп.

-Махаббат екі жақтан табылысқан,  
Жоқ еді татулықтан жаңылысқан!  
Кісідей бірге туған жақын еді,  
Қан төсеніп, қағанақ жамылысқан!

"Бір жерде болмадық!"-деп, қылдық арман,  
Бас қосып бес-алтауымыз енді қалған.  
Жүз алпыстан-үш жүз жиырмаға-  
Исекең бір құл, бір күң сатып алған.

Тұрған соң күші келіп, еркі жетіп,  
Бұ дүние, уа, дариға, естен кетіп.

Қуантып шатландырды байғұстарды  
Күңдік пенен құлдықтан азат етіп.

Міне, осы-Исекеңнің қылған ісі,  
Қылған жоқ мұнан бұрын басқа кісі.  
Есен-сау Арафатта түскеннен соң,  
Дерт тиіп, түсі қашып, ауырды іші.

- Әр түрлі тірлікте күйге түстік,  
Қозғалып көп қажымен бірге көштік.  
Қайтуға енді Арқаға даярланып,  
Жидахи Мүбәракке келіп түстік.

Зиарат екі шәріф қылып тамам,  
Бет қойып енді ел-жұртқа бастық қадам.  
Исекең бұрынғыдан шабан тартып:  
-Жүруге келмес енді-деді- шамам!

Шамасы келмеген соң, тілін алдық,  
Төсегін, тынышландырып, жайлап салдық.  
Білуге Исекеңнің халін байқап,  
Бөлініп көп қажыдан кейін қалдық.

Ауруы басым болған соң, халі кетті,  
Таусылып сегіз күнде демі бітті.  
Кеудеден жан шыққанша, тіл байланбай,  
Өзіменен өзі айтып, солайша өтті.

Байлықпен алмады ма жұмақ сатып,  
Жұрт көзіне бір түсті таңдай атып.  
Жидахи Мүбәракте мадпұн болып,  
Қасында анасының қалды жатып.

Дәулет құс қонып тұрған басында еді,  
Жылы-ит: жетпіс жеті жасында еді.



Тіріге-кепіл, өліге ту болатын  
Қожасы түнейтұғын қасында еді.

Басшы боп Мұхаммеджан қожа кеткен,  
Тілеулі он жодасы қасына ерткен.  
Қырғын көк қырып-жойып аман келді,  
Жасынан бас мүжумен күні өткен.

Биылғы, жыл ұмытты, өткен жұтты,  
Айрылып отбасынан өңшең құтты.  
Отбасынан бір жанды қалдырмаған  
Қалайшадан қожекең жолы құтты.

Жаз өтіп, қыркүйекте, болады күз,  
Жақсыға осындайда ереді сөз.  
Ауылында Әкімбектің душарласып,  
Қажыға Мұхаммеджан жолықтым кез.

Осы сөзді қожаға, өзіне айттым,  
Сырттан айтпай, туралап, көзіне айттым.  
Мұсылманбек әзіл қып айтқан екен,  
Мен де сондай бұл жерде өзіне айттым.

Өкінішім жоқ олардың қалғанына,  
Өздері әбден жеткен соң арманына.  
"Менің дұғам,-деп айтты-ақыреттік,  
Көп тілеулес емеспін жалғанына!"

Іздеп барған мақсаттан құр қалмастай,  
Менің дұғам оларға ақ алмастай,  
Шек-қарынын аршыдым тап-таза қып,  
Дүниеге қайтып келіп, былғанбастай!

Ойлап па ек: "Көреміз-деп,- біз бұл елді?!"  
Шыбын жан шықпаған соң, дене келді.

Артынан Исекеңнің көп кешікпей,  
Бейшара Қозған-Бұқа сол жерде өлді.

Екеуін тынышландырып, жайлап салып,  
Аманат қанша қалған пұлын алып.  
Бір-екі қалған- құтқан баламенен  
Мінеки, өлмеген соң келдік салып.

Баласы Шорман бидің Иса мырза,  
Жайылған Мәшһүр аты ойға-қырға.  
Жақсының өзі өлсе, аты өлмейді,  
Ісіне Исекеңнің болдым риза!

*1902 жылы.*

## Нәпсіңді атқа мінгізбе

Қалмады ойлай-ойлай басымда ми,  
Оянып, көзіңді ашып, есіңді жи.  
Ағыздым мен бір бұлақ көзін тауып,  
Мес қылып құлағыңды толғанша құй.

Ойлайды: "Өлмей, көп жас жасайын!"-деп,  
Заладан ойламайды қашайын деп.  
Әркім жеткен жерінде сенделіп жүр,  
Ілгері ойламайды басайын деп.

Базарға келіп едің ат терлетіп,  
Бос жүрсің әр нәрсені тамаша етіп.  
Сен бүйтіп далбаса боп босқа жүрсең,  
Жұрт тарқап, сауда бітіп, қалар кетіп.

Жаслықта ұмтылып бақ ілгері өтіп,  
Жұмысың жабдықтансын ерте бітіп.  
Қолыңа қармағанмен түк түспейді,  
Қалған соң жастық қуат бойдан кетіп.

Ұғып ал құлағыңа айтқан сөзді,  
Басқа (сыра), сірә[1], жіберме келген кезді.  
Кісің тауып жолдас бол аз өмірге,  
Ойлама кісі екен деп өнерсізді (һөнерсізді)!

Фибрат ал атқан таң мен батқан түннен,  
Шықпассың, адам болсаң, айтқан жөннен.  
Басыңа қайғы келсе, қапа болма,  
Тарылып, назаланып шықпа діннен!

Болмайды түн күндізсіз, күндіз- түнсіз,  
"Ай кірсіз", - деген сөз бар, - Құдай-мінсіз!"  
Шаттық пенен қапалық кезек нәрсе,  
Бірінен соң бірі бар артық- кемсіз.

Түзу бас, тура жолдан теріс те аспа,  
Өнерсіз надандармен араласпа!  
Бір істен пайда көрмей, залал тартсаң,  
Бой бағып екіншілей аяқ баспа!

Жатады су түбінде шын асыл тас,  
Тұрмайды дәнемеге зор қара тас.  
Түк білмей өзін-өзі: "Білімдімін!" -  
Деп жүрген ақымақтардан лағып қаш.

Өзіңді, есің болса, өзің ая,  
Іске ұрын болатұғын жанға сая.  
Қолыңнан келмес іске әуре болсаң,  
Еңбегің қанша қылған кетер зая.

Пайдасыз керек қылма құр "сіз-бізді",  
Артық біл: "Мың сіз-бізден бір шыж- мыжды!"  
Туралық әркімге ащы тиер, тынышсыз,  
Сонда да болып үйрен тура сөзді.

Тіл алсаң, қол қысқартып, тіл ұзартпа,  
Ауыр жүк асқар таудай мойныңа артпа!  
Дұшпан біліп қоймасын сырды десең,  
Жан күйер досыңа да сырыңды айтпа!

Үлкенді-үлкен, кішіні кіші біліп,  
Жүргейсің мүсәпiрдi көзіңе іліп!  
Өзіңнен дәрежесі артық жанмен,  
Орынсыз тайталаспа, сөзге келіп.

Ғылым біл, жұмыс істе, - оған серік,  
Жарлыға мал, бұл ғылым- байға[2]көрік!  
Ғылым,білім, өнерсіз, қадiрсізді,  
Өлік біл, оны жан деп білме тірік!

Кендікпен өтсін десең, ерте-кешің,  
Бір іске жұртқа ұнайтын сарып қыл күшің!  
Өнермен жұрт аузына ілініп бақ,  
Ұнамды охотникке[3] болсын ісің.

Жүрерсің жайлы болсаң, жұртпен тату,  
Жұмсақ боп, жұғымды бол, болма қату!  
Өзіңді өзің қайғысыз қылам десең,  
Пайдасыз қылмағайсың алу-сату.

Жаманның міндеті көп дәмін татып,  
Шатылып жүрмегейсің басың қатып.  
һәмматсыз, намірд асын жеп тойғаннан,  
Бетімен өлген жақсы аштан қатып!

Орынсыз жындылық қып, күлмегейсің,  
Көңіліңді, дүние көріп, бөлмегейсің.  
Мың түрлі жақсы мінез көрсең-дағы,  
Кісіге сыналмаған сенбегейсің!

Кетірме тілемсек боп бастың сыйын,  
Дүниені олжа көріп бірер тиын.  
Өзіңнен төменгіге мұқтаж болсаң,  
Нәрсе жоқ бұл жалғанда онан қиын!

Кеңесін сөз білгендер ұзатыпты,  
Қамқадан бедері жоқ - бөз артық-ты!  
Болғанмен, пасық болса, кішіпейіл,  
Сопыдан менменсіген көп артық-ты!

Орынсыз өршеленбе, адырайып,  
Орынға, қолың жетпес, құлаш жайып.  
"Білем!" -деп, айтып қалып, біле алмасаң,  
Зор ұят, бойыңа мін, өзіңе айып.

Не пайда, күш жоқ болса, нарлығыңнан,  
Пайда жоқ, кең болмасаң, тарлығыңнан!  
Көрінбеген нәрсені аламын деп,  
Айырылма қолыңдағы барлығыңнан!

Біреудің бір адамға түссе ісі,  
Келерлік сол жұмысқа болса күші.  
Қолынан келер іске болыспаса,  
Болмайды онан асар жаман кісі!

Сөйлессе бетпе-бетке ойнап-күліп,  
Өсектеп кетсе сырттан бір сөзге іліп.  
"Күле кіріп, күңірене шыққан!" - жаман,  
Тұрғайсың мұнафиқ [4] деп, әбден біліп.

Бостан бос бір іс қылмай бекер тұрма,  
Біліп қыл, бір іс[5] қылсаң: теріс пе, оң ба?  
Біреуді дүние әдепке үйретпесе,  
Оны үйретіп түзеуге әуре болма!

Ойланып бұ жалғанға көз салмаса,  
Жақсы (иақшы) менен жаманнан үлгі алмаса.  
Оны үйретіп оң жолға салу қиын,  
Құдай өзі түзетіп, оңғарамаса!

Түзелер қисық ағаш құрған тезбен,  
Жара оңалар, тастаса орап бөзбен.  
Ақымақты түзету қиын болар,  
Насиқат, көркем айтқан жақсы сөзбен.

Көп жаман, қорған болмас, жинауменен,  
Түзелмес ақылсыз жан сыйлауменен.  
Сый-құрметпен түзелмей кеткен жаман,  
Түзелер қорлықпенен, қинауменен!

Үлгі үйрен жолдас болып нұсқалыға,  
Көзің сал сөзді сөзге қосқанына.  
Наданның өз басына қылған ісін  
Қылмайды ақылды адам дұшпанына!

Адалдың айырмассың адалдығын,  
Көрмесең бір жаманның арамдығын.  
Мақтаулы жұрт алдында болам десең,  
Біреудің ауызға алма жамандығын!

Дос, жолдас қылам десең қауым, көпті,  
Бойыңа үйір қылма өкпе, кекті!  
Жамандыққа жақсылық мінез қылып,  
Бола бер бәріне де ыңғайлы, епті.

Бір қадам аяғыңды теріс баспа,  
Керек қып өтірік сөзді, құлаққа аспа!  
Бейнетін бұ жалғанның іздесемең,  
Ісіне басқалардың араласпа!

Жастықта біздің бастан бәрі кешті,  
Ақыл-ой түс ауған соң жаңа түсті.  
Жынды деп жұрт айтпасын мен десем,  
Көп кума бекер шаршап болмас істі!

Қарайла, шамаң келсе, жолдасыңа,  
Жолдасың еріп жүрсе өз қасыңа.  
"Абыройым төгілмесін!" - деп ойласаң,  
Ұяттан қолшатыр қып ал басыңа!

Мол болса жақсы ашиды қымыз қоры,  
Көгорай көк майсада жазғытұры.  
Сыналмаған сырғалаң бозға бола,  
Айырылып қалма атыңнан сырлас торы!

Зор ұрма бір ісіңе қыла алмаған,  
Түзелмес әуел бастан оңалмаған.  
Жалғанда алданбайын деп ойласаң,  
Жұмыспен әуре болма сыналмаған.

Бір сөзді шығарады бір сөз түртіп,  
Ағыздым алтын қылып, мен мысты ертіп.  
Өз пердем жыртылмасын деп ойласаң,  
Әрқайда сөз сөйлеме перде жыртып.

Әр түрлі қылып пікір, ойла сана,  
Ғылым, білім іздесең, болдың дана[6].  
"Жұрт артымнан күлмесін!" - деп ойласаң,  
Аяғыңның астына жақсы қара!

Шайтанның, шамаң келсе, сындыр белін,  
Ол иттің керек қылма:жауын, елін.  
Бір іске өкінбейін деп ойласаң,  
Нәпсіңнің достық айтқан алма тілін.

Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мінгізбей бақ,  
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.  
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,  
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ!

Нәпсінің кім құтылар хайласынан?  
Залалы асып кетер пайдасынан.  
"Білімді, зерек адам болам!" - десең,  
Қара өзіңді басқаның айнасынан!

Көзің сал басқаларға: жақсы, жаман,  
Ұнай ма қылып жүрген ісі саған?  
Көңілге ұнамаса қылған ісі,  
Бір қадам сен де соған баспа табан.

Егер де ісі жақсы, болса ұнамды,  
Талап қып зор жаһатпен бас қадамды!  
Айна қыл өзіңді-өзің түзетуге,  
Бұ жүрген жақсы, жаман көп адамды.

Не пайда маңдайдағы екі көзден,  
Салмақта, ақылыңды қылып безбен.  
Айтыпты Лұқпан әкім өсиет қып:  
"Мен білім үйрендім, -деп, - білімсізден!"

Өнерге өзіңді-өзің ерте баулы,  
Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы.  
Қауіп-қатерсіз, қайғысыз болам десең,  
Араз боп еш адаммен болма даулы!

Кетпесін жақсы әңгіме тіл мен жақта,  
Алтын сырға боп жүрсін әр құлақта.  
Қадірлі, халыққа сыйлы болам десең,  
Қадірлеп жан біткенді жақсы сақта!



Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,  
Өзіңнің өз бойыңда болсын көзің!  
Сөзіммен халқым амал (ғамал) қылсын десең,  
Амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің!

Байғыздай өзіңді-өзің жұрттан қашыр,  
Ішінді аш қып, үніңді таудан асыр.  
Түгел адам болуға талап қылсаң,  
Шала-шарпы жандардан сырың жасыр!

Ойласаң боламын деп халқыңа бас,  
Қарасын аузыма деп кәрі мен жас.  
Қойың сой, қымыз сапыр, қайнат шайды,  
Жай-дағы дастарқанды, қазаныңды ас!

Жиылар маса, шыбын бал мен қантқа,  
Ас, тамақ болады арқау адамзатқа.  
Дастарқан мен қазанға мырза болсаң,  
Тегіс жақсы сен болдың, жуық-жатқа!

Қадірлі болам десең қарындасқа,  
Дуа жоқ бас айналар мұнан басқа.  
Сүйкімді біткен[7], жұртқа, болам десең,  
Ешкімнен дүние сұрап аузыңды ашпа!

Біреуден, соң берем деп, борыш алма,  
Басыңды байлауда қып, кілтке салма.  
Кісіден дүние алғаның- құл болғаның,  
Кіріптар өз-өзіңнен болып қалма!

Жұртқа бер өз көңіліңе жарағанды,  
Ас деп біл бойға сіңіп, тарағанды.  
Аймағым көп болсын деп талап етсең,  
Ренжітпе қол астыңа қарағанды!

Ас ішпе өз үйінде ұрлап қана,  
Жұмсама біреуді еріксіз зорлап қана.  
Қойшыдай қорғандық қып қойды баққан,  
Айырып ал залалдыдан қорғап қана!

Көзіңнің бір қарап қой ұшыменен,  
Сырты түгіл үйірілсін ішіменен.  
Кісілігі жоқ жанмен үйір болма,  
Жолдас болсаң, жолдас бол кісіменен!

Пайдасы көпке тисе, әне, кісі,  
Ұлғаяр өрге басып оның ісі.  
Бір құлқын тамағынан құны аспайтын,  
Жаман көп әлдеқандай көрінісі!

## Шежіре өлең

Қолыма: "Бисмилла!"-деп, алдым қалам,  
Екінші-Мейрам атаң, Арғын-бабаң.  
Келеді үшіншіде Қарақожа,  
Төртінші- Ақжол батыр, білсең тамам.

Бесінші атаң-Құтан бай, аты шыққан,  
Алтыншы- Қаракелімбет: дәулет жүкқан.  
Жетінші атаң- Жанарыс-Орта жүздің,  
Сегізіншісі- Қарақпар еркін ұтқан.

Тоғызыншысы- Айырқалпақ, білсең атын,  
Оныншы атаң- Сапиян- арғы затың.  
"Он бірінші- Майқы"- деп, және айтады,  
Он екіншісі- Жабалхан, жетсе датың.

Он үшінші атаң[ның][аты]- Алаш,  
Он төртінші-Аламаи, оған жалғас.  
Он бесінші- Айбура(Аққора) деп естиміз,  
Он алтыншы Сейіл ғой, етпе талас.

Атаңның он жетінші Мағаз заты,  
Он сегізінші-Жабалдан- туған заты.  
Он тоғызыншы-Әнестің дәл өзі екен,  
"Мәлік"- деп-жиырмасыншы жазған хаты.

### XXX

... Төрт арыс-Орта жүздің шын баласы,  
Арқаның толған елге сары даласы.  
Қарақожа бабамнан Арғын туып,  
Дәулетке сондай толған айналасы.

Онан соң Мейрам сопы бабам өткен,  
Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік пен.  
Бес бала Мейрам сопыдан туған екен,  
Қаракесек-анасы басқа тектен.

... Баласы Қуандықтың алтау болған,  
Тіпәлі, Темен, Алтай туған.  
"Арғын болсаң, Алтай бол!"- деген сөз бар,  
Енеден: Борыш, Қарпық-бөлек туған.

Келемін Сүйіндіктен бір-бір санап,  
Мәжік пен өткен бабам, ол-Шуманақ.  
Суғыншы, Оразкелді- бұл төртеуі  
Жаратқан Құлболдыны Құдай қалап.

Жанболды Құлболдыны көп ренжіткен,  
Жасы үлкен ағасы екен бұрын жеткен.  
"Жанболдыға жар кешу береді!"- деп,  
Лағып (ылағып) ақбоз атпен суға кеткен,

Тақ болып жеке туған Қаржас еді,  
Ақсүйек, алтын сандық алмас еді.  
Бақ қарап, қыдыр дарып, дуа қонған,  
Бабаңның-Оразкелді баласы еді.

Төлебай Сүйіндікте болып өткен,  
Шобалай мал мен басқа толып өткен.  
Қаржаста: Мырзағұлға дәулет қонып,  
Екі иінін Есен тентек жұлып өткен.

Қаржастан үш ұл туған, бірі-Бегім,  
Төрті (төресі) бар ма түгел көргендердің?!  
Шашылған Мәмбетәлі тұрсын былай,  
Баласын түгендейін Құлыкенің.

Үлкені Құлыкенің Үйімбай ма,  
Болмаған бекер адам бұ да жайға.  
Қасиетін атасының бізге бермес,  
Тастайық: Өтен, Баян, Жаулыбайға!

Бабамыз мұнан соңғы- тентек Телі,  
Тартқызған байлықпенен атпен желі.  
Мұнан туған Әлімбет, Анай бабам,  
Қаржастың дуа қонған асқар белі.

Құлыкенің бір неме[ре]сі жасында өткен,  
Қатыны сөзге ілінді жесірлікпен.  
Некесіз, даулы туған Талас еді,  
Айтады: "Анаймыз!" - деп, не себептен?!

Анайдан бесеу туды, ел көбейіп,  
Бақ қонды Мырзағұлға шырай қонып.  
Үлкені Нияз- "Шөмек"- ат байланған,  
Не қылам, айтып оны кіна қойып?!

Құдайқұл мен біреуі Қолбай еді,  
"Қойдай қоңыр"- жуастығы сондай еді.  
Бақ қарап, әрқайсысы мыңды айдады,  
Ежелден көтерілген талай еді.

Жәдігер- төртеуінің ең кенжесі,  
Бұлардан кем болған жоқ несібесі.  
Ерлікпен бұ жалғаннан беті қайтпай,  
Әркімге тиген екен көлеңкесі.

Құлболды тақсыр бабам әулие өткен,  
Айбол, Күлік, Тұлпар- бұдан біткен.  
Төртуыл: Қаракесек күңнен туып,  
Қозған, Қақсал-Бегендік, Шегендік пен.

... Күліктің ең үлкені- Тілеуімбет,  
Қайратты, қайсар екен, қайтпаған бет.  
Бір өзінен он алты ұл туып, өсіп,  
Соғысып көп қалмақпен болыпты мерт.

Он алты ұлдың он төртін қалмақ алған,  
Мен айтпаймын өтірік сөзді жалған.  
Бесім, Қойтан-екеуі қалып тірі,  
Мінеки, біз-солардан нәсіл қалған.

Ақжігіт-дәл Бесімнің өз баласы,  
Толықсып бірдей өскен мал мен басы.  
Санжасар, Мыңжасар мен, Жүзжасардың  
Туысқан Көпей, Мағрұп ұяласы.

Дүниеден кім қалады кетпей көшіп,  
Ойлаймысың уақытты жүрген тосып?!  
Солардың біз бір қалған жұрағаты,  
Көпеев- фамилиясы, Мәшһүр-Жүсіп.

*1903 ж.*

## Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлегені

Мәшһүрден келе жатыр өнер қайнап,  
Бұлбұлдай қапастағы тұрған сайрап.  
Самарқан, Бұқар, Ташкент- бәрін кезген,  
Жасында бір кем отыз Тәңірім айдап.

Жасында қойылған ат- Адам-Жүсіп,  
Жұрт кеткен сүйгенінен: “Мәшһүр”- десіп.  
Қолына қағаз, қалам алған шақта,  
Кетеді қара сөзге желдей есіп.

Мереке- жүрген жері болған жиын,  
Көп көрген жақсылардың құрмет сыйын.  
Аққан су арнасынан асып кетіп,  
Тұруы туған жерде болды қиын.

Сөйлеген қара сөзді жүндей түтіп,  
Жібектен құны артылып, кеткен өтіп.  
Дүниені биықтияр төпп-шашып,  
Біресе олай, біресе былай кетіп.

“Ешкімге жүрмейін- деп, көзім сүзіп”,  
Бір Құдайдан басқадан күдер үзіп.  
Құстай боп қапастағы қалғаннан соң,  
Шарыққа бір-ақ шығып, кеткен кезіп.

Белгісіз не болары ақыр соңы,  
Осы боп ендігі арман, қайғы- мұңы.  
Ағарып атқан таңдай түсер көзге,  
Кез болса маңдайына жұлдыз оңы.

Алатау, Қаратау мен кездім Шуды,  
Өз өнерім өзімді үйден қуды.

"Үйіңде сабыр қылып отырмастай,  
Басыңа дейсіздер ғой, - не күн туды?!"

Өзіме көрінемін өзім мінді,  
Кісендеп, бекітпедім неге тілді?!  
Жасырмай өз ойыма келген сөзді,  
Айтайын әңгіме қып сіздерге енді.

Әңгіме естісеңіз, міне, бізден,  
Адамға пәле-тілден, бейнет- көзден!  
Адамның адамшылық, артықтығы-  
Көрінер, түсіп көзге, сөйлер сөзден!

Кем де емес кейбір сөзім- жанған шоқтан,  
Әркімге ауыр тиер қалақ оқтан!  
Үшқан құс, жүгірген аң, жануарлар,-  
Атанды бәрі "хайуан"- тілі жоқтан.

Сөз осал бола қалды не қылғанда,  
Шақпақтай от шығады шағылғанда!  
Көңілдің дариясында- сөз- бір гауһар,  
Кісісі танып алар табылғанда!

Болмайды сөз болғанмен, бәрі тегіс,  
Келтірер иесіне кей сөз сөгіс!  
Бас қосқан мерекеде жақсы-жаман,  
Шешендер- мәуелі ағаш, сөз- бір жеміс!

Қылмасын бұған талас ешкім бізбен,  
Әркім-ақ байқап тұр ғой, көріп көзбен!  
Дүниенің дүние болып тұрғандығы-  
Әр нәрсе тауып орнын сөйлер сөзден!

Құдайдан сөздің асылы- келген-аят,  
Әуелден-ақырғаша бар хикаят:

"Бұ дүние- бір қараңғы тұман!" - дейді,  
Сонда сөз тірілтетін абыхиат.

Бұ сөзде ойламаңыз: "Бар-деп- жалған!"  
Аузыма сөздің шынын Аллаһ салған!  
Дегендей: "Жан семіре- жақсы сөзге!" -  
Көңілді — тірілтер сөз- өліп қалған!

Сөйлесең, шығанақтан топты жарып,  
Түсерсің көзге шамдай тұрған жанып!  
Қанғандай құлақ құршы, сөз сөйлесең,  
Сүйсінер тыңдағандар мейірі қанып.

"Меруерт, маржан- бәрі тас- сөйлер сөзге-  
Оның бар не керегі?!" — дейсің бізге.  
Жай жатса, бір домалақ тас есепті,  
Тізілсе қолға алынып, түсер көзге!

Қарайсың жақсы сөзге көзді сүзіп,  
Кейбір сөз елжіретіп кетеді езіп!  
Әр жерде бөлек-бөлек жүрген сөзді  
Түсірер жұрт көзіне, өлең тізіп!

Болғанмен орнасы(урнасы) жоқ- кей сөз-жалған,  
Ақындар өлең қылып, тіркеп алған.  
Бірден кеп төрт аяғы үйлескен [сөз болған] соң,  
Жақсылар жалған демей, құлақ салған.

Өлеңге мен жасымнан болдым ұста,  
Аузымнан шыға қалды-ау асығыста!  
Әркімдер әрбір түрлі өлең жазған:  
"Мәшһүрден мен астым,- деп,-осы тұста!"

Базарға жақсы-жаман жатыр барып,  
Ешкім жоқ- мәз-мейрам боп, жүрген жарып!



Жыр болған-жылқышыға, қойшыға-қор,  
Бұл күнде кім бар дейсің бізден кәріп (ғаріб)?!

Ешкімнен артық емен- менің өзім!  
Аяқ-қол- жұртпен бірдей құлақ- көзім.  
Қыдырдың қыдырғанда, басқанындай,  
Шашылып жұрт көзіне түскен сөзім !

### XXX

Жалғанда жеке қара озған жаман,  
Екі ұшты, бәйге алуы, оның аман!  
"Мен сонымен таласа шаптым!"-дейді-  
Жете алмай жер түбінде қалған шабан.

### XXX

Жүйрік ат мақтанады: "Бәйге алдым!" – деп,  
"Алдымен қарақшыға мен бардым!"- деп.  
Ел тарқап, ертең зорға келсе-дағы,  
Есек айтпас: "Шаба алмай, мен қалдым!" – деп.

### XXX

Аралап жүрген білер дүние жүзін,  
"Жаман,- деп,- есептемес ешкім өзін!"  
Күміс теңге- қалтада, көмір- қапта,  
Біреудің- тоқтата алмас біреу сөзін!

### XXX

Бір тамшы жаңбыр еді- әуел басы,  
Садафтың дариядағы болды асы.  
Көрінбей су түбінде жатуменен,  
Басқадан құны артылған дурдің тасы!

### XXX

Құйынмен- жерде жатқан шөп-шар ұшты,  
Әуелеп, аспанға ұшып, көзге түсті!  
Желмен ұшып жүргені- есінде жоқ,  
О да ойлар: "Ешкім жоқ,- деп,- менен күшті!"

### XXX

Өзімді- артық, өңгені кем көрмейін,  
Бір ат мініп, бір атты өңгермейін!  
"Менен асқан кім бар? [жан жоқ!]"-деп, лағу сөйлеп,  
Ақымақлықты семіртіп, жем бермейін!

### XXX

Мен жүрмін дүние қуып, әлі жетпей,  
Жас жетсе де, балалық ойдан кетпей!  
Зер танитын зергердің жоқтығынан,  
Алтын басым тот шалып, қалдым өтпей[1]!

### XXX

Алдандық: ататұғын аң жоқ, шаңға,  
Кез болмай бір ағарып атқан таңға!  
Бұрынғыдан ырымға дәнеңе жоқ,  
Көз салсаң осы күнгі жүрген жанға!

Бірталай келіп қалдық біз де жасқа,  
Әр түрлі күлкі болып замандасқа!  
Ай мен күн, күндіз бен түн қалыбында,  
Болғанмен бұрынғыдан заман басқа [2]!

### XXX

Жамандық- жақсылықтан- жоғары асып,  
Сөз болып, шынға өтірік араласып.  
" Уағдаға опа!" — деген бұл заманда  
Ел-жұрттың ортасынан кеткен қашып!

Уағдаға опа жоқ боп, түгел бітті,  
"Бүгінгі жан- деменіз- уәде етті!"  
Ол өзі кеткенімен, жалғыз кетпей,  
Мүрууат, сахилықты ала кетті.

Үшеуі мүлде кетті басын қосып,  
Ие боп тоқтата алмай, ешкім тосып.

Жан біткен құр алақан бос қалған соң:  
"Болад-деп- заман қандай?!" — тұрмын шошып.

Бұл күнде лаңке сиса- болды торғын,  
Аз болды танитын жан сөздің формын!  
Сараңдық, мұнафиқтық, күншілдік пен —  
Бұлардың иеленді қалған орнын.

### XXX

Қарқылдап қаз орнына қонды қарға,  
Жүйрік-жорға орнына- тақтақ арба.  
Ай мен күннің орнына- бұлт жүрді,  
Замана солай болды, шараң бар ма?!

### XXX

Бетеге мен көделер сүнбіл болды,  
Қарға- бұлбұл, есектер- дүлдүл болды.  
Басты қанша қосқанмен, піскен сөз жоқ,  
Бір қайнауы ішінде дүмбұл болды.

### XXX

"Жұрт жақсысы"- атанды зорлықпенен,  
"Ер"-атанды-жамандар-ұрлықпенен!  
Қалған-құтқан өтірікке ие болып,  
Есіл өмір, өттің ғой қорлықпенен!

Не жақсымын дегендер арын сатып,  
"Мал табам!"- деп, жамандар жарын сатып.  
Бірін-бірі: "Жеймін- деп-қалайша алдап?"  
Жақсы-жаман теп-тегіс жанын сатып.

Тірінің түгін қоймай, тегіс тонап,  
Өліктен ұялмастан кебін сұрап[3].  
Жанның бәрі өнерлі болып кетті,  
Теп-тегіс қолға тұрмас болып сынап!

Шебер- қолын, шешендер сатып сөзін,  
Ата-ана- құлын жастай сатып қызын[4],  
Бардан-жоқтан қанағат тегіс қашып,  
Тірілей жеп тауысып әркім өзін!

Риза[ырза] болған бір жан жоқ Иесіне,  
Кіретұғын келмейді үй есіне!  
Ишандығын ишандар айырбастап,  
Фауам халықтың ат пенен түйесіне!

Ғалымдар білген ғылымын пұлға сатып,  
Оқу бар, ұғушы жоқ, Құдай атып!  
Бұрқыраған тозаң-шаң- жүрген аң-таң,  
Жас-кәрі- бәрі мең-зең басы қатып.

### XXX

Былғарының орнына- көн мен сірі,  
Теріс қарасар, ұнатпай бірін-бірі.  
"Ал!", "бер!"- деген сөз еді — екі ағайын,  
"Ал!"- өліп, "бер!"-деген сөз қалды тірі!

### XXX

Екі сөз: бірі айтылды, бірі-қалды,  
Уақ [ұсақ] ақша таусылды, ірі қалды.  
"Бар!"- деген сөз аты өшіп, тып-типыл боп,  
Бұл күнде: "Жоқ!" — деген сөз тірі қалды.

### XXX

Жұрт жайылып, ұйлыққан қойдай болып,  
Иесіз (ессіз) жүрсе, күні айт пен тойдай болып.  
Ел билеуші қасқырдай күнде талап [5],  
Жүрген жері у мен шу, ойбай болып.

Екі даутер бір-бірін сөзбен ұрып,  
Шарылдаған бақадай дымы құрып.

Етін шайнап, сүйегін күл-күл қылар,  
Зәрін тегіп жылаңдай, билер ссырып.

Айрылып жоқ-жанынан, бар-малынан,  
Көре алмай ешкім хұзыр алғанынан.  
Қан жұтып қайғыменен не шаһбаздар  
Барады құтыла алмай ақ арманнан [арманынан]!

Шұбыртып күнде малды санап жатыр,  
Жайылтпай өрістетіп, қанап жатыр.  
Қасқырдай кейбіреулер арсалақтап,  
Жан-жағын бермей дамыл, талап жатыр.

### XXX

Өтірік өрттей даулап жанып жатыр,  
Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр.  
Бірін-торғай, біреуін бөдене қып,  
Өзімен-өзін жаулап алып жатыр.

Дүние үшін бірін-бірі көрмей безіп,  
Ағайын - татулықтың жібін үзіп.  
Арсалаң тазыға ұқсап [ұсап] жүрген жан көп,  
Қанағат қашқандықтан, көзін сүзіп.

Көз жетті мына жұрттың оңбасына,  
Не болды қожа менен молдасына [6]!  
Түлкідей тышқан аулап кейбіреу жүр  
Қастық қып құдай дескен жолдасына!

Таусылмас жұрт мінезі сызуменен,  
Іс бітпес [айғайлап құр] айғай-ұйғай қызуменен!  
Маймылдай [маймұндай] кейбіреулер құбылады  
Әуре боп өзін-өзі [бүруменен] бұзуменен!

Жыландай кейбіреудің сырты шұбар,  
Көрген жан анадайдан оған [болып] құмар!  
Бойына жуықтатып алғаннан [бір алған] соң,  
Аямай құйрығымен бір-ақ соғар!

Жел сөзді сөйлеуші едім мен тарықпай,  
Табылса тыңдайтұғын ер жалықпай.  
Жылпылдап кейбіреулер қолға тұрмас  
Жылмағай, қабыршағы жоқ балықтай.

Сақал шықты, өкпелеп жүрсек мұртқа,  
Жатқан зардап іштегі шықты сыртқа!  
Қызыл көрсе, шабады айлық жерден,  
Үймелеген қарғадай көшкен жұртқа.

Өсек сөзге гүлесіп, желдей есіп,  
Кісі ақысын, адал ас, біліп несіп.  
Сауысқанша шықылықтап жүрген жан көп,  
Сау жылқының арқасын еріксіз тесіп.

Шыға боқтап есіктен, кіре күліп,  
Түндік қоймай ашпаған, тегіс еніп.  
Күйкентайдың орнында кейбіреу жүр,  
Алары жоқ бір тышқан, текке төніп.

Бұ заманда көп қалды- аз орнында,  
Қырық күн шілде, қыс қалды, жаз орнында.  
Қоразының тауықтың қызылы бар,  
Әркімдердің басында тәж орнында.

Қиқу дауыс- қораздың өңешінде [7],  
Аят, хадис- саулаған кеңесінде.  
Жұрттың тынышын алады: "Тұршы, тұр!" - деп,  
Жейтін боғы өзінің жоқ есінде.

Бара жатыр айтылмай тау іс қалып,  
Сөз аяғын ұзартпай, тауыспалық!  
Иненің жасуындай қасиет жоқ,  
Өзін-өзі көтеріп топқа салып.

### XXX

Қарай қойшы- тырнаның сасқанына,  
Ми қалмастан басынан, қашқанына!  
Таудан, тастан- өз басын ауыр біліп:  
"Жер ойылып кетер!"- деп, басқанына!

### XXX

Жаза берсе, жоқ ғайып болады сөз,  
Мұндайларды көп көрдік адамнан біз.  
Ін түбіне тығады кей жан өзін,  
Оқпақтай: "Күндіз ұшсам, тиед-деп-көз!"

### XXX

Сұмырай құс су іше алмас дария көлден{8},  
Көл көрінсе, қызғанып тамам елден!  
"Көл таусылып қалад!"- деп, су тата алмай{9},  
Өз-өзінен отырып, өлер шөлден!

### XXX

Жаза берсем қағазға, кетер сыймай,  
Өрнек болсын соңғыға- бұл бір шимай!  
Ішпей-жемей дүниені текке жиып,  
Кейбіреулер кетеді көзі қимай!

Көк кептер ұшып кетсе, қайда жетпес,  
Ұшқыр боп қанатты құс онан өтпес.  
Тамақ үшін құл болып көрінгенге  
Таяқпенен үркітіп қуса, кетпес.

### XXX

Бұл дүние қанша ойласаң, келмейді епке,  
Жақпайсың- жалбақтаумен қауым көпке!  
Сиырға қант пен тоқаш қанша төксең,  
Жүгіріп кетіп қалар сабан шөпке!

### XXX

Дүниенің көз салмаңдар бар-жоғына,  
Бірдей бол, шамаң келсе, аш-тоғына!  
Шыбынды, қазір көрсең, қантқа қонған,  
Кетеді жерік асы- ат боғына!

### XXX

Жылы жаздың соңында- бір қысы бар,  
Өз басында әркімнің жұмысы бар.  
"Жаз болса, үйрек-қазды қоймаймыз!" — деп,  
Сақтап жүрген әркімнің бір құсы бар.

Деп айтады: "Иа, сұңқар, яки лашын,  
Ауаланып ешкімге бұрмас басын!"  
Алған, салған, көз көрген дәнеме жоқ,  
Осыменен өткізер өмір жасын.

Тоқтай алмай көргенде жерік асын,  
Жорғалар қайқаңдатып қарға басын.  
Жұрт күлер алақанын шапалақтап:  
"Не ғып көрмей жүрген- деп- аяқ басын?!"

Басында бар әркімнің дәулет құсы,  
Дауа(дәуе) жоқ, киет болып қалған заман -осы!  
Жапалақ боп жалп етер тышқан көрсе,  
Боямас, тозған соң, шығып мысы.



### XXX

Үрген қуық- бүгінгі жұрттың басы,  
Бас болса, болар еді көзде жасы[10].  
Таққа мініп, басына тәж қойғанмен,  
Иттің кетпес ойынан жерік асы.

### XXX

Ешкіден туғанменен, лақ емес,  
Сарқырап саулағанмен, бұлақ емес.  
Екі ашпалы есіктің тұтқасы да  
Қалқайып қарайғанмен, құлақ емес.

### XXX

Қаңтар мен ақпан болды күз орнына,  
Сылдырлап сырнай шықты- сөз орнына.  
Жылтыраған екі тас орнатылды-  
Бұрынғы қайран сөуле көз орнына!

### XXX

Сеңгір-сеңгір таулар бар- бұлағы жоқ,  
Қопалы көл- жекен менен құрағы жоқ .  
Өңшең үрген қарынға душар болдық,  
Зарлап тұрсаң, еститін құлағы жоқ!

### XXX

Көрінгеннің бәрі-жау: ел жоқ болды,  
Айнала-сор: мал қонар көл жоқ болды.  
Үңгіріндей аюдың- ауыз біткен,  
Ауыз баста болғанмен, тіл жоқ болды.

Үй басына қаптаған өлең-жыршы,  
Не дейді екен, тыңдайық, тұра тұршы!  
Дыңғыр-дыңғыр құр дауыс, айқай-ұйқай,  
Қанбаған соң не керек құлақ құршы?!

Әр төбеде оба боп үйілген тас,  
Не баспана болмайды, не ішер ас!  
Бұл заманда көп болып, бас қосқанмен,  
Жан сүйсінер бір сөз жоқ, бері бір бас.

Екі көзі қатынның балтасында,  
Қожа, енді қол балтадан тартасың да [11].  
Жұртқа көзін салатын жақсы қайда,  
Есі-дерті өркімнің қалтасында!

Қуанады- болғанға қарыны тоқ [12],  
Жайнап тұрған- ол өзі - қып-қызыл шоқ!  
Ай мен күндей- ғаламға бірдей болған-  
Айтуға бар-жақсылар- көруге жоқ!

### XXX

Болдық малай-қарынға- бір парамыз,  
Жан пайдасын білмеген жүзқарамыз.  
Он шынжырмен бір итті байлай алмай,  
Өмір бойы өуре боп, біз барамыз!

### XXX

Ақылсыз, болдым ақымақ, мен жасымда,  
Ескі жолдас айырылмай жүр қасымда.  
Жұрттың қандай екенін біле алмаймын,  
Бастан-аяқ айтылған сөз басымда!

Үстін оқып өліфтің, астын білмей,  
Үтіріне барады тілім келмей.  
Ноқат деген немене, айыра алмай,  
Қарап тұрып зорықтым шаппай-желмей!

Ой түбіне жете алмай, миым қатып,  
Зорыққаннан, жүре алмай қалдым жатып.  
Надандықтың мастығы- айыға алмай [13],  
Жатырмын жоқты-барды сөйлеп шатып!

Бір төрт жылда- болады қақ жарты жүз [14],  
Мәлімі [мағлұмы] жоқ: көре ме, көрмей ме көз?!  
Дарбаза [даруаза]- ауыз, сөз-самал:тоқтау бар ма,  
Көрінгенді көзіме- қыламын сөз!

### XXX

Піскен егін сықылды- аспан-жасыл,  
Қыс пен шілде, жаз боп күз- бар төрт фәсіл.  
Ай- орағы егінді оратұғын,  
Әбден білсе, сөз бар ма мұнан асыл?!

Жазғытұрым- емес біз, болдық қой-күз,  
"Қыс боп қалдық!" - дегенше, күдерді үз!  
Жалаңдатып орағын, алып тұрған,  
Оратұғын сондағы егіні- біз!

Бізді бір күн кетеді еріксіз орып,  
Қала алмаспыз қисайып, мойын бұрып!  
Тәңірі алдына апарар түк таба алмай,  
Ойлап тұрсаң, аңқиып, қалдық тұрып[15]!

Естуге құлақ болса, мінеки, сөз,  
Көрсейші, байқап көкті, бар болса көз?!  
"Дүние-ақырет егіні- білгенге!" – деп,  
Пайғамбар айтқан екен, білмеппіз біз.

Жер жыртып жазғытұрым, тұқым шашпай,  
Күз болса, қаптың аузын қалдық ашпай!  
Кім орғанын білмейміз, аңқиямыз,  
Көрмеген ойын шығып, бір көз баспай.

### XXX

Таң атса , жатамысың ұйықтап, бақытым?!  
Менің де таянған-ды жүрер уақытым!

Қолымда аттанарда жоқ нәрсені  
Барғанда төңірі алдына, қайдан таптым?!

Не болды, бақытым, мұнша ұйықтап қалып,  
Жалғанның азабына мені салып?!  
Оянып, бір басыңды көтерсейші,  
Шырадай бір ашылсын, көзім жанып!

Жер кезіп, салдым ғой шар мен қояндай,  
Жанымды бір араға тыныш қоя алмай!  
Басыңа жастады ма дию тақтайын [16],  
Не болды саған, бақытым, мұнша оянбай?!

Бақытымның ұйқысы — ауыр, болдым кезбе,  
Қайғы-ғам, ескі жолдас, менен безбе!  
Құдайдың пендесіне рахматы мол,  
Болғанмен қанша құр қол, күдер үзбе!

### XXX

Қайғы-ғам: болдың үйір бала жастан,  
Кешірдік- айтылған сөз, бәрін бастан!  
Аспанға қанатсыз-ақ ұшқың келсе,  
Дүниеден- өлмей тұрып- жалаңаштан!

Есі жоқ, есалаң бол, дүние жимай,  
Қолға ұстаған дөнеңе жоқ, қалсын шимай!  
Ішер ас, киер киім-ойға алмасаң,  
Балқиды жер дүниеге нұрың сыймай!

Қызығын бұл жалғанның- білме- дәурен,  
Аз емес, өлшеуге алсаң, бұрынғы әурең!  
Ұйқы мен ең аяғы астан безсең,  
Түседі аспандағы Күнге сәулең!

Аспанда: Күн күректеп, Ай айырлап,  
Алмастан ешбір дамыл ол байырлап.

Бидайдай [бұйдадай] желге ұшырып өміріңді,  
Екеуі тауысуды, біл байымдап!

Ойласам, осы бір сөз дұрыс екен,  
Деп айтпас миы бар жан: "Бұрыс екен!"  
Бірі-күндіз, біреуі- түнде жорытқан,  
Ай менен күн- өмірдің ұрысы екен.

Біреудің -кеш, біреудің- ерте бақытын,  
Талай жанның басынан алған бақытын.  
Ұрлап жүрген осы екен өмірімізді,  
Патшалардың ұрлаған тәж бен тахтын (тағын).

Сықылды қашқан қоян- күнім зырлап,  
Болмайды, қанша айтсам да: "Тұра-тұр"-лап,  
"Кеткен-күн, өткен-өмір қайда?!"- десем,  
Жүр екен білдірместен, бұлар ұрлап!

Кешегі кетіп қалды-ау күнім өтіп,  
Айырып алып қала алман, қуып жетіп.  
Күні кеше алғаны есінде жоқ,  
Ертең тағы келеді жылтың етіп!

## Мәшһүрдің сөзді киіндіріп, жұрт көзіне түсіргені

Айтушы мен болайын, құлақ қой сен,  
Сөзде жоқ сен танырлық таңба мен ен.  
Болғанда ұшсыз-ұзын, түпсіз- терең,  
Таусылмас, шашсаң қанша, көңіл- бір кен.

Ешкім жоқ: таптан озып, шеннен шыққан,  
Бос сөзге болыпсыздар діннен [деннен] шыққан.  
Білуші зер қадірін зергер болса,  
Сөз- асыл жауһар сондай кеннен шыққан!

Аузына кейбір жанның қыдыр дарып,  
Ие бар тұратұғын кеңес салып.  
Болғанда ғақыл-дария, ауыз-садап,  
Сөз-ғауһар: сол садаптан алған жарып.

Тіл деген-болат [фолат] метін өткір келген,  
Дал-дал қып, қызыл қия тасты тілген.  
Қатарлап інжу [иенжу] менен маржан тізіп.  
Тигізген ақтан оғын кейбір мерген.

Жалғанда біреу- үлкен, біреу-кіші,  
Біледі болса кімнің ғақыл-есі.  
Сөз- бір жүк: басқа мақұлық көтере алмас,  
Жебірейіл- Әмин болған-керегесі.

Бұл сөздің қандайлығын көріп тұр көз,  
Көзі жоқ көрсоқырдан күдеріңді үз!  
Танытты құдайлығын құдай өзі,  
Жебірейіл періштеден жіберіп сөз.

Біледі мұны тегіс дүние жүзі,  
Жоқтан бар қылған бізді Тәңірім өзі.  
"Сөз басы қайдан шыққан?"- деп ойласаң,  
Емес пе "Калам-Алла"-Хақтың сөзі?!

Тізілген аузындағы отыз тісің,  
Бола ма тамақ жеуге онсыз күшің?  
Назым сөз аузындағы- тұрған тістей,  
Білерсің, тұрса өзіңде ақыл-есің!

Кеткен соң тіс орнынан, құны қандай?  
Жерде қалар, керек деп, ешкім алмай!  
Қара сөз сол сықылды-ойлағанға,  
Суырылар тәтті сөзге тіл мен таңдай!

Назым сөз-бақшада өскен бау ағаштай,  
Жарасып[1] жапырақтары сүмбіл шаштай!  
Аузынан кей шаһбаздың шыққан сөздер [сөзлер]  
Тойғызар ішпей-жемей ләззатты астай!

Қара сөз-тауға біткен тал мен терек,  
Басқаға бір отыннан неге керек?!  
Болмайды, сөз болғанмен, бәрі бірдей,  
Парқы бар сөзден-сөздің, болсаң зерек!

Адамның жай жүргенде, бәрі теңдей,  
Сөз туғыз, шешен болсаң, сөзден мендей!  
Сүйкімді, назым сөздің, екендігі  
Бақшада үлпілдеген қызыл гүлдей!

Келіспес-адам өзін жасырғаны,  
О да онша емес-көтеріп асырғаны.  
Үлпілдеп сабағында тұрған гүлдің-  
Қара сөз — түсіп жерге шашылғаны.

Таудағы- емес едім зор қара тас,  
Тас болсам, болмас па едім бір тауға бас?!  
Кім бол, ол бол-алушың жоқ болған соң,  
Болғаның, болмағаның,- бәрі бір бас!

Мөлтілдеп, қанды [қанлы] жасқа толып көзім,  
Барады ішке сыймай айтар сөзім.  
Алып, сатар боларлық жан жоқтықтан[2],  
Білмеймін-екенімді қай тас өзім!

Өттің ғой қоршылықпен, ей, өмір жас?!  
Жаратқан осылай қып Құдайға бас.  
Бір жан жоқ-құрыш, темір, қу сақтаған  
Кім нанар дегеніме: "Мен-шақпақ тас!"

Атқанда, тигіземін, оғымды ақтан,  
Оғым көп жонып жатқан тіл мен жақтан.  
"Өлмегенге- қара жер" - тиген соң сөз,  
Өтірігі жоқ, бұл-шын сөз, емес мақтан!

Бақ жұлдыз бәсең тартып туысында,  
Нем бар еді жерұйық қуысында?!  
Бақырайып екі көзім, қалдым тұтқын  
Фелаз шөдаддының[3]уысында.

*1905-1908 ж.*

## Бұл бір түрлі сөйлегені

Ішінде әбдіренің садап жатыр,  
Гауһар бар ол садапта, алсаң батыр.  
Ие боп сол гауһарды сақтай алған-  
Бір басы неше мың сан жанға татыр.

Болғанда: садап-жүрек, кеуде-сандық,  
Біз қашан ол гауһарды қолдан салдық?!  
Кім салып, кім қойғанын- біледі кім?  
Ісіне құдіреттің аң-таң қалдық!

Қойдың бір құлағынан жүрек кіші,  
Бір уыс қанмен толған оның іші.  
Ет[ит] жүрек жаман үйде қалғандықтан,  
Бұзылар өз-өзінен сонан кісі.

Құтылса ет[ит] жүректен көңіл аты,  
Қандырар құлақ құрышын жазған хаты.  
Қолмен жасап аларлық жұмыс емес,  
Аспанға шығарсын ба жасап саты?!

Белгілі ат болары құлын-тайдан,  
Болмаған құлын-тайда болсын қайдан?!



Аспан түгіл, өтеді ар жағына,  
Күш-көмек келе берсе, бір Құдайдан!

Бір үй бар, басып оны адам кірмес,  
Ол үйде бір қапас тұр- ешкім көрмес!  
Бір құс бар-сайрап тұрған сол қапаста,  
Даусы қайдан шыққанын- бір жан білмес!

Адамның- кеудесі үй, қапас-жүрек,  
Орнаса ол қапасқа, көңіл-зерек!  
Бойынан мұның бәрін тапқан жанға  
Бұл дүние бары-жоғы неме керек?!

Жұмысым: өлең жазу- менің дайым,  
Қылмаймын бұ жалғанды тіпті уайым!  
Өзімді өз басыммен адандырып,  
Осындай күйге салған бар Құдайым.

Көзімнен неге ақпасын саулап жасым,  
Жатыр ғой арзанға өтіп асыл тасым!  
Көк пен жер- дәнемемен жұмысым жоқ,  
Таусылмай тамашасы бір өз басым!

Дүниемен болып жұрмін мен екіұдай,  
Әурелік, балалығым бұрынғыдай.  
Қараумен өз бойыма күнімді өткіз,  
Басқаға көз салдырма, патша-Құдай!

Қалады-ау анда-санда көңілім кетіп,  
Құдайдың шеберлігін тамаша етіп!  
Дағдарып, дал-дал болып отырамын,  
Біле алмай бір де бірін зейінім жетіп!

Ішкен астың көңілім жүр жетегінде,  
Бір үзе алмай бұйдамы кетемін бе?!

Басқа біткен құйрығы жандардың  
Әлі күнге көзіміз етегінде.

Хайуандарға тамаша құйрық бітіп,  
Ұят жерін жасырып, көз таса етіп.  
Ешкінікі жалғыз-ақ ерсі болды,  
Көкке қарай шош[айып] шығып кетіп.

Көре берсең, ғибрат бар, мұнда ерсі,  
Құлағыңа айтайын, бермен келші!  
Дәл басында құйрығы- жануар бар,  
Ешкіден де бұл ерсі, жүріп көрші.

Құдіретіне Құданың есім кетіп,  
Білмеген соң мәнісін, зейінім жетіп.  
"Бізді құмар несіне қылды екен?!" - деп,  
Соның үшін қараймын, тамаша етіп.

Демеңдер: "Неге миы ашымайды,  
Миы өсіп, жастағыдай тасымайды?!"  
Дағдарып, дәнемеге ойым жетпей,  
Атамын дамыл-дамыл насыбайды!

Бұ сағат табылмайды барсам, баршы-ау,  
Менікі- өз-өзінен шаңқап аңсау.  
Емес пе миы ашыған, алжығандық,  
Отырып- өзінен-өзі текке шаршау?!

*1905-1908 ж.*

## Дойбының ойыны

Оттай боп қызыл гүлдің көрінісі,  
Бұлбұлдың, шыдай алмай, күйеді іші.  
Сайрайды дамыл таппай ауық-ауық,  
Дәнеме (дәңке) жоқ оған түсер, Хақтың ісі.

Бір жарық түн басына таң атады,  
Мейлің-Ай, мейлің Күн бол,- бір батады.  
Дерияның толқынындай дүние жүзі  
Толқында тауып тыныштық кім жатады?

Жан біткен әуре боп [болып әуре] жүр салын байлап,  
Кім беріп тұр кеме мен қайық сайлап?!  
Аман-есен мың саннан біреу өтіп,  
Салы суға кеткендер соры қайнап!

Астыңа- жер, үстіңе көкті жайды:  
"Күндіз Күнді көр- деумен,- түн болса, Айды!"  
Мұның бәрін бекерге жаратқан жоқ,  
Білмей қалсаң, мойныңа бұл бір пай-ды!

Дойбының тақтайындай қылды көкті,  
Ай менен Күн, жұлдыздан-тасын тікті.  
"Күндіз-түнмен ұтысып, ойнап қал!"- деп,  
Күн де бес жылда бір ай артты жүкті.

Өзге ойынның бұл ойын басы болды,  
Ойнай мұны білмеген-ғасы [1] болды.  
Жыл да- он [2] екі ай болғанда, ай да- он екі,  
Жиырма төрт- дойбының тасы болды.

Ал, енді қарап тұрмай, баста ойынды,  
Түңілумен күндіз-түн, қой мойынды!  
Тас жегізбей, жоқ саған биге шығу  
Тартып қалмай бойыңды, аш қойынды [3]!

Тілімді алсаң, қайта түс әлиф, би-ге [4],  
Ұпайға (ұпайке) қыл, өзіңді тастап иге.  
Бер, бер-дағы тасыңды аямастан,  
Бір отыршы қасқайып, шығып биге!

Аздан кешсең [5], жетеді қолың көпке,  
Ешбір ісі жалғанның келмейді епке.

Қорғаладың, ұтылдың, қор болғаның-  
Отырумен тасыңды сақтап түпке.

Тартынбай соқ, ойынды бұзып-жарып,  
Тас бетіне қарама, кетсін алып.  
Бірден үшті жегізсең, тасты аямай,  
Отырасың оп-оңай биге барып.

Ойын емей бұ жалған, шын деймісің,  
Қалсаң биге шыға алмай, үндеймісің.  
Биге шығып алмасаң күні бұрын,  
Көңілге алған жеріңнен тас жеймісің?!

Қапы қалма, бұл сөзді жалған тұтып,  
Жалған болсын, шын болсын, жатыр жұтып.  
Ай мен күндей маңдайың жарқырайды  
Тәңірі алдына жалғанды барсаң ұтып.

Бұ жалғанмен дойбы ойна, маған нансаң,  
Сенен асар ешкім жоқ, ұтып барсаң!  
Су түбіне кеткенің, қор болғаның-  
Қалың [топтың] көптің көзінше закот қалсаң!

Тас жегізген аянбай, биге барар,  
Биге барған қақ төрден орын алар.  
Не ұтпай, не ұта алмай, қалтақтаумен,  
Аң да жоқ, даң да жоқ [даң да жоқтар босқа] құр қалар!

Сақи [сахи] қайда аяғын кейін салар,  
Қашан болса омыраулап, озық барар.  
"Тегін бір тас жегізбей, отырам!" -деп,  
Сараң сорлы закотте оңдап қалар.

Кең жалғанның жүзінде закот қалған,  
Сараңдықтан- ол бір шын- өздері алған.

"Бізге Құдай, қайтейік, бермеді!"-деп,  
Жамандайды Құдайды сөйлеп жалған.

Надандық пен сараңдық-дауасыз жын,  
Толып жатыр пендеде[пендеге] әр түрлі сын.  
Жомарт патша затында сараңдық жоқ,  
Құдай неге бермейді [бермесін], сұраса шын!

Оңай жерден кім алған жоқты тауып,  
Бұ жалғаннан бос кетер желіп, шауып.  
Дүние-ақырет мақсаттан (мақсұддан) құр қалады.  
Бұ жалғанға тілеуі кеткен ауып.

Мақсатына жетеді дүние қиған,  
Құр қалады мақсаттан, бермей жиған.  
Тілегенін әркімнің береді Алла  
Екі қылыш бір қынға қашан сыйған?!

Қоңыз болсаң, жылқының тезегін тер,  
"Алам-десең-Құдайдан", аянбай бер!  
Өзің қимай, ала алмай, құр(ы) қаласың[қалсаң құры],  
"Бермеді!"-деп, Құдайға жұқтырма кір.

Қалтақ-құлтақ жалғанға амалдайды,  
Сараңдықпен көсіліп шаба алмайды.  
"Бермеді,- деп, болмаса,-жазбады"-деп,  
Жұрттың көбі Құдайды жамандайды.

Бір Алланың өз мүлкі- дүние-малы,  
Дастарқан қып жайып тұр біздерге (бізлерге), әне (әні)!  
Патша Құдай-патшалық берген тойы,  
Татырмай тұр бұл тойдан кімге, кәне (көні)?!

Қысқа жерден ойлаған қарашы ойын,  
"Бұ жалғанды- деп жүр ғой,- қалжың-ойын!"

Төгіп-шашып жалғанды, бұрқыратып,  
Өткізелік ойынмен Құдай тойын!

Ең зор [үлкен] тойы-ақырет, татасың соң,  
Онан болса үмітің, жалғанда оң!  
Бұ жалғанның жүзінде оңбай өтсең,  
Қайда барсаң, төсегің-мүз бенен тоң!

Сұм жалғанда қалған соң өзің оңбай,  
Құдай ісін, жүре бер, мінеп, жонбай!  
Жұртқа қылған жалғанның жазығы жоқ,  
Толып жатыр жүрген жан мұздап, тоңбай.

Кім жасаған дүниені, Хақ жаратқан,  
Тіл менен тіс, иек пен жақ жаратқан.  
Бір өзінен басқаның бөрі де- жұп,  
Нәрсесі жоқ, жалғыз қып, тақ жаратқан!

Қайда барып сөйлеймін сөзімді енді,  
Бұл сөзімнен көріндім көпке мінді.  
"Берік ұста, берме!"- десем, жақтым жұртқа,  
Кім көрінген алатын онда тілді.

Жер қаз да, тышқан болып, жина қорық,  
Мұрныңнан қан ағызып, күн-түн зорық.  
"Орынсыз бір тиыным шығып кетсе,  
Қалам-деп-кедей болып!"-аса қорық!

Ін қазып, үйден-үйге жаса тесік,  
Тар болсын, кіре алмастай, кедейге есік.  
Жалғыз тал шөп көрінсе, тастамай жи,  
"Болад-деп,- заман жайы әлде нешік?!"

Кедейге келсін соқыр, көзің қисық,  
Жұлынып бала- шағаң тұрсын пысық.

Қалады жер астында жиған дүниең,  
Бас салса, бір тесіктен, аңдып мысық.

Жылан бол да, кен жастан, алтын жиып,  
Кете алмастай болып жи, көзің қиып.  
Дүние деген бір пұлдан жинай берсе,  
Тыға берсе қапшыққа, жатар сыйып.

Жер астында жатыр кен, көңіліңе тоқ,  
Ішіп-жеуге ол саған бұйрығы жоқ.  
Шығып, кіріп жүргенде сен жылтындап,  
Абайсызда [аңдаусызда] жайыңды табар бір оқ!

Өзіңе-өзің дөп-дөкей ірісің де,  
Жаның- өлік, құр сұлдең тірісің де.  
Азаптанып дүниені жинай берсең,  
Тышқан менен жыланның бірісің де.

Адам болсаң, адамдық ісін ойла,  
Көз жеткісіз дарияға сүңгіп бойла!  
Өзің-жи, артылғанын кісіге бер,  
Айтын айттап, Құдайдың тойын тойла!

Тілімді алсаң, өне, алмасаң да,  
Бұл сөзді нансаң да, айттым, нанбасаң да!  
Баруың Тәңірі алдына Күннен жарық,  
Ентелеп өз еркіңмен бармасаң да!

Дүние, мен бола алмадым сенімен дос,  
Өзіңнің досың тап та, басыңды қос!  
Уыстап уысыма тұра алмадым,  
Астыңнан ит жүгіртіп, үстіңнен- құс!

*1905-1908 ж.*

## Түркістан сапары

Шығып ек кешегі айда елімізден,  
Мекен- жай, қоныс қылған жерімізден.  
Хазіреттің ақ күмбезін зиарат қып,  
Қол жайып бата алғалы пірімізден.

Еліміз Баянаула, Қызылтауда,  
Төскейде мал жатады қалың қауда.  
Аллаға тәуекел ғып шыға қалдық,  
Тіпті үйде жатпайын деп денім сауда.

Ереймен, жүре бердік Есіл өтіп,  
Тұсынан[1] Күйгенжардың кесіп өтіп.  
Лассығыра бір қияға боп ман ласқыра,  
Құдайым түзден ырзық несіп етіп.

Ел-жұртым, қатын-бала,- бөрі қалып,  
Он "бесте" түсіп жолға, болып көріп [ғаріп].  
Үйде қашқан, табылып, нәрсем түзден,  
Келемін мен құдіретке қайран қалып.

Мүсәпір жолаушымыз біздер ғаріп,  
Келеміз ұзын жолда ашып, арып.  
Жал үзіп, қара қоңға таянып ат,  
Тана алмай, пақырлықты, мойынға алып.

Бейшара өңшең сүлтік[2] жолдасымыз,  
Жоқ болып көңіл аулар құрдасымыз.  
Ілініп сұм жалғанның тұзағына,  
Келеді тұтқындықта бір басымыз.

Шалдар- жетпіс, кемпірлер- алпыс жаста,  
Түп-түгел малы[3] біткен біздің қаста.  
Ғазап лим[4] деуіме бек лайықты,  
Жазылулы күн бар екен жұмыр баста.



Жылым-қой, жетті жасым бір он "беске",  
Енді он "бестің" жоқтығы кірмейді еске.  
Қатын-бала қамынан қашқандарды  
Түзде үйір қылады екен мақау (фиске) пешка[5].

Қапаста сайрай алмай қызыл тілім,  
Халық-жұрт, қадір білген, қалып елім.  
Көңілімді күн-түн сайын жүдетеді.  
Тұнжырлар томырықты қара жылым [6].

Жегенім зақым болып, ішкенім- зәр,  
Ғаһұдым ныхли әр кез бермеді пар.  
Тақады құсалықпен өлтіруге,  
Қоршаған маңайымда көр менен кәр.

Ауаның (һуаның) ыстықтығы миды ашытып,  
Келеді қамықтырып, жол жасытып.  
Айдаған жер сібір қып[7] мені Құдай,  
Кемпір мен, ұзын жолда, шал тасытып.

Мен қашан бұл жылаудан уанамын,  
Көз ашып, көріп кімді қуанамын?!  
Өткізіп дер жасымды келемін мен,  
Муасеусе салқын сопы, диуанамен.

Жолдасым, су қараңғы алған үйден,  
Құтылар бар ма күнім мұндай күйден?!  
Надандар түк білмейтін бар қасымда,  
Отыз жыл оқып білмес әліп биден.

Тұрады қай жерімде ғақыл мен ес?!  
Қайғымен ертеңгі күн болады кеш.  
Ақшасыз арзан ғана табылатын,  
Іздесең, маңайымнан не түрлі кес.

Атандым Мәшһүр-Жүсіп мен жасымда,  
Мұң мен зар толып жатыр бір басымда.  
Татырлық бір тиынға біреуі жоқ,  
Бұ жолғы жаныма ерген жолдасымда.

Бір құдай ықтиярсыз айдауменен,  
Мен шықтым басты өлімге байлауменен.  
Қолыма ойға алғанның түспей бірі  
Келеді зығырланым қайнауменен.

Өзің сал түзу жолға, иа, Раббым хақ,  
Келеміз несие болып не түрлі нақ.  
Ащы су, сүті жоқ шай жүрек кесіп,  
Күн ыстық, қанбай сусын, сағынып-ақ.

Түйе өркештен айырылып, аттар-жалдан,  
Не пайда қалған үйде қанша малдан?  
Шараба Тыһурадай көрінетін  
Жан болса, бір жұтқызар сүт, саумалдан.

Қыл медет: әулиелер, ұстаз пірлер,  
Зарығып, тарығарлық келді жерлер.  
Келеді күнде бірі қылып қапа  
Жолдас боп Сүйіндіктен шыққан ерлер.

Мәшһүрдің қасындағы ұмытты атын,  
Зергер жоқ танитұғын зердің затын.  
Шыққанда, бәрі де ермін деген жандар  
Келеді ұзын та...қ, болып қатын.

Бір-Алтай, Қараөткелден ерді Аманқұл,  
Кісі екен ақ пейілді, сірә, аман жол.  
Алласы разы болсын әрқашан да,  
Келеді бет қайтармай жалғыз-ақ сол.

Ат-арық, көңіл- жарық, жолымыз-шөл,  
Сырт қарап қоңырайысты жолдастар төл.  
Мәшһүрдің түсті есіне айдалада  
Күндері болып өскен екі елге төл.

Әр істі тірілікте көрсін көзің,  
Үйіңде отыра алмай шыққан өзің.  
Түңіліп, мен жолдастан үздім күдер,  
Иә, Құдай, жаратушы болыс өзің!

Білместік, көп кемшілік- бар ғой бізде,  
Ауыздан, түзулік жоқ, шыққан сөзде.  
Досқа-күлкі, дұшпанға таба қылып[8],  
Құдай-ау, көз сүздірме жапан түзде!

Шатыр боп, қырық жамаулы баспана үйім,  
Бұ жолда болып душар тозған киім.  
Кемпір, шал екі аяқты, жолдас боп мал,  
Айтты не, айтпады не, кетті күйім.

Хазіретке, бәрі де ұмыт, аман барсам,  
Пірлерден денсаулықта фатиха алсам!  
Бұрынғы түсер едім мен қалпыма,  
Айырылып мылқаулардан, сонда қалсам!

Жау болды бұл заманда ескі досың,  
Құса боп бұл қайғыдан қанлар құстың!  
Іс болды бұл сапар да, маған бір сын,  
Құдай-ау, қолайсызды қайдан қостың?!

Жыртық тон, қырық жамаулы, ескі болды,  
Тастадық төмен тартқан ішкі[9] жолды.  
Қой еті бір-бір ұшты көзімізден,  
Бұл жолғы ырзық, несіп ешкі болды.

Душар боп жолымызға жоқ ел қойы,  
Құрысын ешкі сойып, қылған тойы!  
Темешті, Құлымбет пен кім көріпті,  
Кең үйлі, кедей екен Нұра бойы.

Ешкіні Құлымбетте: Құлжан сойды,  
Бейшара қайдан сойсын тауып қойды?!  
Қойдан құны арзан деп қонағына  
Байларға шайтан салған мұндай ойды.

Қарпықта: Құлымбеттің көрмен бетін,  
Нұраның жағаламан енді шетін.  
Құрысын елден бұрын ешкі хайуан,  
Жегендей, қап-қара ғып, қасқыр етін.

Шөл, қоңыр жолыменен жүрдім қайдан?  
Ат-тонын ала қашқан пейіл байдан.  
Қанына жалғыз ешкі жазалымыз,  
Отырған Ескенеде Аралбайдан.

Халықтан неден мұндай пейіл қашты?  
Темеш пен Құлымбетте қарын ашты.  
Зарығып жүдеп келе жатқан кезде,  
Сайдалы-Жайылмада душарласты.

Сүлеймен Тұтқышұғлы екі қойды:  
Бірін- түнде, біреуін күндіз сойды.  
Кемпір-шал, жаман-жәутік қасымдағы  
Кенеліп бейпіл асқа әбден тойды.

Ел болмас пейілге бай Сайдалыдай,  
Тұр екен өзіне де беріп Құдай.  
Мал шарқы аз, дастарқанға зор бай екен,  
Төменгі Әлике мен Байдалыдай!

Тынығып бір-екі күн жаттық сонда,  
Бір көрген сөулеміз боп осы жолда.  
Бас салып бір тоқтыны сойды таңдап,  
Баласы Жанбабаның Мөшік молда.

Атасу, Манақ сонда, Сарысу өттік,  
Кім бар, кім жоқ үш суда, білмей кеттік.  
Мұңлы, қулы, арқарлы Ақшидегі  
Әлиф жүк тамаға жаңа жеттік.

Арқарлы мен Қайнарда бар Мыңбұлақ,  
Тамаға болып өттік аз күн қонақ.  
Барсақ та қай ауылға бақыруда  
Бірде арық, бірде семіз жазған лақ.

Нар жүгін, көтере алмас, айыр өркеш,  
Мен жаздым көргенімді тіркес-тіркес.  
Ақшиде Жақсылықтың ұлы Таймас,  
Оңбаған жаздай от жеп, сойды, серкеш.

Бос жер жоқ, Сарыарқада ел қонбаған,  
Құйғанмен, түпсіз ыдыс, бір толмаған.  
"Кемпір ұлы-Көр ұлы" - деген бар-ды:  
Жан екен оңбағанда, шын оңбаған!

Дөң асып неше күндер шықтық жалға,  
Көп екен шоқынған жұрт хайуан малға.  
Шабдардан шыққан күні келіп түстік,  
Отырған Жиделіде Аташалға.

Тамаға кез келген соң құдай бастап,  
Сөйледім бейпіл сөзді мен құлаштап.  
Ыбырай, сұмырай, диуана- суаналар  
Қарамай, озып кетті бізді тастап.

Тамадан бір төрт сабаз жолдас ерді,  
Зарығып, тарыққанда, құдай берді.  
Айдала-жазы жапан, бостан болды,  
Сұрама онан соңғы жүрген жерді!

Өзіміздің иттердің көбі кетті,  
Ит төлеуі кісіден түгел жетті.  
Ер Танаштың баласы- Тама-Құлбек  
Бірге жүріп он бес күн қызмет етті.

Арқаның ұмыт болды өзен-көлі,  
Нұраның бойы тола құрысын елі!  
Кез болып жақсы жолдас жапан түзде,  
Жаннаттай жайлы болды Бетпақ шөлі.

Болған соң өзіңе сай жолдас ері,  
Әр жерден қонақасы келді тірі.  
Ешкі, лақты шұбыртып жолмен айдап,  
Айт пен той, болды сауық, жүрген жері.

От-су жоқ, Бетпақ шөлі, мидай тақыр,  
Елсізде ешкі сойып, астық бақыр.  
Әр құдықтың басында бірін сойып,  
Жейтін ауыз бар болса, дедік: "Шақыр!"

Самауырды қайнатып, бақыр асып,  
Ойын, күлкі, сөзіміз қатты ұнасып.  
"Сен же, мен же!"-тамаққа [10] болдық дарқан,  
Қазан алып жатақтан палау басып.

Жігіттер, жаманнан қаш, жаманнан[11] қаш,  
Жаманмен жолдас болсаң, ағарар шаш.  
Он бес күн Тама жолдас болған соңғы  
Дәуренім, бір жасаған, болды ғой жас!

Болғанда жолдас мұндай әуел баста,  
Зарланбас едім, қалсам, тас[12] қапаста.  
Айырылдық жыласумен қош айтысып,  
Асуы Қаратаудың Жамантаста.

Бірзамын келген мейман- он "бесіме",  
Кездеспей қаңғып өттім теңдесіме.  
Қоштасып төрт Тамадан айырылған күн,  
Жалғыздық жамандығы түсті есіме.

Келгенді мен ойыма қашан бүктім?  
Көзімнің арзан жасын бейпіл төктім.  
"Шықтым,- деп,-елден кімді серік көріп?![13]"  
- Өзімді ел аулақта өзім сөктім.

Бірікпес, басын қосып, жез бенен мыс,  
Жақсы-жаз, жаман адам- зымстан қыс.  
Жолдас тап, жолдас тап та, жолға шыққын,  
Таппасаң жолдас егер, көтіңді қыс!

Ер егіз, болса жалғыз, еңбек сегіз,  
Сөйлесем, көрген жапам ұшан- теңіз!  
Кісі деп ертіп елден шыққандарым [14],  
Демесең, мүйізі жоқ, сиыр, өгіз.

Болдырдым арып текке тулай-тулай,  
Жалғаннан өтесің ғой құлақ шулай!  
Белгілеп, елден ертіп ап шыққаным,  
Көрсөқыр су қараңғы, қуыс, қурай.

Мен тұрмын көріп олжа тоңбағанды,  
Ұнатып жайсыз[15] жерге қонбағанды.  
Құдай-ау, әкеп қайдан қиыстырдың,  
Әрқашан үйде- түзде[16] оңбағанды?!

1908 ж.

## Хамза өліміне

Ауырып, тынышымды алды, күнде басым,  
Бойыма бір тарамай ішкен асым.  
Мезгілсіз шаш, сақалға ақ кіргізіп,  
Көзімнен тарау-тарау аққан жасым!

Ішім-пеш, жүрек-бауырым болып отын,  
Аузымнан, " ah!" - дегенде, шығып түтін.  
Өрт түсіп, өзегіме салды жара (пәре),  
Көрініп жұрт көзіне сыртым бүтін.

Десеңіз: "Ненің оты-нарам пырақ?"  
Лап етіп, сөне қалды-ау бір шамшырақ!  
Бір бұлбұл гүлстаннан ұшып кетіп,  
Көз көріп, құлақ естімес жерге жырақ.

Үзіліп жерге түсті қызыл гүлім,  
Мезгілсіз батып кетті-ау күндіз күнім?!  
Піспеген егін жастай орылған соң,  
Дал болып тоқтап қалды-ау сөйлер тілім!

Айрылсаң сүйеріңнен-көрген жандай,  
Шарасы екі көздің толар қанға-ай!  
Әлифтей түзу бойың бүгілгеннен,  
Шәрифтей сегізінші — болар далдай!

"Өкпем" - деп, жүрек-баурың, сүйсең, өне (әні),  
Жалғанда онан тәтті нығмет кәне(кәні)?!  
Көзіңнен күш берместен аққан жасың,  
Езілген өртенгеннен бауыр қаны!

Өлімнің түтіндеген есті желі,  
Қараңғы бұл дүниені қаптап түні.  
Көктемде жазғытұрым сола қалды-ау  
Үлпідеп жаңа шыққан жанның гүлі!



Өмірдің бақшасының көркін алып,  
Бұлбұлсыз- қапас, гүлсіз-тікен қалып.  
Айрылсаң жұпар иіслі, хош бойыңнан,  
Тұратын анадайдан мұрын жарып!

Біз тұрмыз осы күнде мұндай күйде,  
Сықылды шикі тері жатқан иде (іиде).  
Жаққан шам май таусылмай, сөніп қалып,  
Отырмыз жарығы жоқ қараңғы үйде.

Бір жеміс (болдым) балдан тәтті болып несіп [нәсіп],  
Бұйырмай аузымыздан кетті қашып!  
Дауасыз дерт болған соң таппай лаж (ғылаж),  
Күндіз-түн ауырады орны ашып.

Баспана, үйіміздің шырағы, еді,  
Көзімнің тұрақтайтын тұрағы еді.  
Сәулені екі көзім сонан алып,  
Бүркіттей тұрған күнде қырағы еді.

Ұйқымды бөліп кетті-ау ашып шайдай,  
Толқытып кетті еріткен сары майдай.  
Ұша алмай, әлім кетіп қалғаным ғой,  
Молаға ұя салған күйкентайдай.

Қызықты жеміс еді-ау балдан тәтті,  
Жаралған бір өзгеше мұхаббатлы.  
От салып денемізге Жаббар ием,  
Шөлдетіп кең далада шаңырқатты.

Жатыр едім бір дарияның бойын алып,  
"Мен ішпей, кім ішеді?!"-деп, құлаш салып.  
Жоқ болды жалғыз күнде жерге сіңіп,  
Арманда қалдым, ішпей, мейірім қанып!

Шарқ ұрып бұл дүниені мен құлаштап,  
Дәнеме қала алмадым қолыма ұстап!  
Көңілдің қаршығасы кетіп қалып,  
Лақтырдым мен бөркімді, суға тастап!

Бұзылған машинадай қалдым қирап,  
Мезгілсіз-аса ауыр қонақ сыйлап.  
Асылым қаяулы боп, ұшып кетті,  
Сілтеме енді мені текке қинап!

Егінім қайда кеткен, аспанға ұшқан,  
Алатын жем айырып ұшқан құстан!  
Тарс еткен дауысы жоқ- бір оқ тиіп,  
Жерлерде жатып қалдым- мен-зымстан!

Асыраған жұмыртқадан қоңыр қазым,  
Буымен асып кеткен көптен азым!  
Қолтықтан қоңыр салқын самал соққан,  
Шыбынсыз, қайда кеттің, жылы жазым?!

Басымда үлгілі шоқ киген бөркім,  
Болмады бұл туралы өзімде еркім.  
Жақұттай жайнап шыққан жалт-жұлт еткен  
Жүзімнен кетіп қалды-ау шырай-көркім!

Бақытымның кезі осы ма қайтатұғын,  
Сөзімнің шырайы еді-ау айтатұғын!  
Асылым, қолға түспей, жерде қалдың,  
Тасындай магниттің (макаиттің) тартатұғын!

Ермек қып, еріккенде, ойнаушы едім,  
Ойнағанда, жылатпай қоймаушы едім!  
Көзім екеу болмасын, мың, жүз болсын,  
Сонда — дағы көруге тоймаушы едім!

Езіліп, су боп ақты бауыр қаным,  
Бастырмай, болып әлсіз екі саным!  
Үйдей боп иесіз тұрған денем қалды-ау,  
Құлындай ойнақтаған кетіп жаным!

Тамады дамыл-дамыл көзден тамшым,  
Атқа мінсем, қолымда жоқ боп қамшым!  
Бұл дүниеде бір жанды көргім келмес,  
Кеткен соң көз алдымнан қуанышым!

Тимеген жүген- құрық құлынымыз,  
Құтқармас бір құрыққа жолықтым кез.  
Біз тұрмыз айран-асыр, таң-тамаша,  
Омыртқа сау, үзіліп жұлынымыз!

Қуат бер бұ құлыңа, өзің патша!  
Шықпайтын жеміс еді бұл ағашқа!  
Жүгің де өзің салған көтеруге  
Жемістен жалғандағы бөлек басқа.

Жүк түссе мұндай ауыр титтей басқа,  
Екі көз болмайды ие аққан жасқа!  
Сау білмес, ауру халін, күліп өтер,  
Біледі, білсе мұны, келген басқа!

Соқпайды көңіл, сірә, ішер асқа,  
Ақ кірді, мезгілі жоқ, сақал-шашқа!  
Иа, Раббым, әр не берсең, қайырымен бер,  
Жылайын шағып кімге сенен басқа?!

Жерің жоқ, артық дүние, көрген түстен,  
Тақалдық таусылуға тозып іштен!  
Елестеп көз алдыңда әр мінезі,  
Десең де ойламайын, шықпайды естен.

Қызықты мезгілі еді, тәтті шағы,  
Жара боп жазылмастай қалды-ау дағы!  
Бір сөзі мың ділдаға арзан туған,  
Тілінің шала-шарпы шыққан уағы.

Пенденің не көрмейді кәріп басы,  
Болмайын артық сөйлеп, Алла[ға] ғасы.  
Тасыған топан суға болып қарық,  
Денең[ді] жауып кеткен көздің жасы.

Жасымыз осы күнде: "Төрт-он үште",  
Түтін көп бықсып жатқан біздің іште.  
Жел бетін, бір жағына, түзеп шықпай,  
Аһ ұрдым оның үшін ерте-кеш те!

Су бар ма неше ықылымда мен ішпеген,  
Басымнан кәрішлікте не кешпеген?!  
Бұтақты тамыры жоқ суарғанмен,  
Артылып [бү] қалпынан бір өспеген.

Бейнетпен өткізіп ем өткен жасты,  
Бір-екі-ақ жыл жүріп ем тиіп- қашты.  
"Менің жанған еңбегім осы ғой!" - деп,  
Жаңа тұрған кезімде бір-ақ басты.

Басып енді, басымнан шаңым асты,  
Изей бердім жылқыша шұлғып басты.  
Жалған дүние, қызығың осы болса,  
Енді керек қылмайын өмір жасты!

Пайдасыз көздің жасы аға берген,  
Хатыма жазып тұрған тама берген.  
Жүрегім: "Айны!" - десем, тілімді алмай,  
Лапылдап тал отындай жана берген.

Пенденің өшірмесін бастан бағын,  
Зарланып қақсатпасын тіл мен жағын!  
Ләйлдей жазғытұрғы даладағы  
Мен ашып көрсете алман ділдің дағын!

Ісіне амал бар ма Тәңірім еткен,  
Бір кезек нәубет екен бізге жеткен!  
Сықылды даладағы болдық тікен,  
Басынан қызыл гүлі ұшып кеткен.

Жаралы, көңіл шіркін, азалымыз,  
Қайтып тұр бұл жалғаннан назарымыз.  
Жатырмыз мәңгүрт болған саудагердей,  
Жәрмеңке, тарқап кетіп, базарымыз.

Аһ ұрсам, от шыққандай лебізінен,  
Қайғының құтылмадық теңізінен.  
Пендесін күшті Құдай өзі есіркеп,  
Сақтасын егізі мен сегізінен.

Бұл дүние құтқармайтын тозақ болды,  
Жұртқа- қысқа, бізге күн ұзақ болды.

---

---

Басынан жүрегіңнің оты өткен соң,  
Ұсынып өз қолынан жөнелткен соң.  
Ауызға адам алмас ащы дария,  
Не керек ішіндегі дүр кеткен соң?!

От шығып өз-өзінен тұтанған соң,  
Сөнбейді жүрек оты бір жанған соң.  
Бұлбұл құс болып қалар торғайдан қор,  
От түсіп гүлстанын, өрт алған соң!

Не пайда көздің тұрған шарасынан,  
Айрылса көрер ақ пен қарасынан!  
Жаннат деген бір сарай даладағы  
Айырылса түбі атлық ағашынан!

Жатырмыз арқан, жіпсіз біз байланып,  
Қылған іс оңға келмес ыңғайланып.  
Барында бәрі бірдей толған қайттің,  
Оны термей қалған соң, теріс айналып?!

Суырылды сиқан ағаш қазығымыз,  
Бір пейіл болып жақпас жазығымыз!  
Ішпей-жемей тоятын азық кетіп,  
Қайғы-ғам: болды біздің азығымыз!

Түсерсің, түгел тұрса, миың баста,  
Бермегейсің пендеңе өлім қыршын жаста!  
Зарымды мұңым менен айтсам тамам,  
Езіліп, су боп ағар қара тас та!

Айтуға бәрін аузым бата алмаған,  
Ішіме түгел сыйып жата алмаған.  
Жалғанды онан қиын не бар дейсің,  
Қызығын аз өмірдің тата алмаған?!

"Шынымен менің дәмім бітті ме?!"-деп,  
"Тағдырым, жасқа толмай, жетті ме?!"- деп.  
Өтерде алас ұрып талпынады:  
"Өз күшін байқайын,-деп,-кетті ме?!"-деп.

Жұбатқан аз ғана күн көңіл бөліп,  
Біледі- көрген пенде сүйгені өліп.  
Қайрат қып сау кісідей тырысады,  
Орнынан жатқан өзі тұра келіп.

"Сұм жалған, қалдың ба, - дүние-боқ!" - деп,  
"Мұнан соң жарық дүние маған жоқ!" -деп.  
"Бір көріп кең дүниені қалайын!" -деп,  
"Далаға- ерікке қоймай-алып шық!" -деп.

Пендесін жібермейді бір қайырмай,  
Түк кеспес төске салып, Құдай ұрмай!  
"Ақыры көргенімнің-міне, осы" -деп,  
Қарайды сүйгенінен көз айырмай!

Әлсіреп, жатыр шаршап кетіп есі,  
Құлпырып, неше түрге кіріп түсі!  
Шын көңіл дәл сол кезде жек көрмейді,  
Қалатын айырып алар болса кісі.

Өзінің байқап болды барлық күшін,  
Әл-қуат, тегіс алып, ақыл-есін.  
Жұмады енді көзін мойынсұнып,  
Жалғаннан шын кетерін білгені үшін.

Күш-қуат өлер жаннан кетті [сол]жай,  
Әл қайда оған енді бұрынғыдай?!  
Алақтап сондай сасып қысылғанда,  
Өзің бол есіркеуші, патша-Құдай!

Осының бәрі болды-ау өз алдымда,  
Мен бұған қылып тағат тұра алдым ба?!  
Дәнеме қыла алмадым, текке отырдым,  
Ұсынып, жүре берді көз алдымда!

Әуелде тәуір көріп неге сүйдім?!  
Алланың ғайратына өзім тидім!  
Басқаны бір Құдайдан сүйгендіктен,  
Сол үшін бұл жалғанда отқа күйдім!

Рахматың есіл-дертім- сағынғаным,  
Иа, Құдай, бір өзіңсің-табынғаным!  
Фазылыңмен ғафу айлап кешіре гөр,  
Аса сөз- артық сөйлеп, жаңылғаным!

Білместік, әр кемшілік- бәрі бізде,  
Ауыздан түзулік жоқ шыққан сөзде!  
Әр не десек, жалынып, жалпаю да  
Жоқ кезі түзуліктің есімізде.

Әбіддің-Қабыл ұрып басын жарған,  
Миы ағып, тілге келмей, өліп қалған.  
Жетпіс ұл, жетпіс қызы керек қылмай,  
Аһ ұрып, Адам ата есін танған.

"Шырағым, шырай жүзлі, ұзын бойлым,  
Қош қылық, балдан тәтті-ғақыл-ойлым!  
Суалтып ата-анаңды қан қақсатып,  
Қуантып жаттың ба-деп- жердің қойнын!"

Жоқ па еді ұл мен қыз онан өзге,  
Ешбірі көрінбеген одан өзге!  
Жоқ болып онан өзге көрінбеген  
Бір ұшқын шоқ боп келіп түтін бізге!

Екенін Жақып (Иақып)нәби, білемісің,  
Неше жыл қан қақсатты Жүсіп (Иүсіф) үшін.  
Айрылып екі көзден отырып қапты  
Таныпты бұл қайғыдан ғақыл есін.

1910 ж.



## Шайтанның саудасы

Сөз қылып жаза бердім жоқтан, бардан,  
Далаға от жандырдым қалап қардан.  
Бір нақыл жұртқа таңсық жәдігер (иәдігер) сөз:  
Хазіреті Ғайса рухолла пайғамбардан.

Бос сөзді ауызға алып айтпаймыз біз,  
Ынсапты (несаплы) шын құлақтан тыңдаңыз сіз.  
Базарға жұрт жиылған келе жатса (иатсан)[1]-  
Лағынға жол үстінде ұшырапты кез.

Қысқа айттым, қылмай мылжың сөзді ұзартып,  
Тыңдаушы кетпесін деп жалқау (иалқау) тартып.  
Ол малғұн келеді екен жолмен (иолмен) айдап,  
Он қашыр, бес есекке жүгін (иүгін) артып.

-Жаныңа шын сөйлесең пайда,- дейді,  
-Дінің қатты, құр тілің майда,- дейді.  
Сұрады тақсыр Ғайса тұра қалып:  
-Барасың, лағын, айтшы, қайда?- дейді[2].

-Сен шықтың тура жолдан асып- дейді,  
-Біздерге жол қисығы несіп (нәсіп)- дейді.  
-Жалпақ жұрт барып тұрған ол базарға[3],  
Барамын мен де қыла кәсіп!- дейді.

-Топыраққа бас ұрмаймын!- деп,-қылып ар,  
Бұрынғы дәуреніңе сен болдың зар.  
Жұрт барса, тері-терсек, жүн сатады[4],  
Сататын, малғұн, сенің не пұлың бар?

-Жүгім бар, көрмейсің бе он бес көлік,  
Келемін хайуанға артып екі түлік.  
Жұрттың тыйышын, бүтінін ойламаймын[5],  
Саламын бас қосылған жерге бүлік[6].

-Қашырды есек пенен танып тұрмын,  
Өтірікті шындай қылып, нанып тұрмын.  
Біле алмай артқан жүгің не екенін,  
Тамаша қайран-асыр қалып тұрмын.

-Артқаным бір есекке- ылғи жалған,  
Жалғанда өтірік жоқ бұдан қалған.  
Нанбасаң, еріп бірге, көр көзіңмен,  
Базарға қызығымды қалай салған!

Жүгім бар бір есекте мікір-хайла [7],  
Мұнымен келтіремін үлкен пайда.  
Бір тиынға он тиын пайда аламын,  
Көптің басы қосылған жиын- тойда[8].

Күншілдік бір есекке тиеп артқан,  
Жібек, кеңдір арқанмен бұрап тартқан[9].  
Базарға бұдан бұрын көп барғанмын,  
Жерім жоқ бұл саудадан залал тартқан.

Артқаным бір есекке- өңкей зорлық,  
Есепсіз мал табамын, қылмай ұрлық.  
Мен алмай, оның малын кім алады,  
Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.

Пайдасыз бос орынға жүрмейміз тек,  
Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.  
Мастанып артқандықтан төкаппарлық,  
Жүре алмай бара жатыр мынау есек.

Естумен тақсыр Ғайса таң қалады,  
Көрумен, көңіл көзбен аңғарады[10]:  
-Киер киім, ішер ас, тамақ емес,  
Керек қып бұларыңды кім алады?

-Базарға айдап барып салсам қатар,  
Алдымен жетіп келер алыпсатар.  
Түк қоймай өтірігімнен талап алып,  
О да алдап көрінгенді, дәмін татар.

Көтерме өтірікпен менен алған,  
Бар күшінше олар да сөйлер жалған.  
Кім[де] болса жалғанда сол әкетер,  
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?!

Білмейді ешкім менің қулығымды,  
Майлықпен көріп бірдей сулығымды.  
Қатынның ең жаманы от әкетер,  
Талаумен мекер-хайла қулығымды.

Зақун жоқ мұны босқа қалдыруға,  
Оларға өзім ерікті алдыруға.  
Білмейтін дәнемені жаман ұстар,  
Мекермен алдап байын нандыруға.

Базарға алып барсаң нең қалады,  
Қараумен әр нәрсеге көз салады.  
Білмейтін күншілдіктің қадір құнын,  
Оқыған көп оқуды молда алады.

Шаршарсың базар барсаң, басың қатып,  
Сөйлеп тұр өз білгенін әркім шатып.  
Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,  
Зорлықты алады пұлға сатып.

Неге болыс болады малын шашып,  
Қашан болып шыққанша жанталасып.  
Текке тиын біреуге кім береді,  
Зорлықпенен алмаса үкімі асып?!

Қарсы келсе бетіне, басын шайнар,  
Құнсыз, пұлсыз кедейдің соры қайнар.  
Өзі апарып ұлыққа тығар малын,  
Ішпес, жемес, шық бермес Шығайбайлар.

Біреуден біреу пұттап май алады,  
Біреу- қой, біреу тайынша, тай алады.  
Төкаппарлық жүгімді қалтасы мол[11],  
Жетілген надандыққа бай алады.

Томпитып қалтасына ақша сыймай[12],  
Беруге ешбір жанға көзі қимай.  
Алған соң төкаппарлық менен сатып,  
Дүрдиіп өз үйіне өзі сыймай[13].

Бай біткен болғандықтан қара бауыр,  
Арқасы ер салмастан болар жауыр.  
Не айтып, не қойғанын білмес өзі,  
Тырнадай өзін-өзі біліп ауыр.

Сиырдай жүреді де [дәл] болған құрт,  
Көмейде жоқ бос сөзбен толтырып ұрт.  
Желбірер еңтігумен екі танау,  
Семіз деп құр көрумен айтсын деп жұрт.

Жүргенін білмес өзі батпақ саздап,  
Үлкендік айтып қояр аздап-аздап.  
Арлан тазы бұтындай бұлтиюмен,  
Едірейіп екі көз шыға жаздап.

Файса айтты:

- Тоқта, малғұн, болды!- деді,
  - Айтқан сөзің бәрі орынға қонды,- деді.
  - Апарып оны қайда өткізесің,
- Он қашыр тиеп артқан пұлды?- деді.

- Бұл күнде тіліңді алған жас пен кәрі,  
Азған жұртқа боп тұрсың бір ем дәрі.  
Жүгің не он қашырға артып алған,  
Немене толып жатқан соның бәрі?!

- Ол бір жүк шиыр емес, соны,- дейді,  
- Бұлардан он есе артық құны!- дейді [14].  
Бұл жерде алушы жоқ, шаршамаймын,  
Өткізіп қайтқанда айтам оны!- дейді.

Мұнымен шайтан- лағын базар барды,  
Он бес көлік жүкпенен топты жарды.  
Лезде апа-сапа қылды бәрін,  
Ұйқы-тұйқы көбейтіп дауды-шарды.

Алдынан алушылар даяр етті,  
Қолдан-қолға түсірмей талап кетті.  
Қайтқанда тағы ұшырады рухоллаға,  
Мән- жайын саудасының кеңес етті.

Бес есек өз-өзінің орнына өтті,  
Жүк еді он қашырда бір ретті,  
Артқаным бәріне де тамиг [15] еді,  
Біреуін тіленшілер талап кетті.

Иініне әуел келіп қоржын салған алды,  
Қайыр сұрап жұрт тыйышын алған алды.  
Пірге қол берген сопы, бірәдарлар,  
Жұрттан пұл жинап, қажыға барған алды.

Бір қашыр жүк бәріне түгел жетті,  
Тоғызы өтпей біраз тентіретті.  
Қожа, молда, ишандар елді жеген,  
Дағдарып тұрған шақта солар жетті.

Ақсақал,қажы, қожа саттым шалға,  
Бейнетпен мал таппаған жүріп жалға.  
Қожа, молда көтеріп алды бәрін,  
Еңбексіз тапқан жұрттан тегін малға.

- Біз үйде қалай шыдап жатамыз! - деп,  
- Мұны алсаң, қарық олжаға батамыз! - деп.  
- Шайтаннан көтерме алған бұл тамифты,  
Қыдырып үйден-үйге сатамыз! - деп.

Бұл пұлмен бірі мешіт салмақ болды,  
Бірі мүлгіп ишан боп қалмақ болды.  
Біреуде шай, біреуде ет қайнаттырып,  
Жұрттан пайда шығарып алмақ болды.

Олардың және айтайын қылған ісін,  
Кейбіреуі бұлдайды сатып терісін.  
Бас-басына бір мүсуәк [16] омырауында  
Егеп өткір қылуға тамиф тісін.

Басына дағарадай сәлде салды,  
Жұрт қоршап, ой тақсыр деп, ортаға алды.  
Түлкінің құйрығындай бұлаңдатып,  
Құйрығымен сәлденің тапты малды.

Тәспіні жыбыр-жыбыр серпіп тастап,  
Надандық қисық, қыңыр жолға бастап.  
Онысы жерге шашқан бидай, тары,  
Торғайды келу үшін торғай бастап.

Бұлардың қылған ісін қылмай өзі,  
Құйылған кеудесіне шайтан сөзі.  
Мол қылып, жайнамазды жайып салып,  
Алғуам, кәл һауамға [17] жайған торы.

Мал табу бәрінің де болып қасты  
Мал сойғыш, мырза атанып қазан асты.  
Жұрттың басын шынжырлап айналдыру,  
Мақсаты сол: мойнына Құран асты.

Тамиғ үшін түгел тауып қару-жарақ,  
Наданға жасап алып, бұдан арақ.  
Тамиғтың тырнауышы болсын деп сол,  
Қажы барып алып келген сақал тарақ.

Қапшығын қайыршылық тоқып алған,  
Өнер жоқ бұлар білмей қапы қалған.  
Жұрттан зекет алуды дұрыстауға,  
Байлар бала оқытты жиып жалған.

Бір табақ ет пенен шай беріп пара,  
Үміті сонда қылған бір-бір қара.  
Жүзіқараның айтам деп арсыздығын,  
Қылмайын ақ қағаздың жүзін қара.

Шайтаннан қылды сауда көтерме алып,  
Орнына бұлар жүрді шайтан қалып.  
Жүзіқараның айтам деп арсыздығын,  
Сияға былғамайын қалам малып.

Армансыз кім кетпейді бұл жалғаннан,  
Бұл шіркін опасы жоқ дүние жалған!  
Атамыз Адамды топырақтан Иарұл жаратып,  
Қоймай дүние диттан да алған.

Онан кейін келгені- Нух Нәби,  
Опасыз бұл жалғанда жүрген көне (кәні)?!  
Биопасыз панилығын білгеннен соң,  
Қарамай алды-артына кетті бәрі.

Қағазға жаза берсем кетер сыймай,  
Біз жүрміз дем таусылғанша дүние қимай!  
Өлместей боп дүниеде біз жүреміз,  
Барамыз әлі күнге нәпсі тыймай!

Байқамай жазып өттім бес-алты жол,  
Еркіме қоймаған соң сырғанап қол[18].  
Ақ қағаз, қара сия қосып басын,  
Түсірдім жұрт көзіне, риза бол!

Дін қайда, осы күнде ғылым қайда,  
Тұрған жоқ анық көңіл бір Құдайда!  
Лақ, тоқты алам деп жүрген жаннан,  
Ойлайсың тиеді деп кімге пайда.

Дүниеден қалған жан жоқ аяп күшін,  
Қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін.  
Айт, тауып жастанайын босағасын,  
Молданы бала оқытқан құдай үшін.

Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,  
Ешкімді күйдірмеймін тіпті неген.  
Кісі тап та, айт маған, жаным құрбан,  
Анық тілмен, шын көңілмен Құдай деген.

Айтсақ тілді алмайды қатын-бала,  
Енді мұны айтамын кімге ғана.  
Өзіңді "жынды" дейді, "шайтан" дейді.  
Не қылсаң, қылдың өзің Хақ-тағала!

Бет алдыма мен лақтым аузым жаппай,  
Бетімді жіберген соң ешкім қақпай.  
Хақлық пен туралықта тұрамын деп,  
Жалғанда жалғыз қалдым, жанға жақпай!



Ежелден болып өстім байға өш, қас,  
Қожа, молда, ишандар- бәрі бір бас.  
Қатын-бала солармен қабат бірге,  
Далада жалғыз қалған мен тесік тас.

Тас едім жергілікті құдай тескен,  
Жалғанда жан емеспін көңілім өскен.  
Белгісіз не екенім болып бір жан,  
Кісі боп бір жерім жоқ көзге түскен.

Кісі боп шықпасам да өзім қырға,  
Айтқан сөзім құлаққа болды сырға.  
Сусынын қандырарлық болдым кеңес,  
Еділ, Жайық, Ертіс пен дария Сырға [19].

Деймісің тесілген тас жерде қалар,  
Шамшырақ Хақ жандырған саулап жанар.  
Асыл, жасық екенін білмесе де,  
Шелекке тағуға біреу алар.

Он жаста қалам ұстап, жаздым хатты,  
Дүниеде көрдім бәрін қатты-тәтті[20].  
Ат беріп, ақша беріп алғаным жоқ,  
Жүзінде бұл жалғанның Мәшһүр атты[21].

Бұл атты жоқтан бар ғып тәңірім шашты,  
Сөзімді жұрт сырға қып құлаққа асты.  
Бойтұмар басқаларға болған сөзім  
Өзімді қылмас тіпті аяқ асты.

Мен өзім өз сөзіммен уанамын,  
Ләйлі[22] жоқ, қоржын да жоқ диуанамын.  
Көрінбесем иләһи[23] көрінбейін,  
Ешкім көрек қылмаса қуанамын!

1910 ж.

## "Мәшһүр" атты қалай алғандығы туралы

Жалғанда бір еңбегім жанбаған жан,  
Тілімді жан деп адам алмаған жан.  
Тапталып надандардың табанында,  
Сәулесі, болмас мендей, қалмаған жан[1].

Атамыз берген екен әуел баста,  
Мектепке доңыз жылы дәл бес жаста.  
"Ысмайыл қызыл ағашы"- деген жерде  
Бес шақырым жерде ауыл: Бұзаутаста.

Медресе Баянаула қаласында,  
Амалсыз, атаң қайтса, қаласың да.  
Ойлайсың:" "Кім болды,-деп,-бізден кәріп,  
Жиылған көп шәкірттің арасында?!"

Сонда молда Нәжмеддин хазірет екен,  
Дәл сол қыс Баянтауды қылған мекен.  
Қалаға бір қыс қыстап, пәтер алып[2],  
Сәтқожа екен, молда ұстап, қылған дүкен.

Бес жаста несіп болып бізге дүкен,  
Биқисап көрдік тағы қанша тікен?!  
Нәжмеддин хазірет сүйіп шын көңілімен:  
"Бұхарлығым!"- деп лепес қылған екен.

Бел босанбай өмірде бүгілуден,  
Көз жасы бір тыйылмай төгілуден.  
Себебі: "Бұхарлығым" - деп айтқаны,  
Қаққан қазық сияқты жүгінуден.

Артына мінгестіріп алып келді,  
Бес жаста бес шақырым жерге берді.  
Ал, әкесі қайтқанда енді үйіне,  
Соңынан жүгірмей ме жас бала енді?!

Атамыз дін жолына белін бұды,  
Бұл Мәшһүр сол секілді ерден туды.  
Көшенің қақ басынан қуғанынан,  
Жеткенше медресеге атпен қуды.

Басқа қамшы тиген соң, жаман састым,  
Қорғаларға жер таппай, әбден қаштым!  
Медресеге қуып кеп, бір-ақ тықты,  
Қайтып әкем деместей, амандастым.

Байжан хазірет көшесі- қуған көше,  
Қамшымен шықпыртқандай әлденеше.  
Енесінен түңілген жас қозыдай,  
Кім ойлапты: "Бар ғой,- деп- әке-шеше!"

Ұмытпаймын: торы ат бар сонда астында,  
Атамыз шын ниеті дін қасында.  
"Кел, түйебас қылайық!"- деп балалар,  
Біз жатамыз бәрінің ең астында.

Ауыл әлі баяғы Бұзаутаста,  
Балалардың таяғы біздің баста.  
Шөкелуғлы Дүржанбай халфе болды-  
Келер жылы, онда біз алты жаста.

"Жеті жаста,-деп сұра- болдың қайда?"  
Дүние-жастан келген жоқ бізге майда.  
Төртуыл-халфе тұрған Қызылтауда,  
Орманшы- "Қожан сопы"- деген жайда.

Туғаннан кәріптікті тудық ұстай,  
Адасқан, бау-бақшадан, бұлбұл құстай.  
Халфенің Бибісінен сабақ алып,  
Өткіздік өмір сонда ала қыстай.

"Болам-деп-тірі жетім!"-кім ойлаған?!  
Бізді үйге-ата-анамыз бір қоймаған.  
Жерден майда, біз жұмсақ болдық сол күн,  
Балалар үстімізде көп ойнаған.

"Шар кітап"- алты жаста ұстағаным,  
Сол күнде өлең жаттап қостағаным.  
Екі жыл-Баян, бір жыл Қызылтауда,  
Үш жылдай түнеп түзге қыстағаным.

Үйреніп бала жастан білдім тілді,  
Сабадым шар кітапты мен жатқа енді.  
Үш жастан соң орнығып көре алмадым,  
Туған жер мен ағайын, бауыр елді.

Қой жылы бала екенмін жерге түскен,  
Кіндігім Қызылтауда Тоқтық кескен.  
Тауықта жұтап қалып малдан таза,  
Жаз шыға Баянаула тауға көшкен.

"Мәні"-оқыған жоқ менен басқа бала,  
Араб, парсы өлеңді жатқа және (жана).  
Самардай қақсағаным-бар жазығым,  
Үш жылдай жер аударды ата-ана.

Бір жерде жын бар десе, "оқу"-атты,  
Жалма-жан даярлайды әкем атты.  
"Тимеші, үйде отырсын!"-деп, айтпайды,  
Шешем қандай, мінезі тастан қатты?!

Көзім жасын Құдайым иген емес,  
Жастан маған жақсы орын тиген емес.  
Бір жыл жатып бір жерде, келсем үйге,  
Шешем иіскеп, бетімнен сүйген емес.

Жас та болып көргем жоқ құнды, пұлды,  
Бала біткен бәрі де менен оңды.  
Талай елдің баласы тулақ қылған,  
Қыс болса үстімдегі қатқан тонды.

Ауызы ашықтар аямай көп сабайды,  
Пейіліме өзімнің дөп сабайды.  
"Сен сабақты аласың жылдам-жылдам,  
Бізге молда ұрсады!" - деп, сабайды.

Жазығым сол: зерекпін, неген емен,  
Несие сөз жасымнан деген емен.  
Сабақ білмей, болмаса ойын ойнап,  
Мен таяқты молдадан жеген емен.

Ас келмейді алдыма толық аяқ,  
Бес пен алты, жетіде жүрдім саяқ.  
Қайда басы құралған көп баладан,  
Тойып жүрдім жеуменен күнде таяқ.

Бейнет беру жағына Құдай мырза,  
Құдай өзі берген соң, ни как нельзя!  
Ойнағаны- қылады ақтүйебас,  
Шындағаны-шыңғырған даусыма риза.

Алды-артымда серік жоқ, жалғыз өстім,  
Бес жаста кәріплікке тұтқын түстім.  
Жаға кір, шыбын-маса бізде қонақ,  
Жең дал-дал, түте-түте болып өстім.

Бір үш жыл ұдайымен солайша өтті,  
Өлмей тірі жүрумен сегіз жетті.  
Құдіреті Құдайымның еріксіз айдап,  
Келтірді Баянтауға хазіретті.

Атамыз үй салуға талап етті,  
Бала үшін күзетем деп бір мешітті.  
Тауық жылы салам деп бастаған үй,  
Кемдікпен шатырсыз боп, сол жыл бітті.

Қыстады мешіт түбін, салған үйін,  
Көңілінде бізді оқыту болып түйін.  
Молдасы, Дүржанбай, халфе-салпе,  
Олардың біз тауыстық гөй-гөй күйін.

Тұрмай ма Баянтауда хазірет енді,  
Мерген Жақып үйіне пәтерге енді.  
Гөй-гөйді тауыстым гой деп тұрғанда,  
Өмірге таусылмайтын дөй-дөй келді.

Елудің тоғызына келген жасы,  
Он тоғызда, жалғыз ұл, бар баласы.  
Бір қызы бар тоғыз жасар Бибісінен,  
Төрт-ақ жан бір үйлі болған басы.

Қалаға, Баянаула, бүгін келді,  
Апарып ертеңіне мені берді.  
Менен басқа оқыған бір бала жоқ,  
Жарыдым мен өке мен шешеге енді.

"Биданнан бек біл!" - деумен сабақ берді,  
Мен екі айтқызбаймын бір сөзді енді.  
Ағузы, бисмилланы мәнісімен,  
Қызығып үйрететін жөні келді.

Ғылымды он екі пән өзі білді,  
Кісі еді: сөзге ұста, шешен тілді.  
Айтқанын доптай қағып түсірмейтін,  
Алдына дәл өзіндей бала келді.

Еңбегін жандыруға Құдай берді,  
Кезсе де, көре алмаған талай жерді.  
Сөзі жерде қалмасын білгеннен соң,  
Үйретті күн-түн демей төгіп енді.

Баласын серік қылып бірге қосты,  
Берген соң Құдай қолға қыран құсты.  
Құлболды- ишан баласы: Фазыл, Мағзұм [3],  
Өткіздік осы үшеуміз бір жыл қысты.

Көз, көңіл құлын жастан нұрға тойған,  
Таусылмас көл, теңіз қып Құдай қойған.  
"Хазіреттен сабақ алып, оқысын!"-деп,  
Күттіріп [көшіріп] Мұса мырза бір қыс қойған.

Сойдырып ту бие мен семіз тайды,  
Үйдіріп жан-жағына қант пен шайды.  
"Алдында тіке тұрып, [қызмет қыл] күтіп тұр!"-деп,  
Сатылған, жалдап берген, Баянайды.

Жарасып екі Мағзұм қатар жүрген,  
Сауық пен, ойнап-күліп, дәурен сүрген.  
Біз жүрдік екеуінің ортасында,  
Итіндей Асқап, Көһап соңына ерген.

Не керек енді бізге: ұйқы, тамақ?  
Ет жеусіз тұрумен[ен] қалды табақ.  
Үш-ақ жанбыз ең алғаш келген жылы,  
Хазіреттен ала қыстай алған сабақ.

Сол қыста көзі ауырып, хазірет жатты,  
Қиналып өз жанына жаман батты.  
Немене "Бидан"- деген сөз бе оларға,  
Жатқа айтып, жүндей сабап тарсылдатты.

Жазады үйренгенін Мәшһүр хатқа,  
Өлеңді жүре берді соғып жатқа.  
"Бір бала іштен қақсай туыпты!" - деп,  
Ілінді жұрт аузына сол күнде атқа.

Ал, енді аға бердік болып бұлақ,  
Бермедік тыңдаушыға тыныс, қонақ.  
"Сарып, нақу" - деген оқу бар екенін,  
Қазақта естімеген бұрын құлақ.

Нұр болғыр жатқан жайың, қайран, Мұса!  
Балалар, шамаң келсе, маған ұқса!  
Жазылған хат жүзіне қаламменен,  
Қазақта еш болмаған өлең, қисса.

"Тарғын" мен "Қозы Көрпеш" шықпай ма енді?!  
Кім білген оқып бұрын мұндай тілді.  
Өлеңі "Төрт жігіттің" - қосақталып,  
Хазіреттің үйіменен бірге келді.

Көргеннен оны Мәшһүр жазып алды,  
Соқтырып жұрт алдына жатқа салды.  
Ауызынан сілекейі шұбырумен,  
Тамаша, естіген жан (жұрт) аң-таң қалды.

"Сөйле!" - деп, ұмтылып тұр біздің өңеш,  
Тілім тағы тақылдақ, көмес емес.  
"Көпейдің бір баласы қақсап тұр" - деп,  
Сол күнде жұрт аузында болдым кеңес.

Күні еді аға сұлтан сол күнде енді,  
Баянтау қаласына Мұса келді.  
Алдына көремін деп алдырғанда,  
Тынбастан жазған Мәшһүр қақсай берді.



Парасат нұрыменен әбден білді:  
- Қаққай,-деп,-Құдай мұнан көз бен тілді!  
- Мынау Мәшһүр болатын бала екен!-деп,  
Ер назары тиюмен нәфіс қылды[4].

- Ей, сопы, бұл балаңды жақсы бақ!-деп,  
- Не болсын мұнан артық тіл мен жақ?!- деп.  
Аяумен мейірі түсіп, бұлайша айтты:  
- Балаңа мұнан былай үкі тақ!-деп.

- Жалғанда аз күн тірі тұрсын!-дейді,  
- Қандырар талай құлақ құршын!-дейді.  
- Мынау не ғып тұр деп сілтемеді,  
Бақыр-ай, көп жасағыр, болсын!-дейді [5].

Сол күнде айтқан сөзім жұртқа жақты,  
Ерлер, назар қылған соң сондай бақты.  
Қызының басындағы бір тал шоғын,  
Қолымен Бибі Мәриям өзі тақты.

Табылды маған қамқор ата-ана,  
Туысқан бауырдай боп Мағзұм және (жана).  
Көз ашылды, жүзіме нұр шашылды,  
Сүйкімді, көрінгенге, болдым бала.

Бетімді бір жан енді қаққан емес,  
Ұстазға ешкім мендей жаққан емес,  
Ұстаздың жамағаты қойнындағы,  
Қызынан бір елі кем баққан емес.

Көңілімде сайрап тұрған бәрі дайын,  
Менен аяп көрген жоқ көздің майын.  
Фабдолла, халфе қызы- Бибі Мәриям,  
Аты аузымнан қалмайды жұма сайын.

Солардың сонда түскен махаббаты,  
Сүйсінген, артылумен жан ләззаты.  
Ерден, пірден ілтипат, назар болып,  
Мәшһүрдің жұрт аузында қалған аты.

Қыс өтті, жер жібіді, жердің үсті,  
Қаладан хазірет үйі елге көшті.  
Мұстафа- болыс, Мұса-дуанбасы  
Шорманның ордасына барып түсті.

Дүниеде табылған соң мұндай молда,  
Атамыз не сақтасын бізді қолда?!  
Бір көк қасқа құнанға мінгізді де,  
Апарып тастап кетті тағы сонда.

Мұстафа Шорманұлы, өзі- болыс,  
Ұстаған молдасы бар, молда Жүніс.  
Күтуге хазірет үйін міндеттеніп,  
Бір жазша іргесінөн берген қоныс.

Хазіреттен оқымайды ұсақ бала,  
Бала жоқ менен басқа тағы және.  
Мұқтасар, Шарық Ғабдолла қоса оқумен,  
Оны есе тұтпаймын, деп: "Аз ғана!"

Хазіреттің он жас үлкен ұлы менен,  
Және артық қадір, пұлы, құны менен.  
Шорманның көп тобына кіргеннен соң,  
Мен қалай бір жүре алам оныменен?!

Мәшһүрдің жас шамасы тоғыз кезі,  
Менімен түйдей құрдас жалғыз қызы.  
Ұл мен қыз бірге жүріп көрген бар ма,  
Қаңғыды тағы Мәшһүр жалғыз өзі.

Үй тола бала оқытқан молда Жүніс,  
Барады қаңғып Мәшһүр қылып жүріс.  
Барғанмен үндемей жай отыра ма,  
Шықпай ма айтысумен жанжал, керіс?!

Ауызын "ә" дегізіп, аштырмаймын,  
Айтысуға келгенде, бас бұрмаймын.  
Хазіреттен естіп, білген жат сөзбенен,  
Бала түгіл молдасын бастырмаймын.

"Ей, сені ме?!" -десумен кіжінеді,  
Мәшһүрдің өзі не еді, сөзі не еді?!  
Тамам бала оқудан шығып алса,  
Жазған Мәшһүр тапталып езіледі.

"Ал, қылайық, - деседі, - ақтүйебас!"  
Мәшһүрдің бір шықпайды көзінен жас.  
Ең аяған-астынан тұрғызып ап,  
Бар болған болысқаны: "Ал, -дейді -қаш!"

Маған сонда жоқ шығар тимеген қол,  
Мұстафада бықыған ұл мен қыз мол.  
Бір Ақбура: хазіреттің жалшысы бар,  
Адамзатта аяйтын жалғыз-ақ сол!

Аяғанмен жете ме әлі көпке,  
Бір өшіксе, көп бала көне ме епке?!  
Балалықта басымнан өткен күнді,  
Қалай тізіп сөйлейін бәрін жіпке[6]?!

Аямастан Құдайдың бергенін біл,  
Қыздар қалды тірідей әр жерде тұл.  
Сонда аямай-ашымай ұрған жандар,  
Тіке тұрды алдыма қусырып қол.

Айналайын Құдайдан қылған мұндай,  
Сол кезде жүргем жоқ болып жымдай.  
Кім кетіпті үндемей сырт айналып,  
Тиген жанды қып-қызыл шие қылмай?!

Бала жастан емдедік талай тазды,  
Саған, Мәшһүр, обал жоқ өзіңе аз-ды!  
Хазіреттің үйі сонда жүруменен[7],  
Сол ауылда өткіздік екі-үш жазды.

Өсумен Баянтаудың қаласында,  
Құдайдың жан сақтаумен панасында.  
Не берсе де Құдайдың берген бағы,  
Сегіз бенен он бестің арасында.

Кеудеге он бес жаста ғылым толды,  
Толумен тасып кетіп өлең қонды.  
Әш-шәһрият апатқа татбиқ келіп,  
Апат сол жұрт аузында Мәшһүр болды.

Кеудені кеткеннен соң өлең кернеп,  
Ой кетті бет алдына сай-сайды өрлеп.  
Бас жоқ, көз жоқ, бет алды шаба бердік,  
Кім болдырып көріпті көзі терлеп?!

Біледі мұны тегіс бұл Орта жүз,  
Жаз өтсе, тақау тұр ғой соңында күз.  
Қыздарға тұмар қылып тақтыруға,  
Өлеңменен ғашықлықтан қозғадық сөз.

Құдайдың, міне, шебер құдіретін көр,  
Білмедік қайда екенін есік пен төр.  
Өлеңін ғашықтықтың сезіп қалып,  
Атамыз он алтыда аударды жер.

Бұлбұлдай қақсаған соң күн-түн сайрап,  
Бекітіп тұра алмадық тілді байлап.  
"Бала оқыт, мал тауып бер, тұрма үйде!" - деп,  
Жіберді жер сібір қып еріксіз айдап.

Ғашықлық, нем бар еді қыспай көтті?!  
Өз тілім, өз басыма көп пәле етті.  
Атаның қылған ісі мирас болып,  
Сонымен жер сібір боп өмір өтті.

Жиырма тоғыз жаста Бұхар бардым,  
Басымнан арылмастай сыбаға алдым.  
Дамолда, Хамза қожа кездей ұшырап,  
Тоғыз ай сонда алдында тұрып қалдым.

Бес жаста бисмилла айтып, жаздым хатты,  
Бұл дүние тастай маған келді қатты[8].  
Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,  
Мұса еді қосақтаған "Мәшһүр" атты.

Ілтипат көп жақсылар етіп еді,  
Шарапат ұстаз пірден жетіп еді.  
Ұстазым Қамар хазірет сүйгендікпен:  
"Уай, құзғын-ай!" - деуменен кетіп еді.

Таппады жаным сая күйгенінен,  
Маңдайға, тоқталмадым, тигенінен.  
Дамолда хазірет күліп әр сөзіме:  
"Уай, әулие!" - деуші еді, сүйгенінен.

Қолдаған әр орында ғайып пірім,  
Тарқаған сөз сөйлеумен іште шерім.  
Қайда барсам жоқ болған бұл жаһанда  
Ұстазға жеккөрінішті болған жерім.

Деп кеткен біреуі "жынды", біреуі "бақсы",  
Бір кісі көпке қалай ұнамақшы?!  
Ташкенттегі ұстазым осы күнгі  
Ықыласымды қош алып, көрген жақсы.

Келеді шығып жаңа ащы терім,  
Шабуға бүктетіліп жетпей жерім.  
Күндіз-түнде басыма пана болған,  
Қожай- баһауалдин кәміл пірім.

Жүрген, тұрған жерімнен пәле қашқан,  
Тас басып, қанша қиын таудан асқан[9]?!  
Жанкешті: "қыр қыдырған, су сыдырған",  
Қыдырдың қыдырғанда, ізін басқан!

Қаңғырып жүргендіктен, жүрген саяқ,  
Жерім көп әр орында жеген таяқ.  
Құдайға шүкір, Хақтың пендесімін  
Мейірбан төккен лұтын аямай-ақ.

Иншалла, сөзімде жоқ титтей жалған,  
Аузыма сөздің шынын Тәңірім салған.  
Лұтыхи қандай есепсіз көп болса да,  
Тағы өзі қаһарына сондай алған.

Жалғанда күйіп текке жасаған жас,  
Бойыма өмір бойы бір сіңбей ас.  
Ризамын қылған бәрін Ием өзі,  
Қысқаны, жадыратқаны- бәрі бір бас.

Мен өлеңді өмірімше өттім қоймай,  
Жібермес семіртумен және соймай.  
Қайғы ғам-бала жастан құмар ісім,  
Беруші өзі болған соң тіпті тоймай.

Ей, Алла, айналайын бергеніңе,  
Ғнбратпен, шын ықыласпен көргеніңе!  
Керексіз бұл жалғанға қылдың бір жан,  
Жүдемес, қажып ешкім өлгеніңе[10]!

Өлсең, саған, айтшы кім, қамығады?!  
Түсінбеген сөзіңе, шала ұғады[11].  
Тұра берсең жалғанда бұл қалыппен,  
Қатын, бала күтуден жалығады.

Бұл сөзімнің бәрі шын, жалғаным жоқ,  
Жалығумен тіпті өзім қалғаным жоқ.  
Бұл жалғанда көңіліме алған істі  
Қолым жетіп ешбірін алғаным жоқ.

Болмай кетті өмірімше маған тойым,  
Хат, қаламым, өлеңім-жылқы, қойым.  
Мен дегенде, жан біткен теріс айналып,  
Орнына кеп көрген жоқ ешбір ойым.

Бұхар бардым, еңбегім онда қалды,  
Ташкенттегі, жолдағы ел ұрлап алды.  
Қыдырсаң да дүниені, таба алмассың:  
Бір еңбегі жанбаған біздей жанды.

Кім-кімменен бас қоссам, ойы басқа,  
Үйде отырып жаримын өш пен қасқа.  
Үйде, түзде күн кештім жалғыздықпен,  
Жари алмай өмірімде бір жолдасқа!

Деп ойлап: "Алданбайын болмашыға",  
Білмедім бала күннен қырға шыға.  
Кеудеге қуат біткен кетіп қалып,  
Жерім жоқ хош көрінген ұрғашыға!

Жоғары қарай беріп, төмен бақпай,  
Өзімді-өзім жасқаншақ, қылып қақпай,  
Қара құлдың жұмысын қылмаған соң,  
Қатын деген халық, жұртқа кеттім (қалдым) жақпай.

Берген өнер құдайым тіл мен жақтан,  
Бұл-шын сөз, біледі жұрт, емес мақтан.  
Тіл мен жақтың қатынға керегі не,  
Құлды артық көретін жұрт мал мен бақтан.

Наданнан бойыңды алыс қылып, сақтан!  
Берілген ғылым, хикмет маған хақтан[12].  
Ақ жағыңнан көретін көзді жоқ боп,  
Өңшең соқыр қарайды қара жақтан!

Жүсіпті ақ жағынан Жақып көрді,  
Қырық жыл жылап, көзі ағып, өмір сүрді.  
Қара жағын көрумен ағалары  
Жойылтып, жоқ қылуға аңдып жүрді.

Керуенге бақыртумен құл деп сатты,  
Мысыр барып, зынданда нақақ жатты.  
Зылиқа ақ жағынан көріп қалып,  
Өрт болып өз-өзінен күйді қатты.

Бір жағың ақ болғанда, бір жақ- қара,  
Тәңірің солай жаратқан, бар ма шара?!  
Қара жақтан қараушы ортасында,  
Жалғыз қалдың сопайып, ей, бейшара!

Білгенге болды тамам, енді сөз жоқ,  
Елуден астың анық, саған жүз жоқ.  
Тұр мейлің, бұл жалғанда, жөнел мейлің,  
Ақ жағыңнан көретін бір де көз жоқ!



Жаудың басы өз нәпсің бермейді ерік,  
Қосақталып лағын тұр оған серік.  
Қанша айналсаң құдайдан, аз-ды саған,  
Дұшпаныңа осынша қылған жерік!

Білмей жүрсің жүгіңді мойныңдағы,  
Өмір бойы қанбаған ойың-дағы.  
Қара жақтан, қақ басы, қараушының  
Өмір-жолдас қатының қойныңдағы.

Қартаюмен жастарға болдың суық,  
Бас орнында бұл күнде- үрген қуық.  
Емен болсын, көтерсін, қалайша үйді,  
Іске жарап жалғанда жалғыз уық [13].

Жүрегіңнің басында қалды дағың,  
Күннен-күнге жуықтап өлер шағың.  
Ақ жағыңнан көруші жан жоқ болып,  
Аймағыңа айқын боп қара жағың!

Бұл жалғанның жүзінде көңілің өспей,  
Көрінгеннің жұртында қалдың көшпей.  
Қашан көзге көрінген асыл нәрсе  
Асылдықтан қор болдың, көзге түспей!

Бала күнде толумен кеудең нұрға,  
Мастықпен түсіп кеттің талай сорға.  
Шарқ ұрып ұшып жүрген дер күнінде,  
Зерек құстай жаңылып, түстің торға!

Еске түсті-ау басымнан кешкен күндер,  
Талай уын жалғанның ішкен күндер!  
Бопаламдап ішінде кетіп жатыр,  
Неше түрлі көкейді кескен күндер.

Тіршілік көрсетті бәрін мұның,  
Сен қазбалап сұрайсың несін оның?!  
Тілің сөйлеп, жүрегің ояңғанмен,  
Қайда жеткен созғанмен қысқа қолың?!

Текке шаршап, зарықпа, қызыл тілім!  
Салған мені бейнетке ғылым-білім.  
Зеректіктің сазайын көп тартумен [14],  
Қақсауменен дамылсыз өтті күнім.

Жарық сәуле көре алмай, бір таң атып,  
Кеткен күнді, айтасың, қашан батып!  
Сату, сою жағына жарамсыз боп,  
Қойға ере алмай қотанда қалдық жатып.

Арам болды жалғанда бізге базар,  
Тірілей көрге түсіп, болдық мазар.  
Міне, осындай мән-жайы кәріптердің (ғаріптардың),  
Шарапатты ерлерден тиген назар.

*29. III.1911 ж.*

## **Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге**

Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге,  
Жабырқап жабы малдай жүрген кезде.  
Қолына қалам, қағаз алғаннан соң,  
Толғанып кірді Мәшһүр сөйлер сөзге.

Жөнелді ұйытқып соққан қардай борап,  
Нәрсе емес, өлшеп, сатып, алған сұрап.  
Әр жерде бұрыннан-ақ босатпайтын,  
Ақ қағаз, қалам, сия алдымды орап.

Алдыма өлең жаз деп қағаз келген,  
Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген.

Кеудеме Құдай кеңес берген шақта,  
Қағазға он саусағым атша желген.

Кез келіп бояу, сия, қалам-қамыс,  
Болмады бұрынғыдай мына шабыс.  
Жасынан жер таныған жүйрік аяқ,  
Сонда да шашылмайды [1] аяқ алыс.

Қосылдым ат бәйгеге құлын-тайдан,  
Білмеймін кез болғанын маған қайдан?!  
Кеше мен бүгін болған Мәшһүр емес,  
Келеді ат атанып бірталайдан.

Қызыл тіл сөйлеуші еді желдей есіп,  
Жастықта жүрген күнде көңіл өсіп.  
Жарыстан талай топта озып жүрген,  
Жүргенде бәйге кердей күйге түсіп.

Жастықта қылдық күнә желіп, жортып,  
Керек қой қылсақ тәубе Хақтан қорқып.  
Қызығын жігітліктің көріп өттік,  
Киіктей оқыралаған орғып-орғып.

Барады өтіп ғұмыр аттай шауып,  
Жаңбырдай себелеген сөзім жауып.  
Бозбала, тірілікте қимылдап қал,  
Өрмектің асты-үстіне кетпей ауып.

Бес жастың не екенін білмей кеттік,  
Доп ойнап, асық пенен онға жеттік.  
Он бесте баламыз ғой деген оймен,  
Ісінен бұ жалғанның ғапыл кеттік.

Жиырма- түзей алмай жүрісіміз,  
Еш болмай жиырма беспен бір ісіміз.

Отызда ойлы-қырлы болып жүрдік,  
Дүниемен болмай онша келісіміз.

Отыз бес- ойға кірдік, қолға алған жоқ,  
Жүруге қырықта бізге жол қалған жоқ.  
Қолыңды жеткен күнде сермемесең,  
Артынан қанша қусаң, бұл жалған жоқ.

Ырыссыз жоқ нәрсеге ерінеді  
Талайлыға мол несіп беріледі.  
Он бес пен жиырма бесті кім біліпті,  
Енді артыңда бадырайып көрінбеді.

Күн сайын өзіңе-өзің жас боласың,  
Жаспын ғой деп, әр істен жасқанасың.  
Піскен астан ішпейсің мезгілінде,  
Мезгілі өтіп кеткен соң, аш қаласың.

Құнан, дөнен- құлын мен тайдан өсті,  
Ат болады толған соң, болып бесті.  
Отыз-қырықтан асқан соң ойланамыз,  
Он бес пен жиырма бесте қылар істі.

Өнерге, шыдай алмай, біз шабамыз,  
Қанша шапсақ, бұрынғы жоқ бағамыз.  
Әлі орынды бітірген бір жұмыс жоқ,  
Мұнан былай ойлашы: не табамыз?!

Балалық өтті-кетті басымыздан,  
Көп шығар көрген дәурен шашымыздан.  
Түлкідей, таудан қашқан, бұлаң етіп,  
Жалған-ай, өте шықтың қасымыздан!

Мен де қыршын жас болып өсіп едім,  
Жарқырап топта көзге түсіп едім.

Қызыл тілім бұлбұлдай сайрағанда,  
Талай жанның көкейін кесіп едім.

Көрген пенде ұнатқан шабысымды,  
Жібермедім қолымнан намысымды.  
Жұрт аузына ілінген Мәшһүр едім,  
Алты алаш түгел білген дабысымды.

Сонда біз асып-тасып қатден(ходтан) астық.  
Өнермен ілгергіге тайталастық.  
Қызыл тілді қылыштай сермеп жайқап,  
Неше "Мен!" "Мен!" дегеннің көңілін бастық.

Бү күнде кетіп қалды бізден жастық,  
Бір күдір, ойлап тұрсақ, белден астық.  
Тірілік қызығынан бой алыс боп,  
Ауылына өлгендердің жақындастық.

Екен ғой өткен күннің бәрі мастық,  
Кеткен соң мастық бастан, жаман састық.  
Қызығы фәни жалған жоқ болған соң,  
Өлімге мұндай күнде саудаластық.

Ұғып ал құлағың бар, замандастар,  
Талап қыл, біздей болма, өңшең жастар.  
Бұзылған замананың уақытысында,  
Шын сөзің өтірікке болмайды астар.

Адам жоқ туралыққа жұртты бастар,  
Бір жан жоқ шындық айтқан сөзді қостар.  
Туралық, хақлықпенен жүрем десең,  
Өзіңді керексіз қып әркім тастар.

Айырылды бір-бірінен жақын достар,  
Бере алмай желге төтеп түбі бостар.

Бір шын сөзге он өтірік қосып айтсаң,  
“Пәлі!”-деп, естіген жан соны қостар.

Келіспес, біле тұрып арам жесек[2],  
Жаман ғой арамнан да өтірік-өсек.  
Бұл заманның адамы сондай болар:  
Келер менен кетерді қылмайды есеп.

Өсекті қожа менен молда айтады,  
Қожа, молда өзгеден оңды айтады.  
Араз ғып балдай тату ағайынды,  
Өстіріп дау-жанжалды зорайтады.

Файып істі балгер мен бақсы айтады,  
Құмалақпен, тамырмен[3] тапса айтады.  
“Сөзімді жалған айтты,- деп,- ойламас”,-деп,  
Ишандар мен қажылар жақсы айтады.

Шарифат кітап сөзі қалды тозып,  
Бөйге алды талай өтірік шыннан озып.  
Қожа, молда, қажылар көп болған соң,  
Барады быт-шыт қылып [4] жұртты бұзып.

Айтады әмір мәғруф насихатын,  
Ұлғайтып өсек сөздің түпкі затын.  
Құрметлеп қожа, молда ап келген соң [5],  
Қол жуып бұл өнерден қалды қатын.

Бой [6] тоқтатып өз аузын баға алмайды,  
Онан басқа айтар сөз таба алмайды.  
Екі үйге кезек-кезек күнде кіріп,  
Біреуіне біреуін жамандайды.

Табынар пайдасы жоқ тасқа қалмақ,  
Бұл қазақ үлгі жолды сонан алмақ.

Есіл малды орынсыз жерге шашып,  
Іс көрер қиямет күн ауыр салмақ.

Қазақ тіпті жақсы еді аман күнде,  
Дәнеме оқу білмейтін надан күнде.  
Өсек сөзді осылай түзеп айтып,  
Үйрете ме бір адам саған күнде?!

Қазақтың пайдалы еді надандығы,  
Қоян мен қойдай еді адалдығы.  
Қожа, молда көбейіп кеткеннен соң,  
Қулық, сұмдық көбейді арамдығы.

Білмеген, ойлап тұрсам, надан озды,  
Әбден біліп алған соң әркім қызды.  
"Қисық арба жол бұзар", - дегендейін,  
Дүмше молда, қожалар жұртты бұзды.

Ішер ас пен, сатылып, мінер атқа,  
Біле тұрып кірісіп қиянатқа.  
Басқа жақтан қаңғып кеп, әулиесіп,  
Бұл қазақты қалдырды жаманатқа.

Қазақ байғұс береді ет пен шайын,  
Бар әлінше аямай аппақ майын.  
Және тағы нияз деп даярлайды,  
Үйден құр жібермеске қой мен тайын.

Жалғыз түндік қалдырмай кезіп жүрші,  
Бұйырғанын Құдайдың алар теріп.  
"Бұрынғыдай емес жұрт, бұзылыпты", -  
Деген сөзді айтады шыға беріп.

Ұстасамын қожамен елде тұрған,  
Неге десең, бұзықшы көбі антұрған.

Сыр мен Түркстаннан келіп қайтқан,  
Ишандардың ісіне жаным қ[ұрбан!]

...Қой мен жылқы аласың бұл қазақтан,  
Бір ауыз сөз айтпайсың шындық жақтан.  
Бұл жұрт тату болса екен деп ойласаң,  
Дұға қыл: жұртқа тауық сұрап Хақтан!

Тегін мал, бұл қазақта жоқ-ты сату,  
Кетті ғой тыныштықпен үйде жату.  
"Сартты-боза, қазақты қожа бұзар"-  
Дегендей: қожалы жер-жүрмес тату.

Шұқанақ жиғаныңмен [7], көл болмайды,  
Айтпаса өсек екі үйге, тіл болмайды.  
Жер жүзін, күннің көзін қаптағанмен,  
"Қожа елі" - деген рулы ел болмайды.

Өзді-өзі, басын қосса, салады дау,  
Бір-бірін аңдып тұрған көреді жау.  
Мүйіздеп өзін-өзі жүргеннен соң,  
Қазақты[8] не ғып қойсын жайына сау?!

Ел ішінде жүргеннің бір ісі өткен,  
Қарыны тойған жеріне сіңіп кеткен.  
Ата жұртын аралап, нәзірін [9] алып,  
Жұмысым жоқ қожамен келген, кеткен.

Өнерге шыдай алмай ішім қайнап,  
Жарқ етіп шықан күндей гүл-гүл жайнап!  
Қасқырдай қақпандағы ызаланып,  
Жатырмын өз аяғым өзім шайнап.

Көңілім дария болғанда, қолым-қайық,  
Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық.



Айдын шалқар көл қайда қылар шабыт [шабқа],  
Құла түзде қу ілген мен- бидайық.

Ағалар, жүрген жерім күнде сауық,  
Бәйгеден келе алмадым, бапсыз шауып.  
Қырықты ілген қысқа күнде қыран едім,  
Кісім жоқ қазға сілтер бағым тауып.

Жер жоқ па, бозбалалар, гүл ашылған?  
Алашта менен сөзін кім асырған?!  
Бозбала, бабым тап та, қазға сілте,  
Қайыра [тәйірі] алсын- бір кем болсам лашыннан!

Егер де [хибарде] гүл ашылса, бұлбұлымын,  
Дананың сөзге жүйрік дүлділімін.  
Басқаға қаз бен құдан шабытым жоқ,  
Қыраны, қаршығаның түйғыны[мын]!

Бұл сөзім бәрі де шын, емес мақтан,  
Әлхәри мақтан болмай, болсын ақтан!  
Атақты Сарыарқаның Мәшһүрі едім,  
Құдайым өнер берген тіл мен жақтан.

Шығардым қанша кеңес бәрін жаттан,  
Танырсың, көрмесең де жазған хат[тан].  
Ауызының оқығандар дәмін алсын,  
Жазайын бес-алты сөз насихаттан.

Болмағың жақсы, жаман әуел бастан,  
Белгілі ат боларың құлын жастан.  
Өң беріп жылтыратып ысқанменен,  
Болғанын көрдің бе айна қара тастан?!

Қара тас ең болғанда қайрақ болар,  
Балта, шот, пышақтарды қайрап болар.

Дөңгелек диірменіңе шарық болып,  
Көзіне көрінгенді шайнап болар.

Ай орынын аспандағы бұлт алып,  
Орнында дүр гауһардың су тас қалып.  
Құр тікен, қызыл гүлсіз, қолға түсіп,  
Ауызға қант орнына заһар салып.

Келмейді өткен ғұмыр жоқтағанмен,  
Түк өнбес ұрып, соғып, боқтағанмен.  
Жолаушы жол үстінде көрмес хызыр,  
Далада отсыз, сусыз тоқтағанмен.

Дүниеде шапқан аттай өткен ғұмыр,  
Қарақшы- көрдің басы, бәйгелі жер.  
Кім озып, кім қалуы мағлұм емес,  
Бәйге алсаң сол жерде озып, болдың ғой ер!

Тұқым салмай, алар ма егін орып,  
Кім балалы болыпты бойдақ жүріш?!  
"Еккен орар,- деген сөз,- берген алар",  
Бәйге алғанды көрдің бе қарап тұрып?!

Түн болса белгілі тұр бір жатуы,  
Үміті барша жанның- таң атуы.  
... Уысына штансыздың жүз кіреді,  
Әркімнің жақсы көрер бір татуы.

Жасымнан өнер іздеп көңіл бөлдім,  
Мән-жайын қожалардың көріп келдім.  
Өгізтаулық сарттарды қожа дейсің,  
Қазақ-ай, мен өлгенде, сенен өлдім!

Жел сөзге қызыл тілім ділмар еді,  
Өнерім қожалармен тең бар еді.

Өзіңнен қожа шығып тұрғаныңда,  
Сарт-сауан, Қызылбаста нең бар еді?!

Құдайдың бергеніне көп-көп шүкір,  
Шүкірлікпен қыламын пікір-зікір.  
Түрікстанға апарып сал базарға,  
Жүз қожаға өтпесем, бетке түкір!

Айналайын құдайдан берген ғылым,  
Арқасымен ғылымның сөйлер тілім.  
Қуандық пен Сүйіндік, Қаракесек,  
Бес Мейрамың баласы, бәрі- өз елім.

Біз жүрміз ауыр жүкті мойынға артып,  
Пайданы арман итеріп, залал тартып.  
Үсті-үстіне күнәны көбейтуге,  
Көрінгенге көтеміз бір сөз айтып.

Бойымда, шықпай ащы, тер қалмады,  
Көңлімде айтылмаған кір қалмады.  
Бұл күнде қожа, молда көбейгеннен,  
Мал басып жайылуға жер қалмады.

Жайылды қожа, молда мал орнына,  
Отын боп, қуыс құрай, тал орнына.  
Қол сандықтан айдаһар жылан шықты,  
Сыйғызып енді өзінің, сал, орнына.

Бас-басына мінгізсе бір-бір атты,  
Айтар емес: "Мұнымыз-қой, ұят-ты!"  
Несие жиған кісідей жұртты жиып,  
Былтыр қандай кездеме, мата сатты?!

Бас-аяғы еліктеп қылып машық,  
Қаңғырғанға қазақтың есігі ашық.

Қанша ғылымды қор қылып жеңіл тартып,  
Есіл болат жауһарды қылды жасық.

Күлкі болдық мұнымен жуық-жатқа,  
Жазылған сөз нұсқа боп қалар хатқа.  
Ит мойнына гауһарды таққанменен,  
Айналдырып жібермес басқа затқа.

Әңгіме боп мұнымен бұл сөз тұрсын,  
Жақсы (неше) кеңес қандырар құлақ құршын!  
"Төрт- бес қағаз, әріптен [ғаріптен] оқыдым!"-деп,  
Иттің көбі кетірді құлақ тынышын [тыншын].

Сөзіме ойнап айтқан шын деп нанар,  
Жаман үшін жақсының көңілі қалар.  
Бұл сөзімді жалғанға шығармайтын[10],  
Қожа мен, ел ішінде бар, молдалар.

Іс қылған халыққа ұнамды Хаққа жаққан,  
Жан жоқ осы күнде ауызын баққан.  
Жыланша жылтыратып сыртын ғана,  
Табылса бір қапы жер, жаман шаққан.

Барады жеңілдікпен бір сөз қалып,  
Сөйледім күйгендіктен, от боп жанып.  
Жақсылар бар да болса, жоқ сықылды,  
Қайтеріміз оны көптен бөліп алып?!

Кетейін бұл сөзімнен бермей хабар,  
Мен өлмей, кісі емеспін, ауыз жабар.  
Төрт мағзұм, екі қожа, үш молда бар,  
Жұрт өзі кім екенін ойлап табар.

Жоқ деп қақсап отырып, тоғыз таптым,  
Сегізін де жұлдыздай ағып шалтым.

Біреуін жаяу- жалға[11] көтермелеп,  
Рухын сыйлап өлінің[ұлының] атып[айтып] бақтым.

Өсектен қожа, молда ауызыңды жап,  
Сор артам жаппағанға дәл он бес қап.  
Құдай берген өнерді ешкім алмас,  
Азар болса, дерсіңдер: "Қыдырдан тап!"

Кетеді кейде сөзім ерлігіне,  
Кісі ырқына жүрмейтін өрлігіне.  
Қожа, молда, қылмайсың неге дуа,  
Бұл жұрттың азбас, тозбас бірлігіне?!

*(1915-1920 жылдар шамасы).*

## Төрт асыл, бес береке

Ақыл-ақ: кіршігі жоқ, ашу-күйе,  
Сақтауға күйелемей, керек ие.  
Аққа күйе жұққан соң, оңбағаны,  
Онан соң таусылмайды күйе-күйе.

Ғылым-білім сықылды күннің көзі,  
Жап-жарық қып дүниені тұр ғой өзі.  
Меңдей бұлт сол күннің басса бетін,  
Қараңғы боп тұрады дүние жүзі.

Махаббаты (мұхаббаты) дүниенің бұлт болып,  
Бір көңілге, орнығып қалса қонып.  
Ғылым менен білімнен еш пайда жоқ,  
Көрген- білген кетеді ұмыт болып.

Бұ дүниеге қадалтып тұрған көзді,  
Айта алмайды туралық, хақлық сөзді.  
Есіл-дерті дүние боп тұрғаннан соң,  
Басшысынан әркім-ақ күдер үзді.

Бұ сөзіме құлақ сал үлкен-кіші,  
Сөйлемесе Мәшһүрдің пысады іші.  
Төрт асыл, бес береке- бір бойынан  
Табылса, түгел болып, әне, кісі!

Адамға зәру керек төрт асыл-ды,  
Білуге тырысыңдар бұл пәсiлдi.  
Меңгерiн, жиып -терiп ала алмайды,  
Төртеуден өсiп-өнген көп хасылды.

Бiрi-төрт, бiрi-бесеу,- болсын тоғыз,  
Ат тезегiн әуре боп жинар қоңыз.  
Тоғызды түгендемей ұстағанды  
Обалсыз, адам демей, деуге- доңыз.

Тоғызы- бойда адамның, өзімен-он,  
Үш жүз алпыс үш күнде- бір келіп қон.  
Таратып орны-орнымен шешкен жанға,  
Ер өлтірмей, еңбексіз беремін құн!

Ойлағанға-сөзім бар таңғажайып,  
Бұл сөзімді шешкенің- қалдың байып.  
Қарасы бар ішінде, қожасы бар,  
Бір айтылған таңсық сөз көпке жайып.

Былғары болар тері, жетілсе иі,  
Сөз сөйлесе, ақынның түсер күйі.  
Адаммын деп кеудесін көтергеннің  
Байқалады бар-жоғы баста миы.

Бірі-тілде, біреуі- көңіл-ойда,  
Енді бірі- теп-тегіс түгел бойда.  
Бұл үшеуін жүргізсе, қара жолмен,  
Бәйге алады жарқырап үлкен тойда.

“Құдай- бір, жоқ,- деп-басқа!” - айтса тілің,  
Шын білсе, тіліңдегін-жан-ділің.  
Дініңмен (денеңмен) аянбастан қылып ғамал,  
Пайғамбар сүннетімен өтсе күнің!

Төрт асыл- анық осы бойыңдағы,  
Орнына келе берсе ойыңдағы.  
Түгелдеп бұл төртеуін қыла алмасаң,  
Жүре бер тамағыңа тойын-дағы.

Береке- өз қарақан басың-дағы,  
Әдетің (ғадетің)- ұзын өмір жасың-дағы.  
Оқылған уақытымен бес намазың-  
Болатын көрде жолдас қасың-дағы!

Бұл басты әр нәрсеге бастайтын-көз,  
Оңбаймыз көзден, тілден тыйылмай біз.  
Бойыңа келер мұнан бір береке,  
Аузыңнан шығармасаң несие сөз.

...Кем емес кейбір сөзім халуа бадан,  
Ләззатлы- қазы-қарта, жая-жалдан!  
Бұ да адамның басының берекесі,  
Берілсе- қайыр, ықсан, зекет- малдан!

Сөзіңді кім тыңдамас жүйе болса,  
Кім термес балбыраған шие болса!  
Адамға келер мұнан мол мереке,  
Екі аяқ арасына ие болса!

Қиянат, аманатқа, қастық етпей,  
Карантин қылған жерден, тоқталса, өтпей,  
Уағда айтқан жерден сөз табылып,  
Ұстаған жерден қолы тұрса кетпей!

Береке мұныменен болады бес,  
Түсерсің енді сөзге, болмасаң кес!  
Дап-даяр бұлар ойда болмағаны-  
Хабарың болмағаны Құраннан еш!

## Жылым-қой, тауық жылы мен үш жаста

Жылым-қой, тауық жылы мен үш жаста,  
Кәріптік [Ғаріптік] бұл жалғанда біздің баста.  
Айырылып ел-жұртынан көшіп әкем,  
Қыстаған Қызылағаш, Бұзаутасқа.

Баянтау қаласына болып жатақ,  
Емес қой "жатақ"- деген- сол жақсы атақ?  
Атасы басқа румен ауылдас боп,  
Әр түрлі кішкентайдан, көрдік шатақ.

Бала жоқ ата-анада менен өңге,  
Жерім жоқ шыққан титтей бір күн дөңге.  
"Бері кел, шырағым!"- деп, беттен иіскер,  
Өмірімде жоқ боп маған аға, жеңге.

Жұрт білді оқуға үйір-шүйірімді,  
Таяндым бала күннен бүйірімді.  
Адасып құлынымда туған жұрттан,  
Сонан соң таба алмадым үйірімді.

Ішінде орыс-орман, көп шатақтың,  
Қызығын көп көргенмін бұл атақтың.  
Елсіз, жұртсыз кісінің құны қанша,  
Өстік те баласы боп бір жатақтың.

Кісі еді бек мүсәпір, әкем кәріп (ғаріп),  
Мешітте күн өткізді жатып алып.  
Дегендей: "Отындықтан оқтық мүсін"[1],  
Әр жерде түстім көзге майсыз жанып.



Бар еді үш кітабы жазба түркі,  
Белгілі жұртқа мағлұм дінге беркі [берігі].  
Екеуін шала-шарпы білуші еді,  
Жоқ еді біреуіне анық еркі.

Үйренген онан-мұнан басын құрап,  
Сөлдені, білмеуші еді, түзу орап.  
Күндіз-түн жалықпастан оқушы еді,  
Зүбдатіл Масаилыны бізден сұрап.

Болмаған қолы толық дүние, малға,  
Жасында ноғайларға жүрген жалға.  
Кітабы бізге әперген "Мұхаммедия" -  
Өзі ескі және жыртық далба-далба.

Болар ма мұнан артық қара қасқа?  
Кісі еді болған үйір көзі жасқа.  
Әперді үш теңгеге бір "Мұқтасар",  
Кітап жоқ енді бізде онан басқа!

Жалғыз-ақ көк құран бар ат басындай,  
Біз-бала жаңаәспірім, жауқазындай (жауқасындай).  
Ол күнде "Сопыалдияр" - шарқы бізге,  
Көрінді қолға түспес[2] дүр тасындай.

Бізге дерт бала жастан болды пайда,  
Жүрдік те телміріп көз әр бір жайда.  
"Қиссасу-Әнбияны" бізге алуға,  
Шарық қайда, шіркін дүние, шама қайда?

Баспаның ең алғашқы шыққан кезі,  
Он бес қой, иа толық ат- құран өзі.  
Әптиек [һаптиек] қозылы қойдан сатылады,  
Оқуды көргені сол қазақ көзі.

Абыз деп, бес құранды білсе жатқа,  
Жазбасын зорға алады бір-бір атқа.  
Бас-басы бес құранның- бір бойдақ қой,  
Қазақ [3] үйір күні емес қағаз, хатқа.

Білмейді хат жазуды қазақ қолы,  
Шатпалап қожа жазар оны-мұны.  
Баспасы Қазымбектің "Сопыалдияр",  
Баспа бас бойдақ қойға алар соны.

Баспа жоқ Қазымбектен басқа басқан,  
Бала едік жеті-сегіз жасқа басқан.  
Көргенім мен білгенім жасымдағы,  
Таңбадай жойылмайтын тасқа басқан.

Құлаққа естілген сөз,- бөрі жатқа,  
Таңылды дәл он бесте "Мәшһүр" атқа.  
Аузынан ұстаздардың шыққан сөзді,  
Жалғыз-ақ ала бердік жазып хатқа.

Әкімбек он алтымда алып кетті,  
Жалғызы Қабылбекке ұстаз етті.  
Басында Ақшакөлдің жаз жайлауда  
Әкемді он жылқымен бір жөнелтті.

Боз жорға ат қызыл ауыз, өзі шұбар,  
Көп мінген сақ ермен тағып тұмар.  
Ең аяғы жылқының- бір торы тай,  
Жөнелді он жылқымен ұмар-жұмар.

Бергені келер жылы онан басқа,  
Ақ түйе, көзі шағыр ат торы қасқа.  
Екі жыл Әкімбекте бала оқытып,  
Он сегіз, тұрып сонда, жеттім жасқа.

Кәні, енді Әкімбектей кісі кәне (кәні)?  
Жұмсап тұр беру (біреу) үшін[4]Тәңірім, әні!  
Ауыр айғыр үйірлі жылқы болды,  
Төпелеп екі жылдай берген малы.

Бие[ге] көк қасқадан айғыр салды,  
Екі-үш жылда отыз-қырық болып қалды.  
Көшпелі қазақ болып қырға шықты,  
Үш-төрт үйден басқаның болып алды.

Әкімбек жақсы күтті құрмет етіп,  
Әкеме беріп дүние, сыйлап күтіп.  
Айғыр үйірлі жылқыны көтере алмай,  
"Болдым-деп-бай баласы!"- кеттім жытып.

Үш бесті атқа- минуте[5], бір ат алдым,  
Мал табатын жігіттің бірі атандым.  
Құдай беріп тұрғанда, көр қимылды,  
Бір тұмарға сеп-семіз құр ат алдым.

Қисса мен өлең болды-ау жаттағаным,  
Қалтаға қағаз салып қаттағаным.  
Мал, шіркін, жер тезектей қала берді,  
Басқаным- қой, ат болып аттағаным.

Мен-жүрген сылқылдаған бір сері сал,  
Өзімнен-өзім жүріп боламын дал (дәл).  
Бір жылқы көрінгенге жетектетем,  
Жимадым өмір бойы керек деп мал.

Жалғыз-ақ маған керек ажар, көрік,  
Әр жерде өнеріме тілім серік.  
Ат алмай мырзалардан, тымақ алып,  
Аламын, құнан алмай, пұшпақ бөрік.

Дүниеге бір кетпеген біздің ынтық,  
Жерім жоқ кем-кетік боп, болған тыртық,  
Алдыма бар дүниесін салған жерден,  
Аламын, дәнеме алмай, бір-ақ мылтық.

Ат пенен түйе алмай ма менен өңге?  
Жерім жоқ өмірімде шыққан дөңге.  
Ат-түйе алмай, айтайын, алған мылтық,  
Азар болса, құны бар сегіз теңге.

Кетеді оны тағы біреу алып,  
Қалтаға көрген емен ақша салып.  
Дүниеден осыменен өтті өмір,  
Бүгінгі алған бір жерде ертең қалып.

Көп алдым, атасы өлсе, атамасын,  
Көз қиып қалың малға матамасын.  
Атымды Мәшһүр деген үш жүз білді,  
Дүниеде мұнан артық не табасың?!

Келген-ді: талай сүтті, талай құтты,  
Жалғанды қанша ойнаса, Мәшһүр ұтты!  
Мал жиып, бай болайын демегеннен,  
Өмірімде көрмей өттім қыс пен жұтты.

Нәпсімді өмір бойы тыйғаным жоқ,  
Тығылып тар тесікке сыйғаным жоқ.  
Қоян болсын, қой болсын, ақ қар болсын,  
Өле ме [ештеңені] жиғаным жоқ.

Иншалла, бұл сөзімде жалғаным жоқ,  
Ешкімге бай деп назар салғаным жоқ.  
Бір Құдайдың өзінен басқа жаннан,  
Бір тиын қылып үміт барғаным жоқ!

Бір белгі бұл жалғанға қалдыра алмай,  
Отырмын енді ешкімді нандыра алмай.  
Талай байлар мұңайып қала берген,  
Беріп тұрған дүниесін алдыра алмай.

Бірталай мұныменен жеттім жасқа,  
Маңдайым болуменен айдай қасқа.  
Замандас өзімменен әм ғасырдан,  
Қайда жүрсем, жүруші ем бөлек, басқа.

Жалғаннан әуре-сарсаң болып өттім,  
Мақсатқа, ойыма алған, қашан жеттім?!  
Бұхар, Ташкент Самарқан, Түркістанды  
Бір түгіл үш-төрт барып тамаша еттім.

Нұра жайлап, Есілді қыстау еттім,  
Әрлі-берлі Шу менен Сырдан өттім.  
Мейрам сынды сабаздың бергенін де,  
"Маған дүние не шот?!" - деп, алмай кеттім.

Бір ұстаған әдеттен кеттім танбай,  
Сыр білмеген күйдірер тілге нанбай.  
Садуақас пен Малатай, бұл Заркештен,  
Үшеуінен бір қайттым бір тай алмай.

Бір Құдайдан, күш-қуат, тиген соң дем,  
Арыстанның ауызынан асадым жем!  
Керек қылмай дүниені жүргенменен,  
Сонда-дағы болмадым ешкімнен кем!

Не болса да, дүниеде қалсын бір ат,  
"Байлық-мұрат емес қой, жоқтық-ұят! [6]"  
Тауық жылы жұтығып жұрт тұрғанда,  
Жиырма бес тайыншаға алдым бір ат.

"Жеті өгіз"-деп, Найманға аты барып,  
Мәшһүр даңқы дүниені кеткен жарып.  
Байнабайдың баласы,- ол-Қопабай,  
Қолқа қылып астымнан қалап алып.

Дүние, саған мен кеттім көзді салмай,  
Бар-ау, жоқ-ау деп тіпті ойыма алмай.  
Бір ат бердім дегендей болмайын деп,  
Шу бойында: аулына кеттім бармай.

Бай көрінсе, қарайтын көз алартып,  
Бір нәрсе бар желкемде[7] тұрған тартып.  
Қайда жүрсем, кем-кетік, кедейге өшпін,  
Ынтам құрып, асына, сол құмартып.

Бармайын деп байларға көзім сатып,  
Өлсе іші ерімейтін мұздап қатып.  
Зекеті жоқ, кез келсе, кедей үйлер,  
Аз асына ортақ боп қалам жатып.

### Ұқыпты әйел

Бір емес, екеу емес, көп айтыпты,  
Әңгіме ететұғын деп айтыпты.  
Дүниенің ең артығы жалғандағы-  
Нәрсе[сі] үш-ақ түрлі деп айтыпты.

Біреуі-жақсы болсын жатар орның,  
Түзеп бақ үй-жайыңды күні бұрын.  
Қош, жақсыны арлызат- тура қыл үй,  
Адамның артылтады ғақыл-ойын.

Екінші- төтті (тәтлі) болсын ішер асың,  
Ұмтылып, шауып тұрсын ықыласың.  
Бір жанды күтпегенде, неге пайда,  
Бар ма еді өз жаныңда- өзің қасың?!

Суымен (шуымен) қандыр мейман тойдың-дағы,  
Бастадың, неге қайтып, қойдың-дағы?!  
Жалғанның ең артығы, ойлап тұрсаң,  
Жарыңыз жақсы болса қойныңдағы!

Сыйлайды жақсы қатын алған байын,  
Түрлентіп сыпырады тұрған жайын.  
"Қиғаш қас" — деген сөз әуел бастан,  
"Күтемін, тәубе-деген,-бір өз байын!"

Даяр тұрар ертоқым мінсе атқа,  
Байын сыйлап жетеді ол мұратқа.  
Қолтықтан көтереді, атын ұстап,  
Құдай сондай жолықтырып халал зат[қа].

Келгенін бала деген тістен байқап,  
Ішкен асын береді бетін шайқап.  
Жатса, даяр тұрады өз қасында,  
Әдеппен шешеді етік-байпақ.

Мұнан кейін салады көрпе, төсек,  
Бай, кедей, жақсы, жаман- қылмас есеп.  
Кәрі-жас маңдайыңа тап болған соң,  
Артынан сол қатынның ермес өсек.

Кешікпей жетіп келсін қойыныңа,  
Білегін салса жылдам мойыныңа!  
Иіскеп, айқаласып тамақ, беттен,  
Әзілмен жауап берсе ойыныңа!

Келеді тағы ұйқы жатқаннан соң,  
Ойынға жақсы ғашират батқаннан соң.  
Қолдарын әрең жазар құшақтаған,  
Намаз өтті болып, таң атқаннан соң!

Тұрасың дәрет алып, қадам жасып,  
Халаның бірге тұрса араласып!  
Құманда су жоқ болып, суық болса,  
Суын жылытып, бәйек болса, асып-сасып.

Дәреттен келгенінше даяр қылар,  
Қолында құманы бар, қарап тұрар.  
Іш дәрет алғаннан соң, даярланып,  
Дәретін тәртібімен суын құяр.

Жаяды жайнамазын құбылаға,  
Азан айтып, такбір оқыр бір Аллаға!  
Табысқа, таһил намазын, болғаннан соң,  
Ішер ас келеді, даяр боп құзырына.

Отырар орнын сабыр көрпе жазып,  
Жуады: аяқ-табақ, ішкен қасық.  
Шай самауыр лаззат тағам ішкен шақта,  
Отырса қасыңызда сұхбаттасып.

Алған жарың осылай болса керек,  
Ғылым, білім, өнерлі, болса зерек.  
Ерлерін сондай қатын тәрбиелесе,  
Жалғанның азы-көбі неге керек?!

Иман табар сол қатын қылған істен,  
Қызметіне тік тұрса ерте-кештен!  
Қылған ісі орынша (орнына) бажай келсе,  
Ерлері тасып сонда күйге түскен.

Ишарат-айта салған бұл бір сөзім,  
Айырман сондай жаннан екі көзім.  
Жақсы әйел ерге несіп бола қалса,  
Кім қияр сол қатынның басқан ізін?!



## Салақтық-дерт

Кіршіктен тап-таза ғып үсті-басын,  
Қылшықтан жырақ қылып ішкен асын.  
"Осындай тәрбиемен тұрса зайып,  
Жігіттің бекер өтті,- деме-жасын!"

Алуға лайық қой мұның тілін,  
Өзінен табылған соң нағыз білім.  
Біреудің душар қылса бағына еніп,  
Иражатпен өткізген ай мен жылын.

Ал енді кез боп қалса жаман қатын,  
Білдірер пиғылынан есек затын.  
Жыландай сүйір тілмен шағып-шағып,  
Күннен-күн артылтпай ма кесепатын?!

Сөз айтса, қолсырнайдай тақылдайды,  
Өз сөзін өзі қори мақұлдайды.  
Бір шаруа бір кішкене біте қалса,  
" Қылдым!"- деп, суыр[дың] айғырындай шақылдайды.

Қайда жаман қатын отырар бойын күтіп,  
Үй ішінде байына күңк-күңк етіп:  
"Тамақ кем, сен тауып бермесең де,  
Бір күні мен кетермін күңіретіп!"

[Тамақ] қылса, үй ішін тұмандатқан,  
Іс қылса былықтырар құдай атқан!  
Ыдысы қи, тезекпен аралас боп,  
Домалап әр бір жерде құман жатқан.

[Жа]ман қатын өзін-өзі ол көтерер,  
Ғырырдан теріп байына сөзін берер.  
Жақсы қатын, кәнеки, кім де барып,  
Өзін-өзі сыбырлап мақтап жүрер.

[Бірде] тас, бірде май боп шайнек (суы)[жатқан],  
Обалға жігіт адам сонан батқан.  
[Ү]стелдің аппақ ұнға кірі жұғып,  
Бауырсағы күйік болар сенін (сынып)қатқан.

Бір үйде екеу болса жаман қатын,  
Тағы да мен сөйлейін кесапатын.  
Ішімен бірі-біріне ерегесіп,  
Сөйлесем тауыса алман [машақатын].

[Ү]стін табақ, етегін орамал ғып,  
Семіртіп әр мүшесін жуандатқан.  
Енесі барды-жоқты сөзбен жұптап (иұптап),  
Мейрімсіз, сараң қулар қуаң тартқан.

Бір үйде бірдей болса екі қатын,  
Олардың мен сөйлейін ар-ұятын.  
Менменсіп бір-бірінің тілін алмай,  
Қағазға жазсам сыймас хикаятын.

Сонымен осы сөзді тоқтатайын,  
Жаманның әркім білер әрбір жайын.  
Қатынның айттым біраз әңгімесін,  
Көп сөйлеп мұнан [әрі] не қылайын?!

## Жақып сұлтанға

Арғы атаң мұсылманның (мұшманның) ағаштай-ды,  
Қылғаның бір сапар ғамал жанаспайды.  
Ту болған Орта жүзге, хан сұлтаным,  
Сіздерге хыртиб айтсам, жараспайды!

Қағба[ға] жер ортасы, барар Мекке,  
Ойна[п]-тасқан көреді көп мереке.  
Сөйлейін Жақып сұлтан атаңызды,  
Ту болған Орта жүзге жалғыз жеке.

Уәлихан- Абылайдың бел баласы,  
Хандыққа толықсыған сол шамасы.  
Аға сұлтан атаңыз болған күнде,  
Болып ең перзентінің шын данасы!

Жақсының кім сыймаған панасына,  
Мейрамның көзің салдың шарасына!  
Ханымның аты кеткен бұл үш жүзге  
Елші боп орыс, қазақ арасына!

Атаңа хандық орнап, бақыт қонған,  
Дәулет, қыдыр тегіс боп, тамам толған.  
Орынбор мен Сібірге хақы жүрген,  
Қара түгіл, төре жоқ мұндай болған!

Жаралған топырақтан сол Адам-ау,  
Сөйлейтін осы кезде мол шамам-ау!  
Шоқан, Жақып, Мақы, Махымет (Мұхаммед),  
Қозыке, Қоқыш-  
Саф алтын, өңшең жауһар ханзадам-ау!

Ғаділдігің Ғұмардай болған дастан,  
Үш жүзден атаң Абылай бақытың асқан!  
Құқ ал мансап Хадишаның нәмін(зәмін)  
Бір-бірден Мұса мырза тұқым шашқан.

Ал, шық, үлгі салған Шорман биім,  
Мырадан толып жатыр көрген сыйым!  
Дария Шанжыр, Фиық қосылған соң,  
Сөйлейтін осылайша келді күйім!

Уәлихан басына салған алтыннан тәж,  
Орта жүз заманында болыпты мәз.  
Шашу берген Шыңғыс сұлтан атаңызға  
Патша император билігі князь (кез).

Сібірге западной аты кеткен,  
Патшаға жеті ықылымда хаты кеткен.  
Машырих-Мағриф пен арасында  
Бұхара, Үргеніш (пен) Самарқанд даты жеткен.

Шыңғыс сұлтан даңқы бар ма білінбеген,  
Сайрам ғып патшаларға күлімдеген.  
Хандағы бақ аруағы үзілмей-ақ,  
Келгенше сексен төртке сүрінбеген.

Жамантай- Қарқаралы билеп өтті,  
Бөкейхан Кіші жүзде- о да кетті.  
Қызыларыстан, Қырымнан бермен қарай,  
Атаңа төре, қара- - қашан жетті?!

Сөйлеуге тілге серік, берген көзді,  
Өткірдің ғафылымен бастық кірді.  
Кеше Мұса бақ қонған заманында  
Қаратқан сол аузына Орта жүзді.

Шешеннің сөйлеу керек жөніменен,  
Келісер жігіт көркі тоныменен.  
Бірің-сұлтан қазақтың, бірің-ханы,  
Жарасқан данышпаным соныменен!

Би өткен- үлгі бастан, кеше Шорман,  
Бақ-дәулет төрт тарабы түгел толған.  
Шаһзада тұқымындай затың бөлек,  
Ғаламға Қап тауындай болған қорған!

Арғынды-ай қаздай қалқып, билеп өткен,  
Қара қазақ Мүсекеме қашан жеткен?!  
Түбінің жұмақтағы жемісіндей,  
Сізлерден Мұса мырза тұқым еккен.

Уәли хан алты Алаштан асып еді,  
Ғұмардай ғаділдігі басым еді.  
Мұса мырза Шыңғыс хан қатар болып,  
Ұлпатың өзге жаннан асып еді!

Тобықты -Құнанбайдай шешен ерім,  
Сыналған сан жүйрікте кемеңгерім.  
Саламат хан ордасын көргеннен соң,  
Аз ғана [сөз] сөйлейін, тарап шерім!

Мархабат, сұлтаным-ай, мых боп сәлем,  
Көрген соң, жиенлерге тарқап санам.  
Шарапат шатлық еткен жамалыңа  
Аз ғана жүргізейін қағаз, қалам.

Билеген Қараөткелді қыпшақ-Ыбырай,  
Аққошқар, елі Алтайда, паң Сегізбай.  
Помощник Көкшетауға болған шақта  
Жақыптай ғақылы дана сұлтаным-ай!

Алашқа Жақып сұлтан үлгі салған,  
Атасы, ғибрат алып, Шыңғыс ханнан!  
Сыйлы (Секілі) хан патшаға болғаннан соң,  
Жылына алты жүз сом уәзипа алған!

Сибирский ұлықтар әзірлеткен,  
Шоқан төре университет кончатъ еткен.  
Жақып төре помощник болған кезде,  
Әріптесін өз тұсында басып өткен.

Жалғанға Аққошқарұлы қанат жайған,  
Сүйінген [бір] өзіне Аргын, Найман.  
Әлібек, Атығайда Зілқараұлы,  
Патшаның қызметіне олар тойған.

Шар мырза- ел Қыпшақта Ыбырайұғлы,  
Государ қызметіне болған ұғыры.  
Ішінде төрт облыс бас қосқанда,  
Жақыптай қыла алмаған қызмет тұғыры.

Алтын мен күміс медаль қабат алған,  
Губернатор ғақылына қайран қалған.  
Оязы Көкшетаудың еріп жүрген,  
Теңдеспек бұл шолайымда жоқ дүр жалған.

Бұзылмай келе жатыр мінген тағың,  
Тамаша болып еді-ау сол бір шағың!  
Шоқан, Жақып, Мақы, Махымет (Мұхаммед), Қозыке,  
Қоқыш-  
Ежелден бөгелмеген бақ, аруағың!

Қазанғап, Арғынғазы-Бәсентиін,  
Мен барып бала жастан көрдім сыйын!  
Он екі ұран: Алаш боп, бас қосқанда,  
Шыңғыстың- алды дария, күнде жиын.

Орнынан Жақып төре таймай өткен,  
Сібірде жарты патша қызмет еткен.  
Қоқыш төре сүт кенже жиенім-ді,  
Жігіт жоқ заманында бұған жеткен!

Шығады Мәшһүр сөзі қалай-қалай,  
Көруің қайтып келіп екіталай.  
Қозғайын ханзадамның бақ аруағын,  
Жәрдем бер тіл-жағыма Хақ тағала-ай!

Полковник, һәм доверенный Шыңғыс аға,  
Арғынға хандықпенен болдың жаға!  
Түспеген тұғырынан ақ сұңқарым,  
Тілінен гауһар тамған, ғақылы дана!

Тарқасын біраз ғана іштің буы,  
Арғынның еркелеткен жасы, қуы.  
Бас қосып Мұса мырза, Шыңғыс сұлтан,  
Сібірде дін исламның болған туы.

Өнерге Мұса мырза судай тасқан,  
Ғақылы ғылым-өнерден жауһар шашқан!  
Төренің жүзін көріп зиаратқа  
Жүйрігі Сүйіндіктің қадам басқан.

[Бір] шыққан Сүйіндіктен өнерпазбын,  
Көп қылған өнер тілеп жайы бармын.  
Кеше Мұса мырзаның заманында  
Бәйгеден күнде келген қырғын бозбын!

Бұл Мәшһүр бір көруге қылған талап,  
Хан, қараны, төрені жүрдім жанап.  
Хазіреті сұлтанның күмбезіндей,  
Жаратқан бұл сізлерді Құдай қалап.

Төреде шалқып өтті Қоңырқұлжа,  
Оған да құда болған Мұса мырза.  
Ханзада, Хайролзас жиенлерім,  
Нағашың нимла мен болды-ау дарига!

Көп ізлеп хан ордасын Мәшһүр тапқан,  
Сөйлесем, дүр төгілген тіл мен жақтан!  
Қоқыш сұлтан, ханзада, жиенім-ай,  
Гауһардың шишма майданында қинап аққан.

Мәшһүрді емлес бердің дәміңізге(дамыңызға),  
Келген соң іркілмейін, құлазыма!  
Тауындай бес қазылық, пана тұтып,  
Біз келдік айдап Тәңірі араңызға!

Қуандық: батыр өткен Жұман байым,  
Мейрамның құп білесіз, айтпай жайын!  
Тоқтамыс, Төбет пенен шебер Шаншар  
Тамызған Мәшһүр барып, елдің майын!

[Тап]Бүгін болғаным жоқ мұнда келіп,  
Сөйледім талай жерде інжу теріп.  
Кеше Мұса мырзаның заманында  
Сөйлеткен: "Шешенім!"- деп, рұқсат беріп.

Жылында тоқсан бестің Алтай бардың,  
Қуандық, Сүйіндіктің тобын жардың.  
Бақ қонған басыңызға, ханзадам-ай,  
Қоңырдың таптан таңдап қызын алдың.

Сипаты пейіш (биғын) хор жаққан шамдай,  
Хамида мұнан артық болсын қандай!  
Ханзада, құрбыңыздан асты бағың,  
Сүмбіл шаш, қиғаш қасты, жазық маңдай.

Көңлінде ғашық оты барған қинап,  
Отырған ақ маралға көзі жайнап.  
Жолдасың құтты болсын ақ сұңқарым,  
Қуандық, Сүйіндіктен алған сайлап.

Бәйгеге алған тұлпарымсың шабысқанда-ай,  
Ол-ақ құс, сіз бір сұңқар бағысқандай!  
Хан-қара, құрбыласың бола алмаған,  
Ел шауып, қыз ататып жарысқандай!

Қалған бір ғажап іс қылдыңыз ойыңа алған,  
Қуандық, Сүйіндік болып қайран.  
Бұрынғы Шаһмарданның жорасындай,  
Сіз бір ер – бозбала үлгі салған.



Мақсатқа ханзадамыз кәміл жеткен,  
Төреде жігіт бар ма сізден өткен?!  
Қуандық, Сүйіндік боп тамаша етті,  
Бабаңның кәр аруағы қолдап кеткен.

Ғашықтар жанын қинап қимыл еткен,  
Бұрынғы шаһзадалар- бәрі кеткен.  
Өзің теңдес Сүйіндік мырзалары  
Болам деп талпынса да, емес жеткен.

Жолдасың хұп ұнайды, ізлеп тапқан,  
Тірлікте не бітірер ұйықтап жатқан?!  
Болаттай затың бөлек, құрыш едің,  
Қамалға ата-бабаң қарсы шапқан.

Орта жүз кеше атаңды хан сайлаған,  
Халыққа хакім етіп мыңды айдаған.  
Орнында бала сұңқар сүт кенже едің,  
Жеті атаң тұлпар мініп, ту байлаған.

Саф алтын, нәсілі болат- шыққан тегің,  
Жайылған Орта жүзге үшбу кебің.  
Аспаннан бұлт тартқан асқар таудай,  
Жұмақта хор ғаламандай тартқан лебің!

Баһадүр, затың бөлек дастаным-ай,  
Мехнаттың түбі- рақат, көңілім жай.  
Арасын екі елдің көпір қылған,  
Естіген жұрт таң қалған арыстаным-ай!

Осылай даңқың барған Орта жүзге,  
Тамаша кім іс қылды сізден өзге?!  
Ғұмырыңа бір тілеулес дұғағөйің  
Риза бол, Қоқыш жиен, енді бізге!

## Надан би

Ғалының кәпір қашқан туларынан,  
Дарияның бұлт шығады буларынан.  
Тағы бір әңгіме бар ғәкіш (қисса) болған,  
Қазақтың ести берсең қуларынан.

Бір надан түк білмейтін адам өлген,  
Жоқ екен құлдық жөнін бұрын білген.  
Биі екен тіршілікте өз ауылына  
Апарып өлгеннен соң халқы көмген.

Тепкілеп(тектілеп) терең қазып, халқы көмген,  
Жалғанда жаман болсын неге білген?!  
Қырық қадам көмген жанлар кеткеннен соң,  
Періште Мүңкір, Нәңкір бұған келген.

Қараңғы, сипаласа, айналасын:  
-Жау тонап кетті ме, ойбай, сорлы басым!  
"Бір келген жүгінгелі адам ғой!"-деп,  
Көтеріп жерден биік алды басын.

Періште жауап сұрды (сұрады):-Ман раббик!-деп,  
Бейшара шошып кетті: "Бұ не кеп?!"-деп.  
-Қазақша айт, орысшанды білмейтұғын  
Бұлайша жауап берді:  
-Тұршы тек! – деп,

Сұрайды: "Ман раббик!"- деп басқа тілмен.  
-Ман раббик, сан раббыңды тіпті білмен!  
Бұл қай жер, мені ап кеткен қай жау-шарам,  
Бар болса, шақшаларың, ап кел бермен!

- Мә, шақша!-деп,күрзімен салып қалды,  
Есі кетіп бейшара талып қалды.

Періште аялына қарағанда,  
Көтеріп басын жерден, демін алды!

-Беруге түк нәрсем жоқ жарайтұғын,  
Адамды жерлерің бе тонайтұғын?!  
Аңызы елдеріңнің қандай жаман,  
Кісіні "шақша"-деген-сабайтұғын?!

"Кімді ұр!"-деп, пайғамбарың айтқан жаза(және),  
Биі едім төре бермес жемей пара.  
Енді шақша демейін, жақтырмасаң,  
Балалар, маған айтшы, бұл қай ара?

Күрзімен періште қалды салып,  
-Қапыда түстім қолға келіп қалып.  
Біздің елден енді келе бермес,  
Бүйтіп тыныш алсаңдар, мазаны алып!

Күрзімен періштелер ұрып кетті,  
Қара жерге сол басы кіріп кетті.  
Әуелде имансыз боп жаралған соң,  
Түбіне жаһаннамның жаны жетті.

Тәубесіз өткен надан тәңірім қарғап,  
Алладан таупық сұрап жүрмін зарлап.  
Алғиаз билла сондай күннен  
Ғазапқа шын жаратқан Тәңірім арнап.

Дүниеден жақсы да өткен, жаман да өткен,  
Жын, пері, құрт, құмырсқа, адам да өткен.  
Өзінің тағатына таңданап деп,  
Бар сиса (зиса)былхым, бағұр тозақ кеткен.

Алма ақы сен адамнан үзіп-жұлып,  
Жүре гөр жатсаң, тұрсаң тәубе қылып.  
Қарақшы Ғиязұғлы фазыл пейіш  
Өтіпті тәубесінен уәлі болып.

## Ит дүние

(екінші өлең)

Ит дүние, мұнша неге олақ болдың,  
Ұстауға құйрық-жал жоқ, шолақ болдың.  
Дүниеде жолдас болған достарыңның  
Ит дүние, бәрін бірдей тонап болдың!

Ит дүние, ойлап тұрсам, диуанасың,  
Кеш тұрып, ерте жатсам, суаласың.  
Ілескен достарыңды отқа итеріп,  
Шапақтап екі алақан, қуанасың!

Ит дүние, кәне, сенің болған жерің,  
Әрқашан жақсыларға қонған жерің!  
Жібердің Қарынбайды жер түбіне,  
О, пәлі, кәне, сенің оңған жерің?!

Ит дүние, залымдарға жолдас па едің,  
Жақсыға, жақсы болса, қонбас па едің?!  
Ғалы мен пайғамбарға жоламайсың,  
Мен сені сонан соң-ақ: "Оңбас!" - дедім.

Ит дүние, талайлардың көзін ойдың,  
Мен саған сонан соң-ақ әбден тойдым!  
Жаннатқа ақымақты кіргізе алмай,  
Апарып жер ортаға дел-сал қойдың.

Ит дүние, жарға ойнаған лақтайсың,  
Толқыған, кетеріңде, сынаптайсың!  
Алланың береріне кез келсе егер,  
Тасыған таудан аққан бұлақтайсың!

## Мәшһүр Жүсіптің Әмен атынан сөйлегені

Қолыма хат жазғалы алдым қалам,  
Құбылып толқын боп тұр күллі ғалам.  
Қалдырып құрбыларға өрнек үшін,  
Кетейін бір сөз сөйлеп, келсе шамам.

Не келер қанша айтқанмен біздің қолдан,  
Жазуы бір Алланың- не дүр шарам?!  
Істемей ауыр жұмыс жүрген басым,  
Тауына Кавказ арман(армян) қалай барам?!

Қойша иіріп призывқа қамағанда,  
Құр сұлдең, жүре алмайсың, басып қадам.  
Патшадан құрық түсті басымызға,  
Жан сақтап, паналауға қайда қалам?!

Солдаттар иіріп айдап қамағанда,  
Бұраңдап жүре алмайсың, басып қадам.  
Еш лаж (ғилаж) қолымыздан келмеген соң,  
Қарата Керекуте бастық қадам.

Он тоғыз-отыз бірді список қып,  
Жібермей қамағанда, толған аран.  
Он тоғыз- отыз бірмен сорымызға  
Айтқаны болды ма өтірік хадис-калам?!

Біреу-бай, біреу-нашар, біреу-жалғыз,  
Үштен бір, аяғанмен, қалды ма адам?!  
Бір үйден тегіс кеткен үшеу де бар,  
"Патшадан льгот бар",- деп,болдық алаң.

Үйден бір қадам басып шыққан соңғы  
Немене, көрген көзім, бәрі қараң?!

Мысалы ақыреттің тозағындай,  
Жарқ етіп шығып жатыр қалған адам.

Тағдырдың кермесіне кез болыппын,  
Дәрмен жоқ үзіп кетер, не дүр шарам?!  
Басыма бұдан бұрын қалған орнап,  
Таудан-зор, тастан-қатты бар бір жарам!

Құрбылар, қиын екен ойнап-күлген,  
Бас қосып бір табақтан жеген тағам.  
Жақсы күн тумай тұр ғой қалғанға да,  
Айрылып қызық көрер заманадан.

Жарқырап ай мен күндей келер едік,  
Құламай аман өтсек, бағанадан.  
Не болар артта қалған үйдің іші,  
Тұрған соң бала айрылып ата-анадан?!

Жоқтығы шешем үйде ойға түсіп,  
Қаңғырып жүре бердім айдаладан.  
Шығарып салған бір жан жоқтығынан,  
Жөнелдім жұрттан бөлек, батып қарам.

Тетелес қарындасым Әмина-жан,  
Айтайын саған енді кімнен сәлем (салам)?!  
Екеуміз бір ұяда қалып едік:  
"Тұрар-деп-қылып дауа!" - ойыма алам.

Біз үшін кім жыласын, кім езілсін,  
Суға аққан толқынында шөп-шар, салам?!  
Кереку алыс жер ғой жер түбіндей,  
Баяннан жөнелтерлік болмады адам.

Төрт бөліп түн ұйқысын тұратұғын,  
Қайтейін жоқтығың-ды, қайран анам!

"Әкенің ең жақсысы- жездедей-ақ", -  
Соны айтқан бұрынғыда әулие адам.

Дуасын көпке қылған аямасын,  
Жадыраса, жарылқанып барша ғалам!  
Жай-күйі, жетімдігі түссе есіме,  
Дал болып айран-асыр (хайран-асыр) естен танам!

Балалар, артта қалған, ал есіңе,  
Дөкейі "жеті жетім"- қандай адам?  
Жетімдік- пайғамбардың бір мирасы,-  
Демесем, сөйлей берсем, естен танам.

"Үй іші артта қалған не болар?"-деп,  
Әр түрлі ойға түсіп, кетіп барам.  
Хабарсыз, дәнемеден уайымсыз  
Кез болып жүрген күнде алаң-салаң.

Қам қылмай өз басыма кеткендігім,  
Бір жұмыс басын ұстап, болдым алаң.  
Түсіріп бәрімізге қызыл билет,  
Ауылнайлар дүңк-дүңк етер, жалаң-жалаң.

Он тоғыз-отыз бірді список қып,  
Жібермей қамағанда, толған аран.  
Кедейлер, арманың жоқ, баймен бірге,  
Бөлек қып, жұмыс бар ма ала алмаған?!

Болыстар байды іріктеп алып қалып,  
Кедейді бірыңғай ғып саралаған.  
Жарлыға бұ да тиген дәурен шығар,  
Көшені патша жүрген аралаған.

Шын қиын бәрінен де мынау болды,  
Ал енді жай-күйіңе қарамаған.

Тұрмайтын ұйқың қанбай боздақтарым,  
Тұрдың ба алаң қарақ сары таңнан?!

Торланып талай жалғыз, талай маңғаз,  
Асаулар үзіп торды қала алмаған.  
Құнымыз біздің аттан оңай болды,  
Жақсы атты еріксіз зорлап ала алмаған.

Келуте, жазсын Алла, жігіт-жасты,  
Аллаға шын сыйынған құр қалмас-ты!  
Бұл дүние бір қараңғы болды тұман,  
Жүре алмай, ақылынан, жұрт адасты.

Қайтеді ақшасы жоқ кедей байғұс,  
Қам қылып ат пен тонын ала алмаған?!  
Жас бала жол көрсеткен боздақтар көп,  
Аяғын бұрын қадам сала алмаған.

Ажалдай еріксіз айдап, ұшырып жел,  
Шегініп ешбір мойын қала алмаған.  
Мақал бар: "Аз сөз-алтын, көп сөз-көмір",  
Мұны[мен] сөз аяғын тамамдаған".

*1916 ж.*

## Момынның әйеліне шығарғаны

Қозғанға татулықты ауызға алдым,  
Ақ өзек, Бүркіттіге қадам салдым.  
Өліге бата, тіріге көңіл үшін,  
Қаңбақтай жел аударған Момын бардым.

Һумайун халал жұпты өткен екен,  
Әркімдер-ақ келісіп кеткен екен.  
Сырты-сау, алай-түлей іші-түтін,  
Өлуге, өлмесе де, жеткен екен.



Сөз қаттым көңіл айтып, халін сұрап,  
Шатпақтап онан, мұнан басын құрап.  
Өздігінен кісі өлу оңай емес,  
Сондықтан отыр екен зорға шыдап.

Жел сөздің тұнып жатқан кілтін аштым,  
Әр түрлі тоқтау айтып, көңілін бастым.  
Бұрынғыдан, соңғыдан түк қалдырмай,  
Уатып, жұбату ғой менің қастым.

-Мен қалып, ауыр тиді, ол өлген соң,  
Қоштасып көз алдымда жөнелген соң.  
Өшкен өніп, өлгенім тірілгендей,  
Болды ғой, жан молдаке, сіз келген соң!

Молдаке-ау, баста бізді даңғыл жолға,  
Мен айтайын, қаламды алшы қолға.  
Алпыстан асқаныңда болшы жорға,  
Шын болса, толғандығы кеудең нұрға.

Жарасын жүрегімнің білдің танып,  
Сөз тыңда, қаламыңды қолыңа алып.  
Ішкі лепті сыртыма бір шығаршы,  
Мен-дағы ұмытайын тіліңді алып.

Кәпір-антқа, мұсылман тілге нансын,  
Көңіл кірі айтумен кетсін, барсын!  
Ерлі-байлы кісінің ғашықтығы  
Артық-кемін, тыңдап жұрт, өлшеуге алсын.

Өзіңізге белгілі бастан-аяқ,  
Ата-анадан жетім боп қалған саяқ.  
Қалқайған, қарайғаннан дәнеме жоқ,  
Құдайдың қалғаны жоқ мұнан аяп.

Мылжындамай қысқартып сөз айтайын,  
Кешіктірмей сөзімді тез айтайын.  
Алаңсыз тату-тәтті өмір сүрдік,  
Бәрі бір: мың айтайын, жүз айтайын!

Қосып ек махаббатпен шын ниетті,  
Еттен өтіп, сүйекке дертім жетті!  
Алты жыл, жеті ай, он үш күнгі өмір  
Алты минут сықылды-болды, кетті!

Кешпеген нені білсін өз басынан,  
Қалай кетіп жүргенмін мен қасынан?!  
Молдаке, өлің келсе, бізді аяңыз,  
Айырылған тату-тәтті жолдасынан.

Сөзіме шын ықыласпен құлақ салсаң,  
Ауырлық, үстімдегі жүгімді, алсаң!  
Сіз келген соң бір түрлі шаттыққа еніп,  
Тірілгендей қуандым, маған нансаң!

Керек қылмай бар-жоғын мың мен санның,  
Жалғызына бұрылмай жүрген жанның.  
Аза тұтып бармаушы ең өліміне  
Талай жерде құлаған арыстанның!

Ырзамын һумаюнның өлгеніне,  
Құдайдың жаңа тойдым бергеніне.  
"Шын ұжмағы екен!" -деп, тынды көңіл,  
Сіздей өз, ер ескеріп, келгеніне[1]!

Бірі кем отыз жасында дүние салып,  
Жаңа туған жас төлмен қосақталып.  
Шәріф айдың өуелгі онында өтіп,  
Ақыреттің бәйгесін және де алып.

Ат[ы] арыстан, һумайун, қарашы атын,  
Құдай артық жаратқан асыл затын.  
Күйгенім бе, молдаке, сүйгенім бе,  
Сүйегіне түсірдім он үш қатын?

Һумайун жиырма тоғыз жасында өтті,  
Айының, ол рамазан, басында өтті.  
Ыстық боп іңқарланып көрген жас төл,  
Бір жеті кейін қалып қасында өтті.

Салмақты, сабырлы еді қара жердей,  
Сүйкімді, қылықты еді, көпке бірдей.  
Диянат діндарлығы өзгеше еді,  
Сөйлесем, қылған ісін, кәміл пірдей.

Қалайша берген тәңірім жас басына?  
Бекінген дәретсіз жер бас-басына.  
Сарт, ноғай, орыс, қазақ, қожа, молда-  
Бажайлап күтуші еді бас-басына!

Қадіріне түгел жетіп кәрі-жастың,  
Үлкен аға, кіші іні, замандастың.  
Мейманға тәбесімен тіке тұрып,  
Татқызып ләззатынан әр түрлі астың.

Мәуелі, ағаш болып, көлеңкелі,  
Жиын, той, күнде сауық, мерекелі.  
Келсімен отау үйі ордадай боп,  
Үй болып, кетіп еді, берекелі.

Жалғанда аз күн дәурен сүре алмады,  
Аз айтайын: он жыл бір жүре алмады.  
Екі құрсақ көтерді аз өмірінде (ғұмырында),  
Ешбірінің қызығын көре алмады.

Қызыл гүл, үлпілдеген, үзіліп түсіп,  
Бұлбұл құс гүлстаннан кеткен ұшып.  
Жүзінде кең жалғанның бір перзентті  
Еміреніп, сүйе алмастан, еріні тұшып.

Мыж-тыж боп аз ғана өмір кетті, барды,  
Келмейді, қанша айтқанмен, қайғы-зарды[2]!  
Көк астын, жердің үстін жұрт: "кең!"-дейді,  
Көрмедім, ей, биопа, сенен тарды!

Ауыздан, қанша айтқанмен, дәмі кетпес,  
Не керек, жерге кетті дауыс жетпес!  
Айттым не, айтпадым не- бәрі бір бас,  
Болған соң: ексе-бітпес, қуса-жетпес!

Бәйгігер, болғаның ба шаппас, желмес?!  
Басына түспеген жан, айтсаң, білмес.  
Құлағың естігенді көз бір көрмек  
Осы екен:айтып болмас, қайтып келмес.

Бір нәрсе қолыңызда даяр, бардай,  
Мен сөйлеп, тынышыңды алдым, зарлай-зарлай.  
Молдаке, жұрт көзіне дәнеме емес,  
Өзіме ауырлығы болды дардай.

Дүниенің, опасыздық, шолағы ма?!  
Ойымның жете алмаған олағы ма?!  
"Қатын өлді, қамшының сабы сынды",-  
Дейді жұрт, бір кірмейді құлағыма!

Жұмбақты анық шешкен, мінеки, сіз,  
Сол үшін сіз құрулы болдыңыз тез.  
Бар қылған бақытымызға сіздей жанды,  
Құдайға өле-өлгенше ризамыз біз!

Ауырлығы өзіме бел талғандай,  
"Құтылмаспын,- деуші едім,- бұ жалғанда-ай!"  
"Қырық күннен соң арқаңнан түседі",- деп,  
Қуанттыңыз-үстімнен жүкті алғандай.

Момыныңның осылай жайы-күйі,  
Неге мұны айтпайды мырза, биі?!  
Тірі болсақ, алармыз сізді күтіп,  
Деп кетпеңіз: "Зейне жан-қонақ үйі".

Мына бір сөз барады ұмыт қалып,  
Қуандым ба мен көлден жұмыртқа алып?  
Кешіп еді жетімдік басымыздан,  
Өз анамыз ертерек өліп қалып.

Бір үй тола қалып ек ұл менен қыз,  
Өтірік деп айтпассыз, көз көрген-сіз.  
Бүгін келіп көрдіңіз: көптен бері  
Отырмыз Фабдұлғаппар,-міне, екеуміз.

Қайда кетті сол күнгі көрген жастар?  
Қалғанымыз өлгенге болмайды астар.  
Бұл келген соң, үймелеп бізді тапты  
Бірді-екілі туысқан қарындастар.

Аялап әлпештеумен сыйлап күтіп,  
Анасынан артық боп тәрбие етіп.  
Ішімді өртеп мінезі көкейкесті,  
Біреуінен, қылығы, біреуі өтіп.

Қылығының айтайын қайсыбірін,  
Әр мінезі: бірінен бірі шырын.  
Шер тыңдайтын тыңшыға кез келген соң,  
Тарқатайын аз ғана іштің шерін.

Өткен өмір келмейді енді қайтып,  
Басым, шатсам, алармын дертті ұлғайтып.  
Көзі-жасты, көкірегі-қандыларға,  
Жұбатсайшы, молдаке, ем-дем айтып[3].

Қасірет үшін жаратқан, тәңірім, арнап,  
Кеудеңізде тұрғандай бәрі сарлап[саралап][4].  
Тумаса да, туғаннан артық болған  
Қақсап келді-ау Шаһида,- о да зарлап.

Екі бірдей аяулы кеткен жары,  
Бұ жалғанда жоқ болып еш бір пары.  
Өлсем-дағы кететін құлағымда  
"һумайуным!"- деп қақсап шыққан зары.

Өзі кетті, һумайун аты қалды,  
Жер қойнына барды да, жатып алды.  
Жомарт патша, құдайым, берген өзі,  
Деп тұрсыз ба біреуден сатып алды.

Ғабдұлғаппар десеңіз, ол не дейді?  
Менен артық қайғырып уайым жейді:  
"Саған қатын табылар тірі болсаң,  
Маған келін кез болмас мұндай!"- дейді.

Жарық атқан, жалғанда, таң болғаны,  
Көргендерге тамаша таң болғаны.  
Қалғандардың ауызында сөз боп қалды,  
Жан біткенге жағымды жан болғаны.

Жанға қимас жан еді, ажал алды,  
Сүп-сүйкімді кезінде құрық салды.  
Шілдехана беруге қол көтертпей,  
Тана, моншақ саудырап текке қалды[5].

Ерлі-байлы болған жан көп қой елде,  
Көрдіңіз әр түрлісін жүрген жерде.  
Тоқтатуға, уатып, жұбатуға,  
Дейді жұрт: "Қатын-жолда, бала-белде".

Жүзінде бұл жалғанның болған тәтті,  
Құдай қосқан, қид құдай(шын еді), махаббатты[6].  
Жалғанда жар табылу болар қиын,  
Оң жұлдыз ізгі күнде туған сәтті.

Дүние- бір бұлаңдаған қызыл түлкі,  
Қалмайды, қаза жетсе, кімнің мүлкі?!  
Махаббат баласына кіріптар боп,  
Біз-дағы жұрт аузында болдық күлкі.

Басына жаулық салса, бәрі қатын,  
Асылдың, таниды ғой, асыл затын.  
Молдаке-ау, ауызыңыздан айналайын,  
Махаббат, не екенін, білген атын.

Махаббат- сәулесі зор, құдай нұры,  
Көрген жан сол сәулені қалмас құры (құр).  
Қалған соң күндізгі күн- түндей болып,  
Қайғының аса қалың түсті зоры.

Бола алмас мақтағанмен суыр-сусар,  
Біреуі-інге, біреуі көлге жусар.  
Жалғанда еш қасірет көрмек емес,  
Махаббат баласына болған душар.

Көңілдің, ел қалмаған, жайлауында,  
Бұлбұлдың мүлтігі жоқ сайрауында.  
Жалғанда бары-жоғы,- бәрі бір бас,  
Нәпсінің, жүрген жанның, айдауында.

"Тар жер, тайғақ кешуде"-қосылғанда,  
Ер қайда көңілді аулар осындайда?!  
Даяр ғой ат-арбаңыз сборныймен (із бұруымен) [7],  
Кәнеки, көңілдегі көшір қайда?!

Өтпек пе пенде шіркін бір тосылмай?!  
Кез болдың қайдан бүгін жыл құсындай?!  
Білгенге-жыр, құр бір дыр- білмегенге[8],  
Мінеки, жалған ісі бәрі осындай.

Сөнбейді ғашық оты бір жанған соң,  
Екі ағаш басын қосып тұтанған соң.  
Жанбайды, жалбарынсаң, жалғыз ағаш,  
Айырылып қосағынан бір қалған соң.

Айтқан сөзге түсуге (түсінуге) керек дана,  
Сөзге түспей (түсінбей) күйдірер көп жұрт және.  
Неге тұлға болмақшы, ойлашы өзің,  
Жұртта бықсып бір жалғыз жатқан шала?!

Құр сыртың сау болғанмен, ішің-түтін,  
Жарған ағаш жартысы- болмас бүтін!  
Құдай өзі күш беріп оңдамаса,  
Ішкенмен ем болмайды аққу өтін.

*1919-1920 ж.*

## Әмен қазасына

Қан түсті алпыс үште аяғыма,  
Оқ тиіп тұзде жүрген саяғыма.  
Көп сөйлеп ғақыл-естің жоқтығынан,  
Кетіппін тағы түсіп баяғыма.

Келмеген қайдан білсін бастарына?!  
Әркім өзі ұшырамақ тастарына.



Шағайын мен мұңымды бір аз ғана  
Арғынның алаш білген жастарына.

"Бозінген, бозайғырдай" - түстік күйге,  
Келе алмай бір кеткеннен, қайтып үйге.  
"Атадан алтау болып туғанменен,  
Бір жалғыздық бар!" - деген ұшырап күйге.

Толық боп көзге түсіп тұрған төлім,  
Жұрт қолына алынған аққан сөлім.  
Турашыл, түзушілдік сыбағасы-  
Кесімді әуел ақыр нақақ өлім.

Жасымнан бұрылмаған бетім ыққа,  
Ұл еді қарсы туған атқан оққа.  
Құдайға көп ризамын (ырзамын) қат-қат шүкір,  
Толық боп жарап кеткен құрбандыққа!

Құдайдың бір зор сыйы маған берген,  
Толық қып бергендігін алаш көрген.  
Жаманға ат айтқанмен жоқ сыбаға,  
Мал арам: пышақ тимей, бітеу өлген.

Жазған соң жер қазылып, қойылуға,  
Жем болған жаман-жәутік тойынуға.  
Құдайға шүкір мұндай қылған семіз,  
Жараған арық қашан сойылуға?!

Таңбасы ғарасатта қып-қызыл қан:  
"Шаһит боп өткеніне-деп-бұған нан!"  
Демейді: "Жаман өлім" - тіпті мұны,  
Шаһитті көрбаланы естіген жан.

Түскен жоқ олжа болып шабындыдан,  
Жарамсақ, шықпайды өнер жағымдыдан.

Ұлт үшін жаннан кешіп, өлді шаһид,  
Өлмей ме жаман да үйде қағындыдан?!

Өзімді, жыным бар ма өзім жойып?!  
Отырмын Хақ ісіне мен ден қойып.  
Жемісім ақыретлік толық болып,  
Есірдім: ішпей мас боп, жемей тойып.

Құдайым бала берген махаббатлы,  
Татымды жеміс қылып, бек ләззатты.  
Сүйгенін: "Шұнағым!" -деп, у ішкізді,  
Аузыма сүп-сүйкімді балдан тәтті.

Тәңір ісі бәрі оп-оңай, емес қиын,  
Той болды естілгені- ұлы жиын.  
Көтеріп ала алмадым, шамам жетіп,  
Иемнің мейірімандық (мыһырбанлық) берген сыйын!

Ешкімнен кем болған жоқ көріністе,  
Жаманға өңі түгіл, жоқ қой түсте.  
Кінәсыз жас жиының (хыбының) орнын берді,  
Түсіріп жұрт көзіне отыз үште.

1921 ж.

## Әменді жоқтау

Ташкентте қаза тапты Әмен өзі,  
Көп жұрттың қоя ма тек тіл мен көзі?!  
Мән-жайын көзі көрген бастан-аяқ,  
Уәлихан Омаровтың айтқан сөзі:

- Ташкентте болдық бастас бір қыс бірге,  
Бір бөлек көрнекті боп, түсті түрге.  
Жолығып Орынбордан себептей боп,  
Қамшы боп сөзім менің есіл ерге!

Үй қара ағаш Ташкенттің қаласына,  
Көп жанның кетті сүңгіп арасына.  
Бес интернат бар еді, бір институт,  
Арналған қырғыз, қазақ баласына.

Мың жарымдай оқыған онда бала,  
Сарт, ноғайдың школы басқа және (жана).  
Сегізі-орыс, мұсылман-жиырма,  
Мұғалім өткерілген өңшең дана.

Ақсамақ тұлпар-ордан, сұңқар- тордан,  
Ер жігіттің ажалы- бейнетқордан.  
"Басқарып соның бәрін жөңдейсің!" - деп,  
Кир.край берген бұйрық Орынбордан.

Дүниеге жігіт еді берік, ұқыпты,  
"Шалдырмас-ау-деуші едік- жанға тіпті!"  
Барған соң секретарь қып қосып еді,  
Түбі-Тама: Садуақас Оспановты.

Екеуі жалықпастан тіке тұрды,  
Таңырқантып, тамсанып қыр мен сырды.  
Он төртінші интернат бос тұр еді,  
Өзі барып, тіленіп, соған кірді.

Жалғанға кім бар дейсің жарып тұрған,  
Қалжырап әркімдер-ақ арып тұрған.  
Интернат Әмен кірген он төртінші,  
Бәрінің ең алды еді барып тұрған.

Дүниенің болып өткен бұл бір күні,  
Ташкенттің қыбырлаған жаны жиі.  
Артығырақ екі жүзден бала оқыды,  
Сонда еді ас ішетін қауап үйі.

Жаманға арам онда аяқ басу,  
Жақсыға күйі түскен судай тасу.  
Орысша-сад, қазақша бау-бақша бар,  
Отыз, дисат (десять)- молшері онан да асу.

Бауында еккен түгел барлық жеміс,  
Жасаған бір мүлтіксіз қылып тегіс.  
Жаз күні бұ жалғанның жаннатындай,  
Жарастықты бір жалған болған келіс.

Ежелден ерге бейнет ұрғашыдан,  
Елжіреп іші ерумен көз жасынан.  
Бір кедейдің сатылған қызын аяп,  
Жоқ жерде жетті-ау ажал болмашыдан!

Мезгілсіз іңір кезі суға барып,  
Дұшпанға аңдып жүрген ұшырап қалып,  
Төрт переселен, ұрысы Қызылбастың  
Екі бірдей бүйірінен пышақ салып.

Байқамай құр қол ғой деп араласып,  
Қашпаған ә дегенде, топырақ басып.  
Жаннан күдер үзген соң тұра қашқан,  
Екі қолмен уыстап бүйірін басып.

Алқынып, өкпе аузына тығылады,  
Төрт кісіге бір кісі не қылады?!  
Жүз саржандай жер еді судың басы,  
Келсаға келіп жетіп жығылады.

Іс болды таң-тамаша көргендерге,  
Шыға алмай кетті есіл ер биік өрге.  
"Кім етті, не болды?!"- деп сұраушыға  
"Дұшпандар!"- деген ғана келген тілге.

Тасқа таңба басқандай аққан қаны,  
"Неден өлдім?!" - дегендей, міне, тамы!  
Көр айт, жыр айт, тұру жоқ бас көтеріп,  
Сағат он бір болғанда, шыққан жаны,

Начальник милиция хабарланып,  
Мұғалімдер білдірген түнде барып.  
Персианды ұстап ап жолдасымен  
Түн ішінде түрмеге қойған салып.

Өлгені отыз үште, қыршын жасы,  
Ташкентте екен тататын сыбағасы.  
Алаштың аты атанған жастарының  
Қосылды таң атқан соң тегіс басы.

Бәрі де оқымысты, уыз жастар,  
Бірге ойнап, бірге жүрген замандастар.  
Үш жүзден, жиылған жан, асқан шығар.  
Ығай мен сығай өңшең асыл тастар.

Қыз-қырқын, толып кетті қатын-қалаш,  
Орыс, қазақ, ноғай- бәрі аралас.  
Өлімі көп тіріден артық болып,  
Осындай сый-құрметпен көмілді жас.

Гүл- уйсін, ленталармен үсті толған,  
Ұсталар өзіне арнап табыт жонған.  
Үш рет формасына сурет басып,  
Жөнелткен тәрбиелеп сөйтіп қолдан.

Ол-қазақ мектебінің мән-жайы бұл,  
Топырақ қорған сыртында тұрады сол.  
Гауфман памятникі тұрған жерден  
Саналса да отыз бес минуттік жол.

Қазақ бұрын бармайтын бір де бірі,  
Теңеліп жұрт болды ғой бұл күнде ірі.  
Бұрынғы жандаралдың қатындары  
Шығатын жаз сейілге жайлау жері.

Таусылды сол жайлауда жүріп демі,  
Орыннан табылады артық-кемі.  
Күз болмай, көғал айда шөп қуартқан,  
Күшті дерт ажал соққан, жоқ бір емі.

Басылған Құдіреттен мөр таңдайында,  
Болды екен мұнша өнерпаз қандайында?!  
Интернат он төртінші мектеп үйдің  
Жазылған: "Амен" аты маңдайында.

Қысқа өмір ұзара алмай, жойылғаны,  
Жұртқа әшкерә ап-айқын сойылғаны.  
Ол Қашқар махалласы жаңа мазар,  
Бұйырып топырақ сонан қойылғаны.

Қақ маңдай Әмен аты төрде қалды,  
Жай жауып, алтын кеуде көрде қалды.  
Шымкентке тракт жол бойында  
Демеңдер: "Кісі білмес жерде қалды".

Мектептен алыстығы мазар басы,  
Екі жарым шақырым бар шамасы.  
Музыкант сырнайлатып алып барды,  
Ташкенттің жаңғырыққандай тауы-тасы.

Ғазымбек, Хамит, Сапа Уәлиханов,  
Үшеуі қылған қайрат жанын салып.  
Кашомқыз Спандияров өзі доктор  
Қырағы-ер еңбегін білген танып.

Шаһидлар болмайды өлік, тірі өтеді,  
Құдай сүйген пенделер: ер-үшеуі.  
Калатин, Финых Колетов, Ибраһимов  
Бірінен күйгендікте бірі өтеді.

Алаштың ат атанған науша жасы,  
Жүзіктің көзіндегі асыл тасы.  
Түбі-Тама: Оспанов Садуақас ер,  
Күйініп көзге түскен жан жолдасы.

Мұндай ұл туа бермес бұл алаштан,  
Алашқа абыроймен атын шашқан.  
Ташкенттен Уәли жазып алып келді:  
Қандай боп өткендігін сурет басқан.

*1921 ж.*

## Күліктің атқамінерлеріне

Бұл Күлік ежелден ел-ақ едің,  
Айтуға ауыз толарлық бел-ақ едің!  
Атаның атыменен аруақты боп,  
Емгендей екі енені тел-ақ едің!

Тілеуімбет, Наурыз боп, Ақыл, Сексен,  
Ұстасқанды қылушы ең жермен-жексен!  
Бұрынғы өтіп кеткен аруақты ерлер  
Бүгін енді шығар ма, қолдан ексең?!

Жалпағынан басып ең жалғаныңды,  
Қылып өттің ойыңа алғаныңды.  
Жақсы өліп, жаман біткен қала берді,  
Біле алмай тұрмын тірі қалғаныңды!

Құдайқұл, Қарасордың Соры қалды,  
Ақ ниет, адал кетіп, ұры қалды.

[П]артия, қулық-сұмдық сабасының  
Әр жерде мол ашыған қоры қалды.

Ел болып, ойында жоқ, бір қыр асу,  
Бас қосылса, гулесіп, бұрқырасу.  
Ісінен бұл күнгеше үзілген жоқ  
Баяғы сөз ұрласып, сыбырласу.

Әкімбек шын ер еді дуа тиген,  
Көз жасын жалғыздықта Құдай иген.  
Дуаның ерге тиген арқасымен,  
Қабылбек бесті-алтылы күшік сүйген.

Кісі жоқ түк бітірген онан басқа,  
Келгенмен жасап өмір, мұнша жасқа.  
Солар басып жастарға тоқтау айтса,  
Немене елтек-селтек тоқтамасқа?!

Онан соң бір ақсақал- Қарақылыш,  
Ал жақсы үйде отырып дамыл, тыныс.  
Жан жоқтан: тура тартар, түзу айтар-  
Қашып тұр әр орыннан бақ пен ырыс.

Белгілі және бар ғой талмас Қара,  
Сөз сөйлеп көрген емес алмай пара.  
Кәрілер үйде неге тыныш жатпайды,  
Болған соң атқамінер, сөйлер бала?!

Жасында ат атанған: "Ұры,жынды",  
Елімде ақсақал бар солар сынды.  
Күнелткен өтірікпен жанын жалдап,  
Түзулік табады енді қайдан шынды?!

Қу ауыз, ұзын мойын, сүйір тілді,  
Жұрт оны әжептәуір білгіш білді.



Жасынан аруақ сатып, әдет алған,  
Ол қалайша: "Түзелсін!- дер сол елді!"

Жақсы өліп, дәл бүгінде жаман қапты,  
Тәңір ісі, таң қалғандай, қалай бапты?!  
Көп бейіттің түбінде, ел ішінде  
Жұрт үмітті байталға айғыр шапты.

Қанша құнды болмақшы талыс баспақ?!  
Етікшіден басқа онан алыс қашпақ.  
"Ұйытқы, қаймақ болар!"- деп, ойламаймын,  
Болса болар аштықта өңез қаспақ!

Шын басшысы оңған ел кер кете ме,  
Құлан көде ас болмас, [кер бетеге]?!  
Анық қойдың сақасы бар болғанмен,  
Ат үстінен [ұрғанмен дәл] жете ме?!

[Суан]мен Қуанның кім дейін бір бетіне,  
Шыға жайлап, шет қонған ел шетіне.  
Ортасына халқының барған жылы  
Ертең не деп қарамақ ел бетіне?!

"Адамы бар — деседі- әрбір таптың",  
Деме мұны: "Ойланып, қайдан таптың?!  
Жұрт білмейтін айтайын қайсы бірін,  
Тулақ, сабау, тарсылдақ шанапш қаптың?!"

Бір күнде кеткен асып мал шарадан,  
Құт қашты етек сілкіп әр арадан.  
Заманың ұйқы- тұйқы солай болмақ,  
Дуағөйің болған соң таз-қарадан!

Намыстансаң, түзу бол, қыл елдікті,  
Салыстырма, бұрынғы қой, белдікті.

Ат құйрығын шолақ қып жұлатұғын,  
Тастандар қара бүрген шеңгелдікті.

Қандыкөз, жалмауызға қара жүрек,  
Берілген соларға шын қабыл тілек.  
Қолдан соғып түзетер ұста кетті,  
Айттың не, айтпадың не- неме керек?!

Жоқтықтан адам дерлік түзу кісі,  
Оңға титтей баспай тұр адал ісі.  
Жыландай құр сыртымен жылтырайды,  
Уменен кісі өлтірер толған іші!

Доданып сыймай кеттім мен шарама,  
Демеңдер: "Сөйлемесе, іш жара ма?!"  
Ілініп жұрт аузына бір бала жүр,  
Тартайын жалғыз оны қай жарама?!

Келгенде: "Көремін,- деп- жұрт пен елін",  
Ортаңа жаңа түскен болды келін.  
"Жүрсін,- деп- жүзі жарқын, тілеулес боп",  
Алдыңдар айтқан үгіт, қайсың тілін?!

Келді ғой жарқыраған таңдай атып,  
"Бұзыл-жарыл!"- демейді, шетте жатып.  
"Мынау біліп айтады, жаны ашып!"-деп,  
Сүтгей ұйып, қатқандай қалдың қатып.

Өнерімен әр жұрттан сый алып жүр,  
Тезек теріп, қашан ол қи алып жүр?!  
"Қандай жерден шыққан зат?!"- деушілерден  
"Елім-Күлік!" — деуден сол ұялып жүр.

Естимін: "Жас бар-деп-бірге туған",  
Іні қайда ағаның жолын қуған?!

Ақын Тоғжан Сақауды жеңе алды ма  
"Шырайымды дегенмен- өлең жуған!"

Таң қалғандай болмас па баста пішін,  
Жалғаны жоқ сөзімнің, бәрі де шын.  
Қолмен жасап біреуді бас етеді,  
Бас не керек- қылған соң көттің ісін?!

Мен емес- әрі жаншы, әрі даушы,  
Сүт бермеген: өгіз бен теке саушы!  
Сөйлеп жатқан бұл сөзді көлденеңнен,  
Аз тоқтап, көп сынаған бір жолаушы.

*1922, 1- февраль.*

## Бұхара сапары

Бұхара- таң қаламын барғаным,  
Өкіндім оқи алмай қалғаным!  
Дүниеден құр алақан мен барамын,  
Жете алмай бұ жалғанда арманым!

Барған соң жатсам не етті сонан шықпай,  
Мен жүрмін әуре болып ғылым жұқпай!  
Ғылымның апатына кез болдым ба,  
Жастықпен[жаслықпен] жақсылардың сөзін ұқпай!

Бардырған өулиелер қоймай тартып,  
Жасымда серт қылып ем, нәзір айтып.  
Арқаны көрмей, білмей кетіп едім,  
Несіне құр алақан келдім қайтып?!

Ойға алған жақсыларға ұшырасам кез,  
Сөйлесем шер тарқатып, сол жүзбе-жүз!  
Басынан кешкен білер, көрген білер,  
Қанша айтсаң көрмегенге, нанбастай сөз!

Замандас қайда кетті жаста көрген,  
Тигізген ақтан оғын болдық мерген!  
Аяғым, айтшы сенде арман бар ма  
Көшесін Бұхараның таптап жүрген?!

Алланың ақ жаратқан панасында,  
Қазақтың туып, өсіп даласында.  
Самарқанд, Бұхар, Ташкент- кездік бәрін,  
Жиырма мен отыздың арасында.

Бүгін де келіп қалдық алпыс беске,  
Сәске түс, бесін кетіп, қалдық кешке!  
Қолыма қағаз бенен қалам алдым,  
Кеткен күн, өткен өмір түсіп еске!

Бұйрықты тұз несібе адамды айдар,  
Барады күн-күн өтіп, жыл мен айлар.  
Табылар барсаң қайда іздегенмен,  
Фиіз абад, фітіх абадтай шәриф жайлар?!

Жастықта сіз де, біз де көрдік, әне (әні),  
Дарига, сондай жайлар енді, кәне (кәні)?!  
Сасре саледе наурыздама той-тамаша,  
Ғажап жай Бұхараның рикстаны.

Кәпір мен мұсылманның шекарасы,  
Әдеплік (адаплік) барша пақыр бұқарасы.  
Көрінер көз ұшынан сағымданып,  
Әрік пен Масхыд каллан мұнарасы.

Дүние-ақырет қызығы Бұхарада,  
Ондай жай саған қайда бұл арада?!  
Бір өзінде он бес жан азан айтқан,  
Жұма (жымға) күн әлгі айтқан мұнарада.

Әкірді (кішірі) Бұхараның- аһыл сәлік,  
Күндізгі күннен жарық-шабтарик.  
Хан алдына екі ғид, жұмада имам,  
Мерекенде хазіреті Мианмәлік.

Күмбезі Мерғарабтың тұрған қатар,  
Періште сипатлы жан сонда жатар!  
Көкалдаш- айналасы толған базар,  
Адамы көптігінен, басың қатар.

Көкалдашта ахон тұр Хитнархан,  
Жеке қара медресе ол- Тұрсынжан.  
Көзіңді, қарағанда, талдырады,  
Зейнетлі қош медресе-Ғабдоллахан.

Тамаша көрген жанды таң қалдырған,  
Таңданып қарағанда, көз талдырған.  
Шаршы базар шахардың ортасынан  
Атақты Ғабдолла хан там салдырған.

Басынды ойлай берсең, қатырады,  
Түн ұйқысын көрмей таң атырады.  
"Тым" деген бір мағазин, толық дүкен  
Шаһи дүриа патшайы сатылады.

Көзінде арманда етіп пұлдың жоғы,  
Ешбірін жоқтатпайды көңіл тоғы.  
Өзінде шиле(шел) болып тұрып қалған  
Қу жарғақ Төлебайдың атқан оғы.

Ұшырайды көп пөлеге дүние жиған,  
Болады мұнан халас нәпсі тыйған.  
Басында дүйсенбі күн ат базары,  
Аузында дарбазаның (даруазаның)-хазірет Имам.

Медресе- мүфти, қазы, бәрі молда,  
Ақ күміс ұстағаны алтын ділда.  
Сенбі күн таңертеңгі зиаратқа,  
Шайхы молда шат мұратхан жиып Алла.

Тамаша, таңгажайып әрбір жері,  
Тарқайды барсаң сонда іштің шері!  
Жойбарлық махалласы өңшең қожа,  
Ғажап жай-Бұхараның үштен бірі!

Бұхара, қылсам сейіл базарына,  
Ерлердің болсам душар назарына.  
Басында қолым жайып тұрсам барып,  
Хазірет имам Қазыхан мазарына!

Түбінде шынар ағаш екі соқыр,  
Тапжылмай, қозғалмастан Дауам отыр.  
Менде арман қалмас еді барып соған,  
Сүйкенсем сиыр болып болған қотыр.

Басына, құшақтасам барып туын,  
Әулие қатар жатқан буын-буын.  
Гүл сурех Баһауалдин сейілінде,  
Қант салған ішсем дүние хауыз суын!

Бәрі әулие, басында тұрған туы,  
Қалмастан барар сонда жасы-қуы.  
Ол күнде алаңдатып, әуре қылды,  
Ғақылдың көзін шалып нәпсі буы.

Арман жоқ көрсем барып тамашасын,  
Басында әр мазардың оқып иасин!  
Насихат, мадақлардың сөзін естіп,  
Ағызсам екі көздің қанды жасын!

Несіп боп, Бұхараның нанын татсам,  
Бүк түсіп, бір хұжырада жалғыз жатсам.  
Бұхара- қатқан нанын қорек (хорик) қылып,  
Армансыз болар едім аштан қатсам!

Қадамжай-мешіт Махаке- жердің асты,  
Ондай жай бұл жаһанда табылмас-ты!  
Өң түгіл, түске кірмес мекен жайды,  
Барған соң Тәңірім айдап, аяқ басты.

Білдік пе оның қадірін біз ол шақта,  
Жүгіріп жүрді көңіл әрбір жаққа!  
Айрылмай тіс, тырнақпен жабысар ек,  
Көнеки, бір көрінсе, осы уақта!

Серік болды Фаділхан деген төре,  
Барушы ек атасына сәлем бере.  
Үстіне Мерғарабтың шығушы едік,  
Жорабай қасалшының қызын көре.

Түн болса, көше-бойы жаққан фонар,  
Бихисап толып жатыр тамашалар.  
Шахарда ат ұрғаны ғарышқа жетіп,  
Жер жарып һу зікірімен диуаналар.

Оянып шошығандай тамам будан,  
Жүгіріп жан қалмастан жас пен қудан.  
Өтеді он екіде қарилыққа  
Балалар құлын жастан сонда туған.

Оқыған Калам шариф қандай оны,  
Сықылды түннің бәрі- қадір түні!  
Бар ғұмырыңа татиды қызықтығы  
Маер-мазан шарифтің отыз күні.

Нануайлар айғай салып, деп: "Ыстық(ыслиғ) нан!"  
Табылып бір көшеден мың түрлі жан.  
Оқиды қош әуезбен кетіп хошы,  
Жұма күн мешітлерде – "мышной-хуан".

Барған соң мен несіне келдім қайтып,  
Сол жайда қалсам не етті топырақ тартып?!  
Жүз алтыда Сейітжан мүфти отыр,  
Іркілместен саулатып дәріс айтып.

Тұрған жан сондай жайда болмайды тек,  
"Бәрі әулие!"- деп сөйле, келтірмей шек.  
Көз алдымда елестеп көрінеді  
Қос медресе: Зіргіран, мырза Ұлықбек.

Қарайды көрген жандар мойнын соза,  
Мас болып, ішкен жандай арақ-боза.  
Медресе- "Мырза Ұлықбек" медресесі,  
Әулие шарапатлы Хамза қожа.

Алдынан шарт жүгініп алдық сабақ,  
Ашылды сонан соң-ақ біздің қабақ.  
Төрт ауыз жүрерде айтқан насихаты-  
Бізге азық, өмір бойы болды тамақ.

Адам жоқ ешбір осал онда тіпті,  
"Ішпей мас, жемей тоқ"- боп, болдық күпті.  
Дәріс айтқан пай астана шариф жайда,  
Атақты Сыражаддин ноғай мүфти (мүфті).

Алдына шарт жүгініп отырдық біз,  
Сондықтан ерте шөкті, мінеки, тіз (тізе).  
Көп шыққан хатымгерде өз алдынан  
Шәкірті мыңнан аса бірнеше жүз.



Адамы Бұхараның- меруерт, маржан,  
Жаманға қат, жақсыға бәрі де арзан.  
Аталған "Құдай дат" - деп, Бұхарада  
Кіші жүз: Тама, Табын- молда Қалжан.

Уа, дүние, жүріп сонда басқан іздер (ізлер),  
Әр жайда қала берген жазған (иазған) сөздер.  
"Жалғанда арманым бар!" - дейді ме екен-  
Қазы Фабыд, Шүкірді көрген көздер?!

Алашқа әңгімесін Мәшһүр шашты,  
Жері жоқ болған, сірә, аяқ асты!  
Жалғыз тоннан жоқ басқа лыпа үстінде,  
Отырған леп, род да жалаңаш-ты.

Тауық, кекілік, бөдене, мысық, күшік-  
Алдындағы тамағын ортақ ішіп.  
Тоқтылық тонауы жоқ көрер көзге,  
Бар жалғанды қолымен өлшеп, пішіп.

Қызметінде жүгірдік құстай ұшып,  
Бата берген аяумен мейірі түсіп.  
Ерден назар, ұлпат тапқандықтан,  
Алты алашқа атандық - "Мәшһүр-Жүсіп".

Құс салған, аң аулаған, мылтық атқан,  
Хақ иадын айтқан құлдар (қыллар) түнде қатқан.  
Басында әр төбенің мола болып,  
Бәрі де біздей жан ғой солар жатқан!

Ащы менен тұщыны білер татқан,  
Күнәға ғапыл пенде күнде батқан.  
Бір тынышы жалғыз жанның бұ дүниеде  
Дәріс оқып бір хұжырада жалғыз жатқан.

Ермегің еріктірмес кітап қолда,  
Сол шығып маталғаның (мұталғаның) болсаң молда!  
Молданың сабақ алған бірі болып,  
Дүниеден өтіп кетсең, жатып сонда!

Семейлік Фидахметті көзім көрді,  
Бастас боп молда Ғали бірге жүрді.  
Тоқбет қажы баласы Жағыпар сабаз  
Мерғарабта көп тұрып, сол жайда өлді.

Тарқайтын жолыққанда іштің шері,  
Қалмапты замандастың бірде бірі.  
Түбі-Уақ, хатымгерде Ғабдолуахид  
Бұл күнде жалғыз-ақ сол- қалған тірі.

Дүниенің ойға алмастан көбін, азын,  
Құдайдың кім тауысар қысы-жазын?!  
Оқысам мен әуел Бабайпөре түзде,  
Сенбі күн ол ерте таң намазын!

Бір тас жер Бұхарадан- мазар Шәріф,  
Тарқаттық бір құмарды үш-төрт барып!  
Меркалел қожа, қағба Лабар менен,-  
Баршасын көріп қайттық шырқ айналып!

Өлуге, өлмесек те жүрдік таяу,  
Ол күнде ойда бар ма бір жаңды аяу?!  
Қожа Жаһан өулие Ғыхдуанда  
Жаз шыққан соң жағалап бардық жаяу.

Бір күні сондай күннің мыңға татыр,  
Жастықтың арқасында болдық батыр.  
"Шәкірттің перуайы (первый)"- деп аталған  
Шайхы Ысқақ калабади- о да жатыр.

Онда көп: ноғай, қазақ, сарт пен сауан,  
Қайтқан жоқ бұ жалғаннан біздің тауан!  
Қадамжай Ғалыхида бір зиарат,  
Шайхы Жалал, Мағзұм мен ахон Хауан.

Көргенді ғақыл-естен тандырыпты,  
Төрт күмбезлі медресе қалдырыпты.  
Түрікпен: Ниязғалы, өзі-халфе,  
Шаһардың ортасынан салдырыпты.

Түгендеп тауысамыз қай базарды,  
Біле алмай, сасып қалдым не жазарды!  
Кепхоза Диуанбегі қасындағы  
Айтайын медресе Ерназарды.

Ол жайды барып көрген болмайды қор,  
Бұрқырап жерден көкке атылған нұр.  
Бір өзінде тап отыз медресе бар,  
Медресе "Жағыфар қожа", - тағы атағы зор.

"Хиябан көсғынд мыһтыр ғынбыр" - дейді,  
"Беделбек, Диуанбегі әм бар!" - дейді.  
"Көрхана, ханақаның есебі жоқ,  
Әрбірінде мың, миллион жан бар!" - дейді.

Байлық пен біз бармадық дәулет артып,  
Оқыдық құр қол жүріп, мехнат тартып.  
Басқа жайдың сопысы, молдасынан  
Бұхараның иті мен есегі артық.

Тартқан жан әулиелер – сонда барар,  
Шын әулие қайта алмай, жатып қалар.  
Көрмегенге сөзім жоқ, өкпе де жоқ,  
Көрген жан: "Рас айтады, шын!" - деп, нанар.

Өткен күн, жүрген жерлер ойға түсіп,  
"Барам-деп- тағы айналып", -көңіл көшіп.  
Елтімес(естімес) дұғаңыздан қылған үміт:  
Құрық-қол, бибзағит Мәшһүр-Жүсіп.

Пірлерден зат едіңіз тиген назар,  
Алдың шақар болғанда, артың-базар.  
Қасиет көріптікпен пайыз тауып,  
Табиб болдың, дауасыз дертті жазар.

Арқаға қайта шықтық аяқ тайып,  
Көлден шөлге ұшқандай қанат жайып.  
"Бұхарай-Шәріфтің нанын тат!"-деп,  
Уыз батаң берсейші бір қол жайып.

*1923 ж.*

## Бір редакторге

Бұзып-жарып кешу қылдым талай өрді,  
Бір сен емес, "Алты алаш"- түгел көрді.  
Сол қалыппен жүрсем жан танымады,  
Сонан соң жорта жаздым бұзып түрді.

Қойдан басқа кім кетпек адал боймен,  
Бізді заман жау қылды айтпен,тоймен.  
Жүрекке соғып жүрек, тілдесе алмай,  
Сонан соң тіл қатынасты арам оймен.

Мен кіші де, сен үлкен-тақсырым-ай,  
Мекіре балық қайтпайды тасқа ұрынбай!  
Әдетің алаңдаған қайда қалды,  
Құдайқұл-Қарасордың қасқырындай.

Өлеңім толып жатыр кенде-кенде,  
Кім иманын күтеді осы күнде?!

Қазан бір қайнайтуғын болғандықтан,  
Сол қазанға түспекиіз мен де, сен де.

"Төрт жас үлкен ақсақал" -деп, ойыңа алып,  
Сәлем берсең, не етеді, білсең танып?!  
Құбыжық болып, дегенім, көрінейін,  
Тонымды айналдыра кие салып.

Бет бұрып қарамадың қайда барсаң,  
Сау жүрген жан кем де кем,болма сарсаң!  
Қалай саған бұрылып қарамайды,  
Шиқанының тап өзін жұлып алсаң?!

Әр қызықтан құр қалдым, мен: "Қой-қой-лап!"  
Айтын айттап, қазақтың тойын тойлап,  
Домаланған қу бастай жалғыз қаппын,  
Көтеремін көңілді кіммен ойнап?!

*1925 ж.*

## Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені

Шықпайды ертегісіз жел оңына  
Түсейін жарық алып мен соңына.  
Ертесі ерте, ешкісі бөрте күнде  
Бір сұңқар түскен екен хан қолына.

Хан оның балақ бауын алтындатты,  
Күнге жарқ-жұрқ еткізіп жалтылдатты.  
Алғанына қызығып, салғанына  
Талай атты сабылтып, салпылдатты.

Бұл сұңқар бір құс болды құста бақты (бақытты),  
Хан оған саф алтыннан қоңырау тақты.  
Қант бүркіп ерте-кеш те жегізген соң,  
Мейлінше алғыр болып ұшып бақты.

Әддінен асты дейді, тасты дейді,  
Алып жүру қиын ғой басты дейді.  
Аса сыйлап күткенді көтере алмай,  
Желгіп хан қолынан қашты дейді.

Әуелеп алғыр сұңқар аспанға ұшты,  
Туған жер болып оған көкейкесті.  
Аспанға шыққан құсқа жер алыс па,  
Ұшқан ұя, мекеніне келіп түсті.

Көзіне ыстық көрініп тауы, тасы,  
Қуанғаннан домалап көздің жасы.  
Балақ бауды: "Жем ғой,-деп,-салақтаған",  
Алып жеуге жиылды ұяласы.

Жем емесін білген соң күдер үзді:  
"Құдай сендей қылмасын,-дейді,-бізді!"  
Сылдыраған қоңыраудан үрейі ұшып,  
Жиреніп, тітіркеніп бәрі безді.

-Міне, жоқ салпылдаған бізде аяқ-бау,  
Немене шылдыр-шылдыр сұмдық қоңырау?  
Кет қоңырауды байлаған жеріңе!-деп,  
Бірі ұрсып, бірі түртіп, көбейтті дау.

Бұл байғұс туған жерден кете алмапты,  
Елдесіп туысқанмен біте алмапты.  
Балақ бау аяғына байлау болып,  
Еркімен жем алып жеп, түте алмапты.

Сазайы- хан қолынан қашып кетіп,  
Балақ бау пәле болып, түпке жетіп,  
Ортасында ұялас көрген күні:  
Иттен қор қып өлтірді жұлып түтіп.

Біледі өз басынан кешкен кісі,  
Талай уын жалғанның ішкен кісі.  
Жалғыз шала болумен бықсып қалып,  
От боп заулап жана алмай өшкен кісі.

Қуғаным бала жастан- ғылым жолы,  
Емес пе ғылым жолы- ханның қолы?!  
Жазасы хан қолынан қашқандықтың  
Ит қорлықпен күнелттің оны-мұны.

Әуре боп алас ұрдық, тыныш жата алмай,  
Жалғаннан ауыз тұшып нәр тата алмай!  
Өзін-өзі ұрлайтын қарақшымен  
Бастас боп, өмір бойы түн қата алмай!

Сылдырлап тұрғаннан соң қоңырау жыры(зері),  
Өлсе маған жолар ма ұятты ұры?!  
Балақ баудан қорғалып бір ұша алмай,  
Қызығынан жалғанның қалдым құры(құр)!

Жалғыз бүртік қалған жоқ көңілім өсер,  
Көгерте алмас жауғанмен қанша нөсер.  
Тапқан пайдам өмірден, алған олжам,  
Аймағыма атандым: "Ақымақ, есер!"

*1926 ж.*

## **Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны**

Таусылып сабырым менің түгел бітті,  
Аң біткен: адал, арам- бәрі кетті.  
Орнына арыстанның қалып қасқыр,  
Аңға ертті тазы орныа төбет итті.

Орнынан көтеріліп ақылым ұшты,  
Қайғы ғам болғандықтан аса күшті.

Қарғалар көгершіннің зікірін салып,  
Құдайым дәуірлетті арам құсты.

Көрдiң бе көзімізде жас болғанын,  
Ерімес жұрттың көңілі тас болғанын?!  
Көріп тұр көзі жіті қырағылар  
Бас-аяқ, аяқ барып бас болғанын!

Қуат жоқ, қылар бұған, күшіміз де,  
Ынсап жоқ қылып жүрген ісімізде.  
Тіzedен басқа- басты қояр жер жоқ,  
Қасірет пен бармағымыз тісімізде.

Жасымнан өлең еді баққан қойым,  
Жақсылар бас қосқан жер- айт пен тойым.  
Гүл жүзлі, шырын сөзді ерлер кетіп,  
Тұрарға жер таппады ақыл-ойым.

Құс біткен қонағына кетті қайтып,  
Осындай қыс боларын бізлерге айтып.  
Таусылып қызыл гүлдер (гүлдер), қалды тікен,  
Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтіп?!

Бар еді жақсылармен жақындығым,  
Жаманмен ежелден жоқ мақұлдығым.  
Кеткен соң ақыл, сабыр қалай тұрсын,  
Жөнелді бірге қаша ақындығым!

Үйде-мүлік, өлең болған, түзде-малым,  
Баршаға мағлұм болған менің халім.  
Кеткен соң ақындығым, тұра алмадым,  
Құр сұлде- денем қалып, жоқ боп жаным!

Тіл қаттым ақындыққа мен сөз бастап:  
-Шыныңмен кеткенің бе мені тастап?!



Ескі дос, көптен қимас жолдас едік,  
Жылады о да, қайтсін, көзін жастап:

- Замана жылдан-жылға болды өзге,  
Бір жан жоқ құлақ қояр жақсы сөзге.  
Сүйсініп сұхбаттасар жан қалмады,  
Менің бар не керегім,-дейді,-сізге?!

Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,  
Танитын жан қайда бар сөз қадірін?!  
Танысын: қарға, бұлбұл-қайсысы оңды,  
Жамандар- білмей жүрген өз қадірін!

- Сақтамас, қадіріме ешкім, жетіп!- дейді,  
- Таусылды бастас кісім бітіп!-дейді.  
- Тікенге қонақтауға арланғаннан,  
Барамын мен бұл жерден кетіп!-дейді.

Ғаламға жарқырадым шыққан күндей,  
Бетімде болмай кіршік жалғыз меңдей.  
Басқа жан жарқанаттан болмаған соң,  
Қараңғы айсыз бұлт, болдым түндей!

Наданмен өмір бойы жүрдім дауда,  
Соғыста, жүрген жандай, қалың жауда!  
Біледі астың дәмін ауыз байғұс,  
Жүргенде, өз басы аман, дені сауда!

Бәрі ауру, жүрген жанның, басы қатып,  
Арбалап бейнет жиып, тыныштық сатып.  
Көбінің бұрылуға мұршасы жоқ,  
Білмейді бал екенін-дәмін татып!

Көп адам сенделіп жүр бостан-босқа,  
Ала алмай жақсы сөзден үлгі-нұсқа!

Ақшасын, шығаруға, қимай көзі,  
Кісідей кемтар болған, қолы қысқа.

Бай-қимай, жоқ-таба алмай, бос жүр бәрі,  
Өлімге бәрі бірдей: жас пен кәрі.  
Кеш болса, бір-біріне айтысады:  
-Жұмысың, жүрмісің,- деп,- бітпей әлі?

Тарқасады күнде:

-Ертең аламыз!-деп,  
-Алмасақ, құр алақан қаламыз!-деп.  
Ертеңі жоқ бір күнге душар болса,  
Ойламайды: "Қалай құр қаламыз?!"- деп.

Бізді Құдай бар қылып, қойды жоқтан,  
Құтылмаймыз- тура атқан қалақ оқтан!  
Жамандыққа келгенде, білгіш-ақпыз,  
Құлақ саңырау, көз соқыр- жақсылықтан.

Денемізге жан берді жарық нұрдан,  
Нәпсімізді жаратты күшті, зордан.  
Қызыл көрсек, шабамыз айлық жерден,  
Тіпті пәруай қылмаймыз жайған тордан.

Нәпсі залым болар ма мұндай күшті,  
Ерікке қоймай, бізді отқа алып ұшты!  
Жайған торға шабамыз бір жем үшін,  
Көрсек те торға түсіп жатқан құсты!

Бозбала, бір көрерсің өлім бетін,  
Тіл алсаң, өлім бетін, көрмей күтін!  
Өлімнен күні бұрын күтінбесең,  
Бұрқылдап әр тесіктен шығар түтін!

## Ағайын

Аманыңда елжіреп, мақтайтын да ағайын,  
Алыстамай, айналып, жақтайтын да ағайын.  
Ауырыңды жеңіл ғып, жоқтайтын да ағайын,  
Еркелетіп бетіңнен, қақпайтын да ағайын.

Жаман атақ бойыңа тақпайтын да ағайын,  
Тарыққанда [1] рақым ғып, сақтайтын да ағайын.  
Сабыры қалмай сағынып, жүретін де ағайын,  
Есіне алып, елжірей білетін де ағайын.

Мақтағанда мамыққа бөлейтін де ағайын,  
Алаңсыз сұрап алыстан жөнейтін де ағайын.  
Сылдыр сөзбен сыбырлап, еритетін де ағайын,  
Ұйықтап жатқан жыланды түртетін де ағайын.

Айтқаныңа қалтқысыз сенетін де ағайын,  
Аяқ тайса, алдымен көретін де ағайын.  
Маңдайдағы күніңді жоқтайтын да ағайын,  
Басыңдағы бағыңа тоқтайтын да ағайын.

Жаяу жүріп аттыға ұқсайтын да ағайын,  
Адал айтқан ақылды ұқпайтын да ағайын.  
Адасқанда аттарын беретін де ағайын,  
Кем-кетікті көл қылып теретін де ағайын[2].

Туысқансып түрлі істі білетін де ағайын[3],  
Қылға тізіп қимылды, күлетін де ағайын.  
Жолы болып жортқанда, еретін де ағайын,  
Еріксіз ұстап қолыңнан, беретін де ағайын.

Жан қысылса, жатырқал, үркетін де ағайын,  
Көлгірсініп көз жасын сүртетін де ағайын.  
Толып жатыр түрлі сөз, қайсы бірін жазайын [4]?!  
Әуел баста аңдамай ,тартып жүрме сазайын!

Түсінсе түйткіл сөзімді, улы тілмен шағайын,  
Өскен ордам жамандап, жақсыны қайдан табайын?!  
Өкпелерге орын жоқ, қараңғы еді маңайым,  
Өлмеген құл көреді-ау өзгерістің талайын[5]!

1929 ж.

## Мұң

Түсіпті кәріпшілікке (ғырыбшілікке) бұл басымыз,  
Тыйылмай ертеңді-кеш көз жасымыз.  
Жалғызлық басқа түскен уақтысында  
Көлеңке болып бізге жолдасымыз.

Еңбегім, кетемісің текке зая,  
Жараттың қандай күнде, бар құдая?!  
Паналап барар жерің болмаған соң,  
Жапалақ басымызға болған сая.

Біз түстік кәріпшілікке жасымыздан,  
Кетпеген бүрге, шыбын қасымыздан.  
Болмаса құйынменен ұшқан тозаң,  
Айналып, кім толғанар басымыздан?!

Кір киім, болдық ашна кіршікті асқа,  
Жай болып: көзің-ғамға, көзің жасқа!  
Бізлерге кәріпшілікте жетсе қаза,  
Кім жылар жаға жыртып таңнан басқа?!

Көз жасың,- бар тапқаның, қолда барың,  
Қалмаған бойда титтей ұят-арың.  
Жерінде қандайыңды көрген жан жоқ,  
Шағасың кімге барып мұң мен зарың?!

Көңіліміз үшбу күнде жерден төмен,  
Қараңғы, қайғы басып, болған түннен.

Құданың әр не болса, салғаны дүр,  
Көреміз енді мұны, айтшы, кімнен?!

## Жалған туралы

Жігіттен мал кеткен соң, құда кетер,  
Ауыз, тамыр, -баршасы, жүдә, кетер.  
Жігіттен бақыт, дәулет сырт айналса,  
Жеріне егін еккен- тікен бітер.

Бес жүз қой, бір жүз жылқы біте қалса,  
Алдыңнан кеткен тамыр бұлаң етер.  
Болса да көзі соқыр, аузы қисық,  
Еш адам оның сөзін демес бекер.

Қотанда -қой, өрісте жылқы болса,  
Досың түгіл дұшпаның, еркелеткен.  
Қолында ер жігіттің мал көп болса,  
Ойына алған жеріне құстай жеткен!

Болсаң да, малсыз болып, қанша өнерпаз,  
Бейнетің қанша қылған босқа кеткен.  
Бейнеттен қашқанменен құтылмайсың,  
Соңыңнан, қайда барсаң, қуып жеткен.

Мал-басқа, қына қызыл тасқа бітер,  
Жаманға қасақана қасқа бітер.  
Біткен мал бір жаманға болып залал,  
Жем болып ит пен құсқа о да кетер.

Дүние фәни жалған- қолдың кірі,  
Жүрсең де қанша жумай, қолдан кетер.  
Көрмеген дүние жүзін жарғанаттай,  
Дәнеме жақсылықтан көрмей өтер.

Дүниенің ыстықтығы сондай тәтті,  
Көзді-соқыр, құлағын саңырау етер.  
Жақсыға айтқан сөзің- алуан шекер,  
Жаманға ащы тиер удан бетер.

Шатлық та, қапалық та мәңгі қалмас,  
Басыңнан ол һәм өтер, бұл һәм кетер.  
Қараңғы, жатпас бұрын, тар қабірге  
Оянып, бұл жалғаннан, басың көтер!

Өлімнің, өлмей бұрын, қамын ойла,  
Абайсыз жүргеніңде ажал жетер!  
Көргенің жалғандағы еш нәрсе емес,  
Тыйышың, бір күн өлсең, сонда кетер.  
Жігіттер, байлар қанша бай болғанмен,  
Деймісің: "Малын көрге ала кетер!"

### Тіршілік қамы

Келмейді, іздегенмен, кешкен бастан,  
Қасірет көп, айрылған соң құлын жастан.  
Өкініш өткен іске пайда бермес,  
Айрылып бір қалған соң қарындастан.

Тауып ал дер күніңде ғылым-білім,  
Есер боп, жігітліктен болма мастан.  
Еш нәрсе табарың жоқ мұнан былай,  
Болған соң үміт-ойың қиғаш қастан.

Бір түссең ғашықлықтың дағуасына,  
Қаларсың ұйықтар ұйқы, ішер астан.  
Бұл күннен күн бұрыннан жұм көзіңді,  
Пайда жоқ, қарағанмен, сүмбіл шаштан!

Өнерге ғылым-білім кірген жақсы,  
Өткізбе жігіт жасты байқамастан.

Білімге ие болсаң, шын [шен] табарсың,  
Бала қып, жұмыртқаны шайқамастан!

Жұмыс қыл, талап, қайрат быхан хабын  
Мирас боп, кейінгіге болсын дастан.  
Құдайым зауал берсе дұшпандарға,  
Зарар жоқ, болғанменен сізге қастан.

Күткен соң іс ақырын бір Құдайдан,  
Алдыңа өзі келер, байламастан.  
Ғаділдік, туралықта тұрғаннан соң,  
Кеңесте би боларсың, сайламастан.

Жүрмейді, ақша бермей, маңайыңнан,  
Парақор жеген болсаң шайнамастан.  
Көпшіл боп көзді салсаң ілгергіге  
Қылмаңыз сұғанақтық байқамастан.

Нәрсеге, көз салсаңыз, пайдасы бар,  
Ақырын, қылма жұмыс, ойламастан.  
Жамандық қадап алар тіл найзасын,  
Есерден, қашқан жақсы, ойнамастан!

Назымды ойға келген айтса келел,  
Ақылың, тұрған күнде, тарқамастан.  
Бұл күнде мал табыңыз алас ұрып,  
Күш-қуат кетіп қалмай арқа-бастан.

## Ақыл туралы

Көрінген көзге жылы бет емес пе,  
Құдайға имансыз құл шет емес пе?!  
Адамның тіршілігі- тіл мен жүрек,  
Екеуі екі-ақ жапырақ ет емес пе?!

Ақылды әуелде Алла мыңға бөлген,  
Кім жақын құдіретіне, соған берген.

Тоғыз жүз тоқсан тоғыз тамам бітіп,  
Біреуі бұл ғаламға ортақ келген.

Біреуін онан қалған алты жарған,  
Төртеуін ғылым-білім иесі алған.  
Күллі ерге біреуін қойған сайлап,  
Тағы бірі бұл жерде жеке қалған.

Ол бірін жарты бөліп әйел алған,

---

Темірдің қорытылған боғындай боп,  
Жартысы айдалада иесіз қалған.

Көшпелі, алған тауып, біздің қазақ,  
Ақылың соның үшін болған аз-ақ.  
Қатыннан қалған жарты ақылменен  
Жүресің сендер қайтіп болмай мазақ?!

## Түн қараңғы

Шаштым жұртқа Алланың берген сыйын,  
Ешбіреуден ақы алмай жалғыз тиын.  
Туған ұлдың қойғанмен атын: "Иосиф",  
Мәшһүр болып атану болар қиын.

Елім-Күлік, Айдабол, Арғын-затым,  
Алты алашқа жайылған Мәшһүр атым.  
Қалам ұстап ұл тумас енді мұндай,  
Бір мұхежзат басқаға жазған хатым.

Қылып құмар жасынан дүр тасына,  
Қойған салып дарияның ортасына.  
Фазылына алып бір Алла, ақ жарылқап,  
Қанша өнерді сыйғызған бір басына?!



Түн қараңғы, дарияның толқын іші,  
Айналмада су жұтып жүрген кісі.  
Кімге даусы жетеді айғайлаумен,  
Басы аманның мұнымен болмайды ісі.

Әркім солай, өз әлін шақтамаса,  
Ол-арам (адам): ата тұзын ақтамаса!  
Не болып, не қойғанын білер жан жоқ,  
Бір Құдай фазылына алып, сақтамаса!

Қажет емес ешкімнің мақтауына,  
Аршыған соктай қылып ақтауына.  
Сөзің кірер құлақтың тесігі жоқ,  
Патша Құдай өзі алсын сақтауына!

Өмір бойы алысып жалғанменен,  
Үйір боп өңшең жұртта қалғанменен,  
Көп соқырдың қайсысы көрер дейсің,  
Шамша саулап, лапылдап жанғанменен?!

Текке шығын – көзіңнің бейпіл жасы,  
Кімге қажет болғаның дүрдің тасы?!  
Құлағыңда тесік жоқ бұл күнгі жан,  
Саңырауға сәлем берсең: "Атаң басы!"

Неменеге жарайды жұртта қалған?!  
Жақсы қоныс алады бұрын барған!  
Көп саңырауға душар боп, қор болдың ғой,  
Есіл сөзім әр топта құлақ жарған!

### III Мысал өлең және айтыстары

#### Сәйгелді, сона, бөгелек

Сәйгелді, сона менен бөгелек-ті,  
Үшеуі халфе сайлап көбелекті.  
Мекен-жай, қоныс қарап тұрақ үшін  
Кезіпті дамыл көрмей[1] төңіректі!

Жолдас боп бірі-бірін қимас болды,  
Дәнеме ғұмырында жимас болды.  
Ұшып-құс, жүгіріп аң бола алмады,  
Ешкімге керексіз боп, сыймас болды.

Дүние кезді әркімнен сұрап қоныс,  
Желге ұшырып өмірін босқа жүріс[2].  
Ешбір мақұлық маңына жолатпады,  
Көрмеді төртеуін де бір жан дұрыс.

Жауабы сұрағанға беретұғын,  
Соңынан жүгіргеннің еретұғын.  
Сәйгелді айтты:  
- Қонамын жеген жерге,  
Инем бар деп[3], - етіңе кіргізетұғын!

Сона айтты:  
- Жер бар ма, - деп, - мен баратын?  
Сөзімді бар ма, - деп, - жан аңғаратын?  
Дәрігермін жергілікті хатымгерде,  
Банкам бар - даяр бойда қан алатын[4].

Бөгелек ойламайды мен қалам деп  
- Жеңілмін, титтей желмен қозғалам, - деп.  
- Жыршымын неше түрлі күй білетін,  
Сембестен(Тынбастан)[5] талмай жағым ән салам! - деп.

Көбелек мақтанады:

- Шұбармын! - деп,

- Қайда мисыз, ойсызға қонармын! - деп.

- Ұйқы мен мас қылатын қонғанымды,

Жазылған жергілікте тұмармын! - деп[6].

Көтерді сиыр мұрнын мақтанумен,

Ісі болмай ойланып, сақтанумен:

- Сәйгелді, инең болса, маған келші,

Мүйізім бар шыңдалған[7] қақталумен.

Үмітім бар тиер деп маған пайдаң,

Жұртсың ғой толып жатқан әр түрлі айлаң.

Қона бер мүйізіме түк етпейсің,

Инең түгіл қырық жерден болса найзаң!

Түйе тұрып мақтанды:

-Құлақ салың!

Мен емес шыдамы жоқ күйкі малың.

Ничего, банкаң маған түк қылмайды,

Икемге көнбейтұғын терім қалың.

Тоса берді, мақтанып жылқы жа жон:

- Менде бар, - деп, - боранда тоңдырмас тон.

Айғайға дәуірлейтін жыным бар-ды,

Жыршы болсаң, бөгелек, кел, маған қон!

Орын алған ақылының көзінде орыны,

Есі жоқ төрт аяқты хайуан құрлы.

Шұп-шұбар боп тұрған соң құмар болып,

Шақырды көбелекті қазақ сорлы.

Сәйгелді қонды сиыр сауырына,

От тисе байқатпайды бауырына.

Шыбын-шіркей боп жонға шығып кетті,

Келуте қолы тимей ауылына.

Түйенің қанын келіп сона сорды,  
Қайнатты қалай қылып қалың сорды?!  
Шарасынан шығумен екі көзі  
Қарсы алдында тұрса да, көрмей орды.

Жылқының жыршы үйелер ауызына,  
Ем тапшы енді мұның жауырына!  
Бөгелек қонар жерін өзі біліп,  
Шап етті шап пен қолтық, бауырына.

Әніне бөгелектің мас боп қалды,  
Көкіректе-дерт[8], көзінде жас боп қалды.  
Ызылдап бір бөгелек жетіп келсе,  
Бір мың жылқы иіріліп, тас боп қалды.

Асындай атасының даяр тамақ,  
Тамақсыз ашылмайды бір күн қабақ.  
"Оқымай молда болған тақсыр-ай!"-деп,  
Қазакең [9] көбелектен алды сабақ.

Мәз болып көркейткенге ат пен тонын,  
Тосырайтып ту биедей сыртқы жонын.  
"Жетілдік, жетістік!"-деп, мәз боп қалды,  
Көбелек қанатына сүйкеп қолын.

Қазақтың молдасы бар көбелектей,  
Жүреді қайда от болса, төңіректей.  
Дайын жоқ, тұрақ та жоқ, ойсыз, мисыз,  
Ұшады, тек жел болса, ебелектей.

Қазақтың, Хаққа мағлұм, білімі азы,  
Арсалаң, әр қоянды қуған тазы.  
Сәйгелді қуған сиыр сықылданып,  
Жүреді шапқыласып қысы-жазы.

Болады: киім киін, белін буган,  
Өнерден қазақ қолды ерте жуған.  
Далаға, қалаға да шапқылайды,  
Түйедей тайраңдасып сона қуған.

Көз салып қарамайды төңірекке,  
Талап қып ұмтылмайды не керекке[10]!  
Шұлғып, қалғып қалады басын изеп,  
Тас болған жылқыдай боп бөгелекке,

Сен түспейтін(түсінбейтін) парсы мен араб тіл[i] ме,  
Ерегiссен, ерегiс, бiлме-бiлме!  
Көбелектен жоқ титтей бөтендiгi  
Халық қатары жаралған қазақ тіл[i] ме?!

## Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысқаны

Сөзіме сүйінер дос, күйінер дұшпан,  
Шулаған дауыс шықты күншығыстан.  
Тағы да құрбыларым қылды тілек,  
Бір кеңес естіртейін тырна құстан.

Аяғы арғымақтың болар шалыс,  
Қыс басы-тыңдасаңыз, болар қауыс.  
Мен үйде әңгіме ғып отыр едім,  
Шулаған күншығыстан шықты дауыс.

Қараша, қыстың басы, қауыс екен,  
Ырыс-жұғыс, сол ақыл ауыс екен.  
Қиқулап күншығыстан шыққан дауыс  
Шулаған тырна құстың дауысы екен.

Ақырап қазан болғанда, бір ай күз бар  
Құс жолы көк жүзінде салған із бар.  
Айтайын бұрынғының нақыл сөзін,  
Сүлеймен пайғамбардан қалған сөз бар[1].

Қаразға жазған Жүсіп қалам тартты,  
Қайғысы ғашықтықтың жанға батты.  
Жаз өтіп, күздің айы мизам болып,  
Ең алды жыл құсының тырна қайтты.

Қиқулап салды хабар тамам құсқа,  
Кітапта құстың тілі болған нұсқа.  
Дауысы құлағыма естілген соң,  
Кидім де кебісімді, шықтым тысқа.

Қайтуға бетін түзеп салды ғой жол,  
Тырна екен жүз елудей бір ауыл қол.  
Жұртқа айтып жүрген сөзі мынау болды:  
"Біз қайттық, көріскенше, хош-аман қол!"

Ауылдан айналады ұзай алмай,  
Жаныңды адам алмас, Құдай алмай!  
Айналып жүргендігін көргеннен соң,  
Бір кеңес қыла салдық шыдай алмай.

**Мәшһүр-Жүсіп.**

- Жаз келіп, күз болған соң, қайттың, тырна,  
Амандық ел мен жұртқа айттың, тырна!  
Келуіңнен қайтуың оңай болды,  
Кәнеки, не бітіріп, қайттың, тырна?

**Тырна.**

- Құс едім ұзын мойын тырна-деген,  
- Барамын енді қайтып Сырға! - деген.  
- Алладан тағдыр жетіп, дем таусылып,  
Тұра алмай мен барамын қырға! - деген[2].

**Мәшһүр-Жүсіп.**

Сөз басы-Құдай сөзі, тырна құсым,  
Мінеки, қонақ болсаң, даяр, қосым.

Еліңді жау шапқандай қиқулайсың,  
Жаныңа неден мұнша келді қысым?!

Тырна.

Қосыңнан дауысымды естіп, шықтың көре,  
Біздерді жолаушы деп сәлем бере.  
"Мойыны ұзын, анадайдан көреді", -деп,  
Сайлаған құс біткенге бізді төре.

Біздерден естір болсаң, мінеки, кеп,  
Түнде -ұйқы, күндіз күлкі көрмедім көп.  
Төре боп құс бастаған шағымызда,  
Бермедім көпке дамыл: "Болшы, бол!" -деп.

Көп құстың: "Жүрші, жүр!" -деп, тынышын алдым.  
Көрінсе, қайда қара, қиқу салдым.  
Мақал бар: "Беймазаның түбі-наза",  
Көпке жақпай, қаңғырып босқа қалдым.

Тамам құс бізді шетке байлап кетті,  
Жамандап бәрі бізді сайрап кетті.  
Патшаға самұрықтай арыз беріп,  
Бізді тастап, аққуды сайлап кетті.

Сонда мен қапаланып, болдым наза,  
Қылғам жоқ ұрлық, өтірік, бұл не жаза?!  
Айырылып төреліктен қалғаныма,  
Қырық күндей жылап Хаққа, тұттым аза!

Жөнелген тамам құсты аққу бастап,  
Кетіпті керек қылмай, бізді тастап.  
"Сендерменен бас қосып жүрмейін!" -деп,  
Серт қылдым, ант-амандай[3] мен де қастап.

Тор тауы- Мұса көрген Хақтың нұрын,  
Пейштен иманды құл алар орын.

“Сертіме сонда қылған жетейін!?”- деп,  
Ұшамын өзге құстан қырық күн бұрын.

Өз ойым-өзгеге теріс, өзіме оң,  
Көрмеймін, қайда барсам, мұз бенен тоң.  
Ұшсам да қырық күн бұрын, айналыс көп,  
Жетуім қалай барсам, тап қырық күн соң.

Мәшһүр-Жүсіп.

Қиқулап, елеңдетіп, көңілім бөлдің,  
Тұсыма Құдай айдап душар келдің.  
Басыңнан ондай күндер кешкен болса,  
Не көрдің, бұ жалғанда, нені білдің?!

Тырна.

Біз келдік: “Шөбі төтті жерлер бар!”-деп,  
Жұртқа айттық: “Қыс келеді, күзем ал!”-деп.  
Үстінен әр ауылдың бір айналып,  
“Қазағым, жаман болма, жақсы бол!”-деп.

Мәшһүр-Жүсіп.

Жыланды үзіп жейсің, екі бүктеп,  
Айтасың қиыстырып сөзіңді ептеп.  
Қаңғырып неге келдің сонша жерден,  
Тағы да қайттың, айтшы, нені жүктеп?!

Тырна.

Ауырттық ұшып-қонып алақанды,  
Өткіздік зауза, шілде, сары атанды.  
Ыстықта тау саялап, су жағалап,  
Өстіріп алып қайттық балапанды.

Мәшһүр-Жүсіп.

Деген сөз естілмейді: “Тырна шешен”.  
Өзің де адал болмайсың жылан жесең.



"Жер ойылар,- деуші едің-басқаным",  
Қайттың ба, жер ойылмай, аман-есен?

Тырна.

Біз неге есен болмаймыз ел аманда?  
Әркім аман тұрмақшы оң заманда.  
Келген дәулет емес пе, кеткен- бейнет,  
Өзің де айт: Халайық тыныш, жұрт аман ба?

Мәшһүр-Жүсіп.

Халайық: аمانы бар, жаманы бар,  
Көп малдың жүйрігі бар, шабаны бар.  
Біреу жылап, біреулер күлген заман,  
Жан бола ма таймайтын табаны бар?!

Тырна.

Табанды, тұрақтаулы жалғыз Құдай,  
Бұ дүние бір күн олай, бір күн былай.  
Бізде де алдырған бар, шалдырған бар,  
Мақұлықпыз біз де өзіңдей болған солай.

Мәшһүр-Жүсіп.

Сендер-құс аспандағы ұшып жүрген,  
Жерлерге көңілің сүйген түсіп жүрген.  
Қанат жоқ ұшып кетер біз болмасақ,  
Сендерге не пәле бар ұшып жүрген?!

Тырна.

Болды ғой: "Дей бергіштік"- мына сөзің,  
Алжитұғын қартайған емес кезің.  
"Зажада елқағата ұғмей лапсара"-  
Қаза келсе,-деген бар- көрмес көзің!"

Мәшһүр-Жүсіп.

Рас, біз көре алмаймыз, келсе қаза,  
Шымылдық- көзімізге күнә, жаза.

Күнәсіз сендер неге көре алмайсың?  
Кәнеки, жауап берші бұған таза!

Тырна.

Әдетпен бұл ауылды бір айналдым,  
Сөзіңді естіп қимай, шыр айналдым!  
Қонайын десең маңыңа (маңайың) тіпті ыңғайсыз,  
Қылма айып, тұрмады деп, жүре айналдым.

Мәшһүр-Жүсіп.

Құс болған сенен мықты сол бүркіт пе?  
Қиқулап, надан тырна, елді үркітпе!  
Ұшсаң да қанша айналып қанатың бар,  
Сұраған сөзіме тіл бермей кетпе!

Тырна.

Рас, біз оқымаған ами надан,  
Шүкір, ғапіл емеспіз бір Алладан!  
Ұстадың не сөзімнен, айтшы, жігіт?  
Болады надан деген қай түрлі адам?

Мәшһүр-Жүсіп.

Надан сол: жақсы пейіл, ісін(есін) жойса,  
Ішіп-жеп, құр мәз болса, қарыны тойса.  
"Алда ғой пәле дәлел батыл"- деген  
Сөзінің басын айтып, артын қойса.

Тырна.

Қыркүйек-қыстың басы, үш ай күз бар,  
Құс жолы-көк жүзінде- салған із бар.  
Ал енді дәлел десең, мен айтайын,  
Сүлеймен пайғамбардан қалған сөз бар.

Сүлеймен патша бір күн сейіл құрды,  
Жабайы ұшып жүрген тоты көрді.

Көп бала қыл мен жіптен тұзақ байлап,  
Тотыны түсірмекке жайған торды.

Тоты құс көреді екен: ұжмақ, тамұқ,  
Не барын жер мен көкте,- бәрін анық.  
Ғақылға өзі дана, шешен екен,  
Балалар шыдатпапты тынышын алып.

Сүлеймен тұра қалды жылдам өтпей:  
-Ай, тотым, қалай жүрсің қашып кетпей?!  
Ішінде балалардың жүргенің бе,  
Жерлерге адам бармас ұшып жетпей?!

-Балалар қиналады тартып азап,  
Тақсыр-ау, қаш деменіз мені қажап.  
Тор түгіл, оқ атса да, ұстатам ба,  
Бұларды қылып жүрмін ойын, мазақ.

Сүлеймен естип мұны кете берді,  
Тотыны ақылсыз деп өте берді.  
Арада бірнеше күн өткізбей-ақ,  
Тотыны ұстап біреу алып келді:

-Ай, тақсыр, ұстап келдім бір тоты құс,  
Торғайдан түсуі оңай бір добал құс.  
Жеп еті жоқ, тұрымтай, қырғи емес,  
Керексіз жасайды екен Құдай да бос!

-Бұл өзі -Үндістанның құсы- деген,  
-Кісіні көргенім жоқ мұны жеген.  
Сатпа, сойма, қапасқа сал да байла,  
Бұған керек сыбаға-осы!-деген.

Тоты айтты: .

-Өлсем не етті сізді көрмей?!

Төреңді қисайттың ғой түзу бермей!  
Тақ астында қоймада көп алтын бар,  
Алдырыңыз, кетерсіз бәрін білмей.

-Рас, тоты, білемін ақылды істің  
Анау күн сен тіл алмай, ерегістің.  
Гайыпты болжайтұғын дана екенсің,  
Бадырайып жатқан торға неге түстің?

-Мен торға түспейін деп, аспанға ұштым,  
Сізбен емес, баламен ерегістім.  
Жер жүзін өрт алыпты, тегіс күйіп,  
Көздей жер сау көрінді, келіп түстім.

Көрінген өрт боп маған сор екен сол,  
Бір тосу Хақтан даяр тұр екен сол!  
Сау жер болып көрінген титтей ара,  
Балалар құрып қойған тор екен сол!

Ілініп қыл мен жіпке қалды аяғым,  
Ұмыт боп, ойдан шығып сол баяғым.  
Далақтап ұшып жүрген бір уыс жүн,  
Сендей- жүзік, Мұсадай-жоқ таяғым.

Өлтірсең де қалайын шығарып үн,  
Бар ма ойыңда жүзіктен айырылған күн.  
Шикі сүт емгендігің шықты есіңнен,  
Әйтпесе мен не десем, дер едің жөн.

-Міне, алтын уыс-уыс құны,-дейді,  
-Тұрмайды түкке ет пенен жүні,- дейді.  
-"Тоты айтыпты!"- деген сөз хат боп қалсын,  
Босатып, қоя берші мұны!-дейді.

Міне, осындай сөз қалған тоты құстан,  
Біз бен сен сөйлескелі Хақтың қосқан.

Ал, енді риза бол, насихат сол,  
Бәріміз тоңбайық,- деп,- қашып қыстан.

Мәз болып құр атаққа Мәшһүр-Жүсіп,  
Қаңбақтай домаланған желмен ұшып.  
Тотыдай торға түскен біз қаламыз,  
Бармақтың көлеміндей жерге түсіп!

Солай деп өте шыққан тамам тырна:  
"Қазағым, жақсы бол! -деп,- жаман болма!  
Кеңітсең сен пейлді, дәулет артар!  
Тарылсаң, салар Құдай қиын жолға!"

Мен-дағы:

-Хош-аман бол, тырна!-дедім,  
-Біз ұтылдық, сен ұттың, тұрма!-дедім.  
-Сәлем айт, әулиеге, барша аруаққа!  
Барсаңдар, есен-аман Сырға!-дедім.

Өткіздік осыменен биыл күзді[4],  
Тырнадан бір насихат ұқтым сөзді.  
Иманды, бұл жалғаннан абыройлы  
Өткіз, сен Патша құдай баршамызды.

*1878 ж.*

## Мәшһүр-Жүсіптің қарғамен айтысы

Түн ұзап, күн қысқарып, болды қазан,  
Бес намаз, жанның пірі[1] иман, азан.  
Арбаға ала қарға қонып алып,  
Қарқылдап ертең ерте, кетті мазам.

Мәшһүр-Жүсіп.

Тұғырың, қарға, сенің тартқан арба,  
Қақсайсың ертеменен жының бар ма?

Немене айтып тұрған былшыл сөзің,  
Айт маған анық қылып, ала қарға?!

**Қарға.**

Келмейді тілім сақау, айтар[2] сөзге,  
Фарағат, рақат жазған жоқ-ты бізге.  
Қысылып бір жанымнан қақсап тұрмын,  
Килігіп қалғандықтан, суық күзге[3].

**Мәшһүр-Жүсіп.**

Кім тігер сен тоңды деп ақ шатырды,  
Болса да көңіл қорқақ, қол[4] батыр-ды.  
Осынша жұрттың тынышын кетіресің,  
"Арқаға кел!"-деп, сені кім шақырды?

**Қарға.**

Құс едім жүнім ала, атым-қарға,  
Көрінер алтын тақтай (тақ тәрізді дегені-Г.Ж.) маған  
арба.  
Қаңғырып бейнетпенен кешкен күнім,  
Қорлыққа жазса Құдай, шарам бар ма[5]?!

**Мәшһүр-Жүсіп.**

Ей, қарға, ойын сөзге болма наза,  
Қарқылдап ертеңменен алдың маза.  
Жалғанда тыныштық саған бермегендей,  
Құдайға қылып едің қандай жаза?

**Қарға.**

Көп құстың мен жаралдым бірі болып,  
Қыдырдым бұ дүниені сері болып.  
Ұшырап Нух пайғамбар қарғысына,  
Өкіндім жүргеніме тірі болып.

**Мәшһүр-Жүсіп.**

"Қарқылдақ, қара мойын қарға"- атандың,  
Таңертең қақсаған боп мазамды алдың.

Қалайша қарғысына душар болып,  
Айт маған: не себептен бұйтып қалдың?

Қарға.

Айтайын, естір болсаң, енді сырды,  
Топан боп жан-жануар бәрін қырды.  
Арасы жер мен көктің сумен толып,  
Алты ай, алты күндей толқып тұрды.

Кемесін Нух пайғамбар тышқан тесті,  
"Кім табар сол тесікті?"- деп кеңесті.  
Тесікті жылан тауып кіріп алып,  
Ауызына сол тесіктің бүке түсті.

Тесіктен су жібермей жатып алды,  
Халайық кеме ішінде аман қалды.  
"Берсін,-деп,- қалағаным, уәде бар"  
- Деп, жылан еңбек сұрап, қолқа салды.

Бұл хабар жетіп қалды пайғамбарға,  
Олардың сөздерінде жалған бар ма?  
- Не тілесе, тілегін алсын!-дейді,  
- Көңілінде қалағаны мал ма, жан ба?

Мұны естіп жыланға кірді хайла:  
- Жалғанда ішпек, жемек жанға пайда.  
Тәтті етті мақұлықтан қорек берсін,  
Кәнеки, еті тәтті мақұлық қайда?

- Жарайды, бұйырайын, алсын!-дейді.  
- Іздәуге оны біреу барсын!-дейді.  
- Қиямет қайымғаша қорек болып,  
Жыланға еті тәтті қалсын!-дейді.

Дүниеде жерік асым- жемтік, тамақ,  
Алдымнан бәрі даяр табақ-табақ.

Тауықты кепіл қойып сенімдікке,  
Кәнеки, кеттім ұшып далақ-далақ.

Қыдырсам, тартылған соң топан суы,  
Қырылған мақұлықтың жасы, қуы.  
Жарлығы пайғамбардың шықты есімнен,  
Жемтіктің мастандырды мені буы.

Ойыма түссін қайдан маған қайту,  
Есімнен шықты қайтып хабар айту.  
Жемтікке қызыққаннан алысқа ұзап,  
Күдірден асып кеттік арту-арту.

Тауыққа сонда мені:

-Шақыр!- депті,

-Қанат қағып сол келе жатыр,-депті.

- Ұша алмас осылайша бұл,-деп айтқан,

- Қиямет қайымғаша ақыр!-депті.

"Шақыр" десе, қиқулап айғай салған.  
Естісін кеткен қарға оны қайдан?  
Тамам құсқа бір тауық кепіл болып,  
Кепілінен жазылмай кентте қалған.

Қарғаның қайтатұғын мезгілі асты,  
Қайдан қайтсын сол тастап жерік асты?  
-Сен тауып, сол қарғаны алып кел,-деп,  
Жіберген:

-Ұшқыр!-ғой деп, қарлығашты.

Қарлығаш жетіл сонда маған келді,  
Бірге еріп оқпақ, сона,-тамам келді.  
-Тәтті екен ненің еті бұл жалғанда,  
Білдің бе татып бәрін, қарғам?-дейді.



Жоқ қылған патша Құдай құстың сүтін,  
Болады иманды құл тілге шетін.  
-Қарлығаш, қанша жанның таттым етін,  
Тәтті екен,- деп мақтадым,-адам етін!

-Япырм-ау, тәтті ме екен адам?-дейді.  
-Жыланға болғаны ма тағам?!-дейді.  
-Білейін мен иісінен, қалай екен?  
Иіскетші, ауызыңды аш та, маған!-дейді.

Сонда мен ауызымды ашып, тұрдым қарап,  
Тілімді жұлып алды, ақты қанап.  
Тілім жоқ енді сөйлер, сақау болдым,  
Қарадым сасқанымнан алақ-алақ.

Оқпақ сонда:

-Айтамыз мұны!-дейді,  
-Тілінің түсер саған құны!-дейді.  
Оқпақтың тілін жұлып, "ох!" дегізіп,  
Сонаны ызыдатып қоя берді.

Таласа қарлығашпен мен де салдым,  
Алдына Нух пайғамбар жетіп бардым.  
-Не ғып мұнша кешіктің?-деген шақта:  
-Қарқ-қарқ!-деп сөйлей алмай, сөйтіп қалдым.

Пайғамбар қарлығаштан сұрап қанған:  
-Сөйлемес қарға,тіпті, ұялғаннан!  
Жолда келе жатқанда маған айтты,  
"Шелбақа тәтті екен,-деп,- барша жаннан".

Адамға қарлығаштың іші бұрды,  
Жыланға шөлбақаны жем бұйырды.  
Атар таң, шығар күн жоқ мен сорлыға,  
Қайнатты сөйтіп маған қалың сорды.

-Ей, қарға, бейнетпенен күнің кешсін[6]!  
Тіліңді мұнан жаман тәңірі кессін!  
Қиямет қайымғаша қарқылдап өт,  
Әрқашан көкейіңді жемтік тессін!

- Қарлығаш мені шетке байлағаны,  
Қатты екен пайғамбардың қарғағаны.  
Ғұмырымда мирас қалды тұқымыма,  
Қалың сор сонда мені айдағаны!

**Мәшһүр-Жүсіп.**

Бозбала, ғибрат алшы, мына сөзден,  
Жастықта дүниені қой, иман ізден!  
Қарғаша Құдайыңнан қалма ұялып,  
Дүние-жемтік: жол табар мұнан безген.

Артыңда қалдырасың жиганыңды,  
Құдай сүйер дүниені қиғаныңды.  
Қарғаның тілін жұлған қарлығашша,  
Ғазазіл ап кетпесін иманыңды!

Құдай-ау, өзәзілден бізді сақта,  
Алдырма сол дұшпанға өлер шақта.  
Мен емес, тіліңді алған-өз сазайың,  
Ступай, пошел, қарға, басқа жаққа!

Ты что, занимался ғәпіл пенде,  
Не принять ни как нельзя мінез сенде!  
Кедейлерге кежегең кейін тартып,  
Бай жұмсаса, жүгіру- сен де, мен де!

1911ж.

## IV Аңыз хикаяттар

### Адам ата мен шайтан

Жаралған ең әуелі Адам ата,  
Жайылған жанның бәрі- соған бота.  
Һауа ана шайтан малғұн тілін алып,  
Жұмақтан шықпады ма біржолата?!

Шын әмір келгенде жалғыз Хақтан,  
Адам мен Хауа шықты ол жұмақтан.  
Тағы да шайтан келді өш алмақ боп,  
Жарандар, мықты болсаң, сонан сақтан!

Шайтанның баласы бар, аты- Ханнас,  
Дұшпанға сенген адам қашан да оңбас!  
Хауаға шайтан айтты:

- Тұра – тұрсын,  
Аз ғана серік болып саған жодас.

"Тұра тұрсын!" - деуменен торын жайған,  
Көп бөгелмей сонан соң кеткен арман.  
Бір жақтан Адам ата келе қалса,  
Шайтанның баласы жүр болып хайуан.

-Бұл кім-деп- жаныңдағы?- сұрақ берді,  
Мұның малғұн екенін көзі көрді.  
-Хайуан- деп,- мойын бұрған бұл араға-  
Адамға Хауа ана жауап берді.

Ханнасқа Адам ата қаһарланды:  
-Бұл малғұн кімге жодас болған мәңгі?!  
Қасына жетіп барып қылышпенен  
Қылады пәре-пәре ол шайтанды.

Бір жаққа кетсіменен пенде адам,  
Жылт етіп келе қалды тағы шайтан.  
Келген соң, баласы жоқ, көзі көрді,  
Демендер: қауіп қайдан, пәле қайдан?!

- Балам жоқ қасыңдағы, көзім көрді,  
- Ол қайда? - деп сұрап, көңіл бөлді.  
Хауа айтты:

-Адам ата қаһарланып,  
Қылышпен шапқаннан соң, содан өлді.

- Ханнас!- деп, сонда шайтан дыбыс қылды,  
- Ләбек!-деп, өлген бала қайта тұрды.  
- Хайуан!- деп, тағы мұнда қоймақ болды,  
Тағы да ол малғұнды Құдай ұрды.

Хауа ана:  
- Қалдырма!- деп , зарлық етті,  
Тыңдамай зытып алып малғұн кетті.  
Дағдарып осылайша тұрғаныңда,  
Бір жақтан Адам ата келіп жетті.

Тағы да ол малғұнды көзі көрді,  
Қылышын қолына алып, тағы төнді.  
Малғұнның тірілуін қауіп етіп,  
Төрт жаққа, өлтірді де, етін бөлді.

Шайтан кеп:  
- Менің балам қайда?!-деді,  
Хауа оған:

- Істің артын ойла!-деді.  
- Қылышпен Адам ата бөлшектеді,  
Сендерден бізге болмас пайда!- деді.

-Ханнас!- деп, шайтан қайта дыбыс берді,  
- Иа, ата, ләбек!- деп, малғұн тұрып келді.

Тағы да:

- Бала қалсын келгенімше,  
- Деді де, шайтан малғұн сырғып берді.

Хауа айтты:

- Тілегің бір тынсын!- дейді,  
- Бұл кәпір бала болмай құрысын!- дейді.  
- Сен шықсаң, мен де кеткем ол жұмақтан,-  
Деп шайтан малғұндықпен іркілмейді.

Жетіп кеп Адам ата қатуланды,  
Хауаға қаһарланып қамшы салды.  
Білсеңіз, ашуланып қатын ұрмақ  
Мирас боп кейінгіге сонан қалды.

Тағы да қылышпенен қатты ұрады,  
Қайнатып, қазанға сап, ас қылады.  
Хайуанды енді қайта тұрғызбасқа,  
Екеулеп оның етін жеп тынады.

Тағы да Адам жоқта шайтан келді,  
- Қайда ол қасыңдағы балам?!- деді.

Хауа айтты:

- Енді қайта тұрмауы үшін,  
Еті оның асқазанға барған!-деді.

Тағдырдан ешкім қашып құтыла алмас,  
- Ханнас!-деп, шайтан тағы болды қалмас!  
Һауаның қарынынан шығып дауыс:  
- Әй, ата, мен мұндамын!- деді Ханнас.

Шайтан сонда:

- Жайғастың, балам!-дейді,

- Сен іштен, мен тыстан шалам!- дейді.  
Адамды жан-жағынан біз азғырсақ,  
Жанбай ма жаһаннамда олар?!-дейді.

- Байқатпай дүние кеңін- тарлығын да,  
Қайткенде қамту үшін барлығын да,  
Сонан бері шайтандар жайлап алған  
Қан секілді адамның тамырында.

Мен айтсам, көзім жеткен шынды айтам,  
Қан болып тамырыңда жүр-ау шайтан!  
Тартарсың қияметте сен жазаны,  
Малғұнның денедегі тілім алсаң!

Демендер: "Мәшһүр мінді таба берер!"  
Алғандар шайтан тілін аза берер!  
Алдымен арақ ішіп бұзылғанға,  
Құдайым айрықша жаза берер!

Және айтқан біздер үшін пайғамбарым:  
-Ауырса, арақ ішіп, сұрама халін!  
Тәубе қылмай, дүниеден өтер болса,  
Оқымаңдар жаназа намаздарын!

Кімде-кім: "Бұл арақты- десе-халал!"  
Тап сол жан діннен шыққан кәпір болар!  
"Төрт кітаптың төртеуіне аян!"-дейді,  
Алғиза, билләһи, иа Зұлжалал!

## Пайғамбардың нұры

Ғаламнан он сегіз мың әуел бұрын,  
Жаратты пайғамбардың асыл нұрын.  
"Әуелі мақұлықатта нұрым!"- деген,  
Хақында дәлел болды хадис мұның.

Аспан, жер, ғаршы, күрсі, лауһи, калам,  
Сыдыра мен жаннат, тозақ,- бәрі тамам.  
Сол нұрдың тәпсілінен пайда болды-  
Жаралған он сегіз мың күллі ғалам.

Адамды топырақтан қылды және (жана),  
"Кіргілі!"-деп, пәрмен етті жанға Құда(Құдай).  
-Қараңғы, қорқынышты жай екен!-деп,  
Жан қорқып, кірмей тұрды қарап мұңа (бұған).

Расулдің нұр шарпын келді алып,  
Адамның маңдайына қойды апарып.  
Сонан (анден) соң хазірет Адам ағзаларын  
Жан көрді бір мәртебе назар салып.

Тұрады расул нұры жауһар беріп,  
Хош ұрды (жушы ұрды) махаббаты оны көріп.  
Ағзаға бармақлыққа ғашығы кетіп,  
Аузынан рухы, шарпы кірді келіп.

Адамға расул нұры харар алды,  
Көпкеше көкірегінде тұрып қалды.  
Алланың әуелдегі тағдырымен  
Шиш нәби пайғамбарға ол нұр барды.

Сонан һәм перзентіне нақыл етіп,  
Мұнан һәм жеті атаға келді өтіп.  
Мұхаммед-Мұстафаның нұр шарпы  
Ыдырыстың кемеріне тұрды жетіп.

Ыдырыстан мұжыр болып туды бала,  
Расулдің нұр шарпы келді аңа (оған).  
Ілгергі айтылғандай, үш атамен  
Нух нәби пайғамбарға келді және (жана).

Сам атлы Нух нәбиден туды ұғлы (ұлы),  
Орнына ол Мұхаммед оны (аны) қылды.  
Самнан соң расул нұры үш атамен  
хут нәби кемеріне келіп тұрды.

хуттың перзентіне болды дахыл,  
Сақтар-ды ыхтиятпен болмай ғапіл.  
“Расулдің нұр шарпы жеті атамен  
Келді,- деп, Ибраһимге, қылды нақыл.”

Ибраһим- Мұхаммедке ұлы баба,  
Ат қосқан: “Хал пілім”-деп Алла аңа (оған).  
Ұлық ағзам мәртебесін несіп етіп,  
Фазылымен сахаба һәм берді және.

Бибі һажар, бибі Сара қатыны ерді,  
Сарадан хазірет Ысқақ дүниеге келді.  
Смағұл бибі һажардан дүниеге келіп,  
Халелден расул нұры оған келді.

Ысқақтан көп пайғамбар туып өтті,  
Қауымына баршасы һәм жол көрсетті.  
Уақытына әр [не] түрлі жұмыс қылып,  
Бәрі һәм бұл дүниеден өтіп кетті.

Жалғыз-ақ Смағұлдан расул келді,  
Мүбарак бір аттары (атлары) Ахмет еді.  
Екі мың және алпыс жыл екі арасы  
Ортада жиырма бес ата өтті де енді.

Айтпаққа мүмкін емес мен аттарын,  
Білдірсем, ұзақ болып кетер бәрін.  
Смағұл перзентінің әулетінен  
Бірінің Ғабділманап қойды атын.



Манаптан екі бала туды бірден,  
Жабысып арқалары еді ілінген.  
Ажырамай бірігіп тұрар еді,  
Тахсын ғып, таңданады мұны көрген.

Ажырасып кете алмады, өз[i] бөлініп,  
Ойланды халықтың бәрі қанша көріп.  
Басқамен ажыратпаққа шара болмай,  
Ажыратты қылыш бірлан жүдә келіп.

Сол уақтың ақылы артық даналары,  
Ойланып, парасатпен айтты бәрі:  
-Бұлардың қылыш түсті арасына,  
Жай жүрмес, жақын болып, балалары!

Таласып хүкіметке дұшпан болар,  
Уақытында неше түрлі істер болар.  
Сап түзеп, бір-бірімен ұрыс қылып,  
Хисапсыз екі жақтан адам өлер (олар).

Шын болып даналардың бұл айтқаны,  
Дұшпандық, әулетінің, қылды бәрі.  
Таласып патшалыққа көп ұрысты,  
Уақытында Мағауия, хазірет Ғалы.

Хасенді Жазит қамап Кербалада,  
Шаһитлік дәрежесін жеткізді аңа.  
Имамның һаураждан тәнін жоқтап,  
Қаншама Әбумүсілім қырды және.

Бір кітап бұл сөзінің әрбірлері,  
Жазғанмен бір нұсқаға, сыймас бәрі.  
Әуелгі пайғамбардың уақиғасын,  
Айтайын баян қылып, құйып, әні (әне)!

- Манаптан екі ұғлы-дедім-туды,  
Олардың Уми, һәшім атын қойды.  
һәшімнің кемерінен Қадір құда  
Тудырды Ғабділмұталап атлы ұлды.

Ғарап атлы ұл туды Үмиядан,  
Білсеңіз, оның ұғлы- Әбусәпиан.  
Әбусәпианнан- Мағауия, онан- Жазит,  
Ахуалын Мұталаптың айтайын мен.

Мұталап- парасатты, болды дана,  
Тапсырды Байтолланың кілтін аңа.  
Алланың беруімен Мұталаптан  
Он ұғлы пайда болып, туды бала.

Синарда баршасының аттары бар:  
Зағыфар, Хахіл, Нарсы, Мақым, Зарар.  
һәм және Әбутәліп, Әбулаһап,  
Хамза, Ғаббас, Ғабдолла- деп айтады-лар.

Ғабдолла сұлу еді, артық түрі,  
Бар еді маңдайында расул нұры.  
"Ақырғы пайғамбардың атасы"-деп,  
Жаһитлар атар еді, танып мұны.

Ғабдолла Әмина атты қатын алды,  
Ибраһим мәтиімен некеленді (некахланды).  
Әуелгі жолыққанда, Ғабдолладан  
Расулдің Әминаға нұры барды.

Алты айда Ғабдоллаға ажал жетті,  
Пайғамбар тумай тұрып өтіп кетті.  
Бір Құдай Мұхаммедтей сүйер досын  
Қарнында анасының жетім етті.

Тоғыз ай, он күн және болды тамам,  
Тумаққа уақыты жетті, қайырланам.  
Зәредей еш мехнат шекпеген соң,  
Білмеді хабарланып ешбір адам.

Сол уақта пайда болды көп ғаламат,  
Сиарда бәрін бірдей айтады жат.  
Екінші рақінсінің әуеліне  
Қарасын білер уәлилер- адамзат.

### Өлеңмен берілген аят

Жер де, көк те сенсің, Қадір,  
Әр мүжүдке өзің әзір.  
Пенделерге өзің нәзір  
Сұбхан Алла — сенен медет!

Су, топырақтан бейне (пенде) қылған,  
Барша Мәлік сәжде қылған.  
Басын (бәсін) малғұн Ғұд қылған-  
Адам, Хауа, сенен медет!

Адам, Хауа қажет еткен,  
Шешесін де бейне еткен.  
Пайғамбарға сәруар еткен,  
Шиш нәби, сенен медет!

Ажал жетпей, жанын берген,  
Пәрмен болмай, өзі өлген.  
Жұмақ ішіне тірі кірген,  
Хазірет Ыдырыс, сенен медет!

Бір дарақтан кеме қылған,  
Тупіліден топан қылған,  
Мұрдарларны халак қылған,  
Нух пайғамбар, сенен медет!

Дария ішінде балық жұтқан,  
Қарын ішін(де) отан қылған.  
Қырық күннен соң қайта шыққан,  
Иүніс нәби, сенен медет!

Ғаділдерді һалак еткен,  
Ио ... кірмеген,  
Сыртсыр білан һалак қылған,  
һуд пайғамбар, сенен медет!

Намүрд кәпір[ді] отқа атқан,  
Мынжық илан дарға тұтқан,  
От ішінде бостан болған,  
Халилла, сенен медет!

Қадамжайы шат болған,  
Ол һыжыраға маһи болған.  
Шыбын жанын құрбан қылған,  
Иа, Смағұл, сенен медет!

Жүз отызда бейне (біна) болған,  
Ол Сараға дәрмен болған,  
Рум-раһбар болған  
Хазірет Ысқақ, сенен медет!

Ибраһимге жігер болған,  
Быдғыдке һади болған,  
Жер астына бір һәм болған,  
Лұт пайғамбар, сенен медет!

Күндіз-түнде зар еңіреген,  
Жылай-жылай көзі ғириан,  
Иүсіп ұғын құрбан қылған,  
Хазірет Жақып, сенен медет!

Он ағасы дұшпан болған,  
Өтірік илан гауға қылған,  
Мысыр ішінде патша болған,  
Иүсіп нәби, сенен медет!

Шам сахарادا мехнат көрген,  
Әр мехнатқа разы болған,  
Атшыларға сабыр қылған,  
Хазірет Жүніс (Иүніс), сенен медет!

Мұса кәйім қойын күткен,  
Әуел ақыр әмірін тұтқан  
Кәпірлерді халак еткен,  
Иа, Шұғайып, сенен медет!

Неше түрлі зарлық көрген,  
Ферғауынды халак еткен.  
Шам сахарادا Торға шыққан,  
Хазірет Мұса, сенен медет!

Темірланы муми еткен,  
.... хайла еткен,  
Сүлейменге әмір еткен,  
Хазірет Дәуіт, сенен медет!

Неше ханға патша болған,  
Таһыт бірлан аспанға ұшқан,  
Былқыс деген хорды құшқан,  
Шаһи Сүлеймен, сенен медет!

Кәпір дiнiн батил қылған,  
Тас iшiнде мекен қылған,

---

Асхап каһын, сенен медет!

Дарыхты ишра зәкір қылған,  
Патшаларына ада (ара) қойған,  
Хақ жолына жанын берген,  
Иа, Зікірия, сенен медет!

Кеш те күңдіз еш тынбаған,  
Үмбет үшін көзі кіриан,  
Жылай-жылай еш тынбаған,  
Иа, Мұстафа, сенен медет!

Дін исламға бұрын кірген,  
Мұхаммедке жүріп ерген,  
Хабиб Хаққа қызын берген,  
Әбубәкір, сенен медет!

Һәмма пұтны сындырған,  
Кәпірлерге қылыш ұрған,  
Дін жолына махкам ашқан,  
Хазірет Ғұмар, сенен медет!

Мұхаммедке қызмет еткен,  
Ғалымларды бінла (бейне) қылған,  
Хан Манын құрбан еткен,  
Хазірет Ғұшман, сенен медет!

Құлларына қылыш алған,  
Кәпірлерге қырғын салған,  
Жердің жүзін, - бәрін алған,  
Шері-Құда, сенен медет!

Фатимаға қанат болған,  
Муминларға медет болған,  
Кербалада шаһит болған,  
Хасен, Хұсайын, сенен медет!

Дін жолын ол түзеткен,  
Хақ зікірін берік тұтқан,  
Халайыққа жол көрсеткен,  
Ғұшаллағзам, сенен медет!

Хақ дүр оның жолдары,  
Муминлардың раһбары,  
Хақ Мұхаммед үмбеті,  
Имам Ағзам, сенен медет!

Кәміл дүр сенің пірлерің,  
Барша білер (білұр) сырларын,  
Түркістан-дүр жерлерің,  
Хазірет Сұлтан, сенен медет!

## Хор қыздарының хикаясы

Пейіште тобы (тоуба) ағашы, жапырағы [иапырағы]  
зор,  
Жарығы (иарығы) күннен раушан, баршасы- нұр!  
Болғанда түбі аспанда, басы-төмен,  
Иіліп жерге қарай салбырап тұр.

Мысалы күн секілді көрінісі,  
Саны жоқ, балдан тәтті (тәтті), көп жемісі.  
Салбырап аспан көктен мөуеленіп,  
Сонымен сегіз пейіш толған іші.

Үн тартар шулап ағаш түрлі күйін,  
Сипатын тамамдауға жетпес зейін.  
Түрлі дәм жемісінде бар-ды ләззат,  
Пейіштің тамамлаған түгел[1] үйін.

Торғыннан атлас пенен бар-ды төсек,  
Оларды мумин құлға[2] қойған төсеп.  
Зейнетлі түрлі гауһар алтын тахыт,-  
Олардың көптігіне жетпейді есеп.

Хор қызы сол уақытта[3] ғанбар шашы,  
Иілген жаңа туған айдай қасы.  
Шеберлеп саф алтыннан ұста соққан,  
Түймедей домаланған [4] гауһар басы.

Көзінің қаралығы қарақаттай,  
Сөзі бар ақ қағазға[5] жазған хаттай.  
Көзіндей құралайдың ойнақтатып,  
Арман не соны құшқан адамзатта-ай?!

Болғанда тілі інжу, төсі-маржан,  
Еті аппақ қара жерге жауған қардан.  
Ғұнша ерін, лұлу иек, пісте мұрын[6],  
Қалмайды жүзін көрген пендеде арман!

Жарқ етіп шыққан күндей қабақтары,  
Мақтадай аялаған тамақтары.  
Алмадай екі беті үзіліп тұр,  
Үзілген қызыл гүлдей сағақтары.

Гүл жүзді (жүзлі), шырын сөзді, бал сілекей,  
Аяғын келер басып некей-некей.  
Алмадай беттерінен сүйгеніңде,  
Суырылар тілмен қабат сол көмекей!

Сипаты тура әліфтей, талдай бойлы,  
Мінезі бек мүләйім гүзал хойлы.  
Сүттен-ақ, судан таза, таһаратты,  
Сөйлесе, бал тамады, ақыл ойлы.

Ерітер тәттілігі балдай ерні,  
Балқытар басқанымен қара жерді.  
Наз қылып еркеленіп түрлі жайда,  
Құбылар [7] бір сағатта жетпіс түрлі.



Бильярд шашбауына таққан теңге,  
Түк болмас қас пен кірпік шаштан өзге.  
Сағымдай көтеріліп, сәулеленіп,  
Кіреді бір сағатта әр түрлі өңге.

Хор қызын құшқан адам кенелгендей,  
Әркім-ақ іздеп соны жөнелгендей.  
Келбетін көрген шақта қызыққаннан,  
Бір қасық сумен жұтып жібергендей!

Аспайды ай сәулесі қабағынан,  
Қызыл гүл ұялады сағағынан.  
Ішкені алқымынан[8] белгілі боп,  
Көрінер жұтқан[9] асы тамағынан.

Кигені жетпіс қабат холла болар,  
Қыз қалпы айнымастан[10] күнде болар.  
Болмаса Хақ жаратқан хор қызында,  
Бұл сипат онан басқа[11] кімде болар?!

Не кемдік бар болған соң ұжмақта жай,  
Жаратқан осылайша Жаббар Құдай.  
Холладан жетпіс қабат білінеді,  
Жыландай ширатылып жіліктен май.

Мәжіліс көңілді ашар гүлстандай,  
Болғанда өзі мұндай, жүріс қандай?!  
Сол салып алақанға жүрсең-дағы,  
Білінбес ауырлығы бір мысқалдай[12].

Салайық сөйлеп-сөйлеп сөзді шынға,  
Қой-дағы өтірікті, ұмтыл шынға!  
Бір жерге сөз аяғын әкеп қойған,  
Айтайын әңгіме сөз, сізлер тыңда[13]!

Бір емес, екеу емес, көп айтыпты,  
Әңгіме еститұғын кеп айтыпты,  
"Ләззаттың жалғандағы тұрған жері  
Нәрседе үш-ақ түрлі!" - деп айтыпты [14].

Әуелі жақсы болсын жатар орын,  
Түзеп бақ үй-жайыңды күіі бұрын!  
Хош науа, жақсы тұрар ләззатлы үй,  
Адамның арттырады ақыл-нұрын.

Екінші жақсы болсын ішер асың,  
Ұмтылып шауып тұрсын ықыласың.  
Бір жанды күтпегенде не қыласың,  
Бар ма еді өз жаныңа сол өз қасың?!

Естумен қанып мейірің, тойдың-дағы,  
Бастадың, неге қайта қойдың-дағы?!  
Ләззаттың жалғандағы тұрған жері-  
Қатының жақсы болсын қойныңдағы.

Жай десең, сегіз ұрмақ бар-ды пейіш,  
Тәтлі десең, онда бар түрлі жеміс.  
Сұлу десең, хор қызы және даяр,  
Табылар тамам ләззат бір жерден-үш.

Қара көз ақ жүзіне жарасқаны,  
Бірінен керек қылмас ол басқаны.  
Бір кісінің басына жүз хор қызы,  
Бірінен соң бірінің таласқаны.  
Ерінбейсің, жалығып шаршамайсың,  
Бір қалыпта тұрасың, болмай кәрі.

Болады сонда жасың отыз үште,  
Өзіңмен қатын құрдас-қыз он бесте.  
Тәрік қып бұ дүниені кетер едің,  
Уа, дариға, соның бірі кірсе түске!

Өлең бар, күй тартатын домбыра жоқ,  
Басында әр қыздардың алтыннан шоқ.  
Хор қызы екеу-екеу әнге салып,  
Сайрайды сандуғаш пен бұлбұлдай боп.

Салады әр түрлі әнге қылып сауық,  
Осымен жұбансын деп ол бір ауық.  
Күй тартып тоқсан екі түрлендіріп,  
Қаларсың елтіп сонда естен ауып.

Тартылар тағам болып, даяр пісіп,  
Алдыңа даяр келер құстар ұшып.  
Оқиды хор хызлары әңгіме қып,  
Көрдіңіз Мәриям ана, сүре Жүсіп.

Болады күнде жас қыз көрі қатын,  
"Пейіш", - деп сонан қойған оның атын.  
Ғайша анам пайғамбардан сұрайды екен:  
"Онда да бола ма, -деп, -ауыратын?"

Есітіп Ғайша анамыз күлімдейді,  
Айтуға пайғамбарым ерінбейді.  
Күнде қыз болғанымен, мұндағыдай,  
Ауырып еш нәрсесі білінбейді.

Ғайша анам пайғамбарға наз етіпті,  
Бұл сөзді құлағымен есітіпті.  
Жас жасап, ғұмыр сүріп бұл дүниеден,  
Испенен, естуменен бұл кетіпті.

Мен өзім өлең іздеп, жүдеп аздым,  
Өлең түбін шешмадай күнде қаздым.  
Ойланып өз бетіммен жазғаным жоқ,  
Кітаптан: "Мұхаммедия" — көріп жаздым.

Кеңесі жазушының осылайша,  
Жігіттер, бұлқынып өт асау тайша!  
Жігіттер, бұ дүниеден желіп өткіл,  
Жүрмегіл әр уақытта тіпті жайша!

[Сара]ңның сараңы барып тұрған,  
Бола ма онан жаман [Құдай] ұрған?!  
“[Адамның] жомартлығы- осы депті:  
-[Өлі]ге құран оқып дұға қылған!”

## Ораза туралы

Әуелі Адам пайғамбарды Хақ жаратты,  
Бір осы топырақтан тән жаратты.  
Жан беріп, иман мірөз етті,  
Біздерге руза тұтпақ сонан қапты.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Нұх пайғамбар құмына дұға қылған,  
Ерінің жүз баршасы суға толған.  
Сол суда көп көпірлер һүник болған,  
Пайғамбар өз құмына кеме қылған,  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Мұса ерді де ісі илан болған,  
Со қырғында Тәңірге ғарыз қылған.  
Махшар күні дидарын ғата қылған,  
Бұ сөзден жақсы адам ғибрат алған.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Жақып нәби ахзан (хазан) үтір шала болған,  
Жетпіс ел парыз анттан жүда болған.  
Жүсіпті ағалары құл деп сатқан,  
Он екі жыл зынданда сабыр қылған.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Ол Салых пайғамбар дұға қылған,  
Қара тастан боталы түйе туған.  
Әуелі дүние деген пірлер һалак қылған.  
Ботасы боздай-боздай тасқа кірген.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Ол Мұса пайғамбар жиһан кезген,  
Дұғасы Хақ қасында қабыл болған.  
Дұға бірлан өлікке жан берілген,  
Төртінші қат аспанда мекен тұтқан.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Дәуіт ер-ді тамырды мүмдәк қылған,  
Аюб ер-ді ор ішінде сабыр қылған.  
Ар жағы (иағы), бұ жағынан сан нұр қонған,  
Сонда да намазды еш қоймаған.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Ол Ыдырыс пайғамбар көкке шыққан,  
Аспанда ғазірейіл жанын алған.  
Жаны оның тәніне дыха кірген,  
Осы күнде жұмақтан орын алған.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Сүлеймен тахты бірлан көкке ұшқан,  
Ибраһим қонақ табылса, қарсы алған.  
Смағұл хақ жолында құрбан болған,  
Біздерге құрбан шалмақ сонан қалған.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Кәпірлер Зікірияға арт (аре) тартқан,  
Жүністі су ішінде балық жұтқан.  
Хызыр Ілияс бұ дүниеде тыр жортқан,  
Кәріп-кәсерге қайыр, жәрдем қылған.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

һуд қу Мекаил менен һалак қылған,  
Лұт құмын таспенен һынык қылған.  
Әулие қайсысы, пайғамбар дүр,  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Ухи да нәбиолла Ысхақ пенен,  
Хикаядан кедейлік мұрат қалған.  
Жержісін нәби жеті өліп, алты тірілген,  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Бірқомды дінге үндеген Шимғұн деген,  
Кәпірлер Шимғұнға иланбаған (инанбаған).  
Жебірейіл Лихансалла һалак қылған,  
Тозағың кәпірлерге орын болған.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Ол расул кәпірлерге газат қылған,  
Бұ жаһан әмірін тұтқан қапыз болған.  
Бұ пікір пайғамбарға тымра болған,  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Мұхаммед үмбетлері ердің рағы,  
Хасен, Хұсайын ұғлының рағы.  
Ғалы атты Алланың арыстаны  
Күркіресе, иар өлер, ер-ді, кәпір заһары,  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Күндерден күн жақсы, ғад күні,  
Түгел [жазыл]ған төртінші қыдыр түні.  
Үнлерде не үн шыға- құран үні,  
Жақсылар, құлақ салып, тыңда мұны!  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Алланың арысланы Ғалы заһары  
Күркіресе, бар лұр ердің пірі.

Үмбетлерім тұту ғалым фахыры  
Сенетін тұтса керек үмбеттері!

Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Мұхаммед-Мұстафаның дүр данасы,  
Бибі Фатима- пайғамбардың қыз баласы.  
Хасен бірлан Хұсайын ұғланлары  
Шаһид болған Кербалада екі лансы.

Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Пайғамбар Мединеде жатып тұрар,  
Қолына гауһар шарап алып тұрар.  
"Үмбетлерім келе ме?!"- деп, бағып тұрар,  
Таңда шапақты ұтып тұрар!

Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Сабыры тамам бір ұжмақ, екі орын бар,  
Жақсы адамлар ұжмақ тұрып, сабыр [қылар].  
Жамандар жаһаннамнан орын табар,  
Кәпірлер- тамұқта мәңгі қалар.

Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Аспанда әр бұлбұл өз көгін жүзер,  
Жердегі әр шөптер ернін безер.  
Ораза тұтпағаннан Тәңірім безер,  
-Хабби үшін ұжмақтан орын түзер.

Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Бір орынның сауабы көкте болар,  
Пітір берсең, сауабы һәм артылар!  
Қайыры жоқ сараңдар сауаптан- құр қалар  
Інжілдер ұжмаққа кірмей мақрұм қалар,

Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Әуел хабарың сұрар:

- Өлдің бе?-деп,

- Менің мол екенімді білдің бе?!-деп,  
Өлместей боп жүруші ең, көрдің бе?!-деп.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

-Менің атым сұрасаң, ғазап!-дейді,  
-Бейшара адам, келдің бе жазып?-дейді..  
-Жауабыңды берейін, жалғыз- дейді,  
-Қоржыныңда қанша бар азық?!-дейді.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Ораза тұтпағаны- құлға айналар,  
Тамұғының ортасына баптанғандар,  
Түрлі-түрлі ғазап қинағанлар,  
Әр жерінде илан хиан жаппағанлар,  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Тұтқан соң оразаны пітір бергіл,  
Берейін жалған етпей, тұғыры жүргіл.  
Бұрынғы кінәлардан тәубе қылғыл,  
Жамағат, құлақ салып мұны білгіл!  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Інжілдің оразамен саудасы жоқ,  
Пітірсіз оразаның пайдасы жоқ.  
[Зекет] бер, бермесеніз, бір нық мим жоқ,  
Ораза муминларының көңіліне тоқ.  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!

Меккеде беруі бар мың дәреже,  
Құлдары ішіндегі әрбір қожа.  
Дәулетіңіз ридасы ертелі-кеш құлақ салып,  
Тыңдай гөр-ай байыбын!  
Мұхаммед үмбетіне иашһүр рамазан!



## Ғалының тағылымы

Азырақ мен сөйлейін Ғалы ерден,  
Бата алған пайғамбардан-абзал шерден!  
Бір күні серуенге шығып жүріп,  
Сайран ғып дүниенің көбін көрген.

Сол беттен тағы жүрді күнбатысқа,  
Кетіпті Мединеден тіпті алысқа.  
Бір жалғыз ақсақалға кез келіпті,  
Тырмысқан қолы жетпей бір талысқа.

Бұйдадан бір өгізді жетелеген,  
"Босанса, өгіз қашып кетед!" - деген.  
Айдаса, өгіз жүрмес талыс жаққа,  
Дүлділмен Ғалы келді секектеген.

Сәлем берді ер Ғалы келіп қалып,  
Жалт қарады ақсақал сәлем алып.  
-Өгізді ұр!- деп, ақсақал сұраған соң,  
Жіберді шаһимардан салып-салып.

Ұрғаны білінбеді титтей шағып,  
Елемей өгіз тұрды, құлақ қағып.  
-Япырмай, не еткен нашар бала едің?!-деп,  
Ақсақал сөз айтады оған налып.

-Мінейін өгізіме өзім барып,  
Жіберші ол талысты маған алып!  
Арыстан:  
- Жарайды!-деп, мына сөзге,  
Көтермек ат үстінен іліп алып.

Мынау іс болды ғажап арыстанға,  
Ала алмай сол арада қалды таңға!

Жаһанда қамал бұзып жүрсе-дағы,  
Қалды ғой алақандай талыстан да.

Еш пенде жыға алмаған арыстанды,  
Ғалы ер мынау іске намыстанды.  
Бар күшімен аямай тартқанында,  
Дүлділі жерге кіріп жатып алды.

Ақсақал өгізіне мініп келді,  
Жіберді:

-Былай тұр!-деп, Ғалы ерді.  
Найзамен іліп алып, ол талысты,  
Күнбатысқа бетімен жүріп берді.

Ғалының бұл жұмыстан беті қайтты,  
Құдайға сасқанынан, нәзір айтты.  
Айтуға бабасына бастан-аяқ,  
Сол жерде Мединеге түзу қайтты.

Мынау іс Ғалы ерге жаман батты,  
Айтуға бабасына келе жатты.  
Аш-арық ақсақалға душар болып,  
Тоқтатып дүлділінің басын тартты.

Бейнеттің неше түрлі дәмі батқан,  
-Сусын!-деп, зарланумен келе жатқан.  
Қараса, оң жағында бір шар аяқ тұр,  
Су-тұзды тағам бар толып жатқан.

Аш-арық келе жатыр қадам басып,  
Бұралып, өле жаздап, қаны қашып.  
Кез келіп өлексеге құрттап кеткен,  
Құмартып жей бастады асып-сасып.

Тамақты неше жақсы жемей барып,  
Асайды өлексені боқтан сасық.

Мұны да бабасына айтайын деп,  
Жөнелді Ғалы арыстан қапаланып.

Артқыға осылайша сөз болыпты,  
Қаншық ит көп ұзатпай кез болыпты.  
Күшігі ішіндегі тумаи үрген,  
Бабаңыз, міне, осындай іс көріпті.

Тағы да мынау істен пікір алып,  
Айтпаққа бабасына тура барып.  
Жол үстінен бір жылан көрді-дағы,  
Тоқтады, қамшыменен тартып қалып.

Жылан сонда қамшыға ілігеді,  
Ер Ғалы түсірем деп сілкіледі.  
Сілкісе де, соқса да, өрлей берді,  
Ақырында келіп қапты бүддіргені.

Жыланды қамшыменен лақтырады,  
Бойлары тітіркеніп сап тұрады.  
Жаһанда сансыз қамал бұзса-дағы,  
Жүрегі осы сапар абдырады.

Көреді мұнан кейін қара бура,  
Бастырмай арыстанды-ай тұпа-тура.  
Тағат қып, заһарына шыдай алмай,  
Қашады дүлдүл атын ұра-ұра!

Састырды осылайша Ғалы ерді,  
Құтылып, Мединеге келіп кірді.  
Сол бетте бабасына келді-дағы,  
Көргенін бастан-аяқ сөйлей берді.

Пайғамбар мұны естіп, жайланған соң,  
Жиналған көп халықтар таң қалған соң.

Шешуін Ғалы ерге былай деді:  
-Шырағым, астамшылық ойлағансың!

Ойласаң, менменшілік-Тәңірім қасы:  
"Кез келсе маған,-дедің- жер тұтқасы,  
Төңкеріп дүниені жіберер ем,  
Қаңбақтай болар маған бар нұсқасы!"

Тосқызған мұндай іспен Хақ тағалам,  
Ақсақал-көк өгізді Хызыр бабаң!  
Ол талыс- дүниенің төрттен бірі,  
Жетпеді көтеруге сенің шамаң!

Екінші-ол қайыршы-ақсақал шал,  
Қолында қанша халал болады мал.  
Ішіп-жемей, өзінен қызғаныш қып,  
Ұрлыққа қиянат пен ұста болар.

Үмбетім сондай болар- ақыр заман,  
Шошқадай боқ асайды, ол жеп харам.  
Солардың қайғысынан ұйқым келмес,  
Иллаһи, ғасылыңа ал, Хақ тағалам!

Үшінші- ол көрінген бала болар,  
Замана жыл-жыл сайын сұм боп солар.  
Ақырғы үмбетімнің балалары,  
Ананың құрсағынан туа шулар!

Төртінші- заман ақыр қатындары,  
Болмайды беттерінде титтей ары.  
Жыландай тиген сайын, қарсы өрлеп,  
Түнерген бұлтты түндей ашулары.

Бесінші- үйде жатып, ой ойладың,  
Ісіне ғазірейілдің таңырқадың!

Күші асып ала ма екен, иа, рұқсатпен,  
Дүниеден тегіс жойған барша жанның?!

Күштесе, күші менен асар ма еді,  
Тең келсем, ғазірейіл де сасар ма еді?!  
Күнәһлы жалғыз Алла қылмас болса,  
Соғыссам, батыр-екең қашар ма еді?!

Заһарын бура қылып, жіберген Хақ,  
Қандайын ғазірейілдің көрмедің нақ!  
Фибрат үшін Алланың көрсеткені-  
Құдай-бір, Құран-шын, пайғамбар-ақ.

Бұл сапар-көп сапардан қайырлы жол,  
Ақылды, ойлағанға фибраты мол.  
Адамның баласына үлгі үшін,  
Алланың саған-дағы көрсеткені- ол!

Дінді тап, білімді тап, дүниені-тап,  
Білгенін айтып жатыр тіл менен жақ!  
Бір қалмай, артымызда, бара жатыр,  
Болдық қой жайылатын хайуандай-ақ!

## Пайғамбардың ақтық үні

Азырақ икрам алып, көзі ілінді,  
Аһылбайт баршасы һәм жай отырды.  
Сол уақытта Қадір құда құдіретімен  
Ғазірейіл періштеге әмір қылды:

-Достыма сәлемімді айтқыл барып,  
Кіргейісің хұжырасына рұқсат алып.  
Құп алса рух шарпын хафиз айла,  
Болмаса дегеніме, келгіл қайтып!

Ғазірейіл пәрменменен көктен енді,  
Мың мәлік зейнетленген қасына ерді.

Бір кәріп суретінде есікке кеп:  
-Кіремекке бола ма?!- деп әуез берді.

Файша айтты:

-Жауап бер!-деп, Фатимаға,  
Фатима іште тұрып, айтты аңа (оған):  
-Азырақ тыста тұрып, сабыр етіңіз,  
Бұл уақта пайғамбарда жоқ тұр шама!

Және айтты ызғар етіп:

-Кіремін!-деп,  
Ілгергі сөзін айтты Фатима кеп.  
Үшінші қатты әуезбен айтқанында,  
Баршасы аһыл баптың тітіреді көп.

Оянды ұйқысынан расул-құда,  
-Қалай-деп сауал етті,- себеп мұңа?!  
Фатима расулге айтты:

-Араб келіп,  
Есіктен: "Кіремін!"-деп, қылар нада!

Оларға жауап беріп, айтты расул:  
-Сіз көрген араб емес, біліңіз бұл!  
Пенденің ағзасынан жанды алатын,  
Фазірейіл Мәлік- ашмут періште ол!

Фатима пайғамбардан мұны естіп,  
Қайғырды қапалығы хадден өтіп.  
-Мәдине харап болдың,- деп айтса дүр,  
Басына қолын қойып әуез етіп.

Пайғамбар Фатиманың қолын алды,  
Өзінің көкірегіне әкеп салды.  
Онан соң несібесінен нышан болмай,  
Көпке шабыс хош болып талып қалды.

Көңіліне тұрғанлардың қиял жетті:  
"Дүниеден,- деп ойлады,- мағар өтті!"  
Расулдің құлағына аузын [қойып]:  
Фатима: "Жан ата!"-деп, әуез етті.

Бермеді расул құда жауап әр кез,  
Және де:

-Атбыта!-деп, жығылды тез.

-Жолыңа жаным құрбан, көзіңді ашып,  
Бір мәрте бата зар сал!-деп, айттылар сөз.

Пайғамбар бұл сөзді айтты көзін ашып:  
-Ай, перзент, көп жылама, жасың шағып.  
Ғаршыдағы періштенің баршасы һәм  
Сөзіңе тағат қылмай, тұр жыласып.

Насихат:

-Жылама!-деп, айттылар көп!

Көз жасын сүртер еді қолымен кеп.

-Артымнан, мен өлген соң, айтқыл!-деді,

-Анарше уайыниа алтиер ражию!-деп.

Онан соң расул көзін жұмды және,  
Жығылды аһыл байтының бәрі һама.  
-Фарбатаһ кәріп болған, жан атам!-деп,  
Фатима хадден артық қылды нала.

Пайғамбар Фатимаға:

-Мұны-деді,

-Атаңның пақыр ғұмыры дүниеде еді.

Бұл дүние бес бақыстан өткеннен соң,

Мехнаттан халас етер аңса мені!

Өсиет, талап қылып Ғайша келді,  
Ілгергі айтқанындай жауап берді:  
-Пайғамбар азубының бәріне һәм,  
Ғайшаға өсиетіндей айтар еді.

Пайғамбар бұл сөзді айтты Фатимаға:  
Ұлымды:Хасен, Хұсайын келтір маңа[маған]!  
Жүзіне Хасен жүзін қойып тұрып,  
Хұсайынды көкірегіне басты және.

Қолымен екеуінің сүртіп көзін,  
Қаншама мейірбанлық айтты сөзін.  
Ғалыны онан кейін алдына алып,  
Иығына тік отырды сүйеп өзін.

Деп айтты:

-Ай, Ғалы, сен бол хабардар,  
Мойнымда пәлен жаһут хақысы бар!  
Әскерге жаратпаққа алып едім,  
Бергейсің ада қылып оны занһар.

Хауыз кәусар кенеріне барғанда мен,  
Жолығатын үмбетімнің әуелі- сен.  
Өзіңе неше түрлі қайғы салар  
Дұшпан боп көп мұсылман кейін!-деген.

Әр түрлі жәбір көрсең, сабыр айла,  
Тағат қыл, ақыреттің қамын ойла!  
Дүниенің хакімлік пен шатлығынан  
Пендеге бір зәредей болмас пайда!

Өзінің құлдары мен шораларын,  
Тапсырды Мартазаға оның (аның) бәрін:  
-Тамақтан жә киімнен кем болмасын,  
Ескеріп, тұрғыл-деді-көріп халін!

Көп еді пайғамбарда шора мен құл,  
Ғазадан келген еді асылгері бұл.  
Өзінің кесел болған уақытында  
Қырық құлын азат қылды Хақ расул.



Онан соң пайғамбардың келмей халі,  
Реңінен өзгеріліп кетті бәрі.  
Қайтадан өзінің мүбәрәк төсегіне  
Жатқызды Ғаббас пенен хазірет Ғалы.

## Расулдің өлімі

Ғазірейіл сәлем берді ішке кіріп,  
Пайғамбар ғалік алды оны (аны) көріп.  
Деп айтты:

-Иә, Мұхаммед, рұқсат берсең,  
Рухыңды хапіз (хасіз) етпекке тұрмын келін.

Хал тұлмен Расул айтты:

-Жә, ғазірейіл,

Рухымды алмақлықтан сен сабыр қыл!  
Жебірейіл қарыстасым (періштесі) қайда кетті.  
Қасыма неге келмес уақытында бұл?!

Ғазірейіл әуез қылып айтты және:

- Мәліктің есебіндегі бәрі һама (нама).  
Жебірейіл ортасында мәтім тұтып,  
Жыласып (жығласып) аза (ғаза)қылып тұрғыл саңа  
(саған)!

Жебірейіл сол мезгілде көктен еніп,  
Алдында әзір (хазір) болды, сәлем беріп.  
Пайғамбар Жебірейілден сауал қылды:  
- Әкелдің не хош хабар Хақтан келіп?

Жебірейіл Расулға айтты:

-Қайырланам (хайырланам):

-Әкелдім мархабатлық сізге сәлем!  
Жаннатты сіздің үшін даярлады,  
Бекітті жаһаннамның бәрін тамам.

Зор (қор) ғылыман есебіндегі періштенің,  
Бір Құдай санастырып қойды бәрін:  
-Расулдің рух шарпы (шарсы) келеді!-деп,  
Жолыңнан тізер дүр баршасы оның.

Деп айтты Расул:

-Құдая , Жебірейіл,  
Хош болмас менің көңілім мұныңмен, біл!  
Бұл күнде ғаміл көңілім харсант болып,  
Артықша сүйінгендей, бір хабар қыл!

Жебірейіл пайғамбарға айтты мұны:

-Әуелі сіз тұрасыз махшар күні.  
Үмбетін шапағат қып алмақлықты,  
Бір Құдай сізге берді әуелгіні.

Пайғамбар Жебірейілге айтты және (жана):

-Мұнан һәм артық етіп іс (біті) қыл маңа (маған).  
Жебірейіл Расулге айтты:  
- Жасару бар,  
Харсантлық бір хош хабар айтты саңа (саған).

Кіресіз жаннат ішіне әуелі сіз,  
Нәбилер сізден бұрын кірмес әр кез.  
Ілгергі үмбетлердің баршасынан  
Жаннатқа үмбетлерің кіреді тез.

Пайғамбар айтты Жебірейілге:

-Ай, Бірадар,  
Мекені жақсы құлдың жаннат тұрар.  
Күнәкар ғасы жайы үмбетімнің  
Ахуалы нешік болар асла (істе) аз һәр?!

Жебірейіл мекеніне қайтты, жатып,  
Алланың дәрғаһына айтты барып:

-Достыңа сәлеміңді айтып едім,  
Шатланбас көңілі әр кез харсантланып.

Күнәсын тілеу еді үмбетінің,  
Жауабын қайтарайын, не деп мұның?!  
Алла айтты:

-Ғасы үмбет тәубе қылса,  
Ілгергі өлмегінен бір жыл бұрын.

Ілгергі күнәсының бәрін кешіп,  
Жаннатты қыла дүрмін оған несіп.  
Махшарда пайғамбардың өзі бірлан,  
Сираттан өтсе керек бірге ілесіп.

Жебірейіл пайғамбарға келді-лер баз,  
Білдірді Хақтың өмірін қылып ағаз:  
-Бір жылдан ілгергіні ғафу етті,  
Алланың дәрғаһынан болса паруаз.

Бұл сөзді Жебірейілге айтты Расул:  
-Бір жылда қанша күнә болар хасыл?!  
Күнәсын әуел ақыр бағышласын,  
Айтыңыз дәрғаһына арызымды (ғарызымды) бұл!

Аллаға бұл сәлемін айтты және,  
Құдіретімен әлһам етті уахи дана:  
-Өлімнен бір ай бұрын тәубе қылса,  
Кешейін күнәсының бәрін һама!

Жебірейіл пайғамбарға қайтып келіп:  
Білдірді Хақтың өмірін хабар беріп.  
-Бір айда қанша күнә болар?!-деді,  
Айтты һәм Расул құда ауыр көріп.

Жебірейіл бір Алланың дәрғаһына  
Арыз етті (айтты):

- Риза емес достың мұңа!  
- Аптада тәубе қылса, кеше дүрмін!-  
Құдіретімен әлһам етті қадір Алла.

Расулге қайтып келіп бек сәлемін,  
Пәрменді мағлұм етті бір Алланың:  
-Аптада қанша күнә, хасыл болар!  
Шатланбас мұның бірлан көңілім менің!

Білдірді бек сәлемін қылып ағиан,  
Алла айтты құдіретімен қалып пәрмен:  
-Өлімнен бір күн бұрын тәубе қылса,  
Пазыларыммен бар күнәсын кеше дүр-мін (ман)!

Жебірейіл хабар берді пайғамбарға:  
-Өлер күні тәубе қылса, кешкей Алла!  
-Бұл және көп болады-деп, Расул айтты-  
Бір күнде ғасы үмбет қыла[r] әр не?!

Жебірейіл бұл сөзді һәм айлады жат,  
Алла айтты:

-Тәубе қылса өлер сағат,  
Күнәсын әуел-ақыр бәрін кештім,  
Отынан жаһаннамның қылып азат.

Пайғамбар сағатты һәм ауыр көрді,  
Жебірейіл дәрғаһына хабар берді.  
Алла айтты:

-Мұның бәрін ауыр көрсе,  
Фазылымен ызғар (аз һар) етіп, айтты енді:

-Ғұмырында күнә қылып пенде жүрсе,  
Өлерде жан бұғазына келіп тұрса.  
Аузымен айтпақлыққа халі келмей,  
Көздерін пұшайманмен нәлі қылса.

Кешемін күнәсының бәрін һама,  
Анадан туған сипат болғай және (жана).  
Егер де тәубе қылмай өтіп кетсе,  
Шапағат қыла дүрмін Расулды аңа (оған)!

Жебірейіл бір Алладан мұны естіп,  
Білдірді Хақтың әмірін аз һар етіп.  
-Үмбеттен енді көңілім тынды,- дейді,  
Расулдің көңіліне шатлық жетіп.

Және айтты Жебірейілге:  
-Ай, Бірадар,  
Айтайын көңілімде үш арыз бар!  
Әуелі үмбетімнің күнәкарын (күнәһгарын),  
Жаннатқа шапағатпен кіргізісін-лар!

Екінші, қанша күнә қылса пенде,  
Дүниеде көрсетпесін азап (ғазап) аңа (оған).  
Үшінші, үмбетімнің күнәларын  
Бейсенбі һәм дүйсенбі ( дүйсембі) күні маңа (маған)!

Көрсетсін өз алдыма алып келіп,  
Қараймын ағмалының бәрін көріп.  
Дұға қып, жақсы болса, шатланармын,  
Күнәсын, жаман болса, һәм тілетіп.

Жебірейіл бір Аллаға қылды ағлам:  
-Бердім,- деп, жарылқады баршасын һәм.  
Онан (анден) соң пайғамбарға нада қылып,  
Құдіретімен бұл сөзді айтты уахи ақрам:

- Үмбеттің осыншама жедің қамын,  
Кім салды өз көңіліңе мұның бәрін?!  
Арыз (ғарыз) етіп Расул құда Аллаға айтты:  
-Көңіліме мұны салған фазылың сенің (сәнің)!

Алла айтты:

- Салған болсам қиялды бұл,  
Боласыз не себептен мұнша мәуіл?!  
Баршасын рахматыммен жарылқармын,  
Үмбетке сенен мейірім (меһірім) жүз есе (қысса), біл!

Пайғамбар:

-Тынды,- дейді,- көңілім менің!  
Тапсырдым үмбетімнің саған бәрін!  
Аздырмай, тура жолмен, өзің сақта!  
Мен сені халифасы қылдым оның!

Әлқисса, болғаннан (болғанден) соң бұл сөз тамам,  
Уахидан парығы болды, қайырланам (хайырланам).  
Жебірейіл бек аламин сонан (анден) кейін,  
Қоштасып (хошласып) пайғамбармен айтты калам.

Ахамада ғұмадда хош қал етті,  
Бұл күні ажырамақтың уақыты келді.  
-Әр (һәр) заман бұл дүниеге келмегіме  
Мәдиғам һәм мақсатым ( мақсұддым) бір сіз ер-ді!

Дүниеге келмегеймін енді мен тез,  
Алладан уахи әлһам болмағай кез.  
"Алудағы, әліфтегі жә, Мұхаммед!"-деп,  
Қайғырып мекеніне қайтты-лар тез.

Расул һәм қош айтты болып мәуіл,  
Деп айтты сонан (анден) кейін:  
-Жә, ғазірейіл,  
Күнәкар үмбетімнен көңілім тынды,  
Кел енді, бір Алланың бұйрығын қыл!

Ғазірейіл сонан кейін даярланып,  
Тәртіптер (тартылар) рух шәрібіне шипа салып.

Жанына бір кесемен суды қойып,  
Көк пісте, сүртер еді, қолымен алып.

Терледі қиналғаннан маңдайлары,  
Реңі (реңкі) өзгеріліп кетті бәрі.  
Мүбарак пайғамбардың жүздері һәм  
Тағы қызыл болар еді, тағы сары.

Пайғамбар сауал етті ғазірейілден:  
-Қиналдым жан бергенде осынша мен!  
Осы түрлі қиындықпен аласың ба,  
Кейінгі үмбетімнің жанларын сен?!

Ғазірейіл жауап беріп, айтты-лар сөз:  
-Ешкімге рахмат етпедім сіздей әр кез!  
Аспан, жер, тау мен тастар (ташлар) тағат қылмас,  
Қаһарыммен алғаным болғандар кез.

Пайғамбар ғазірейілге айтты және;  
-Қуатсыз үмбетімнің бәрі һама (хама).  
Бұл күні әр (һар) не болса, мен көрейін,  
Үмбетімнің жан ашығын салғыл маңа (маған)!

Онан соң Расул құда қиналды көп,  
Сол уақытта қолына алып бір мүсуак шөп:  
-Ағызына әр мезгілде салар ер-ді,  
Жә, Алла, есендікті нәпіс қыл!-деп.

Расулден өзге сөздің бәрі қалып,  
Үмбетін айтар еді ағызына алып.  
Мүбарак рухы, шарпы париаз (парпаз) етіп,  
Жаннаттың бостанына қонды барып.

Пайғамбар сапар етті дүйсенбі күн,  
Әне (ана), Алла, уана Алла, һәм ражим бұл.

Аһыл (ағыл) бәйіт азу ажының баршасы һәм,  
Расулдің өлгендігін біле білер, біл!

Жылады баршасы һәм парият етіп,  
Бағзысы талып қалды есі кетіп.  
Фатима нала қылып жығылар (жылар) еді,  
Артықша қапалығы хадден өтіп.

Дер еді:

- Ай, Абата, ата-жаным!

Сүйенішім, һәм жаным едің менің (маным).  
Жебірейіл көк жүзінен нәзіл болып,  
Хақ[тың] өмірін енді кімге қылар мағлұм?!

Жә, Алла, хафиз айлағыл жанымды сен,  
Достыңа жылдам барып ұшырайын мен!  
Раһбарым, пайғамбарым, сардарым!- деп,  
Жылады (жығылады) аһыл (ахыл) байтлар зарлық  
бірлан.

Есітіп сахабалардың бәрі һама,  
Сәждеде жылар (жығылар) еді, қылып нала.  
Пирият қып бастарына қолын қойып,  
Дер еді: "Уа, Халиолла ғамада!"

Осындай бірнеше жүз ауызына (ағызына) алды,  
Бағзысы бихош (биһош) болып талып қалды.  
Артықша өзгелерден хазірет Ғұшман  
Жыларға халі келмей, жатып қалды.

Ортада хазірет Ғұмар тіке тұрып,  
Айтады қылышына қолын ұрып:  
-Бір кісі Мұхаммедті өлді!-десе,  
Бөлемін екі хысса оны (оны) қылып.



Бұл уақта Расул құда жатыр талып,  
Түзелер аз уақытта саламатланып.  
Бұл сөзден тұрғанларға шүбә (шүбһа) жетіп,  
Жыламай қарап тұрды тілін алып.

Ол күні аспандағы күн тұтылып,  
Болмады бірін-бірі ешкім біліп.  
Дүниені зұлмат тұтып тұрар еді,  
Расулдің өлгеніне аза қылып.

Ол уақта Әбубәкір үйінде еді,  
Файшаның хұжырасына кіріп келді.  
Үстіне жауып қойған пердені алып,  
Мұбарак пайғамбардың жүзін көрді.

Айтады жүзін өбіп:

-Уаһи (уахи) асқан!

Дер еді қолын өбіп: "Уаһи аспан!  
Жолыңа ата-бабам болсын пида,  
Раһбарым (рахбарым) ғамымдауа халиоллан!"

Егер де мәні (манығы) болса жыламақтан,  
Ғұмырымның барлығынша жылар ем мен (ман)!  
Өзіңнен рұқсат (ұлықсат) болса, бұл жанымды  
Жолыңа берер едім, қылып құрбан!

Бұл түрлі көп сөз айтып, жылады зар,  
Деп айтты:

-Ай, құдая, Хақ Берубар,

һәм досың, һәм Расулдың-хабибиңе  
Бұл менің сәлемімді айла азһар (азхар)!

Құжырадан Әбубәкір шықты қайтып,  
Мешітке барып кірді қаба тартып.  
Расулдың мінберіне хұтпа оқыды,  
Әуелі бір Алланың хамитын айтып.

Деп айтты:

-Ай, халайық, естіңіз!

Нанбаған Мұхаммедке болсаңыз сіз,  
Пайғамбар ажал жетіп, опат болды,  
Дүниеге енді айналып келмес әр кез!

Алланы, нанбасаңыз, Құдай біліп,  
Өлмейді ақырғаша бақи тұрып.  
Сабыр етіп қазасына тұрыңыздар,  
Айтамын баршаңызға мен білдіріп.

Ғымыранның сүресінен оқып аят,  
Ажалдың бір хақлығын істеді (аслады) жат.  
Хамат Мұстафаның нағытын оқып,  
Рухына һәм жіберді көп салауат!

Өлгенін пайғамбардың барша білді,  
Қайғырып, аза (ғаза) тұтып, көп аһ ұрды.  
"Иннә лилләһи уә иннә иләһи ражигун"-деп,  
Жүзіне қолын сүртіп, дұға қылды.

Әшкерә Аһылбайт һәм жылады баз,  
Ғайыптан естілді бір қош әуез:  
-Алла ла әм ғабыл күме- пайғамбардың,  
Аһыл байт аз уәж!-деп, қылды ағаз (уағаз).

Сізлердің үшбу көрген мұспибатың,  
Сауаптан жеткізеді Алла хақын!  
Артықша зор парығы етпеңіздер,  
Ойлатып бір Алланың инабатын!

Имансыз бұл дүниеден өтсе адам,  
Лайық дүр ол пендеге кафыт ұғам.  
Ғиззаты пайғамбардың артық болар,  
Дүниеде тірі болып жүргеннен һәм!

Осындай бірнеше сөзден хабар берді,  
Білсеңіз, бұл сөзді айтқан Хызыр еді.  
Онан (анден) соң жыламақтан ауызын тыйып,  
Қазаға риза (ырза) болып отырды енді.

Файыптан естіледі және бір сөз,  
Білдіріп Аһылбайтке айтты бір сөз:  
- Мұхаммед Алла досы (досты), таза ерұр,  
Жумаңыз пайғамбарды апла (асла) әр (һәр) кез!

[А]ртынан әуез қылды біреу және (жана):  
- Нансаңыз: "Жума!" - деген шайтан аңа.  
[М]ен Хызыр, пайғамбарды ғұсыл етіңіз,  
Айтқалы бұл хабарды келдім саңа (саған)!

Аһылбайт хасин айтты мұны біліп,  
Аллаға шүкір қылып, таспих етіп.  
Дослары анден кейін даярланды,  
Жумаққа пайғамбарды ішке кіріп.

Ғұсыл еткен адамдардың есімдері (есімлары),  
Әуелі- хазірет Ғаббас, екінші-Ғалы.  
Үшінші-Әшім (һәшім), төртінші- Қасым, Фазыл,  
"Ғаббастың перзенттері"- деп айтады.

Асамайын зайт- бесіншісі,  
Алтыншысы-Сақыран атлы жігіт ер-ді.  
"Кейінгі бұл айтылған екеуі һәм,  
Расулдің- деп-айтады-азатлысы"

Есікке ансарының бәрі келіп,  
Бұл сөзді айтар еді әуез беріп:  
-Ілгеріде жақсы-жаман осылар болса,  
Баршасын жүрер едік бірдей көріп.

Ажырадық тысқары істе бүгін қалып,  
Расулге ғұсыл етесіз сіздер барып.  
Серік қып бұл қызметке тұрсаңыздар,  
Бізден һәм ішіңізге адам алып.

Осы еді Залла атлы бір ансары,  
Кіргізіп әшкереге алды, әні!  
-Расулді қандай қылып жуамыз?-деп,  
Біле алмай, қайран болып тұрды бәрі.

Бағзысы:

-Көйлегімен жусақ!-деді,  
Бағзысы жалаңашын қабыл көрді.  
Осындай қайран болып тұрғанында,  
Бір Құдай баршасына ұйқы берді.

Азырақ ұйықтап кетті көзі ілініп,  
Файыптан хабар берді аз һар етіп:  
-Ғұсыл етіп пайғамбарды жуыңыздар,  
Көйлегін ағзасынан алмай тұрып.

Оянды ұйқысынан бәрі һама,  
Жатқызды пайғамбарды бір тақтаға.  
Расулдің күншығысқа басын қойды,  
Аяғын күнбатысқа қойды және (жана).

Мүбарак киімінің бәрін алды,  
Жалғыз-ақ ағзасында көйлек қалды.  
Қолына һазірет Ғалы қалта киіп,  
Жумаққа пайғамбарды даярланды.

Көйлегін көтереді Фазыл барып,  
Астынан Ғалы жуды қолын салып.  
Асама, Шақыран мен- бұл екеуі  
Үстіне құяр еді суды апарып.

Хазірет Ғаббас пенен және Қасым,  
Тұрар еді пайғамбарды аударып һәм.  
Пайғамбар есендікпен (асанлықпен) қозғалар-ды,  
Бұларға періштелер болып жәрдем.

Әуелі пайғамбарды сумен жуды,  
Екінші шадыны (падсы) суын құйып тұрды.  
Үшінші қабір (кәбұр) суымен ғұсыл етіп,  
Онан (анден) соң бұл қызметін тамам қылды.

Ол судың кіндігіне тұрып қалғанын,  
Хош тұтып хазірет Ғалы ішті бәрін.  
Сол үшін өрбір түрлі қиын істе  
Өзгеден артық болды Ғалы мианың.

Мәшік атлы маңласына даруа сорны,  
Үш қабат ақпен бәден кебін қылды.  
Ілгергі айтылғандай, өсиетімен  
Расулді жалғыз қойып шығып [тұрды].

Сабыр етті тыс қарсыда қарап тұрып,  
Мәліктер қайтар еді намаз қылып.  
Періште намаз оқып болғаннан соң,  
Әуелі намаз оқыды Ғаббас [келіп] кіріп.

Онан соң намаз оқыды хазірет Ғалы,  
Кезекпен Әшімнің келді бәрі.  
Асхапқа Әшімнен соң, кезек жетіп,  
Нәубетпен оқыр еді баршалары.

...ға Асхаптан соң кезек жетті,  
Анден соң балалар һәм келіп өтті.  
Ол күні ешбір адам имам болмай,  
Намазын баршасы һәм жалғыз етті.

Кітапта нақыл қылып айтар мұны,  
Опаты дүйсенбінің әмід күні.  
Бұйрықты манзылына дайын еткен,  
Сәрсенбі кешкісінің еді түні.

Әлқисса намазларын тамам етті,  
Анден соң дайын етпекке талап етті.  
Жиылды:

-Қайсы жерге қоямыз?!-деп,  
Асхаптың баршасы һәм кеңес етті.

Мешітті бағзылары көрді қабыл,  
Бағзысы:

- Болсын- деді- бақ Бағыста бұл!  
Асхаптың бағзылары бұл сөзді айтты:  
-Үйінде болмақ керек те, сірә сол!

Ортадан Әбубәкір айтты тұрып:  
-Расулден мен естідім бұрын сұрап.  
Қай жерде пайғамбардың жаны шықса,  
Сол жерге қойылады дайын қылып.

Және де хабар беріп айтты Ғалы:  
-Қай жерде пайғамбардың шықса жаны,  
Бір Құдай құдіретімен дәрғаһында  
Көреді өзге жерден артық, әні (әне)!

Мұһа, Жыран сарилар мұны естіп,  
Бұл сөзге ырзаланды қабыл етіп.  
Ғайшаның хұжырасына қоймақ болды,  
Көңілінен баршасының шүбә (шүбһа) кетіп.

Бағзылары көр қазбаққа-ақ талап көп,  
Бағзысы айтты:

-Лахат қылып қоялық!-деп.

Бағзысы:

- Жарма қылып қойылсын!- деп,  
Бұл сөзге талас болды ақыры кеп.

Екі адам: "Көр қаз!"- деген Мединеде,  
Ат қойған Ғабдолла мен Талха аңа.  
Ғабдолла жарма қылып қазар еді,  
Лақат қып қазар еді Талха және (жана).

Екі адам -- екеуіне һәм жіберді:  
"Қайсысы бұрын келсе, қазсын!" — деді.  
Ғабдолла тез уақытта келмей қалып,  
Есітіп Әбу Талха бұрын келді.

Бұл қызмет несіп болып Талха жетті,  
Хұжырадан лақат қазып даяр етті.  
Ғалы, Ғаббас, Фазыл, Құмша, Қаран,  
Асама, Аддас көтеріп лақатта елітті.

Бар еді пайғамбардың бір тондары,  
Үстіне перде қылып жапты, әні (әне)!  
Лақаттың есігіне ғам хашталардан  
Әкеліп бекітпекке тидірді, әні!

Ақыры бір кірпіштік орын қалды,  
Шығарып енді кейін- тонды алды.  
Расулден бір ишараат сөз білініп,  
Тесіктен қауым барып құлақ салды.

Мүбарак еріндерін қимылдатып:  
-Үмбетім, үмбетім!-деп, жатыр айтып.  
Дайын өтіп пайғамбарды болғаннан соң,  
Құжырадан баршасы һәм шықты қайтып.

Фатима құжырасында жатыр еді,  
Асхаптың баршасы һәм мұнда келді.  
Мұхаммед- Мұстафаның мәдхонларын  
Білдіріп Фатимаға хабар берді.

Фатима пириат қылып, қылды нала,  
Жылады асхаптардың бәрі һама.  
Расулдің әуелгі өткен күндерінде  
Артық сабыр мусипат болды және.

Фатима айтар еді қылып зары:  
-Атамның, баршаңыз, һәм асхаплары,  
Көз қиып, көңіліңіз және барып,  
Көмдіңіз жер астына нешік, әні [әне]!

Сахабалар мұны естіп, болып кіриан,  
Деп еді:

-Не қыламыз, болса пәрмен?!  
[...]зда Хақтың әмірі болмағанда,  
Бір қылын қоймас едік топырақ бірлан.

Асхаптың қайғы-ғамы хадден өтті,  
Бағзысы Мединеден шығып кетті.  
Дидарын пайғамбардың көрмеген соң,  
Бағзысы: "Көзімді ал!"-деп, тілек етті.

Бағзылары өлген соң іздеп келді,  
Калима тұт[ып], таухидты айтып, дінге кірді.  
Бағзысы ғаспанаға ғашық болып,  
Расулдің қабірін құшып, жанын берді.

Расул[дің], бұл айтқаның, әрбір ісі,  
Айта алмас ада қылып ешбір кісі.  
[Әр] жерде білдірмекке лазым болды,  
Шам, Шамарында бір жаһуттің қылған ісі.



## Бақ құсы

"Құдайға құлмын!" - дейсің, құлшылық жоқ,  
Уайымың: "Болса екен,- деп, қарыным тоқ!"  
Ойлаған ақыреттен бір ісің жоқ,  
Мақсатың- көздер толы дүние бәқ.

Көп адам ішіп-жейтін тамақ үшін,  
Салып жүр бұ дүниеге барлық күшін.  
Аузыңнан ішсең, артыңнан қалар түсіп,  
Керек қып [1], әуре болдың оның несін?!

Өз нәпсің бойыңдағы- жанның жауы,  
Жалғанда екеуінің бітпес дауы.  
Нәпсіңнің айдауына ере берсең[2],  
Білінбес өз басыңның ауру-сауы.

Нәпсіден құтылуға не хайла бар?!  
Құтылсаң, бір басыңа көп пайда бар!  
Өз нәпсің бойыңдағы жау шыққан соң,  
Жаныңа енді жақын дос қайда бар?!

Жүрмейді ыңғайыңа қатын-бала,  
Деп айтқан: "Душпаның-деп,-өзі және,  
"Иннама ауылдың ем азуа жүңме  
Фетнасауе!"- демеді ме Хақ тағала?!

Мал-басқа, қына қызыл тасқа бітер,  
Жаманға қасақана қасқа бітер.  
Жалғанда жаныңменен жиған мүлкің,  
Айырылып өлген күні басқа[ға] кетер.

Жұрт көмді жаназалап сені көрге,  
Барарсың ақыр бір күн қара жерге [3].  
Жолдас тап есің барда, күшің барда,  
Өзіңмен кіретұғын көрге бірге.

Мал қалар дәнемемен болмай ісі,  
Не қылсын, кім бар болса, сол иесі.  
Үй қалар ішіндегі мүлкіменен,  
Деп айтпас: "Бізді, қайда, жиған кісі?!"

Аһ ұрып, жылаған боп, қатын қалар,  
Жоқ екен көрге бірге еріп барар.  
"Болар – деп- тиген байым әлде қандай?" -  
Жас болса, қатын соны ойына алар.

Көзінен саулаған боп ағар жасы,  
Өзінің ойлағаны- қара басы.  
Жылына не жетеді, не жетпейді,  
Таласар қайнысы мен қайнағасы.

Ағайын жиылар мал сойғанына,  
Етін жеп, сорпасына тойғанына.  
Биопа, сұм дүниемен алдандырып,  
Тәубең не (төбеңнен) ұрып Құдай қойғанына?!

Ұшы жоқ, таусылмайды, терең ойлар,  
Дария емес суы терең кісі бойлар.  
Батырып су түбіне жіберетін-  
Адамның алдындағы жылқы-қойлар.

Опасыз, шіркін дүние, болдың мұнша,  
Қызықты, қадірлі боп өзің сонша!  
Көрінер жұрт көзіне әлдеқандай,  
Біраз күн бір пендеде дәулет тұрса!

Шарықтап сөйткенменен кетпес асып,  
Сынаптай, бір орында тұрмас, қашып.  
Басыңнан бақыт құсы ұшқан күнде  
Қалады керексіз боп боқтан сасық.

Бірі-тірі, бірі-өлі: "Ал" мен "Бердің",  
Мал қашты уысынан һамматлы ердің.  
"Шық бермес, Шығайбайға"- тұрақтады,  
О-дағы біліп алды берген жердің.

Бақ деген бұрын бір құс болушы еді[4],  
Қиядан-қияға ұшып[5] қонушы еді.  
Азыл зат, текті жерді таңдап қонып,  
Жарасып тұғырында тұрушы еді.

Бақ құсы осы күнде шыбын болды,  
Қайда сасық, іріңді тауып [6] қонды.  
Таздың басы, пұшықтың мұрнын тауып,  
Бүгінде ақсақ-соқыр- бәрі де оңды.

Шыбынға бәрі бірдей қант пенен боқ,  
Жамандық көп боп кетті, жақсылық жоқ.  
Жабы озып арғымақтан, аттан-есек,  
Бәрі оңды: болғаннан соң қарыны тоқ.

Біздерге әр түрлі өнер Тәңірім берді [7],  
Қыдырдық денсаулықпен талай жерді.  
Астында жаппа күрке көшер шілік,  
Ақсақал Жапке бірлан Ғайса келді.

Көре алмай, сағынғаннан көптен бері,  
Жақсы екен аз өмірде болған тірі.  
Бас қосып қадірлескен жақсылармен  
Тарқады біраз құмар, көңіл кірі.

Ежелден көшпелі еді мінез біздің,  
Жақсысын көріп едік бұл үш жүздің.  
Алмаңыз көңіліңізге, ай, ағалар,  
Бабыңыз болмай кетті екі сегіздің.

## Өлім алдындағы хал

Қаламды, жазайын деп, алдым қолға,  
Қатесі болса сөздің, Құдайым оңда!  
Азырақ адам халін мен сөйлейін,  
Жамағат, шала тыңдап, ғапіл қалма!

Адамнан жан шыққан соң кетеді хал,  
Білмейтін наданларың тыңдамаңдар!  
Адам халін бір азырақ мен сөйлейін,  
Жамағат, шуылдамай, құлағың сал!

Кітапқа жақсы болсаң, сіздер жуық,  
Мұқтасар, мұжмұмақпар кітап сыйғызып.  
Анадан тудық-тағы, болдық адам.  
Әуелде біздер едік пәрмені су[ық].

Тоғыз айда анадан бала туған,  
Жақсы болса [жалал бала] атаның жолын қуған!  
Анадан туғаннан соң болдық адам,  
Қан ішінде ұйысқан шырын судан.

Білмейді көміл адам ерте-кешін,  
Жақсылар жамандардың қамын жесін!  
Дүниеге болып адам туғаннан соң,  
Көреді азды-көпті несібесін.

Біреу бай болады, біреу жарлы,  
Біреу жарлы болады, біреу басқа зарлы.  
[Қанша] жарлы, міскін, жынды болса-дағы,  
Құдайдан өлшеп берген несіп бар-ды!

Өзі қақса, Құдайым, тіпті кемімес,  
Неше түрлі буманың бірін шешпес!  
Залал келтірсе, Құданың бұйрығына,  
Сондай бұзылған жанның тілегін бермес!

Жігітлер, мына сөзге құлағың сал,  
Қалады арттарыңда жинаған мал!  
Сөйлейін білгенімше әрбір кепті,  
Зейінің болса, сөзімді есітіп қал!

Кей адам бай болса да, бейнет көрер,  
Кей адам жарлы болып, рақат көрер.  
[Кей адам] үндемейді топ ішінде,  
Сөз[і] пұлсыз болса да, сөйлеп жүрер.

Біреу өтер дүние малын айдай алмай,  
Біреу өтер тәтті тағам шайнай алмай!  
Біреу жүр уағдасынан мықтап ұстап,  
Біреу жүр ешбір сөзін байлай алмай!

Бұл сөзден пайда болмас кей наданға,  
Айтсам, сөзім қор болар кей жаманға!  
Тірілікте ақыретті ұқпай тұрып,  
Байлық, жарлық білінбес еш адамға!

[Кей адам] дүниені қуып жүрер,  
Кей адам жамандыққа жуық жүрер.  
[Кей адам], дүниені тастай беріп,  
Тағат пен ғибадатқа жуық жүрер.

[Дін жол]ын қайтер еді қойса құмай,  
Не керек Мұхаммедтің жолын құмай?!  
[Кей] адам дүниеге көңіл беріп,  
Ас ішер беті-қолын сумен жумай!

Сонда да құдіретсіз жұрттан аспас,  
Айтса да, шариғатқа, өр кез баспас!  
Кей адам ақыретке көңіл беріп,  
Таһаратсыз жерлерді титтей баспас!

Нанбайды кей надандар көзі көрмей,  
Малынан қайыр менен зекет бермей!  
Дүниені меһнатланып жиса-дағы,  
Артынан, өлсе қалар, біреу ермей!

Қумастық дүниені қуып кетер:  
“Жұрт алдына шығам!”-деп, үміт етер.  
Жүргенде өуреленіп дүниемен,  
Бір күні ажал шіркін қуып жетер!

Ажал жетсе бір күнде, қалай болар,  
Сөйлейін бір азырақ сонан хабар.  
Жарандар, тіршілікте ғибадат қыл,  
Өлгенде пендесіне қысастар бар!

Ажал келсе, пенделер, бір күнде өлер,  
Алланың тағдырына пенде көнер!  
Ажал -уақыт пендеге таянғанда,  
Сол жанға ғазірейіл жетіп келер.

[Ажал] келіп, пендеге қонар дейді,  
Қызыл жүзлі жүздері солар дейді.  
Аладан ажал- тағдыр жетіп келсе,  
Қасыңда үш періште тұрар дейді.

Бірі кепіл дем алыс, аманына,  
Бірі кепіл ырзық пенен тамағына.  
Және тағы біреуі кепіл дейді  
Дүниеде жақсы- жаман амалына.

Дем алыс бір күн бітіп қалар дейді,  
Бір періште жауап сенен алар дейді.  
-Бұ пенденің бітті,- деп- дем алысы,  
Ғазірейілге баян ғып барар- дейді.

Ырзығы таусылады сол мезгілде,  
Оған тағам болмайды тамам елде.  
-Бү пенденің бітті,- деп,-ырзығы!  
О-дағы жауап берер ғазірейілге.

Тағы да таусылады ғамалдары,  
Аз ғана ойнап-күлген замандары.  
-Ғамалы бү пенденің таусылды!-деп,  
Барады ғазірейілге хабарлары.

Ғамалы ізгі болса, қызық болар,  
Бү дүниеде көңілі озық болар.  
Ол адамның есімінің айналасы  
Ақ нұрдан жазылған сызық болар.

Жамандық болса, қосы бұзық болар,  
Тозақтың отларына шыжық болар!  
Ол адамның есімінің айналасы,  
Қарадан жазылған сызық болар!

Ей, жігітлер, бұл сөзге құлағың сал,  
Үгіт айтқан сөздерден ғибрат ал!  
Кітаптың айтуынша, ай, жарандар,  
Ғарыштың тап астында бір ағаш бар!

Ағаштың жапырағы толып жатқан,  
Аллаға баршалары таспих айтқан.  
Әр жапырақта пенденің аты бар-ды,  
Ажал жетсе, жапырағы түсіп қалған!

(Аяғы жоқ)

## Дүниеге жарасады күн менен ай

Дүниеге жарасады күн менен ай,  
Бұл заман да тұра бермес бұрынғыдай.  
Мысалы бұл дүниені мен айтайын,  
Теңелер бір заманда кедей мен бай.

Өзгеріп одан кейін заман болар,  
Жолына шарифаттың күмән болар.  
Қызығы: кәрі-жастан ұят кетіп,  
Тәртіпсіз, ар жойылып тамам болар.

Үлгісіз ата менен ана болар,  
Еркекті әйел билеп дана болар.  
Бір асып, бірде тасып көкігендер,  
Таусылып құлазыған дала болар.

Күншілдер көрінгенге қуғын салып,  
Ақыры күнәсізге жала салар.  
Үлгілі-өнегелі салты құрып,  
Қаптаған айналасы қала болар.

Сарыарқа сары жайлау жер тарылып,  
Өрісі жоқ, жырық-жырық дала болар.  
Сары қымыз сапырулы қолдан кетіп,  
Сарғайтып ішетұғын шайы болар.

Ұлы – арсыз, қызы ұятсыз болып өсіп,  
Бала емес, пәле баққан жайы болар.  
Келер заман адамы көп білем деп,  
Надандығы соңғыға мәлім болар.

Шарифат пен хадистен жұмысы жоқ,  
Құранды қате оқып күнә болар.  
Оқыған ғұламалар таусылған соң,  
Ақыры ұры-қарысын молда қылар.



Өзіңнен туған бел балаң,  
Саудагердей сарт болар.  
Бірге туған жақының  
Алыстан бетер жат болар.  
Сыйынған пірің молда-саудагер  
Бір Құдайға шет болар!

Таудың түгі кетіп, тасы қалар,  
Ағайынның жақсысы кетіп, өңшең жау, қасы қалар.  
Құранда минал жәннәт әннас қалар,  
Бұл күнде -иа апо әннәс қалар!

Мың ғалымнан ғайн, мим-ләм артық,  
Оқиды атақ үшін наһу мантық.  
Айырылып қой -қозыдан қалай тұр[сын],  
Халыққа шарифат жолын түзу айтып?!

Ендігі молда мақсаты мал таппақ,  
Құдайдың мүлкіне, ұжмақтың кілтіне ие болмақ.  
"Құдайы садақа беріңдер!"- деп,  
Аңқау елді алдап, ақымақ қылмақ.

Сиқырын он қашырға шайтан артқан,  
Мұның бәрін қожа- молда сатып алған.  
Кедейді қанап, аңқауды алдап,  
Шайтанның сиқырымен пайда тапқан.

Бағызы-бағызы шарифат бар,  
Шатақ үшін таралған.  
Алуан-алуан молда бар,  
Тек алу үшін жаралған.

Сұрауменен сұрамшақ күн көреді,  
Ұрлықпенен сұғанақ күн көреді.  
Құран сөзін сатып молдалар күн көрмесе,  
Бұл пақырларың аштан өледі!

Осылай жүріп жатыр дін сарсаңда,  
Көбейіп қожа-молда бұл қарсаңда.  
Жалғанда кісі ақысынан құтылмайсың,  
Қажыға жылап жаяу жүз барсаң да!

Шариғат, кітап сөзі қалды тозып,  
Бел асты шылғи өтірік шыннан (асып) озып.  
Дүние үшін молдалардың пейілі азып,  
Бұлар жүр быт-шыт қылып дінді бұзып.

Дін қайда, осы күнде білім қайда?!  
Тұрған жоқ анық көңіл бір құдайда!  
"Лақ, тоқты аламын!"- деп жүрген жаннан,  
Ойлайсың тиеді деп кімге пайда?!

Айналайын, шариғат,  
Атың бар да, затың жоқ.  
Айтушы бір өзгертіп,  
Жазушы екі өзгертіп,  
Өртеп жіберер кітабың көп.

"Жаназа оқыдым!"- деп, бір алып,  
"Құран шықтым!"- деп, екі алып,  
"Қамыр садақасы"- деп, үш алып,  
Көріпке деген садақаны және алып,-  
Суық қолды сұм алаяқ,  
Асып өлтіретін молда көп!  
Қожа-молда дегенде, қожа- молда,  
Оқитын құран сөзі күнде молда.  
Көріп отырып құран сөзін ақша қылған,  
Түбінде сол тамұқтың шырылдар жан өзің, молда!

Дүние үшін оқу оқып болған молда,  
Болғанда баста сәлде, кітап қолда,  
Білгені өз басына пайда етпесе,  
Масқара ел алдында болар сонда.

Бұлар сол оқу оқып, ұқпай қалған,  
Шын емес, айтқан сөзі болып жалған.  
Жұртқа айтып, шарифатты өзі тұтпай,  
Қазақтың қой мен тайын алдап алған.

Тамұқтың түбі терең неткен деймін,  
Бір тас түсіп ішіне кеткен деймін.  
Түбінің тереңдігін сонан байқа-  
Екі жүз елу жылда жеткен деймін!

Ішінде сол тамұқтың құдығы бар,  
Көп адамда саларлық былығы бар.  
Күнінде қияметтің зар жылайтын,  
Онда қылған арамзаның қылығы бар.

Ішінде сол құдықтың сандығы бар,  
Имандыға айтылған таңдығы бар.  
"Иманды адам тозаққа жанбас!" - деген-  
Алланың айтып кеткен жарлығы бар.

Ішінде сол сандықтың жыланы бар,  
Имансызға айтылған ұраны бар.  
Алдымен сол тозаққа молда күйер,  
Қанайтын кедейлерді, пиғылы тар.  
Халыққа шарифатты дұрыс айтпай,  
Қолында көлима алла құраны бар.

Іздесең сауап молдалар,  
Құран оқы молаға.  
Қасына түне демейді,  
Келіндер қайтып қонаға.

Өлім барды шашады,  
Жоқтың артын ашады.  
Қосылып сендер тонама!

Жылап сықтап жатқанда,  
Олжадан ойың барларың  
Қараң өшсін, жолама!  
Құран оқып күңіреніп,  
Сары уайымға саласың,  
Берсе қағып аласың.  
Тәңір алдына барғанда,  
Соларың дұрыс бола ма?!

Молдалар өзгелерді кәпір дейді,  
Көбі надан, наныңыз, түк білмейді.  
Өзімшілдік көкейін тескен сорлы,  
Аузына келгенін айтып, жанын жейді.

Сұрқия сопы молда алма тілін,  
Беті тұнық, асты ылай, ол бір-жылым.  
Өнерсің, өнеге алсаң, үлгілі елден,  
Адамшылық өнер мен берер білім!

Осы күнгі адамдардың бірталайы,  
Ұры, қары, қу-сұмның жан жолдасы.  
Қазағым қайтып ел болад, қарағым-ау,  
Ойлағаны басшының - өз құлқыны?!

Бұл өтірік сөз емес, шын расы,  
Кәсіпсіз ұрлық қылған кәрі-жасы.  
Кедейліктің иесі осы елде,  
Оңдырар ма сәулесіз өңкей масы?!

Мәшһүрді бар екен деп есіне алсын,  
Аяғын аңдамаған қия салсын!  
Жасымда қожа кесіп сүндеттеген,  
Қалғанын, жақтырмаса кесіп алсын!

## Фибрат өлең

### Бірінші сөз

Дүние малын тамам ғып,  
Қарын көзі тойған жоқ-ты,  
"Сонда пенде- ойлады (айлады) Мұса,-  
Құлағына алған жоқ-ты!"

Адамзаттың бәрін алып,  
Қара жер қойынға салып,  
Ағуз миуқаш дұға(дыһа) болып,  
Сұм қара жер тойған жоқ-ты!

Алла иадын айғанлар,  
Ханқат мешіт салғанлар,  
Құран кітап оқығанлар,  
Олар (алар) мұнда қалған жоқ-ты.

Ғанибет дүр білсең бұ дәм,  
Ажал келсе, қоймас бір дем.  
Парасат тілеп Бибі Мариям  
Ғазірейілден қалған жоқ-ты!

Күнәкарым болмай осы,  
Пәле жоқ-ты (иоқты) сақтаса (сақласа), Құда осы!  
Балық ішінде хазірет Иүніс,  
Қараңғылық көрген жоқ-ты!

Барша кісі бұл жаһаннан (жаһандан)  
Құтылмақ жоқ (иоқ) Ғазірейілден!  
Сират атлығы мінізілгеннен,  
Отыма (оғта) мұнша күлмек жоқ-ты!

Жалғыз қылың ұзақ жол-а (иола),  
Баға алмассың сахи ұсыла,

Неше ел жылап айтсаң нала,  
Зарың қабыл болған жоқ-ты!

Үстіме пәрмен қылды Жалил,  
Сахи саламат Хақты Халил,  
Құрбандық қылғанда Исмағұл (Исмаил),  
Пышақ бұғаз шалған жоқ-ты!

Дүние дүрі өтер әр дем,  
Көшсе керуен қонар бір д[ем],  
Жер қойнына басып қадам,  
Барған қайтып келген жоқ-ты!

Хуажа сид мүрит пірден,  
Барған қайтып келмес көрден!  
Ансары сол пайғамбардан  
Төрт пайғамбар өлген жоқ-ты!

Келсе бір күн Хақтан пәрмен,  
Жоқ дүр құтылмағыңа дәрмен.  
Мың жасаған хакім Лұқман  
Өлімге хайла қылған жоқ-ты!

### Екінші сөз

Әуел бастан туғызған Адам,  
Тумай адам, өліп болмас!  
Құдай бермеген дәулетті  
Қайратпенен (Файрат билан) алып болмас!

Сырыңды айтпа Нәмірідке,  
Ішің толар қайғы-дертке!  
Өзі болмаған жігітке  
Кісі жақсы (ихшы) қылып болмас!

Қарамаң[дар] Нәмірд жүзіне,  
Хақарт (қаһар) тисін өзіне,  
Бір шұғыл пасық сөзіне-  
Көрмейінше, нанып болмас!

Әркім сүйер қара көзді,  
Кім сүймейді ару жүзді.  
Өзін білмес далба (дилбе) қызды  
Малын беріп алып болмас!

Ай-дайын көңілің толмаса,  
Астыңа төсек салмаса,  
Фиррат әкрам қылмаса,  
Оны алмақ еп (айып) болмас!

Егер көңіліңе жетпесе (итмесе),  
Келгенде атың, тұтпаса,  
Келген мейманды (михманды) күтпесе,  
Шорыдан өткеріп болмас!

Жақсы болса, адам дейді,  
Жаман болса, хайуан дейді.  
Тіл алмаса, қабан дейді-  
Базарға айдатып болмас!

Ғазиз жаным болса тәнде,  
Бес уақыт намаз айласа күнде.  
Неше құп алса пенде,  
Ажал жетпей, өліп болмас!

Піріміз дүр шат мірден,  
Дін жолында берді-лер жан,  
Қышқырылса Хамит азан,  
Естігендер қалып болмас!

Хош жігіттен дәулет қашса,  
Қор боларсың ғақылың шақса,  
Бір мумин басқа іс түссе,  
Өзін білген күліп болмас!

Бір хош жігіт атсыз болса,  
Ұрыста жарақсыз (иарақсыз) болса,  
Өзі және үриятсыз (піриятсыз) болса,  
Онан (анден) артық қазап болмас!

Бір хош жігіт өлсе,  
Оның малы талан болса,  
Құдайдан үмітің болса,  
Бір пұлын алып болмас!

Әр пенде жығылар Құдаға,  
Құдайдан жаным садаға!  
Шақыр маған мығыркаға  
Кід Құдалар барып болмас!

Мағрип-дер- бұ не істе,  
Аспаннан төрт кітап түсті.  
Құданың құдіреті күшті,  
Ғапіл адам біліп болмас!

### Үшінші сөз

Адам ұғлы, бес ісіңді,  
Бір жайт білгіл.  
Ақыреттің жолы жақсы дүр,  
Ақыретін ғақыл адам һәм етер.

Ақымаққа дүние малы жақсы дүр,  
Хош жігітті жай тисе (өтсе) өзінен,  
Шауаш күні шаншар мірді көзінен!



Әркім табылмаса айтқан сөзінен  
Тоғыз ойнас тұтқан қатын жақсы дүр!

Досын дұшпан біліп,  
Сырын көзлеген.  
Қайыр сыйын тәрк етіп  
Бір сөз сөйлеген (сөзлеген),  
Құдайды ұмытып, жалған сөзлеген,  
Діні мүңкір келген іззет жақсы дүр!

Сөз мағынасы шығар бір жақсы жайдан,  
Бейхабарлар айырыла түсер Құдайдан.  
Қайырсыз, зекетсіз, ғұшыршыз байдан  
Елсіз, пұлсыз жүрген кедей жақсы дүр!

Ақымақтан хабар ал, ғақыл- айтқаннан,  
Сені қоймай шығар, үрлер отыннан .  
"Тірік мен!"- деп, күн шыққанша жатқаннан,  
Иман билан жатқан өлік (өлүк) жақсы дүр!

Хош жігіт үйінен мейман (мыһман) өткермес,  
Әр үш (ұрым) күні басыңа (басшыға) қиқу еткермес.  
Бір нәміртке барсаң, ісің біткермес!  
Қолын беріп шыққан азат жақсы дүр!

Жоқтан бізді, жесімімізді бар еткен,-  
Ғақылсыздар Хақтың ісін ғар еткен,  
Би ғамал салынған бұзық күпіріктен,  
Жаһаннам үстінде сират жақсы дүр!

Жол білмесең, жол сұрағыл білгеннен.  
Көңіл үзбе бір сөзіңде тұрғаннан!  
Иман бірле қырық жыл дәурен сүргеннен,  
Жақсы бірлан бір дем сұхбат жақсы дүр!

Көрдiм дүниеде жақсы иманы,  
Жалғаншыда(ны) болмас ант аманы.  
Бiр -ақ үйге барсаң, алмас мейманы,-  
Бiр шөлде салынған күмбез жақсы дүр!

### Төртiншi сөз

Қырғыз келiп, елiң "көш-көш!"- болса,  
Түйең басын ете-ете кетерсiң!  
Ажал келiп, бiр күн саған түс болса,  
Ақырет қамын ете-ете кетерсiң!

Хош жiгiтнi[ң] жақсы болса перзентi,  
Мейман атын тұтып, етер қызметтi.  
Өлгенше басында болса дәулетi,  
Дариядайын аға-аға кетерсiң!

Нақ сұм айтұр:

- Дүние-малын ал!-дейдi,  
-Әр жайыңды талаппенен сал!-дейдi.  
-Қайыр қылма, тастан қатты бол!- дейдi,  
Мумин көңiлiн жыға-жыға кетерсiң!

Не жананлар өттi өр заман билан,  
Хақ бұйрығын тұтты нұр иман билан,  
Кiмра пенде : "Дүние!"- десiп, жан билан,  
Та[п] өлгенше жыға-жыға кетерсiң!

Ер жiгiттiң абыройы кетер аш болса,  
Егiнi де, тоны жоқ, жалаңаш (иалаңғаш) болса,  
Жаман қатын жақсы ерге туыс болса,  
Бығырың отқа жаға-жаға (иаға) кетерсiң!

Тiлiң қысқа болар, малың болмаса,  
Абыройың ашылар, туың болмаса,

Дастарқанда берер наның болмаса,  
Мейман келсе, бұға-бұға кетерсің!

Әркімді үйінде жалы болса да,  
Мейман алмас- аш, наны болса да,  
Харондай хисапсыз малы болса да,  
Лағынет айтып, сөге-сөге кетерсің!

Дүниеде мың танап бағың болса да,  
Ат, жарақ, аспап жайың болса да,  
Парша-парша қызыл зәрің болса да,  
Қолың жуып, шыға-шыға кетерсің!

Қадір мәулан баз нәмірдке мал берер,  
Дүниені[ң] мехнатын басқа салар (салұр),  
Артында перзенті рақатын көрер (көрүр),  
Сен ғазабын шеге-шеге кетерсің!

Ел-ел сайын қарайды адамны[ң] көңілі,  
Нәпсі мықтым оңар қалмады пиғылы,  
Лағынет шайтанды итмұрыз инжірі,  
Кір діңіңе таға-таға кетерсің!

Адамзат жаман-ды: нәпсі үшін жортар,  
Қиямет күн өркім жазасын тартар!  
Хирайшы кем болып, шұғыллық артар,  
Жылаңдайын шаға-шаға кетерсің!

Тән-саулық, бірінші дүр, қадірін білмессің,  
Кәрілік (қарилық)- бір хастелік: шүкірін қылмассың,  
Жігітлік кібніх бір (кебінім) дүр, ада болмассың,  
Қолың кибниққа соға-соға кетерсің!

Он бесте көз гудей хасен раушаның,  
Най, най, жігітлігім қызыл кашним,

һай,һай,менің жиырма бөсім, отызым,  
Жолбарыстай соға-соға кетерсің!

Қырық жаста кет хызалыққа тұтылар атың,  
Елу (елік) жаста бұрынғыдай болмас қайратың,  
Алпыс жаста белден кетер қуатың  
Көзде[н] жасың төге-төге кетерсің!

Мағруф егер өлер жетпісте, білің,  
Денеден түсіп, көзден кетер раушаның!  
Сексенде не тірігің, не өлігің  
Түйедейін шөге-шөге кетерсің!

## Мұсылманның сипаты

Өтінейін, достарым,  
Хош тыңдаңыз- бисмилла!  
Мұсылман кім, кәпір кім,  
Айырушы(айрғұшы)- бисмилла!

Бұ дүниені жаратқан,  
Мағрып, Мышрық түзеткен.  
Қатре судан нақыш еткен  
Саных, сынхи- бисмилла!

Әуел Адам атамыз  
Киді халғыт тәжіні.  
Құдайым қойды жұмаққа,  
Айта кірді:  
-Бисмилла!

Нух нәби құмыны  
Ғарық айлады су билан.  
Кеме ішіне (ішре) кірерде,  
Айта кірді:  
-Бисмилла!

Сүлейменге мысынхыр  
Сені үшін, құрт-құстар,  
Бұлттарды қуады,  
Жүріткіші- Бисмилла!

Дария ішінде (ішре) ол балығы  
Жұтты Жүніс нәбиді (нәбині),  
Қырық күн тасбих ішінде  
Халас қылған-Бисмилла!

Жүсіп сыдық құл болды,  
Көңілі қайғыға толды.  
Көзде жас көл болды,  
Мілкіт берген-Бисмилла!

Екі жаһан мүлігі,  
Ол- Мұхаммед мұстафа,  
Лұх әл- мыхут ғылымында  
Бітіклік дүр- бисмилла!

Жұмақ ішінде төрт арық,  
Онан (аңден) ішің хош,  
Парығы ол әріптер басында  
Бітіклікте- Бисмилла!

Жеті тамұқ бағланғай, сегіз жұмақ,  
Түбі- ағаш, берігі де жазылмыш дүр- бисмилла.  
Құл Сүлеймен болсаң сен, мұминларды  
Сүйсең сен, жұмақ ішіне кірсең сен,  
Шапағатшы- Бисмилла!

## Дастаны

### Гүлшат-Шеризат

Жігітке құдай берген қиын емес,  
Болғаным менің ақын биыл емес.  
Бетіне ақ қағаздың салып шимай,  
Қиссасын "Гүлшат-Шеризат" қылдым кеңес.

Нәсілім -Сүйіндікпін, елім -Күлік,  
Жасымнан шыға қалдым өнер біліп.  
Кәріптің жұрт ішінде көңілі өссін деп,  
Сөйледім қыз Гүлшатты өлең қылып.

Сөзімді естіген жан ұғып алсын,  
Қапалы кәріптердің мейірі қансын.  
"Байғұстың бір сөйлеген сөзі ғой" — деп,  
Кейінгі бозбалаға мирас қалсын.

Жүйріктің сөз сөйлейтін келді кезі,  
Ойласам, дөп-дөңгелек дүние жүзі.  
Қыз Гүлшат Шеризатпен ғашық-машық,  
Бозбала, қалай тыңда қисса сөзді.

Ішімде бара жатыр өнер қайнап,  
Кетемін, сөз сөйлесем, оттай жайнап.  
Дүниеге кім келмеген, кім кетпеген,  
Қалайық осындайда күліп-ойнап.

Ертеде бір патша өткен, аты- Көркін,  
Өзіне берген құдай дүние- мүлкін.  
Билеген жеті жұртты асып күші,  
Тұрақтап кімге тұрар дүние, шіркін?!

Жалғанда ондай болған патша жоқ-ты,  
Жігіттер, әуес қылма бұзықтықты.

Болмаған мұңсыз пенде бұ жалғанда,  
Сол патша перзент үшін болған күпті [1].

Тұрады кімнен өтпей дүние жалған,  
Әртүрлі патша Көркін сарай салған.  
Келгенше ел ортаға бала көрмей,  
Қайғымен бала үшін қапаланған.

Көре алмай бір жас иіс әлі күнге [2],  
Жоқ болып еш мұқтажы мұнан өңге.  
Құдайдың берер ұлы былай тұрсын,  
Қыз түгіл зарық болды қызыл жүзге.

Қайғысы патшаның болды қатты,  
Үйінде қырық күн тұрмай, жылап жатты.  
"Құдайдан -маған перзент тілеңдер!" - деп,  
Жидырған пақыр, міскін жамағатты.

Құдайға көріп пенде қылады наз,  
Жалғанда кім бар дейсің қайғысы аз?!  
Тілегі қабыл болып, пақырлардың [3],  
Қатыны патшаның болды буаз.

Патшаға буаздығы болды мәлім,  
Аямас шаһи Көркін енді малын.  
"Бір камал- әр зауалға!" - деген мақал,  
Айтайын қалай болған енді халін.

Жас едім қариялардың сөзін ұққан,  
Аруағы жақсылардың маған жұққан.  
Қапалы, шат болған соң, көңілдері,  
Ат мініп, шаһи Көркін аңға шыққан.

Он түрлі сайман алған бір басына,  
Қырық жігіт жолдас алған өз қасына.

Далада құлан аулап келе жатып,  
Килікті қалың орман ағашына.

Жігіттер, естісеңіз, сөзім майда,  
Сөз есті қызықпенен осындайда.  
Ішіне қалың орман барып кірсе,  
Айбатты бір арыстан болды пайда.

Арыстан қарсы алдынан ақырады,  
Патша мұны көріп тоқырады.  
Ат үркіп, арыстаннан, жығып кетті,  
Құдайдың құдіретін қор, не қылады?!

Жығылып аттан патша жерге түсті,  
Қырық жігіт қашып кетті, зәресі ұшты.  
Патша аттан жығылып түскенінде,  
Арыстан жағаласып бірге түсті.

Арыстан патшаны басып қалды,  
Шошынып патша жаман сасып қалды.  
Ақ алмас қылышпенен шапқан екен,  
Арыстан өліп, патша жараланды [4].

Қиындық мұндай патша көрмеген-ді,  
Қылышын, қысылған соң, сермеген-ді.  
Ажалды [5] өліп қалды, қылыш тиіп,  
Ажалсыз патша мұндық өлмеген-ді.

Жиылып келді бұған нөкерлері,  
Құм болып, "Көрмедік!" - деп, жігерлері.  
Патшаны теңге салып алып қайтты,  
Ағаштан жасап теңді шеберлері.

Патшаны алып келді теңге салып,  
Жылайды мұны көріп, жұрты налып.



Болуы түбінде адам екі талай [6],  
Ажалдан тұрса-дағы бүгін қалып.

.....  
.....  
"Патшадан әділетті айрылдық!" - деп,  
Шуласып, зар жыласты барша халық.

Жиылып елі-жұрты бәрі келді,  
Патшаны жараланған көзі көрді.  
- Өсиет бір сөзім бар жарандарға!  
Деп патша жылап тұрып жауап берді.

Жылайды жұрты көріп мұндай халді,  
Салған соң басқа құдай қайғы-зарды.  
Патшаға аса жақын жүретұғын,  
Парахзат деген бір қу уәзір бар-ды.

Сөйлейді сөз болсын деп жамағатқа:  
-Болдық- деп - біз бармақшы ақыретке [7]!  
Мал-мүлкім, иесіз қалған көп жұртымды,  
Тапсырдым аманат қып Парахзатқа.

Парахзат, ал қолыңа мал-мүлкімді,  
Билеп тұр аздырмастан ел-жұртымды!  
Ренжітпей қалың елді тыныштық қыл,  
Таза қыл арамдықтан іш- құлқыңды [8]!

Аманат саған қойдым малы-жаным,  
Билерсің мен өлген соң мүкәммалым.  
Халқыма дәл өзімдей әділдік қыл,  
Ренжітпей жетім қалған кәріптерім (ғаріплерім)!

Ей, халқым, риза болшы, бәрің маған,  
Кешіңдер, жерім болса, ұнамаған.  
Аманат адамдықпен сақтар болсаң,  
Парахзат, бір сөзім бар айтар саған.

Ел-жұртым, құлағың сал, бұл сөзіме,  
Тоймайтын құм құйылды сұм көзіме.  
"Орынсыз аңға шығып келемін" -деп,  
Қапыда іс қылдым ғой мен өзіме.

Дүниеден жиренбес ем, құрыдым ба,  
Түсімді жамандыққа жорыдым ба?  
Парахзат, бұл өсиет сөзім тұтып,  
Өзімнің патша болсаң орыныма.

Басыма заман қайғы салып еді,  
Көңілімде ойлағаным анық еді.  
Ұл туса, патша сайла өз орныма,  
Қатыным екіқабат қалып еді.

Артымда буаз қалды ханым-дейді,  
- Көп еді-ау жиған-терген малым!- дейді.  
-Ұл туса, хан көтерсең өз орныма,  
Қабірде болар риза жаным [9]!-дейді.

-Халайық, ризамын енді сізге!  
Жіберді қандай ажал Құдай [10] бізге.  
Қыз туса, күтіп-сыйлап, теңіне қос,  
Айтатын сөзім осы бәріңізге.

Тамам жұрт шулап тұрды[11]: "Пәлі!" -десіп,  
"Ұл туса, хан сайлаймыз оны!" - десіп.  
"Дүниеден шаһи Көркін өтті -дейді,-  
Өлімнің шарапатты [12] суын ішіп".

Тағдыр жетіп, шаһи Көркін дүние салды,  
Парахзат патша болып орнын алды.  
Бұл дүние жеті басты жалмауыз ғой,  
Бай-жарлы жұтқан және уәзір, ханды.

Жаназалап патшасын халқы көмді,  
Парахзат қалған елді биледі енді.  
"Ит иесін, семірсе [13], қабар" - деген,  
Жігіттер, соған мысал бір сөз келді.

Парахзат патша болып орнын алған,  
Аздырған қызыл желдей дүние жалған.  
"Хан болмақ өлгенімше артық ғой!" - деп,  
Көңіліне көп уасуа [14] шайтан салған.

Ханымның айы жетіп, күні толды,  
Осыдан таба қалса ханым ұлды.  
Патшаның айтып кеткен өсиеті бар,  
Орнына [15] Парахзатты қоймас болды.

Бұзылды бұрынғыдан ел мінезі,  
Ханымның бала табар болды кезі.  
"Қалайша патшалықты аламын?!" - деп,  
Парахзат ойға кірді жалғыз өзі.

Ойлайды сонда тұрып бұл ақылды:  
"Ұл таппай, өлтіртейін бұл қатынды.  
Ханымды ебін тауып өлтіретін,  
Өзіме табайын деп бір жақынды!"

Не шебер, ойлап тұрсам, құдай шебер,  
Бір құдай салғанына пенде көнер.  
Бұрынғы шаһи Көркін қазынашайы,  
Бар екен Барыс атты жақсы нөкер.

Шақырған Парахзат қу Барыс ерді,  
"Кешікпей тез келсін" - деп хабар берді.  
Болған соң хан жарлығы [16] кешігер ме,  
Барыс ер сәлем берін, кіріп келді.

-Келдің бе, шақырған соң, Барыс жаным,  
Ақылға болған дана данышпаным.  
Азырақ саған айтар бір сөзім бар,  
Аянба менің үшін, келсе халің.

Тұз жедің менен Барыс, ақтайсың ба,  
Жоқ, болмаса, біреуді жақтайсың ба?!  
Айтамын бір аманат енді саған [17],  
Сыйғызып соны ішіңе сақтайсың ба?!

Жұмсаймын бір жұмысқа сені қыстап,  
Әдейі мен шақырып алдым қастап.  
Ханымды бала таппай, өлтірсеңіз,  
Екеуміз тұрамыз ғой көп жұртты ұстап.

Өлтір жылдам ханымды, бала таппай,  
Ұл туса, кетер деймін бізге жақпай.  
Неміз кетіп барады, Барыс жаным,  
Екеуміз өмір сүрсек алтын тақта-ай?!

Мінеки, ұқсаң бала, айтар сөзім,  
Күшті боп осы күнде тұрған кезім.  
Тұтпасаң жасырып айтқан бұйрығымды,  
Ойылар сонда бастан екі көзің.

Барыс ақыл ойлайды есін жиып:  
"Өлтірем- деп- ханымды не ғып қиып?!  
Аруақ пен тұз жібермес мұны өлтірсем!" -  
Барады бейшараның іші күйіп.

"Өлтірмесем, Парахзат кек көреді,  
Оныменен қоя ма, жек көреді.  
Жайға мені қоя ма бұл қалыппен,  
Не өлтіріп, не бейнет шектіреді!"

-Жарайды!- деп, уағданы қылып шықты,  
Қанды [18] жасқа көздері толып шықты.  
Олай-бұлай ойланып қараса да,  
Ең ақыры өлтірмек болып шықты.

Үйіне жылап Барыс тура барды,  
Шақырып бір он жігіт қасына алды:  
-Жігіттерім, бүгін бір жасырын іс қылыңдар,-  
Бәрінің де қолына ақша салды [19].

- Ақшаны, ей, құлдарым, алыңыз!- деп,  
-Олжаға үлкен батып қалыңыз!- деп.  
-Ханымды бала таппай, өлтірсеңіз,  
Кетіңіз азат болып бәріңіз!- деп.

Құлдардың қуанғаннан шығып есі,  
Бұзылып бір түрлі боп ажар-түсі.  
Сау етіп он қара құл кіріп барды,  
Ханымның отыр еді ауырып іші.

Қиналып отыр екен толғақ түтіп [20],  
Жалақтап кіріп барды, бұлар жетіп.  
Жүрегі жарылуға жақын жетті:  
Орнынан ұшып кетті сол ес кетіп.

Үзбейді ханым үміт бір құдайдан [21],  
Ынтығы: "Бір жұтсам-деп- сары майдан!"  
Ойлады: "Кереметтей бір іс қой!"-деп,  
"Білді — деп,- толғағымды бұлар қайдан?!"

-Ауырып отыр еді бүгін ішім,  
Аяқты бір басуға келмей күшім [22].  
Амалсыз құр қиналып отыр едім,  
Жанымда жұмсайтұғын жоқ боп кісім.

-Ерітіп қазан-қазан сары майды,  
Қылуға жарыс қазан, сойып тайды,  
Жүріңіз, жайлы орынды біз табайық,  
Толғақсыз табатұғын тыныш жайды.

Ұстады біреу- қолдан, біреу -белден,  
Біреуі орамалмен ұстап тілден.  
Төбеге "хан көтеріп" алып шықты,  
Көрсетпей тірі жанға, ұрлап елден.

Ақшаны құлдар алды: "Жарайды!"- деп,  
"Сіз жұмсаңыз, өлтіреміз талайды!"- деп.  
Сарайынан ханымды алып шықты:  
"Сарайда өлтірсек, біреу қарайды!"- деп.

Алып кетті далаға он құл ұрлап,  
Барыс жүгіріп келеді: "Тұра-тұр!"-лап,  
Айтқан сөзін Барыстың тыңдамады,  
"Мұны өлтірмей біздерге бар ма тұрмақ?!"-

Деп құлдар бір тоғайға алып барды,  
Қол-аяғын ханымның байлап салды.  
Басын кесіп, қылышпен бір-ақ тартып,  
Ағызып жүре берді қызыл қанды.

Солайша өліп қалды ханым бейбақ,  
Сұм дүниені болар ма көзі қимақ.  
"Қалайша өлтірді екен, көрейін!"- деп,  
Тоғайға келді Барыс жанын қинап.

Дәретін Барыс уәзір тамам алды,  
Қорыққаннан Парахзаттан обал алды.  
"Бейшара, сорлы ханым не болды?" - деп,  
Ханымға келіп Барыс көзін салды.

Сықылды қылышпенен бір-ақ тартқан,  
Басын кесіп, бауыздаудан қандар аққан.  
Бір жас бала ханымнан туа сала,  
Емшегіне өрмелеп бара жатқан.

Қызыл қанға боялып ханым жатыр,  
Өрмелейді емшөкке бала пақыр.  
Бұған рақым келмес пе, мұсылмандар,  
Болса да көңілі қатты, дінсіз кәпір.

Барыс барды ханымға жақындасып,  
Жас бала зар жылайды аузын ашып.  
Құдай несіп бермей, жан жаратқан ба,  
Емшектен сүт шығады судай тасып.

Құдіретіне шек келтірер қандай пасық,  
Парахзат өлтіртті ғой, пейілі азып.  
Қалтаға гауһар салды Барыс мұңлық,  
Баланың жай-күйін, бәрін жазып.

"Уақытында туып жатқан көрдім" - депті,  
"Қорыққаннан Парахзаттан жүрдім" - депті.  
"Кім де кім бұл баланы асырап күтсе,  
Он гауһар халал қылып бердім!" - депті.

Осылай тастап кетті жазып хатын,  
Бала туды, жарандар, өліп қатын.  
Иухиа уймүсит (уай үміт) қадим Алла [23],  
Құранда сабит қылған бұл аятын.

Барыс қайтып келеді үйге таман,  
Кімдерді жоқ қылмаған сұмырай заман?!  
Бір арыстан сол жерде пайда болып,  
Он жігітті өлтірген бәрін тамам.

Тамаша қылып Барыс мұны көрді,  
Арыстан да көріп тұр Барыс ерді.  
Бек қатты қорықты ғой Барыс сонда,  
Арыстан өз бетімен жүре берді.

Он жігіт өліп қалды құдай ұрып,  
Тамаша қылды Барыс мұны көріп.  
Бұлар енді бұлайша тұра тұрсын,  
Сөз есті Парахзаттан мойын бұрып.

Парахзат жеті жұртқа патша болды,  
Уайымсыз бұл жалғаннан көңілі толды.  
Өзінің патша болып тұрған күнде,  
Үйінде ұйықтап жатып бір түс көрді.

Түс көрді ұйықтап жатып сонда жаман,  
Саласың қандай күйге сұмырай заман?!  
Оянып сол төсектен түрегеліп,  
Жоруын сол түсінің біле алмаған.

Түс көрді төсегінде ұйықтап жатып[24],  
Оянып түрегелді, сол таң атып,  
Қорыққандығы түсінен сондай болды,  
Айта алмас көрген түсін аузы батып.

Шошынып, тұра сала, жиды халқын:  
- Не болар, бұл сөзімнің тыңда артын.  
- Бар ма екен түс жорушы шақыршы!- деп,  
Пақырға кәріп-қасер (ғаріп-ғасыр) беріпті алтын.



Парахзат ұйықтап жатып түс көріпті,  
Түсінде әрбір түрлі іс көріпті.  
Көрген түсі көңіліне қатты тиіп,  
Жоруын сол түсінің күш көріпті.

Оянып тұра сала жиды халқын:  
-Не болар, бұл түсімнің тыңда артын?!  
Шақырып Барыс ерді өз қасына,  
Сөйлейді түсте көрген сөздің салтын:

-Түсімде бір айдаһар келді бізге,  
Күйдірді шашып заһар жүзімізге.  
Айбатты өрт қаптаған күнбатыстан,  
Сол жерде өлім кірді көңілімізге.

Айдаһар бір ақырып ұмтылды ғой,  
Көзіне көрген жанның құм толды ғой.  
"Шаһар халқын, ойладым, жұта ма?!" - деп,  
Дүниеде көрген күнім сол болды ғой!

Ешбір жан оған қарсы бара алмады,  
Қолына қару-сайман ала алмады.  
Бір інжу-маржан көктен сонда түсіп,  
Алдына айдаһардың аяңдады.

Бір інжу түсті жерге аспан көктен,  
Айдаһар мұны көріп есі кеткен.  
Жоруы қалайша екен бұл түсімнің,  
Білмедім көрінгенін не себептен?

Жиылған сол арада үлкен-кіші,  
Толыпты көрі-жасқа үйдің іші.  
Ойлайды ақылы дана қариялар,  
"Патшаның не болды,- деп- көрген түсі?!"

Жориды сонда түсті қариялар,  
Жасы үлкен, ақылы асқан дариялар.  
-Түсінің жоруын мен айтамын,- деп,  
Барыс ер патшаға берді хабар.

-Көрінген айдаһар боп, ер екен сол,  
Ойланып саған қастық жүр екен сол.  
Қолыңнан тақытыңды тартып алар,  
Япырм-ау, кім екенін білмеймін сол!

Тұрмайды бір тиынға айтқан сөзің,  
Бет жуар қанды жаспен екі көзің.  
Дегенің: "Инжу-маржан көктен түскен",  
Бір сұлу ғақыл кәміл болар қызың.

Бір батыр шығар біздің кезімізде,  
Өнер жоқ жастан басқа көзімізде.  
Нақақтан кісі өлтіріп, қан арқалап,  
Әдейі алдық тілеп өзіміз де.

Сол қызды алады екен осы батыр,  
Құрылар басына оның алтын шатыр.  
Осы қыз өлтіртпеске себеп болып,  
Өлімнен құтқарады біздерді ақыр.

Бетіне ешбір адам келмейді пар,  
Қанша әскер жабылса да ,қылмайды кәр.  
Патшалықты басымыздан тартып алар,  
Кең дүние енді бізге болады тар.

Ұмтылса айдаһар боп біздің елге,  
Бір батыр келер деймін үшбу жерге.  
"Өлтірем!" -деп ұстайды әуел сізді,  
Қоймайды, тығылса да, көрден-көрге.

Мен білсем, түсіңіздің жоруы- осы,  
Кетпейді ақыр бастан дәулет құсы.  
Уай, патшам, арты жақсы, ешнәрсе етпес,  
Таппаса ханым бір қыз, сонан шошы.

Тамам жұрт мұны естіп тарап кетті,  
Көруіне жоруы жарап кетті.  
Үйінде Парахзат патша қала берді,  
Жамағат, байқап тұрсаң, енді кепті.

Ханымдардың біреуі буаз болды,  
Тақалып айы жетіп, күні толды.  
-Қыз туса, көп сүйінші беремін!- деп,  
Парахзат тілемейді перзент ұлды.

Туыпты Ай мысалды бір қыз бала,  
Қылған соң оны несіп Хақ тағала..  
Болмағы жақсы-жаман жұлдызынан,  
Қыз артық, жаман ұлдан, болса дана [25].

Тойғызды Құдай үшін [26] жиып елді,  
Бата қып: "Қағыс қыл- деп -көз бен тілді!".  
Беріпті жақсы қатын тәрбиеге:  
"Сақтасын- деп- тигізбей күн мен желді!"

Молдалар: "Гүлшат" — десіп атын қойды,  
Парахзат аямастан қылды тойды.  
Ұстаттан сабақ оқып, білімді боп,  
Желпініп, күтія, сылап таза бойды.

Бұлайша осы қызды тәрбие етті,  
Парахзаттың қайғысы ойдан кетті.  
Ақылды парасатпен іс білетін,  
Дегендей оннан -он бір жасқа жетті.

Хат жазып атасына айтады сөз:  
"Бұл жерде қапа болып тұрмайық біз.  
Бір сарай салдыр бізге айдаладан,  
Құлақтар естімеген, көрмеген көз".

Бір сарай сонда патша салдырады,  
Әр жерден ұста болса, алдырады.  
Кірпішінің бірі- алтын, бірі-күміс,  
Көргенді таң-тамаша қалдырады.

Гауһардан әр жеріне шеге қақты,  
Орнатты тамаша қып алтын тақты.  
Қырық кездей қорғаны[27] бар сап алтыннан,  
Қылады бейне жұмақ (ұжмақ) бұл шарбақты.

Әр жерден нақыш өрнек шеге ойыпты,  
Қараумен қайта-қайта көз тойыпты.  
Бір жұмақ дүниедегі болғаннан соң,  
"Жаннатіл-фердаус" - деп ат қойыпты.

Бұл қыздың заманында асқан шағы,  
Ешкімнің келтіре алмас тіл мен жағы.  
"Осы екен- деп айтады көрген адам,-  
Дегендей аты шулы Иранбағы!"

Тоқталып сөзім мұнда тұра тұрсын,  
Парахзат қуанышта бола тұрсын.  
Баланың не болғанын біз айталық,  
Жамағат енді бұған мойын бұрсын.

Сол жерде қатын өліп, қалды бала,  
Оны аяп, қылған рақым Хақ тағала.  
Бұлақтай қайнап жатыр емшек сүті,  
Өрмелеп емшекке ауыз салды бала.

Өлтіріп өңшең залым тастап кетті,  
Өлі жаннан тірі жан қорек етті.  
Еш нәрсе сүттен басқа қорек қылмай,  
Талпынып екі -үш жасқа бала жетті.

Далбаса әр нәрсеге көңіл ұрып [28],  
Жүгініп малдас құрып, жатып-тұрып.  
Бір күні бір арыстан душарласты,  
Соңынан бұл қалмайды оны көріп.

Арыстан аң-таң болып тұра қалды,  
Жас бала іркілместен жетіп барды.  
Құдайым рақым көңіл бұрғаннан соң,  
Аяп кетіп баланы ертіп алды.

Орнына жататұғын ертіп барды,  
Алдына : "Жейді ғой!" -деп, шикі ет салды.  
Шайнап бала аузынан тастаған соң,  
Білген соң жемегенін, қайтып алды.

Аңдардың төресі екен бұл арыстан,  
Өзі тақуа, ақылға һәм данышпан.  
Шақырған соң алдына келді бөрі,  
Аю, барыс, бөрі мен түлкі, тышқан.

-Бұл басқа түсті- дейді- бір қиын іс,  
Бір бала тауып алдым, асырауы күш.  
Аяп, жетім болған соң, ертіп келдім,  
Ебін тапсаң, айтарлық, осы, жұмыс.

Тышқан айтты:  
-Көтектің масқарасы,  
Жоқ болған соң қиын ғой ата-анасы.  
Құлан, бұлан сүтімен асырау керек,  
Адамның сүт емеді жас баласы.

Ішкізді алып келіп құлан сүтін,  
Бұл баланы асыраудың білді бетін.  
Ым мен ишараға әбден түсіп,  
Қолынан жейді бала берген етін.

Соңынан арыстанның ерген екен,  
Құдайдың не жазғанын [29] көрген екен.  
Құланның еті менен сүтін ішіп,  
Екі жыл арыстанда жүрген екен.

Бұл дүние қала берген тамам жаннан,  
Бай, жарлы, төре, қара, патша, ханнан.  
Бұлайша арыстанмен бала тұрсын,  
Келеді енді бір сөз керуеннен.

Ойлайды: "Енді мұны қосайын да,  
Адамзатқа қосып өзім, босайын да.  
Жақтырмаса, өзіме келер қайтып,,  
Бір жерден мұның алдын тосайын да!"

Алыстан бір жолаушы керуен көрді,  
Соңынан қалмай бала біраз жүрді [30].  
"Анаған бар"- дегендей, ишарат қып,  
Өз бетімен кетуге мойын бұрды.

Екі жыл арыстанмен сейіл етті,  
Кез болып бұл араға керуен жетті.  
"Жас бала адамзатқа қосылсын!"-деп,  
Арыстан өз бетімен жүрші кетті.

Саудаға қанша керуен жол салады-ау,  
Баланы көріп түзде таң қалады-ау !  
Баласы жоқ болған соң: "Асыраймын!"-деп,  
Баланы керуенбасы қолға алады-ау!

Жияды жұрттың бәрін керуенбасы,  
Теп-тегіс жиналыпты көрі-жасы.  
Кеңесіп ойланады жамиғаттар,  
"Баланың кім болды- деп -ата-анасы?"

Баланы Қожасағит тауып алған,  
Асыраған арыстанды көріп қалған.  
Балаға "Шеризат" -деп ат қойыпты:  
"Әйтеуір алдық қой- деп арыстаннан!"

"Шеризат" — деп, баланың атын қойды,  
Бұл іскө Қожасағит көңлі тойды.  
Молдаға жас баланы оқыттырып,  
Білгізді Шеризатқа ақыл-ойды.

Бес жасында оқиды әліп-биді,  
Жетім қалған байғұсты тәңірім сүйді.  
Жеті жаста бұл бала болды ғалым,  
Балаға Қожасағит көңілі тойды.

Жетіпті Шеризат бала он жасына,  
Жетіліп оқып жүрген молдасына.  
Әр түрлі өнерлерден өрнек алып,  
Алланың батыпты үлкен олжасына.

Он жасында оқуға болды жетік,  
Бағдат шаһарын жүреді сейіл етіп.  
Ойынға батырлығы не істемейді,  
Жарандар, қандай жігіт мұнан өтіп?!

Он төрттен он бес жасқа Шеризат жетті,  
Көп керуенмен саудаға көшіп кетті.  
Жол жүріп, сапар шегіп көп керуен,  
Тұсынан Шынмашынның керуен өтті.

Көп керуен Шынмашында тұра қалды,  
Кеңесті: "Қонайық!"- деп, құра қалды.  
Патшадан біраз күнге орын сұрап,  
Және де сауда қағаз сұрап алды.

Патшадан сонда сұрап елші келген,  
Ажалы жетіп тұрған бұл сұр мерген.  
"Керуендер жұртына айта кетсін!"- деп,  
Жай берді, шарбақ алды, құрық жерден.

Ішінде көп керуеннің Шеризат бар-ды,  
О-дағы қосын тігіп, жатып алды.  
"Шарбағын Фердаустың көрейік!"- деп,  
Он жігіт жолдасы бар даярланды.

Мойнына салды мылтық аң атарға,  
Он жігіт алтынды ер бір қатарда.  
"Аң аулап келеміз"- деп, шықты түзге,  
Әр жерден несіп болса, дәм татарға.

Он жігіт жолдасы бар Шеризат ердің,  
Қозғалтар жүрсе бойын қара жердің.  
Фердаус шарбағына душар келіп,  
Құп жақсы тамаша етті көрген жерден.

Ойлайды: "Бұл Фердаус кім шарбағы,  
Бұл шығар ұста соққан Иранбағы?  
Ішін көріп, тамаша қылар ма?!"-деп,  
Бұларға түседі енді қайғы дағы.

Үрікпей- қорықпай жүріпті оңашада,  
Шарбақты көріп бәрі тамашада.  
Сонда Гүлшат шығыпты сахараға,  
Жіберу тілдестірмей ұнаса ма?!



Гүлшат сынды қара көз,  
Қалам қасты, нұрлы жүз.  
Ақ бетіне пар келмес  
Сарт тоқыған аппақ бөз.  
Ұзын бойлы, қыпша бел,  
Түзу, таза бір мін жоқ,  
Шыны айнаның көзіндей.  
Түзу ағаш құрған тез.  
Тысқа шықты бұралып,  
Тал жібектей оралып [31].  
Айдай балқып нұрланып,  
Жұрт көзінен ұрланып.  
Әбжылаңдай толғанып,  
Ақ орамал қолға алып.  
Бар сәулетін құрынып,  
Жын соққандай ұрынып.  
Құс болып көкке ұшқандай,  
Аяғымен басарға,  
Қара жерді ерініп.  
Кер маралдай керіліп,  
Оймақтай аузы бүріліп,  
Алтайы қызыл түлкідей,  
Тоқсан түрлі құбылып,  
Тысқа шықты көрініп.  
Тартқан сымдай бармағы,  
Сап күмістей тырнағы.  
Сарыжадай керіліп [32],

---

Сұлулығы санамдай,  
Хатшылар қиған қаламдай.  
Ондай жан жоқ ғаламда-ай!  
Жұмақтың хор қызындай.  
Жылқының шаңқан бозындай,  
Айдын шалқар көлдегі,  
Иілген аққу-қазындай.

Етек, бір жеңі түріліп,  
Қараған жан үңіліп,  
Шыбын жаннан түңіліп,  
Көреміз деп ентелеп,  
Мойнынан шайтан жетелеп,  
Бір-біріне соқтығып,  
Сасқанынан сүрініп.  
Шықты бір Гүлшат далаға,  
Сахара майдан араға.  
Қырық нөкерлі хандайын,  
Ортасында бір өзі  
Аққу құстай бөлініп.  
“Не түсед- деп- көзіме?!”  
“Ынтық бір болсын халық!- деп,  
Басып бір кеткен ізіме!”  
Үйден бір шығып жөнелді,  
Көргеннің көзі кенелді.  
Табысатын жер болса,  
Еркін туған ер болса,  
Қиын емес, оңай-ақ.  
Өзінен өзі беріліп,  
Асықпай-ақ бәсеммен,  
Тәңір берген екі аяқ,  
Бір басарға ерініп.

Көп қызбен Гүлшат шықты айдалаға-ау,  
Қарасып жан-жағына көз салады-ау.  
Алыстан Гүлшат сұлу көзі түсіп,  
Шеризатты көріп сонда таң қалады-ау!

Шеризат қыз Гүлшатқа салды көзін,  
Көріп қалды сол уақта айдай жүзін.  
-Армансыз болар еді- деп айтыпты,-  
Кімде-кім көріп жүрсе, оның жүзін [33]!

Көзіне қыз Гүлшаттың Шеризат түсті,  
Ғашықтық оты жанып, күйдірді ішті.  
"Сол жігіт көзге түскен келер ме?!" - деп,  
Қайғысы Гүлшат жанның болды күшті.

Қыз Гүлшат енді ойлайды ғашықтықты,  
Қызығы көріп жүрген ойдан шықты.  
"Армансыз соны құшсам болар ем!" - деп,  
Көңіліне басқа дүние алмас тіпті.

Адамға ғашық деген жақын екен,  
Аллаға жасырын іс аян екен.  
Бағбан шал- қыз Гүлшаттың күзетшісі,  
Қасында сол уақытта даяр екен.

-Ей, бағбан, алтын-күміс берейін!- деп,  
-Өзіңді жақсы сыйлап жүрейін!- деп.  
-Жігітті анау жүрген шақырып кел,  
Кім екен, оны көзден көрейін!- деп.

Бағбан бір ақсақал адам екен,  
Күзетіп Фердаусты қылған мекен.  
Не қылса да, бағбанмен ақылдасар,  
Іс қылмас Гүлшат сұлу мұнан бөтен.

- Ей, Гүлшат, атаң білсе, болар қиын,  
Не етесің, шақырғанмен жайы-күйін?  
Шақырып көңілің үшін келтірейін,  
Шырағым, сенен алмай жалғыз тиын.

Жіберді:

- Жылдам келсін біздерге!- деп,  
-Неткен жан шығып жүрген түздерге?!- деп.  
-Білгейсің жөнін сұрап елі-жұртын,  
Сөз айтып, жөн сөйлесіп оларға!"-деп.

Бағбан байғұс барады маң-маң басып,  
Шеризат сәлем берді жақындасып.  
Сәлемін жастың берген құп алды да,  
Отырды бір-бірінен жөн сұрасып.

-Далаға шығып жүрсіз не себепке,  
Көрген соң, сұрамасақ, біздерге еп пе?  
Ханының, қай шаһардың, баласысыз?  
Әдейі келіп едім жөн білмекке.

Махбұздың қандай атты сіз құлысыз,  
Қандай бағы Иранның бұлбұлысыз.  
Асылыңыз төре ме, ханзада ма,  
Бұлбұлдың алып жейтін қай гүлісіз?!

Жігітсің тым-ақ тәуір өзің жаным,  
Келесің қай шаһардан, балаларым?  
Барасың және қайда сапар шегіп,  
Біздерге баян қылшы хал-ахуалың [34]?!

-Мен өзім ер емеспін елден асқан,  
Жақсыға жан емеспін жақындасқан.  
Хан да емен, төре де емен, сейіт те емен,  
Керуенмін, еш мінім жоқ мұнан басқам!

Сұрасаң, шаһарымыз еді Бағдат,  
Жасымда халқым қойған атым-Шеризат.  
Иесі жер мен көктің бір құдай ғой,  
Сөйте де, кімдікі еді мынау шарбақ?

Бұған жөнін сөйлейді бағбан тұрып:  
-Сұрасаң есті жігіт мойның бұрып,  
Бұл шарбақтың иесі- Гүлшат сұлу,  
Сахараға шығып жүрген сейіл құрып.

-Ажал деген қаршыға, адам жем дұр,  
Пейлі тар, сараң байдың аты кім дұр?  
Қандай жанның перзенті -Гүлшатыңыз,  
Шаһары патшасының аты кім дұр?

Бұл дәурен бастан өткен қайтып келмес,  
Жаманды үйде жатқан адам білмес.  
Ей, ата, жасырмастан шын айтыңыз,  
Шарбақтан бір жан көрдім өзім теңдес.

-Парахзат - бұл шаһардың патшасы,  
Шарбақтың гауһар, болат босағасы.  
Қорғаны көз тұрмайтын [35] сап алтыннан,  
Ғаламнан асып тұрған тамашасы.

Біледі Парахзатты дүние жүзі [36],  
Ақылмен жеті жұртты биледі өзі.  
Бір басын миллион ұлға бағалайтын,  
Сұрасаң, осы Гүлшат- жалғыз қызы.

Бұл шарбақ Гүлшаттікі, ешкім де емес,  
Жайын жүр, құрбысы жоқ, келмей теңдес.  
Алпыс екі айдалы, ол бір- тұлкі,  
Ей, балам, сұранғанмен, күшің келмес.

Бағында Фердаустың ол -бұлбұл құс,  
Құр көңіл далбасалық бір көрген түс.  
Бұлбұлы Фердаустың теңдесі жоқ,  
Мен білсем, дәл өзіңдей жігітке өш.

Мен айтсам әңгімемді, көңілің қош,  
Көрінгенге айтпағын әңгіме бос.  
Мысалы, теңіздегі ол бір- гауһар,  
Ал тауып ақыл-қайрат, қуат пен күш.

-Сөзіңді, атам, айтшы ойлап қана,  
Асықпай-ақ ақырын жайлап қана.  
Басқа қару-айланың керегі не,  
Бір айқассам болмай ма оңдап қана?!

Бес күндік дүниеде өмір ерте-кеш пе,  
Шымашынның түлкісі кісіге өш пе?  
Көзіме бір көрсетсең сол түлкіні,  
Алмақ түгіл, жеп қойсын, ара түспе!

Атқан аңым шарбаққа кетті кіріп,  
Кіре алмадым соңынан мен бірге еріп.  
Керек деген олжаңды алшы менен,  
Қансыратқан аңымды ұстап беріп.

-Кедей емен, өлмелі таңсық малға,  
Жағымдымын, күзетші өзім ханға.  
Жығылмай сенің оғыңнан кеткен болса,  
Өліп жатса ұстатпас мендей шалға.

Сарайдың айналасы- алтын-күміс,  
Зүбәржат терезесі гауһар тегіс.  
Кетсеңіз қонақ болып құп болады,  
Болмаса бір асығыс үйде жұмыс.

Бұл сөзге Шеризат бала мойын бұрған,  
Гүлшатқа ғашық болып көңілі тынған.  
Бағбанмен бірге жүріп келе жатыр,  
Ақсұңқар құтылар ма жайған тордан?!

Келіпті Шеризат бала көрген жерге,  
Қасында он жігіті о да бірге.  
Қыз Гүлшат түрегеліп құрмет етті,  
Шығарды кілем жайып, бәрін төрге.

Бұларға Гүлшат қойып махаббатты,  
Алдына ас келтірді балдан тәтті.  
Жемістер дастарқанда неше түрлі,  
Жеп қараса, бірінен бірі тәтті.

Ас жесіп қайтпақ болды енді бұлар,  
Пендеге, не қылса да, құдай қылар.  
-Бүгін мейман біздерге болып кет!- деп,  
Шеризатты Гүлшат сұлу алып қалар.

Шеризат қалды, өзгесі бәрі кетіп,  
Құп сыйлады қыз Гүлшат құрмет етіп.  
Дүниенің шын рақатын көрген екен,  
Мұратқа екі байғұс сонда жетіп.

Екеуі ойнап-күліп қызық көрді,  
Аралап шарбақтарды бірге жүрді.  
Жатқаны күні-түні -жылы қойын,  
Біраз күн Шеризат бала сонда тұрды.

Жәрдем бер, Қадір Жаббар, тіл-жағыма,  
Бір нұқсан болмағай-ды ер бағына!  
Бір жігіт шырқ айналып жүреді екен,  
Гүлшаттың күзетші боп шарбағына.

Гүлшатқа о да сырттан ғашық екен,  
Ғашықтық ол уақытта машық екен.  
Күзетшілік ойламай дәрежесін,  
Отты көрсе, балқыған, жасық екен.

Шеризатты бірге жүрген көзі көріп,  
Күншілдік сол көңіліне кеткен кіріп.  
Жаманның қайда болса әдеті ғой,  
Патшаға білдіріпті хабар беріп.

-Ей, тақсыр, Гүлшатқа ерген қырық бір нөкер,  
Мен айтсам, көңіліңізге қатты келер.  
Қызыңыз бір жігітпен қосылып жүр,  
Нанбасаң, көріп келсін кісі жібер!

Парахзат есітіпті қыздың жайын:  
"Басты- деп- қандай сұмдық көңіл майын?!"  
Шақырды Алмас, Қоймас- екі алыпты,  
Болғанда бірі айдаһар, бірі- жайын.

Келіпті Алмас, Қоймас жарлық алып,  
Айдаһардай ақырып, қаһарланып.  
-Қасыңа жүз әскерді ертіп алып,  
Шарбақтан жігітті ұста жылдам барып!

Жазасын келгеннен соң мен берейін,  
Кім екен, сол жігітті бір көрейін.  
Біздерге біреу келді хабар беріп,  
Оны мен ақыретке жіберейін!

Келеді Алмас, Қоймас күліп- ойнап,  
Айбатты арыстандай көзі жайнап.  
Алдына қақпасының келіп тұрып,  
Шақырды: "Кім бар мұнда?!"- деп айқайлап.

Бұларды көрейін деп бір қыз шықты,  
Екеуін көргеннен соң, төмен бұқты [37].  
Ол жерге қорыққаннан кіре жаздап,  
Бір ауыз сөз, дәнеме айтпас тіпті.

-Шығыпсыз көп қызбенен сендер түзге,  
Бір жігіт жолықты гой, Гүлшат сізге.  
Патша: " Алып кел ! — деп, жарлық етті,  
Жігітті жылдам жібер енді бізге!



Гүлшатқа бір қыз келді жылдам басып:  
-Кіргелі Алмас тұр- деп -есік ашып!  
Атаңыз жіберіпті алып кел!- деп,-  
Қыз Гүлшат мұны естіп қалды сасып.

Гүлшат тұрып жігітке кеп айтады,  
Ақылын өзі білген көп айттады.  
-Сіз мұнда жасырынып отырыңыз,  
Атама өзім барам!- деп айтады.

-Бір аян атам сонда қылса сізге,  
Сіз сонда жоқ боласың- деймін- бізге!  
Жалынып барып, атама жолығайын,  
Осы сөз мақұл болса көңіліңізге?!

-Бұл сөзді не деп айттың, япырым-ай,  
Ала алмас Алмас, Қоймас батырың-ай!  
Анадан бір туған соң, өлмек бар-ды,  
Мен қылмаймын қорқыныш, жарқыным-ай!

Қасыма келе алмайды менің олар,  
Қандай жан мені жеңіп байлап алар?!  
Қуанышым- көзім нұры, қайғы жеме,  
Өзімнен артық емес бозбалалар!

Елімнен шығып келдім өз бетіммен,  
Халқыма жағушы едім қызметіммен.  
Келсе де жүз мың әскер жұмыс емес,  
Жатамын жасырынып не бетіммен?!

Даярлап Шеризат бала қалқан алды,  
Басына дулыға мен сауыт салды.  
Қыз Гүлшат алтын кесемен сусын берді,  
Шеризат ішіп соны, мейірі қанды.

Жақсыға жаман адам таласар ма,  
Жамандар, жақсы болсаң, жанаса ма?  
Шеризат айтты сонда қыз Гүлшатқа:  
-Қарап тұр, енді қызық-тамашаға!

Көп қызбен Шеризат шықты түзге таман,  
Қолына қару-сайман алды тамам.  
Тұр екен қақпа алдында Алмас батыр,  
Қоймас та тыста тұрып айқай салған.

Алмас тұр өткір қылыш қайрап алып,  
Қаруын теп-тегіс қып сайлап алып.  
- Не ғып жатыр сол жігіт ұлықсынып,  
Қол-аяғын кетем- деп- байлап алып [38]!

Алмас батыр Шеризатқа барды жетіп,  
Қолында қылыштары жарқ-жұрқ етіп.  
Қаһарланып Алмасты Шеризат шапты,  
Өзі түгіл, атынан кетті өтіп.

Сыйынып Шеризат тұр бір құдайға,  
Адамзат тәубені іздер көңіл жайда.  
Жығылып екі бөлек Алмас түсті,  
Көл болып ақты қаны терең сайға [39].

Қалыпты Алмас өліп сол арада,  
Тамаша қылды қыздар дүр дараға.  
Алмасты екі бөліп тастаған соң,  
Шығады әлемденіп айдалаға.

Ашуланып сол жерде Қоймас келді,  
Күші жетсе, шоқпармен ұрмас па енді?!  
-Мың жаныңнан бір жаныңды мен қоймаймын,  
Иманыңды айта бер, жігіт, енді!

-Жамандарға өлімді еп көргенмін,  
Төс майын жамандардың жеп көргенмін.  
Не былшылдап келесің, қара қарғам,  
Сендей есер немені көп көргенмін!

Ақырып Қоймас батыр ұмтылады:  
-Қолымнан қандай жан- деп- құтылады?!  
Килігіп Шеризатпен жолыққан соң,  
Болмады екпіні әуелгідей, тоқырады.

Әуелі қылышпенен Қоймас шапты,  
Басына Шеризат бала қалқан жапты.  
Қалқаннан өтіп қылыш басқа тиді,  
Сонда да құдай сақтап аман қапты.

Ер Шеризат ашуланып бұ да шапты,  
Жан қамын Қоймас батыр қылып бақты.  
Қоймастың тау денесі қақ бөлініп,  
Тұп-тура жаһаннамды жаны тапты.

Шеризат қырды әскердің енді бәрін,  
Жүз жігіттің басына токті зәрін.  
Қойға кірген аш бөрі сықылданып,  
Жоқ қылыпты сол жерде баршаларын.

Өрттейін қауға түскен жандырады,  
Қалың қарды басына жаудырады.  
-Патшаға хабарымды айта бар!- деп,  
Жүз кісіден екі адам қалдырады.

Қырылып жүз жігіттің бөрі жатты,  
Таң қалды көріп қыздар Шеризатты.  
Батырдың көңілі ашылып басылсын деп,  
Жыр-жырлап сонда қыздар ғазал айтты.

### *Қыздардың ғазалы:*

Ашылған гүл солар ма,  
Басына бұлбұл қонар ма,  
Құдай берген дәулетке,  
Келіп тұрған нәубетке,  
Пенденің көңілі толар ма?!  
Шын бұ дүние ғаламда,-  
Жаңа шыққан заманда,  
Ей, Шеризат, дүр жігіт,  
Сіздей бағылан жаралып,  
Енді анадан туар ма?!

Жеті ықылым патшасы,  
Төре, қара баршасы.  
Қарсы алдыңа келгенде,  
Келбетіңді көргенде,  
Сіздей шаһи ғаламға,  
Осы тұрған заманда  
Қуанышты болмай тұрар ма?!

Сізге мойын сұнбаған,  
Иіліп тұрып сынбаған.  
Не бұйырған пәрменін,  
Көңілдегі дәрменін,  
Қабыл тұтып алмаған,  
Мұсылман, сірә, болар ма?!

Дүниедегі сарайлар,  
Алтын, күміс көп жайлар,  
Бағы Ирандай болса да,  
Басына бұлбұл қонса да,  
Фердаус бағы болар ма?!  
Заманның түрлі шағында,  
Шарбағы гауһар тоғайда,  
Гүлшат сынды сұлу қыз,

Сахараға шығып ешбір жан,  
Мұндай сейіл құрар ма?!

Ау, қыздар, "сайқал" оқыңдар...  
Ғаламда қисса "Кәрбала" [40]  
Көңілге жаттап тоқыңдар.  
Әңгіме, жырлар көп қисса,  
Гүлшат сөзіндей жарлаған.  
Жазылған қағаз жүзінде,  
Бажайына келтіріп,  
Мен сөйлеген кезімде.  
Жүз жыл қисса оқысаң,  
Мұндай қайғың ашылып,  
Тасыған көңіл басылып,  
Көңілге шаттық толар ма?!  
Мейірің қанып сүйсініп,  
Бойың балқып исініп,  
Қапалы мейірің қандырып,  
Жүрегінді жандырып,  
Қызығы мұндай болар ма?!

*[Шеризат қырған] жүзден қалған екеудің сөзі:*

Мана бір екі жаман қалып еді-ау,  
Өтірік ә дегенде, талып еді-ау [41]!  
Күн батқанша бір шұңқырда бұғып жатып,  
Түн болған соң артына қарай-қарай барып еді-ау!

-Жарлығыңызбен сіздің бардық - дейді,  
-Алмас пен Қоймасты басшыға алдық- дейді.  
-Қауға түскен бір өрттей даулап жанып,  
Қырылып бәріміз де қалдық!- дейді.

- Көрмеген батыр екен бұл ғаламда,  
Қой болдық ұшыран қалған топалаңға.

Болса да жүз мың әскер жұғын емес,  
Бүгінгі болар емес жүрген жанға.

Екі кісі әскерден үйге барды,  
Патшаға жеткізіпті бұл хабарды.  
Өлгенін батырлардың естіген соң,  
Парахзат тұрып сонда қайғыланды.

Сонда патша Барыспенен ақылдасқан:  
-Қайдан шыққан бұл батыр күші асқан?  
Нақақ жұртты жылатып, қырдырмайық!-  
Деп, патша ашуын өзі басқан.

Батырым- Алмас, Қоймас- олар қайда,  
Бұл жігіт қайдан мұнда болды пайда?!  
Не болса да жан емес жайға жүрген,  
Келген адам емес қой [42] тіпті жайға.

Барыс, барып біліп кел, оның жөнін,  
Жайы-күйін сұрап біл және де өзін.  
Анықтап сен сұрай гөр білгеніңше,  
Шаһары, халқын, патшасын, шыққан жерін.

Бұл Шеризат көп әскерді қырған екен,  
Гүлшатпенен кеңесті құрған екен.  
"Жалғыз болсам, көп дұшпан келе ме?"- деп,  
Жиып алып көп жолдас тұрған екен.

Керуеннің, Қожасағит, ақсақалы,  
"Ата"- деп Шеризат жүрген сол күнде оны.  
-Не болса да жиылып алайық!-деп,  
Жиылды Шынмашынның көп керуені [43].

Жиылып көп керуен тұрды дейді,  
Аз дәурен Гүлшат сұлу құрды дейді.

Патшадан елші болып Барыс келіп,  
Шеризаттың шатырына кірді дейді.

Бұларға сәлем берді көрген жерден,  
-Кімсің?- деп Қожасағит сұрай берген.  
-Жақсыға дәл уақытта жолдас болып,  
Қайырылған кәріптерге Барыс ер-мен!

Сонда ақсақал кісесін қолға алады-ау,  
Сол кісенің ішінен дорба алады-ау!  
Бір хатты дорба ішінен алып сонда:  
-Таптым- деп – жатқанынан айдалада-ау!

Қағазды алып Барыс оқып көрді,  
Оқи сала орнынан ұшып тұрды.  
-Айналайын, қарағым, сенбісің?!- деп,  
Шеризаттың мойнынан құшып тұрды.

-Уақытында туып жатқан көріп едім,  
Қорыққаннан Парахзаттан жүріп едім.  
Артыма бір қарауға мұршам келмей,  
Сонымен өз жөніммен кетіп едім.

Кезінде көріп едім туып жатқан,  
Тамағын бір тоятын нанға сатқан.  
Алсаң -бас, алмасаң- бас, алдияр бас,  
Тірі боп отырмын ғой мен ант атқан!

Ажалға басшы болған бір тілім нан,  
Күнінде екіқабат өліп қалған.  
Парахзат пейілі азып өлтіртті ғой!  
Дегенде жыламаған қалмапты жан.

Шеризат о да орнынан ұшып тұрды,  
Тәңірі осындай жеткізер талапты ерді.

Қайғының арты шаттық болады екен,  
Екеуі есендесіп отырды енді.

Амандасып Барыс ер айырылады,  
Хабарласып патшаға қайырылады.  
Барыс келіп білдірді жігіт жайын,  
Парахзат естіген соң қайғырады.

Парахзат келмек болды Шеризат ерге,  
Өлтіртті неге анасын буаз күнде?!  
-Бір қате болды бізден, кешіңіз!- деп,  
Хан басын құлдық деумен қойды жерге.

-Алыңыз менен түгел мал-мүлкіңді  
Аманат атаң қойған ел-жұртыңды.  
Мейлің сат, мейлің айда, енді өзің біл,  
Үйдегі қатын-қалаш, қыз-қырқынды [44]!

-Бер тегіс атам қойған аманатты,  
Гауһар тәж, көп жұрты мен алтын тақты!  
Аманат қойып кеткен анам қайда,  
Парахзат, бұл сөзіме бер жауапты!

Тірі боп отырмысың, ей, ант жеткен,  
Шешемді өлтірттің сен не себептен?!  
Жазықсыз сорлы анамның кестің басын,  
Мен үшін анам байғұс сапар шеккен!

Парахзат төмен қарап үндемейді,  
Қайырып Шеризат сөзін сөйлемейді.  
-Зынданға жап мұны!- деп бұйырады,  
Арызын, не қылса да, жөн демейді.

Зынданға Парахзатты сонда жапты,  
Биледі Шеризат патша алтын тақты.



Кешегі патша болған Парахзатың,  
Зынданда қорлықпенен жатып қапты.

Көрісті жұрт жиылып хандарына,  
Алдына қылып қызмет жалбарына.  
Атасын өлтірерін білгеннен соң,  
Гүлшаттың қайғы түсті жандарына.

Бір күн олай, бұл дүние бір күн былай,  
Парахзат зындандағы жатсын солай.  
-Атамды өлтірме!- деп, Шеризат ерге,  
Қыз Гүлшат келеді екен қолқа сұрай.

Айтады Гүлшат жанға Шеризат батыр:  
-Сен ойла, қайда кетті анам пақыр?!  
Десем де өлтірмейін, шыдата ма,  
Күйігі сол анамның іште жатыр.

-Жарайды, ашуыңды бермегенің,  
Көп шығар бұл дүниеде көрмегенің.  
Құдайдың шүкірлік қыл бергеніне,  
Қалса да [45] анаң өліп, өлмегенің!

Парахзат өз пейілінен өзі тапты,  
Жек көрсін жақсы неге ынтымақты?!  
Тоқтатқан қыз Гүлшаттың айласымен,  
Ол күні өлтіруден аман қапты.

Шеризат екінші күн ашуланған:  
-Мұны мен өлтірем!- деп қатуланған.  
Ашуын қайтармаққа Гүлшат сұлу  
Әңгіме, қисса сөйлеп, көңілін алған.

Тоғыз күн хайламенен тоқтатыпты,  
Болғанда оныншы күн таң атыпты.

Жанына Шеризат ердің сол уақытта,  
Қайғысы анасының бек батыпты.

Гүлшат пен Шеризат сейіл құрды,  
Екеуі Фердауста бірге жүрді.  
Өлгені анасының еске түсіп,  
Жатады Шеризат құшып қара жерді.

Жылап Шеризат айтады:

-Ей, Гүлшатжан,  
Сен-дағы қапа болдың бұл қайғыдан.  
Анамды не себептен өлтіртті бұл,  
Қандай жаза боларлық қылсам бұған?!

-Шарифат үкімі бірлан жоқ па обалы,  
Берейін не ғып қиып мен сізге оны?!  
-Құп тұтсаң, құлақ салып, Шеризат жаным,  
Сізге бір мен айтайын хикаяны.

*Гүлшаттың Шеризатты жұбату үшін айтқан хикаясы:*

Әуел бастан туған соң,  
Бір өлмек бар-ды.  
Дүниеге келіп жан болған соң,  
Хақ ісіне көнбек бар-ды.

Ай мен Күнді көрген соң,  
Дүниеге келіп жүрген соң,  
"Құдай -бір, пайғамбар -хақ!" -  
Мұсылманға білмек бар-ды!

Дүниеден демі біткен соң,  
Аз дәурені өткен соң,  
Дәм таусылып гезінен,  
Алла тағдыр еткен соң,  
Дәм таусылып дүниеден

Ажал оғы жеткен соң,  
Пендеге бір өлмек бар-ды.

Өлім берді пенделерге,  
Кім кірмейді қазған көрге?!  
Қанша жаңды жұтса-дағы,  
Тойымдық жоқ қара жерге.

Басқа қылыш тисе-дағы,  
Жанар отқа күйсе-дағы,  
Уайым емес жігіт ерге!  
Жамандыққа жақсылық ет,  
Не болса да, құдайдан күт!  
Жақсылардың сөзін ұқпай,  
Ақылсыздай болма нәмәрт.

Сырыңды айтпа ғауретке,  
Ішің толар қайғы-дертке!  
Жолдасыңды тастамағыл,  
Даулап жанған қалың өртке.  
Батыр жігіт ұрыс болса,  
Қалқан тұтып шығар шепке.  
"Жамандыққа жақсылық" - деп,  
Бұрынғы айтқан өсиет пе?!

Жақсы сөзін тұтпасаң,  
Ашуыңды жұтпасаң,  
Бәрін Хақтан күтпесең,  
Шеризат сынды жанымыз,  
Ақылға диқан ханымыз,  
Біле білсең, бұл қылығың,  
Өзіңе де қасиет пе?!

Бір жасыңда, Шеризат,  
Анаңнан тудың аңырап.



Сені барып көрісіп,  
Ауыр жүгін тоқтатып,  
Жүгіре басып, жүрісіп:  
"Қайдан жүрген бала?" - деп,  
"Құдірет шебер, қара!" - деп,  
"Ата-анасы мұның жоқ,  
Не ғып жүрген және?" - деп.  
Шақырып алып өзіңді,  
Көріп айдай жүзіңді.  
Адамзаттан шыққан! - деп,  
Қара нәркес көзіңді.  
Қожасағит ақсақал:  
-Маған байла, халқым,-деп,  
-Жол болатын салтым,- деп.  
Бұл арадан өткенде,  
Елне алып барған соң,  
Медресеге салған соң,  
Оқу оқып ұстаттан,  
Қылыш ұстап болаттан,  
Жеті жасқа жетпей-ақ,  
Оздың шығып санаттан.  
Кәмшат бөркің басыңда,  
Барлық қыздар қасыңда.  
Жүргеніңде жағалап,  
Сенің қадір- пұлыңды,  
Мың алтынға бағалап,  
Көзін саған салған соң,  
"Пұл болмаса шарым!" - деп,  
"Кетер де менің зарым!" - деп [47],  
Оннан шықтың он бірге,  
Саудамен келдің бұл жерге.  
Артық жүзің көрерге,  
Шыбын да жаным аз болды-ау,  
Құрбандық саған берерге!

Менің саған тигенім,  
Жүзіңнен сенің сүйгенім.  
Атама хабар беріпті,  
Сіз бен бізді көріпті,  
"Қосылды" -деп дұшпандар,  
Он екі, он үш жасыңда,  
Он жолдасың қасыңда.  
Сені менің көргенім,  
Бірігіп сонда жүргенім.  
Фердаустың шарбағы,  
Бұлағының басында,  
Он төрт пенен он алты,  
Душар болдым бір іске,  
Атам айтып жарлықты,  
Көрсетем деп тарлықты,  
Сізді өлтіріп қаһармен,  
Саламын деп сол маған,  
Қайғыда қиын зарлықты.

Алмас пенен Қоймасты,  
Жаныңдағы жүз батыр,  
Оларға қосып жолдасты,  
Сізге таман жіберіп,  
"Алып кел!" - деп айтқаны.  
Алмас, Қоймас келген соң,  
Жүз жігітті көрген соң,  
Жаныма менің батқаны!  
Арыстандай айбатпен,  
Рүстемдей сипатпен,  
Майдан жерге сіз барып,  
Кесіп басын, қан алып,  
Кеудесінен жан алып,  
Бәрін бірдей қырған соң,  
Алмас, Қоймас, жүз жігіт,  
Жазасын бәрі тартқанда,

Жамандық та -құдайдан,  
Жақсылық та -құдайдан!  
Жамандық қылған адамның,  
Қарап тұрсаң, кәнеки,  
Қылғаны өзіне жаққаны?!

Кездің бүтін ғаламды,  
Жақсы менен жаманды.  
Табаныңда қор еттің,  
Жамандық қылған адамды.  
Жақсылық құдай бергенде,  
Дұшпаныңды жеңгенде,  
Кәне, мүйізін шыққаны?!

Осы күнде төресің,  
Өз еркіңмен жүресің.  
Біреуге қылған жақсылықтың  
Күн-түн аумай пайдасын,  
Асықпасаң көресің!  
Сойып жеген жоқ шығар,  
Анаңыздың денесін.  
Хақтан келген жарлықты  
Оны кімнен көресің?!

Қатесіз пенде болар ма?  
Бір қалыпта адамзат,  
Біле-білсең, тұрар ма?!  
Қысылғанды сүйер болсаң,  
Тәңірім сізді демесін!  
Бір ашуыңды бермесең,  
Менің қадірімді білмесең,  
Ашуыңды сөндіріп,  
Нәпсіңді жолға көндіріп,  
Маған бермей кеткенде,  
Жан жодасым, шырағым,  
Енді кімге бересің?!

*[-Деп тамам еткен екен, енді басқадай түрмен айтады]:*

-Қабыл қыл, жан шырағым, бұл сөзімді,  
Сарғайтпа, қайғылы қып гүл жүзімді.  
Көңілің ашылғандай қисса сөйлеп,  
Құп жақсы, шат қылайын мен өзінді.

-Қыз Гүлшат, айтқаныңа мен көнейін,  
Әңгіме айтсаң, жақсы, құп көрейін.  
Көңілім ашылғандай қисса болса,  
Атаңды босаттырып жіберейін.

Сайрайды сонда Гүлшат бұлбұл үнді,  
Жігітке сол уақытта Шеризат сынды.  
Сандуғаш саман дүрдің дауысындай,  
Қандай қыз сөйлер дейсің Гүлшат сынды.

-Патша Рұм жерінде хан бар екен,  
Әскері неше миллион сан бар екен.  
Бар екен сұлу қызы ай мен күндей,  
Тілі жақұт (иақұт), тістері маржан екен...

Сүмбіл шаш, қалам қасты, мамық қабақ,  
Ғұнша ерін, пісте мұрын, гауһар тамақ [48].  
Дүниеде ондай сұлу қыз туған жоқ,  
Айтайын нұр сипатын, есітіп бақ.

Дидары Зылихадан кеткен асып,  
Болмаған оның нұры бізге несіп.  
Жамалы бағы (фағы) буыршындай, Күләндамдай,  
Көрген ах, дариға, болар ғашық!

Бек көркем сұлулығы Санамдай бар,  
Садырған алтын- күміс көп сарайлар.



Жаһанда ондай абзал қыз болмаған,  
Аты екен сол сұлудың Маһиманзал.

Болмаған ондай абзал бұ жалғанда,  
Солар да бұл жалғаннан өтті арманда.  
Жарандар шын ғашықтан диуана боп,  
Көрген жан "Пәлі!" – десіп, қалар таңға.

Сол қызына салдырған алтын сарай,  
Жайылған оның өзі жұртқа талай.  
Ішінде алтын үйдің алпыс қызбен,  
Оңаша тұрады екен Манзал бала-ай!

Көп қыздар болады екен оған жолдас,  
Ондай боп ешбір адам дәурен құрмас.  
Қыздары қасындағы бәрі сұлу,  
Сипатын қанша айтсам да, тамам болмас.

Ай жүзді, сүмбіл шашты, тілі- ғылуа,  
Көздері ойнақтайды беріп жылуа.  
Ғұнша ерін, алма мойын, лұлу иек,  
Жүреді бұл сипатпен Манзал сонда [49].

Бір күні Маһиманзал тысқа шықты,  
Үстінде алтын сарай сауық етті.  
Он төртінен туған айдай Манзал түрін,  
Көрді де, Ақтарғаяр есі кетті...

Көрген жан талады екен Манзал түрін,  
Көрмеген Ақтарғаяр мұнан бұрын.  
"Буынсыз жерге пышақ" - бар ма қойған,  
Ішіне қайғыменен толды құрым [50].

Қасында жолдасы жоқ байғұс Ақтар,  
Манзалға ғашықлығын ішке сақтар.

Жүргенін ғашық болып кім ойлайды,  
Айналып бау-шарбақты Ақтар жақтар.

Аз ғана Ақтарғаяр сабыр етті,  
Пайдасыз салды бұған құдай дертті.  
Атағы Маһиманзал жұртқа шықты,  
Жарандар, естісеңіз мынау кепті.

Сол кезде бір патша тағы да өткен,  
Тәбілез шаһарына үкім еткен.  
Бар екен сол патшаның жалғыз ұлы,  
Хабарын Маһинманзал о да есіткен.

Ұлының Маһрасар қойған атын,  
Сол кезде он бес жасқа жетті жақын.  
Ғашық боп Маһиманзалға түзеді бет,  
Әскермен енді іздеуге салтанатын.

Екі жүз нар түйеге жүк артады,  
Қазына алтын-күміс көп артады.  
Бір жұртты тойғызғандай дәулет алып,  
Шаһарына Маһиманзал жол тартады.

Қосшысы- екі жүз ер, басшысы- бір,  
Мінгені бәрінің де- алтынды ер.  
Жүз қазан ақшасы бар [51] бөлек басқа,  
Нанбасаң салтанатын, көзіңмен көр!

Рұмға ауыр әскер келіп қонған,  
Патшаға хал-ахуалын мағлұм қылған.  
Сөйлесіп Маһрасар басшысымен,  
Сұлуды Маһиманзал бермек болған.

Патшасы той қылады қазына ашып,  
Қуанды Маһрасар көңілі тасып.

Әйнектен өз күйеуін [52] Манзал көріп,  
Ішінен құп ұнатып, болды ғашық.

Екеуі ынтық болды көргенінше,  
Сөйлесіп бір-бірімен жүргенінше.  
Жалғыз-ақ күн жақсымен жүрген артық,  
Жаманмен жүз жыл өмір сүргеніңше.

Той қылды шартараптың бәрін жиып,  
Қосылды бір-бірінің көңілін сүйіп.  
Қосылмақ ғашық жарға болғаннан соң,  
Түрленді Маһиманзал киім киіп [53].

Патшасы той қылады-ау жұртын жиып,  
Екеуін қоспақ болды тәңірім сүйіп.  
Жатқанын ұзатқалы анық біліп,  
Келеді Ақтарғаяр іші күйіп.

Қыз жатыр сарайында айдай балқып,  
Қараңғы үйді жарық қып нұры шалқып.  
Ну қамыстан жол тапқан жолбарыстай,  
Кіріп келді сарайға Ақтар аңдып.

Ақтарғаяр күзетшінің басын кесті,  
Салады осы жолда барлық күшті.  
Қыз мұрнына талдырып дәрі иіскетіп [54],  
Жапан түзге көтеріп алып ұшты.

Киімнің үстіндегі бәрін шешкен,  
Дәрі иіскетіп, айырды ақыл-естен.  
Үш күн, үш түн жол жүріп алып барып,  
Сахара жапан түзге барып түскен.

Үш күн, үш түн жол жүріп Ақтар барды,  
Кеш болып, түн ортасы болып қалды [55].

Құдайдың құдіретімен есін жиып,  
Сол уақытта Маһиманзал демін алды.

Жапанда қала берді қайран бала-ай,  
Болар ма енді орын алтын сарай?!  
Оянған соң ғашығы есіне алып,  
Тыңдаңыз, Маһиманзал болды қалай?

Шақырды қызметкерін көзін ашып:  
-Біреуің келіндер- деп- жылдам басып!  
Далада жатқандығын анық біліп,  
Сол жерде Манзал байғұс қалды сасып.

Ойлайды: "Бұл жатқаным қандай жер?"- деп,  
"Құдай-ау, шын тілекті өзің бер!" -деп.  
Қараса, бір кісі тұр анадайда,  
Шақырды өз кісім деп:  
-Бері кел! -деп.

Шақырған соң қасына келеді Ақтар,  
Сүйемін деп Манзалға жақын жақтар.  
Манзал шошып қарады: "Мынау кім?"- деп,  
Әр жерде пенделерін құдай сақтар.

Болғанын бір пәленің Манзал білді,  
Көңіліне бейшараның айла кірді.  
Күліп сөйлеп Ақтарды еліктірді,  
Тыңдаңыз, сөйлегенін, не дейді енді:

-Қадірлі Ақтар едің биге лайық,  
Ақ орда, алтын жабдық үйге лайық.  
Ынтық боп бұрын сізге жүруші едім,  
Өзіме деп білемін сізді лайық.

Жаманнан қашушы едім бойым тартып,  
Мен сізді көруші едім сондай артық.

Сол көктен тілегенім, жерден болды-ау,  
Қуанышымды бітіре алман тілмен айтып.

Жан едім жамандардан безген дейді,  
-Құдайым жолықтырды түзден- дейді.  
-Жалғыз мен қайда барып күн көрермін,  
Құдайым айырмасын сізден!- дейді.

Алдағанға нанады Ақтарғаяр,  
Хайламен алдай білді Маһиманзал.  
"Мен сізге ғашық едім" - дегеннен соң,  
Ішер ас, киер киім қылды даяр.

Әрбір сөзден айтады әңгіме кеп,  
Барады күннен -күнге Манзал жүдеп.  
Сонда Ғаяр ойланып бұған айтты:  
-Халлап деген шаһарға барайық!- деп.

Манзал айтты:

-Жарайды, жүрейік!-деп,  
Құдайдың не салғанын көрейік,- деп.  
Әйелдігім білмесін ешкім менің,  
Форымына еркек адам кірейік!- деп [56].

Қызды арқалап Ғаярың жаяу салды,  
Жаяулап күні-түні көп жерді алды.  
Неше күн дем алмастан тынбай жүріп,  
Бір үйіне Халлаптың кіріп барды.

Еркегі жоқ осы үйде бір кемпір бар,  
Тынығын ұйықтап қалды байғұс Ақтар.  
Қарны ашып жүдеген соң ол кемпірге,  
Жылап сөзін айтады Маһиманзал:

-Қалжырап, шаршап келдім, шешекежан,  
Шыққалы бес күн болды, татпадым дәм.

Қарным ашып барады, көңілім бейжай,  
Бар болса, құдай үшін бір тілім нан!

-Базарға ерім кетті: "Ұн алам"- деп,  
"Бір жерге жұмыс қылып қиналам"- деп.  
Тағам жоқ қарыз жерге,- деп айтады,-  
-Тоқтай тұр сабыр қылып, ай, балам!- деп.

Маһиманзал қарны ашқанын біледі Ғаяр,  
Өзіне- өзі ойланып қайран қалар.  
Сөйлесіп Манзал менен Ақтарғаяр:  
-Бір қосты екеумізді, пәруардігер.

Келейін бір аралап базарына,  
Сататын тамақ болса азалында.  
Халлаптың барса Ақтар базарына,  
Кез болды бір құдайдың қаһарына.

Ақтар да жетіп барды алдарына,  
Қосылып базар толған жандарына.  
Патшасы шаһар кезін жүргенінде,  
Бір адам қастық қылған жандарына.

Кетіпті патшасын бауыздасып,  
Қалыпты күзетшілер дауыстасып.  
Базарда жүргенінде Ақтарғаяр,  
Алады: "Сен кімсің?" — деп, мұны ұстасып [57].

-Пәлені бұл шаһарға келтірдің!- деп,  
-Патшаны өділетті өлтірдің!- деп.  
-Сенен басқа жат жұрттан еш адам жоқ,-  
Сұрайды: "Қайдан келдің, елің кім?"-деп.

Бір адам жиһан кезген бұған келді,  
Айналдырып Ақтарды қарап көрді.

Талай жерде ол мұны көрген екен:  
-Қарақшы, мынау Ақтарғаяр!-дейді.

Зынданға жасауылдар мұны салды,  
Пәлеге құтылмастай енді қалды.  
Қыз түгіл, шыбын жаннан үміт үзіп,  
Басына салды құдай қайғы-зарды.

Қандай жан бұл жалғанда зарланбаған,  
Адам жоқ риза болған, жалған, саған!  
Дүниеден арманда боп патша да өткен,  
Артында орнын басар ұл қалмаған.

Патша билген екен өлетінін,  
Алланың аманатын беретінін.  
Өзінен туып қалған перзенті жоқ,  
Халқына айтып кеткен өсиетін:

-Жиылсаң бай-жарлы мен кәрі-жасың,  
Аллаға қойып тұрсаң шын ықыласың.  
Атыма алтын шылбыр тағып жібер,  
Бос жүріп ішіңізді араласын.

Майданға алып барып бос қой басын,  
Қалмаңыз сол майданнан кәрі-жасың.  
Етегін кімде-кімнің ат ұстаса,  
Арнаңыз патшалыққа соның басын.

Аруағым риза болар халқым сізге,  
Өсиет айтқаным сол бәріңізге!-  
Патшаның осылайша жарлығымен,  
Жиылып ертең халқы шықты түзге.

Жиылып кең далаға жарлы-байы,  
Шаһардың елге толды өзек-сайы.

Кешегі Ақтарғаяр келмеген соң,  
Естіңіз қалай болды Манзал жайы.

Ақтар келмей, қарыны ашқан екен,  
Адамзаттың арқауы астан екен.  
Таң атып Ақтарғаяр келмеген соң,  
Майданға Манзал аяқ басқан екен.

Жиылған көп ішіне бара қалды-ау,  
Тамаша бұл жиылысқа көзін салды-ау.  
Сүйреткен алтын шылбыр арғымақ ат,  
Искелеп Манзал қызды тұра қалды-ау!

Байғұсқа тағы берді құдай несіп,  
"Шөп шығар біткен жерге- деген" -десіп.  
Көтеріп алтын таққа патша қойды:  
-Тапсырған патшамыздың сөзі!- десіп.

Үстінде патша болды алтын тақтың,  
Саны жоқ құдай берген мал мен бақтың.  
Жаратқан құдай артық Манзал бала,  
Ұстады патшалығын шартараптың.

Мехнаттың табылды енді бір рақаты,  
Патшалық бұған тиді қаражаты.  
Зынданда тұтқындарды азат етіп,  
Жайылды жалғыз күнде ғадалаты.

Патшалық дәрежеге (даражаға) қыз болып шат,  
Зынданда тұтқындарды қылған азат.  
Кешегі зындандағы түскен Ақтар,  
О дағы шығып кетті көппен қабат.

Зынданнан Ақтарғаяр шыға келді,  
Босатты Маһиманзал тұтқын елді.



"Манзалға тамақ алып барайын!" - деп,  
Асығып Ақтар жүгіріп келеді енді.

Фаяр келсе, Манзал жоқ баяғы үйде,  
Байғұсты салдың құдай қандай күйге?!  
"Бір жерден тамақ ішіп жүрген бе?" - деп,  
Жүгірген Ақтарғаяр үйден- үйге.

Еш жерде Маһиманзал көрінбеген,  
Жүруге Ақтарғаяр ерінбеген [58].  
Шаһарден шығып кетті жапан түзге,  
Бұл елде қыз хабары білінбеген.

Жігіттер, енді бізден есті кепті,  
Патшаның сауық пенен тойы бітті.  
Жоқтығын Манзал қыздың естіген соң,  
Қайғырып Маһрасардың есі кетті.

Маһиманзал жоқ болған соң, жұрты сасар,  
Қапасын Маһрасар әрең басар.  
Қайғысы гашық жардың жанға батып,  
Диуана болып кетті Маһрасар [59].

Жидырды патша балгер-бақсыларын,  
Бай, жарлы, жауырыншы жақсыларын.  
Ішінде бір жас бала балдама ашып,  
Берілті қайда кеткен қыз хабарын:

-Әкеткен Ақтарғаяр қызды -дейді,  
-Сіздерге баяндасам сөзді- дейді.  
-Осылай балдамаға көрінген бұл,  
Айтты деп айыптама бізді- дейді.

Есітіп Маһрасар қапаланған,  
Бір Фаяр алып кеткенге назаланған.

Жүз жігіт батырларын қасына алып,  
Іздеуге ғашық жарын даярланған.

Аттанған Маһрасар іші күйіп,  
Жолдасын қалдырмастан алды жиып.  
Көп кісі жол үстінде келе жатса,  
Алдынан қашты дейді жалғыз киік.

Бұл жерде Маһрасар ырым еткен,  
Тәжірибе бұл ырымды бұрын еткен.  
"Жетер деп мақсатына -бұрынғы айтқан,-  
Далада марал-киік қуып жеткен".

-Аяңда, жолдастарым, сіздер бөлек,  
Киікті жалғыз өзім құсам керек.  
Маһиманзал мұны тұтсам қолға түсер,  
Құдайым берер болса, бізге тілек.

Киікті Маһрасар құды жалғыз,  
Болмаған бұл жалғанда пенде армансыз.  
Жігіттің ойлағаны болмай қалмас,  
Хабарсыз еш нәрседен жүрген жанбыз.

Киіктің ұстап алып басын кесті,  
Көрсеткен Жаббар Құдай мұндай істі [60].  
Бір адам отыр екен бейшара боп,  
Қасына Маһрасар келіп түсті.

Отырған айдалада бір бейшара,  
Болса да сырты дұрыс, іші -қара.  
Қасына түсе қалып, атын байлап,  
Жегізді киік етін оған және (жана).

Дәруішті тойғызады етке сыйлап,  
Маһрасар аңқау байғұс қалды ұйықтап.

Маһрасар ұйықтап жатқанында,  
Дәруіш байғұс кетіпті ат-тонын ап.

Отырған бейшара боп Ғаяр екен,  
Көңілінде Маһрасар аян екен.  
Дәрісі талдыратын иіскеткенде,  
Залымның қалтасында даяр екен.

Сонда Ғаяр қалтасына салды қолын,  
Иіскетті дәрісінен кәпір залым.  
Ағашқа жалаңаштап таңып тастап,  
Атын мініп кетіпті, киіп тонын.

Өлтіруге ішінде аяғаны,  
Жалаңаштап өлімге таяғаны.  
"Байлағаным ұнайтын жұмыс қой!" - деп,  
Көңіліне бұл Ғаярдың жарағаны.

Жамағат, енді әңгіме есітіңіз,  
Жол жүріп Ақтарғаяр жарық күндіз.  
Сайланып мырза болып келе жатып,  
Маһрасар жолдастарына жолықты кез.

Сол жерде жолдастары бұған келген,  
"Маһрасар емес-ау!" - деп танып білген.  
Ұстап алып байғұсты қатты қинап:  
Қайда- деп,- Маһрасар?!- сұрай берген.

Таяқтап Ақтарыңды бұлар ұрды,  
Қайнатты Хақ тағала қалың сорды?!  
Тұщы етке, ащы таяқ өткеннен соң,  
Жасырмай байғұс Ақтар айтады енді:

-Ағалар, мұнша сабап не еттім?!- дейді,  
-Өз басыма мен өзім жеттім!- дейді.

-Не қылсаңыз ықтияр, шыным мынау,  
Ағашқа тірі байлап кеттім!- дейді.

Ақтарды алып жүрді басшы қылып,  
Маһрасар оянған көрсе келіп.  
Атын мініш, киімін қайта киіп,  
Жөнелді іздеп қызды ойнап-күліп.

Байлаулы Ақтарғаяр бірге жүрді,  
Қинамас ұрып-соғып мұндай ерді.  
Аң аулап Манзал түзге шыққан екен,  
Бұларды келе жатқан көзі көрді.

Көрген соң артқан нарын шөгереді,  
Дүниеде алғыс алған көгереді.  
Қасында көп нөкердің тәуір бірін,  
Қыз Манзал:  
- Біліп кел!- деп жібереді.

Келеді бір нөкері Маһрасарға,  
Айырылмай ақылынан, жан шығар ма?!  
-Далада не ғып жүрген жансыздар?-дейді,  
-Барасыз және қайда, қай шаһарға?

-Шаһардан Рұм атты шыққан жанбыз,  
Жоғалттық бір кісіні [61] жапа-жалғыз.  
Жоқшымыз, асығыспыз іздеп жүрген,  
Патшадан, ерікті болсаң, хабар алғыз!

Жоғалтып, болдық сонан хабар білмес,  
Бар еді-ау жалғыз досым жанға теңдес!  
Диуана қайғысынан болып жүрмін,  
Адамзат ажал жетпей, қайтсе де өлмес!

Есітіп нөкер барды бұл хабарды,  
Маһиманзал ғашық жардан хабар алды.

Алдынан күзетшілер аттандырып,  
Қыз Манзал жолығарға даярланды.

Мініпті Маһиманзал алтын таққа,  
Құдайдың, кім таласар, берген баққа?!  
Орнынан ұшып тұрған құрмет етіп,  
Есіктен Маһрасар кірген шақта.

Отырды Маһрасар амандасып,  
Жоғары төрге шықты қадам басып.  
Маһиманзал таныған соң ғашық жарын,  
Отырды өзін-өзі әрең басып.

Сөйлейді Маһиманзал кәрішлерге:  
-Келдіңіз не жұмыспен осы жерге?  
Қандай жұрттың адамы сіздер?- деймін,  
-Келгенде, білдіріңіз сол біздерге.

Сөйлейді Маһрасар сонда сөзді,  
-Құдайым әуре қылған,- дейді- бізді!  
-Айрылып жаннан тәтті бір досымнан,  
Бір хабар біле ме- деп тұрмын- сізді?!

Жапанда іздеп соны жалғыз жүрдім,  
Сонда да залым Ақтардан жапа көрдім.  
Досым үшін мен қинап шыбын жанды,  
Сұрағалы хабарын сізге келдім.

Бұйырды Манзал патша бір адамға,  
-Ақтарды алып кел — деп- жылдам мұнда!  
Ақтарды алып келді тоқтатпастан:  
-Әкелдік-деп-Ақтарды!-айтты сонда.

Сөйлейді сонда сырын Ақтар бастан,  
Жасырып білген сырын тастамастан:

-Келгеннен соң айырылдым бұл шаһарға,  
Құр бекер алдым қарғыс екі жастан.

Сөйлеген сонда Ақтар бастан-аяқ,  
Жылайды естіген жұрт Манзалды аяп.  
Маһрасар мұны естіп қапаланған,  
Өлімге шыбын жанын жақын таяп.

-Ойлап ем қандай жаннан кем едім?!- деп,  
-Ақтарға ойланбадым тең едім?!- деп.  
Мінгізді Маһрасарды алтын таққа:  
-Қыз Манзал кәріп болған мен едім!- деп.

Есітіп патшазада есін танған,  
Халайық бәрі бұған қайран қалған.  
Манзалдың қыз екенін сонда біліп,  
Шаһар халқы мұны көріп, аң-таң қалған.

Ағызды Маһиманзал көздің жасын,  
Көтеріп Маһрасардың жерден басын.  
Жыласып, қуанғаннан, көріседі,  
Құдайым сүйген жардан кем қылмасын!

Ғаярың аң-таң қалар:

- Бұ не кеп?!- деп,

-Жалғанда маған енді тірлік жоқ!- деп.

Айтқаны бұрынғының бар емес пе:

"Әуелі жапа көрмей, опа жоқ",- деп.

Қосылды ұшбу жерде екі ғашық,  
Жолығып Маһиманзал мауқын басып.  
Маһрасар қуанғаннан ғашық жарға,  
Жүздері айдай болып, нұры тасып.

Маһрасар патша болды таққа мініп,  
Қосылған ғашық жарға жолы болып.

Үстінде алтын тақтың ойнап-күліп,  
Отырды сол заманда көңілі тынып.

Көңілінен қайғы кетіп, шаттық кірді,  
Бұлардың шын тілегін құдай берді.  
Күнәсін гапу қылып тұтқындардың,  
Жіберді босаттырып Ақтар ерді.

Қосылған ғашық жарға арманы жоқ,  
Артық құдай еш басқа жазғаны жоқ.  
"Жақсыда -кек, жаманда тек жоқ"- деген,  
Сөзінің бұрынғы айтқан жалғаны жоқ.

Сондай боп дүниеден өтті солар,  
Адамзат, дәулет болса, көңілі толар.  
Екеуін екі жерден ойран қылған,  
Қастығы бір пенденің сондай болар.

Сөйледім ишаратпен мұны сізге,  
Бұл қисса мақұл болса көңіліңізге.  
Қылса да қандай қастық Ақтаргаяр,  
Босатты іркілместен жалғыз сөзге.

Жақсыны жаманменен көргеннен соң,  
Келмек жоқ саған қайтып өлгеннен соң.  
"Жамандыққа- жақсылық"- деген қайда,  
Бір құдай ақырында бергеннен соң.

Бұл дүние опасыз ғой бәрімізге,  
Жас түгіл, алдау салар кәрімізге.  
Рақатын бір құдайдың аяйсыз ба,  
Алла несіп берген соң өзіңізге.

Күнәсін сол әкемнің кешіп жібер,  
Жазасын жазалының құдай берер.

Шешеңнен өліп жатқан несіп берген,  
Таппас деп, ойлайсың ба, тәңірім шебер?!

Әңгіме- осы қисса сізге жетер,  
Бұл дүние бір керуен бізден де өтер.  
Кескенің пышақпенен өз бармағың,  
Басқаның, байқап тұрсаң, несі кетер?!

Артық бақ құдай берген салтанатың,  
Жайылды заманыңда Шеризат атың.  
Өзіңді -өзің жойып тастаған соң,  
Басқаға қайдан тиер шарапатың?!

Мынау сөз жүйесіне түсті дейді,  
Байқап тұрсаң, кім де-кім (кемде-кем) есті дейді.  
Көңіліне қыз Гүлшаттың сөзі ұйып,  
Күнәсін Парахзаттың кешті дейді.

Күнәсін кешіп, еткен жақсылықты,  
Істеген кешіпті өткен қаталықты.  
Мал-мүлкін азат қылып, оны сыйлап,  
Шеризат Парахзатты сондай күтті.

Адамның ақылы аз надандары,  
Түспейді ишаратқа жамандары.  
Мұратқа екеуі де солай жеткен,  
Осылай болып өткен замандары.

Фибрат бозбалаға айтқан сөзім,  
Жұмылса, тіл тоқтайды, бір күн көзім.  
Қатесін білмесгіктің кешіргеннің,  
Ұқсын деп сіздерге айтқан нақыл сөзім.



## ТҮСІНІКТЕР

### “Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз”

Бұл шығарма ақынның осы аталыммен 1907 жылғы Қазан қаласында басылған кітап бойынша әзірленді. Осы орайда кітаптан түсіп қалған жеке әріптер болса, оны квадрат жақша ішінде беретін бұрынғы томдардағы дәстүрді сақтағанымызды еске саламыз. Сонымен қатар біздің қазіргі емле сөздігі т.с.с. тәртібі бойынша емес, сол кездегі айтылу, жазылу үрдісіне сай өзгешеліктер орын алғанда да, бастапқы томдардағы дәстүрді жалғастырып, алдымен қазіргі жазылу қалпын, ізінше жай жақша ішінде сол кездегі өзгешелікті қоса беруді жүзеге асырып отырдық. Осы орайда сол жылы Қазан қаласында ақынның екінші бір туындысы “Хал-ахуал”- деген атпен жарық көргенін ескерген жөн. Бір көңіл бөлерлігі: “Хал-ахуал” кітабының 14- бетіндегі “Ғибратнама” бөліміне дейін басылған материалдарды ақынның тап осы “Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз” кітабындағы туындылардың екінші нұсқасы деп санаған жөн. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” хрестоматиясында (Мектеп, 1983) құрастырушы Т.Әбдірахмановтың: “Өйткені екінші кітап бірінші кітаптың қайтадан басылымға ұсынылған түріне ұқсайды, екеуінің мазмұны бірдей, тек екіншісінде өлең шумақтарының ұйқас, ырғағы сақталына отырып, тыңнан жолдар қосылған, бірінші кітапта айтылған пікірлер мұнда әрі тереңдей, әрі ажарлана түскен”, - деген пікіріне қосыла отырып, “бірінші, екінші” — деп, кесіп айтпай, қатар жарияланған екі нұсқа ретінде қарастыруды жөн деп таптық.

Осы орайда екі кітаптың бар материалы бірдей еместігін, екі кітапта да бірінде бар, екінші сыңарында жоқ тың туынды, бөлек сөздер, сөз орамдары баршылық екенін ескертеміз. Мәселен, “Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз” кітабында: арнайы тақырыппен бөлектенбеген: “Жалғаңда тап-

пай бір жар жалғыз жүрдім"- деп басталатын 61 шумақтан, тұратын мәтін, ақын шығармаларының 2-томында (Павлодар, ЭКО, 2003, 12-19 б.): "Соқыр, саңырау және жалаңаш"-деген аталыммен жарияланған жеке бір туынды бар да, "Хал-ахуалға" бұл кітапта мүлде ұшыраспайтын "Фибратнама" бөлімі кірген.

Мәтіннің бұған дейін Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысының бірінші томында (Алматы, Ғылым, 1990 ж., 28-54 б.) жарияланғаны белгілі. Кітаптың тәуелсіздік жоқ кезде (1986-1989 ж.) баспаға әзірленіп, 1990 жылы шыққанын ескерсек, кезінде әміршілдік жүйе қыспағынан сескеніп, кірмей қалған тұстары да орын алған еді. Бұл жолы бәрі қамтылды.

Атап айтқанда: "Мархабат, патшамыздан кеңдік болды-ау"-деп басталатын 16- шумақ, "Бір пәле- қорыққандықтан- бола ма?! – деп"-деп басталатын 34-шумақтың үшінші жолынан бастап, "Артық қып таксиядан доход алып"- дегенді маңдайша еткен 35- шумақтың бастапқы екі жолы, яғни айналасы- 4 тармақ; сонымен бірге: "Учаске войсковой- деген шығып"- дегенді алға ұстаған 37-шумақ, сонда айналасы 12 тармақ енбей қалған. Сонымен қатар: "Орысты біздің қазақ күндемейді"- деп басталатын 51- шумақ; сондай-ақ: "Түзетер бүгінгіні тура шықты"- дегенді маңдай еткен 6 тармақтың соңғы екі жолы сол кездегі саясатқа сай келмегендіктен, қысқарту құрбаны болған: "Үмбеті пайғамбардың- дейміз соны, //Кімде-кім дін жолында қалыс болсын!" Мұндай қысқарту: "Жазықсыз қалашыны мұжық атып" – дегенді алға тартқан 135-шумақтың алғашқы екі жолын, сонымен іргелесе: "Хұзыры сұлтан Шаһым теңгермесе" – дегенді маңдайша еткен 6 жолдық 136-шумақтың бастапқы екі жолын да қамтыған. Неғұрлым ұзақ қысқарту: "Бұ заман сауыт қалған қалам, сия"- деп басталатын 150-шумаққа ілескен 6 шумақтың, яғни 24 жолдың жоқ болуына әкелген. Сонда заман қысымымен Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысының бірінші томына (Алматы, Ғылым, 1990) айналасы 46 тармақ енгізілмегені анықталып отыр. 1990 жылы шыққан ақын таңдамалысының бірінші томындағы бұл қысқартуларды уақыт ерекшелігі, заман қысымы әсері деп түсіндірсек, онда қате басыл-

ған біраз сөздер орын алуына араб әрпін қазіргіге аудару ісіне төселмегендік, жекелеген ұйымдастыру селкеуліктері, асығыстық т.с.с. себептері әсер еткен деп санаймыз. Осы орайда араб әрпінен бүгінгіге аударғанда, әріп саны аз болғандықтан да, арабтың бір таңбасына қазақтың көп әрпі иек артуы мүмкіндігін, бір сөздің өзінің түрліше оқылу ықтималдылығын ескермесе болмайды. Мәселен: "Поселке крестьян салып жатыр, //Үлгілі өзен жердің жалмасынан"- деген өлең жолдарындағы (42 б.) "үлгілі" сөзін- "өлкелі" — деп те оқуға болады. Біз бұл жолы ондай жағдайда алдымен неғұрлым дұрыс дегенді алып, ықтимал басқа нұсқасын, ізінше жақша ішінде қоса көрсетіп отырдық. Қазір бұрынғы араб әрпінен қазіргіге көшіріп, кітап дайындап жатқан басқа әріптестеріміз де күмәнді жағдайда осы әдісті алға ұстағаны жөн дегіміз келеді. Сондай-ақ осы шығарма соңындағы: "Ұлы аруақ орынын құр тастамас, //Үміттіміз, болса да жасың кіші"- жолдарындағы "ұлы" сөзі орнына "Ұлі" сөзін де қолдануға болады деп санаймыз. Біздіңше, "ұлы" сөзінен гөрі Мәшһүр-Жүсіп атамыздың сөз қолдану стиліне "өлі" сөзі неғұрлым жақын. Сонда "ұлы аруақ" дегеннен де "өлі аруақ" тіркесі ұтымдылығы байқалады. Біз бірден мұның анасы қате, мынауы теріс дегеннен гөрі алдымен неғұрлым "дұрыс" дегенімізді келтіре отырып, түйткілімізді де жасырмай, ізінше соңынан жақша ішінде беріп отыру дұрыс деп таптық. Біздіңше, араб әрпінен қазіргіге аудару, әсіресе ескі араб әрпі үлгісінен көшіру аса білгірлік, ұқыптылықты қажет етеді. Сондықтан алғашқы аударушының қателесу мүмкіндігі көп те, кейінгінің сол ағаттықты түзетуі оңайлау. Араб әрпінен аударудың қиындықтарын сөз ету, кеткен ағаттықтарды қайта түзеуге асықпауға немесе бүркемелеуге де әкелмеуге тиіс. Ендеше асығыстықтан, жете зер салмаудан туған ағаттықтар анықталып, оны нақты көрсету жүзеге асса, оған шамдану орынсыз болар деп ойлаймыз. Белгілі бір мәтінді аудару кезінде туған қателердің баршылық екенін көрсету үшін ғана емес, жалпы араб әрпіндегі кітап мәтіндерін қазіргіге аудару бастаған әріптестерімізге ой тастау үшін де, кеткен кемшіл-

іктерді атап көрсетуді жөн көрдік. Сонымен 1980 жылғы М.Ж.Көпеев таңдамалысының бірінші томын оған негіз болған 1907 жылғы кітаппен салыстырғанда, көзге айқын көрініп тұрған мынадай қателерді тауып, түзету жұмысын жүзеге асырдық:

1. "Болмаса бір Құдайдан үміт-қуат" (30 б.) -тармағындағы "үміт" сөзі орнына 1907 жылғы кітапта "медет" сөзі тұрғанын ескерген жөн. (М.Ж.Көпейұлы. Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз. // Қазан, 1907, 3-бет. Әрі қарай 1990 жылғы кітаптың бетін жай жақша ішіне, ал 1907 жылғыны квадрат жақшаға алып беріп отырамыз- Г.Ж.).

2. "Дәнекер тамағына түспей қалса, //Әдейі қиыстырар құрған тезін (30 б.). Мұндағы "қиыстырар" сөзі 1907 жылғыда мүлде жоқ, оның орнына "қисайтады" сөзі тұр [4 б.]. Оның үстіне "қиыстырар" сөзі бұл араға еш келмейді, әңгіме таразыны бұрмалау, қисайту, яғни параға сатылу жөнінде болып тұр.

3. "Неке, талақ қамшыға қолында боп" (30 б.) тармағындағы "қамшыға" сөзі орнында 1907- жылғыда "қамшысы" берілген [4 б.]. Дәйектесек, "Қолында не бар?" – сауалын қойсақ, барыс септігіндегі "қамшыға" емес, неке, талақтың қамшысы тіркесі ғана өзінен кейінгі сөзге орайласа алады.

4. "Білімді білімсізден сасып жатыр" (31 б.). Ал, 1907-жылғыда: "Білімді, білімсіз де сасып жатыр" [4 б.] Алғашқы нұсқаға (1907 ж.) сүйенсек, "білімді білімсізден" сасатын жағдай емес, қайта екі жағы да сасулы екені анық.

5. "Көп заман газеттерде жазылып жүр" (31 б.). Ал, 1907-жылғы кітапта "заман" емес, "арман" [4 б.] сөзі орын алған.

6. "Хайлакер стражник бейшараны" (32 б.). 1907 жылғыда "Хайлакер" сөзі орнына "желкелер" сөзі тұрғанын [5 б.] ескерсек, "хайлакер" сөзінің орынсыз кимелегені ашылады.

7. "Ширекке төрттің бірі болдық деңіз" (33 б.). Ал, 1907 жылғыда "деңіз" сөзі орнына "ділгір" сөзі [6 б.] ап-анық жазылған.

8. "Қалмады-ау өл-өлгенше есімізден" (33 б.). Міне, осындағы "есімізден" сөзі орнына 1907-жылғыда "ізімізден" [6 б.]

айқын жазылуы өз алдына, ол өзінен бір жол бұрын тармақ соңына орналасқан: "кезімізден" және бір тармақ ауысқаннан кейінгі- "бөзімізден", тағы бір жол тастаудан кейінгі- "көзімізден"- сөздерімен дыбысталу жағынан үйлесіп, яғни бастапқы буынның "с" емес, "з" дыбысымен ғана бірыңғай ұйқасқа қызмет етуін қамтамасыз еткен. Бұл ғана емес. Сөз мағынасын дйтесек те, сол тармақ алдында: "Қойнында өлген сарттың наны бар деп"- жолы ірге тепкенін дәйектесек те, естен қалмаудан гөрі ізден қалмаудың ақын айтпағына дәл келетінін байымдау қиын емес.

9. "Ойлайды бізді алам деп бармағына" (33 б.). Ал, 1907-жылғы кітапта "алам" емес, "ілем" сөзі [6 б.] берілген. Біз, әрине, 1907 жылғыға ғана сүйенуіміз керек.

10. "Тықылдап жұмысы жоқ шаруамен" (35 б.) жолы 1907-дегіде мүлде басқаша өрілген: "Титықтап жұмысы жоқ шаршауменен". Оның үстіне кейінгі 5 мысал әулеттік мұрағаттағы: Мәшһүр-Жүсіп, 2-папка (192-196 б.) мәтінінде де, яғни Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған жазбада да тап осылай келуі де біз алған үлгіні растай түсетінін де ескертеміз.

11. "Жиылса, сәлемдеспей, қырын қарап, // Ас ішпей сарылумен атша жарап" (36 б.)- дегендегі соңғы жол 1907-дегіде тағы да басқаша алынған: "Ас ішпес сарпалтаңмен атша жарап" [8 б.].

12. "Қызады базарлары күз болғанша, // Әркімнің талас шерті сөз болғанша" (36 б.)- дегендегі соңғы жол 1907- дегіде: "Әркімнің талас жері сөз болғанша" [9 б.]- деп келтірілген. Сонда "шерті" сөзінің сырттан жапсырылған жамау екені айқындалады.

13. Тек бір жол емес, іргелес екі тармақты қате келтіру де орын алған: "Дұрыс айтып бітіп қалған сөз табылмас, // Жазғы болған науқанда күз табылмас" (37 б.). Енді 1907- дегі жылғыға үңілейік: "Тырс етіп бітіп қалған сөз табылмас, // Жазғы болған уағда күз табылмас" [9 б.].

14. "Таласып күзек, құдық, шабындыға, // Болуы тағы екі ұдай тыймақ оңай" (37 б.). 1907-дегіге үңілсек, екінші жолдағы

мағынасы ұғымсыз "тыймақ" емес, "тым-ақ" сөзі "мен мұнда-лап" тұр.

15. "Мойнына жіңішкенің әбден мініп, // Секірген шайтанымен көңілі тынып" (38 б.). Осы сөздерден бірдеңе ұғып көріңіз, ал 1907- жылғы кітап мәтіні қандай анық та бедерлі: "Мойнына жеңгенінің әбден мініп, // Семірген шайтанымен көңілі тынып". [10 б.].

16. Осы жолдардан кейін ізінше орналасқан екі тармақты қоса келтірейік: "Бозарған сұр жылаңдай іші зарлы, // Сүзектен тұрған жандай өңі сынып" (38 б.). Осындағы жыланның іші "зарлы" болуы тым түсініксіз, сол "зарлы" сөзінің жіңішке нұсқасын "зәрлі" деп алсақ, жыланның "зарлы" болмайтыны, "зәрлі" екені көзге ұрады. [10 б.]. Осы орайда 1914 жылғы А. Байтұрсынов енгізген тәртіпке дейін, өсіресе қолжазбаларда жіңішкелік белгісі қойылмай келгенін ескерген жөн.

17. "Сапырылып ертеңді-кеш жүр кете алмай" (38 б.)- дегендегі: "жүр кете алмай" емес, 1907- дегі: "жүрген талмай" [10 б.] болуы да бастапқы мәтін мен кейінгі кітап арасындағы сәйкессіздік көрінісі.

18. Енді тұтас бір шумақты келтірейік: "Осылай арамтамақ жеген бәрі, // Сақтанбас обал ғой деп жеткен әні. // Жалықпай айта берсем толып жатыр // Былайша заманада жұрттың шалы" (38 б.). Біздің назар аударғымыз келгені осы бір шумақтың өзінде оғаш 2 қате орын алғаны. Атап айтқанда, екінші тармақ аяғындағы "әні" сөзі орнына "әлі"- дегенді алсақ, төртінші соңындағы "шалы" сөзін аластап, "халі"- деп ауыстырсақ қана 1907 жылғы кітапқа да, Мәшһүр — Жүсіп қолжазбасына да қайтып ораламыз.

19. "Қылмаса бұған қайрат депутаттар, // Айтқаным құр далаға желсіз болды" (44 б.). Ал, 1907 жылғы кітапта: "Айтқаным құр далаға жел сөз болды" [15 б. ]- деп берілген.

20. "Аяқты қыбырлатса, тиын сұрап, // Шығып тұр елге зәбір осындайдан" (44 б.). 1907 жылғы кітапта "зәбір" емес, "жыбыр" сөзі берілген.

Арабшадан көшіріп, мәтін әзірлеудің оңай еместігін дәлелдеу үшін осы келтірілген мысалдар жеткілікті деп санаймыз. Бұл нені көрсетеді? Бұл 1990 жылы әзірленген бір еңбекте ғана емес, одан бұрын және кейін жарияланған кітаптар мәтінде де осы іспеттес қателер орын алуы мүмкіндігін, демек әдеби мұраны жариялауда асығыстық, бейғамдық, кейде тіпті білімсіздік орын алуы мүмкіндігін аңғартады.

### Осы кітаптағы жеке сөздерге байланысты түсініктер

1. Ұлат- араб сөзі: бұл арада татулық, ынтымақшылдық, пікірлестік мағынасында жұмсалған деп санаймыз.

2. Низам- араб сөзі: "тәртіп, заң, жүйе" — деген мағынада қолданылып тұр.

3. Бұл кітаптағы және 1907 жылы Қазанда басылған "Хал-ахуал" кітабындағы "жасарсайшы" орнына әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 2-папка, (192-206 б.), 192-бетінде "көгерсейші" боп жазылған. (Ескерту: Бұдан әрі біз оны "түпнұсқа"- деп келтіріп отырамыз- Г.Ж.).

4. Түпнұсқада: "Бес түгіл алтымен жұрт араласты", "Хал-ахуал" кітабында: "Бес түгіл сол алтыға жақындасты"- деп берілген.

5. 1907 жылғы кітапта "мәнге" боп қате басылған сөзді түпнұсқа бойынша "маңына" деп қалпына келтірдік. Сөз мағынасы, тіркесу тәртібі де осы түзетуге сай келеді.

6. Кітапта "айырылып қап" тіркесіндегі соңғы "п" әрпі түсіп қалғандықтан, түпнұсқаға сүйеніп түзедік.

7. Мұндағы "не бар" тіркесі түпнұсқада "наны бар" деп жазылған.

8. Бұл шумақтағы екінші жол ақын қолжазбасында және "Хал-ахуал" кітабында төртінші боп тұрғанын, ал мұндағы төртінші онда екінші тармақ боп келетінін ескертеміз. Біз түпнұсқа бойынша келтірдік.

9. Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасында және "Хал-ахуалда" бұл тармақ: "Әр түрлі тамашаны көріп едің",- деп берілген.

10. 1907 жылғы кітапта "дін-мұсылман" боп басылса, 1990 жылғы Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысын әзірлеушілер түпнұсқа бойынша "бауырларым" сөзін енгізген екен. Ал, "Хал-ахуалда" бұл сөз "жақсыларым" деп берілген. Біз бұл жолы 1907 жылғы кітаптағы қалыпты сақтағанды жөн көрдік.

11. Кітапта "жатар" сөзі "батар" деп қате басылған. Мұны Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасында және "Хал-ахуал" кітабында "жатар" берілуі дәлелдейді. Оның үстіне сөздердің байланысу тәртібіне сүйенсек, "пайданың ортасында" тіркесіндегі соңғы сөздің жатыс септігінде келуі өзінен кейін "батар" емес, "жатар" сөзі тұруын керек етеді. "Батар" сөзі болса, онда бастапқы сөз "ортасында" емес, "ортасына" болар еді.

12. Бұл кітапта: "Мейлің қазақ, маған бол, мейлің татар"- делінсе, түпнұсқада бұл тармақ "Мейлің қазақ, мейлің бол, сарт пен татар", "Хал-ахуалда": "Яки қазақ, яки бол өзбек, татар" – деп келеді. Дұрысы- түпнұсқадағы нұсқасы.

13. Түпнұсқада және "Хал-ахуалда" бұл жол: "Шаһардың алып-сатқан саудасы бар"- деп берілген.

14. Мұнда, "Хал-ахуалда" Мәшһүр-Жүсіптің бізге жеткен қолжазбасында да "ұрғашы" деп беріліп, сөйлем ұғынықсыздау болып тұр. Ал, Мәшһүр-Жүсіп баласы Мұзаммедфазыл көшірмесінде бұл "ұрғашыдай" деп берілген. Сөз мағынасы Фазыл нұсқасының неғұрлым дұрыс екенін, ал бастапқыларда бір әріп қойылмай, қате кетуі мүмкіндігін танытады ғой деп ойлаймыз.

15. Түпнұсқада бұл тармақ: "Айғырша тыша берген боқ көбейтіп"- түрінде келген.

16. Жақша ішіне алынған "р", "н" өріптері, бұл кітапта жоқ, түпнұсқа бойынша қойылды.

17. Мұндағы "атаның" сөзі орнында түпнұсқада және "Хал-ахуалда" "әкенің" сөзі тұр.

18. Мұнда "гулдесе" сөзі соңындағы "р" әрпі түсіп қалумен бірге "байлауы" орнына "байлады" – делініп қате басылған. Бұл жолы да түпнұсқаға сүйендік.



19. Мұнда және "Хал-ахуалда" "біткен" сөзі берілсе, түпнұсқада "піскен" алынған.

20. Бұл шумақтағы екінші жол түпнұсқада және "Хал-ахуалда" төртінші, ал мұндағы төртінші түпнұсқада екінші боп келеді. "Хал-ахуалда" екінші тармақ: "Қуарып көк жапырақ боз болғанша" - деп алынған. Біз түпнұсқа бойынша енгізу тиімді деп таптық.

21. Кітапта бұл тармақ екі рет қайталанып басылған да, оның есесіне екінші жолы: "Бұл өзіне пайдалы сөздерді ұғар" мүлде түсіп қалған. Біз қолжазбаға сүйеніп, қалпына келтірдік. "Хал-ахуалда" екінші тармақ: "Екі жақ болған елдің сөзін ұғар" - деп берілген.

22. Мүбәрәк - араб сөзі: "бақытты, сәтті, құтты, жарылқанған" - деген мағынаны білдіреді, Мәшһүр-Жүсіп жазбасында "мүбәрәк" сөзі жоқ, оның орнына "мінері" сөзі берілген.

23. "Күпілдеп" орнына түпнұсқада және "Хал-ахуалда" "Елді алып" тіркесі жазылған.

24. Мұндағы "жұбайына" /жобайына/ орнында түпнұсқада және "Хал-ахуалда" "жобасына" сөзі берілген. Ұйқасу тәртібі де түпнұсқа ұтымдылығын дәлелдеп тұрғандықтан, біз соны келтірдік.

25. Мұнда: "Көрсетіп көбі азына қуат-күшші" - делінсе, түпнұсқада: "Көрсетіп азына көп қуат үшін" - түрінде келген. Біз түпнұсқадағыны тиімдірек деп санадық.

26. Түпнұсқада және "Хал-ахуалда" "Ақшадап, майын, сұрап, ат пен тайдың" - боп келеді.

27. Түпнұсқада: "Пенденің пейілі" орнына "халықтың пиғылы" - делінген.

28. Кітапта "бұл" сөзі орнына "ол" сөзі қате басылған. Мәшһүр-Жүсіп жазбасында "бұл" - деп жазылуы да, сөз мағынасы да осыны дәлелдейді. "Хал-ахуалда" бұл жол: "Айтқанын жақсылардың кім ұғады?!" - деп берілген.

29. Үммәт-үмбет - араб сөзі: "қауым" деген мағынаны білдіреді.

30. Мүшәуэрә - араб сөзі: "кеңес, мәслихат" деген мағынада қолданылады.

31. Пәст- парсы сөзі: тура мағынасында: "төмен", ауыспалы мағынасында: "нашар, жексұрын, жаман ниетті" ұғымын білдіреді.

32. Фәрман-парман, пәрмен- парсы сөзі: "бұйрық, әмір, жарлық" деген мағынаны білдіреді.

33. Фида-пида- араб сөзі: "құрбан болу, жанын қию" деген мағынаны білдіреді.

34. Түпнұсқада "бұ жұртқа" орнына "халыққа"- деп келтірілген.

35. "Қорыққанға" сөзі түпнұсқада "қорыққанына", "Хал-ахуалда" "қорыққанын" - деп жазылған.

36. Бұл жолдағы "қол" сөзі кітапта "ол" деп қате басылған. Тағы да әрі сөз мағынасына қарап, әрі түпнұсқа мен "Хал-ахуал" кітабы бойынша түзету енгіздік.

37. Мұнда да "буазы" сөзі "муазы" боп қате басылғандықтан, түпнұсқаға және "Хал-ахуалға" (203 б.) сүйендік.

38. Жақша ішіне алынған "ны", "т" әріптері кітапта түсіп қалғандықтан, түпнұсқа және "Хал-ахуал" бойынша қалпына келтірілді. "Хал-ахуалда" "жүр" сөзі орнына "бол" сөзі басылған.

39. Түпнұсқада "тоқ болған соң" орнына "тойған соң" деп жазылған.

40. Бұл тармақ түпнұсқада: "Жылт етіп, жетіп елге, келер қайтып", "Хал-ахуалда" "Бес күнде елге қайтып жетіп келер"- деп берілген.

41. Бұл тармақтағы "қыбырлатса" сөзі орнында түпнұсқада және "Хал-ахуалда" "бір аттаса" тіркесі жазылған.

42. Мұнда "Пайда жоқ өтіріктен жалған-дағы"-орын алса, түпнұсқада: "Пайда жоқ өтірік пен жалған-дағы"- делінген.

43. Мұндағы: "Айтуға бар, көруге" орнына түпнұсқада және "Хал-ахуалда" "ойлауы әр адамның" деп берілген.

44. Түпнұсқадағы "пәруана" сөзі мұнда және "Хал-ахуалда"- "пәрдана" - боп қате басылған. Пәруәнә-пәруана-парсы сөзі: "көбелек, түн көбелегі" - деген мағынаны білдіреді,

45. Түпнұсқада "жұрт" сөзі орнына "ел" сөзі келтірілген.

46. Мұндағы "жақсыларды" орнына түпнұсқада және "Хал-ахуалда" "жақсы болса" тіркесі тұр.

47. Бұл жолдағы: "Бұлақ деп" -тіркесі ақын қолжазбасында (205 б.): "Бұлақ ойып" — деп берілген.

48. Мұнда және түпнұсқада осы қалыпта болса, "Хал-ахуалда": "Дария боп, өз екпіні, тасынбаса", -деп келтірілген.

49. Мәшһүр-Жүсіптің "Ахтам хазірет һәм Ғалы батыр" - дастанында түнде қазылып, беті бүркелген орға түсіп қалған, Ғалы батыр қиналуы, назалануы, Аллаға жалбарынуы берілген (Мәшһүр-Жүсіп, Шығармалары, 3- том, Павлодар, ЭКО, 2003 ж., 210-218 б.).

50. "Рәушән, зия" -араб сөздері. Рәушән- "нұрлы", зия- "жарық, сәуле, шұғыла" деген мағынада қолданылады.

51. Милләт- араб сөзі: "ұлт, халық" деген ұғымды білдіреді.

52. Бұл тармақтағы "шафиғ" - араб сөзі: "қорғаушы, қолдаушы" деген мағынада қолданылады.

53. Әлиф, ләм, хи, нун-араб алфавиті әріптері.

54. Кәф- араб алфавитіндегі жиырма екінші әріптің аты.

55. Сәкін-араб алфавитіндегі дауыссыз әріп.

56. Осы тармақтан кейінгі 61 шумақ, яғни 244 жол бұдан бұрын Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 2-томына (12-18 б.) тақырыбы, жанрлық сипатына орай "Соқыр, саңырау және жалаңаш" - деп аталып жеке берілгенін ескеріп, бұ жолы оны кіргізбедік. - Г.Ж.

57. Он "бес" - елу жас дегені. "Біреу-ақ кем" — сонда бұл шығармасын 49 жасында, яғни 1907 жылға қарай жазғанын айтқаны.

## " Хал-ахуал "

Мәшһүр-Жүсіптің Қазан қаласында жарық көрген екінші бір шығармасы: "Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз" - кітабындағы мәтінмен бұл кітаптағы көп шумақтардың бірдей келетіні ескеріліп, 1990 жылы басылған ақын таңдамалысының бірінші томында (Алматы, Ғылым, 1990, 24-27 б.) оның бәрі кірмей, тек осы кітапта ғана орын алған: "Япырм-ай, кессем бе екен мен тілімді?! " - деп басталатын 33 шумақтан тұратын "Фибратнама" (1907 жылғыда 15-17 б.) бөлімі ғана ұсы-

нылған болатын. Бұл жолы "бірдей делінген" шумақтарда да аз-кем өзгешеліктер бары ескеріліп, 1907 жылы шыққан кітап бояуын, заман реңін сақтау үшін, сол жарияланған қалпында толық енгізуді жөн көрдік. Осы орайда бұл "Фибратнама" бөлімінің 1990 жылғы Таңдамалыға дейін де жарияланып келгенін еске салғымыз келеді. Ең алғаш орта мектептің 9 класына арналған "Қазақ әдебиеті" оқулық хрестоматиясында (Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1940, 74-77 б. Құрастырған- Е.С-майылов) латын әрпімен жарық көрді. Одан кейін "XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (жоғары оқу орны студенттеріне арналған) хрестоматияға туынды мазмұны мен идеясына сәйкес: "Бұлбұл мен қаршыға" — деген аталыммен (1983 ж.) (Құрастырушылар: Қ.Жармағамбетов, Т.Әбдірахманов) енгізілді.

Екі кітапты көлем жағынан салыстырсақ, "Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз" кітабындағы біраз шумақтардың "Хал-ахуалда" жоқ екенін ескерген жөн. Оны кейінгі түсініктер ішінде арнайы көрсетіп отырамыз. Сонымен бірге ішінара тақырып, бөлімдерге бөлінген шумақтар шоғырының орналасу тәртібінде де өзгерістер бар. Мәселен, "Пайданың ортасында өзі жатыр"- тармағын маңдайша еткен шумақтан кейін алғашқы аталған кітапта "Қазақтың қылып жүрген жұмысы"- деген тақырып беріліп, одан кейінгі бөлім: "Жүзіне ақ қағаздың тартып қалам"- деп басталып, бұл шоғыр 38 шумақты қамтыса, "Хал-ахуалда" бұл 38 шумақ кейін ысырылып оның орнына "Баяннама" деген тақырып қойылып, бастапқы кітапта содан кейін орналасқан: "Бұл сөзім алты алашқа таныс болсын"- жолын маңдайша еткен шумақпен басталып, соңына тіркелген 56 шумақтан кейін барып, әуелгідегі: "Жүзіне ақ қағаздың тартып қалам"- жолын ту еткен шоғырға қайта оралтады.

## Осы кітаптағы жеке сөз, не сөз оралымы өзгешеліктеріне байланысты берілген түсініктер

1. Мұның алдындағы: "Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз" кітабында [Ескерту: бұдан әрі осы кітап аталымын келтірмей-ақ, "алдыңғы", "бастапқы", "бұрынғы"- деген тәрізді сөздерді келтірумен шектелеміз- Г.Ж.] бұл тармақ: "Өзі боп өз үйінде (ойында) жұрттан асқан" (3 б.).- деп келтірілген.

2. Алдыңғыда бұл жолдар: "Кісі жоқ, қой дейтұғын, жұртты басқан // Пәленше солай дейді, мен қайтем?!" – деп, // Жылқыша изеп басын ақылдасқан. // Біреудің адасуын біреу қоттап (құттап)", - (3 б.) қалпында отау тіккен.

3. Мұнда осы жолдар 2-бөлім басталымы ретінде берілсе, бастапқыда кітаптың ең басы, 1-бөлім басталымы, күйінде орын тепкен. Сонымен қатар алғашқы екі жолдың өзінде біраз өзгерістер орын алған: "Қыран құс- көңіл ашар- жүйрік тазы, / Жігітті мұңайтады малдың азы" (2б.).

4. Мұндағы екінші тармақ бұрынғыда: "Жараспас бір-біріне айтқан назы" (2-жол) және: "Жем болып қарға-ұзаққа қоңыр қазы - (4- жол)- деп өрілген.

5. Алдыңғыда: "Білгіштер мұндайлыққа емес разы" – делінген.

6. Бастапқыда бұл жолдар: "Ғақылсыз, аңқылдама құлап жарға, // Көбі әркімнің аузында, өзінде- азы" – түрінде шаңырақ көтерген.

7. Бұрынғыда осы тармақтар: "Әлі жүр біздің қазақ қоршылықта, // Қор болып, өрге баспай өнерпазы" (2 б.)- деп алынған.

8. "Әр істі ойлау керек әуел бастан"- деп басталатын тармақ мұнда үшінші бөлім басталымы ретінде сап түзесе, бастапқыда бұл шоғыр жеке одағайланбай, бірінші бөлім жалғасы ретінде орналасқан. Сонымен бірге осы шумақтың үшінші,

төртінші жолдарында өзгеріс баршылық: "Мәз болма мұнарланып көрінгенге // Кісі жер жемісі жоқ тау мен тастан" (2 б.).

9. Бұл шумақтың бірінші жолынан басқасы алдыңғыда өзінше өрістеген: "Опық жеп жүрген жан көп аңдамастан. // Бір өрттен қалмайтұғын қалың қаудай, // Баянсыз бақ-дәулетке болма мастан" (2 б.).

10. Бұрынғыда: "Жау қайда- жар астында"- деген сөз бар, //Аяқты, баспа қадам, байқамастан"- өрнегі орын алған.

11. Алғашқыдағы қолданыс: "Біреуге селбесейін деп ойла-саң" (3 б.).

12. Бастапқыда сәл өзгеше: "Соқтығып өз пайдасын ойла-мастан" (3 б.).

13. Бұрынғы өрнегі: "Болмаса бір Құдайдан медет, қуат." (3 б.).

14. Алғашқыдағының бірінші және төртінші тармағында айырма бар:

"Сөйлесе, жұрт пайдасын, білген ерлер" (бірінші жол) және: "Мүшелер терімізді малша сойып?!" (төртінші жол) (3 б.).

15. Бұл шумақтың бірінші, үшінші жолында өзгешелік орын алған: "Мархабат, патшамыздан, кеңдік болды-ау" (бірінші жол) және: "Еркіндік, кеңшіліктің хабарларын" (үшінші тармақ) (3 б.).

16. Ұлпат- араб сөзі: "Татулық, ынтымақшылдық"- мағынасында қолданылып тұрғанын бұдан бұрынғыда көрсеттік, әрі қарай бастапқымен түсінік қайталануы тумас үшін, келтірілген түсінікке қайта оралмауды жөн көрдік — Г.Ж.

17. Бастапқыда: "мизамға" сөзі орнына "низамға" сөзі берілген.

18. Бұрынғының алғашқы жолында: "тыңдамайды" орнына "тексермейді" қолданылса, үшінші тармақ тұтасымен өзгеше: "Сөтке, жұма, ай, жылда бір жауап жоқ" (4 б.).

19. Мұндағы: "қайтып келсе"- орнына алғашқыда: "келсе қайта"- делінген (4 б.).

20. Осындағы "қаншасы" орнында әуелгіде "қамшысы" сөзі тұрса, келесі төртінші тармақ мүлде басқаша: "Жоқ қылды шарифаттың соқпақ ізін".

21. Екінші тармақтағы: "қояр" орнына "қойып" келуімен бірге үшінші жол: "Шарифат бұлайша емес!- десе молда"- түрінде отау тіккен.

22. Осындағы "залымия"- орнына алғашқыда: "залымдық қып"- қоныс еткен (4 б.).

23. Бұл жолдағы: "шыбын жаны" орнына алғашқыда: "әбден жаны" келтірілген.

24. Осы тұста жеке тармақ қана емес, тұтас бір шумақтың басқаша алынуын көреміз: "Сөз сөйлеп тарқатайық ішкі шерді, // Көңілден кетіруге әрбір кірді. // Мың сегіз, кеше, алпыс тоғыздан соң, // Халайық, көрмеп пе едің неше түрді?!" (4-5 б.). Сонымен бірге мұнда "алпыс тоғыздан" орнына "жетпіс тоғыздан" — деп қате басу орын алған екен. Біз тарихи дерекке сүйеніп, алдыңғы кітаптағыны дұрыс деп санап, "жетпіс"-ті "алпыс" сөзімен ауыстырдық.

25. Бұрынғыда: "Нақақтан құсаменен қан жұтқызып"- түрінде ірге тепкен.

26. Алғашқыда бұл: "Қапасқа салып қояр кемеңгерді"- түрінде шаңырақ көтерген.

27. Бастапқыда және өулеттік мұрағатта сақталған ақынның төл жазбасында (Мәшһүр-Жүсіп, 2-папка, 192 б): "Болыс, би былш еткізіп басар мөрді"- қалпында ірге тепкен.

28. Бұрынғыда: "Әкімдерім" орнына "Әкімдер де" орын алумен қатар соңғы жолдағы "жыландай" орнына "аждаһа" сөзі енгізілген.

29. Осы шумақтың бірінші жолындағы: "Әлі жетсе, бейшараны"- орнын: "Мұңды-зарлы, кем-кетікті" иеленумен бірге соңғы төртіншідегі: "сол құйрығын" орнын "құйрықтарын" сөзі басқанын еске саламыз.

30. Бұл жолдағы: "бір өзін" орнына: "өз бойын", "қылаңдатқан" орнына "сылаңдатқан" сөзі кіргізілуі де екі нұсқа түрлішелігін дәлелдей түседі.

31. Мұндағы бірінші жолдан басқалары өзгеше келуімен ерекшеленеді: "Қасынан өткен жанды табандатқан //" Бір пөле,

қорыққандықтан, бола ма?!"- деп, // Арзанға асығумен малын сатқан".

32. Тармақ соңындағы: "толып жатқан" орнын бастапқыда: "жанға батқан"- меншіктенген.

33. Алғашқыда екінші тармақ соңы: "алтымен жұрт араласты"-деп тамамдалса, үшіншісінің аяғы: "ұлықтардан"- сөзіне тірелген.

34. Бастапқыда осы тармақ: "Табылмай айтуға ауыз өзімізден" түрінде берілген.

35. Біріншіден, "Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы"- тармағы бұдан бұрын келтірілген кітапта "Қара өлең"- деген тақырыптан кейін бөлім, шоғыр басы ретінде берілсе, мұнда: "Бір мың тоғыз жүз жылдан бес жыл асты"- деп басталатын 9-бөлімнің алғашқы 8- жолынан кейінгі 9- тармақ ретінде тіркеле салған. Екіншіден, мұнда, "Хал-ахуалда" "тәтті" сөзі орнына "қаты" сөзі тұр, біз оны "қатты" сөзі болар деп шамаладық. Қайсысы шығарма рухына неғұрлым жақын десек, бұған дейінгі және кейінгі мәтіндер мен Мәшһүр-Жүсіп жазбасын салыстырсақ та, бұл кітаптан гөрі алдыңғының түпнұсқамен көбірек орайлас екендігіне көз жеткіземіз. Мұның бәрі "Хал-ахуал" кітабы ертерек әзірленіп, "Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз"- кейінірек жетілдірілген нұсқа болар ма деген ойға жетелейді. Сонымен бірге "Хал-ахуалдағы" айырмашылықтар Мәшһүр-Жүсіп жазбасы өзгешелігі емес, цензураға, сүзгіге көбірек ұшырау нәтижесі болуы мүмкін екендігін де есте ұстаған жөн.

36. Алғашқыда бұл жол: "Айырылмай жақсы менен жаман парқы"- күйінде өрнектелген.

37. Мұндағы: "әркім-ақ" орнында бұрынғыда "әркімнің" сөзі табан тіреген.

38. Тармақ аяқталымындағы -"ойламастан" орынын "ойлаңыздар" сөзі иеленген.

39. Бұл шумақтың біріншісінен басқасы бастапқыда мүлде өзгеше келуімен көзге түседі: "Берілер ақыр бір күн басыңа ерік, // Көп жұртты көз жасыңа қылсаң куә, // Табылар мұңды-зарды саған серік".



40. Бастапқыда: "Айтқаның үйде отырып жел болады" - деп басталатын шумақ мұнда жоқ болумен қатар, соған ілескен осы шумақтың да үшінші жолынан басқасы мүлде басқаша өрілген: "Оңдырмас мына қойшы бізді бағып, // Сіңбей тұр ішкен тамақ бойға жағып" (1-2 тармақтар) және: "Жер-суды ап кетті ғой қазық қағып!" (4- тармақ) (7 б.).

41. Жол аяғындағы: "дегендейін орнына" бұрынғыда: "өмір бойы" келтірілген.

42. Тармақ соңындағы: "біздің халық" орнына әуелдегі "жүрген халық" алынған.

43. Мұндағы екінші мен төртіншінің тұрған орны ақын жазбасымен үйлес келгендіктен, әрі сөз мағынасы, орналасу тәртібі соған сай келгендіктен, бұдан бұрынғы кітаптағы ауысқан қалыпқа өзгеріс енгізгенімізді ескерткенбіз.

44. Мұндағы екінші тармақ басылымындағы: "ерісіз" орнына алғашқыда: "қай түрлі" сөзі келсе, төртінші басында: "әр түрлі тамашаны" орнына "қысымдық талай жөннен" - енгізілген.

45. Бұл шумақтың бірінші және төртінші тармағында орын алған айырмашылықтар туралы осының алдындағы кітапқа берілген түсінікте (11-12- ескертпе) сөз еттік: Сонымен бірге екінші, үшінші жол айырмашылығы да елеулі: "Залалға мейлінше арзан бізді сатар // Ынтымақ қылыңыздар бас қосумен".

46. Бұл шумақтың үшінші жолының өзгешелігі бар: "Бір Құдай болысқанға дұшпан оңай".

47. Бастапқыда бұл алты тармақты шумақтың соңғы жолдары біраз өзгеше күйде берілген: "Үмбеті пайғамбардың!" - дейміз соны, // Кім де кім дін жолында халыс (қалыс) болсын!"

## Сарыарқаның кімдікі екендігі

Бұл кітаптың 1907 жылы Қазан қаласында басылғаны, оның қара сөзбен жазылған көп бөлігінде қазақ тарихы қарастырылғаны белгілі. 1990 жылғы Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысының бірінші томында (Көпеев М.Ж. Таңд., 1-том, // Алматы, Ғылым, 1990, 55-71 б.) сол кітаптағы ақын өлеңдері ғана беріліп, ал, қара сөздері енбей қалған болатын. Біз бұл жолы да қара сөзбен жазылғанды ақынның тарихқа қатысты еңбектері топтастырылмақ алдағы томдар еншісіне қалдыруды жөн көрдік. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің 1907 жылғы кітаптары үшін қуғын көргенін еске салғымыз келеді. Кезінде Ресей қалаларында сақталған мұрағат мәтіндеріне негізделіп жазылған "Қыспақ көрген кітаптар" мақаласында Жұмағыз Шалғымбаева мына бір деректерді орынды келтірген: "Ал, "Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз" туралы Катанов былай деп түсініктеме жазды: "Мен аударған 3-7, 14-17 беттердің мазмұнына қарасақ, автор 1905 жылғы манифесті езілген халықтардың көз жасын құрғатқан пайдалы іс еді деп дәріптейтіндігі. Ал, ел билеуші болыс, билер халықты өздерінің құлқындарын толтыратын байлық көзі деп санайды. Сондай-ақ ол жер аударылған (келімсектер) шаруалар да қазақ халқына ол пиғылда емес деп есептейді". Катановтың осы аударма арқылы берген түсініктемесінен кейін Баспасөз туралы уақытша комитеті "Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыздың" авторын қылмысты істер ережесінің 129-статьясының 6-тармағы бойынша жауапқа тарту туралы қаулы қабылдады. "Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамызды" 1913 жылы 6 қарашада Қазан сот палатасы бекітті. Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ қоғамындағы саяси-экономикалық шиеленістің себептерін шыншылдықпен көрсете білді. Ол бәріне кінәлі патша өкіметінің жаулап алушылық, тонаушылық саясаты, халықты аяусыз езіп-қанауы деп пайымдады. Дегенмен, автор қанша шындықты айтса да, оның 1907-1912 жылы алғашында Қазан университеті баспаханасында, кейін Б.Л. Домбровскийдің

жеке меншік баспаханасында 3000 дана болып басылған "Хал-ахуал" атты өлеңдер кітабы да 1913 жылы 16 қаңтарда тұтқындалды. Көпеевтің кітаптарын тұтқындау Қазан полицмейстері арқылы іске асырылды." ("Мәдениет" газеті, №13, 1-15 шілде, 1993 ж., 15-бет).

Енді осы кітаптағы жеке сөздерге байланысты түсініктерге орын береміз:

1. Осы жолдағы "қорасынан" сөзі 1907 жылы басылған кітапта "нұрасынан" деп қате басылған. Біз Жолмұрат, Фазыл көшірмелеріне және сөз мағынасына сүйеніп түзеттік.

2. Мәрхәмәт — Мархабат — араб сөзі: жақсылық ету, қайырымдылық мағынасын береді.

3. Фәрман — пәрмен — парсы сөзі: бұйрық, әмір мағынасында қолданылып тұр.

4. Инғам — араб сөзі: наград, сыйлық, жақсылық мағыналарын береді.

5. Милләт — араб сөзі: ұлт, халық мағынасында қолданылып тұр.

6. Муафиқ — араб сөзі: үйлесімді, сайма-сай, сәйкес мағынасында берілген.

7. Публик боп — орыс тіліндегі "публиковать" сөзін пайдаланып, жариялау мағынасын беруге қолданған.

8. Шығыс елдеріне кең тараған "Жүсіп-Зылиқа" қиссасындағы Жүсіптің нақақ зынданда жатуы, ақыры шығуы туралы айтып отыр.

9. Тоғыз "бес" дегені — тоғыз жерде бес — қырық бес дегені. Демек одан үш жыл асқаны — қырық сегізде, 1906 жылы жазғанын айтқаны.

## Мәшһүр-Жүсіп өлеңдеріне түсініктер

### *Жарты нан.*

Жалпы көлемі 36 шумақтан, яғни 144 тармақтан тұратын бұл туынды ҚР ҒА Орталық Ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп қолжазбалары жинақталған 1171 папка ішіндегі "белгісіз бірінші адам" көшірмесі және әулеттік мұрағатта сақталған ақынның кенже баласы Мұхаммедфазыл (1890-1969), жиені Жолмұрат (1894-1977) сонымен бірге көп уақыт ақын атқосшысы болып, оның біраз еңбектерін жеткізген Иманғали Маненов (1903-1993) көшірмелерін салыстыру барысында әзірленді. Өлеңнің қашан жазылғаны туралы дерек Жолмұрат көшірмесі басында орын алған: "Мәшһүр-Жүсіп сөзі: өз аузынан айтқанына 1880-жылдар болған". Өлең тұңғыш рет республикалық "Қазақ әдебиеті" газетінде 23.11.1984 ж. жарияланды. (№47, 5 б. Әзірлеп ұсынған – Қ. Мәшһүр-Жүсіп). Одан кейін ақын таңдамалысына енді (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1 том // Алматы, Ғылым, 1990, 164-168 б.). Осы орайда кезінде өлең нұсқалары толық жиналмағандықтан және көне араб әрпінен бүгінгіге аударудағы тәжірибе кемдігінен, сонымен бірге әміршілдік жүйе қыспағына бейімделу әсерімен не қысқару, не өзгерту т.с.с. болғанын ескере отырып, бұ жолы түпнұсқаны неғұрлым дәл және толық беруге ұмтылды. "Неғұрлым толық" дегенде, басқа да кейбір туындылар тәрізді бұл тұста Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазған нұсқасы әзірше жоқ болуын басшылыққа алып отырмыз. Демек алда ел арасындағы немесе басқа қалалардағы (оның ішіне шет ел қалалары да енуі мүмкін) түрлі мұрағат қорларында сақталған мұралар ішінен ақынның тікелей өз жазбасы табылып жатса, не көшіруден, не түрлі саясаттан т.с.с. туған жекелеген ауытқуларды түзету алдағы уақытта да орын алуы мүмкін екендігін ескертеміз.

1. 1990 жылғыда 1-тармақ: "Айтатын дәлел сөзді адам қайда?" - деп алынса, енді 1171 папка бойынша "Айтатын Құран сөзін молда қайда?" - деп түзетілді.

2. Таңдамалыда: "Бір адам жолаушы боп келе жатып" - делінсе, тағы да 1171 папка бойынша "адам" сөзі "жаяу" деп алмастырылды.

3. 1990 жылғыда 15-тармақ: "Көп олжа болды ғой — деп — енді маған!" - деп заманға қарай икемделген түрде берілсе, енді 1171 бойынша: "Жоқ жерден берді ғой — деп — Құдай маған!" - деп өзгертілді.

4. Бұрынғы (1990 жылғы) "Өз-өзінен" сөзі тағы да 1171-ге сүйеніп "қуанғаннан" - деп алынды.

5. Тағы да бастапқыдай себеппен "келмес" - "жетпес" - болып берілді.

6. Бұл тұста да сол ыңғаймен: "Көп тұра алмай" - орнын "аяндасып" иеленді.

7. Тағы да сол себеппен жол басындағы: "Ұшқыны түтін болып" - орнына "Түтіннен ұшқын болып" - орнады.

8. Таңдамалыдағы: "Шығарсаң ауызыңнан жаман сөзді" - деген 114-тармақ сол негіз бойынша: "Аузыңнан бір жаман сөз шығып кетсе" - деп өзгертілді.

9. 132-жол басы бұрынғыда: "Тар жол" түрінде болса, енді 1171 бойынша "Тар жер" - деп алмастырылды.

### *Аңқау адам туралы*

Өлеңнің қай жылы жазылғаны туралы нақты дерегіміз жоқ. Тек Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен бір дәптерінде төрт өлеңнің қандай ретпен жазылғанына назар аударғымыз келеді. Онда алдымен "Аңқау адам туралы", екінші "Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысы", үшінші "Мәшһүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы", төртінші "Дүниеге көңілі қалғандықтан сөйлеген сөз" өлеңі берілген. Осы дәптерде ақын екінші туындысын, тырнамен айтысын, дәл жиырмада (яғни 1878 жылы) жазғанын ескертеді.

Осыны басшылыққа алсақ, шығармаларды жазылу ретіне қарап, бұл туындылардың бәрі 1878-1880 жылдарда жазылды деп шамалауға болатын тәрізді. Сонымен қатар аңқау сарт туралы өлеңді Мәшһүр-Жүсіптің Түркістан, Ташкент жаққа барған сапарынан кейін (бірінші сапары 1887 жыл) жазды деп те түюге болатын сияқты. Әзірше біз бұл туындыларды Мәшһүр-Жүсіп жазған ретпен беруді жөн көрдік.

"Ұқпасқа, айтқан сөзім, кетер ағып" - деген тармақпен басталатын кейінгі бөлімі Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазған нұсқасынан алынды. Оған дейінгі бөлегі бізге жетпегендіктен, Фазыл және Жолмұрат көшірмелері бойынша берілді.

Бұл материалдардан басқа "Біреуден біреу алып саудаласып" деп басталатын 26 жолдық тағы бір бет көшірме, қосымша мәтін сақталған. Біз оның бастапқы 18 жолын енгіздік те, соңғы 8 жолын кіргізбедік. Қосымша материал Мәшһүр-Жүсіптің кейін редакциялап қосқаны тәрізді. Себебі бірінде ұры өзі мас болып шешесіне тілі тигесін, қарғыс алғаны қысқаша баяндалады да (ол - 10 жолдық), екіншісінде "арақ ішуі" жоқ, оның орнына ұрының анасын сыйламауы, кейінгі азабы кеңірек беріледі. Салыстыру үшін бастапқы нұсқасын қоса береміз:

- Мен сенің есегіңмін еріп жүрген,  
Екенім менің есек әркім көрген.  
Бұрынғы иеленген мені біреу,  
Сатумен құнымды алып саған берген.

Мен бұрын есек емес, едім адам,  
Мас болып арақ іштім, өзім надан.  
Анама мастықпенен тілім тиді,  
Сол жерде: "Есек бол!" - деп, қарғады анам.

Анамның қарғысымен есек болдым,  
Қаңғырып қолдан қолға жүре бердім.  
Мені аяп анам байғұс дуа қылды,  
Мінеки, қазірінде адам болдым.

Қосымша материалдағы соңғы 8 жолды келтірмеуіміз: тағы да өлеңде екі варианттылық болуынан. Қосымша материалда сарт ұрыдан кешірім сұрап, ұры өз серігіне қосылады. Біз алған негізгі нұсқада алданушы ұрыны үйге ертіп барады, әйелі одан өткен аңқау боп шығып, қой сойып, құрмалдық береді. Біз аңқау бейнесі неғұрлым кең ашылған осы негізгіні алдық. Салыстыру үшін қосымшадағы соңғы 8 жолды қоса келтіреміз:

Бұл сөзге байғұс аңқау сарт нанады.

Ұрыны аяп іші таңданады.

- Көрсеттім саған азап талай-талай,

- Бейшара, кеш күнам (ды)! — деп, жалынады.

- Күнаңды кештім, - депті сонда ұры.

Мәлім ғой бір өзіне ішкі сыры.

Есек алған жолдасына қосылады.

Тұр екен бір тасада даяр бірі.

Енді 1990 жылғы Таңдамалыдағы нұсқа мен біздің осы жолы ұсынып отырғанның айырмашылықтарын келтірейік:

1. Таңдамалыда баспа қызметкері, редактор қателігінен тап осы жол мүлде түсіп қалған.

2. Бұрынғыда: "Әйтеуір бұ да білген б...ы жейді" - делінсе, бұ жолы Жолмұрат бойынша өзгертілді: "Қатын да өз білгенін езді дейді."

3. 1990 жылғыда тағы да редактор байқамауынан: "Тастамай нашағасын қолына алды" - жолындағы "нашағасын" орнына мағына жағы мүлде жұғыспайтын "нағашысы" сөзі қате еніп кеткен екен, ол түзетілді.

4. Түрлі себеппен Таңдамалыда тұтас түсіп қалған осы жол енді кірді.

5. 1990 жылғыда 237-жолдың бастапқы сөзі: "Сабырлап" болса, бұ жолы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы бойынша өзгертілді.

### *Кедейліктің арқаны*

Жалпы көлемі — 34 шумақ, яғни 136 тармақтан тұратын бұл өлең ақын таңдамалысында екі өлең болып, алғашқысы: "Жалқаулар туралы айтқаны", кейінгісі: "Кедей болар кері кеткен, ұйқысы мол" - деп басылған екен. Біз бұл жолы әулеттік мұрағаттағы: Жолмұрат, Фазыл көшірмелеріне сүйене отырып, бір туынды ретінде ұсынып отырмыз. Біраз ретте Фазыл мен Жолмұрат көшірмелерінде түрлішелік болған жағдайда біз сөз

ретіне т.с.с. қарап, ең ықтималын таңдадық. Мәселен, Фазылда 15-шумақтың соңғы жолы: "Құманының қақпағы болар тесік" - деп берілсе, Жолмұратта "Құманының" сөзі орнына "шайнегінің" сөзі тұр. Біз сол кездегі халық ұғымына жақын "құманының" сөзін келтіру үстінде жақша ішінде "шайнегінің" сөзі де бар екенін ескерттік. Фазылда 18-шумақтың үшінші жолы: "Төгіп-шашып бояйды керегесін" - делінсе, Жолмұратта "керегесін" орнына "босағасын" берілгенін ескеріп, кейінгіні ұсына отырып, алдыңғыны жақша ішінде көрсетіп өттік. Сонымен бірге 23-32 шумақтар аралығы Фазылда жоқ екенін, тек Жолмұрат бойынша берілгенін, сонымен бірге соңғы екі шумақтың Жолмұратта жоқ тек Фазыл бойынша қосылғанын ескертеміз.

Енді 1990 жылғы Таңдамалыда орын алған азын-аулақ селкеуліктерді көрсетсек, оны "тырнақ астынан кір іздеу" демей, үнемі ақынның әр сөзіне ұқыпты болу керек екендігін ескеру деп түсінген жөн:

1. Таңдамалыда: "Жақсы қатын бойынан табылмас мін, // Жаман болса, бықсумен өтеді күн" - дегендегі: "жаман болса" орнына әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат, Фазыл көшірмелеріне сүйеніп, "түтіндей боп" - сөздері алынды.

2. 1990 жылғыда біз Фазылға сүйеніп: "Бала түгіл байының үсті-басын?!" - деп берсек, бұ жолы оның алдындағы 2-тармақтың: "Көп сөйлеумен қатырар байдың басын" - түрінде келгенін ескеріп, енді әңгіменің байдан балаға ауысқанын дйттеген Жолмұрат нұсқасын тиімді деп таптық: "Байы түгіл, баласының үсті басын?!".

3. Таңдамалыда: "Бұрқырап түске дейін ұйықтап жатқан" - деп өрілсе, әрі бұрқырап ұйықтау болмайтынын ескеріп, әрі Жолмұратқа сүйеніп: "бырқырап" сөзі енгізілді.

4. 1990 жылғыда: "Шуылдап, қозы, бұзау қорада тұр, // Ертеден кешке дейін өліп жатқан" - делініп, шуылдаған қозы, лақтың өліп жатуы ұғынықсыздық тудырса, бұ жолы соңғы сөздер: "ұлып жатқан" - түрінде алынып, шулы қалыпты одан әрі өрістетуге қызмет етуге көшті.



5. Бұрынғыда: "Маңына жақын барма араласып" - қалпында бой түзесе, енді "араласып" орнына Жолмұратқа иек арту нәтижесінде "қадам басып" табан тіреді.

### *Жаздың сөзі*

Бұл туынды жақында ғана (27 сәуір 2004 жылы) қолымызға тиген Мәшһүр-Жүсіптің ертеректе жазған өз жазбасы бойынша әзірленді. Ертеректе дейтініміз: ақынның бастапқыда 1879-1880 ж. жазғандары мен 1928-1931 ж. қағазға түсіргені арасында әріп таңбалау, сөйлем аяғын белгілеу т.с.с. мәселелерінде көп айырмашылық байқалады. Соңғы жазбаларында әр тармақ аяғы көлденеңдеп, келте қойылған екі сызықша арқылы белгіленсе және ортақ түркі тілнен гөрі, тікелей қазақшасы алынса (мәселен, мұнда "көк иүзінде" болса, кейін "көк жүзінде" түрінде келуі т.с.с.), бастапқыда оның бәрі жоқ. Бұл Мәшһүр-Жүсіптің жыл өткен сайын әріп пайдалану, тыныс белгілерін қою дәстүрін де жетілдіріп отырғанын көрсетеді. Осы орайда бұдан былай - әулеттік мұрағат: Мәшһүр-Жүсіп, 11-папкадан дегеннің бәрі сол 27 сәуір 2004 жылы Павлодар облысы Баян селосының тұрғыны Садықұлы Кенжебектен алынған мәтіндердің бір папкаға, яғни 11-папкаға салынғанын танытатынын ескертеміз. (Тап осы өлең 11-папка, 12-13 – бетінен алынды). Ал, Кенжебек Садықұлына бұл мәтіндер қалай жеткен десек, ол әкесі Садық Сапабекұлынан қалғанын мәлімдеді. Сол қалашық тұрғыны Төлепберген Алдабергенов деген ақсақал бұл мәтіннің иесі бұрын Мәшһүр-Жүсіп атқосшысы болған Иманғали Маненов еді, Садық сол Иманғалиден алып еді дегенді айтады. (Төлепберген, Иманғали туралы мәліметтер 1-3 том түсініктерінде берілген.)

### *Жігіт назы*

Бұл да осының алдында ғана ескертілген әулеттік мұрағаттағы — Мәшһүр-Жүсіп, 11-папкасының 37-38 — беттерінен алынды. Сондай-ақ осы туынды да “Жаздың сөзі” тәрізді ертеректе, яғни 1885-1888 жылдар аралығында жазылған болуы керек деп шамалаймыз.

### *Наурыз тілегі*

Бұл өлең де Мәшһүр-Жүсіп, 11-папка, 38-беттен алынып, 1885-1888 жылдар аралығында жазылған болар деп шамаланып отыр.

### *Анама хат*

Бұл туындының 3 көшірмесі бар: бірі Алматыда ҚР ҒА Орталық Ғылыми ктапханасы қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары жинақталған 1173 папкадағы, 9-топтама (жіктелім) ішіндегі (31 б.) Жолмұрат көшірмесі де, екіншісі әулеттік мұрағатта сақталған Жолмұрат (1-папка, 23-24 б.) жазбасы және үшіншісі — сол әулеттіктегі — Мұхаммедфазыл көшірмесі (1-папка, 3 б.). 1173-папкадағы көшірме маңдайшасында Жолмұраттың мына ескертуі орын алған: “Мәшһүр-Жүсіптің Бұхара, Ташкентке алғаш кетіп бара жатқанда, анасына жазған сәлем хаты”. Ақынның бұдан кейін берілмек: “Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлегені” өлеңінде: “Самарқан, Бұхар, Ташкент — бәрін кезген, // Жасында бір кем отыз тәңірім айдап” - деп жазғанын ескерсек, бұл 1888 жылға дәп келеді. Осыған иек артсақ, ақынның бұл сәлем хаты 1888 жылы жазылған деуге негіз толық. Осы орайда ақын таңдамалысында (М.Ж.Көпеев. Таңд., 1-том// Алматы, Ғылым, 1990, 137-139 б.) осы өлеңнің жалғасы, соңы ретінде: “Құйылар бір күн топырақ есіл көзге” — деп басталатын 6 шумақтық мәтін орынсыз қосылғанын еске саламыз. Сондай-ақ бұл үзінді кейін әзірленген ақын шығармаларының алғашқы томында (Мәшһүр-Жүсіп. Шығ., 1-том //Павлодар, ЭКО, 2003, 251 б.) тап осылай басталып, осылай басталатын топтама ретінде де (бұл жолғы көлемі — 8 шумақ) “Қамардин хазірет” өлеңінің 2-9 шумақтары

болып берілгенде, жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің 1171 папкасының 327-342 беттеріндегі белгісіз біреу көшірмесі бойынша әзірленгенін ескерген жөн. Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының толық жиналып бітпегенін еске алсақ, бұған дейін неғұрлым дұрыс саналған бұл нұсқаға да қайта қарауға мүмкіндік туды. Жоғарыда атап өткеніміздей, жақында ғана қолымызға тиген Мәшһүр-Жүсіп жазбасы 11-папка ішінде бұл мәтін: "Мәшһүрдің он екі мүшесіне амандасқаны" - деп аталып, жеке отау тіккенін ескертеміз. Мұның бәрі нағыз түптөркін ақын қолжазбасы табылған жағдайда бұрынғы дұрыс делінген көшірмелерге алдағы уақытта өзгеріс еніп отыруы мүмкіндігін аңғартса керек. Осы орайда жалғыз Мәшһүр-Жүсіп емес, өткен замандардағы ақындар шығармаларының жаңа бір нұсқасы, әсіресе түптөркін табылып жатса: "Бұрынғылар не қараған?" - деп мұрын шүйіруге келмейтініне де жарық түсіреді.

Сонымен бірге Таңдамалыға мәтін әзірлегендер: Қ.Мәшһүр-Жүсіп пен С.Дәуітов болса, тап осы өлеңді кітапқа енгізген — С. Дәуітов екені белгілі. Мәшһүр-Жүсіп мұрасын әзірлеуде көп тұста көшбастаушы болған, әдебиет жанашыры, білікті маман Сәрсенбі Дәуітов бұл өлеңді ұсынғанда да, сол кездегі әміршілдік жүйе талабына бейімделіп, түрлі өзгерістер енгізуге мәжбүр болғанын да т.с.с. есте ұстаған жөн.

Осы айтылғандарды ескере отырып, 1990 жылғы таңдамалы мен біз ұсынып отырған нұсқа арасында аз-кем айырмашылықтар болса, ол бұрынғының еңбегін төмендетуге қызмет етпейді деп сенеміз.

1. 1990 жылғыда бесінші тармақ: "Талпынған жақсылыққа Мәшһүр туа" - деп өрнектелсе, 1173 папкада мүлде басқаша: "Талпынған дінге Мәшһүр іштен туа".

2. Таңдамалыда жетінші жол: "Сарыарқадан ғарип боп, жиһан кезген" - делініп, алғашқы "Сарыарқадан" сөзінің бунақ ішіне сыймауы, үш буын орнына төрт болуы орын алса, бұ жолы 1173 бойынша ол: "Шар кардан" - деген сөздермен алмастырылды.

3. Бұрынғыда 11-тармақ: "Әрқашан ақ тілеуден тастама-сын" - түрінде келсе, бұ жолы тағы да Жолмұратқа сүйеніп, "ақ тілеуден" орнына "дуасынан" қойылды.

4. Бастапқыдағы 13-жол: "Түзелген ақ сапарға менің бетім" - қалпында шаңырақ көтерсе, тағы да Жолмұрат бойынша "ақ сапарға" - орнына "дін жолына" ірге тепті.

5. Таңдамалыда 20-тармақ: "Тағдырым көрер ме деп көз жасымды" - деп, әміршілдік жүйе талабына икемделген түрде қанат жайса, бұ жолы да ең әдемі деген өтіріктен де шындық артық екені 1173-тегі қалып ескеріліп, бастапқы "Тағдырым" орнын "бір Алла" иеленді.

6. 1990 жылғыда 23-жол: "Арманды балаларға көз қырың сал" - деп өзгертіліп берілсе, бұ жолы "көз қырың сал" орнын: "дұға деңіз" - деген ақын сөздері орналастырылды.

Сонымен бірге өлеңнің: "Жазушы осы сөзді Мәшһүр-Жүсіп" - деп басталатын соңғы шумағы енбеген де, 1173-те қате орын алған: "Құйылар бір күн топырақ есіл көзге" - деп басталатын шумақ қосылған. Осы орайда Таңдамалыда осы туынды жалғасы ретінде берілген: "Нұр жауар Хақтан рахман иманды ерге" - деп басталатын топтаманы (8 шумақ) осы мәтіннің жалғасы деп табуға да болатын тәрізді. Себебі әулеттік мұрағаттағы Жолмұраттың екінші көшірмесі (1-папка, 23-24 б.) де соны дәлелдейді. Әйтсе де осы өлеңнің Фазыл көшірмесінің қазір біз ұсынып отырған қалыппен аяқталып, онан кейінгі: "Құйылар бір күн топырақ есіл көзге" - деп басталатын топтама шекесіне: "Мәшһүрдің сегіз мүшесі туралы жазғаны" - деген тақырыпша орын алуы көшірушілер арасында да екі ұдай пікір болғанын аңдатады. Осы топтаманың жеке өлең екендігі ақынның кейін табылған 11-папкасы ішінде бар екені жоғарыда осы өлеңге берілген түсінікте ескертілді.

## *Иса Шорманұлы*

Жалпы көлемі 54 шумақ, яғни 216 тармақтан тұратын бұл өлең әулеттік мұрағатта сақталған: Жолмұрат, Фазыл және Мәдіұлы Сұлтанмахмұт көшірмелерін салыстыра отырып әзірленді. Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі (1-папка, 377-380 б.) соңында: "Тамам жазылды, көрінгеннен қалғаны жоқ" - деп ескертілсе, шығарма маңдайшасында: "Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1902 — Иса Шорманұлының қажыға барған сапарын өлеңмен сөйлегені" - делінген. Соңғыға ұқсас түсініктеме Фазыл көшірмесі маңдайшасына да орын тепкен: "Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1902 жылы Иса Шорманұлына шығарғаны".

Әулеттік мұрағаттағы Жолмұраттың енді бір көшірмесі (1-папка, 341 бет): "Мәшһүр-Жүсіптің Мұхаммеджан атынан сөйлегені" - деп берілген екен. Анықтай келгенде, оның "Иса Шорманұлы" өлеңінің соңғы 5 шумағы екені анықталды. Осы орайда шығарманың ең соңғы шумағы басқа көшірмелерде орын алмағандықтан, тек осы үзік көшірме бойынша қосылғанын ескертеміз.

Көлем жағынан әрі ең толығы, әрі ең деңгейлесі Жолмұрат пен Фазыл көшірмесі көбінесе бірдей болып келсе де, ара-тұра сәйкессіздіктер де кездеседі.

1. Фазылда 11-тармақ: "Туған жанның бәрінің бір өлмегі бар" - делінсе, Жолмұратта сәл өзгеше: "Туған жанның бәріне бір өлмек бар". Осы орайда біз бунақ, буын біркелкілігі тұрғысынан Жолмұратты таңдадық.

2. Фазылда 11-шумақтың бастапқы жолы: "Бұл дүние бәрімізден өтер дейді" - бет ортасына көденендеп жазылып, одан әрі екінші, үшіншісі тіркеліп, қалыпты орында тек төртіншісі тұрса, Жолмұраттағы дұрыс қалыпқа сүйену нәтижесінде барып, Фазыл атамыздағы біраз рет бұзылуын анықтауға мүмкіндік туды.

3. Жолмұратта да, Фазылда да: "Бас қосып жүрдік көп боп: жақсы-жаман" - деген 46-тармақ жазылмай қалса, оны Мәдіұлы Сұлтанмахмұт (14-бет) көшірмесі бойынша енгіздік.

4. "Бесігін Фатиманың және салып" - деген Фазылдағы 58-тармақтағы "және" сөзін Жолмұраттағы "бірге" сөзімен алмастыруды жөн көрдік.

5. "Шаһарға түйе боздап келеді екен" - деген 63-тармақта да Фазылдағы "келеді" - сөзі орнына Жолмұраттағы "кіреді" сөзін енгізуді таңдадық.

### *Нәпсіңді атқа мінгізбе*

Жалпы көлемі 56 шумақ, яғни 424 тармақтан тұратын бұл шығарма әулеттік мұрағатта сақталған ақынның өз қолжазбасынан (3-папка, 12-17 б.) көшірілді де, сол қордағы Жолмұрат (1-папка, 385-388 б.) және Фазыл (2-папка, 16-19 б.) көшірмелерімен салыстыру жүргізілді. Кезінде өлеңнің бастапқы тармағы: "Қалмады ойлай ойлай басымда ми" - шығарма тақырыбы ретінде алынып, ақын таңдамалысына (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 88-95 б.) енгені белгілі. Сөз жоқ, жоғарыда айтылғандай, тәжірибе кемдігі, кезең саясаты әсерін қабылдау салдарынан ол кезде кеткен бірен-саран селкеуліктерді, кейін басқа біреуге жүк болмас үшін, қазір аша кету жөн деп таптық:

1. 1990 жылғыда 18-тармақ: "Босқа ысырап жіберме келген кезді" - деп берілсе, бұ жолы ақын жазбасына сүйеніп: "ысырап" - сөзі орнына: "сірә (сыра)" сөзі кіргізілді.

2. Таңдамалыда 54-жол: "Жарлыға мал — бұл, ғылым — болар көрік" - деген түрде ірге теуіп, "болар" сөзі біртүрлі ұғынықсыздыққа ұрындырса, енді Мәшһүр-Жүсіпке иек артып, оны "байға" сөзімен алмастырғанда, түсініксіздік жоғалды.

3. Бұрынғы (1990 ж.) кітапта 60-тармақ: "Ұнамды ағайынға болсын ісің" - күйінде шаңырақ көтерсе, бұ жолы Мәшһүр-Жүсіп жазбасына сүйеніп (Жолмұрат, Фазылға да қарап), "ағайынға" сөзі "охотникке" дегенмен ауыстырылды. Ақынның араб, парсы өрнектері тәрізді орыс сөздерін тек бұл емес, басқа да шығармаларында үнемі кіргізіп отырғаны мәлім.

4. Таңдамалыда 96-тармақ: "Тұрғайсың сынайын деп әбден біліп" - қалпында орналасса, енді ақын жазбасы бойынша "сынайын" сөзі орнына "мұнафиқ" енгізілді.

5. 1990 жылғы 98-жол: "Біліп қыл, іс қылсаң, теріс пе, оң ба?" - деп алынса, бұ жолы "іс" сөзі алдына кезінде түсіп қалған "бір" сөзі қалпына келтірілді.

6. Таңдамалыда: "Ғылым, білім іздесең, болдың дана" - деген 150-тармақтан кейін 153 - болып тұруға тиіс: "Шайтанның шамаң келсе сындыр белін" - жолы орналасып, өлең ұйқасына, мағынасына кедергі тудырса, енді өз орнына ығыстырылды.

7. Бұрынғыда (1990 ж.) 203-жол: "Сүйкімді бүкіл жұртқа болам десен" - делінсе, бұ жолы "бүкіл" сөзі орнын "біткен" иеленді.

### *Шежіре өлең*

Бұл өлеңнің толық нұсқасы әлі табылған жоқ. Біз бұ жолы әулеттік мұрағатта сақталған: Жолмұрат, 2-папка, 248 б.; 3-папка, 137 б.; 1-папка, 173 б.; және Досмағамбет, 410-412 б. мәтіндерін құрастырып бердік. Досмағамбет нұсқасындағы: "Жылым — қой, тоғыз "беске" келіп жасым" дегеніне қарап, өлеңнің 45 жасында, яғни 1903 жылы жазылғанын анықтадық.

### *Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлегені*

Бұл өлеңнің жалпы көлемі — 103 шумақ, яғни 412 жол болса, ақын таңдамалысына (Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 72-82 б.) соның 89 шумағы, яғни 356 тармағы кірген де, 14 шумағы: 14, 30-31, 33-34, 36-37, 42, 72, 89-90, 95-96-97 шумақтары, яғни 56 жолы енбеген. Қысқару себебін ол кітаптың бұрынғы әміршілдік жүйе кезінде әзірленіп, дінге, саясатқа тиімсіз саналған жолдарды әдейі алып тастау орын алуымен түсіндіреміз. Ол кезде әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1-папка, 3-11 беттері) және оның баласы Мұхаммедфазыл мен жиені Жолмұрат көшірмелерін салыстыру негізінде әзірленсе, бұл жолы әулеттік мұрағаттағы үлгіні ҚР

ҒА Орталық Ғылыми кітапханасы, қолжазба қорындағы 1170-папкасындағы (499-513 б.) ақынның екінші бір өз қолжазбасымен салыстыру жүрді де, ара-тұра өзгешелік бары мәтінді баспаға әзірлеуде де, кейінгі түсінік беруде де ескерілді. Сонымен бірге әулеттік мұрағаттағы мәтін беттерінің бір жақ шекесінде, не қапталында орын алған Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазған жекелеген ескертулерін де кейінгі түсінікте өз ретімен келтіреміз. (Ескерту: Мәшһүр-Жүсіпте өшкен жеке сөзді Жолмұрат Жүсіпұлы (1-папка, 110-121 б.) көшірмесі бойынша қалпына келтірген жағдайда ол өзгеріс квадрат жақшаға алынып беріледі – Г.Ж.)

1. Әулеттік мұрағаттағы ақынның өз қолымен жазған алғашқы нұсқасында бұл тармақ мүлде өзгеше. Таңдамалыда да (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 75 б.) әулеттегі нұсқасы алынған болатын: "Талай алтын тот басып қалды-ау өтпей!". Біздіңше, бастапқыда ақын тек өз басы емес, жалпы тағдырды алға тартса, кейінгіде нақтылай түскенді жөн көрсе керек: "Алтын басым тот басып қалдым өтпей!". Біз осы жолы кейінгі жетілген түрін енгіздік.

2. Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1-папка, 5-бетінің сол жақ қапталында ақын қолымен жазылған түсініктеме: "Қыпшақ – Ыбырай, Тобықты – Құнанбай, Төртуыл: Мұса, Секербай жұр[т] билеп, жұрт үстін[де] жүргенде: "Ай мен күндей, әмбеге бірдей" - еді. Мың сегіз жүз алпыс тоғызыншы жылда олар қалып, партия басталып, ақшаны аямай шашып, "қой бағып, көтен жегендер" болыс болып, жұрт үстінде жүргенде, ай мен күннің орнына бұлт жүр[ген] болды. Жұрттың "бұлбұл" дегені – қарға, "дұлдұл" дегені арба болды. Нанбағандарың Мәшһүрдің қырық алты жасындағы заманды барып аралаңдар!".

3. Мұндағы: "ұялмастан" сөзі орнына 1170 папкада "үміт қылып" берілген.

4. Мұндағы: "Құлын жастай сатып қызын" - орнына 1170-те "қолындағы ұл мен қызын" алынған.

5. Мұндағы: "талап" орнын 1170-те "шауып" иеленген.



6. 6-беттің оң бүйіріндегі ескерту: “[К]ешегі біздің қырық алты жасымызда қожа-молдалар — біреу өлді деп естісе, жемтікке үймелеген қарғадай жиыла қалушы еді.”

7. 7-беттің сол қапталындағы түсініктеме: “Тауықтың қоразы айғайлайды. Қазақ ит ноғай молдаларының былшылдағанын ұғып алып: “Періштенің дауысын есітеді, сол себепті айғайлайды!” - деседі. Тұра сала ат тезегін аударып төңкереді. Қожа, молда, ишан, хазіреттер де: “Пайғамбар сөй депті, пайғамбар бұй депті” - деп, жұртқа маза бермейді. Дүниеге құл[қыны] құрығандығын көрсең, түзге [отырған] кісіні аңдитуғын қарғалар, иттер де айдалада қалады.”

8. Мұндағы: “іше алмас” 1170 бойынша берілсе, әулеттік мұрағаттағы бастапқы нұсқада оның орнында “су ішпейді” тұрғанын (Таңдамалыға әулеттегінікі енген — 78 б.) ескертеміз.

9. Осы жол әулеттік мұрағаттағы да (1-папка, 7-бет): “Мен ішсем, көл таусылып қалады — деп” - күйінде беріліп, ол Таңдамалыға да (78-бет) тап солай енсе, бұ жолы ұғымды нақтылай түскен кейінгі 1170-тегіні кіргіздік.

10. Әулеттік мұрағаттан алынған Таңдамалыдағы (79 бет) соңғы сөздер: “көздің жасы” - түрінде орын алса, бұ жолы ұғымды неғұрлым нақтылай түсіп, дәл берген 1170-тегі: “көзде жасы” - енгізді.

11. 8-беттің оң қапталындағы ескертпе: “Басында дағарадай сәлдесі бар бір қожа: “Қарны ашқан қаралы үйге қарай жүгіреді” - дегендей, байы өлген бір қатын байын жоқтап, дауыс қылып [жылап] отырса, кіріп келіп, Құран оқып отырып, төр алдында тұрған балтасын ұрлап, қойнына тығып, жымқырып отырған сықылды. Қатынның көзі шалып қалған, [есік]тен былайша дауыс қылады дейді:

Екі көзім ба[лтамда].

Балтам жатыр қалтаңда.

Балтамды алған қожаның

Мойнына мінген шайтан да — ау! — депті.

Сол қатын айтқандай, Николай заманындағы: ояз, пристав, милициялардың екі көзі, есі-дерті қалтада болды. Оны еліктеп, болыс, би, қожа, молда, ишандар да сондай!"

12.9-беттің сол қапталындағы түсіндірме: "Ішкен-жеген тамақтың малайы есепті болды. Бір тойған тамаққа сатылдық."

13.Мұндағы тармақ соңындағы: "айыға алмай" орнына 1170-те "есімді алып" - орын тепкен.

14."Қырық алты жасында сөйлеген: "Енді төрт жыл" дегені -- "Елу жаста боламыз!" - дегені.

15."Дәулет құсы" - бұрынғы з[ама]нда қанат-құйрығы түгел тұрғанда, әркімнің басына көлеңке салушы еді. Бұл заман қанат-құйрықтан айырылып, дуа жоқ, құр кет болып қалған. Кет болды, кетет де болды. Лат та болса, арт сұртуге жарамай қалған ескі шүберек болғаны."

16.10-беттің оң жақ шекесіне қоныс тепкен ескертпе: Сейфілмәлік" хикая[сында] бір дию адамзат қызын он үш жыл тұтқын қылған. Сонда басына бір тақтай қойып кетсе, қыз талып ұйықтап жата береді екен."

### *Мәшһүрдің сөзді киіндіріп, жұрт көзіне түсіргені*

Өлеңнің жалпы көлемі — 18 шумақ, яғни 72 тармақ болса, ақын таңдамалысында (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 147-149 б.) оның "Жалғанда біреу — үлкен, біреу — кіші" - деп басталатын бесінші шумағы мен оған ілескен алтыншы, жетінші шумақтары енбей қалған. Бұл жолы мәтін әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр — 1-папка, 11-13 б. жазбасымен жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1170 папкадағы (147-149 б.) ақынның екінші жазбасын салыстыру арқылы әзірленді.

Енді Таңдамалы мен біз ұсынып отырған соңғы нұсқадағы аз-кем айырмашылықтарға көңіл бөлеміз:

1. Таңдамалыда 38-тармақ: "Жасарып жапырақтары сүмбіл шаштай" - деген қалыпта өрілсе, бұ жолы Мәшһүр-

Жүсіптің екі жазбасында бірдей ондағы "жасарып" орнына "жарасып" тұрғандығы ескерілді.

2. Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасында біз ұсынып отырған қалыппен берілсе, жоғарыда аталған Алматыдағы қолжазба қорындағы 1170 папкада (932-бет) сақталған ақынның екінші бір өз жазбасында мүлде басқаша келтірілген: "Кісінің пұлдап сатар жоқтығынан."

3. "Фелаз шәдад" - сөздері туралы әулеттік мұрағаттағы мәтіннің (Мәшһүр-Жүсіп, 1-папка) 13-бетінің сол қапталының орта тұсына ақынның өз қолымен көлденеңдеп, қиғаштап жазылған мына ескерту орын алған: "Фелаз шәдад" - араб тілі: аямай тұғын қаһарлы дұшпанның қолында тұтқындықта қалғанын айтқаны. Ол дұшпан — жаман қатын. Қатының жаман болса, арманың кетер, балаң жаман болса, дәрменің кетер. Қайғы — қасіретпенен заманың өтер, бағызың отқа жаға-жаға кетерсің! Өмір осыменен өткен!"

Өлеңнің қашан жазылғаны туралы әзір дерегіміз жоқ. Тек Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен "Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі" өлеңінен соң ізінше жазылғанына қарап, бұл да 1905-1908 жылдар аралығында жазылған болар деп шамалаймыз. Жалпы, әулеттік мұрағатта сақталған 1-папкада Мәшһүр-Жүсіптің бір топ өлеңдері ақынның өз қолымен мына ретпен жазылған:

1. Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлегені (1-11 беттер).
2. Мәшһүрдің сөзді киіндіріп, жұрт көзіне түсіргені (11-13 беттер).
3. Бұл бір түрлі сөйлегені (13-15 беттер).
4. Дойбының ойыны (15-20 беттер).
5. Күндіз бен түннің айырмасы (20-22 беттер).
6. Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны (22-25 беттер).
7. Мәшһүрдің алпыс сегіз жасында сөйлегені (26-32 беттер).

Әрине, бұған қарап Мәшһүр-Жүсіп жиырма екі жыл бойы /қырық алты жасы мен алпыс сегіз арасында/ тек осы жеті

өлеңді жазумен шектеледі деуге болмас. Ақын бұл өлеңдерді тақырып жағынан топтап, бір бөлек көшіргенге ұқсайды. Өлеңдердің бастапқысы қырық алты жасында жазылып, ең соңғысы алпыс сегіз жасында боп келуінің өзі ақынның хронологиялық тәртіпті сақтағанын аңғартса керек. Сонымен қатар идея айту реті де осы айтқандарымызға сай келеді. Мәселен, алғашқы өлеңдерде әйтеуір әлеуметтік теңсіздік, зорлық т.б. шенелсе, ол сын “күндіз бен түннің айырмасы” тұсында ең бір биігіне жеткен тәрізді. Одан әрі берілген “Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны” өлеңінде аздап болсын торығу, үмітсіздік сарыны байқалады. Бұл өлең ақын кітаптары патша цензурасы назарына ілігіп, қуғын көрген шағының әсерімен туған болар деп есептейміз.

### *Бұл бір түрлі сөйлегені*

Бұдан бұрынғы ақын таңдамалысында да (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990 ж., 149-150 б.), бұ жолы да осы өлең ақынның әулеттік мұрағаттағы өз жазбасынан (Мәшһүр — 1-папка, 13-15 б.) алынды. Осы орайда 14-беттің оң жақ қапталында қиғаштап жазылған: “Ішкен астың, көңілім жүр, жетегінде” - деп басталатын 4 шумақтық, яғни 16 тармақтық осы өлеңге тән мәтін мазмұн-идеясына қарай: “Біле алмай бір де бірін көңілім жетіп” - жолынан кейін орналастырылды. Сөйтіп Таңдамалыдағы 13 шумақ орнына, мұнда 17 шумақ болып, біршама кеңейтіліп ұсынылды.

### *Дойбының ойыны*

Бұл туындының тікелей Мәшһүр-Жүсіп қолымен жазылған 2 нұсқасы бар. Оның бірі әулеттік мұрағатта (Мәшһүр-Жүсіп — 1-папка, 15-20 б.) сақталса, екіншісі жоғарыда аталған қолжазба қорында (1170 папка, 933-937 б.) орын алған. Біз осы орайда екі нұсқада ара-тұра жекелеген түрлішелік болған жағдайда алдымен әулеттік мұрағаттағыны келтіріп, ізінше

1170-тегіні квадрат жақша ішінде беріп отырдық. Ескерту: Бұ жолы да, бұған дейін және кейін де жай жақша ішіндегісі бір сөздің сол кездегі әріппен жазылу қалпын жеткізу үшін қолданылады. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта Жолмұраттың 2 көшірмесі (1-папка, 126-129 б. және 3-папка 189-б. және 294-295 б.) сақталған. Осы өлеңнің маңдайшасында (ол Жолмұрат көшірмелерінде де қайталанады) ақынның мынадай бір ескертуді бар: "Мына бір сұрлау жалғанның ісі ойынның ұтысы сықылды. Біреу ұтылып құр алақан қалып жатыр. Біреу есебін тауып, ұтып алып жатыр."

Осы орайда бұл өлеңнің алғашқы нұсқасы ақын таңдамалысында (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990 ж., 150-153 б.) едәуір қысқарып жарияланғанын, жалпы көлемі 36 шумақ, яғни 144 тармақтық шығарманың 14 шумағы, яғни 56 жолы енбей қалғанын ескерткіміз келеді. Атап айтқанда: "Қапы қалма, бұл сөзді жалған тұтып" - дегенді бетке ұстаған 12-шумақ, сонымен бірге: "Кең жалғанның жүзінде закот қалған" - жолын маңдайша еткен 16-шумақ пен оған ілескен 17-26-шумақтар және: "Адам болсаң, адамдық ісін ойла" - тармағын алға тартқан 34-шумақ, оған ерген 35-шумақ кірмеген. Бұрын да ескерткеніміздей, алғашқы кітап кешегі басқаға отар болған заманда әзірленгендіктен де, бір ұлтқа, совет ұлтына, яғни орысқа айналуға басты бөгет жасайтын дінді, яғни исламды уағыздауға ашық та, жабық та қатаң тыйым, шектеу қойылғанын ескерсек, кітап әзірлеушілердің біле тұра бұл қысқартуға неге барғанын аңғару қиын емес. Демек Алла, сол арқылы ислам неғұрлым ашық дәріптегендіктен де, бұл жолдар пышақпен қию құрбаны болғаны анық. Енді не тәжірибе кемдігінен, не баспа қызметкерлері байқамауынан кеткен азын-аулақ ағаттықтарды да аттап өтпей, алға тартамыз:

1. 1990 жылғыда 22-тармақ: "Ойнай мұны білмеген асы болды" - күйінде келсе, бұ жолы "асы" сөзі 1170 папка мәтіні бойынша "ғасы" - деп өзгертілді.

2. Таңдамалыда келесі 23-тармақ: "Жыл да екі болғанда, ай да он екі" - делінсе, енді "жыл да" сөзі мен "екі" арасында түсіп

қалған "он" сөзі қалпына келтіріліп, енгізілді. Соның нәтижесінде белгілі бір ұғым түсініксіздігі жойылды.

3. Бастапқыда (1990 ж.) 28-жол: "Тартып қалмай бойыңды, аш қойныңды" - делінсе, бұ жолы соңғы сөз "қойныңды" "қойыңды" - деп өзгертіліп, бастапқы тармақтармен ұйқас үйлесімділігі қалпына келтірілді.

4. Бұрынғыда 29-тармақ: "Тілім алсаң, қайта түсіп алып биге" - деп отау тіксе, енді мәтінді қайталап оқып, игеру нәтижесінде соңғы "алып биге" - "әлиф, биге" - боп алмастырылды.

5. 1990 жылғыда 33-жол: "Аздан жесең, жетеді қолың көпке" - деп қанат жайса, бұ жолы "жесең" - ақын жазбасы бойынша "кешсең" сөзімен ауыстырылды.

Сонымен қатар әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1-папка, 17-бетінің сол қапталы мен 18-бетінің оң шекесіндегі ескертуді де осы жолы енгіземіз. 17-дегі үлгі: "Екі тілек бір көңілге сыймайды, екі қылыш бір қынға сыймайды. Жалған дүниенің жүзінде закот қалғандар — сараңның барып тұрған сараңы — осылар болды". 18-дегі түсіндірме: "Құдай патша патшалығына екі той жасаған: бірі - дүние, бірі — ақырет. Бұл дүние — Құдайдың жасаған дастарқаны. Оңбаған иттер өзінің былғап алғанын білмейді, "ит дүние" - деп, дүниені жамандайды".

### *Түркістан сапары*

Бұл туындының біздің қолымызда 4 нұсқасы бар. Оның екеуі әулеттік мұрағатта сақталған ақынның өз қолымен жазғандары (Мәшһүр-Жүсіп, 3-папка, 52-60 б. және 7-папка, 131-148 б.) болса, үшіншісі — Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі де, төртіншісі жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары топтастырылған 1173 папка ішіндегі (9-топтама, 41-44 б.) Жолмұрат жазбасы. Бұл өлең ең алғаш ақын таңдамалысында (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990 ж., 103-109 б.) жарық көрді. Осы орайда айтарымыз: ақын таңдамалысы әзірленгенде, әулеттік мұрағаттағы ақын жазбасының 3-папкадағысына және Жолмұрат көшірмесіне ғана

сүйенгендіктен, яғни 7-папка мәтіні ол кезде қолға түспегендіктен де, елеулі қиындықтар орын алғанын ескерткен жөн. Атап айтқанда, 3-папка мәтіні үлкен 4 параққа жазылып, кезінде ол үлгіні бүктеп сақтау орын алуы және ұзақ уақыт өтуі салдарынан бет ортасының бүктелген тұстары желініп, оған қоса соңғы парақтың төменгі жартысы жыртылып түсіп, бізге жетпеуі нәтижесінде шығарманың өшкен, үзіліп түскен тұстарын Жолмұрат көшірмесі бойынша қалпына келтіру жүзеге асқан еді. Осы орайда Жолмұрат атамыз да тек 3-папкадағыдан көшірген болар деп санауға негіз толық. Себебі кейін оның бәрін 7-папка мәтінімен салыстырғанда, әсіресе үзілген тұстарды көшіруі кезінде біраз ауытқулар орын алғаны анықталды. Оны төмендегі түсініктерде нақты көрсетеміз. 3-папкадағы өлең маңдайшасындағы түсінік шығарманың қандай жағдайда, қашан жазылғанын анықтауға мүмкіндік береді: "1908 жылында 4-августе Мәшһүр-Жүсіптің Түркістан, Ташкент шаһарларын арзу қылып шыққанда, қасындағы жолдастарынан сөйлеген [хик]-аяты Һәм жолдағы елдерден қозғаған хикаяты. Жазылды шаһар Ташкентте, 17 сентябрь медреседе".

Енді 1990 жылғы ақын таңдамалысында орын алған жеке-леген ауытқуларды 7-папка мәтіні бойынша қалай түзеткенімізді көрсетеміз:

1. Бұрын таңдамалыдағы 10-жол: "Қонысынан күйген жардың кесіп өтіп" - деп берілсе (103-бет), мұнда 7-папка мәтініне сүйеніп: "Қонысынан" сөзі "тұсынан" - деп өзгертілді.

2. Таңдамалыда 21-тармақ: "Бейшара өңшең ... жолдасымыз", - күйінде орын алса, бұ жолы көп нүкте орнына "сүлтік" сөзі қойылды.

3. 1990 жылғыда 26-жол: "Түп-түгел мәңгі біткен біздің қаста" - күйінде алынып, ондағы "мәңгі" сөзі ұғынықсыз болса, бұ жолы ол "малы" сөзімен ауыстырылып, бастапқы мағына қалпына келтірілді.

4. Бастапқыда (1990 ж.) 27-тармақ: "Ғазап үйім деуіме лайықты" - түрінде келіп, әрі ұғынықсыздық, әрі бунақ ішіндегі

буын санының алғашқыда көбейтіп, соңында шүнтиюы іске асса, осы жолы: "үйім" сөзі "лим" - деп түзетілді.

5. Таңдамалыда 31-32 тармақ орнына тек көп нүкте қойылса, бұл жолы толықтырылды.

6. Таңдамалыдағы 36-жолдың соңындағы "желім" сөзі орнына "жылым" сөзі енгізілді.

7. Таңдамалыдағы 43-тармақтағы: "осылармен" сөзі "жер сібір қып" сөздерімен ауыстырылды.

8. Таңдамалыдағы 95-жолдың соңғы: "Таба болып" сөздері "Таба қылып" - деп өзгертіліп, ұғым нақтылануы, дәлдігі жүзеге асты.

9. Таңдамалыдағы 110-тармақтағы "ескі" сөзі 7-папка мәтіні бойынша "ішкі" сөзімен ауыстырылуы нәтижесінде оның алдындағы жолдағы "ескі" сөзін қайталаудан арылу іске асты.

10. Таңдамалыдағы 191-жол: "Сен же, мен же - болдың дарқан" - түрінде келіп, буын саны жетіспеуінен ырғақ бұзылуы байқалса, бұл жолы "мен же" тіркемінен кейін "тамаққа" сөзі кіргізілді.

11. Таңдамалыдағы 193-тармақ: "Жігіттер жаманнан қаш, қаш" - түрінде ірге теуіп, буын саны шөмеюі орын алса, бұл жолы қатар тұрған екі "қаш" сөзі ортасына "жаманнан" сөзі кіргізіліп, буын санын қалпына келтіру жүзеге асты.

12. Таңдамалының 198-жолдағы "қас" сөзі "тас" сөзімен алмасырылып, ұғымды нақтылау, дәлдік орнады.

13. Таңдамалының 207-тармағындағы "серік қылып" тіркемі орнына "серік көріп" енгізілді.

14. Таңдамалының 215-жолы: "Кісі деп елден таңдап алғандарым" болса, бұл жолы ол: "Кісі деп ертіп елден шыққандарым" - деп түзетілді.

15. Таңдамалының 222-тармағындағы: "елсіз" сөзі "жайсыз" - деп өзгертілді. Зерделесек, әңгіме "елсіз" жерге емес, "жайсыз" жерге қону, қонбау туралы екені анық.

16. Шығарманың ең соңғы жолы бұрын: "Әрқашан үйде к ... оңбағанды" түрінде беріліп, бір түрлі ұғым көмескілігін ту-



дырса, бұл ретте "үйде" сөзінен кейін "түзде" сөзі келтіріліп, түсініксіздік ысырылды.

### *Хамза өліміне*

Бұл туынды бұрын еш жерге ұсынылмаған да, жарияланбаған. Тұңғыш рет беріліп отыр. Көлемі — 61,5 шумақ, яғни 246 тармақ болатын бұл өлең әулеттік мұрағаттағы Фазыл (1-папка, 27-31 беттер) көшірмесі бойынша әзірленіп, бастапқы 7-ақ шумағы сақталған Жолмұрат (1-папка, 96-97 б. және 372 б.) көшірмелерімен де салыстыру жүргізілді. Мәселен, Фазылда 7-тармақ: "Өрт түсіп өзегіме салды пәре [пара]" - түрінде келсе, Жолмұратта "пәре" орнына "жара" сөзі тұр екен. Біз Жолмұрат нұсқасын алдық та, Фазылдікін ("пәре" (пара) жақша ішінде беруді жөн көрдік. Сондай-ақ Фазылда 12-тармақ: "Құлақ естіп, көз көрмес жерге жырақ" - деп беріліп, тап сол қалыптағысы Жолмұраттың екі көшірмесінің екіншісінде (1-папка, 372-бет) де қайталануына қарамастан, шумақтың алғашқы бунағы үш буынды болып келген ырғақ заңын басшылыққа алып, Жолмұраттың біріншісі көшірмесі (1-папка, 96 бет) бойынша оны: "Көз көріп, құлақ естімес жерге жырақ" - түрінде ұсынғанды жөн көрдік.

Осы орайда бұл өлеңнің қандай жағдайда жазылғанын ескерткен Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы сақталған екен. Енді соны келтірейік: "... жауһарымда бір қаяу болып ж ... төртеу болды, түгелдеу болды. "Құдай бергеннің ұғлы төрт болар — деген осы ғой!" - деп тұрғанда, ең кенжесі: Хамза ат[ы] қойылған бір бала екі жас жарымда өліп қалып, көңілге ақау түсіп тұрған кез еді. Ысқаяқ, шарық қатынның ескірген күні еді. Бу мен түтін, қайғы-қасірет жалғанның жәбір-жығасы көңілдегі ескі ғашық мығшоқ болысқан сүйгенінді ала алмай жүргенін айтқан.

Бұрынғы кәрі қатынмен жүргенін: "Желқом салып, жауыр атқа мінгендей болдым" - дегені. Жылқы болса, күнде бір ат мінбей ме? Көңіл шаттығынан иненің жасуындай дәнеме жоқ, - сөйлегендігін айтқаны.

Кейінгі (кейінгі) жақта маған-дағы бір дәурен тиіп еді. "Айрылып қап ағыздым көз жасымды" - сүйкімді, қылықты баладан айрылғанын айтқаны. Үшеуі нәресте: Мұхаммедсадық — тіліме, Хамза және үшеуі нарсиде мыштыры әм Көуім ақыреттік болған. Мұхаммедшарафи, Мұхаммедәмен, Мұхаммедфазыл, Фатима, Әмина — бұл бесеуіне ата болып ... бұған Мәшһүр тартылып болмаққа уалде нақ жанған да жоқ-ты. Опа ... бас-аяғы болған соң, әріп ға ... алты екіге бөлінсе болар. Жапа әріп ғылает сірсіт уау, [ә]лиф, иа үш әріп болады: уау, әлиф, иа. "Опа" деген - сөздің басы, уау — ақыры. Әлиф, уау, әбжед есебінде (хисабында) алтыға жүреді. Егер екіге бөлінсе, үш-үштен болады. Онда уау орнында жым болады. "Жым" - үшке жүреді. Бұрын "опа" болғанда, енді "жапа" болады."

Өлеңнің қашан жазылғаны туралы екі дерек бар: біріншісі, Жолмұрат ескертпесінде 1899 жыл (1-папка, 372 бет) делінсе, екіншісі — Фазыл көшірмесінде 31-шумақтың алғашқы жолы: "Жасымыз осы күнде — төрт он үште" - дегеннен алынған 52 жас, яғни 1910 жыл екендігі. Біздіңше, өлеңдегі: "Мезгілсіз шаш, сақалға ақ кіргізіп" жолы және ондағы өмірден көп жапа шегу сарынын жеткізу - бәрі де қырыққа енді келген шақты емес, кейінгі күйді аңғартады деп санап, 1910 жылға шегінген жөн. Алда ел арасында жиналмай келген үлгілер табылып, бұрынғыға қосылып, басқа тың деректер кездесе, біз кейін тууы мүмкін өзгеріске де дайын екенімізді қайталап мәлімдегіміз келеді.

### *Шайтанның саудасы*

Бұл өлеңнің жиналу тарихы туралы белгілі жазушы З.Ақышев құнды дерек қалдырды: "Ол кезде мен Семей пед.институтының студенті едім. 1937 жылдың жазында елге келгем ... Баянауыл ауданының "Қызыл қоғам" колхозынан "Жаңа жолына" қарай келе жатқамыз ... Бір шақырымдай жерде жалғыз қараша үй тұр." Әрі қарай автор Мәшһүр-Жүсіптің қарындасы Мәдинадан туған жиені Қасенғалиден осы өлеңді тыңдап, соны жазып алу үшін бөгелгенін жазады да, кейін оны Алматы-

дағы Діқан Әбілевке жібергенін, одан мектеп оқулығын құрастырушылар Қ. Бекхожин мен Е.Смайылов қолына түсіп, ақыры 1940-1946 аралығында 3-4 басылым көргенін жазады. (Ақышев З. Деректер // "Қазақстан мұғалімі" газеті. №38, 16 сентябрь, 1983 ж., 4-бет).

Бұдан кейін елуінші жылдардағы ақын-жазушыларды қайта қаралау науқаны басталып, ақын шығармаларының мектеп оқулығынан шығып қалғаны мәлім. 1956 жылдан бастап Кеңес үкіметінің бұрынғы басшысы И.В. Сталин қателігі т.с.с. сөз бола бастап, 1938 жылдары атылған: С.Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров т.с.с. ақталуының әсерінен де ақын шығармашылығы толық ақтала қоймаса да, жекелеген әдебиет зерттеуші мамандарының күш салуымен 1959 жылы жоғары оқу орны хрестоматиясына ақынның 1907 жылғы кітаптарынан үзінділер және "Шайтанның саудасы" енді (XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Хрестоматия. (Құрастырушылар: Т.Әбдірахманов, Қ. Жармағамбетов) // Алматы, Қаз. мем. оқу-педагог. баспасы, 1959, 281-290 беттер).

Сол 1956 жылдардан бастап баспасөз бетінде: Д. Әбілев, М. Қаратаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Бөжеев, С. Дәуітов т.с.с. мақалалары жариялануы ақын шығармаларын шығаруды жақындата түскен игі істер екенін атап өте отырып, солардың ішінде ең көзге түскені белгілі жазушы М.Мағауин құрастыруымен Ленинградта орыс тілінде 1978 ж. "Поэты Казахстана" - деген атпен шығып, бүкіл Кеңес Одағына таралған көп тиражды антология ішіне осы өлеңнің орысша нұсқасы енуі дер едік.

1990 жылы шыққан ақын таңдамалысының бірінші томына да бұл туынды енді (187-194 б.). Әйтсе де бұл туындының ең толық, ең дұрыс нұсқасы тек осы жолы ұсынылып отыр. Себебі бұдан бұрын ақынның осы өлеңі түрлі көшірмелер арқылы (1937ж. З. Ақышев жазбасы, одан кейін Фазыл, Жолмұрат көшірмелері т.с.с.) беріліп келсе, бұ жолы ақынның өз жазбасы ел арасында, Баянауыл ауданы тұрғындары: Иманғали Маненов, одан кейін Садық Сапабекұлы мұрағатында сақталып, тек 2004 жылдың 27 сәуірінде Садықұлы Кенжебектің осы

кітапты әзірлеуші Қ. Мәшһүр-Жүсіпке табыс еткенін ескерсек, ақын мұрасын танытудың қиындығы алдымен кезінде жасырын ұсталып, кейін оны әйтеуір қолдан шығармаушылар аз еместігінен туатынын да ескерген жөн. Бұл 2003—2013 жылдар аралығында Мәшһүр-Жүсіптің көп томдығын шығарумен де әрі Мәшһүр-Жүсіпті, әрі басқа да ертедегі қазақ ақындарын тану-таныту бітпейтінін, ақындар мұрасын жинауға мемлекет қамқорлығы, сыйақы беруге т.с.с. ақша бөлуі керектігін тағы да дәлелдейді. Сондай-ақ көрші ел мұражайларындағы: Ресей, Өзбекстандағы және Еуропа, Азияның басқа да елдеріндегі кітапханаларда, мұрағаттарда көміліп, ескерілмей, анықталмай жатқан төл мәдениет үлгілерін іздеу, сатып алу, тіпті көшірмесін алу жұмыстарына да мемлекет қамқорлығы, сөз жүзінде емес, іс жүзінде кірісуді ұйымдастыру керектігін осы орайда тағы еске салғымыз келеді.

Осы орайда жалпы көлемі - 63 шумақ яғни 252 тармақ өлеңнің 4 шумағы: "Армансыз кім кетпейді бұ жалғаннан" - деген тармақты маңдайша еткен 48-шумақ пен оған ілескен: 49,50-шумақтар және "Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген" - деп басталатын 54-шумақ, айналасы 16 тармақ осы жолы ғана енгізілгенін еске саламыз.

### *Өлеңдегі сөз өзгерістеріне және біраз араб, парсы сөздеріне түсініктер:*

1. 1940 жылғы 9 класқа арналған мектеп хрестоматиясында (84 б.) және 1990 жылғы таңдамалыда (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990 ж., 188 б.) соңғы сөз: "жатқан" - түрінде алынса, бұ жолы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасына сүйеніп, оны "жатса" сөзімен алмастырдық.

2. 1940 жылғыда (85-бет) және содан алынған 1959 жылғы "XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті" хрестоматиясында: "- Барасың — лағынға айтты — қайда? - дейді" - делінсе, 1990 жылғы таңдамалыда: "Барасың, Лағын айтшы, қайда? — дейді" — деп, әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат, Фазыл көшірмелері

бойынша түзету енгізілсе, кейін табылған ақын жазбасы да осы өзгерту дұрыстығын анықтап отыр.

3. 1940 жылғы хрестоматияда (85-бет) және 1990 жылғы ақын таңдамалысында (188-бет): "Жалпақ жұрт бара жатқан ду базарға" - делінсе, енді: "Жалпақ жұрт барып тұрған ол базарға" - деп өзгертілді.

4. 1940 пен 1959 жылғыда: "Жұрт басқа тері-терсек, жүн сатады" - делініп, "басқа" сөзі түсініксіздікке ұрындырса, таңдамалыда әулеттік мұрағаттағы: Жолмұрат, Фазыл, З.Ақышев көшірмелеріне иек артып, оны "барса" деп алмастырған екен, ақын жазбасы да осы түзетуді дәлелдейді.

5. 1940, 1959, 1990 жылғылардың бәрінде де: "Жұрттың тыныштық бүтінін ойламаймын" - делінсе, бұ жолы "тыныштық" сөзі "тыйышын" - деп өзгертілді.

6. 1940 пен 1959 жылғыда: "Саламын көп бас қосқан жерге бүлік" - түрінде отау тіксе, 1990 жылғыда әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат, Фазыл, З.Ақышев көшірмелеріне сүйеніп: "көп бас қосқан" - орнына "бас қосылған" кіргізілген екен. Ақын жазбасы да 1990 жылғының дұрыс екенін көрсетті.

7. Мұндағы: "Мікір — хайла" сөзінің аудармасын 1940 жылғы кітап құрастырушылар: Е. Исмайылов, Қ. Бекхожин: "Қастық айла" - деп берген екен, біз де соған қосыламыз.

8. 1940, 1959, 1990 жылғылардың бәрінде де: "Көптің басы қосылған жиын-жайда" - делінсе, енді соңғы екі сөз: "жиын-тойда" - деп алмастырылды.

9. 1940, 1959, 1990 жылғылардың бәрінде де: "Жібек, кендір арқанмен буып тартқан" - делінсе, бұ жолы "буып" орнына "бұрап" еніп, ұғымның нақтылана, дами түсуіне жол ашылды.

10. 1990 жылғы кітапта әулеттік мұрағаттағы: Жолмұрат, Фазыл көшірмелеріндегі және 1940, 1959 жылдар кітаптарындағы қалыпты ескермей, тек З.Ақышев көшірмесіне иек арту жүзеге асса, бұ жолы ақын жазбасына (Мәшһүр-Жүсіп, 11-папка, 20-бет) сүйеніп, 1940, 1959 ж. кітаптардағы үлгі қалпына келтірілді: "Көрүмен, көңіл көзбен аңғарады".

11. 1940, 1959 жылғы кітаптарда: "Такаппарлық жүгімді қалдырмастан" - күйінде кереге жайса, 1990 жылғыда әулеттік мұрағаттағы Жолмұратқа сүйеніп, "қалдырмастан" орнына "қалтасы мол" енгізілген екен. Ақынның төл жазбасы да кейінгі өзгеріс дұрыстығын бекіте түсті.

12. 1940, 1959, 1990 жылғыда: "Томпайтып қалтасына жүрген сыймай" түрінде орын алса, осы тұста тағы да Мәшһүр-Жүсіп жазбасы бойынша: "Томпитып, қалтасына ақша сыймай" - деп өзгертілді.

13. 1959 жылғыда: "Бүлдірер өз үйіне өзі сыймай" - түрінде келсе, З. Ақышев, Жолмұрат, Фазылда "бүлдірер" сөзі орнына "дүрдиер" сөзі тұрғаны ескеріліп, 1990 жылғыда ол кейінгімен ауыстырылып еді. Бұ жолы соған қоса 1940 жылғыда: "дүрдиер" тұрғанын, Мәшһүр-Жүсіпте: "Дүрдиіп" екені ескеріліп, соңғысы басшылыққа алынды.

14. 1940, 1959 жылғыда: "Бұл жерде алушы жоқ оны — дейді" - деп өрнектелсе, 1990 жылғыда Жолмұрат, Фазыл бойынша: "Бұлардан он есе артық құны — деді" - деп түзетілген. Мәшһүр-Жүсіп жазбасы да осы өзгерісті діттейді.

15. "Тамиғ" сөзін 1940 жылғы кітапта: "Дәме етіп, тілемсектік" - деп (88 б.) аударған екен, оған алып-қосарымыз жоқ.

16. "Мүсуәк" сөзіне 1940 жылғыда (88 б.) "Тіс жуатын ағаш" - деп анықтама берілген.

17. "Алғуам, кәл һауамға" - дегенді 1940 жылғыда заманыңғайына бейімдеп, тек бір ұғымға, "көпшілікке" - деумен шектелу орын алғанын еске саламыз.

18. 1940, 1959, 1990 жылғы кітаптардың бәрінде: "Еркіме қоймаған соң, қызығып қол" - делінсе, енді "қызығып" орнына Мәшһүр-Жүсіп жазбасы бойынша "сырғанап" сөзін ұсынамыз.

19. 1940, 1959, 1990 жылғылардың бәрінде: "Еділ, Жайық, Ертіс пен Шу мен Сырға" - түрінде орнықса, осы жолы "Шу мен" орнына "дария" енгізілді.

20. 1940, 1959 жылғыда: "Дүниеде көрдім бәрін не бар қатты" - түрінде бой көтерсе, 1990 жылғыда: "не бар қатты"

орнына "жұмсақ-қатты" енген екен. Бұ жолы соңғылары: "қатты-тәтті" түрінде ірге тепті.

21. 1940, 1959, 1990 жылғылардың бәрінде: "Ат беріп, ақша беріп шашқаным жоқ," - қалыбында өрістесе, бұл тұста ақын жазбасын ғана басшылыққа алып, "шашқаным" дегенді "алғаным" сөзімен алмастыруды жөн көрдік.

22. "Ләйлі" сөзіне 1940 жылғы кітапта мынадай анықтама берілген: "Ләйлі — "Ләйлі-Мәжнүн" поэмасының образы. Сұлу қыз Ләйлі үшін жігіт жынданып, диуана болады. Мәшһүр-Жүсіп: "Мен Ләйлі үшін жүрген емеспін" - дейді."

23. "Иләһи" сөзіне 1940 жылғыда мынадай түсінік жазылған: "Иләһи — "бола берсін, болсын" - деген мағынада".

### *Мәшһүр атты қалай алғандығы*

Туындының жалпы көлемі — 116-шумақ, яғни 464 тармақ болса, оның 1-100 шумағы, демек 100 шумақ, яғни 400 тармағы әулеттік мұрағаттағы: Жолмұрат, Фазыл көшірмелері бойынша берілді. Ал, "Наданнан бойыңды алыс қылып сақтан" - деген жолды маңдайша еткен 101-шумақ пен 107-шумақ аралығы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өзінің бірінші жазбасы үзгі (7-папка, 179-180 беттер) және сол шумақты (107-ні) маңдайша етіп, соңғы 108-116-шумақтарды қамтыған басқа бір түсті қағаздағы екінші жазбасы үзгі (181-182 б.) бойынша әзірленді. Сонда бізге жеткен ақын жазбасы көлемі — 101-116-шумақ аралығы 16 шумақтан, яғни 64 жолдан тұрады. Бұл өлең 1990 жылғы ақын таңдамалысының бірінші томында жарияланған (114-127 б.). Таңдамалыда түрлі себептермен: "Алды-артымда серік жоқ, жалғыз өстім" - деп басталатын 27-шумақ және: "Деп ойлап: "Алданбайын болмашыға" - жолын алға ұстаған 98-шумақ пен оған ілескен 99, 100-шумақтар, айналасы 4 шумақ, яғни 16 тармақ еңбегенін еске саламыз. Сөз жоқ, "Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын шығара аламыз ба, жоқ па?" - деп, біре-се Қазақстан ком.партиясы Орталық Комитетіне арыз жазып, енді бірде жинақ құрастырушылардың бірінің әзірлегенін, екіншісі алға апарып жүргенде, бұдан бұрын ескертіп келген-

іміздей, мұнда да жекелеген сәйкеспеулер ұшырасуы бұ жолы да орын алғанын ескертеміз.

1. 1990 жылғы таңдамалыда 4-тармақ былай берілген: "Сәулесі болмас нендей болмаған жан" (114-бет). Бұ жолы ұғынықсыздық арқалаған "нендей" сөзі "мендей" - деп өзгертілді. Әулеттік мұрағатта таңдамалыны алғаш баспаға әзірлеген Қ.Мәшһүр-Жүсіп көшірмесінде де: "мендей" сөзі тұр екен. Міне, бұдан кітап басылу кезінде кейін орын алған қате екені көрініп тұр.

2. 1990 жылғыда 15-жол: "Қалаға бір қыс қыстап пәтер тұрып" - делінсе, "тұрып" сөзі әулеттік мұрағат мәтіндері, яғни алдымен Фазыл, Жолмұрат, кейін одан көшіруші Қ. Мәшһүр-Жүсіп бойынша "алып" сөзімен алмастырылды.

3. 1990 жылғыда 147-тармақ: "Құтболды ишан баласы: Фазыл, Мағзұм" - түрінде келсе, енді әулеттік мұрағаттағы 3 көшірмеге иек арта отырып, "Құтболды" сөзін "Құлболды" - деп өзгерттік.

4. 200-жолдағы: "Ер назары тиюмен нәфіс қылды" - дегендегі "нәфіс" сөзінің 1990 жылғы таңдамалыда: "араб сөзі - ... ықылас, ынта, мән ... секілді ұғымдарды" - беретіні (268 б.) орынды көрсетілген.

5. Таңдамалыдағы 207-208-тармақтар: "Бақыр-ай, көп жасағыр болсын! — дейді //Мынау не ғып тұр деп сілтемеді" - деген түрде алынса, енді орын ауысқан үшінші тармақты соңғыға, соңғыны үшіншіге түсіріп, бірінші, екінші жолмен тек төртінші ұйқасуын талап ететін қара өлең ұйқасы дәстүрін әулеттік мұрағат мәтіндеріне сүйеніп қалпына келтірдік.

6. 1990 жылғыда 276-тармақ: "Қалай тізіп сөйлейін бәрін жеке" - деп беріліп, соңғы "жеке" сөзі әрі өз алдындағы 1, 2-тармақ соңындағы: "көпке", "епке" сөздеріне онша ұйқаспай, әрі "тізіп" сөзімен байланыспай тұрса, бұ жолы оның орнына әулеттік мұрағатқа сүйеніп "жіпке" сөзін енгізу нәтижесінде әрі ұйқасты жөндейдік, әрі "тізіп ... жіпке" - дегенді қалпына келтіріп, сөз мағынасын түзедік.



7. Таңдамалыдағы 287-жол: "Хазіреттің үйі сонда, жүдеуменен" - дегендегі соңғы сөзді әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат, Фазыл көшірмелеріне сүйене отырып, "жүруменен" деп алмастырдық. Расында, әңгіме баланың жүдеуі емес, жүруінде екені анықталды.

8. Бастапқы кітапта 322-тармақ: "Бұл дүние жастай маған келді қатты" - түрінде алынса, енді тағы да Жолмұрат, Фазыл көшірмелеріне иек артып, "жастай" сөзін "тастай" деп түзедік.

9. 1990 жылғыда 346-тармақ: "Тас болып, қанша қиын таудан асқан" - деп берілсе, бұ жолы тағы да мұрағаттар мәтіні бойынша "болып" сөзін "басып" өрнегімен ауыстырдық.

10. Таңдамалыда 368-жол: "Жүдемес қажып ешкім өлгеніме" - делініп, соңғы сөздің алғашқы 1, 2-жолдағы: "бергеніңе", "көргеніңе" - дегендерге үндеспеу, қабыспауы байқалса, осы жолы мұрағаттарға қайталап үңіліп, оны "өлгеніңе" - деп өзгерттік.

11. 1990 жылғыда 370-тармақ: "Түсінбеген сөзіңді шала ұғады" - деп отау тіксе, әулеттік мұрағаттағы мәтіндер бойынша "сөзіңді" - "сөзіңе" деп түзетілді.

12. 1990 жылғы кітапта 402-тармақтағы: "Берілген ғылым, хикмет маған хақтан" - жолындағы "хикмет" сөзінің араб сөзі екені, "даналық мағынасында" алынғаны (289 б.) орынды көрсетілген.

13. 432-жол таңдамалыда: "Іске қарап, жалғанда жалғыз уық" - деген қалыпта кереге жайып, "қарап" сөзі ұғынықсыздыққа ұрындырып тұрса, енді әулеттік мұрағаттар, оның ішінде Мәшһүр-Жүсіп жазбасы бойынша, ол сөз "жарап" сөзімен алмастырылып, мағына айқындығын қалпына келтіруге мүмкіндік туды.

14. 455-жол таңдамалыда: "Зеректіктің сазасын көп тартумен" - деп орын тепсе, бұ жолы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша "сазасын" сөзін "сазайын" - деп өзгерту жүрді.

## *Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге*

Бұл өлең әулеттік мұрағаттағы ақынның өз жазбасы (3-папка, 4-11 б.) бойынша ұсынылып отыр. Шығарма шекесінде Жолмұрат қолымен 304 жол деп жазғанын, біз ұсынып отырған нұсқада 38-шумақтан кейінгі жазуы өшіп, шеті іріп, жыртылған бір шумақтың енбеуін ескергенде, қалғаны 300 тармақтық, 75 шумақтық өлең екенін салмақтасақ, туынды тегіс қамтылды деуге негіз толық. Бұл өлеңнің бұған дейін ақын таңдамалысында жарияланғанын (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 95-102 б.), онда дінге т.с.с. байланысты жеке шумақтардың әдейі қысқартылғанын ескертеміз. Олар: 32, 33, 35, 38, 60-шумақтар, яғни айналасы — 5 шумақ, яғни 20 тармақ. Атап айтқанда, бұл кітапта: "Қазақ тіпті жақсы еді аман күнде" - деп басталатын 32-шумақ пен оған ілескен 33-шумақ; сонымен бірге: "Ішер ас пен сатылып, мінер атқа" - дегенді маңдайша еткен 35-шумақ және: "Ұстасамын қожамен елде тұрған" - деп басталатын 38-шумақ орын алмаған. Мұндай кірмей қалу шығарма соңына қарай да орын алған: "Құдайдың бергеніне көп-көп шүкір" (60-шумақ).

Біздіңше, шығармадағы жеке сөз үлгілеріне қарап, шығарма білімсіз, дүниеқор қожа-молдаларды сынауға ғана арналған деп түюге болмайды. Басқа да шығармаларындағыдай, ақынның бұл өлеңінде де басты сын ежіктеп, қадалып шенеу т.с.с. аясымен шектелмейді, қайта сол арқылы бүкіл қоғам дамуындағы келеңсіздіктерді аша отырып, күрескер азамат міндеттерін межелей түсуге негіз қалайды. Қысқасы, ақын өрнектерін бөліп алмай, бүкіл шығарма рухына бағындыра зерделегенде ғана ХХ ғасыр басындағы поэзиядағы сыншыл реализмнің даму ерекшелігін кеңірек ашуға мүмкіндік туады деп санаймыз.

Енді 1990 жылғы кітап пен біз ұсынып отырған нұсқа арасындағы өзгешеліктерді сөз етейік:

1. Таңдамалыдағы 16-тармақ: "Сонда да шаншылмайды аяқ алыс" — күйінде өрілсе, белгілі бір ұғынықсыздыққа ие болған "шаншылмайды" сөзі Мәшһүр-Жүсіп жазбасына сүйеніп, "шашылмайды" - деп түзетілді.

2. Бұрынғыда (1990 ж.) 97-жол: "Келіспес, біле тұрып арам десек" — деген қалыпта ірге тепсе, қажет ұғымға сай келмейтін соңғы "десек" сөзі тағы да ақын жазбасы бойынша "жесек" - деп алмастырылды.

3. Бастапқыда (1990 ж.) 106-тармақ: "Құмалақпен тамырын тапса айтады" - деп отау тіксе, ондағы "тамырын" сөзі "тамырмен" - деп өзгертілді.

4. 1990 жылғыда 112-тармақ: "Барады быт-шыт болып жұртты бұзып" - түрінде шаңырақ көтерсе, енді "болып" сөзі "қылып" - дегенмен ауыстырылды.

5. Таңдамалыдағы 115-жол: "Құрметлеп қожа-молда ап кеткен соң" - деп жайғасса, ондағы соңғы "ап кеткен соң" сөздері "ап келген соң" - деп түзетілді.

6. Алдыңғыда (1990 ж.) 117-тармақ: "Бай тоқтатып" - деп басталса, енді "бой тоқтатып" - деп түзетілді.

7. Бұрынғыда 161-жол: "Шұқанақ жинағаныңмен" - деп басталса, енді екінші сөз "жиғаныңмен" - деп өзгертілді.

8. Бастапқыда 168-тармақ: "Қазақтың" сөзімен басталса, енді осы сөздің соңындағы "ң" әрпінің артықтығы анықталды.

9. 1990 жылғыдағы 172-жол: "Ата жұртын аралап, зәрені алып" - деп сап түзесе, енді "зәрені" орнына "нәзірін" - сөзі қойылды.

10. Таңдамалыда 275-тармақ "шығармайды" сөзімен аяқталса, бұ жолы ол "шығармайтын" - деп алынды.

11. Бұрынғыдағы (1990 ж.) 291-жол ортасында: "жаяу-жалпы" сөздері тұрса, бұ жолы ол "жаяу-жалға" - деп түзетілді.

### *Төрт асыл, бес береке*

Бұл туындының әулеттік мұрағаттағы 3 нұсқасы бар. Оның біріншісі ақынның өз жазбасы (2-папка, 239 және 241-242 б.) болса, екіншісі Фазыл (2-папка, 15-16 б.) мен Жолмұрат көшірмесі (басы, 1-папка, 370-бетте де, соңы, яғни жұмбақ шешуі 2-папка, 137-бетте). Сонымен бірге жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары топтас-

тырылған 1173 папка ішінде Жолмұрат қолымен жазылған (1173 папка, 9-топтама, 17-18 б.) төртінші нұсқа да бар.

Фазыл көшірмесінің маңдайшасында: "Мәшһүрдің жұмбақтап айтқан сөзі" - деп, бұл өлеңнің тақырыбы ретінде берілсе, ақынның өз жазбасында тақырып көрсетілмегенін ескерткен жөн. Ал, 1173 папкадағы өлең маңдайшасында туынды тақырыбы ретінде өрнектеліп, асты сызылған Жолмұрат жазбасы орын алған: "Мәшһүр-Жүсіп сөзі: төрт асыл, бес берекенің шешуі." Біз Жолмұрат аталымын таңдап алдық.

### *Жылым — қой, тауық жылы мен үш жаста*

Бұл туынды әулеттік мұрағатта сақталған Фазыл мен Жолмұрат көшірмелерін салыстыра отырып әзірленді. Шығарма ең алғаш ақын таңдамалысына (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 109-114 б.) жарияланды. Осы көлемі 45 шумақтан, яғни 180 тармақтан тұратын шығарманың: "Өмірімде көрмей өттім қыс пен жұтты" - тармағынан кейін келетін, кезінде орынсыз қысқару құрбаны болған, яғни: "Нәпсімді өмір бойы тыйғаным жоқ" - деп басталатын 33-шумағы бұл жолы кіргізілді. Сонымен бірге 1990 жылғы кітапта араб әрпімен жазылған ескі мұраны оқу тәжірибесі кемдігінен, әр адамның өз қолтаңбасы ерекшелігі болатынын жете ескермеуден және баспа орашолақтығынан кеткен жеке қателер түзетілді.

1. Алтыншы шумақтың үшінші жолы, яғни 23-тармақ бұрын: "Дегендей: "Отындықтан оттық мосы" - делінсе, бұл жолы: "Дегендей: "Отындықтан оқтық мүсін" - деп түзетілді.

2. 44-тармақтағы баспа ағаттығынан кеткен "жолға түспес" тіркемі "қолға түспес" - деп өзгертілді.

3. 56-тармақ басындағы: "Қазір үйір күні емес ..." сөздері — "Қазақ үйір күні емес ..." - деп алынды.

4. 82-тармақтағы: "біреу үшін" - деген Фазыл көшірмесіне сүйену орнына: "беру үшін" - деген Жолмұрат нұсқасына ойыстық.

5. 93-тармақтағы: "Үш бесті, мінуіме бір ат алдым" орнына "Үш бесті атқа — мінуге бір ат алдым" - деп, көшірмелерді неғұрлым дұрыс оқу нәтижесін пайдаландық.

6. "Жоқтық ұят емес қой, барлық – мұрат" - делінген 162-жол бұрын Фазыл көшірмесі бойынша берілсе, бұ жолы: "Байлық – мұрат емес қой, жоқтық - ұят" - деп Жолмұрат бойынша алынды. Кейінгіде: "Айтылмақ ой біршама дамытылған, яғни алдыңғыдан кейінгі анағұрлым әсерлі" - деген түйінге тоқтадық.

7. 174-тармақтағы "желкемді" сөзі – Жолмұрат бойынша "желкемде" боп өзгертілді.

Алдағы уақытта ел арасынан Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы табыла қойса, тағы да өзгеріс енуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

### *Ұқыпты әйел*

Әулеттік мұрағатта сақталған Фазыл (2-папка, 11-12 б.) көшірмесі бойынша әзірленді.

### *Салақтық – дерт*

Әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (11-папка, 328-329 б.) бойынша әзірленді. Ұзақ уақыт өткендіктен және бізге жеткенше дұрыс сақталмағандықтан, іріл, өшіп, түсіп қалған шеткі әріптер орнына лайық деп тапқандарымызды квадрат жақша ішіне алып қосып отырдық.

### *Жақып сұлтанға*

Бұрын еш жерде жарияланбаған бұл туынды әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (4-папка, 188-195 б.) бойынша тұңғыш ұсынылып отыр. Өлең қазақ хан-сұлтандарына қатысты тарихи деректердің мол қамтылуымен ерекшелінеді.

### *Надан би*

Туынды әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің ортаншы ұлы Әмен мен кіші ұлы Фазыл көшірмелерін салыстыру барысында тұңғыш рет ұсынылып отыр. Жалпы көлемі – 14 шумақтан, яғни 56 тармақтан тұратын бұл өлеңнің 10-шумағы және

соңғы 13-14 -шумақтары мүлде жоқ болумен бірге, әсіресе 10, 11-шумақтардың өзгешелігі байқалады. Мәселен, Фазылда 39-жол: "Әуелде парақор боп үйренген соң" - деп, өлген адамның бір қырына ғана назар аударылса, Әменде бұл ұғым көп кеңейген: "Әуелде имансыз боп жаралған соң". Біз Әмен нұсқасын таңдадық. Сондай-ақ Фазылда 40-жол: "Жеріне оңбайтұғын барып жетті" - деп, біршама жалпылама берілсе, тап осы тармақ Әменде тағы да неғұрлым нақты берілуімен ерекшеленеді: "Түбіне жаһаннамның жаны жетті."

Туындының бастапқы бөлімінде де сәйкессіздіктер ұшырасады. Фазылда 7-тармақ: "Би екен тіршілікте бір ауылға" - делінсе, Әменде соңғы екі сөз "өз ауылына" - деп берілген. Біздіңше, соңғысы ұтымдырақ тәрізді. Фазылда 11-жол: "Қырық қадам көмген халқы кеткеннен соң" - делінсе, Әменде "халқы" орнына "жанлар" сөзі берілген. Біздіңше, "халқы" сөзі соның алдындағы 9-жолда орын алғандықтан, бұл жолғысы бір сөзді екі рет қайталау туғызып тұр, сондықтан Әмен нұсқасы басылыққа алынды.

### *Ит дүние*

Жалпы көлемі — 6 шумақ, яғни 24 жолдан тұратын бұл туынды әулеттік мұрағатта сақталған Омар Иманбаев (2-папка, 118-119 — беттер және 3-папка, 58-бет) көшірмесі бойынша әзірленді. Бұл ақын шығармаларының бірінші томына енген "Ит дүние" өлеңінің жалғасы екенін ескертеміз. Қара: Мәшһүр-Жүсіп. Шығ., 1-том, //Павлодар, ЭКО, 2003, 153-154 б.)

### *Мәшһүр-Жүсіптің Әмен атынан сөйлегені*

Бұған дейін бұл өлең Мәшһүр-Жүсіптің органшы ұлы Мұхаммедәмен (1888-1921) туындысы ретінде саналып келді. Оған 1916 жылы Ресей патшасының июнь жарлығына сәйкес Әменнің майданға қара жұмысқа аттануы — бәрі оқиғаның жуан ортасында жүрген бас қаһарман (Әмен) атынан баяндауы негіз болды. Әйтсе де Мәшһүр-Жүсіптің кезінде

Иманжүсіп, т.с.с. атынан өлең жазғанын, демек Әменді алға ұстап шығарма жазуы мүмкіндігін де ескерген жөн. Бұл туынды авторы Мұхаммедәмен емес, Мәшһүр-Жүсіп екендігін ақынның Мәдина деген қарындасынан туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлының өз қолымен жазып қалдырған мына ескертуі арқылы анықтадық: "Мәшһүр-Жүсіптің 1916 жылғы июнь жарлығымен Мұхаммедәмен деген баласы призывқа алынып бара жатқанда: "Әменнің жазып кеткені" - деп, жазған өлеңі." (ҚР ҒА Орталық Ғылыми кітапханасы, қолжазба қоры, 1173 папка, 9-топтама, 3-бет). Міне келтірілген осы мәтіннен кейін оны ұсынушы Жолмұрат Жүсіпұлы екені арнайы көрсетіліп, шығарма көлемі 100-жол екені де дұрыс ескертілген.

### *Момынның әйеліне шығарғаны*

Бұл өлең өулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1-папка, 89-92 б.) бойынша әзірленді де, сол қордағы: Фазыл (2-папка, 151-154 б.) және Жолмұрат (1-папка, 90-95 б.) көшірмелерімен салыстыру жүргізілді. Осы орайда Фазыл мен Жолмұрат көшірмелерінде: "Жанға қимас жан еді, ажал алды" - деген тармақты маңдайша еткен 44-шумақ жоқ екенін ескертеміз. Осы туындының ақын таңдамалысында жарияланғанын (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 127-133 б.) еске сала отырып, ескі қолжазба оқу тәжірибесі кемдігінен еніп кеткен аздаған ақауларға назар аудартуымыз тағы да бұрынғы еңбектен әйтеуір мін іздеу емес, көне жазбадан бүгінге көшіру кезінде де алда да қате кету мүмкігінен өзімізді де, өзгені де сақтандырып отыру ниетінен деп түсінген жөн.

1. Таңдамалыда 60-тармақ: "Сіздей аза, ер ескеріп келгеніне" - деп беріліп, "аза" сөзі біртүрлі ұғынықсыздық тудырып тұрса, бұ жол түпнұсқаға жіті үңілгенде, "аза" сөзі орнына "әз" сөзі тұрғанын анықтап, белгілі бір ұғымды нақты, дәл беруге ұмтылдық.

2. Таңдамалыда 97-98 – жолдар: "Мыж-мыж боп аз ғана өмір кетті барды, // Келмейді, қанша айтқанмен қайғы зары" -

түрінде берілсе, бұ жолы ең соңғы "зары" сөзі "зарды" боп өзгертіліп, әрі ұйқас үндестігі бұзылмауына, әрі ұғым нақтылануына қол жеткізілді.

3. Таңдамалыда: "Жұбатсайшы, молдеке, ем-дау айтып" - делінген 152-жолдағы "ем-дау" сөзі тағы да түсініксіздеу болса, бұ жолы түпнұсқаға ежіктеп үңіліп, оны "ем-дем" сөзімен алмастырдық.

4. Таңдамалыдағы 154-тармақ: "Кеудеңізде тұрғандай бәрі сайрап" - делінсе, бұ жолы "сайрап" орнына түпнұсқа бойынша "сарлап" (саралап) сөзі енгізілді.

5. Таңдамалыдағы 176-жол: "Тана, моншақ саудырып текке қалды" — деп берілсе, бұ жолы баспахана қатесі түзетіліп, "саудырып" емес, "саудырап" делінді.

6. Таңдамалыда 182-тармақ: "Құдай қосқан шын еді махабатты" - деп енгізіліп, "шын еді" сөздері әулеттік мұрағаттағы Фазыл көшірмесі бойынша берілсе, бұ жолы ақынның өз жазбасы бойынша оның орнына: "Кид Құдай" алынып, Фазыл нұсқасы жақша ішінде қоса кірді.

7. Таңдамалыда: "Даяр ғой ат-арбаңыз із бұрумен" - деп берілсе, біз бұ жолы мұқият екшеп, "із бұрумен" емес, "сборный - мен" - деген орыс сөзі енгізілгенін анықтадық. Демек жай ат-арба емес, "сборный" ат-арба, яғни бар бөлшегі жиналып бекітілген, әбден даяр болған ат-арба дегенде, сол ұғымның нақтылана түсуіне жол ашылды.

8. Таңдамалыда 211-тармақ: "Білгенге — жыр, қор бір дер білмегенге" - делініп түсініксіздікке ұрындырса, бұ жолы: "Білгенге — жыр, құр бір дыр — білмегенге" - деп, ұғымды бұлдырлықтан тазарттық.

### *Жеке сөзге түсінік:*

1. Һұмайун — парсы сөзі: 1. Патшалық, күштілік, қуаттылық — мағыналарын береді.

Өлеңнің жазылу мерзіміне келсек, 23-тармақтағы Момынның: "Алпыстан асқаныңда болшы жорға" дегеніне қарап, 1919-1920 жылдар деп белгіледік. Себебі 1921 жылы ақынның ортаншы ұлы Мұхаммедәменнің қастық құрбаны болғанын ес-



керсек, бұл мезгілсіз өлімге арналған өлеңде сол іспеттес қайғыға еш сілтеме болмауы да оның 1921 жылға дейін, яғни 1919-1920 жылдардың бірінде жазылғанын дәлелдей алады.

### *Әмен қазасына*

Бұрын еш жерде жарық көрмеген бұл шығарма тұңғыш рет жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1176 папка ішіндегі ақынның төл жазбасы (271 (365)-272(366) және 156(158)-162 беттер) бойынша ұсынылып отыр. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта: Фазыл мен Жұқаш Кәрібайұлы көшірмелері сақталған.

### *Әменді жоқтау*

Бұл туынды да бұрын еш жерде жарияланбаған және сол 1176 папка, 174(180)-175(181)-беттері бойынша әзірленді. Әулеттік мұрағатта: Фазыл, Жолмұрат көшірмелері сақталған.

### *Күліктің атқамінерлеріне*

Бұл туынды жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1176 папка, 176(182)-177(183) – беттеріндегі ақынның өз жазбасы бойынша әзірленді. Өлең маңдайшасында былай деп жазылған: "Мәшһүр-Жүсіптің Күліктің осы күнгі атқамінерлерінің ... ғын жақтырмай, ойламай жаза салған бір сөзі." Ал, өлең соңында оның жазылу мерзімі дәл көрсетілген: "1922 - 1 февраль".

### *Бұхара сапары*

Бұл туынды жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1176 папкадағы (314 (408)-317(411) – беттер) Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша әзірленді. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта осы өлеңнің Жолмұрат көшірмесі (3-папка, 302-304- беттер және 1-папка, 99-бет) сақталған. Ақын жазбасындағы 316(410)-беттің оң қапталында көденеңдеп жазылған ескерту орын алған: "Әуел Тауратта айтқанмен, жырхиз Забурде айтқанмен, Қынығ, шыбығ Інжілде айтқанмен, Ғытзыл ислам Фирқанда

айтқан: "Уағырзығын, биһилин". Шығарманың бас жағында: "Бүгінде келіп қалдық алпыс беске" (25-тармақ) — дегенге сүйенсек, өлеңнің жазылған уақыты 1923 жыл екені анықталады.

### *Бір редакторге*

Мәшһүр-Жүсіп қолымен жазылған (7-папка, 177-178 б.) осы өлең орын алған қағаздың екінші бетінде басқа бір адамның, яғни редактордың ақынның осы өлеңін газетке неге баса алмайтынына берген түсініктемесі берілген: "Ардақты жолаушы, кішілік білдіріп, сәлем соңында маған арналып, сізден он (10) жолдық өлеңше келіп отыр. Өлең иесі: "Біреу — деп жоримын. Жорысам да, бұл өлеңшені оған байлауға лайық таппаймын. Өйткені ол адам менің бұрынғы мөлшерімде анау-мынау емес, өзгеше салмақты орын алған адам еді. Ал, мынау өлеңшеде зәредей, салмақ жоқ, титтей баға жоқ, сын көтермейтін сылдыр жала. Қазақтың: "Өзі ұры ..." - дейтұғын мақалына дөп келеді. "Сол сөйтпей қайтер дейсің?" - деген адам жүріс ой иесі мен емес. Иесінде жұмысы болса, иесіне жазыңыз. Менде жұмыс болса, рұқсатсыз жолықтырмайтын өрескел, өр көңілді жуандықтың дұшпанымын. Бұрын білмесеңіз, бұдан білерсіз. Тілғасы. 13.11.25."

Осы хатқа және оның сыртына жазылған Мәшһүр-Жүсіп өлеңіне қарағанда, 1925 жылдары ақынның басқа бір бүркеншік атпен біреулерді сынап бір газетке өлең жібергені, газет редакторының ол туындыдағы сынды дәлелсіз деп тапқандықтан, баса алмайтынын хабарлағаны байқалады. Газет редакторының "жала" деп безектеуіне қарағанда, ақын сынына іліккен адам бір беделді қызметкер болуы мүмкін деп шамалаймыз. Газет редакторы хатынан сол кездегі үстем тап өкілі делінген бай атаулы сыналса, оны тексермей басу болмағандай, кеңес қызметкері шенелсе, "жала" деп ат-тонын ала қашу, яғни заман ызғары айқын сезіледі.

*"Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені"*

Бұл өлең Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысында (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 154-156 б.) жарияланған. 1990 жылғы кітапта әулеттік мұрағаттағы: Мәшһүр — 7-папка, 64-68 беттер бойынша әзірленсе, бұ жолы Мәшһүр-Жүсіптің Мәдина деген қарындасынан туған Қасенғали Жүсіповтың сақтауы бойынша жеткен, ақынның өз қолымен жазылған екінші нұсқамен (Мәшһүр — 7-папка, 107-108 б.) салыстыру жүргізілді. Әулеттік мұрағатта сонымен бірге Қасенғали інісі Жолмұрат және Фазыл көшірмелері де бар екенін ескерген жөн. Осы орайда әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің екі жазбасында да: 7-папка, 64-68 және 107-108 беттегі мәтіндер аралығында еш айырма, өзгеріс жоғын еске саламыз.

Сонымен бірге әулеттік мұрағатта шет-шеті жырымдалып түсіп қалып, үзік күйінде жеткен ақынның бір жазбасы (Мәшһүр-Жүсіп, 4-папка, 123-бет) сақталған:

Қонған соң хан қолынан қашып жарға,

Обал жоқ бір күн қоймай ...

Сазасы хан қолынан қашқандықтың

Шықылықтап ортаға алды ... [қарға].

Айдаумен ықтиярсыз тамақ, жұтқын,

Қолына дұшпанының қалма [тұтқын]!

Өтетін өңменіңнен қадалғанда,

Тілі ащы болып келмек, көзі ...

Ауырлап, Құдай ісін, көрме қиын,

Күтіп ал ықыласыңмен берген [сыйын].

Түсіріп жұрт алдына өнер берді,

Шыққан жоқ сенен шығын [ешбір тиын]!

"Қызыл тіл - өнер алды" - алдың оны,

"Бекер — деп білген қазақ айтпас [соны].

Жұрт құнсыз көрсе, көрсін, өкпелеме,

Бар шығар боларлық жер қадір — [құны].

Қанағат қылу керек бергеніне,  
Соңынан шұбап жұрттың [ергеніне],  
Ел итінің құйрығы қайқылықтан,  
Тарылма шулап иттің [үргеніне]!

Қараңды алыстағы жұрт көреді,  
Қақ түбінде (тобыңда) тұрғанды [кім көреді]?!  
Ат үстінде әрқашан жолаушыға  
Жерде тұрып бет ...

Бұл өлең жолдары біз ұсынып отырған мәтін жалғасы ма, жоқ, өзалдына бір туынды ма, оны ақын шығармалары неғұрлым толық жиналғанда ғана анықтай аламыз. Өлеңнің қашан жазылғаны хақында ақын бір жазбасының соңында ескерткен: "Алпыс сегізде жазғаны" (7-папка, 68-бет). Соған қарап өлең 1926 жылы дүниеге келген деп есептеп отырмыз.

### *Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны*

Бұл өлең ақын таңдамалысында жарық көрген (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 159-161 б.). Тап осы туынды 1990 жылы да, қазір де әулеттік мұрағаттағы: Мәшһүр-Жүсіп, 1-папка, 22-25 б. бойынша әзірленді. Әулеттік мұрағатта сонымен бірге: Жолмұрат, Фазыл көшірмелері бар екенін еске саламыз. Өлеңнің қандай жағдайда жазылғаны туралы өлең маңдайшасында ақынның өз ескертпесі орын алған: "Тобықты — Құнанбай, Қыпшақ — Ыбырай, Мұса, Секербай заманындағы жақсылар [ға] Мәшһүр сөйлеген. Оның сөзін домбыра алып, өлең айтқандар сөйлеген жерде көзінен жасы ағып, ... өзіне-өзі ие бола алмай жылап отырушы еді. Сондай жанлар - бәрі кетіп қалған соң, Мәшһүр[дің] ақындығымен қоштасқаны."

Шығарма қолжазбасы неғұрлым жақсы сақталғандықтан да, 1990 жылғы мен қазіргіде айырма, өзгеріс жоқ дерлік. Тек бір тұста сөз ауысуы орын алған екен: "Қараңғы айсыз болып,

болдым түндей." (52-тармақ). Бұ жол ақын жазбасы бойынша "болып" сөзі "бұлт" - деп, алмастырылды 25-беттің сол жақ бүйірінде: "Қалақ оқ-ажал оғы" деген ескертпе орын алған. Бұл осы бетте орналысқан: "Құтылмаймыз тура атқан қалақ оқтан" (74-тармақ) — дегендегі оққа байланысты айтылған.

### *Ағайын*

Кезінде, 1923 ж. Мәшһүр-Жүсіпті өз әкесі Әбдіразақпен бірге Павлодардағы Багаев фотоханасында суретке түсуге мұрындық болған Алдажар Әбдіразақұлынан жазып алған Сәрсенбі Дәуітов бұл туындыны ақын таңдамалысына енгізді (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 146 б.)

Қазір біздің қолымызда Мәшһүр-Жүсіптің жерлесі, шәкірті Омар Иманбаевтың 2 көшірмесі сақталған (Омар — 1-папка, 141 және 149-бет), оған қоса 1979 ж. 29 майда Баянауыл ақсақалдарынан естіп қағазға түсірген, кешегі 1941-1949 ж. Ұлы Отан соғысының ардагері Нағи Ахметов жазбасы бар. Міне, бұ жолы осы төрт көшірмені салыстырып, баспаға әзірлеу жүзеге асырылды. 1990 жылғы таңдамалымен салыстырып, аздаған ауытқуларды түзегенімізді ескерткенді жөн көрдік.

1. 1990 жылғыдағы : "ашыққанда" сөзін әулеттік мұрағатқа кейін 21.08.2004 ж. қосылған ақын немересі Төлеубай Шарафиұлы (1917-1997) көшірмесінің үш нұсқасына сүйеніп, "тарыққанда" - деп өзгерттік.

2. Таңдамалыда 19-20 — тармақтар: "Кем-кетікті бүтіндей жүретін де ағайын, // Адасқанда аттарын беретін де ағайын." - деп берілген екен. Біз алдымен ағайынның жақсы ісін алға тартқан ақын стилін, машығын сақтап, кейінгіні алға шығарумен бірге, әрі ұйқас тәртібін, әрі сөз мағынасын сақтау үшін, әулеттік мұрағаттағы Омар Иманбаев жазбасына т.с.с. сүйеніп, екінші жолды: "Кем-кетікті көл қылып теретін де ағайын" - деп өзгерттік.

3. 1990 жылғыда 21-жол: "Туысқансып түрлі істі көретін де ағайын" - түрінде алынса, біз тағы да әрі Омар жазбасына, әрі

ұйқас дәлдігіне сүйеніп, осындағы "көретін" сөзін "білетін" - деп ауыстырдық.

4. Бұрынғыда (1990 ж.) 28-тармақ: "Толып жатыр түрлі сөз, қайсыбірін айтайын" - қалпында енгізіліп, соңғы "айтайын" сөзі өз алдындағының соңғы "сазайын" дегенмен онша ұйқаспай тұрса, біз енді алдыңғының орнына Нағи Ахметов бойынша "жазайын" сөзін енгіздік.

5. Таңдамалыда соңғы жолдың бастапқы сөздері: "Өлмеген ер көреді" болса және ол Н.Ахметовта тап солай берілсе, Омар Иманбаевта: "Өлмеген құл көреді-ау" - деп келтірілген екен, біз соңғыны таңдадық.

### *Мұң*

Әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр-Жүсіптің 8-папка, 136-бетіндегі өз жазбасы бойынша баспаға тұңғыш ұсынылып отыр.

### *Жалған туралы*

Әулеттік мұрағатта сақталған Фазыл (2-папка, 150-бет) және Жолмұрат (1-папка, 196-бет) көшірмелері бойынша баспаға тұңғыш ұсынылып отыр. Өлең тақырыбы да Жолмұрат пен Фазылдың туынды маңдайшасына жазған аталымы бойынша берілді.

### *Тіршілік қамы*

Әулеттік мұрағаттағы Фазыл көшірмесі (2-папка, 12-13 б.) бойынша тұңғыш беріліп отыр. Фазыл көшірмесі маңдайшасында еш тақырып жазылмаған, тек "Мәшһүр сөзі" ескертуі орын алған. Біз өлең мазмұны мен идеясына қарап, осылай атадық.

### *Ақыл туралы*

Әулеттік мұрағаттағы Әшім Қарақызұлы жазбасы (123-бет) бойынша тұңғыш ұсынылып отыр. Әшім көшірмесі маңдайында: "Мәшһүрдің ақыл туралы жазғаны" ескертпесі орын алған.

## *Тун қараңғы*

Бұл өлең жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1176 папка ішіндегі ақынның біршама жақсы сақталған өз жазбасы бойынша әзірленді (1176 папка, 288(382) – бет).

### Мысал өлең және айтыстары

#### *Сәйгелді, сона, бөгелек туралы*

Әулеттік мұрағатта көлемі - 23 шумақ, яғни 92 тармақтық бұл туындының үш нұсқасы бар. Бірі — ақынның өз қолымен жазғаны (Мәшһүр — 7-папка, 150-156 беттер), екіншісі Жолмұрат (1-папка, 247-249 б.), үшіншісі Фазыл (2-папка, 156-157 б.) көшірмелері. Сонымен қатар жоғарыда аталған қолжазба қорында Мәшһүр-Жүсіп шығармалары жинақталған 1171 папка ішінде белгісіз біреу (сол папкада көп ұшырасқандықтан да, ақын шәкірттерінің бірі болар деп шамалаймыз) жазбасын (344(426)-346(428) — беттер) осы мәтіннің төртінші нұсқасы деп санаймыз. Сөз жоқ, жазба ескіруі, ақын жазбасының да түрліше болуы, яғни бір жазылғанға қайта оралып, жетілдіруі мүмкіндігін есептеп, екі мәтін арасында айырмашылық болған жағдайда ара-тұра көшірмеге де иек артып отырдық. Оны төмендегі текстологиялық жұмыстардан көруге болады. Өлеңнің қашан жазылғаны 1171-папка мәтіні соңында анық ескертілген: “1912-жылда, 10 февральда жазылды.” Осы орайда мәтін соңынан: “Ибрай Құнанбаев айтқан.” деп жазылып, Абайдың мына бір өлеңі келтірілуі әрі Мәшһүр-Жүсіптің Абайды жақсы білетінін, әрі жоғарыдағы өлеңімен мына Абай сөзі арасында үндестік бар деп санағандық байқала ма дейміз:

Адам бір - боқ көтерген боқтың қабы,  
Өлсе сасық болады боқтан тағы.  
“Сенен мен кем бе?” - деп, таласады,  
Білімсіздік белгісі — дәл баяғы.

Енді ара-тұра орын алған мәтін арасындағы түрлі сәйкес-пеулерге көңіл бөлеміз.

1. Әулеттік мұрағаттағы 4-тармақта: "дамыл көрмей" (Мәшһүр — 7-150 б.) — делінсе, жоғарыда аталған 1171 папкада: "Дамыл алмай" (344(427) — бет) — түрінде отау тіккен, біз алғашқыны алдымен бердік.

2. 1171 папкада оныншы жол мүлде басқаша өрілген: "Қайда барса, табылды жанжал-ұрыс ...". Біз тағы да әулеттік-тегіні таңдадық.

3. Әулеттіктерде жоқ "деп" сөзі бунақтағы буын саны кемдігін толтыруға лайық болғандықтан да, 1171 папка бойынша енгізілді.

4. Әулеттікте 20-жол: "Банкам даяр бойымда қан алатын" - түрінде келсе, 1171-де ол: "Банкам бар-даяр бойда қан алатын" - деген қалыпта шаңырақ көтерген екен, кейінгісі неғұрлым ұтымды саналды.

5. Әулеттікте 24-тармақ басында: "Тынбастан" сөзі орын алса, 1171-де оның орнын: "сембестен" иеленген екен. Бұл орайда одан кейінгі "талмай жағым" сөздері тұрғаны, кейінгіде белгілі бір ұғымның нақтылана түскені ескерілді.

6. Әулеттіктегі 28-тармақ 1171-де 26-жол ретінде берілумен қатар, әулеттіктегі: "Мен ұшпай неге қарап тұрармын!" - деп, / /Би мен болыс білгіштер қондырмаса" - орнына 1171-де белгілі бір ұғымды неғұрлым ұтымды дамытқан мына жолдар сап түзеген: "Ұйқымен мас қылатын қонғанымды //Жазылған жергілікте тұмармын! — деп." Біздіңше, алғашқысы ақынның бұрынғы жазғаны болса, өкіншісі сол ойды дамыту үлгісі деп сананған дұрыс.

7. Әулеттікте 32-жол: "Мүйізім бар шыңылдаған қақталумен" - деген қалыпта ірге тепсе, 1171-де "шыңылдаған" сөзін "шыңдалған" - алмастырған екен, біз де соны жөн көрдік. Себебі әңгіме инеден қорықпастай, шыңылдаған емес, шыңдалған мүйіз туралы болып тұр.

8. Әулеттікте 62-тармақ: "Көкіректе, көзінде жас боп қалды" - деп бой түзесе, 1171-де сонымен қатар "көкіректе"



сөзінен кейін "дерт" сөзі орналасқан екен, біз тағы да сол өзгерісті пайдаландық.

9. Әулеттікте 68-жол: "Қазакең" сөзімен басталса, 1171-де оның орнына: "бұл қазақ" енгізілген екен, біз шумақ ішіндегі юмор сарынына сүйеніп, бастапқыға жол бердік.

10. Әулеттікте 85-86 тармақтар: "Талап қып ұмтылмайды не керекке, // Көз салып қарамайды төңірекке" - күйінде орналасса, 1171-де бұл екі тармақ орны ауысқан екен. Тағы да алдымен төңіректі, кейін соған сүйеніп барып, өзін сынау ақын идеясына неғұрлым жақын екені ескерілді.

Осы орайда ақын таңдамалысында бұл туындының басылғанын (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 185-187 б.), оған тек әулеттік мұрағат мәтіні негіз болғанын, ал оны 1171 папка мәтінімен салыстыру осы жолы ғана жүзеге асып отырғанын ескерткіміз келеді.

### *Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысқаны*

Бұл өлең 1990 жылғы таңдамалыға (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 168-174 б.) әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (3-папка, 21-26 беттер) бойынша әзірленсе, бұ жолы әулеттік мұрағаттағы: Жолмұрат (1-папка, 26-29 б.), Фазыл (1-папка, 63-65 б.), Әзмұхаммед Жанқошқарұлы (41-44 б.) және жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары жинақталған 1173-папка (9-топтама, 34-37 б.) ішіндегі Жолмұрат көшірмесімен салыстырыла отырып ұсынылып отыр. Алдымен еске саларымыз: әулеттік мұрағаттағы ақын жазбасының өшпей де, жыртылмай жақсы жеткендігі. Өлеңнің қашан жазылғанын шығарма соңында ақын былай ескерткен: "Осы күздің келер қысына жұт — "қоян" болды. Мағлұматтың мұрынға исі кірмей жүрген күн. Замандағы құйрығы басына түскен жануарларда тілі бар біреу болмағандықтан, ұшып бара жатқан құспен айтысқан далбасалығы. Сонда жасы дәл жиырмада." Бұған қарағанда, өлең 1878 жылы жазылған. 1990 жылы Мәшһүр-Жүсіптің дінге қатысты соңғы шумағын ғана қалдырып, басқасын түгел берсек, бұ

жолы 1173 папка мәтіні бойынша бас жағынан үш шумақ қосылды. Осы орайда: "Ақын жазбасы тұрғанда, көшірмеге сүйеніп, қосу керек пе?" - сауалы туары анық. Біздіңше, Мәшһүр-Жүсіп бір өлеңді бір рет жазумен тынбаған, біраз уақыт өткен соң сол өлеңді қайтсе аман сақтау мақсатында екінші рет жазғанда, бұрынғысына қосып жазып отырған. Ал, бізге ақынның кейінгі толықтырылған нұсқасы емес, бастапқы біршама қысқасы ғана жетуі мүмкіндігін де ескерген жөн. Ондай жағдайда тек бастапқы емес, кейінгіге иек артуы мүмкін көшірушілер еңбегін елемей қалдыру қалай болар екен? Оның үстіне көшіруші адам басқа емес, бүкіл өмірін, Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын жинап, көшіру, зерттеу жұмыстарын қоса жүргізген Жолмұрат атамыздың жазбасына сүйенбеу де мүмкін емес деп таптық. Міне, соны ескергендіктен де, кейде ақын жазбасына көшірме арқылы да, толықтыру енгізу мүмкіндігін пайдалана беретінімізді ескертеміз.

Енді сол қосымшалар бар, кезінде тәжірибе, мәтіндер кемдігінен, заман қыспағына икемделуден кеткен кейбір өзгерістерді қалпына келтіргенді жөн көрдік.

1. Бұған дейінгі бастапқы 4 шумақ әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасында жоқ, ол жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1173-папка ішіндегі Жолмұрат көшірмесі бойынша қосылды.

2. "Құс едім ұзын бойлы тырна деген" - деп басталатын 10-шумақ, яғни 37-40 — тармақтар да сол 1173 папка бойынша қосылды.

3. 1990 жылғы таңдамалыда 68-тармақ: "Серт қылдым ... мен де қастап" - деп орынсыз қысқартылып басылған екен. Бұ жолы: "Серт қылдым" - дегеннен кейінгі "ант амандай" сөздері енгізілді.

4. "Өткіздік осыменен биыл күзді" - деп басталатын соңғы шумақ 1990 жылғыда заман қысымы әсерімен қысқарса, енді қалпына келтірілді.

Өлеңнің жалпы көлемі — 54 шумақ, яғни 216 тармақ.

## *Мәшһүр-Жүсіптің қарғамен айтысы*

Бұл туынды әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр—Жүсіптің өз жазбасы бойынша әзірленіп, сол қордағы: Жолмұрат, Фазыл көшірмелерімен салыстыру жүргізіліп, 1990 жылғы ақын таңдамалысында (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 174-178 б.) жарияланды. Кезінде отаршыл билеушілерге ұнамайтыны ескеріліп, қысқарту құрбаны болған: “Бозбала, гибрат алшы мына сөзден” - дегенді маңдайша еткен 31-шумақ пен оған ілескен 32-шумақ және ең соңғы 34-шумақ осы жолы енгізіліп, шығарма көлемі 34 шумақ, яғни 136 тармақты құрады.

Осы орайда жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1171 папкада (112(222)(5)-114(224)(1) беттер) да ақын қолымен жазылған осы өлеңнің екінші нұсқасы бар екені, енді сонымен салыстыру және қолжазбамен жұмыс істеудегі ең соңғы өске-лең тәжірибені пайдалану нәтижесінде енген өзгерістерді келтіреміз:

1. 1990 жылғыда екінші жол: “Бес намаз, жанның бәрі - иман, азан” - деп алынса, енді “бәрі” сөзі орнына кезінде саясатқа оғаштау көрінген “пірі” өрнегі өзінің заңды орнын иеленді.

2. Әулеттік мұрағаттағы Фазыл көшірмесіндегі 9-тармақ: “Келмейді, тілім сақау, сөйлер сөзге” - түрінде болса, Таңдамалыда “сөйлер” сөзі Мәшһүр-Жүсіптің әулеттік мұрағаттағы алғашқы жазбасы бойынша “айтқан” - өрнегімен алмастырылған болатын. Енді кейін қолымызға іліккен 1171-папкадағы екінші ақын жазбасы бойынша “айтқан” - дегенді “айтар” - сөзімен ауыстыру дұрыс деп таптық. Себебі әңгіме бұрын жеткізу емес, қазір айтуға мүмкіндік жоқтығын ашуға арналғаны дәлелді.

3. Таңдамалыдағы 12-жол аяғын баспа тарапынан кеткен қате нәтижесінде “сөзге” сөзі орынсыз иеленсе, енді бар нұсқада анық бедерленген “күзге” - өрнегі қайтарылды.

4. 1990 жылғыда 14-жол аяғы: “тіл — батыр — ды” деп орын алса, бұл жол “тіл” сөзі “қол” деп өзгертілді.

5. Бұрынғыда әулеттік мұрағаттағы мәтін бойынша 19-20-жолдар: “Қаңғырып қорлықпенен күнім кешкен, // Бейнетке

жазды Құдай, шарам бар ма?" - түрінде отау тіксе, енді ол 1171 папка бойынша оны: "Қаңғырып бейнетпенен кешкен күнім, / /Қорлыққа жазса Құдай, шарам бар ма?!" - қалпында ірге тепті. Бұл орайда да ақынның бұрынғы жазғанына қайта оралу әдеті, алғашқысын жетілдіру дәстүрі есепке алынды. Соның нәтижесінде алдымен қорлықпен күн өткізіп барып, бейнетке ұшыраудан да кейінгі нұсқа, яғни бірінші бейнет кешу, соңынан қорлықта қалу дамытуды орынды пайдалану нәтижесі екені анықталды.

6. Бұрынғыда 113-114 — тармақтар: "Ей, қарға, үндемейсің оның үшін, // Тіліңді мұнан жаман Тәңірі кессін!" - деп беріліп, бірінші тармақ пен екіншісі онша ұйқаспай тұрса, бұ жолы бастапқысының аяғы 1171-папка бойынша: "бейнетпенен күнің кешсін!" - делініп, ұйқас бірлігі қалпына келтірілді.

Мұның бәрі алда Мәшһүр-Жүсіптің үшінші бір өз жазбасы табылып, басқа да өзгерістер еніп отырса, оған да таңданбауымыз керектігін дәлелдейді.

## Аңыз хикаяттар

### *Адам ата мен шайтан*

Бұл туынды әулеттік мұрағаттағы Төлепберген Алдаберген (6-папка, 109-111 б.) көшірмесі бойынша әзірленіп, белгісіз біреу жазбасымен салыстыру жүргізілді. Осы орайда Адам атаның шайтан баласы Ханнасты қылышпен кескілеп өлтіруінің себебі әйтеуір бір өшпенділіктен, аямаудан емес, ұрпақ қамын ойлап, оны қайткенде де залымдар азғыруынан аман сақтау әрекеті деп түсінген жөн. Ғылымның жеткенінен де жетпегені көп деп есептесек, шайтан организмін адаммен теңестіруге болмайтынын да ескерген жөн. Кескілеумен адамды көз жұмғызса, оның қайта тұра алмайтынын бағымдасақ, шайтанның өлтірілсе де, өлмеуі, оның мүлде басқа сипаттағы жан мен төнге ие болу сипатын аңдатады. Біздіңше, бұл шығарманы әйтеуір қиялдан алынған, өмірде болуы мүмкін емес деген бұрынғы атеистік тар көзқарас шеңберінде емес, ғылым үшін беймәлім сыр-

лар көп болуын ескеру көзімен зерделеуге жол ашсақ қана мұның да әлем сыры шексіздігін тануға баспалдақ болуы мүмкіндігіне ие боламыз.

### *Пайғамбардың нұры*

Қазір жаратылыстану ғылымдарының соңғы жетістіктері мұнарасымен қарасақ, бұрынғы дін иелерінің ең әуелі әлем болмаған, кейіннен жаратылған дегені негізсіз еместігі де анықтала бастады деуге негіз толық. Сол соңғы ғылым биігімен қарасақ, Мәшһүр-Жүсіптің бұл жазғанын да шындықта болмаған, тек адам қиялынан туған аңыз деп қарау шеңберінде тұйықталып қалуға болмайды деп санаймыз. Демек мұны ғылымның болашақ дамуына соны міндет артарлық дерек көзі, болжам бастауы деп зерделесек, ой саларлық жәйіптер аз еместігіне көз жеткіземіз. Бұл өлең әулеттік мұрағаттағы Иманғали Маненов (1-папка, 71-74 б.) көшірмесі бойынша әзірленді.

### *Өлеңмен берілген аят*

Әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жүсіпұлы (2-папка, 240-243 б.) көшірмесі бойынша ұсынылды.

### *Хор қыздарының хикаясы*

Бұл туынды әулеттік мұрағатта сақталған: Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (11-папка, 151-154 б.) және ақын жазбалары жинақталған 7-папка ішіндегі белгісіз біреу көшірмесі (218-227 б.) бойынша әзірленіп, сонымен бірге Жолмұрат көшірмесімен салыстыра саралау жүргізілді. Жалпы көлемі — 34 шумақ, яғни 136 тармақтан тұратын бұл шығарманың ең қысқасы — Жолмұрат көшірмесі: "Адамның арттырады ақыл-ойын" - деген 80-тармақпен аяқталады. Енді әр нұсқа арасындағы аз-кем айырмашылықтарды сөз етеміз:

1. Жолмұраттағы 12-тармақ: "Пейштің түгелденген тамам үйін" - түрінде ірге тепсе, бұ жолы ақынның өз жазбасына

сүйеніп, "түгелденген" - деген — "тамамдалған", ал "тамам" сөзі "түгел" - деп, ауыстыру жүргізілді.

2. "Муминларға" сөзі (Жолмұраттағы) "мумин құлға" - деп, Мәшһүр-Жүсіп бойынша түзетілді.

3. "Тахытларда" (Жолмұраттағы) сөзі Мәшһүр-Жүсіптегіше "уақытта" - деп өзгертілді.

4. 20-жолдағы "жұмырланған" да сол себеппен: "домаланған" - деп алмастырылды.

5. Сол тәрізді "Бетіне ақ қағаздың" (22-жол) тармағы — "Сөзі бар ақ қағазға" - деп ұсынылды.

6. Сондай-ақ "Пісте мұрын" сөздері мен "Лұлу иек" тіркемі орындары ауыстырылды.

7. 44-тармақ басындағы "құлпырар" сөзі де тап сол себепті "құбылар" - деп қоныс тепті.

8. Сол үлгімен: "Миығынан жеген асы" орнына (55-тармақ) "ішкені алқымынан" - орналасты.

9. "Ішкен" сөзін (56-жол) "жұтқан" - деп алу да сол үрдіс бойынша іске асты.

10. 58-тармақ Мәшһүр-Жүсіпте: "Қыз қалпы қалыбында күнде болар" - деген түрде шаңырақ көтерсе, бұ жолы ақынның өз шығармасын кейін толықтыруы мүмкіндігі ескеріліп, "қалыбында" орнына Жолмұрат бойынша "айнымастан" енгізілді.

11. Жолмұраттағы "бұл жалғанда" (60-жол) Мәшһүр-Жүсіптегі "онан басқа" - сөздерімен алмастырылды.

12. Сол себептен де "пендесі" (68-жол) орнына "білінбес" отау тікті.

13. Жолмұратта 72-тармақ: "Парықтап сол қырық түрлі жалғыз қылға" - деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте мүлде басқаша алынған: "Айтайын әңгіме сөз, сізлер тыңда". Біз ақын нұсқасын енгіздік.

14. 76-тармақ Жолмұратта: "Нәрсе де үш-ақ нәрсе — деп айтады" - қалпында шаңырақ көтерсе, тағы да ақын жазбасы бойынша "нәрсе" - "түрлі" сөзімен; "айтады" - "айтыпты" - деп өзгертілді.

### *Ораза туралы*

Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбалары жинақталған 7-папка ішіндегі белгісіз біреу көшірмесі (207-216 б.) бойынша дайындалды.

### *Ғалының тағылымы*

Әулеттік мұрағаттағы: Сұлтанмахмұт (Шолтым) Иманмәдіұлы (40-46 б.) көшірмесі бойынша әзірленіп, екінші бір көшірмелер: Әшім Қарақызұлы (154-159 б.) және Төлепберген Алдабергенов (1-папка, 33-36 б.) жазбаларымен салыстырылу жүргізіле отырып берілді.

### *Пайғамбардың ақтық үні*

Әулеттік мұрағаттағы Иманғали Маненов (1-папка, 170-172 б.) көшірмесі бойынша даярланды.

### *Расулдің өлімі*

Бұл да әулеттік мұрағатта сақталған Иманғали Маненов (1-папка, 172-183 б.) көшірмесі негізінде ұсынылды. Иманғали мәтіні соңында "тамам болды" - деп ескертілген.

### *Бақ құсы*

Бұл туынды әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жүсіпұлының екі көшірмесі бойынша (3-папка, 59-60 б. және сол папкадағы 135-136 б.) ұсынылды. Сонымен бірге кейін табылған әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (11-папка, 87 б.) ішінде осы туындының соңғы бөлімі бар екенін еске саламыз. Мәселен: "Бірі – тірі, бірі өлі: "Ал" мен "Бердің" - деген 57-тармақпен басталған 15-шумақ Жолмұратта жоқ та, тек Мәшһүр-Жүсіп бойынша беріліп отыр. Ал: "Бақ деген бұрын бір құс болушы еді." - деп басталатын 16-шы және онан кейінгі 17-шумақ әрі Мәшһүр-Жүсіпте, әрі Жолмұратта орын алса,

"Шыбынға бәрі бірдей қант пенен боқ" - деп басталатын 18-шумақ Мәшһүр-Жүсіпте жоқ, тек Жолмұратта орын алуымен ерекшеленеді.

Енді осы үш мәтіннің арасындағы жекелеген айырмашылықтарды көрсетеміз:

1. Өлеңнің алтыншы жолы: "Керек деп, әуре болдың оның несін?!" - деп (Жолмұрат, 3-папка, 59 б.) берілсе, оның екінші жазбасында (Жолмұрат, 3-папка, 135 б.) "деп" сөзі орнына "қып" - деп жазылған екен, біз соңғыны алдық.

2. Жолмұраттың екінші нұсқасында 11-тармақ, (3-папка, 135 б.) "Нәпсіңнің ыңғайымен жүре берсең" - деп берілсе, алғашқыда бірінші "нәпсіңнің" сөзі өзгеріссіз келтірілсе де, одан кейінгілері мүлде басқаша алынған: "айдауына ере берсең". Біз осы нұсқаға сүйендік.

3. Алғашқыда 26-жол: "Кірерсің ақыр бір күн қазған көрге" - деп беріліп, өз алдындағы 25-тармақ соңындағы "көрге" сөзін қайталау орын алса, екінші 135-беттегі: "Барарсың ақыр бір күн қара жерге" - деп беру нәтижесінде бұл қайталаудан арылу жүзеге асты.

4. "Бақ деген бұрын бір құс болушы еді" - деп басталатын 61-жолдың әрі Жолмұраттың екі көшірмесінде, әрі Мәшһүр-Жүсіптің (11-папка, 87 б.) өз жазбасында орын алуы — бұл мәтіндер төркіндестігін бұлтартпай дәлелдейді деп санаймыз.

5. Жолмұраттың екі жазбасында да 62-тармақ: "Қиядан қияға өрлеп қонушы еді" - деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте "өрлеп" сөзі орнын "ұшып" өрнегі иеленген екен. Біз соңғыны басшылыққа алдық.

6. Жолмұратта 66-жол: "Қайда сасық, шірікке барып қонды" - деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте: "шірікке барып" орнына "іріңді тауып" - орын алған екен. Біз соңғыны таңдадық.

7. "Біздерге әр түрлі өнер Тәңірім берді" - деп басталатын соңғы үш шумақ Жолмұраттың екі көшірмесінде де жоқ, тек ақынның өз жазбасы бойынша беріліп отыр.



### *Өлім алдындағы хал*

Бұл туынды Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша (11-папка, 102-104 б.) ұсынылып, ара-тұра Төлепберген (1-папка, 36-48 б.) көшірмесімен салыстыру жүргізілді. Мәшһүр-Жүсіп жазбасы бізге кеш жетіп, сақталу ережесі (от жағылмаған салқын жерде ұсталуы нәтижесінде дымдауы, әріп өшуі, жыртылуы т.с.с.) бұзылғандықтан да, шет-шеттегі өшкен, түсіп қалған жеке әріптер Төлепберген бойынша толықтырылды. Мәселен, жетінші жол: "Адам халін азырақ мен сөйлейін" - деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте алғашқы "адам" сөзі мүлде түсіп қалғандықтан, ол Төлепберген бойынша жөнделді. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіпте мүлде өшкен, түсіп қалған тұтас жолдар Төлепберген көшірмесі бойынша енгізілді. Атап айтқанда: "Жарандар, тіршілікте ғибадат қыл" - деп басталатын 71, 72-тармақтар, "Аладан ажал-тағдыр жетіп келсе" - дегенді маңдайша еткен 79, 80-жолдар Мәшһүр-Жүсіпте мүлде сақталмағандықтан да, тек Төлепберген бойынша кіргізілді. Сондай-ақ шығарма соңының Мәшһүр-Жүсіпте де, Төлепбергенде де жоқ екенін ескертеміз.

### *Дуниеге жарасады күн менен ай*

Әулеттік мұрағаттағы Төлепберген Алдабергенев көшірмесі (3-папка, 24-27 б.) бойынша ұсынылды.

### *Фибрат өлең*

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1171 папка ішіндегі Мәшһүр-Жүсіп (1171 папка, 117(5)-119(8) б.) жазбасы бойынша берілді.

### *Мұсылманның сипаты*

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп шығармалары 1171 папкасы: 123(16)-125(20) беттері бойынша әзірленді.

## Дастаны

### *Гүлшат – Шеризат*

Бұл дастанның қазір бізге мәлім үш көшірме нұсқасы бар. Оның біріншісі 1990 жылғы Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысында басылған нұсқаға (М.Ж. Көпеев. Таңд., 1-том // Алматы, Ғылым, 1990, 202-247 б.) негіз болған жоғарыда аталған қолжазба қорындағы ақын шығармалары жинақталған 1173 папка ішіндегі Жолмұрат көшірмесі болса, екіншісі - әулеттік мұрағатта сақталған Жолмұраттың екінші үлгісі және Мұхаммед-фазыл көшірмесі. Бұ жолы осы үш үлгіні де сараптап, салыстыра әзірлеуді жөн көрдік. Себебі 1990 жылғы кітапта тәжірибе кемдігінен және басқа көшірмелердегіні ескермеуден туған өзгешеліктер, көп ретте кемшіліктер баршылық екені анықталып отыр. Оны төмендегі түсініктерде нақты көрсетіп, дәлелдеп келтіріп отырамыз.

1. 1990 жылғы таңдамалыда және әулеттік мұрағаттағы Жолмұраттың екінші көшірмесінде де осындағы соңғы "күпті" орнына "дертті" сөзі келтірілген екен. Біз әулеттіктегі Фазыл жазбасына сүйеніп және қара өлең ұйқасы тәртібі бойынша да ең соңғы төртіншінің: "болған дертті" - түріндегісінен гөрі, біз таңдаған "болған күпті" - нұсқасы өзінің алдындағы алғашқы екі жолдың: "патша жоқ-ты", "бұзықтықты" сөздерімен неғұрлым орайлас, үндес келетінін басшылыққа алдық.

2. "Көре алмай бір жас иіс әлі күнге" - тармағымен басталатын тоғызыншы шумақ Таңдамалыда да, әулеттіктегі Жолмұраттың екінші көшірмесінде де жоқ, тек Фазыл көшірмесі бойынша енгізілді.

3. 1990 жылғыда мұның орнын: "Кедейдің ол күндегі тілеуі оңғой" - жолы иеленген екен. Ал, Фазыл нұсқасы: "Тілегі қабыл болып пақырлардың" - түрінде келіп, ол кездегі дінге қарсы саясатқа онша сай келмей тұрғанын да аңғару қиын емес. Біз бұл жолы ол кездегі республика астанасы Алматыдағы Ғылым академиясы қорына мәтін ұсынған Жолмұраттың болашақта ақын шығармалары жарияланымын үміт еткенін ескерсек, ке-

дейшілдік ұранын желеу еткен Кеңес үкіметі саясатына жақындату үшін, мұндай өзгерістердің басқа да көшірмелерден орын алуы ықтималдығын ескерген жөн деп санаймыз. Ал, екі жазбаны өзара салыстырсақ та, ол жерде "кедей" сөзі қолданылуы орынсыздығы, демек оның тек сырттан жапсырылуы мүмкіндігі анық байқалады. Оның үстіне Мәшһүр-Жүсіптің кенже ұлы Мұхаммедфазылдың (1890-1969) мәтінді ешқайда ұсынбағандықтан да, өзгеріссіз қалдыру мүмкіндігі көзге ұрып тұр.

4. 1990 жылғыда мұндағы соңғы "жараланды" орнына "аман қалды" берілген екен. Біз бұ жолы әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат пен Фазыл көшірмесінің екеуінде де "жараланды" сөзі тұрғанын және тап осы өрнектің сол тұста болған халді неғұрлым дәл беретінін басшылыққа алдық.

5. Мұндағы "ажалды" орнын таңдамалыда "арыстан" сөзі иеленген екен, біз тағы да әулеттіктегі екі көшірмеде де "ажалды" тұрғанын, әрі ол сөздің тағы да дінді мансұқтаған Кеңес үкіметі саясатына сай келмегендіктен де, өзгертілуі мүмкіндігін ескердік. Бұл тұста Жолмұраттың өзінің әулеттікте Фазыл төрізді бір түрлі жазса, Ғылым академиясына екінші түрде көшіруі мүмкіндігін байқау қиын емес.

6. "Болуы түбінде адам екі талай" - делінген 21-шумақтың осы үшінші және оған ілескен төртінші тармақтары 1990 жылғыда мүлде жоқ, бұл арада Фазыл көшірмесі бойынша енгізілді. Ал, келер шумақтың бастапқы екі жолы өзін табылмағанын ескертеміз.

7. Таңдамалыда соңғы екі сөз "болмақшы ақыратқа" - түрінде келіп, ұғынықсыздық тудырған. Бұ жолы "болмақшы" сөзін Фазыл бойынша "бармақшы" - деп, ал "ақыратқа" - дегенді әулеттіктегі Фазыл мен Жолмұрат көшірмесіне және сөз мағынасына сүйеніп "ақыретке" - деп түзеттік.

8. Бұл шумақтағы екінші мен төртінші тармақ орны 1990 жылғыда орынсыз ауыстырылған екен, тағы да әулеттіктегі екі нұсқа бойынша өзгертілді.

9. 1990 жылғыда: "Аруағым риза болар менің" - деп берілсе, біз бұ жолы ұғымды нақтылай түскен және ұйқасы да сай келетін Фазыл көшірмесі бойынша өзгеріс енгізуді жөн көрдік.

10. 1990 жылғыда мұның орнына: "Тағдыр іс келді осылай енді" - деп берілген екен. Біз бұ жолы да ол кезде "Құдай" - деген сөзден қашу, яғни жасандылық барын, демек Фазыл нұсқасының түпнұсқаға неғұрлым жақын болу ықтималдығын ескердік.

11. Таңдамалыда мұның орнына "құп тыңдады" - деп келтірілген екен. Біз тағы да ұғымды нақтылай түскен Фазылдағы: "шулап тұрды" - сөздерін қалап алдық.

12. Тағы да бұрынғы: "тағдыр жазған" - сөздерін ұғымды нақтылай түскен Фазылдың: "шарапатты" өрнегімен ауыстыру лайық деп таптық.

13. Бұрынғыда: "Иесін, ит құтырса" қабатыны сөз болса, Фазылда иттің құтыруға жетпей-ақ, семіргенде қабуы алынған екен. Біз айтылмақ ұғымға осы кейінгі жуық деп таптық.

14. Бұрынғыдағы "күпірлік" деген сөз Фазыл бойынша "уасуа" болып өзгертілді.

15. Бұрынғыда осы тармақ "ұл туса" сөздерімен басталып, әрі осы шумақтың екінші жолындағы "таба қалса ... ұлды" сөздерін қайталау, әрі бір түрлі ұғынықсыздық тудырса, осы жолы әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат және Фазылдағы "орнына" сөзін кіргізу жүзеге асты.

16. Таңдамалыда бұл "Шақырса хан: "Тез кел!" - деп" түрінде беріліп, сол шумақтың екінші жолындағы: "Кешікпей тез келсін" - деп" - сөздерін орынсыз қайталау жүзеге асса, бұ жолы Фазыл нұсқасындағы: "Болған соң хан жарлығы" - дегенді келтіріп, оны түзеттік.

17. Бұрынғыда: "Айтамын құпия сыр, саған Барыс" - түрінде болса, Фазылда: "Айтамын бір аманат енді саған" - деп берілген екен. Біз ол заманда "құпия сыр" - дегеннен да "аманат" сөзі діни ұғымға, яғни адамға қолқа салуға неғұрлым лайық екенін ескердік.

18. Бұрынғыда бастапқы сөз: "жылап" берілсе, біз әулеттіктегі екі көшірмеде де "қанды" сөзі тұрғанын, сонымен бірге көздердің "жылап жасқа" толуынан "қанды жасқа" толуы неғұрлым нақты да әсерлі екенін ескердік.

19. Бұрынғыда бұл төртінші жол: "Бәріңізге, міне, сый, ақша — дейді" - түрінде беріліп, алдыңғы бірінші, екінші тармақпен ұйқаспай тұрса, бұ жолы Фазыл бойынша беріліп, ұйқасты да түзеу жүзеге асты.

20. "Қиналып отыр екен толғақ түтіп" - деп басталатын 54-шумақ 1990 жылғы таңдамалыға мүлде еңбеген екен, бұ жолы әулеттік мұрағаттағы Фазыл жазбасы бойынша енгізілді.

21. Осы жолы Фазыл бойынша кірген бастапқы жол бұрынғыда мүлде жоқ та, ондағы бірінші қазір екінші ретінде беріліп отыр. Сонымен бірге: "Анық сөз ақ теңгедей маған айдан" - жолы бұрын екінші болып келсе, бұ жолы ол мүлде ысырылды. Сондай-ақ: "Қуанды өз-өзінен ханым сонда" - деген бұрынғының үшінші тармағы орнын осы жолы: "Ойлады: "Кереметтей бір іс қой! — деп" - тармағы Фазыл бойынша қоныс тепті.

22. Бұл шумақта да әрі бұрынғыдағы екінші мен төртінші тармақтың орын ауысуы, әрі үшіншідегі "өз-өзіменен" сөзі орнына "амалсыз құр" сөздері енгізілуі Фазыл бойынша жүзеге асты.

23. Бұл соңғы үшінші, төртінші жолдар 1990 жылғыда жоқ болып, оның есесіне қазіргі 70-шумақ басталымы: "Барыс қайтып келеді үйге таман" - тармағы сол жолғыда үшіншінің орнын иеленіп, осы 69-74 — шумақтардағы ұйқас тәртібі бұзылуына ықпал етсе, бұ жолы әулеттіктегі Жолмұрат, Фазыл көшірмелері бойынша түзету енді.

24. "Түс көрді төсегінде ұйықтап жатып" - тармағы 1990 жылғыда мүлде жоқ, бұ жолы әулеттіктегі екі көшірмеде де бар екені ескеріліп, кіргізілді де, әрі мағына, әрі ұйқас қалпына келуіне жағдай жасалды.

25. Таңдамалыда осы төртінші тармақ: "Қыз артық жаман болса надан ұлдан" - делінін өз алдындағы бастапқы жолдар-

мен еш ұйқаспай тұрса, бұ жолы тағы да әулеттіктегі екі нұсқа бойынша түзетіліп, ұйқасы тәртіпке келтірілді.

26. Мұндағы "Құдай үшін" - сөздері бұрынғыда дінге қатысты болғаны үшін "той қылып" сөздерімен ауыстырылған. Олай дейтініміз: әулеттікте Фазыл түгіл Жолмұраттың өзінде "Құдай үшін" - деп жазылған.

27. Бұрынғыда "қорғаны" орнына "шарбағы" жарияланып, әрі ұғым дәлсіздігін, әрі өзінен кейінгі жолда осы сөздің қайталануын тудырса, бұл жолы тағы да әулеттіктегі екі көшірме бойынша қалыпқа келтірілді.

28. 1990 жылғыда осындағы "ұрып" орнына "қойып" сөзі беріліп, өзінен кейінгі "тұрып" сөзімен ұйқаспауды негіздесе, бұ жолы әулеттіктегі екі көшірме бойынша түзетілді.

29. Бұл сөздердің орнына 1990 жылғы таңдамалыда: "Бұйырған тұз нәсібін" - деп берілген екен. Тағы да тек Фазыл емес, әулеттіктегі Жолмұраттың өзіне сүйеніп, заманға бейімделіп кірмей қалған: "Құдайдың не жазғанын" - дегенді қалпына келтірдік.

30. Бұл шумақтағы соңғы үш тармақ әулеттіктегі Фазыл жазбасы бойынша енгізілді. Себебі бұрынғыда: "Керуенге бар — деп енді" - деп, арыстанның кесіп айтуы орын алса, біз ұсынығанда: "Анаған бар" - дегендей, ишарат қып" - делінген екен. Біздіңше, арыстанды адамша сөйлетіп қойғаннан да, ишарат еткізген Фазыл нұсқасы шығарма шынайылығына неғұрлым сай келеді деу қисынды.

31. "Тал жібектей оралып" дегеннен кейінгі 15-тармақ әулеттік мұрағаттағы екі жазбада да жоқ екенін, тек жоғарыда аталған 1173 папкадағыға сүйенген 1990 жылғы кітап бойынша енгізілгенін ескертеміз.

32. "Сарыжадай керіліп" және одан кейін жеті жолдан соң алынған: "Етек, бір жеңі түріліп", сонымен қатар әрі қарай тоғыз тармақтан соң орын алған: "Ортасында бір өзі", яғни айналасы осы үш тармақ 1990 жылғыда жоқ, тек әулеттіктегі Жолмұрат, Фазыл жазбасы бойынша енгізілді.

33. 1990 жылғыда осы төртінші жол: "Құшақтап сүйсе қысып, ару жүзін" - делінсе, әулеттіктегі екі жазбада да: "Кімдекім көріп жүрсе, оның жүзін" - делінген екен. Біздіңше, "құшақтап сүйсе қысып" - деп етпеттеуден гөрі "көріп жүрсе ... жүзін" - дегенмен тоқталу бұрын қыз көрмеген балаң жігітке неғұрлым лайық келетіні анық.

34. Бұрынғыда осы төртінші тармақ соңы: "балам сөзің" - сөздерімен бітіп, бастапқы екі жолдағы: "өзің жаным", "жаным өзің" - сөздерімен онша ұйқаспай тұрса, бұ жолы әулеттіктегі екі көшірмеде екінші жол соңы: "балаларым" да, төртінші аяғы "хал-ахуалың" екені ескерілді. Соның нәтижесінде өлең ұйқасы да қалыпқа келді.

35. Бұрынғыда мұның орнына "өрт келмейтін" алынған екен, біз әрі сөз мағынасына, әрі Фазыл жазбасына қарап, "көз тұрмайтын" - деп өзгерттік.

36. "Біледі Парахзатты дүние жүзі" тармағынан кейін орын алған 5 шумақ, яғни 20 тармақ әулеттіктегі екі жазбада да жоқ, тек 1990 жылғы кітап бойынша берілгенін еске саламыз.

37. 1990 жылғыда мұндағы соңғы сөздер: "қорқып кетті" - деп беріліп, одан кейінгі үшінші жолдағы: "қорыққаннан" - тұсында бір сөздің орынсыз қайталануын тудырған екен. Осының бәрін ескеріп, белгілі бір сезімді нақты кестелеген Фазыл жазбасындағы: "төмен бұқты" - дегенді дұрыс көрдік.

38. Таңдамалыда соңғы екі тармақ: "Тезірек кел, қашқын! — деп ақырды, //Барам — деп — патшаға байлап алып!" - түрінде келсе, осы жолы әулеттіктегі екі нұсқа бойынша түзетілді: "Не ғып жатыр сол жігіт ұлықсынып, //Қол-аяғын кетем — деп — байлап алып."

39. Мұнда да бұрынғы: "Судай боп ақты қаны жатқан жайы" - жолы әулеттіктегі екі бірдей нұсқаға сүйеніп: "Көл болып ақты қаны терең сайға" - деп өзгертілді.

40. Бұл тармақ орнына 1990 жылғыда тек көп нүкте қойылған екен, әулеттіктегі екі жазба бойынша осы жол енгізілді.

41. Таңдамалыда осы жол: "Қалғаны сіздерге де анық еді — ау" - делінсе, бұ жолы да тек Фазыл емес, Жолмұратта да: "Өтірік ә дегенде, талып еді-ау" - қалпында екені ескерілді.

42. 1990 жылғыда осы соңғы жол: "Бекер жүрген жан емес тіпті жайға" - түрінде ірге теуіп, өз алдындағы тармақ соңындағы: "жүрген" - сөзін орынсыз қайталауды тудырса, бұл тұста әулеттіктегі екі бірдей үлгіге сүйеніп, бастапқы сөздер: "Келген адам емес қой" - деп түзетілді.

43. Бұл соңғы екі жол және келер шумақтың басы болған: "Жиылып көп керуен тұрды дейді, // Аз дәурен Гүлшат сұлу құрды дейді" - тармақтары, айналасы төрт жол 1990 жылғыда мүлде жоқ екен, енді әулеттіктегі Фазыл жазбасы бойынша толықтырылды.

44. Таңдамалыда соңғы екі тармақ: "Мейлің сат, мейлің ат, енді өзің біл, //Өзің біл, не қылсаң да, өз еркінде" - делініп, әрі бастапқы тармақтармен ұйқаспау ("мал-мүлкінді — ел — жұртынды - өз еркінде") тудырса, әрі "өзің біл" т.с.с. екі рет қайталауға ұрындырса, енді соңғы жол ретінде әулеттіктегі Фазыл көшірмесіндегі: "үйдегі қатын-қалаш қыз-қырқынды" - тармағы алынды. Соның нәтижесінде орынсыз қайталау, ұйқас толымсыздығы жойылды.

45. 1990 жылғыда осы жол: "Өлсе де анаң өліп, өлмегенің" - делініп, "өлу" сөздері орынсыз қайталана берсе, бұ жолы Фазыл бойынша бастапқы "өлсе де" - дегені "қалса да" - деп ауыстырылды.

46. Бұрынғыда жоқ осы тармақ әулеттіктегі екі көшірме бойынша кіргізілді.

47. Бұл жол және оның алдындағы екі тармақ 1990 жылғыда жоқ, енді әулеттіктегі: Жолмұрат, Фазыл жазбалары бойынша қосылды.

48. 1990 жылғыда жоқ бұл екі тармақ әулеттіктегі Фазыл жазбасы бойынша кіргізілді.

49. Таңдамалыда жоқ осы шумақ әулеттіктегі екі бірдей көшірмеге сүйеніп, енгізілді.



50. Бұрынғыда жоқ бұл шумақ әулеттіктегі Фазыл жазбасы бойынша қосылды.

51. Бастапқыда: "Жүз қара нарға артқан ақша ..." - деп берілсе, енді Фазыл бойынша: "жүз қазан ақшасы бар" - түрінде қоныс тікті.

52. 1990 жылғыда осы тармақ: "Сыртынан Маһрасарды Манзал көріп" - деп шаңырақ көтерсе, бұ жолы Фазыл бойынша бастапқы сөздер: "Әйнектен өз күйеуін" - делініп, суреткөрініс дәлдігі, нақтылығы арта түсті.

53. Таңдамалыда бұл шумақтың соңғы ұйқас негіздеген сөздері: "жинап", "сыйлап", "жинап" - түрінде келіп, "жинап" екі рет қайталанса, енді Фазыл бойынша: "жиып", "сүйіп", "киіп" - делініп, сөз қайталау жоғалып, нақтылық арта түсті.

54. Бұрынғыда тап осы жол шумақ басында беріліп, ұйқас ретін бұзса, енді әулеттіктегілер бойынша үшінші өз орнына әкелінді.

55. 1990 жылғыда бұл екінші жол төртіншімен ауысып кетсе, бұ жолы әулеттіктегі екі бірдей көшірме бойынша қалпына келтірілді.

56. Таңдамалыға кірмеген бұл шумақ әулеттіктегі екі жазба бойынша толықтырылды.

57. Бастапқыда осы соңғы тармақ: "Алады мұныменен жөн сұрасып" - түрінде келсе, енді әулеттіктегі екі бірдей жазба бойынша: "Алады: "Сен кімсің?!" - деп, мұны ұстасып" - деп түзетілді.

58. Бұрынғыда тап осы жол төртінші боп, шумақ соңын иеленсе, енді әулеттегілер бойынша өзгертілді.

59. 1990 жылғыда шумақтың осы соңғы екі жолы жоқ болғасын, оған келер шумақтың бастапқы екі тармағы тіркеліп, ұйқас бұзылып еді. Енді әулеттіктегі көшірмелерге сүйеніп өзгерту енгізілді.

60. Таңдамалыда тағы да "Құдай" сөзінен қашқақтаудан бұл жол: "Көреді тірі пенде әр түрлі істі" - түрінде табан тіресе, енді бұған негіз болған 1173-папкадағы Кеңес үкіметі талабына лайықталған Жолмұраттың екінші жазбасын емес, әулеттік-

тегі оның алғашқы көшірмесін дұрыс көріп, әрі Фазылдағы қалпы да сондай екенін ескеріп, тағы да өзгерту енгізуді жөн көрдік. Ақырында соңғы нұсқа былайша отау тікті: "Көрсеткен жаббар Құдай мұндай істі."

61. Бастапқыда бұл тармақ басы: "Жолықтың бір кісіге" - делініп, ұғынықсыздық тудырса, енді әулетіктегі екі нұсқаға сүйеніп: "Жоғалттық бір кісіні" - деген өзгеріс енді.

Ескерту: Біз бұл түсініктемеде басты-басты өзгертулерді ғана сөз еттік. Ал, қосылған жеке сөздер мен тұтас сөйлемдер, сөз қосымшаларындағы, тыныс белгілеріндегі жөндеулер бұл айтылғандардан анағұрлым көп екеніне назар аудартумен ғана шектелеміз.

*Гүлназ Жүсіпова — филология ғылымдарының кандидаты,  
доцент.*

## Суреткер ақын

Қазақтың белгілі ақыны, фольклорист, тарихшысы, этнограф, педагог ғалымы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларының 20 томдығын шығару 2001-2016 жылдарға жоспарланған болатын. Бұл үлкен істің бастаушысы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор Е.М.Арын екені мәлім. Осы орайда сол 20 томдықтың редакторлар алқасымен таныстыру орынды деп білеміз. Олар: Е.М.Арын, С.Қирабаев, А.Қ.Құсайынов, Қ.П.Мәшһүр-Жүсіп (жауапты редактор), С.А.Қасқабасов, Р.Нұрғалиев, С.Негймов, М.Қ. Әбусейітова, С.Дәуітов, Д.Қамзабекұлы, А.Тұрышев, Н.Қ.Жүсіпов, Е.Қ. Жүсіпов. Бұл ғалымдар тегін топтастырылған жоқ. Олардың әрқайсысы- бұрын да, қазір де Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын жариялауға ат салысып, ақын томдарын әзірлеу жиындарына қатысып, пікір білдіріп келген білікті мамандар.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын бастырудың неге кешеңдеп қолға алынғаны да белгілі. Алдымен ақынның 1907 жылы Қазан қаласында басылған үш кітабы: "Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз", "Хал-ахуал", "Сарыарқаның кімдікі екендігі"- кітаптары 1912-1913 жылдары Ресей патшасы цензурасы назарына іліккені, сол кезде ақын шығармаларын жариялауға тыйым салынып, өзі қуғынға ұшырағаны мәлім. Патша заманында теперіш көрген ақын кейінгі Кеңес билігі кезінде де қысымнан босаған жоқ. Рас, 1940-1950 жылдар аралығында ақын шығармалары мектепте оқытыла бастады. Әйтсе де елуінші жылдар басындағы "Ұлтшылдықпен күрес" науқаны Мәшһүр-Жүсіпке де салқынын тигізді. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының мектеп оқулығынан шығуымен бірге, оның өзі көзі тірісінде салдыртқан кесенесінің үкімет нұсқауы бойынша адамдар қолымен талқандалуын адамзат тарихында болып көрмеген зұлымдықтың ең биік шыңы деп бағалаған

жөн. Әйтсе де И.В.Сталиннің жеке басына табынудың КПСС XX съезінде 1956 жылы сыналуы, 1957 жылы С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің т.с.с. ақталуы- бәрі ақын шығармаларының алдымен жоғарғы оқу орны хрестоматиясында (1959 ж.), кейін газет-журнал беттерінде жариялана бастауына жол ашты. Осы орайда ақын таңдамалысының 1,2 томдары 1990, 1992 жылдары Алматыдағы "Ғылым" баспасынан шыққанын еске алу үстінде, оның шығармаларын толық шығару ісінің ұзаққа созылу себебін де түсіндіру керек болар. Біріншіден, ақын шығармаларының ескі араб (хадим) әрпімен жазылуы, көп үлгілердің араб және көне парсы тілінде жазылуы, ол саладағы мамандар жетіспеуі- бәрі бұл істі шешуге басты бөгет тудырды. Екіншіден, ҚР ҒА Орталық ғылыми кітапханасы қолжазба қорына тапсырылған үлгілердің біразы білікті кітапхана қызметкерлері жетіспеуінен, күтімсіз, бақылаусыз күй кешуі салдарынан дұрыс сақталмауды, қолды болуды, т.с.с. бастан кешірді. Үшіншіден, Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының ел арасынан жиналып бітпеуі, әр жерде әр адамның жеке кітапханасында жасырын сақталып келуі де ақын туындыларын шығаруды бөгеп келді. Міне, осының бәрін ескере отырып, көп жылдық жұмысқа кіріскен біздер қазір ақынның төл поэзиялық туындыларының алғашқы төрт томдығын шығарып атырмыз. Келесі бесінші томға ақын жинаған фольклор үлгілерін, ал алтыншы, жетіншіге - қазақ ауыз әдебиеті туындыларын, сегізінші- он бірінші аралығына тарихқа қатысты еңбектерін т.с.с енгізу жоспарланып, бұл бағытта қажет істер жүріп жатыр.

Қазіргі әдебиеттану ғылымының жеткен биіктерін саралау үшін, кітап, баспасөз бетінде шығып жатқан зерттеулер мен мақалалар тасқынына алдымен көңіл бөлу керектігі айқын. Осы орайда тың, сүбелі ізденістер арасында өзінен бұрын жазылған әріптесі пікірін не "байқамай", не әдейі қайталау, тікелей сөзбе-сөз көшіре қоймаса да, бұрын айтылған пікірлерді "өзі тапқан жаңалық" ретінде ұсыну кездесіп жүр. Соның нәтижесінде ғылыми еңбектерді жүйелі оқи қоймаған балаң оқырманның уақытша сүйсінуін туғызғанға мәз болып, ертеңгі зер-

делі ұрпақтың кең сараптау мүмкіндігін елемеу- бәрі қынжылыс тудырмай қоймайды. Қазақ әдебиетінің даму заңдылығын, оның ішінде қазақ лирикасының жеткен биігін саралау үшін, бұрынғы бір жазғанымызды жинақтап, қазақ жазба әдебиетін жаңа биікке көтерген Абай мен оған ілесе шыққан Мәшһүр-Жүсіп арасындағы көркемдік үндестікті сөз етуді жөн көрдік.

Көркемдік үндестігі, жалғастығы дегенде, біздіңше, сонау көне замандағы Жүсіп Баласағұннан (XI ғ.), Қожа Ахмет Иассауиден (XII ғ.) бастау алған дәстүр сабақтастығына алдымен назар аударған жөн. Мәселен, Қожа Ахмет Иассауиде "нәпсі" туралы айтылғанда, оған үнемі дерлік "ит" сөзін қосарлау орын алатыны бұған дейінгі зерттеулерде орынды көрсетіліп келді. Біз осы орайда "ит" деген сөздің де, ұғымның да мағынасы кең екенін, Қожа Ахмет Иассауидің көбінесе бұл баламаны ит қомағайлығы, "ашкөздігі" тұрғысынан қолданғанына көңіл бөлгіміз келеді:

Бұл ит нәпсі қор қылды-ау мені талай,  
Халайықтың қалмасын көңілі қалай?! [1].  
Нәпсім үшін итке ұқсап шарладым қыр,  
Заты ұлық Ием, сыйынып келдім саған [2].  
Құл Қожа Ахмет, нәпсі иттің аузын жаптың,  
Содан кейін арманыңды іздеп таптың [3].

Міне, осы келтірілген үш мысалдың өзінде, әсіресе, соңғысында автор "итке", сол арқылы "нәпсіге" жай әншейін көңіл бөліп қоймай, алдымен оның аузын бекітуге назар аудартады. Демек "нәпсі иттің аузын" жапқаннан кейін барып, арманды іздеп табу- бәрі адамның алдымен өз ашкөздігін, тойымсыздығын тежеуі қажеттігін аңдатады. Енді XIX ғасырдағы қазақ ойшылы, сөз зергері Абай өлеңіне көңіл бөлейік:

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен  
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме! [4].

Сырт қарағанда, Абайда "нәпсі" ұғымы сәл басқашалау алынып, ашкөздік, тойымсыздық емес, көрсеқызарлық, еліктегіштік тұрғысынан ғана енгізілген тәрізді көрінуі мүмкін.

Біздіңше, Иассауиде де "нәпсі" сөзіне "ит" сөзі қосарланғанда, тойымсыздық ұғымын біршама тура қабылдап, иттің асқа тоймауы деп қана қарау орынды болмас еді. Иассауиде де тек иттің асқа т.б. тоймауы емес, сол тектес қанағатсыздық шарпуы бар десек, Абайда да бұл - асқа тоймау емес, сезімге қанағат етпеу, асқан құштарлық түрінде өріс теуіп, соның өзіне абай болу жағына етпеттеу орын алған. Ал, Мәшһүр-Жүсіптің "нәпсі" ұғымын қолдануына үңілсек, онда алдыңғылардан келе жатқан игі дәстүрді бұзбай, соны өзінше өрістету үлгісі бар:

Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мінгізбей бақ,  
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.  
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,  
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [5].

Зерделесек, біріншіден, Мәшһүр-Жүсіп ұлттық өрнекті шебер пайдаланған. Қазақ халқында ежелден мінер атсыз жаяу қалу нағыз кедейліктің, жоқтықтың дәлелі саналғаны мәлім. Бұрынғы заманда, Мәшһүр-Жүсіптің осы өлеңі жазылған ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде, атсыз тіпті көрші ауылға, не қалаға жету мүмкін еместігі баршаға мәлім жәйт. Ендеше "жаяу қыл" - қолданымы кез келген кезеңде, әсіресе сол замандағы адамдарға неғұрлым түсінікті, жақын ұғым. Ақын осы ұлттық нақышты игеру нәтижесінде нәпсі тыюды көзбен көріп, қолмен ұстарлықтай етіп, әсерлі бейнелеу үлгісін көрсеткен. Тіпті, атқа мінгізбеу айтылғаннан кейін, міне қалған жағдайда да оны желгізбеу керектігін, неғұрлым баяу аяңнан аспауды шегелеу үстінде ақын дамыту әдісін үстегенін көреміз. Бұл - оның шеберлігінің тап осы шумақтан көрінетін екінші қыры. Шумақтың үшінші жолында дамыту әдісі орын алуымен қатар мал бағудан гөрі адамның өзін-өзі ұстауы, тежеуі қиындығын алға тарту жүзеге асқан. Бұл шағын, шартты делінген лирика жанры аясында да адам сезімі тереңіне сәуле түсіру нәтижесін, яғни ақын шеберлігінің үшінші қырын танытады. Шумақтың соңғы тармағы алғашқы үш жолдағыны қорытып біріктіруге арналған. Мұны өлең, шумақ композициясын құру шеберлігі ретінде бағалаймыз. Сонда көз соңынан көңілді жүргізбеу де ең алды-

мен Иассауиден бастау алған "ит-нәпсіні" ауыздықтау идеясына бағытталғанын дiттеймiз. Демек, Абайда нәпсi алдамшылдығын ашу үшiн, белгiлi бiр қызу, ыстықтық сипатын ашарлық белгi "лапылдақ" көрiктеуiшi (эпитет) шебер пайдаланылған. Ал, Мәшһүр-Жүсiп дерексiз ұғым нәпсiнi жан иесiне айналдырып, оны жаяу қылуды шарт етедi. Жаяу жүру мен атқа мiнудiң қайсысы баяу, қайсысы тез қозғалу белгiсi екенi мал баққан қазаққа етене таныс көрiнiс десек, Мәшһүр-Жүсiптiң ұлттық өрнектi кәдеге жарату шеберлiгiне қайталап назар аудартқымыз келедi. "Көңiл" сөзiнiң дерексiз ұғым екенiн ескерсек те, оны жан иесiне айналдырып, көз соңынан жүргiзбедi айту да шарттылық пен жандандыру арқылы жүзеге асады. Себебi көз де, көңiл де бiр адамға тән болғандықтан, сөзбе-сөз түсiндiрiп, алдымен көз, соңынан көңiл жүредi дей алмаймыз ғой. Мұның бәрi екi ақынның да әр сөзге, сөз тiркесiне ерекше мән бергенiн, шағын детальға шалқар шындық сыйғызу шеберлiгiн дәлелдесе керек.

Мұның бәрi шығыс поэзиясын кең түсiну үшiн, бiрiншiден, ондағы сабақтастыққа ден қою керектiгiн, екiншiден, шарттылық мәнiн, дерексiз ұғымды яғни "нәпсiнi" заттандыру, жандандыру нәтижесiнде барып, адам сезiмiне лирика жанры аясында да түкпiрлеу iске асқанын дәлелдейдi.

Мiне, бiр ғана "нәпсi" сөзi ғана емес, басқа да баламаларды сараптасақ та, екi ақында тақырып орайластығы, идея айтудағы төркiндестiкпен қатар бейнелеу құралдарын жетiлдiрудегi сарындастықты т.б. көреміз. Абайдың да, Мәшһүр-Жүсiптiң де өз кезiндегi зиянды әдеттердi түйрей сынағаны мәлiм. Осы орайда ең алдымен екi суреткердiң сол кезде етек алған кеселдiң бiрi өтiрiктi шенеуiн алайық:

Терең ой, терең ғылым iздемейдi,  
Өтiрiк пен өсектi жүндей сабап (Абай, 91).

Ел қағынды,  
Мал сабылды,  
Ұрлық, өтiрiк гуде-гу (Абай, 194).

Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр,  
Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр.  
Бірін- торғай, біреуін бөдене ғып,  
Өзі мен өзін жаулап алып жатыр.

*(Мәшһүр-Жүсіп, 76).*

Зерделесек, Абайда көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дерексіз ұғым "өтірік" заттандырылып, оны жүндей сабау іске асырылған. Сонымен бірге мұнда күн көрісі негізінен алғанда, мал өнімдерін кәдеге жарату, жүн сабау, киіз басумен байланысты болған қазақ тіршілігіне, танымына неғұрлым жақын баламаны, демек ұлттық өрнекті пайдалану жүзеге асқан. Сөйтіп әрі дерексіз ұғымды заттандыру, әрі оны халық ұғымына жақындату арқылы Абай әсерлі де айқын бейнелеу үлгісін әкелді. Мұндай ізденіс биігін Мәшһүр-Жүсіптен де көреміз. Мәселен, келтірілген үшінші мысалда дерексіз ұғым "өтірік" деректі өртке баланады. Ақын өтірікті көзге неғұрлым айқын шалынатын өртке теңеумен шектелмей, оның өршіген нақты бір сипатымен, лаулап жануымен салыстырады. Өрттің лаулап жануын, демек өтіріктің қаншалық өріс алғанын көрсеткесін барып, ақын соған алданушылардың мүшкіл халін ашарлық баламалар енгізеді. Ессіз жұрттың "көбелектей" өртке баруы (2-тармақта) әрі адамдардың аңқаулығын, қаншалық алдануын (көбелек, әсіресе түнгі отқа өзі барып ұрынып, күйіп жатады ғой) әйгілесе, әрі өрттің де сонша жандарды тұмшалайтындай кесапаттығы дәлелденеді. Шумақтың соңғы тармақтарындағы "Бірін- торғай, біреуін бөдене ғып, // Өзі мен өзін жаулап" алып жатқаны да өтіріктің қаншалық зорайғанын, сол арқылы билік иесі Патшалық Россияның отарлау, елді бөлшектеу, тоздыру саясатының өрістеуін аша түседі.

Екі ақын арасындағы үндестік, жалғастықты сөз еткенде, тақырып орайластығын, идея ұқсастығын айқындаумен шектелмей, суреткерлік шеберлік деңгейлестігін әйгілейтін белгілерді де арнайы ізерлеп талдау қажет. Суреткерлік шеберлікті танытар арналар сан алуан. Соның бірі- сөз мағынасын кеңей-



ту, сөзді ауыспалы мәнде қолдану арқылы тың, тосын тіркестер жасау тәсілі. Мәселен, "көз" деген сөзді ауыспалы мағынада алып, оны дерексіз ұғым "көңіл", "ой", немесе біршама деректі "көкірек", "жүрек" сөздерімен қосарлау арқылы соны метафоралық тіркестер жасау нәтижесінде Абай сөздердің бейнелілік өрісін көп ұлғайтты:

Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
Көңілінің көзі ашық, сергегі үшін (126 б.).

Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң, айтпа сөз (117 б.)

Білімдіден шыққан сөз  
Талаптыға болған кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз (115 б.).

Жүректің көзі ашылса,  
Хақтың түсер сәулесі (165 б.).

"Көз" сөзін қолданып, соны тіркес жасау үлгісі Мәшһүр-Жүсіпте де бар:

Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,  
Өзіңнің өз бойыңда болсын көзің (93 б.)

Сөйтіп, екі ақында да "көз" сөзі ауыспалы мағынада қолданылумен бірге мүмкін емес дерлік екінші ұғыммен шектесу арқылы үшінші бір жаңа сипатты сөз кестесін тудырған. Мәселен, дерексіз ұғым көңілдің көзі болмайтыны белгілі. Әйтсе де осы екі ұғымның ұштасуы нәтижесінде мүлде тың бейне жасалып тұрғаны анық. Осы іспетті пікірді Мәшһүр-Жүсіп сөзқолданысы туралы да айтуға болады.

Дерексіз ұғымды заттандырудың сөз мағынасын кеңейтуде, образ әсерлілігін арттыруда үлкен роль атқаратынын біз бұрын да айтып келдік. Осы орайда сөздің, өлең сөздің, мәнін ашу үшін, екі ақынның дерексіз ұғымды заттандыру, демек шарттылықты пайдалануына назар аударғымыз келеді:

Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

*(Абай, 89 б.)*

Сөз осал бола қалды не қылғанда,  
Шақпақтай от шығады шағылғанда.  
Көңілдің дариясында сөз- бір гауһар,  
Кісісі танып алар табылғанда

*(Мәшһүр-Жүсіп, 73).*

Қарайсың жақсы сөзге көзді сүзіп,  
Кейбір сөз елжіретіп кетеді езіп.  
Әр жерде бөлек-бөлек жүрген сөзді,  
Түсірер жұрт көзіне өлең тізіп (Бұ да сонда, 74).

Абайда дерексіз ұғым "өлең" сөзінен кейін деректі — жандыға төн "патша" сөзі мен дерексіз "сөз" аталымы тіркестіріле алынып, салыстыру, балау жүзеге асқан. Сол арқылы өлеңнің жай сөз тізбегі емес, сөздердің ең мықтысы, патшасы екендігі анықталады. Ал "жеңіл" сөзі айтылуы тұсында дерексіз ұғым өлеңнің белгілі бір салмаққа ие болуы берілсе, "жылы" - сол дерексіздің заттанғаны сондай, белгілі бір температураға жетуін айғақтайды. Ал, шумақтың соңғы тармағында дерексіз "өлеңнің" заттануының белгісі оның белгілі бір пішінге көшіп, "теп-тегіс жұмыр" болуы қажеттігі айтылады. Мәшһүр-Жүсіпте сөздің заттанғандығы соншалық: шағылуы, шағылғанда, тіпті, оның шақпақтай от шығаруы бейнеленеді. Сонымен бірге дерексіз "сөздің" гауһарға балануы, гауһар болғанда да көңіл дариясындағы (тағы да шарттылық, заттандыру жемісі) гауһарға ұқсатылуы берілген. Үшіншідегі "жақсы сөзге" көз сүзіп қарау да, кейбір сөздің елжіретуі де олардың белгілі бір затқа немесе жан иесіне айналуын шегелейді. Сондай-ақ не зат, не жан иесі тәрізді әр жерде бөлек-бөлек жүрген сөздерді өлеңнің "тізіп" жұрт көзіне түсіруі де — шарттылық пен заттандыру жемісі .

Абай ойшыл ақын, философ ақын деп жүрміз. Кейін Мәшһүр-Жүсіпті де солай атап, дәлелімізді қоса өрмесек, жұртты жаттанды, үстірт пайымдаулармен мезі етіп алуымыз мүмкін. Асылы, әр ойды, әр баға, айдарды аз мысалмен болса да, дәлелдеп беруге ұмтылған жөн.

Сонан бері рахымсыз көп жыл өтті,  
Орақ келер, орылар мезгіл жетті.  
Жылы менен суықтың бөрін көріп,  
Қайран көңіл қайыспай қайрат етті.  
Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,  
Қайғы, қасірет жүзіңе белгі салған.  
Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ,  
Сенің де басың имек жерге таман.

*(Абай, 292 б.).*

Піскен егін сықылды аспан жасыл,  
Қыс пен шілде, жаз бен күз, - бар төрт фәсіл.  
Ай- орағы егінді оратұғын,  
Әбден білсе, сөз бар ма мұнан асыл?!  
Жазғытұрым емес біз, болдық қой күз,  
Қыс боп қалдық дегенше күдерді үз.  
Жалаңдатып орағын алып тұрған,  
Оратұғын сондағы егіні- біз!  
Жер жыртып, жазғытұрым тұқым шашпай,  
Күз болса, қаптың аузын қалдық ашпай.  
Кім орғанын білмейміз, аңқиямыз,  
Көрмеген ойын шығып бір көз баспай.

*(Мәшһүр-Жүсіп, 81 б.).*

Екі ақын да өмірдің соңы болатынын көзге нақты елестету үшін, піскен егінді оруды шебер пайдаланған. Абайда лирикалық қаһарманның біраз жас жасағаны, көп бейнет шеккені "жылы мен суықтың бөрін көріп" "қайғы, қасірет жүзіңе белгі салған" жодары арқылы аңғартылса, Мәшһүр-Жүсіпте балалық шақты, жастықты — жазғытұрымға, жазға; ал егделікті-

күзге, кәрілікті қысқа балау нәтижесінде өмір өткіншілігі дәлелденген. Тек Мәшһүр-Жүсіптің кейін жазғаны бар емес пе; Абай өрнегіне не қосты дегенге келсек, ол осы үзіндінің өзінде де тұр. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіп орақпен оруды ғана айтып қоймайды, оның тоқтамайтынын, қайтусыздығын шегелеу үшін, "жалаңдатып" сөзін шебер пайдаланады. Бір ғана "жалаңдатып" сөзі қатты сермелуі, демек қиып түсуі, өлтіруі мүмкін орақ сипатын нақты көрсете алады. Сонымен бірге жазғытұрымда, демек жас кезінде, тұқым шашпауы, яғни жастықтағы күрес нәтижесіздігі т.б.- бәрі де лирикалық қаһарман шеккен бейнетті аз сөзбен сәтті аңдатып тұр.

Шеберлік үндестігін айқындай түсу үшін, екі ақынның "соқыр" сөзін пайдалану үлгілеріне көңіл бөлеміз:

Білгенге жол бос,  
Болсайшы қол бос  
Талаптың дәмін татуға.  
Білмеген соқыр,  
Қайғысыз отыр  
Тамағы тойса жатуға.  
Не ол емес, бұл емес,  
Менің де күнім-күн емес.

*(Абай, 122 б.)*

Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағарадай боп сәлдесі,  
Малқұмар көңілі — бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі?

*(Абай, 166 б.)*

Керек істі көрмейді өз басына,  
Соқыр деп салдым соны сөз басына.  
Дәнемені өз көзі көрмеген соң,  
Жұқтырар соқырлығын жолдасына.

*(Мәшһүр-Жүсіп, 51 б.)*

Кедейге келсін соқыр, көзің қысық,  
Жұлынып бала-шағаң тұрсын пысық.

Қалады жер астында жиған дүниен,  
Бас салса бір тесіктен аңдып мысық.

*(Мәшһүр-Жүсіп, 152 б.)*

Көз соқыр, құлақ саңырау болғандықтан,  
Біз білдік қызық дәурен соның бәрін.

*(Мәшһүр-Жүсіп, 156 б.)*

Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,  
Танитын жан қайда бар сөз қадірін?  
Танысын қарға, бұлбұл қайсысы оңды,  
Жамандар білмей жүрген өз қадірін.

*(Мәшһүр-Жүсіп, 160 б.)*

Абайда "соқыр" сөзі белгілі бір зат, құбылысты тура көру, көрмеу емес, өмір, күрес, т.б. мәнін білмеуге байланысты әрі ауыспалы, әрі кең мағынада алынған. Әсіресе дерексіз ұғым көңілдің "соқыр" екенін ашу арқылы малқұмарлықты сынауы (екінші мысалда) тұсында ақынның сөз мағынасын толықтыру, сынды өткір етіп ұштау шеберлігін көреміз.

Мәшһүр-Жүсіп болса, белгілі бір адамның соқырлығын, керек істі көрмеуін сипаттаумен бірге, басқаға жұқтыруы мүмкіндігіне де көңіл бөледі. Сол арқылы соқырлықтың, керек істі көрмеудің, қаншалық кесепаттылығы әсерлі бейнеленген. Сонымен қатар кедей келгенде, көрмегенсу туралы айтқанда да (төртіншіде) "соқыр" сөзінің ауыспалы мағынада келтіріліп, ақын сынын өрістете түсуге қызмет етіп тұрғаны анық. Бұл іспетті ойды соңғы мысалдар (бесінші, алтыншы) хақында да айтуға болады. Мәселен, сөз қадірін білмеушілер жетесіздігін ашу үшін (соңғыда), оны көз қадірін бағымдауы қиын соқырмен салыстыру арқылы автор көп ұтқан. Мұның бәрі орнын тауып қолданылу барысында жеке сөздің белгілі бір жинақтау, мегзеу сипатына ие болуын дәлелдейді.

Екі ақынның да философ екенін, белгілі бір сөздің жинақтау, мегзеу сипатын қаншалық ширата білетінін дәлелдеу үшін, "базар" туралы айтқан бірер өлең жолдарын келтіреміз:

Базарға қарап тұрсам, әркім барар,  
Іздегені не болса, сол табылар.  
Біреу астық алады, біреу-маржан,  
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.  
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,  
Сомалап ақшасына сонан алар,  
Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,  
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.  
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма,  
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар,  
Жазған соң, жерде қалмас тесік моншақ,  
Біреуден біреу алып, елге тарар.  
Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,  
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар,  
"Ит маржанды не қылсын" деген сөз бар,  
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

*(Абай, 64 б.)*

Базарға келіп едің ат терлетіп,  
Бос жүрсің әр нәрсені тамаша етіп.  
Сен бүйтіп далбаса боп босқа жүрсең,  
Жұрт тарқап, сауда бітіп қалар кетіп.

*(Мәшһүр-Жүсіп, 89 б.)*

Абайда біреудің "астық" алуы баяндалғанда, "базар" сөзі өз мағынасында жұмсалса, енді біреудің "маржан" алуы туралы мәлімделгенде, мағына кеңеюін де байқаймыз. Рас, базарға барған адам шын маржанды, асыл затты алуы да мүмкін. Әйтсе де бұл жолдардан кейінгі — сөзді біреу ұғып, біреу ұқпайтынын, тесік моншақтың жерде қалмайтынын, итке маржан керек еместігін, -бәрін салыстыра дәйектесек, "маржан" сөзі мәнін тар мағынада ұғумен шектелуге болмайтынын аңғарамыз. Мұның бәрі "базар" сөзін Абайдың әрі өз мағынасында, әрі ауыспалы мәнде жарыстыра пайдалану үлгісі, демек бір сөзге көп мән сыйғызу шеберлігі десек, бұл іспетті жетістікті

Мәшһүр-Жүсіптен келтірген үзінді хақында да айтуға болады. Лирикалық қаһарманның базарға "ат терлетіп" (демек көп әрекет етіп) келуін, қазір бос жүруін жариялауы тұсында "базар" сөзінің ауыспалы кең мағынада, күрес, әрекет алаңы ретінде беріліп тұрғаны анық.

Екі ақын да шен-шекпенге сатылуды, халық қамын ойламауды батыл түйрейді:

Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға,  
Шелтірейтіп орысың  
Шенді шекпен жапқанға.  
Күнде жақсы бола ма,  
Бір қылығы жаққанға?  
Оқалы тон бола ма,  
Ар-ұятын сатқанға?!

*(Абай, 113 б.)*

Тарту деп медаль, наград ала берді,  
Өз басы аман, жұртты отқа сала берді.  
Пайдасын үрім-бұтақ ойламады,  
Күйікте кейінгілер қала берді.

*(Мәшһүр-Жүсіп, 62 б.)*

Өз жұртын оңған бар ма жатқа сатқан,  
Ерді елдің пайдасы үшін хақ жаратқан.  
Ойлайтын елдің қамын ерді жібер,  
Жерінен суырып алып көрде жатқан.

*(Мәшһүр-Жүсіп, 67 б.)*

Абайда орыс ұлығынан "шенді шекпен" алғанға мәз болған болыс сыналып, оған қоса ар-ұятын сатудың оқалы тон болмайтынына назар аударылған. Мәшһүр-Жүсіп болса, жеке бір болыстың емес, бір кездегі ел билеушілердің өз бастарына берілген тарту, наградаларға сатылып, ел қамын ойламағанын шенейді. Осы орайда бұл іспетті сын үлгісін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың "Бір адамға" өлеңінде өрбітіп бергенін еске салғымыз

келеді. Мұның бәрі ХІХғасырдың аяғы мен ХХғасырдың басындағы қазақ ақындарының біріндегі ойды екіншілері дамытып, дәстүр сабақтастығын берік ұстағанын көрсетеді. Екі ақынның да сөз зергері екенін, балама қолданудағы үндестіктерін кеңірек дәлелдеу үшін, "ұйқы", "ұйықтау" сөздерін пайдалану ерекшеліктеріне үңілейік:

Абайда:

Өткен күнгі қызығым,  
Ұйықтап көрген түстен кем. (241 б.)  
Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар. (254 б.)

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,  
Саңдалмамен күн кешкен түспе ізіме,  
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,  
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме! (281б.)

Жүректе қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түртпек? (282 б.)

Мәшһүр-Жүсіпте:

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,  
Айырылмай жақсы менен жаман парқы.  
Баласы дін мұсылман, ояныңдар,  
Көрінер өз пайдасы жұрттың нарқы. (336.)

Таң атса, жатамысың ұйықтап, бақытым?!  
Менің де таянған-ды жүрер уақытым.  
Қолымда аттанарда жоқ нәрсені  
Барғанда тәңірі алдына қайдан таптым?! (81б.)

Бұл мысалдардың көбінде "ұйықтау" бүкіл бір халықтың қараңғылығын, көнбістігін, әрекетсіздігін білдіруге арналса, осы орайда соған қарама-қарсы қойылып отыратын екі ақынның "ояну" сөздерін қолдану үлгілеріне назар аударайық.



Абайда:

Ұятың, арың оянсын,  
Бұл сөзімді ойлансын. (1196.)

Сайра да, зарла, қызыл тіл,  
Қара көңілім оянсын. (1526.)

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,  
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.  
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,  
Етек басты көп көрдім елден бірақ. (280 б.)

Мәшһүр-Жүсіпте:

Думада анық болды сайлау бары,  
Құны асар артылғанның сонда шары.  
Бәрі де бірауызды болып жатыр,  
Оянып бізден басқа халықтың бәрі. (60 б.)

Не болды, бақытым, мұнша ұйықтап қалып,  
Жалғанның азабына мені салып,  
Оянып бір басыңды көтерсейші,  
Шырадай бір ашылсын көзім жанып. (816.)

Тілің сөйлеп, жүрегің оянғанмен,  
Қайда жеткен созғанмен қысқа қолың?! (126 б.)

Абайдан келтірілген үзінділердің алғашқысында "ұйықтап" сөзі өз мағынасында қолданылса, екіншіде ауыспалы мәнде жүректің ұйықтауы алынған. Үшіншідегі "тыныш ұйықтат" тіркесіне тек ұйықтау емес, тыныштық тілеу сезімі қоса өрілгенін байыптасақ, тағы да сөз мағынасы толысуының куәсі боламыз. Ал, төртіншіде "ұйықтаған ойды" жүректегі қайрат қана түртуі мүмкіндігі айтылады. Демек бірде жүректі, бірде ойды ұйықтаған қалыпта алу нәтижесінде суреткер ақын

әрекетсіздікті, бейғамдықты жеріне жеткізе түйреген, өсерлі шенеген. Мәшһүр-Жүсіпке келсек, бірінші мысалда “ұйқы” сөзі алдына “тәтті” эпитетін келтіріп, ұйқының сырт көзге жақсы, ыңғайлы көріну мүмкіндігіне, бірақ соның салдарынан “жақсы мен жаман парқы” айырылмай жатқанына назар аудартады. Екінші мысалда адамның емес, дерексіз ұғым бақыттың ұйықтап жатуы алынып, сол арқылы бақыты көз жұмған адамның бақытсыздық шегуі ашылады. Ал “ояну” сөзінің қолданылу аясына келсек, Абайда дерексіз ұғым ұят, ардың, немесе қара көңілдің оянуы айтылады. Сөйтіп, ақын дерексіз ұғым ұят, ар, көңілге жан иесіне тән әрекетті, оянуды, беріп, сөз мағынасын кеңейту, бейнелеу құралдарын кемелдендіру өнегесін көрсетті. Үшінші үзіндідегі “ерте ояндым” тіркесінде де ұйқыдан ояну емес, оң мен солды ерте айыру ұғымы кестеленіп тұрғаны анық. Сөз мағынасын бұлай дамыту Мәшһүр-Жүсіпте де баршылық. Мәселен, алғашқыда басқа халықтың бәрі оянды дегенді дйттегенде, ақын олардың сана-сезімі, бірлігі т.б. жоғары екенін жинақтап берген. Оянуды тура мағынасында алып таразыласақ та, көзін ашқан адамдардың әрекеті көзі жұмулыдан қаншалық артық екені тез байқалады. Екінші үзіндіде бақыттың ұйықтауы айтылсымен, оның оянуын тілеу сезімі беріледі. Сөйтіп мұнда да ақынның күрескерлікті қалайтыны аз сөзбен өсерлі жеткізілген. Ал, үшінші үзіндідегі жүректің оянуын Абайдағы ұят, ар, көңілдің оянуының заңды жалғасы деуге болады. Мұның бәрі нені көрсетеді? Әр қаламгер шығармашылығын жеке алып зерттеу мәнін төмендету ойымызда жоқ. Әйтсе де ақындар арасындағы дәстүр жалғастығын, сабақтастықты ізерлеп зерттемейінше, қазақ әдебиеті дамуын жан-жақты көрсете алмаймыз. Зерттеу белгілі бір штампқа, жалаң қағидаларға негізделмей, әр ақынның суреткерлік шеберлігіне сүйенгенде ғана біз әдебиеттің даму заңдылығын, әр ақынның ұлы көшке не қосқанын кең дәйектей аламыз.

Жүсіп Көпейұлының артына мол мұра қалдырғаны белгілі. Осы орайда 1990 жылы ақынның таңдамалысының бірінші томын әзірлегенде, лириканың жанрлық табиғатын жете ескер-

меуден туған мына бір кемшілікті, ақын өлеңдерін бір кездегі жазылу ретіне қарай топырлатып тізе беріп, көп өлеңді бір шығармаға, яғни көлемді бір туындыға айналдырып жібергенімізді енді байқап отырмыз. Соның бір айғағы: қазір біз келтіргелі отырған төрт шумақты үзінді кітапта басылғандай- үлкен шығарманың бір бөлшегі емес, жеке өлең болып, өз алдына отау тігуге сұранып-ақ тұр:

Бес жаста еді "бісімлә" бастағаным,  
Ақ қағазды қаралап ластағаным.  
Жасым жетіп "он беске" ақыл кірді,  
Сонда да өсіп бес жастан аспағаным.  
Біреуі-ақ кем "он беске" жетті жасым,  
Иегімнің астында өш пен қасым.  
Үрейімді ұшырды, зәремді алып,  
Алып айна қарасам, сақал-шашым.  
Қоян қуған тазыдай шалмай жүрген,  
Өмір бойы аң қуып алмай жүрген.  
Он бестегі жолдастар үйір болған,  
Бұл "он беске" жеткенше қалмай жүрген.  
Жібермей жүр шығуға биік өрге,  
Қорғалатар қайдағы тау мен жерге.  
Ұйтқып соққан борандай ұйлықтырып,  
Күнде-күнде түсіріп қара терге (52 б.).

Міне, мұндағы "он бес" сөзі он жердегі бес, яғни елу дегені, "біреуі-ақ кем" түсіндірмесі осы жолдарды жазып отырғанда, жасының қырық тоғызда (яғни 1907 жылы) екенін ескерткендігі анық. Лирикалық қаһарманның бір түгіл он "беске", яғни 49-50-ге келіп отырып, алғашқы бес жасындағыдан көп ұзамағанына назалануын ақын әсерлі жеткізген. Алғашқы бес жастан кейін уақыттың көп өткенін айнаға қарағанда зәрені алған сақал-шаш өзгерісі бұлтартпай дәлелдесе, келер шумақтағы "өмір бойы аң қуып алмай жүрген" жағдай, яғни ақынның дйттеген мақсатына жетпеуі, соған қынжылуы көңіл бөлерлік. Бұл нәтижесіздік себебі ақынның өзінде емес, заманында екені соңғы шумақта ишаратпен берілген. Яғни біреулердің лирикалық

қаһарманды биік өрге, демек ақын арманын жинақтап заттандырып кескіндеген өрге (шынында табиғаттағы өрге шыға алмауды әйгілеп тұрмағаны мәлім ғой) жібермей жүргені, ол аз болса, "қайдағы тау мен жерге" қорғалатып, соған қоса, "ұйтқып соққан борандай ұйлықтырып" "күнде-күнде... қара терге" түсіруі бейнеленген. Мұның бәрі- лирикалық қаһарманның мақсат, арманын да, оған қарсы тұрушылар әрекетін де жинақтап, деректі: өр, тау, жер, боранға балап, ұтымды жеткізу үлгілері.

Төрт шумақтан тұратын мұндай туынды ғана емес, не бары төрт, не сегіз тармақтан құралған дербес өлең түрлері де Мәшһүр-Жүсіпте аз емес. Шалқар ойды шағын өлеңге, оның ішінде төрт жолды шумаққа сыйғызу жалпы шығыс, оның ішінде X-XIV ғасырлардағы араб, парсы, түркі поэзиясына тән құбылыс екенін біз Әбу-Насыр Әль-Фараби (X ғ.), Жүсіп Баласағұни (XI ғ.), Омар Һаям (XII ғ.), Қожа Хафиз (XIV ғ.) т.т. өлеңдерінен білеміз. Мәселен, Жүсіп Баласағұнидің: "Тіл-арыстан: есік баққан ашулы, // Сақ болмасаң, жұтар, ерім, басыңды", - тәрізді екі жолдық өлеңін жеке алсақ та, біткен, аяқталған ойды да, идеяны да ұшырастырамыз. Осы дәстүрді Мәшһүр-Жүсіптің XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өзінше өрбіткенін мына үлгілерден көреміз:

Өр істі ойлау керек әуел бастан,  
Не пайда өнері жоқ жігіт жастан.  
Мөз болма мұнарланып көрінгенге,  
Кісі жер жемісі жоқ тау мен тастан (28 б.).  
Дос қой деп ішкі сырын түгел айтып,  
Опық жеп жүрген жан көп аңдамастан.  
Бір өрттен қалмайтұғын қалың қаудай,  
Баянсыз бақ-дәулетке болма мастан (29 б.).

Үрген қуық- бүгінгі жұрттың басы,  
Бас болса, болар еді көздің жасы.  
Таққа мініп, басына тәж қойғанмен,  
Иттің кетпес ойынан жерік асы (79 б.).

Қаңтар мен ақпан болды күз орнына,  
Сылдырлап сырнай шықты сөз орнына.  
Жылтыраған екі тас орнатылды,  
Бұрынғы қайран сәуле көз орнына (79 б.).

Көріп отырғанымыздай, мұндағы әр төрт жолдық туындыда шығарманың тақырыбы да ашылып, идеясы да тамамдалып бітіп тұр. Бірінші туындыда алдымен әр істі басынан ойлау керектігі дәлелденсе, ондағы екінші тармақта "өнері жоқ жігіт жас-тан" пайда жоқтығы мәлімделіп, үшінші, төртіншіде құр мұнарланып көрінгенімен, тау мен тастың "кісі жер жемісі жоқ" екенін шегелеумен шығарма аяқталып тұр. Екіншіде "дос қой деп ішкі сырын түгел айтып" жүргендердің опық жеуі берілсімен, соның жалғасы ретінде "бір өрттен қалмай тұғын қалың қаудай" "баянсыз бақ-дәулетке" мастанбау идеясы алға тартылады. Үшіншіде сол кезеңдегі адамдар басының үрген қуыққа ұқсайтыны, себебі онда көз жасы жоқтығы, таққа отырса да, иттің жерік асын ұмытпайтыны сөз болады. Бұл "парасаты жоқтарға, тексіздерге билік беруге болмайды", - деген идеяға жетелеп тұр. Төртіншіде алдымен болуға тиіс күз, демек сәл салқындай бастау емес, барынша суық қыс орнағаны паш етіледі. Соңынан бұрынғы сәулелі нағыз шынайы көз орнына адамдарға жылтыраған екі тас орнатылғанына, демек, көрмеушілік белең алғанына назар аударылған. Тағы бір топ мысал келтірейік:

1. Көрінгеннің бәрі жау, ел жоқ болды,  
Айнала сор, мал қонар көл жоқ болды.  
Үңгіріндей аюдың ауыз біткен  
Ауыз баста болғанмен, тіл жоқ болды (79-80 б.).
2. Түзелер қисық ағаш құрған тезбен,  
Жара оңалар, тастаса орап бөзбен.  
Ақымақты түзету қиын болар,  
Насиқат, көркем айтқан жақсы сөзбен (91 б.).
3. Үлгі үйрен жолдас болып нұсқалыға,  
Көзің сал сөзді сөзге қосқанына.

Наданның өз басына қылған ісін  
Қылмайды ақылды адам дұшпанына (91-92 б.).

4. Күн сайын өзіңе-өзің жас баласың,  
Жаспын ғой деп әр істен жасқанасың.  
Піскен астан ішпейсің мезгілінде  
Мезгілі өтіп кеткен соң аш қаласың (96 б.).

5. Көңілім дария болғанда, қолым-қайық,  
Өз-өзімнен боламын Еділ-Жайық.  
Айдын шалқар көл қайда қылар шабыт,  
Құла түзде қу ілген,- мен бидайық (99 б.).

6. Тұқым салмай алар ма егін орып?!  
Кім балалы болыпты бойдақ жүріп?!  
"Еккен орар,- деген сөз,- берген алар",  
Бәйге алғанды көрдің бе қарап тұрып?! (100 б.).

Алғашқыда бірінші тармақ "көрінгеннің бәрі жау" ел жоқ болуына арналса, екіншісі "айнала сор, мал қонар көл жоқ" екеніне, демек шаруаға жайсыздық өрістеуіне құрылған. Ал, сол ел, көл жоқ болуына жалғаса, үндесе берілген "тілі жоқ" ауыздар арқылы мүшкіл халді тұлғалантумен шығарма аяқталған. Екінші үлгіде алдымен қисық ағаштың "құрған тезбен" түзелетіні, ізінше бөзбен ораса, жараның оңалатыны діттелсімен, ақымақты өкөркем айтқан жақсы сөзбен" икемдеу нәтижесіздігіне, яғни қисық ағаш, жарадан да ақымақты оң жолға түсіру қиындығына ден қойғызумен шығарма тамамдалған. Үшінші нұсқа да бас- аяғы жұмыр, композициялық құрылымы жөнінен мінсіз келіп, төрт-ақ жолмен белгілі бір ой сарапталуымен ерекшеленеді. Әсіресе "наданның өз басына қылған ісін" ақылды адамның дұшпанына жасамайтынымен шығарма тынуы жетекші идеяға ерекше мән бергізіп тұр. Төртінші үлгі "піскен астан" мезгілінде ішпей, өмірде көп сыбағадан қалып жүргендерді шенеуге арналған. Бесінші өлеңде лирикалық қаһарман өз көңілін біресе дария ретінде санап, біресе өзін бір

кемелділік үлгісі Еділ-Жайыққа балап, ақырында соның бәріне қарама-қарсы шабыт қылар "айдын шалқар көл" таппай, "құла түзде қу ілген" бидайықтың мүшкіл халін мысқылдаумен шығарма аяқталған. Ал, соңғы туынды тұқым салмай егін ору, бойдақ жүріп балалы болу мүмкін еместігі тәрізді қарап тұрып бәйге алушы да жоқтығын, демек әрекет керектігін әспеттеуге негізделген.

Мәшһүр-Жүсіп қазақ лирикасы дамуына не үлес қосты дегенде, оның айтыс өлеңдерінің өзіндік түрін тудырғанына назар аударған жөн. Бұл туындылардың ерекшелігі- онда сөз таластырушы екі адам, екі ақын емес, бірі лирикалық қаһарман да, екіншісі не дерексіз шартты ұғым, немесе адамша сөйлеуге тиісті емес жануар, құс түрінде алынады. Демек бұл айтыстар өмірде орын аларлық сөз таластырудан гөрі шартты қақтығыс ретінде туып, ақынның лирика жанрында өмірді бейнелеу аясын кеңейтумен көңіл бөлгізеді. Мәселен, "Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны" өлеңінде алдымен арыстан орнына қасқыр қалғаны, "қарғалар көгершіннің зікірін" салғаны, "бас аяқ, аяқ барып бас болғаны", демек озықтық пен қалыстық, жақсылық пен жамандық араласып, соған лирикалық қаһарман торыққаны баяндалады. Ақын қоғамда орын алған әділетсіздіктің түр-түрін қадап айтып, қазбалау емес, оны жинақтап, ишаратпен бейнелеу үлгісін қолданады:

Құс біткен қонағына кетті қайтып,

Осындай қыс боларын біздерге айтып.

Таусылып қызыл гүлдер, қалды тікен,

Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтіп? [159]

Осы бір шалқар шындық сыйып кеткен төрт тармақтан аз сөзбен көп ойды қамтуды ту еткен шығыс поэзиясы дәстүрін ақынның шебер өрістетуін көреміз. Құс қайтуы, жылы жаздың, яғни адамдар үшін жайлы кезеңнің, өткенін бұлтартпай дәлелдесе, жаздан кейін келген қыстың табиғаттағы қыс емес, заман қысы, қыспақ белгісі екенін де аңғарамыз. Ал үшінші тармақтағы "қызыл" гүлдердің таусылып, тікен қалуы да бақыт символы гүлдің сап болуын, демек адамдар арасында бақыт

сыздық үстемдік етуін әйгілейді. Соңғы тармақтағы сауал: "Сай-райды гүлстансыз бұлбұл қайтіп?" - бостандық, бақыт үшін күрескен лирикалық қаһарман әрекет етерлік жағдай өшкенін астарлауға арналған. Міне, осындай жағдайда Мәшһүр-Жүсіптің ақындығы қаша жөнелуі сөз болады да, лирикалық қаһарманның оны қимауы, қайта оралуға шақыруы беріледі: "Тіл қаттым ақындыққа мен сөз бастап, // Шынымен кеткенің бе мені тастап?!" Сөзбе-сөз ұғынсақ, "ақындық" - жан иесі емес, оның лирикалық қаһарманнан жырақтап кетерлік аяғы, тіл қатарлық ауызы жоқ. Әйтсе де шартты ұғым "ақындықтың" лирикалық "меннен" бөлініп сын айтуы әсерлі:

- Замана жылдан-жылға болды өзге,

Бір жан жоқ құлақ қояр жақсы сөзге.

Сүйсініп сұхбаттасар жан қалмады,

Менің бар не керегім,- деді- сізге?

- Соқырлар қайдан білсін көз қадірін,

Танитын жан қайда бар сөз қадірін?

Танысын қарға, бұлбұл қайсысы оңды,

Жамандар білмей жүрген өз қадірін.

- Сақтамас, қадіріме ешкім жетіп,- дейді.

- Таусылды бастас кісім бітіп,- дейді.

- Тікенге қонақтауға арланғаннан ,

Барамын мен бұл жерден кетіп – дейді (160 б.).

"Мәшһүр-Жүсіптің шабдар атпен айтысқаны" өлеңіне лирикалық қаһарман мен шабдар ат деректесуі өзек болған. Шығарма фабуласымен таныстырсақ, ақын бір өлген адамның қырқына барып қайтарда, оған басқа жақтан ұрланып әкелінген бір жауыр шабдар ат байланады. Лирикалық "мен" былай шыға бере әлгі аттан қайдан келгенін сұрап біледі. Сөз жоқ, бұл арада да тілсіз жануар сөйлеуі, адамдар арасында орын алған пайдакүнемдік, ұрлық, өтірікті ат аузымен қағыту өте әсерлі. Мәселен, ақынның: "Ысқатқа сендей малды байлағаны // Малы жоқ, қара қасқа кедей ме еді?" - сауалына ат былай үн қатады:

Жоқ, жоқ, бай-ақ еді таптан озған,

Анау-мынау кісі емес, Қақсал-Қозған.



Өз өлігін осынша өзі қорлап,

Уасуасы бар жұмысты шайтан салған.

Ақынның лирикалық қаһарманы одан әрі көз жұмушының туысы жоқ шығар дегенді білдірсе, ат оның ұрпақтарының да, туысының да жетерлік екенін, тек осы іске араласушылар пайдакүнемдігінен келеңсіздіктер туып отырғанын тарата дәлелдеп береді. Шабдар берген жағымсыз мағлұмағтарды естип қаныққан соң, жауырынына өлең жазылған қағазды жапсырып, атты лирикалық қаһарман бұрынғы иесіне қайтарып, босатып қоя береді. Міне, адамдар арасындағы жосықсыздықты шартты бейне, ат дабыралауымен ашу арқылы әжуа күшейе түссе, бұл да Мәшһүр-Жүсіптің суреттеу амал-тәсілдерінің түрлшелігінен деп дәйектеген жөн.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының әлем жаратылысы, жер мен көк сыры, ислам діні тарихы, ізгілік, хақ жолын іздеген адамдар өнегесіне арналған аңыздарға негіздеп біраз дастандар жазғаны белгілі. Біздің қоса айтарымыз: ақын тек хикаялар емес, өлеңдердің біразын да сол тақырыпқа арнаған. Соның бірі- "Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысы", "Мәшһүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы" өлеңдері. Мұнда да ақынмен сұхбаттасушы болып адам емес, шартты бейнелер: тырна, қарға алынған. Шартты дейтініміз: сөзбе-сөз ұғынсақ, тырнаның да, қарғаның да тіл қатуы, көне тарихты баяндауы мүмкін емес. Әйтсе де сол шарттылық арқасында адамдар арасындағы келіссіздік сыры, жер бетіндегі тіршілік тарихы соншалық әсерлі де, шынайы жеткізілген. Мәселен, "Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысы" туындысында алдымен лирикалық қаһарман күзде жылы жаққа қайтып бара жатқан тырнаға көңіл бөліп, оның не бітіргенін білгісі келіп сауал береді. Тырна өз балапандарын өсіріп қайтқанын мәлімдей келе сөз соңында Сүлеймен пайғамбар мен тоты құс әңгімесін келтіреді. Бірде көп балалар тұзақ құрса да, басқа жаққа ұшып кетпей жүрген тотыны көріп, Сүлеймен таңданса, құс бейғам жауабымен ерекшелінеді:

- Балар қиналады тартып азап,

Тақсыр-ау, қаш деменіз мені қажап.

Тор түгіл, оқ атса да ұстатам ба,

Бұларды қылып жүрмін ойын, мазақ (172 б.).

Ақырында "арада бірнеше күн өткізбей-ақ" сол "тотыны ұстап біреу алып" келгенде, "бадырайып жатқан торға неге түстің?" - сұрағына тоты жауап қайтарады:

- Мен торға түспейін деп аспанға ұштым,

Сізбен емес, баламен ерегестім.

Жер жүзін өрт алыпты, тегіс күйіп,

Көздей жер сау көрінді, келіп түстім.

Көрінген өрт боп маған сор екен сол,

Бір тосу Хақтан даяр тұр екен сол.

Сау жер болып көрінген титтей ара,

Балалар құрып қойған тор екен сол! (173 б.).

Бұл мысалдан, өз мүмкіндігін шамаламай, алданып, торға түсіп, опық жеуден, - Мәшһүр-Жүсіп өз замандастарына, өзіне сабақ боларлық ұқсастық байқайды:

Мәз болып құр атаққа Мәшһүр-Жүсіп,

Қаңбақтай дсмалаған желмен ұшып.

Тотыдай торға түскен біз қаламыз,

Бармақтың көлеміндей жерге түсіп (173-174 б.).

Ал, "Мәшһүр-Жүсіптің ала қарғамен айтысы" өлеңінде алдымен лирикалық қаһарман ала қарғаның "қарқылдап" мазаны алу себебін сұрайды. Қарға жауап беру барысында көне заманда жер бетін басқан топан суы қайта бастағанда, Нух пайғамбар тапсырмасын қалай ұмытқанын, соның сазайын қазір тартып жүргенін дат етеді. Бұл бір жағынан ғылым үшін бағасы зор көне аңызды еске салса, екіншіден, оның адамдар үшін гибрат берерлік мәніне үңілту жүзеге асқан.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өткен ғасырдың өзінде адамдарды тек ақ, қара деп бөліп, не соған сырттай сүйсінуге, не одан мүлде безінуге шектелмейді. Адамдардың не бірыңғай қап-қара жағымсыз болып келе бермейтінін, қайта бір адамда өрі оң, өрі теріс сезімдер қатар өмір сүріп, арпалысқа түсу ерекшелігін ашу, әсіресе, сол кез үшін кесек жетістік, адам сезімін лирика жанры мүмкіндігіне сай ізерлеп ашуда елеулі қадам еді.

Мәселен, оның 1880 жылдары жазылған "Жарты нан" өлеңінде өзіне жақсылық жасаған адамды жұтпақ болған айдаһар жауыздығына емес, жапа шеге жаздаған адамның өзінде елеулі қайшылық бар екеніне басты назар аударылады. Міне, мұнда оңай олжаға қызығып, біреуге жақсылық жасап, жапа шегушіні ақын не бірыңғай аппақ, не біржола ұнамсыз адам етіп көрсетпейді. Суреткер жай көзге байқалуы қиын, сырт қарағанда біршама жағымды көрінген адамның өзінің ішкі түйткілдеріне үңіле, үңілте біледі. Кезінде біреуге қамқорлық көрсетіп, жарты нан ғана беруі сол адам үшін әрі құптарлық, әрі айыптарлық іс болып алынады. Бұл да қарапайым адам санасында орын алуы мүмкін аздаған қалыстыққа да суреткердің шүйіле ден қоюынан туған. Ақын бұл шығармасында сонымен қатар зұлымдық иесі, бөтен күш, дербес айдаһар болумен бірге, әр пенденің өз "айдаһары" болуы ықтималдығына да көңіл бөледі. Сөйтіп адам сезімінің көп қырлы екенін, ішкі қайшылықпен күресу мәнін көрсету арқылы ақын қаһарман жан дүниесіне түкпірлей тереңдеу үлгісін де жасаған.

Мәшһүр-Жүсіп қай өлеңінде болмасын, белгілі бір құбылыс, әрекетке көп көзбен қарай білуге жетектейді. Соның бір айғағы- "Сәйгелді, сона, бөгелек" өлеңі. Шығармада алдымен халықты езіп, қанаушы сәйгелді, бөгелек тәрізділерге өріс беретін аңқаулық, надандық сыналады. Сөйтіп ақын жауыздықпен адамгершілік арасындағы қайшылықты, кереғарлықты ашумен: жауыздың жауыз, ізгінің ізгі екенін бейнелеумен шектелмейді. Мәселен, сәйгелді, сона, бөгелекті сол кезде елді алдаған езушілер, отаршылдар деп, соларды түйреумен шектелу біржақтылық, үстірттік болар еді. Өмірде қас пен досты айырмай, жәдігөйлікке ұйып, кеш опық жеп күйзелушілер бар да, әдемі сезімнің бірі сенгіштікті пайдаланып, тайраңдаушылар бар екені белгілі. Оны ана халықта бар, мынада жоқ, ана заманда орын алған, кейін ұшыраспайды деп айтуға болмайды. Ендеше жауыздың жауыз екені онсыз да белгілі. Басты қателік, трагедия сол кесапатқа жол беруде, иланғыштықта жатыр дегенге саяды ақын.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің 1907 жылы Қазан қаласында басылған "Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз" кітабындағы "Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы" да қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын туынды. Мәшһүр-Жүсіп мұнда адам сезімін, көзқарасын күрделі, қайшылығы мол қалпында көрсетуге көңіл бөледі. Бір адамның әрі басқаның кемшілігін байқағыш екені, әрі өзіне керек істі мүлде көрмейтіні, қайшылығы нақты ашылған. Шартты түрде "соқыр" деп алынған ол құмырсқадай ұсақ заттарды көргіш те, одан ірірек нәрсе, жан-жануар атаулыны мүлдем көрмейтін болып алынған. Бір адамның бір затқа ересен қырағы бола тұра, екіншісін мүлде көрмеуі оқырманға көп ой салғандай. Шартты түрде "саңырау" деп аталған екінші адам болса, ол қатты шыққан дыбыс атаулыны мүлде қабылдамайды да, өте бәсең үнді, сыбырды, "құлақтыдан" бұрын естіп қояды. Ақын өлең аяғында "саңырау" дегені- "бәрін өзім білдім" деп, ұзақ ойға салынған, "өз жанының пайдасын" естімейтін адам екенін айтады. Ақын шартты түрде "жалаңаш" деп аталған үшінші адам арқылы өмірінің өткінші, қысқа екенін ұмытып, ойға алғанының бәрін тындырдым деп, бос жүрген жандарды сынайды.

Өлеңде айтылатын өзекті идея, негізгі сын тек бұл айтылғандарда емес. Ақын өзіне керек істі көрмеушілікті, естімеушілікті, азға тоқмейілсуді сынап қана қоймайды. Суреткер басты назарды көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, бардан емес, жоқтан айырыламын деп, адасушыларға аударады. Көрмеу, естімеу, ештеңесі болмау- бір кемшілік, бір жоқтық болса, одан үлкен қасірет тағы тұр. Ол көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, "жоқтан" айырыламын деушілік, өтірікке алданушылық деген ойға саяды автор. Бұл өлеңде де ақынның қайшылық сипаттарды кең қамтып, адам сырын түкпірлей ашу бағытындағы елеулі жетістігі. Бұл Мәшһүр-Жүсіптің ғана емес, ХХ ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиетінің қомақты табысы.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының "Шайтанның саудасы" өлеңін ақынның жиені Қасенғали Жүсіповтен белгілі жазушы

Зейтін Ақышевтің 1937 жылы жазып алып, оны мектеп оқулығын құрастырушылар: Қ.Бекхожин, мен Е.Смайыловқа ұсынғаны белгілі. Содан бастап ақынның осы өлеңі алдымен мектеп оқулықтарына (1940-1946), кейін жоғарғы оқу орнына арналған хрестоматияға (1959, 1983) енді. Сонымен қатар бұл туынды орысшаға аударылып, 1978 жылы Ленинградтан шыққан "Поэты Казахстана" антологиясында (құрастырушы- М.Мағауин) жарияланды.

Әлем әдебиетінде қоғамды жайлаған келеңсіздіктерді жинақтап көрсетіп, шенеу үшін шартты сюжет үлгісі қолданылып келгені мәлім. Мәселен, XVI-XVII ғасырдағы испан жазушысы С.Сервантестің "Дон Кихот" романындағы орталық қаһарманның "батырлық" жасамақ болған оғаш істерін, жел диірменмен айқаспақ болған т.т. күлкілі әрекеттерін өмірде болған, не жүзеге асуы ықтимал шындық көрінісі дей алмайтынмыз анық. Сонымен бірге XIX ғасырдағы орыс жазушысы Н.В.Гогольдің "Өлі жандар" дастанындағы бас тұлға П.И.Чичиковтың өлі жандар тізімін арзанға сатып алып, бай болып көрінгісі келуі де өмірде іске асуы мүмкін, шындықтан көшірілген іс-әрекет емес. Біздіңше, бұл шартты сюжет қоғамды жайлаған сорақылықтарды барынша түйреу үшін қажет болған. Атап айтқанда, Чичиков аралауы нәтижесінде бейқам, самарқаулардың өкілі болып Манилов көзге түссе, қомағайлық- Собакевич, сараңдық- Плюшкин т.т. арқылы шенелген. Демек белгілі бір адамдардың жиынтық бейнесін жасау үшін өмірде іске асуы ықтимал істерден гөрі шартты әрекеттердің мүмкіндігі кеңірек болса, суреткер оны орынды пайдаланып отырған. Соның бір көрінісі- қазақ ақыны Мөшһүр-Жүсіптің XIX ғасырдың соңғы ширегінде жазған "Шайтанның саудасы" өлеңі. Расында, шайтанның базарға барып сауда жасауы, дерексіз ұғым: зорлық, алдау, күншілдік, төкаппарлықты белгілі бір бұйым тәрізді тез сатуы т.т.- бәрі өмірде болмайтын шартты әрекеттер жемісі. Шығарма басындағы Ғайса пайғамбардың: "Жұрт барса, тері, терсек, жүн сатады, // Сататын малғұн сенің не пұлың бар?" - деп шайтанға сауал қоюы өмірде іске асуы

ықтимал, шындыққа сай алынған сөз қолданысын танытады. Ал шайтан жауабы- шарттылық айнасы:

- Артқаным бір есекке ылғи жалған.

Жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған.

Нанбасаң еріп бірге көзіңмен көр,

Базарға қызығымды қалай салған.

Жүгім бар бір есекке мекер-хайла.

Мұнымнан келтіремін үлкен пайда.

Бір тиыннан он тиын пайда аламын,

Көптің басы қосылған жиын жайда.

Күншілдік бір есекке тиеп артқан.

Жібек, кендір арқанмен буып тартқан.

Базарға мұнан бұрын көп барғанмын,

Жерім жоқ бұл саудадан залал тартқан.

Артқаным бір есекке ылғи зорлық.

Есепсіз мал табамын қылмай ұрлық.

Мен алмай оның малын кім алады,

Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.

Пайдасыз бос орынға жүрмеймін тек,

Көрінген бір жерім жоқ ешкімге жек.

Мастанып артқандықтан төкаппарлық,

Жүре алмай бара жатыр мынау есек.(188-189 б.).

Көріп отырғанымыздай, "бір есекке ылғи жалған" арту, сөзбе-сөз ұғынсақ, мүмкін емес. Себебі "жалған" - көзбен байқап, қолмен көтеруге келмейтін дерексіз ұғым. Ал, сол дерексізді бір есекке жүк ретінде артудың өзі оны заттандыру, бір жануар көтеруіне лайық салмақ мөлшерін межеллеу белгісі. Сондай-ақ екінші бір есектегі жүктің, күншілдіктің, белгілі бір көлемге ие болғаны сондай, ол "жібек, кендір арқанмен буып тартқан" күйінде өрнектелген. Сонымен қатар келесі бір жүктің, заттанған төкаппарлықтың, ауырлығы соншалық, оны артқан есек "жүре алмай бара" жатады. Мұның бәрі қазақ даласын жайлаған: жалғандық, күншілдік, зорлық, төкаппарлық, ашкөздіктің т.т. қаншалық екенін айқын көріп, өлшерлік қалыпқа, заттандыруға, көшіру арқылы белгілі бір салмақ,

көлемділік дарытатын әсерлі бейнелеу үлгілері. Қорыта айтқанда, адамдарда жиі кездесетін ағаттықтарды сол қалпында алмай, бәрін оқшау орта, ерекше әрекет, шартты сюжет көмегімен бейнелеу ақынның суреттеу құралдарының байлығын танытады. Ақын осы оқыс оқиға, шартты әрекетті пайдалана отырып, не бір өткір сынды да шартты бейне, шайтан, атынан айтқызады:

Шаршарсың базар барсаң басың қатып,  
Сөйлеп тұр өз білгенін әркім шатып.  
Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,  
Алады зорлығымды пұлға сатып.  
Неге болыс болады малын шашып?  
Қашан болып шыққанша жанталасып.  
Текке тиын біреуге кім береді,  
Зорлықпенен алмаса үкімі асып.  
Қарсы келсе бетіне басын шайнар,  
Құнсыз-пұлсыз кедейдің соры қайнар.  
Өзі апарып ұлыққа тығар малын,  
Ішпес, жемес, шық бермес Шығайбайлар. (190 б.).

Шынында да ел билеушілердің тізгінге ие болуы біраз ретте таза жолмен емес, қайта зорлық, парақорлық арқылы іске асатыны белгілі. Оның үстіне солай қызмет ету тек Мәшһүр-Жүсіп өмір сүрген ортада емес, кейін де етек алуы мүмкіндігін сараптасақ, ақынның тек бір кезең емес, бар заманда орын алуы ықтимал, демек жиі қайталанып отыратын кеселдерді шебер жинақтап мысқылдай білгенін көреміз.

Басқа да олқылықтар тәрізді тәкаппарлықты да ақын жай сынап өтумен шектелмейді, оны да биігіне жеткізе, жіліктеп ашады:

Біреуі ұн, біреу пұттап май алады,  
Біреу қой, біреу тайынша, тай алады.  
Тәкаппарлық "жүгімді" қалтасы мол,  
"Жетілген" надандыққа бай алады.  
Томпитып қалтасына жүрген сыймай,  
Беруге ешбір жанға көзі қимай.

Алған соң төкаппарлық сатып менен,  
Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай.  
Бай біткен болғандықтан қарабауыр,  
Арқасы ер салмастан болар жауыр.  
Не айтып, не қойғанын білмес өзі,  
Тырнадай өзін өзі көріп ауыр. (190 б.).

Әсіресе біреудің ұн, біреудің "пұттап май", немесе қой, тай-ынша, тай алғанын келтіргесін барып, төкаппарлықты "қалтасы мол" "надандыққа" "жетілген" бай иемденуі әсерлі. Одан әрі сол бай қалтасының көлемді ("томпитып") екендігі, оны ешбір жанға беруге қымай жүретіні, "өз үйіне өзі сыймай" дүрдиюі- бәрі лирика жанры аясында төкаппар адам бейнесін біршама кең ашуға септігін тигізген.

Әдетте шайтан теріс іске итермелеуші, ал, періште оң жолға үгіттеуші символдық бейне ретінде алынатынын бағамдасақ, сөйткен арбаушымен адамдардың қатар тұруының өзі қоғамдық ортадағы азып- тозу деңгейін көзге ұрады. Сондықтан да шайтан:

Көтерме өтірікпен менен алған,  
Бар күшін сап олар да сөйлер жалған.  
Кім болса бұл заманда сол өкетер,  
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?!

- десе, бұл адамдар арасындағы жалғандықтың қаншама биікке көтерілгенін бетеннің, яғни пенделерге ежелден жаны ашымайтын өзәзілдің сөзімен дәлелдеу үлгісі. Бұл жолдардың әсерлі естілу себебі жанашыр емес, теріс көзқарастығының өзінің өтірік өрлеуінің куәсі болуы, шындықты мойындауы деп білеміз.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы аз сөзге көп мағына сыйғызу үшін, белгілі бір дерексіз ұғымды заттандыруға, немесе заттандыра отырып жандандыруға жиі барады:

Ағайын егіз туған: ұрлық, зорлық,  
Зорлығы- ағасында, ініде-ұрлық.  
Бірі қойса, бірі де қояр еді,  
Тауып тұр қоймағаннан тегіс қорлық.  
Зорлығын қоймай өзі, жаппай мінін,



Ініге қойғыза алмас аға тілін.

Қасқырдай өз күшігін талаған жан

Түзетіп тыныш ұстайды қалай елін?! ("Сарықаның кімдікі екендігі" - 1907 ж. кітабынан. 68 б.)

"Ұрлық", "зорлық" көзбен барлап, қолмен сипауға келмейтін дерексіз ұғымдар екені белгілі. Ал, осы екі ұғымның бірін екіншісі тудыратынын әспеттеу үшін, екеуін де жан иесі, ағайынды адам ретінде алу нәтижесінде ақын қоғамды жайлаған кесепаттың өзара байланысты екенін ұтымды өрнектеген. Көрініске, суретке ұлттық өрнек (национальный колорит) тұрғысынан келсек, інісіне сөзін өткізе алмаудың өзі қазақ ұғымында соншалық ерсі, оғаш қылық. Ал, осы ағаның ініге игі үлгі көрсете алмауына, қасқырдың өз күшігін талауымен салыстыру қосылғанда (біз келтірген үзіндідегі жетінші жолда), ел билеушінің келіссіз әрекеті айқындала түскен. Бұл әсерліліктің бастау көзі дерексіз ұғымның ("ұрлық", "зорлық") заттану, жандануында жатқанын дәйектесек, тағы да ақынның суреттеу құралдарының сан алуан екеніне көз жеткіземіз.

"Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлеген сөзі" өлеңінде мынандай бір жолдар бар: "Өзіме көрінемін өзім мінді // Кісендеп бекітпедім неге тілді?" (73 б.) Сөзбе-сөз ұғынсақ, "тіл" сөзі дерексіз емес, оны көруге де, ұстауға да болады. Әйтсе де мәселе жеке тілді бекіту емес, ішке сыр сақтауда, демек адамның жалпы өзін тежеуінде екенін зерделесек, тілді жай ұстамай, темір кісенмен бұғаулаудың адам тәніне айрықша қатты бату мүмкіндігі аян. Ендеше сөз иесіне қысым жасаушы күштердің қаншалық өктем екенін бейнелеуде осы бір шартты қолданылған "кісендеп" сөзінің алар орны ерекше. Бұл шығармадағы мына тармақтар да назар аударарлық:

Былғарының орнына көн мен сірі,

Теріс қарасар ұнатпай бірін-бірі.

"Ал", "Бер" деген сөз еді екі ағайын,

"Ал" өліп, "Бер" деген сөз қалды тірі.

Екі сөз: бірі айтылды, бірі қалды,

Уақ ақша таусылды, ірі қалды.

"Бар" деген сөз аты өшіп, тып-типыл боп,  
Бұл күнде "жоқ" деген сөз тірі қалды (76 б.).

Жалпы жылы киім, не етік т.б. әзірлеу үшін жұмсақ былғарының неғұрлым қолайлы екенін, ал, қатып қалған көн, сіріден сапалы бұйым шықпайтынын ескерсек, бұл екеуін салыстыру барысында бастапқының қажеттігін, кейінгінің жайсыздығын оңай бағамдаймыз. Осы көзге көрінер екі ұғымның бір-біріне қарама-қарсы екенін ажырату- соған сүйене өрілген "ал", "Бер" ұғымдарының кереғарлығын сезінуді негіздеген. Деректі зат алшақтығына сүйеніп, дерексіз ұғым қарама-қарсылығын әзірлегеннен кейін, дерексіздің бірі "ал" өліп, "бер" тірі қалуы ерекше әсерлі. Бұл мүшкілдікті дерексіз "бар" ұғымының заттанғаны соншалық, "аты өшіп, тып-типыл боп" өшкені, ал дерексіз "жоқ" ұғымының заттанып, жан иесіне айналғаны сондай,- тірі қалуы одан әрі жоталанта түскен.

Ақынның "Қалмады ойлай-ойлай басымда ми" өлеңінде де осы іспеттес дерексізді заттандырудың ұтымды үлгісі көрінеді: "Абыройым төгілмесін деп ойласаң, // Ұяттан қолшатыр ғып ал басыңа" (92 б.). Дерексіз ұғым ұятты қолмен ұстарлық қолшатырға айналдыру нәтижесінде ақын адамға қорғаныш боларлық қасиетке мойын бұрғыза білген. Қолшатырды елестетіп, оның күннен, жауыннан қорғарлық мәнін дәйектегесін барып, біз ұяттың ізгі ниетті адам үшін ерекше роль атқаратынын зерделей аламыз. Ақын дерексізді заттандыру тәсілін қолданғанда, тұрмыста жиі пайдаланылатын бұйымдарды алады: "Бұзылған замананың уақытысында // Шын сөзің өтірікке болмайды астар" (97 б.). Киімнің, не көрпенің ең қымбат, асыл жағы бергі беті, өңірі екені, ал, астарға неғұрлым арзан материал қолданылатыны мәлім. Демек адамдар үшін зиянды өтірік-өңірге, неғұрлым бағалы материалға айналса да, адамдар үшін керек шын сөздің соған астарлыққа да, яғни бағасы төмен екінші қатардағы материал болуға да жарамай қалуы ой саларлық. Сөйтіп дерексіз "шын сөз" бен "өтірік" ұғымдарының заттанып, бірінің өңір болуға жарап, ал, екіншісінің астар дәрежесіне де жетпей қалуы көмегімен ақиқаттың қаншалық қадірі кеткені жарқырап ашылған.

Ақын өз ойын шынайы нақыштау үшін, табиғаттағы көріністер мен оған шартты түрде болсын ұқсас делінген адамдар өмірін салыстыра, жарыстыра алу, яғни психологиялық егіздеу тәсілін де жиі енгізген:

Бұлақ деп судың көзін ешкім ашпас,  
Екпіндеп өзі тасып шашылмаса.  
Ерлерге жай жатумен қайрат кірмес,  
Ғалыдай орда жатып ашынбаса (45 б.).

Үзіндідегі "тасып шашылмаса" сөздері демеуімен отау тіккен екпін күші, мәні одан кейін күрескер ерлерге де сондай қасиет керек екенін салыстыра шегендеуге қызмет етіп тұр. Яғни табиғаттағы айқындық адамдар бойындағы көзге көрінбейтін қайратқа да белгілі бір заттылық, тегеуріндік шарпуын дарытқан. Сол іспетті жарыстыру үлгісі:

Сеңгір-сеңгір таулар бар, бұлағы жоқ,  
Қопалы көл-жекен мен құрағы жоқ.  
Өңшең үрген қарынға душар болдық,  
Зарлап тұрсаң, еститін құлағы жоқ (79 б.).

Алдымен қанша зәулім болса да, бұлағы жоқ тауларды, ізінше жекен мен құрағы жоқ көлді көру мұнарасымен саралап барып, "зарлап тұрсаң, еститін құлағы жоқ" "өңшең үрген" қарын сияқты адамдардың пайдасы жоқтығы, бейшаралығы айқындала түседі.

Сондай-ақ:

Ақ марал жайылмайды қабанменен,  
Бірге ұшпас бұлбұл-қарға, тағанменен.  
Түлкі мен шер, мысық пен тышқан бір боп,  
Барады өуре-сарсаң заманменен (84 б.).

- жолдарында да психологиялық егіздеу, табиғаттағы бұлтартпас сөйкессіздікті паш етуден кейінгі адамдар қарама-қарсылығын жайып салу іске асқан. Атап айтқанда, маралдың-қабанмен, бұлбұлдың-қарғамен, түлкінің-арыстанмен (шер-парсыша арыстан дегені), мысықтың тышқанмен бірге жүруі, бірдей күй кешуі қандай орынсыз болса, лирикалық қаһарманда да сондай мүшкіл хал бар екені, жақсы мен жаман адамдар аражігі ажыратылмай жатқаны т.б. сыналады.

Ақын дәстүрлі символдық белгілерді жарыстыра пайдалануға сүйеніп, өз ойын өрістетіп, тұлғалантып жеткізе біледі:

Ай орынын аспандағы бұлт алып,  
Орнында дүр гауһардың су тас қалып.  
Құр тікен қызыл гүлсіз қолға түсіп,  
Ауызға қант орнына зәһәр салып (100 б.).

Мұнда да айды- бұлтпен, дүр гауһарды- су таспен, қызыл гүлді- тікенмен, қантты зәһәрмен ауыстыру келіссіздігін, яғни көзге бадырайып көрінген, дәлелденіп біткен айқын ұғымдарды алға тарта алған ақын оң ниеттің орындалмай, не бір қымбаттың арзанмен теңестірілуі терістігін таныта білген.

Мәшһүр-Жүсіп шеберлігі, бейнелеу тәсілдері дегенде, ол мәнерлеген сөз кестелерінің алдымен ұлттық бояумен көмкерілгенін, көп детальдің ұлттық өрнекке сай сұрыпталғанын дәлелдеу қажет: "Өнерге өзіңді өзің ерте баулы, // Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы" (93 б.). Бұл деталь, жастық ауылының бір күн көшіп кетуін бейнелеу өрнегі, негізгі тіршілігі малмен, көшумен байланысты қазақ ұғымына неғұрлым жақын түсінікті болумен де мәнді. Ауыл көшуімен, басқа жерге ауысуымен, яғни шұғыл алыстауымен салыстыру нәтижесінде жастық шақтың да тез өтуі мүмкіндігі ұтымды кестеленген. Сол тәрізді: "Бұл жалғанның жүзінде көңілің өспей, // Көрінгеннің жұртында қалдың көшпей", - тармақтарында басқалар аттанғанда ере алмай қалуды сипаттау да малы барлар ғана көше алатынын бағамдап өскен қазақ үшін аса аянышты халді жайып салады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының 1907 жылғы "Хал-ахуал" кітабында шығыс поэзиясында кең әспеттелген махаббат, бақыт символы бұлбұл мен гүл жарасымдығын қызықтап, бұлбұлдың түнімен қызыл гүлдің ашылуын тосуын, арман етуін жырлағаны белгілі. Ақын сонымен бірге орыс поэзиясы дәстүріне де иек артып отырған. Мәселен, И.А.Крыловтың "Ала қойлар" мысалында патша арыстан әмірімен қойды баққансып жүріп жоқ қылған қасқыр (бұл мысалды Абай да, А.Байтұрсынов та тәржімалаған) әрекетін Мәшһүр-Жүсіп ұтымды пайдаланған:

Ондырмас мынау қойшы бізді бағып,  
Сіңбей тұр ішкен тамақ бойға жағып.  
Тұрғызып омақаны әрбір жерге,  
Жер-суды ап кетті ғой қазық қағып (34 б.).

Бұл арада қазақ халқын бағушы губернатор, не патша деп есептесек, аталған тұспал белгінің өрбітілуін сәл кейінірек жырлаған ақындардан да кездестіреміз:

Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:  
... Қой бағын қасқыр қашан опа қылған,...

*(М.Дулатовтың 1916 жылы "Қазақ" газетінде басылған  
"Алашқа" өлеңінен).*

Ай ұшамын аспанға  
Жер жағдайды жақпайды...  
Ащы, қатты дауыстан  
Қарағай, терек жығылар.  
Қожайынсыған арыстан  
Сескенер, тасқа тығылар.

*(І.Жансүгіровтің 1923 жылғы "Ызалы қиял" өлеңінен).*

Салыстыра сараптасақ, И.А.Крыловта ала қойларды алдымен арыстан қырмақ болады, бірақ тікелей жоюға үндеген аю ұсынысы кейін жаман атқа қалдыратын болғандықтан, қабылданбай, құртуды іске асырып, "жазықты" болу қасқыр үлесіне қалады. М.Дулатов осыны ескеріп: "Қой бағып қасқыр қашан опа қылған", - десе, І.Жансүгіров қасқырды емес, арыстанды бөліп алғандай, өзі Айға ұшқанда, ақырған дауысынан қарағай, терек жығылатынын, сол сөтте "қожайынсыған" арыстанның, демек қызыл коммунист ел билеушісінің де сескенуі мүмкіндігін әйгілейді. Назар аударарлық жәйт: И.А.Крыловта арыстан мен қасқыр және оның қой бағып қарық қылмауы тікелей өзара байланыста берілген. Мәшһүр-Жүсіпте бағып жарытпайтын қойшы бөліп алынса, М.Дулатовта қасқырдың ешқашан қой қорғап опа қылмайтыны еске салынып, екі ақында да, отарлаушы ел билеушілер қастандығынан қазақ халқын

сақтандыру жүзеге асқан. Ал, І.Жансүгіров қасқыр мен ала қойларды мүлде сөз қылмай, тек бәрінің төбесінен қараушы арыстанның өзін де сескендірер күш бар екенін қатаң ескерткен. Сөйтiш орыс ақыны И.А.Крылов мысалындағы символдық бейнелердi қазақ ақындары: Мәшһүр-Жүсіп, Міржақып, Ілияс - әрқайсысы өзінше өрістетіп пайдаланған.

Түйіп айтқанда, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде-ақ суреттеудің бай амалдарын: көркем жинақтау, шартты әрекетті қолдану, дерексіз ұғымды заттандыру, т.т. шебер пайдалану арқасында шағын жанр лирикаға эпос мүмкіндігіндегі жүк артып, шындықты кең қамту шеберлігін көрсетті. Мұның бәрі ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, артына 25-30 томдай мол қазына қалдырған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының ақындық шеберлігін кең ізерлеп зерттеу қажеттігін, оның суреттеу амал-тәсілдерінің түрлішелігін, сөз зергері ретінде қазақ әдебиеті кемелденуіне көп үлес қосқанын дәлелдейді.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер (аударған Әбіраш Жәмшұлы) // Алматы, Өнер, 1995, 25 б.
  2. Сонда, 38-бет.
  3. Сонда, 41 бет.
  4. Абай Құнанбаев. Шығармалары, I том // Алматы, Ғылым, 1977, 60 б.
  5. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы, I том, // Алматы, Ғылым, 1990, 93 б. (Ескерту: әрі қарай осы ақындардан мысал келтірілгенде, бұған дейін көрсетілген кітаптар ғана алынып, кітап бетін көрсетумен шектелеміз- Қ.Ж.).
- V. Дастаны

## Мазмұны

I 1907 жылы жарық көрген кітаптары	
Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз .....	3
Хал-ахуал .....	29
Сарыарқаның кімдікі екендігі .....	58
II Өлендері	
Жарты нан .....	80
Аңқау адам туралы .....	85
Кедейліктің арқаны .....	94
Жаздың сөзі .....	99
Жігіт назы .....	101
Наурыз тілегі .....	102
Анама хат .....	103
Иса Шорманұлы .....	104
Нәпсіңді атқа мінгізбе .....	112
Шежіре өлең .....	120
Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлегені .....	124
Мәшһүрдің сөзді киіндіріп, жұрт көзіне түсіргені .....	139
Бұл бір түрлі сөйлегені .....	142
Дойбының ойыны .....	144
Түркістан сапары .....	150
Хамза өліміне .....	158
Шайтанның саудасы .....	167
"Мәшһүр" атты қалай алғандығы .....	176
Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге .....	192
Төрт асыл, бес береке .....	203
Жылым-қой, тауық жылы мен үш жаста .....	206
Ұқыпты әйел .....	212
Салақтық-дерт .....	215
Жақып сұлтанға .....	216
Надан би .....	224
Ит дүние .....	226
Мәшһүр Жүсіптің Әмен атынан сөйлегені .....	227
Момынның әйеліне шығарғаны .....	230

Әмен қазасына .....	238
Әменді жоқтау .....	240
Күліктің атқамінерлеріне .....	245
Бұхара сапары .....	249
Бір редакторге .....	258
Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қылып сөйлегені .....	259
Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны .....	261
Ағайын .....	265
Мұң .....	266
Жалған туралы .....	267
Тіршілік қамы .....	268
Ақыл туралы .....	269
Түн қараңғы .....	270
<b>III Мысал өлең және айтыстары</b>	
Сәйгелді, сона, бөгелек .....	272
Мәшһүр-Жүсіптің тырнамен айтысқаны .....	275
Мәшһүр-Жүсіптің қарғамен айтысы .....	283
<b>IV Аңыз хикаяттар</b>	
Адам ата мен шайтан .....	289
Пайғамбардың нұры .....	292
Өлеңмен берілген аят .....	297
Хор қыздарының хикаясы .....	301
Ораза туралы .....	306
Ғалының тағылымы .....	311
Пайғамбардың ақтық үні .....	315
Расулдің өлімі .....	319
Бақ құсы .....	335
Өлім алдындағы хал .....	338
Дүниеге жарасады күн менен ай .....	342
Ғибрат өлең .....	347
Мұсылманның сипаты .....	354
Дастаны .....	356
Гулшат-Шеризат .....	356
<b>ТҮСІНІКТЕР</b> .....	415
Қ. Мәшһүр-Жүсіп. Суреткер ақын .....	497



## Мөшһүр-Жүсіп Көпейұлы

Жинақты араб жазуынан аударып, ғылыми түсінік жазып,  
әзірлеген - Жүсіпова Г.Қ. - фил.ғыл. кандидаты.

Рецензенттер:

А.С.Еспенбетов – М.Әуезов атындағы Семей университеті  
профессоры, фил.ғыл. докторы; Д.Ысқақұлы- Л.Н.Гумилев  
атындағы Еуразия ұлттық университеті профессоры, фил.ғыл.  
докторы.

15.09.2004 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.

Кәріп түрі KZ Baltica. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 31,2. Есептік баспа табағы 27,3.

«ЭКО» ЖШС-да басылған. Таралымы 1000 дана.